

МУХТАР
ӘУЕЗОВ

11





ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ
М. О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ
ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

МҰХТАР ӘУЕЗОВ

ЖИЫРМА ТОМДЫҚ
ШЫҒАРМАЛАР ЖИНАҒЫ



«ЖАЗУШЫ» БАСПАСЫ
АЛМАТЫ
1982

ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ
М. О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ
ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӘНЕР ИНСТИТУТЫ

834.342-2

Ә-80

МУХТАР ӘУЕЗОВ

ОН БІРІНШІ ТОМ



Пьесалар

«ЖАЗУШЫ» БАСПАСЫ
АЛМАТЫ
1982

Редакциялық коллегия:

АХМЕТОВ З, ӘУЕЗОВА Л, БАЗАРБАЕВ М,
БЕРДІБАЕВ Р, ҚАРАТАЕВ М, МҮСРЕПОВ Ғ,
НҮРПЕЙІСОВ Ә, ТӘЖІБАЕВ Ә, ШӘРІПОВ Ә.

Ғылыми түсініктерді жазып, томды
баспаға әзірлегендер:

НАУРЫЗБАЕВ Б., МЫРЗАХМЕТОВ М,
СЕРІҚАЛИЕВ З., УАХАТОВ Б., ӘКІМОВ Т.,
ДОСЫМБЕКОВА Р., МҰХАМЕТХАНОВ Н.

Әуезов Мұхтар.


Ә 82 Жиырма томдық шығармалар жинағы.— Алматы, Жазушы. 1982.— Т. 11. Пьесалар.— 424 бет.

Каз 2

Ә $\frac{70303-143}{402(05) 82}$

2-82

4702230200 © «Жазушы»— 1982



АҚАН—ЗАЙРА

*Ақындар, әншілер өмірінен алып
жазылған 6 суретті күйлі пьеса*

АДАМДАРЫ:

Ақан — ақын, сері, әнші.

Зайра — Керей ішіндегі азырақ рудың байлау бір жерінің қызы.

Мұсылманша жақсы оқыған, хиссашыл.

Шаймардан — қыз ағасы. Зайраның иесі де сол.

Біржан	} Ақын, әншілер. Біржан кәрі ақын. Өзгелері бір құрбылас жастар. Нұржан шарғи кітапшыл, молда сөзді.
Ыбырай	
Нұржан	
Шолақ	

Шери — Торсан байдың саудагер баласы.

Торсан — қырда саудасы мол жүрген, тұрмысы қалашамау, саудагер бай.

Ақлима — Шеридің үлкен қатыны.

Айша — Шеридің қарындасы, қалаға аралас. Азын-аулақ орысша біледі.

Бәкен — Торсанның кіші баласы. Әке ығындағы үндемес бала.

Төре — Абылай тұқымы, орысша офицерлеу. Ояз тілмашы.

Ояз — Торсан, Шери тамыры.

Қулар	} Торсан ауылының әртүрлі кем-кетікті мазақ етіп, бай ауылын күлдіріп жүретін қулары. Сақау, қыли, сыбызғышы, бәйітші...

Ботпай — Торсанның әрі туысы, әрі ақылшысы.

Досмұхамбет — Торсан балаларының ақыны. Шарғи кітапшыл.

Алтынай — Зайраның шешесі.

Бәйбішелер, бөгде адамдар, қыз-қатың, нөкер жігіттер, бәйге атқа шапқан балалар.

Бірінші сурет

Айлы түн. Көп ауыл арасы. Әр жерде, алыста шашырай жанған оттар елестейді. Бүкіл сурет бойында бір жердегі от сөніп, екінші жерден басқа оттар жылт-жылт етіп тұрады. Жайлау түні. Алыста көл тұнжырайды. Аздап шашыраған жас тоғайлар қарауытады. Жан-жақтан күзет айтақтары, жылқышы айғайы, күзеттегі қыз-қатын әндері естіліп қалып тұрады... Бәрі де алыстан келген сораңдап, талмаурап жеткен дыбыстар. Бәрінде де арман сазының белгісі, ұйқылы-ояу күй бар сияқты. Осындай түн тынысының ортасында көп жастың асыр салған ойын-күлкісі біліне қалады. Желікті, күлкілі шұбар топ: әні, әзіл-күлкісі араласқан күйде сахнаға жақындап келе жатады. Аздан соң алды жүгіре, ойнай күліп көрініске шығады. Топ ортасында Зайра. Қасында қыз-келіншек, араларында домбыралы ақындар, сал жігіттер. Бұл топта Нұржан, Ыбырай, Шолақ бар. Бұлардан оқшауырақ екі домбыраның үнін қосып, Ақан мен Біржан шығады.

Көрініс

З а й р а. Ақан қайда? Қайда жүр Ақан? Ойын неге қызбайды осы?!

Қ ы з д а р. Бәсе, Ақан, Ақан келсе екен.

З а й р а. Думан тобы әнші-ақын. Қызық құмарту қызсын. Келіндерші, бір сергіп шаттанайық...

Ш о л а қ (*Біржандарға*). Мен білсем, Біржан аға, сендер қызбай ойын қызбайды.

З а й р а. Біржан аға, сіз шау боп қалғансыз ба, немене?

Д а у ы с т а р. Ақан, Ақан, Ақан келеді.

Б і р ж а н. Е, Ақан келсе көңілді ойын, көрікті жыр келеді.

З а й р а. Ақан кешігіп келді, ойын бұзар аламыз.

А қ а н. Жазалағың келсе кінәламай жазаласаң да құлақ қақпасын, Зайражан.

Қ ы з д а р. Ойын бұзарына ойын бастар айтқыза-йық... Жарастықты, көңілді ойынды Біржан әнмен бастасын. Ақан ән салсын... Ақан ән салсын...

А қ а н. Шын ба, не бұйырасын, Зайражан?

З а й р а. Түн неткен рақат, қиял түні де. Мынау сұрғылт жүзді ай жігіт кіміне табысқалы жасырына түн қатып, асығып барады. Есінді тонайтын түн, бірақ бекем бол.

А қ а н. Айлы түн ғана емес, саялы түн, қалғыған сай, мұңлы дөңдер біздің ән-сауықпен тыныс алсын... Басталсын Зайра жайлауының сырлы түні. Жалғыз жортқан ай, менің мұңдасым, өзіме тілегендей оған да оң сапарын тілеймін. Жалғызға жалғыз дем берсін. Ол менің сүйенішім еді. Оны ұққаның мені де ұққаның болсын, Зайражан. *(Жұрт көтеріп қуаныш қошамет етеді.)*

З а й р а. Бір желікті ойын бастау сізге міндет болса қайтеді?

А қ а н. Олай болса біз бұндайда серек құлақ дейтін бір ойынды ойнаушек... *(Жұрт қостап шу етеді.)*

Ш о л а қ. Ендеше мына жер қасқырдың жатағы, басы аман, малы түгелінде ит-құстан аман болатұғын жерінді тап, көш, Біржан, ешкі-лағынды айдап. *(Жұрт күледі. Көпшілікті бастап Біржандар кете береді. Қойқозы және ит пен күзетші билерін билей кетеді. Сахнада Ақан мен Шолақ қана қалады. Бұл уақытта Шолақ екі тақияны қасқырдың құлағындай қып серейтіп, екі шекесіне байлап алған. Білекті сыбанып, балағын түрген, жалаң аяқ.)*

К ө р і н і с

А қ а н *(Шолаққа)*. Ал, көкжал жалғызым, сен туғанда неге қуандым? Мен кәрі бөрі жар басында жатайын. Сен енді асырап бақ.

Ш о л а қ. Балақ жағынан бастайын ба? Қалай тиейін?

А қ а н. Қалай бастасан олай баста. Әйтеуір ағаның қармағы бірдің өзін тілейді. Тек соны ұмытпасаң болды. *(Шолақ жортып жөнеледі. Ақан қасқырдың ұлу күйі сияқты бір күйді тарта отырып үн қосады. Шолақ бір қызды алып қашып өтеді. Арттағы жұрт у-шу боп жата-*

ды... Артынан бір жігітті сүйреп алып өтеді. Ол, бірақ бұл, жаңағы қызды тауып алып оңаша кетіп бара жатыр.)

Ы б ы р а й. Е, тілеуін бергір, тіпті қасқыр қасқырдың ішіндегі ең адамы осылар екен. (Күледі.) Құдай қонағы.

А қ а н (қоса күліп). Ендеше жортқанда жолың болсын демессің бе, бар болғыр. (Күліседі. Сол уақытта Шолақ тағы да арттағыларды шулатып, иттерін үргізіп, азан-қазан қып, Зайраны алып қашып келеді.)

К ө р і н і с

Зайра мен Ақан қалады. Шолақ қайта жортып кетеді. Енді көпке шейін оралмайды. Қуғын шу басқа жаққа, алысыраққа ауысып кеткен сияқты. Енді анда-санда алыстағы ауылдардың айтағы естіліп тұрады.

З а й р а. Ойыннан от шығарайын деппең?

А қ а н. Ойыннан шыққан от емес. Екеуіміз тегі отпен ойнармыз дейім.

З а й р а. Мен енді сенің оң көзіңе ілінбей-ақ қояйын, одан да ойыныңды ойна.

А қ а н. Бұл дауың ба? Байлауың ба?

З а й р а. Ол өзіме істеген хукүмім.

А қ а н. Ол хукүмді Құлагердің тұяғы шешсін. Мен сені бүгін алып кетпекпін. Бір шалуға жарайтын керей аты жоқ. Шын қасқыр болам. Атым мына талдың түбінде тұр.

З а й р а. Ондай ойынға орын жоқ. Уафасыз достық өз өрісін өзі тауысқан.

А қ а н. Ей, Зайражан! Құмарпаздан құмарлық жөнін сұрап нетесің, маскүнемнен ішкілік жөнін несіне сұрайсың? Би уафадан уафаны не деп тілейсің. Бүгінгі көзі, бүгінгі тілегі сенде, сол жетпей ме?

З а й р а (Ақан, Зайра сахнасы екі-екі ауыз кінә мен талап, сонан соң дуэт түрінде жарыса айтқан ұғыспау сөздермен ғана біту керек. Жиыны алты ауыз өлең шамасы болса сол жетеді.) Тағдыр ісі осы болды деп тоқтағам, енді қажама!

А қ а н. Шының ба?

З а й р а. Шыным, бұл сөз осымен бітсін.

А қ а н (қолынан ұстап тартып) Жоқ, жүресің! Ақтоқты ғайып болды. Ендігі жарым сенсің. (Тартысады.) Әкетемін,

З а й р а. Әкете алмайсың, мен саған ырзалығымды бермеймін.

А қ а н (*сапысын суырып ап, тап беріп*). Сен менікі едің, бірақ кетейін депсің. Ендеше басқаға бұйыртпаймын, жарып кетемін. (*Құшақтап шалқайтып ап, сапыны сермей береді.*)

З а й р а (*қорықпай, мырс беріп күліп*). Ей, Ақан, мен әлдекім емеспін. Сен ақын ең, қадірлеуші ем. Абрөйыңды төкпейін, жатқа ұятты қылмайын. Басқа бір сөз айттайын! (*Босанып шығып.*) Есіңді жи!

А қ а н. Не айтасың? (*Шолақ жортып келеді.*)

З а й р а. Шолақ, сен Біржанды мұнда ертіп кел. (*Шолақ кетеді.*)

А қ а н. Оны қайтесің?

З а й р а. Өзгеге салайық, анау аға ақын еді. Екеуіміз соған жүгінейік... Не айтасың?

А қ а н. Естиін. (*Біржан келеді. Бір шетінен Досмұхамбет шығып қарап, тыңдап отырады.*)

К ө р і н і с

З а й р а. Жәнеке, мына Ақан басында мені тастап Ақтоқтыны әкетіп еді. Ол болса қаза тапты. Мені сонда күйдіріп еді. Басында мені неге еліктірді? Енді бүгін қайта қолқа сапты. Бір тойда екі жар бар ма? Мұның мойнында менің қарызым болса да, оның менде қарызы жоқ еді. Арамызға билік айт.

Б і р ж а н (*Ақанға*). Сен не айтасың, шырағым?

А қ а н. Не айтайын, осы Зайра сөзіне қарап билік айтыңыз.

Б і р ж а н (*Зайра мен Ақанға кезек қарап тұрып*). Ендеше ол күнде, Зайражан, сенің басыңды бұл сарапқа салса, ертең бұның басын сен де сарапқа сал. Осында көп дәмелі ақын бар. Солармен бәйгіге түсілсін. Озса, тәнір бұйрығы шығар дегенін қыл. Мінезіңменен орай болса дақ түбі шешілмейтін не қисын бар?

З а й р а. Сөзімді беріп қалып ем, болсын.

А қ а н (*ибамен*). Мен сізден әділет таппадым, Біржан аға.

Б і р ж а н. Жоқ, мен баса билік еттім. Байлау сол. (*Нұржан, Ыбырай, Шолақ шығады, қолдарында домбыралары. Зайра солармен күлісіп, әңгімелесіп жайды*)

баян еткендей болады. Аналар қуанышты желікті домбыраларын қыздыра бастайды. Ақан мен Біржан екшеле береді.)

К ө р і н і с

А қ а н (күліп). Япыр-ай, қиюы қашқан дау болса да қиыстырып әкпеттіңіз-ау...

Б і р ж а н. Шырағым-ай, жаман ағанның алдына дау келмей, билік тимей жүрдағы. (Бұл уақытта қой-қозы болған жастар тобы шығады. Күліседі. Жұрт бірден бірге жаңа хабар есітіп, бір шеттен бір шетке айтысып жатқан тәрізді. Сонымен қатар Нұржан, Ыбырай, Шолақ екі-екі ауыздан Зайраға арналған даттау өлең соғады. Әндері біреу, сөздері басқа-басқа, бұлар домбыраны соқтырта әндетіп тұрғанда қой-қозы сол даттау күйіне қосылып қуана желіге билейді.)

Н ұ р ж а н (өлең).

Жасты жас сүйсе шарғыға муафық, ол сүннет
Уәжип, тен теңін, тезек қабын деген дұрыс нақыл.
Дос ажарын қайырса күфірлік етсе ол пайғамбар
Уағазына хылаф сүю Адам мен Хауа анадан қалған.

(деген сияқты.)

Ы б ы р а й. Асыл болсаң таңдап тауып бірді сүй.
Мені сүйе қой деп жалынбаймын, қолайыңа жақпасам
мен екеш мені де сүйме. Тек, қарындасым, басыңды бұл-
дай біл. Ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетпе-
гейсің (деген тәрізді).

Ш о л а қ. Жетеніз болса ерді сүй. Жұрт жетпей мақ-
тамас. Жасың да, ақының да, батырың да менмін, мен
жарыстан неге қалам. Сенің бәйгене түсуім бақ сына-
уым, жастығым саған артқан қарызым, сені осы жерден
сынаймын (деген сияқты). (Осы үшеуі бастаған хор бір-
аз әдемі. Бұл ән мен би уақытында Ақан оқшау отырып
қалады. Зайра жырлап, билеп жүрген топтың ортасында
жалғыз тұрады. Ақан қызғаныш күйі сияқты күйде,
мұңайыңқы отырады. Әндер аяқтай бергенде бір ерекше
топ болып Айшалар шығады. Қасында Досмұхамбет,
Ботпай және бір топ қыз-келіншек. Таныс емес топтар
бірінен бірі іркіледі.)

З а й р а. Таныс болмасақ та құрбы көрінесіңдер, ойынымызға қонақ болыңыздар.

А й ш а (күліп, өз тобының дәл ортасында тұрып). Ә, мен сендерге жат екем ғой. Досмұхамбет, таныстыр енді. (Осы бір ауыз ән артынан Айша мен Досмұхамбет.)

Д о с м ұ х а м б е т. Мына Зайра Ақанға бой ұрған сияқты.

А й ш а. Не дейсің? Тамам ақын бастығы Ақан бәрінің шолуын бір шола ма? Біз кіріссек кем түсеміз бе?

Д о с м ұ х а м б е т. Оны айтасың, әуелі нағашынның жесірі емес пе Зайра. Намысты неге жібересің?

А й ш а. Рас-ау, ендеше біз оны ешкімге бұйыртпаймыз. Біздің жесір нағашымның аруағын сындырмасын. Жүр, баста, мен араласам. Ақын құмар болса, сенен қайсысы артық дейсің, шырқын бұз.

Д о с м ұ х а м б е т. Бәсе, мен тең ақынмын, неге оздырмаймын. Тіпті болмаса жатқа жібермеймін. Мақұл ма?

А й ш а. Бұзылғаны рас болса жазасын тартсын, дұрыс оның.

Д о с м ұ х а м б е т (мақтау өлеңмен амандаса жырлайды). Күн астынан шыққан Күнікей сұлу деп рауайлар, рауайларында рауайа қылулар, түннен шыққан түн сұлу болыңыз. Асыл Айша Шери мырзаның қарындасы. Саулығына, сапарына «құтты қадам», «сапары мүбәрак» айтамын дейді. (Екі жақ та күліседі.)

Б і р ж а н. Қалғанын мен айтайын, мынау Ыбырай сен, анау жас пері Балуан Шолақ... Анау отырған Ақан сері.

А й ш а. Ақан!?. Бұл жүрісім тіпті теріс болмаған екен. Құлақпен естігенді көз көреді деп, сері сіз екенсіз, есенсіз бе?

А қ а н. Шүкір, шырақ. (Орнынан тұрмайды. Бір-ақ қарап қойып, екінші бұрылмайды.)

А й ш а (ыңғайсыздау күйде Нұржанға). Бұл кісінің үнемі қалпы осылаймекен, көңілсізі несі?..

А қ а н (қарамастан). Тегі қуанышымыздан өкінішім көп болатын машығым еді, қарындасым... Зайражан солай емес пе?

А й ш а. Танымай көзіннің еті өскен екен. Сен менің

женгемсін... Бұл не қылған топыр, ауылына Арканын бар серісін жиып.

З а й р а. О не дегенің?

А й ш а. Басынды сарапқа салғаның не. Иең жок па?

З а й р а. Мен оң жақтамын. Сыбағама тиген аз күндік жастық еркім өзімде. Оныма қол сұқпа. Және енем емес шығарсың. Кексе қатынша келмей, түріне лайық жасша кел, таныс бол мына елмен. (Күліп.) Есіттік... (Ыбырай, Нұржан, Шолақ Айшаға үйіріле береді, Айша қарамай Ақанға қарай ентелей басып кеп.)

А й ш а. Жаңа есіттім, басыңызды бәйгеге тіккен екенсіз.

А қ а н. Бұны не деп ұқсам екен?

А й ш а (күйініп, шыдамсызданып). Сарапқа түспей-ақ осыны талассыз таңдап алатын тұғыр болмас па еді? Сіз соған қонбаспедіңіз? (Жұрт тегіс екеуін тыңдайды.)

А қ а н (Зайраға қарай түсіп). Тегіннен алғаннан көрі теріммен алғанды тәуір көруші ем.

А й ш а. Сонда басынды сарапқа салуын намыскерлігіңнен бе, жок намыссыздығыңнан ба?

А қ а н. Бақ сынауым. Ер қайрағы егес деп білетін дағдым бар еді. (Айша тұрыңқырап қалады.)

А й ш а (өзгеріп бойын жиып). Ендеше дұрыс батамды берейін, жолың болсын...

А қ а н (азғана мысқыл еткендей). Осы казакта қыз батасында құн болушымеді, шырағым, ә? (Жұрт ду күледі.)

А й ш а. Тілеулестігімді де көп көрдің бе?

А қ а н (мойнын бұра бере жылдам). Еп болмаса көп болмас. (Жұрт тағы күледі, Зайра, Біржан ойнайық, жүріңдер десіп топты бастап жүріп тегіс қайта желігін ойнай, билей ән сала кете беріседі. Жарыс-жарыс, еркек ақындар жарысы! Ақындар бәйгесі деген дауыстар көп естіледі. Зайра Біржанның иығына қолын асқан күйде. Ақан жұрт артынан жалғыздау кетеді. Айша сілейіп мұңлы, ойлы күйде толғанып қалады. Қасында Досмұхамбет.)

Ш ы м ы л д ы қ.

Шаймарданның үлкен үйі. Қалың жиын. Ортада Біржан, ол ірі ақын. Айналасында әңісәң нөкерлі ақындар. Бәрі де сал киімді, үкілі домбыралы. Шетінен бәйгелердей баптанған сылқым серілер. Шымылдық ашыла бергенде өз нөкерімен Айша шығады. Оған жас ақындар түрегелісіп құрметпен қарсы алып, орын беріседі. Айша да би қонақ тәрізді.

Көрініс

1 - да уыс. Ал енді жиын түгенделді.

2 - да уыс. Ақындар енді бастаса екен думанын.

3 - да уыс. Иә, міні, үйдің сырты толған жұрт, ынтығып тұр, түге.

Ш а й м а р д а н. Уа, басталсын, басталсын енді ойын!

Б і р ж а н (екі-үш ауыз «той бастарын» айтады). Шырқаған әнім дабылдай боп шықсын. Алғыр қыран, дәмелі жігіт болса сол дабыл үнінен тілеп ұшатын шабыт кезі болғанын ұқсын. Міне, мен Зайра көрсеткен бәйге түйеге әнімменен ту тіктім. Бәйгеден жал-құйрығы сүзілген көп сері озып келуге жарағанын осы туды жанап өт (деген сияқты). (Жұрт біраз іркіліп қалғандай болады. Аздан соң Ыбырай бастап жөнеледі.)

Ы б ы р а й. Ендеше іркілетін не бар? Еселі сөзді айту қарыз болты. Пәленше деп тал бойым ұйымаса да және машығымда өзі іздеп келген болмаса, аяғымнан өзім іздеп бармайтын әдетім болса да, жігітке қыз қолқа салған бәйге екен, қосылайын. Бірақ, қарындас, есінде болсын, мен озып сен жүлдеге тиген күнде де, менің ала алмасым екіталай болатыны бар (деп жұртты күлдіре тоқтаған кез сөз болса).

А й ш а (Ақанға). Мынау бір семіз сөз екен. Сіз айтуға лайық па өзі, қалай!.. Бірақ сіз де осы сарында сөйлесеңіз онда бәйге келіседі екен. (Жолдастарымен күліседі.)

А қ а н. Менің де жәй көлдененге айтатын сөзім осылай болушы еді. Бірақ Зайра жолы басқа. Өзге ешкімге айтпайтын сөзді ғана айтармын.

Д о с м ұ х а м б е т (Айшаға). Ақан кешеден бері сенің бұғалығың мойныма түсіп қалама деп қашып-ақ келеді-ау, Айша.

Б о т б а й. Бәсе, тіпті ылақпа қашаған екен.

А қ а н (*Зайраға қараған бетінде мыналар сөзін елеместен сөйлей береді. Айша тағы күйініп қалады*). Бұл-бұл бар гүлге ынтық. Паруана бар шамға ынтық, аһ ұрған Мәжнүн бопты Ләйлаға ынтық, соның бәрі ертегі емес, менің мұндастарым, біреу байлығымен мақтанса, біреу бектігімен шіренсе, мен құба төбел қоңыр баяу әнімді өзіне тартқан Зайраммен мақтанар ем. Құрмет сөзімді тыңдар болса, арабтың жаман қара баласы құрлы зар жырын мен де айтар ем. Бір сия қамыс қалам болса да шер бұлағын көрсем барымды жазып шығуға шама-сы да жетпес пе еді? (*деген сияқты*.)

Д о с м ұ х а м б е т (*Айшаға*). Мұндасы Мәжнүн болған ырымы жаман екен.

А й ш а. Бүгінінен түніліп баяғының сағымына құрбан бола ма? Біз ондайын мақтай алмасақ керек, ә?

Н ұ р ж а н (*Зайраға*). Ол Мәжнүн болам дегенмен сіз Ләйлі болуға көнбессіз. Көрер көзге де көр ақтарған мақтан емес. Дінге де ол қылап. Мен Нұржан басыммен оң көзіне ілінсем деймін.

З а й р а. Физули, Науаилар зар еткен күллі мүһмин аттарын даттаған жеті ғашық болады. Хайласы шарғи деп оған ұрынғаныңды мақұл дей алмаспыз. Күфірлікке де санауға болар.

Н ұ р ж а н. Е, сен менің бойыма сыймаймекенсің? Мен өзгеден кембедім?

З а й р а. Сен Нұржансың ғой.

Н ұ р ж а н. А, солай ма, ендеше біз де сөйлеп көрелік. (*Желдірмелете әнмен тақпақтай жөнеледі*.) Надандар тура сөзден баһра алмайды. Шала молда дін бұзады. Шарифат шарты өлшеу біліп, мөлшер тануда. Шектен асқанның бәрі ысыраф. Ислам жолы да, ата нақылы да заманыңның хакімет, заманыңның озығын құрмет тұт дейді. Қобызын бірге құшақтап, ел-жұрттан кетіп қу дала, қу медиенді кезетін, Қер баланың шөлін кезгендей қаңғып кеткен Қорқытты сүй демейді. Зайражан, жетенде болса сөз төркінін танырсың (*деген сияқтыны айтады*).

А қ а н (*іле жөнеліп*). Адам құдайдың басынды жоғары алып жүр деп жаратқан пендесі, төмен қарай тұқырып аяғынның астындағы жемнен басқаны көрме деген мақлұғы емес. Шашып қойған ырзығы бар. Соны гана тер, тауық бол десең сен де дүмше молдасың. Мен менсінбейтұғынымды менсінбейім дейім, тілегенім болса

бұйырмаса да аламын деймін. *(Зайра күліп мақұлдағандай болады. Нұржан іркіліп қалады.)*

Досмұхамбет. Мыналар ақындыққа таласпай, аударыса-аударыса өртең шығып кетіппіз деген сияқты жарысамыз деп молданың бақшасына түсіп кетті ме, немене?

Айша. Иә, сіздер ұғымсыз тілмен кітапшылағанды машық қылады екенсіздер, жұрт ұғатын болсын, болмаса орысшалауды біз де білеміз. Конечно, что на самом деле?

Шолақ *(әндете шырқай жөнеліп)*. Тіршілік жастық маған тілеген сый болса, дүниесін азан-қазан қып өтемін. Батырмын, ел шабамын, байлыққа көңіл ауса айдап алам. Балуанмын, егескен балуан кез болғанда қабырғасын сындырғам. Ақынмын, әншімін, қыз жүрегінің тамыршысымын, көңілім ауған қиғаш қасты қуанта да, сүйсіндіре де білемін. Есің дұрыс болса сегіз қырлы жігітті тани біл *(деп жұртты тегіс желіктіре, сүйсіндіре тоқтайды)*.

Айша. Е бәсе, кісіні шын сүйсіндіретін ақын осындай болсын да. Бері келіңізші, Шолақ. *(Шолақ күліп жақындағанда қасынан орын бергізеді. Және Ботбайға белгі етіп бір топ дүрия сыйлайды.)* Мен таразы басында болсам Шолақты қостар ем.

Дауыс. Ендеше Шолақ озды да.

Екінші дауыс. Бәрінен жақсы айтқан Шолақ болды.

Дауыстар. Шолақ-Шолақ. Айша тауып айтты. Шолақ озды.

Шолақ. Жок, жұрт, даурықпа. Мен оздым деп отырғам жок. Біржан аға, байлау сенікі, сен айт. *(Біржан Зайраға, Ақанға қарап, іркіле береді. Ақан баяу, сөйлемейді.)*

Зайра. Бәйге әлі қызбаған сияқты. Бап іздеп отырған жүйріктер бар. Әлі шаппай отыр деп білем.

Біржан. Ендеше мен де шын сынды енді айтайын: бәйге өлең шығар деуге не болмасын. Ән мен өлеңін осы арада қатар бізге шығарған өзіңсін.

Ақан *(сергіліңкіреп)*. Ендеше әуелі Досмұхамбет сөйлесін.

Досмұхамбет *(бәйітше күйлі әнмен тақпақтап)*. Сөзімді ұғар болса, жүз сөмдық ду базардың үлкен көпесі болмаса жарастығы бола ма, жәрмеңкені ірбіт шап-

қан байлар шатыр тігілмей шуы көтеріле ме, кітап тасынып өткен ғұламасы отырмай мәжіліс түзеле ме, жалтырағанмен мыс тиын ақша бола ма? Арасында он сомдық алтын болмаса ажары кіре ме? Мысты алтын деп ұрмаңдар, жаранлар (деген сияқтыны термелей бермеді).

Ақан (күліп). Анден артық тақпажап данлары уар...

Ыбырай (орнынан сілкініп тұрғандай қатуланып, Нұржан сөзін бөліп). Уай, Досмұхамбет, осы шайлап қалған дуадақша өстіп жаяулай беремісің? Жоқ, бір тоқтаймысың?

Досмұхамбет. Асырып айтсаң, мен кой дедім бе?

Ыбырай. Осы сен тоқтайтын болсаң мен үндемей-ақ қояйын. Тек осы бауамынды қойшы, жарқыным. (Жұрт күледі.)

Зайра } Ал, өзін, өзін айт.
Айша. }

Ыбырай. Жоқ, мен жана сөз бердім. (Ақындарға.) Бәйге атанып жүріп тай орнына шаппайық. Мен Біржан атаған үлкен өріске табыла алмай қалдым.

Шолақ. Сонда да... Шын қармансаң неге шықпасын.

Ыбырай. Жоға, кел, жігітім, жұрт Шолақ дегенмен, шын Шолақ болайық. Шаманды білген де даналық деген, мен тоқтадым.

Ақан (домбырасын безілдетіп отырып, суырып салған өлеңмен осы арада шығарған «Сырымбетті» шырқай жөнеледі.) «Түлеп ұштым Сырымбет саласынан, Ғашық болдым ақ сұңқар баласына», мағұшқам дидарыңнан жаратқанның жамалын көрушем, жапанға жалғыз біткен сен бәйтерек ең, қонбаққа бұтағына үмітім бар еді. Күнімді түн еткен қайғы назым таңғы сағымнан сезілер деп ем, шерімнен сауыры қалың қара жер тебіреніп аһ ұрғызған жалғыздық зарым, мұңлы шерім тілекке жетер деп едім. Бұл бір фердеден юз фердені би жай демеппе ед. Енді дертімді шерткізе берме, мені ая, аямасаң да өзінді ая, жамағат алдында ішті ақтармайық. Басымды бұдан әрі саудалама.

Алтынай (Ақанға). Қарағым, көп жаса, атағына өнерің сай екен. Сазынды тындап бір жасардым ғой. Зайражан, сыйласаң осындай ағаны сыйла. Жап иығына

мына тонды. (Жұрт ұйып қалғандай үнсіз. Зайра орнынан тұрып, Ақанның иығына кестелі тон әкеп жабады.)

З а й р а. Лаһите мин рахмет алла һер деген аяттан менің де үмітім бар. Айтқаныңа иланбады деме... Сенің мені тартқан күшің осы емес пе? Жүлде алған желаяғым сенсің. Мақтаймысың. Ақтадың.

Д о с м ұ х а м б е т (кекетіп, Айшаға). Дұспалдарың біз сезгеміз жоқ. Тәңірі бір серпілеміз бе. (Айша тыңдамайды, мұңайып үнсіз қалған.)

Ш о л а қ (Айшаға). Бұлар сол аһ ұрдым, өлдім, талдым демесе көңілдері көншімейтін өңшен бір қауһап тұрған күйрек немелер өзі. (Айша тыңдамайды.)

Д о с м ұ х а м б е т. Олай болса тәркі дүние боп, шөкип жиһан кезіп кетсеші... ғашықтықтан өртенгенін көрейік. (Күліседі. Айша тыңдамайды. Айша соңғы сөздерін есітіп ашуланьып.)

А й ш а. Қойшы әрі, құдыққа құлан жығылса құлағында құрбақа ойнайды деп түге... шын бір кісінің өзіме осылай дегенін мен неге естімеймін осы? (Ақанға қарайды. Ол елемейді. Екі көзі Зайраға телміруде. Осы күйлерді байқап отырған Досмұхамбет соға жөнеледі.)

Д о с м ұ х а м б е т. Мүләйім сөз, маймақ жүрісті тәсіл еткен екенсің. Бір қосағың пері қызы деуші еді. Сол ақыл еткен шығар. Біз сенімен салыспай-ақ ығысайық, үйткені пері досың жалғыз ұлыңды да сенен қызғанғаннан тілін байлап, мылқау етіп кетті деп еді. Мен соны жұртқа білдіруді міндет көрдім. Әйтпесе айтысып салысудан бой тартып ем.

А й ш а. } Не деді? Не айтты? Перісі не? Не жұмбақ!?.
З а й р а. }

Д о с м ұ х а м б е т. Өзі айтсын ендігісін. (Жұрт аңыра Ақанға қарайды. Онда үн жоқ. Басы төмен.)

З а й р а. Неге ашуланбайды? Мойнына алғаны ма? Мен не күйге ұшырап барам осы?

Д а у ы с. Ақан неге сөйлемейді. Өзі неге жөнін айтпайды.

— Айтсын.

— Сөйлесін.

А қ а н (басын аз көтеріп). Жұрт өсегін сол жұрттың өзі айтсын. Менің атым бұл күнде талай еріккенге қолжаулық болған. Заманы кетіп бара жатқан Ақан кім аузына қақпақ болуға жарасын. Бірақ өтірікші, өсекшінің ақтаушысы ғана емеспін. Айтушының өзі дәлелдесін.

Айша. Бұл жауап емес қой.

Досмұхамбет. Бас алып құлақ тігісі жаман. Тегі осы сөз төркінсіз емес.

Зайра. Бекер дей алмағаны ма шынымен?

Дауыстар. Ақанды мойындатты білем.

— Шын болғаны ғой.

— Сүрінтті ме дейім.

Шолақ (*екіленіп, ескектетіп*). Әттең тәңір-ай, қушы көңіл аз ба еді осынша? Іштарлық етпесең, біз ұғыссақ етті. Досмұхамбет айтқан мінімекен серінің? Бізге бітпеген қасиеті емеспеді? Өлеңімен, әнімен пері түсіреді екен. Сол кінә боп па? Қазақта ондай кім туып еді дегенге не дер едік. (*Жұрт Ақанға қайта сүйсінгендей болады.*)

Біржан. Ендеше не талас бар? Дарыған ақын, ән дарқаны. Тәңірдің берген бағына кім таласушы еді? Мен ағалық батамды осыған бердім. Байлау сол (*деген сияқты айтады*).

Зайра. Ендеше Ақан басынды көтер, бойынды жи, өзін мұнда, бері кел. (*Ақан тұрып қасына барып отырады.*) Енді басында не ауыртпалық, жүрегінде не мұң бар, өзіңнен естиін.

Дауыстар. Жарайды, Ақан.

— Сыбаға осыныкі!

— Құтты болсын. (*У-шу. Арада қуаныш бии. Жұрт тегіс Ақан мен Зайра айналасына үйіріліп, желікті топ-топ боп, масайрап қалады. Айша, Досмұхамбет, Ботбаймен берірек бөлініп шығады.*)

Көрініс

Айша. Мен мына Зайраны қазақы надан қыз деп менсінбеп ем, мынау серілік заманынан асқан бір мінез екен. Қимаймын. Дүниені алдым, қазақтан астым деген ағаларым қайда? Ізде шарасын, сөйлесін.

Досмұхамбет. Бәсе, Шери қайда? Мынандай еркелік, серіліктің шырқын бұзса нетеді? (*Досмұхамбет Шаймарданға.*) Сайлаушы оязбен бірге Шери мырза келеді. Осы өлкедегі бар болысқа болыс-биді мырза дегенімен сайлап келеді. Шери осы жолы сені би сайламақ, сәлемі осы.

Шаймардан. Жасаған-ай, не дейсін? Шүйінші

Досмұхамбет. Жалғыз-ақ мына Зайра мырзаны оң қабақпен қарсы алсын. Мырзаның ниеті үлкенде. Мыналардай бір күндік желік емес. Мынау бақсы-бәлгер ойнағы сияқты топырдан бой тартсын.

Шаймардан *(ұмтылып барып Алтынайды ертіп келіп)*. Бес жылдан бері мал-дүниемді шығындап ылғи жеңіліп келем Сарыдан. Ұрлық-қорлығынан жер болып біттік. Енді міне Шери мырза мені би сайлайды дейді. Сенің үйіңе түспекші. Ниеті Зайрамен сүйек алыспақ дейді. Тараттыр мына тобырды.

Алтынай. Әкесі, ағасы жоқ. Ертең жатқа кетеді. Бес күндік қонақ, аз күндік дәуренін алдынан шықпай, күліп өткізсін дейтұғым. Топ иесі сенсің. Бірақ обалыңа қалма тек, жаным. *(Бәрі кетеді.)*

Айша *(арғы топтан жырыла шыққан Шолақ пен Нұржанды екі қолымен қатар құшақтап)*. Ақын тілесем сендер кімнен кем бопсындар. Қыз іздеген сал, сері болсаңдар, менің басым кімнен кем бопты осы! *(Өзі ылғи Ақанға телміре қарайды.)*

Нұржан. Қарағым, бір назарыңнан садаға өзге қыз.

Шолақ. Менің шабытымды тартатын, ақ тұлкідей ажарлым сенсің. *(Айша екеуінің де мойнынан құшақтай береді. Бірақ көзі ылғи Ақанда. Анау өз қызығында. Соны көріп солқылдап жылап жібереді.)*

Шымылдық.

Үшінші сурет

Түн. Көл жағасы. Бір жақта жартас. Соның өркеш-өркеш тұмсығы көлге тіреледі. Көл беті ай сәулесімен жарқырап шұбартып тұрады. Ай көрінбейді, тастың тасасында. Сахнаға Ақан, Зайра шығады.

Көрініс

Ақан. Мені әлі күнге жатырқаған кісі сияқтысын. Япыр-ай, бұрын қалайша жақын сияктанғанбыз осы.

Зайра. Бұрынғы күнімді не ұмыттым, немесе ол

Ақтан. Ақтоқтыға ілесе жүріп үстірт еліккен болармын.
Ақан. Енді маған үйрендің бе өзің? Танып болдың ба? Соны айтшы!..

Зайра. Таныдым-ау, бірақ...

Ақан. Иә, ірікпей сөйлеші.

Зайра. Таныған сайын көңілде жарықшак бар. Бір жағынан қызығамын да, кітаптағыдай ғашық ұғшірет дариясына шомғым келеді. Бірақ сонымен қатар қобалжуым, тартыншағым да бар, миғұла болдым мен, Ақан!

Ақан. Ауыл-отанын жалғыз атты жарлыға қосуға көне алмайды, сол қобалжытады ғой.

Зайра. Ол бір төбе... бірақ толқуым одан да емес.

Ақан. Енді неден?

Зайра. Менің жарым я сен боларсың, я сендей болар деп ойлаған емес едім. Қосағым сен болған күнгі өмір маған әлі күнге бұлдыр, мұнар ішіндегі бір нәрсе тәрізді.

Ақан. Шыныңды айтқаның да жақсы болды. Бұл менен құтылуың ғой. Бірақ мен енді (*мұңайып.*) бойымды жия алмаспын, құлап кеттім. Қайраттан да айрылып қалдым. (*Отыра кетіп.*) Қайтермін..

Зайра (*аяп*). Мен дел-салдамын... Жүрегім жыртылып айрылған сияқты бір жағы саған жабысады, екінші жағы сені жатырқайды, қашады... (*Үндемей тұрысқан соң.*) Кешегі жұрт айтқан немене? Көзіме көрсетші. Ол не екен білейін. Біле отыра басымды байлайын.

Ақан. Ол афсана, Зайражан. Сондайға сене ме екен? Жын, пері, шайтан дегенді кім көріпті?

Зайра. Жоқ олай деме, олар бір адамға көрінеді. Мен өзім шайтанды әлденеше көрдім. Ылғи аятылгүрсі оқып қана қашырамын.

Ақан. Жай бір елес қой.

Зайра. Жоқ, сен мына араға отыр. (*Отырғызып.*) Шерт сазынды. Мен әдейі осы түнде сенің сырынды білейін дедім.

Ақан (*шошынғандай*). Мен сенен айрылмақпын ба әлде?..

Зайра. (*Ақанның домбырасына телміре*). Әуелгі шартым... мынау... (*Ақан аһ ұрып күрсініп, басын төмен салып толғанып қалады. Қолы домбыра тарта береді. Баяу нотыдан бастап бір сарынды өрпете, өсіре береді.*)

Ақан (аздан кейін үн қосып өлеңмен шерленеді. Ән барған сайын үлкен мұңлы, шерлі саз бен бір салқың сырлы сарынға айнала береді. Мұнда фатальность, символыка және ертегілік фантастика мазмұны бар. Өлең осылай өрлеген сайын қыз да сынып, елтігендей талмаусы береді. Көлге, түнге қарап, елес күткендей болады.) Сүйген жардың мекені алысқа шырқар ма, Иран бағы гүліндей қол жетпесім саған жетер сапарымды қиындайтын ба? Сейфүлмәлікке берген қиын жолдың ішіндегі о сапарын бере ме, Зылихадай аһ ұрғанмен мұратхасы болар ма? Бұрынғы жәрдемші самұрық құс қанатынды тоспайсың, ғайып тәсір мені не қылсын. Сұңқар боп ұшқан сорлы әнім от мұхитынан өте алмай қанатың шарпылар ма, тұлпар боп жорытқан жел сөзім қаф қиясынан аса алмай төрт аяқтан тұралармысың. Ертегі ұшқыр кілемін берген жоқ, дию шамдалын қайда тыққанын мен білмеймін. Маған жәрдемші кім?.. Ынтызарым өзін жәрдем етпесен Шаббаздан айырылу шерін сардалада жалғыз ұлып зар қып өтермін (Зайра қалғығандай күйге телміріп ұйып отыр. Осы өлеңнің аяқ кезінде көл үстіне жеңіл мұнар түсіп, Зайраның бет алдынан елес ашылады. Алыста бір аққу пайда боп көл үстін сыза келіп жағаға тоқтайды. Сілкінеді. Пері қызы боп шығады. Билейді. Ақан әні бұл кезде «Хорланға» ауысады. Тәтті мұңлы қоңыр баяу лирикаға айналады. Қыз билей жүреымдар жасайды. Мың бұралып, поэзия, музыка музалас тәрізденіп қанат қағады, қол бұлғайды. Алысқа шақырған сияқты. Ақанды жалғыз шақырғандай болады. Ақан бұл көрініске сырт беріп отырған, бірақ әні бір мұңлы жоқтау түрінде, соған ғана бой ұрған қалыпта.)

Бір жансың қол жетпесте корлығайын,
Мағырып берген екен күн мен айын,
Мұратқа талпынсам мен жетемін бе,
Дариға арманым көп неғылайын.
Уа, дариға, лаулек тас,
Бағдат-Мысыр, шын-машын, іздесем, Хорлан табылмас!

(деген сияқты ән). (Билеп жүрген қыз Ақанды шақырғандай. Зайра сол кезде ояна береді. Ақанды бүре қысып, қымсына береді. Жабыса түседі.)

З а й р а. Кетемісің шынымен. Кетпе, тастама.

А қ а н (әнін тоқтата бере). О не, не дедің?.. (Ән тоқтасымен Зайраның көз алдынын пері қызы ғайып бола

*Беріп, тұманға батады. Ақан үндемей сұлық түсіп, сұр-
ланып қалады.)*

З а й р а (оянып, есін жиып). Япырай, тіксіндірді ғой.
Қой, мен бой тартам. Мынандаймен мен тең келе алмай-
мын. Ақан, сен азатсың.

А қ а н. Не дейсің? Не болды саған?

З а й р а. Мен көрдім... білдім, болды...

А қ а н. Мен неге көрмейім?.. Өз ойындағы елесің...

Қалғыған шығарсың.

З а й р а. Ненің елесі? Неге көрінді, кім ол?

А қ а н. Мен қиналуды, толғануды ғана білдім, басқа
ештене көрген емеспін.

З а й р а. Жок, бүкпе сырынды, түсіндір.

А қ а н. Жел сорым — шер қиялым аулақтатпаса ме-
нің сенен алыстататын дүнием жок.

З а й р а. Сол немене? Басқа сүйгенің жок па?

А қ а н. Басқа сүйгенім бар... Ол Құлагерім және
тұйғыным — ақ нажағайым.

З а й р а. Оларыңда не сыр бар? Осы не күй өзі мына
жеті түнде?? Сенің басыңда не тұман бар?.. Құлагерің,
тұйғының не?

А қ а н. Тұман жок. Басқа сүйгенінді айт дедің ғой.
Бірінің серпіген қанаты, бірінің жұлде әперген тұяғы —
менің қос қанатым, қияқ-шалғым сол екеуі. Ендігі қал-
ған тірліктегі күшім мен бағым да, нақ сүйерім де солар
деп ем. Бірақ саған олар күндес емес.

З а й р а (өз-өзіне айтқандай). Мен Бәдиғұл Жа-
мал — Сейфүлмәлік түнін көрмедім бе? Әлде мен тал-
дым ба?.. Ыстық, рақат та сияқты. Жок сонда да бекіне
алмайым... баса алмайым...

А қ а н. Сені ұйқы жеңген екен.

З а й р а (Ақанға). Сен бара тұршы, мен есімді жи-
найын. *(Ақан кетеді. Қыз жалғыз ыңырсыды, әндетеді.)*
Асықпашы, көлгір. Тоқташы, мені өзіңмен қоса еліктір-
ме, ойландыршы... Елтігендеймін, маспын. Бірақ толған,
толған, ояншы ақыл-санам. Иә, шүү, бас, басшы, тартшы
қолымнан, бұнда сағым, елес... дерттісі несі? *(Сол кез-
де арттарынан жастар тобы кеп шығады. Ішінде Шай-
мардан, Досмұхамбет, Нұржан бар... Ойыншы, желікті.)*

Ш ай м ар д а н (*Зайраға*). Қарағым, сен мұндамедін. Мен де, ауыл-отаның да бұдан арғыны қостамаймыз. Қызық дәурен кешірдің. Енді сайлау, сайлау келді!

З ай р а. Не дейсін?

Ш ай м ар д а н. Біздің сайлау еді өткізетін ұлығың, бай-бағланың бір-ақ адам... Еркін менде болса, менің еркім сонда.

З ай р а (*Нұржанға*). Ұқтыршы...

Д о с м ұ х а м б е т. Асыр сауық салдық. Ата-ененің жүрелгісі жаңа дәурен енді басталады.

З ай р а. Не дейсіндер? Менің ұйғаным Ақанның әні емес пе еді?

Ш ай м ар д а н. Біз ақын мен бақсы шықпаған тұқымбыз. Теңің бұл емес. Балалыққа жол жоқ. Теңің мен қосағыңды басқадан күт. Міні, хабары келді.

З ай р а. Ол кім? Не айтар?..

Д о с м ұ х а м б е т. }

Ш ай м ар д а н. } Ол Шери, Шери мырза! Шери мырза!.. Бәсі бәсеке енді бітеді. Алтайдың ақ иығы тілеп ұшты бір сен деп. Қазақ баласының ұсынса қолы жетпеген асыл терегі, Торсан байдың ерке бағылан мырзасы... Шери, Шери мырза!.. (*Топ түгелімен Шери мырза, Шери мырза деп жырлап ойнайды. Ақан салбырап шетте жалғыз қалады.*)

З ай р а (*оңашалау, жалғыз өзі*). Жастық дәурені осы түнмен тарқамақ па? Алдым не, ақ нөқта енді менен дәме етті ме? Болмайды. Жолыма суық лебі келеді. Болмайды. Қалай басам?.. Айналам түн, саңылау жоқ. Аяқты қалай басам?.. (*Бұны топ қоршап әкетіп бара жатады.*)

Ш ы м ы л д ы қ.

Төртінші сурет

Үлкен үй. Ауыл күтулі, әбігер. Ерекше қонақтарды тосады. Алдын ала сый-сипат, ырым-кәделерін алғандар өтіп жатады. Сандық ашып, жұртыс үлестіріп жатқан Досмұхамбет. Бұған таласа келіп, қолынан алалы шапан, тон киген, бұл құшақтаған үлкендер бар. Бастап қант алған, шай құшақтап, өрік-мейіз шашып кетіп бара жатқан бәйбіше, жеңгелер бар. Молдыж, мырзалық белгісі. Көпшілік қуанышты, желікті. Бәрінің ауыздарында: Шери, Шери, мырза, мырза!— дескен сөздер. Ақан көп ақын ішінде, бұлар баяу. Ішінде домбыра соқтырып, жыр айтып отырған Досмұхамбет ғана.

Көрініс

Тыстағы дауыстар. Мырза... мырза келеді... Шери... Шери...

Үйдегі дауыстар. Мырза... мырза кеп қалыпты. Шери мырза, Шери мырза. (*Жұрт тегіс қақ жарылып тік түрегеліскен.*) Бай келеді... мырза келеді... Шери мырза. Қасында төрелер, төре! (*десе береді. Кіріп кеп жұртқа паңдана қарап төрге қарай басады. Отырысады.*)

Көрініс

Төре (*Шериге, айналадағы жұртты көрсетіп*). Сен екеуімізге мыналар дикарша қарайды. О несі екен?

Шери (*күліп*). Бұлар өзі бір қазақы, ескі ел. Адамдармен әдеттері де, баяғы қан жеген ата-аналарынан алыс емес. (*Күліседі.*)

Төре (*Досмұхамбетке*). Сен бұларға ақыл үйрет, ұрыс! Бізге бұлай сиырша қарамасын.

Досмұхамбет. Рас-ақ... ендеше мына отырғанның бәрі ақын. Ылғи «сен тұр, мен атайын». Енді тіпті осылардың қаңтарылып қалуына жол бар ма, неге сөйлемейсіңдер, түге. Мына Шери мен төреге сәлем бергендерің қайда?

Дауыстар (*Шери жолдастарынан Нұржан домбырасын алады. Шолақ та, Біржан да домбыра ұстайды. Нұржан айтуға ыңғайлана береді. Шери мен төре өз беттерімен әзілдесіп отырған. Шери мыналардың әзірлігін елемейді.*)

Шери (*Төреге*). Сіз Зайраны осында шақыртпайсыз ба?

Төре (*Шаймарданға*). Ну, Шаймардан, сен Зайраны мұнда шақырт. Бізбен бірге отырсын. Какже иначе. (*Сол кезде Зайра кіреді. Қасында қыз нөкерлері. Ол ұялып қымсынбайды. Мыналармен амандасады. Төре Шериге.*) Однақо, ол қорғанбайды. Это по-европейски

Шери (*қомағайлана қарап*). Иә, «товар налицо», а товар жаман емес. Қалай ойлайсыз?

Төре. Сенің көзің өткір деп білем, губа не дура, ха-ха-ха! Ну ақындар! Бұлар немене ауыздарына су толтырып алғандай?..

Шери. Дегенмен кінә сендерде. Алудан сендер, беруден мырзалар кеткен жоқ қой. Жел сөзді сонша бұлдап, езіп ішуші ме едіңдер. (*Төре, Шери қатты күліседі.*)

Зайра (*қасындағыларға*) Мен болсам мынандай мінезге қарағанда тіпті айтпас ем. Ақанды танығаным рас болса бір ауыз сөз айтпас.

Досмұхамбет (*қасында отырып*). Мен айтады деп білем.

Зайра. Көрерміз. Ол сен емес.

Досмұхамбет. Ендеше, шырағым, осыны бәйге қылайық. Көрелік. Мені кемсініп жаралауын аз болған жоқ. Бірақ түбінде Ақаныңмен қоса жылап жүрсең менен көрме!

Біржан (*шырқап жөнеледі*). Торсанның мырзасы, мырза Шери, қадамың құтты болсын. Бақ қарап, қыдыр дарыған баймысың, керейдегі бір құтым сен. Ойда орыс, қырда қазақ даңқыңды естіп, сыртыннан сусап отыратын, ауызынан уызы тамған асылымсың. Саған ұлығың қол артты. Мен не деп іркілейін. Кәрі ағаң алдыңда қанша айтса да қажымайды (*деген сияқты. Шерилер бұны шала тыңдап өздері күлісіп отырған.*)

Досмұхамбет. Бәрекелде, кәрі шор аяғым, сөйлесең осылай сөйле.

Зайра. (*Біржан туралы*). Ой емсініп қалған сорлы-ай, қалай бұраса солай жығылады-ау.

Шери. Міні, бұл жақсы айтады...

Ыбырай (*шырқай кетіп*). Әгтең тәңірі-ай, бұл заман жорғалаудың заманы бопты ғой. Бөкен желісін болса да бөтен келсін дейтіндер болар. Сонда да саудагердің әкесін өлтіре ақша бер деген жүрісімнен тіпті тапбаймын. (*Шерилер тыңдамай төремен әзілдесіп күлісіп отырады.*) Тыныға сатып алатын ба едің. Неге құштар болайын. Бұрынғы хан, төрене де табынған емеспін. Бұ

нына да жағынбаймын. Өлгенде ақырет берсе сол өліктің көріне күнәсін сатып, аларман боп күзге дейін қудалап, мүлкір-нәңкірдің бауырына апарып тыққан шығар. Ығына алып іліндірсе мінер көліктің көзі болсын дегені шығар. Жақсылық пен жамандық бас қазының алдында өлшенеді деп көп молда өздерін емеспең ұзақша шулайтын. Бұл дүниеде кісілік безбенмен өлшенеді дегенге біз де көне алмадық.

Ш ай м а р д а н (*кекетін*). Бәрекелде бұ сөз боп па?

Ш е р и (*тыңдамай отырған бойында*). Су татыған бірдеме шығар...

Д о с м ұ х а м б е т. Жаман қыз шешесінің артын шұқып ойнайды деп. (*Жұрт тегіс Досмұхамбеттерді қошеметпен күледі.*) Өлмендер-ау, өлмендер...

З а й р а (*қасындағыларға*). Жағынып, жалтаруды білмейтін, тіпті Ыбырайдыкі дұрыс.

Ы б ы р а й (*Ақанға*). Е, жаратқан бар болғыр, тіпті неге төменшіктейін.

А қ а н. Жұрт ұнатпай қалды. Бұның ылайық болмады білем. Мынау төре Абылай тұқымы. Асылдың жұрнағы емес пе?

Д о с м ұ х а м б е т (*Шериге*). Бұнда ана Ақан отыр. Кеудесіне нан піскен жігіт. Соны ғана бір сөйлетші, төре... (*Шери мен төре сөйлеседі.*)

Т ө р е. Ей, Ақан, сен немене бағанадан малшайт етіп, мыналарға очеретінді беріп отырғаның?

Ш ай м а р д а н. Ия, бәсе, бәсе. Ақан сөйлейтін кез жетті.

Д а у ы с т а р. Ақан айтсын, Ақан аға.

Ш е р и (*Зайраға естірте, төреге*). Ал Ақаныңның өлетін жері келді, төре. Мен білсем осы кісің ұраныңа табыла алмайды. (*Күліседі.*)

Т ө р е. Айтады... баста Ақан...

Д о с м ұ х а м б е т (*Ақан қолына домбыраны бере беріп*). Бұл кісі азамат қадірін біледі ғой, сіздерді неге сыйламасын.

З а й р а (*Шолаққа*). Ақан жігіт болса, екеумізге де қыл мойынға тақаған жеріміз осы екенін білер.

А қ а н (*төреге қарап*). Қаракөктің тұқымы асыл адам, атаңның аруағына қоңсы қонған даттаушы жыршың мен болам. Заманның аманында қазақтың тобынан торай шалдырмаған еліне қамқа болған асыл еді. Мен сол абыройдың ығында өсіп ем. Дәулет құсы бастан

тайып, қарашы бет бетімен сай өрлеп қара шаруан жүдеп тұр еді. Мен елі көшіп иесі кеткен, көштен адасқан күшіктей атаңның жұртында жүр едім. Сені көргенімде бағым екен... саумысың.

Ш ай м а р д а н. Бәсе, міні дұрыс сөз.

Д о с м ұ х а м б е т. Е, көшелі кісі жол мен жөннен адаса ма? *(Төреге.)* Енді Шериге амандас деңіз.

Т ө р е. Ақан енді желісін үзбей тағы да шап, енді мына Шери мырзаны айт.

Д о с м ұ х а м б е т.

Ш ай м а р д а н.

} Иә, Шериге, Шериге!..

А қ а н. Мырзаның көп мырзадан салты бөлек. Жұртым болса соны да мырза дей бер деуші еді. Шын мырзалық, шын асыл текті Шериден көрдім. Қазаққа келсе мырза, ұлыққа барса пашоттай, патомствоның өзі ұлық тәңірі гаспадин тең едім деп жаны шыққыр қай қазақ айтады.

З а й р а. Өз қанатыңды өзің қырыққаныңды білмейтін жексұрын, бүдірің жоқ сорлы ма едің?..

А қ а н *(әнін үзбей айтып келе жатып, Зайраның қабағын байқап)*. Сүйсінген жерімде келер-кетерімді білмейтінім де болушеді. Шын мырзаның шұғыласы басқан болар. Ойдағымды ірке алмадым.

Ш е р и. Жақсы айтты-ау осы, ә? Зайра, не дейсіз?

З а й р а *(күйінген, қысылған түрде)*. Тілегені қарынына, өзі білсін.

Ш е р и. Ха-ха-ха. *(Төре қосыла күледі.)* Оны еске салғаныңыз ақыл-ақ. Бұл айтқаныңыз мынау екен ғой *(Бумажнигің алып, салмақтап Ақанға лақтырмақ болады.)*

З а й р а *(ұмтылып тоқтатпақ боп)*. Жоқ теріс ұқтың, ұят болар. Мен оны айтқам жоқ. *(Шери күліп отырып, лақтырып жібереді. Ақанның алдына барып түседі. Бірнеше ақын ұмтылып ұмсынып қалады.)*

Д о с м ұ х а м б е т. Жерге түскен жетімдікі. *(Ала бергенде Ақан өзі бассалады.)*

А қ а н. Мен айтып, сен алатының несі. Бермеймін *(Қалтасына салып алады.)*

Ш е р и. Өзің, өзің ал. Еңбек те, бумажник те сенікі *(Қарқ-қарқ күліседі.)*

З а й р а *(Ботпай қарағанда)*. Намысымнан садаға ерме десем тіленшімедің.

Ш е р и (*Шаймарданға*). Енді істің беті ашылды. Мә, мынаны сен ки. (*Серілік знагын кигізеді.*)

Ш а й м а р д а н. Мал-басым жолыңа садаға, қарағым, енді өзін билеп төстей бер. Алдыңнан шығар, жолыңнан басын тартар үлкен-кіші жоқ. Сенімен бәс таласатын ақынбеді, әне өзі де мына Зайра алдында абройынан айрылып отыр.

Д о с м ұ х а м б е т (*Зайра мен Ботпайға жақындап*). Ақын бәсекесі деген оңай ма, ұят та боса тұрат та. Өзі басын салғанын көрмеймісің түйғындай.

А қ а н (*күйіп-жанып, домбырасын тастай беріп, тұрып бара жатып*). Адыра қалсын бүйткен ой-санам. Қайда қаңғып кеткенмін, шоқ-шоқ дейтін жан бар ма маған?

Ы б ы р а й. Е, балалығыңды жаңа ұқтың ба? Бәрекелде-ай, мұншалық келтемедің? (*Жігіттері мен екеуі де өкініп салбырап шыға береді. Арттағылар мәз боп күліседі.*)

Ш о л а қ (*тұтанған күйінде*). Уай жұрт, әлі сөз байыған жоқ. Енді бұл бәйге базарына барсын. (*Әнші қатарына отырып Ақанның домбырасын қолына алып.*) Мына домбыраның көмейіне тығылып айтылмай қалған сөз бар, мен соны жеткіземін. Переселеннің өгізін жүздеп алатын мені де мақтайды қазақ дурак. Кеудеме кірдің тасын көтерсем Мәди дейді. Бетін шаң басқан гауһарды мақтап не қылайық. Жалтыраған тиынды мақтайық. Соны салған қалтаны жақтайық. Зайра қыздың той тарқары сол болсын, қыздың байы жылқы екен сұм ойбай.

Ш е р и. Мынау не деп қыртады. Шығар мынаны.

Ш а й м а р д а н. Тоқтат былжыраған сөзінді, қаңғырған неме.

Ы б ы р а й. Шолақ шынды айтты, қаңғырғамыз жоқ, біз ел сүйген, елмен туысқан ақынбыз, қаңғырған мына саудагер Шери.

Д о с м ұ х а м б е т. Аш көзінді. Болмаса көрерсің көресіні.

Ш о л а қ. Қысқарт енді, жорға құл, мойныңды жұлып алармыз.

Ш е р и. } Не дейді? Не былжырайды, жоғалт көз-
Т ө р е. } дерінді.

(*Атып тұрып ұрмақ болады. Төре мылтық суырады.*)

Ш о л а қ (төсін ұрып). Әдіре қал, атып көр. Кім деп білесің, көзінді ашып қара.

Ш а й м а р д а н. Шық, кет ауылымнан, кет, өншен бүлік.

З а й р а. Тимендер ақындарға, бұлар менің қадірлі қонақтарым, үй иесі бізбіз. Апа, айтшы бізбіз.

Ш а й м а р д а н (Зайраға). Шығарма үнінді... жетті.

Ш е р и. Құның төленген, менің алдымнан шығатым сен бе едің. Жетті енді, кетсін мыналар бұл ауылдан.

Ш а й м а р д а н (Зайраға). Шығарма енді үнінді. Боларың болған, масқаралама мені.

З а й р а (шешесіне). Япыр-ай, апатай-ай, шынымен ақ осы торға шырмалдым-ау. Енді маған ерік бар ма жоқ па, әлсіз, жалғыз панам.

А л т ы н а й (бірге жылап). Жалғызым, тек бағын ашылғай-ақ та! Күнің не болады?.. Көзім жетпейді. Ерік мен байғұста ма. Көңілім тіксінеді. Я құдай, жалғызымның бағын аш.

Ш ы м ы л д ы қ.

Бесінші сурет

Сахна бір отау, бір үлкен үйдің жартыларынан құралған. Араларында алаң бар. Отау Шеридің үлкен әйелі Ақлиманыкі. Сонда Айша, Ақлима. Үлкен үйде Торсан. Оған Бәкен қымыз сапырып беріп отыр.

К ө р і н і с

А қ л и м а. Шақыр Ботпайды! (Досмұхамбет шығып кетеді.) Өткен күннің бәрі ұмыт деген екен. Ірбітке қолын жеткізген, Мақаржіге апарған, банкі ашып берген менің аулым емеспеді? Менің арқам болмаса ішіп, жеп отырғаны кімнің мүлкі. (Досмұхамбет, Ботпай келеді.). Бар, ана атама менің сөзімді жеткіз. Керекуден екі жүз жылқы, үш ақ үймен келген қай келінді көріп еді, бұл өңірдің қазағы менен бұрын, менің шаңырақ түйеме мініп келетін қара қазақтың күң қызы менің теңім боп па? Не қазір алдырмай қайтартсын. Немесе мен бүгін төркініме хабар жібертем. Келіп бар жасау мүлкіммен мені алып кетсін. Басқа сөзді білмеймін. (Аналар кетеді.)

Айшаға.) Сен де маған дос-ақ екенсің. Қоздырған сен дейді рас па, шыныңды айт.

Айша (күліп). Шың айтам, женеше. Және анау ақындарды тұқыртып кетсін деп бір ашумен айтып қап ем. Алсын деген жоқ едім.

Ақлима. Ендеше сөзінде тұр. *(Есік алдынан бір топ қыз, қатын өте береді, арасында осы ауылдың қулары: бірі сақау, бірі қыли, бірі сыбызғы шалған ақын. Бірі: Дуана-бәйітші — барлық тобымен: «Келін, келін келеді! Келіп қалды, келіп қалды!» десіп, Ақлиманың есігінен өтерде қымсынып ауыздарын басады.)* Әй, не, есік қакты немелер! *(Сырттағылар тұра қалады.)* Бұ не шу? *(Қулар майыса кеп екі босағаға барып күлдірмек болады.)* Тарт әрі. *(Аналар тыйыла қалады. Ақлима Айшаға.)* Өтірік айтпасаң, ана әкене сен де бар. Тыйдыр, қайтарт. Болмаса төркініме кетемін. *(Айша түрекелгенде.)* Осыны істемесем әкемнен тұмай кетейін. *(Тысқа шығып қатындарға.)* Жоғалт көздеріңді. Қуанғышын бұл немелердің. Кет үйлеріне. Алғызбаймын. *(Қатын-қыз ығысып жөнеліседі. Ойыншылар қалады. Ақлима соларға.)* Маған күндес болуға жүрегі батып келетін неме ғой. Шери аулы қалай қарсы алады екен. Көрсетіндер сендер, қарсы алындар. Өлер, тірілер жерлерін осы. Бүгінгі керегіме жарамасаң, атау керенді ішкізермін түге. *(Қулар репетиция жасағандай бірі сақауланып, бірі бәйітшілеп, бірі қылиланып аз ғана құтыра бастайды.)*

К ө р і н і с

Торсан (жатқан қалпынан қозғалып басын көтеріп). Бір қырсық үшін Ақлимаманан айрылып құтымды шайқаушымен? Ақлимадан басқа келінім жоқ. Оның төркіні менің асқар белім. Құтырмасын, құдайын ұмытпасын Шери... Керегі жоқ...

Досмұхамбет. Қатын сөзі бір сәрі. Қай қатын үстіне күндес алғызам деуші еді?

Айша. Ақлиманың ашуы үлкен көрінеді. Мен ажарын көріп кеп отырмын. Отпен ойна демесеңші, Ботпай.

Досмұхамбет (Торсанға). Иттің иесі болса, бөрінің тәңірісі бар. О да кедейдің баласы. Сүйегінді қорлайын деппең, бай.

Торсан. Көмегім, елім, ұзын арқау кен тұсауым Ақлиманың аулы. Маған дәулет бітірген керей ме еді?

О несі екен!!.. Керегі жок. Тыныштығым мен аманды-
ғымның садағасы. (Сахна алаңына Шаймардан, Нұржан
тағы бір топ қыз ұзату, шу, үлкендер шығады. Құдалар,
Торсан үйінен Айша, Досмұхамбет, Бәкен шығады. Олар
жақындамайды. Құдаларды ешкім қарсы алмайды. Олар
аңырған күйде Ақлиманың отауына жақындай береді.
Ақлима бұл уақытта астына орындық қойып бергі шет-
те үйінің алдында отырған.)

Көрініс

Ақлима (жақындап келген құдаларға). Бұл үйге
кірмейсіңдер. Үстіме күндес алдырып, тасталған катын
аталып, байтал тапқан күнімде кіргізсем де жетер. (Құ-
далар тайлыға береді. Айша кеп Ақлиманың қасына
отырады. Құдалар дағдарып Досмұхамбетке бұрыл-
ғанда.)

Досмұхамбет. Бай тыныштық алып жатыр. Кі-
руге болмайды.

Шаймардан. Бұ қалай... енді қайда? (Досмұхам-
бет дағдарғандық белгісін жасайды. Қулар оның қозғалы-
сына мазақ етеді.) Ендеше үй әзірленгенше осында
отыра тұралық. (Өзі бастап жерге отырады. Өзгелер де
біртіндеп отыра бастайды. Аздан соң қызыл торғын шы-
мылдық желбіреп келінді әкеле жатады. Мына жақта үн
жоқ. Ешкім қозғалмайды. Келін тобы тоқтайды.)

Көрініс

Ақлима (тым-тырыстан соң қулар мен Досмұхам-
бетке ым қағып). Бастандар, қуантыңдар ана бай орын-
ды тандап келген келінді. Неге тұрсын, түге!

Досмұхамбет (бастайды, өзге қу қостап, бұзық
беташар айта жөнеледі. Әні беташар, бұзылған сөздерді
біреу ұлыған, біреу маңыраған, біреу жылаған, біреу
күлген, бірі кісінеген тәрізді қып, қым-қуыт, шым-шуыт
етіп айтады).

Өзін жатып күйеуінді басқа сокпа, келіншек,
Алдыңғы түйең итіншек деп күрт ұрлама, келіншек.
Артқы түйең тартыншақ деп тұр-тұрлама, келіншек
Кеткен дәурен келмесе, күр құлама келіншек
Айт келін-ау, айт келін
Шымылдығыңды тарт, келің

Сені түсіріп отырған
Өзге емес мына қарт келін
Осы арада аз ғана енді тоқта, келіншек
Қайда келдің, қайдасың күйің жоқта, келіншек
Жылаған деп жалғыз-ақ көздің жасын бұлама.
Мұнда күйеу болмаса өзге жок па, келіншек
Айт келін, айт келін
Шымылдықты тарт келін
Сені тосып отырған
Өзге емес мына қарт келін.
Баршаңызға бір сәлем.

(Шымылдык ашылады, бөгеледі).

З а й р а (беташар басталған жерде ұялып, сөздерін
естікенде шошып тұрған). Сұмдық-ай не күйге ұшырап
ем. (Шымылдықты ұстап босатпай тұрғанда өзгелер
ашып жібереді.)

Қулар бәрі қатарынан:
Сақау қу (қылғынып бет-аузын бұзып).

Айпанадан ақ жүзім сіз көйесіз,
Жөн-жосықты бие сіз түйесіз,
Ақ жүзімді көйгенің осы-ақ екен,
Көнікі, көйімдікке не бейесіз-ау-өй-өй!

Қыли (ақшырайып, танауын ежірейтін). Тайқар
байдың үйіне кіріп келіп ем. Төрде ақ төсектің үстінде
Тайқардай ақ қыз отыр екен. Ол маған қарап жымың
ете түсті, мен де оған қарап жымың ете түстім.

Сыбызғылы қу (жынды сүрей, киімі борша-
борша).

Пайғамбарым тартқан сыбызғы болсаң
Көк қойдың өңешімен қапталсаң,
Енді кеп маған тисең
Сонда сенің не арманың бар, арманың бар-ау.

Бәйітші қу. Көрін қадір күдіретін
Білсін та... сұңғатын
Мұстафаның үммәтін
Әндім шариф қылдна.

Сүйітші, нә, келін, сүйітші, нә. (Ақлима күліп отыра-
ды. Өзге жұрт та қошеметтейді, күледі. Зайра жылап
бетін басады.)

Алтынай. Осы Зайра жаным жылап тұр-ау. Мына
біреулер өзі өңшең сайқы мазақ па немене, құдай!?

Ш ай м а р д а н (*қарамай*). Оң сапарын берсін. Қайтер дейсің, балдардың ойыны ғой жәй. Құтты орнына қондырсақ, болды да сол қызды. (*Шери, төре, ояз шығады. Торсан да үйінен шығады.*)

К ө р і н і с

О я з (*орта жерде Торсанға жақын*). Бұнда не уақиға боп жатыр?

Т ө р е. Міні, ваше благородие, бұның аты қазақ ботқасы. Ә, оны расхлебывать ететін кім? Ол (*күліп*) вопрос!..

О я з (*Шериге*). Әй, Шери, мен еені мұндай лабелас деп ойлағам жоқ. (*Торсанға.*) Ну, бай не ойлайды?

Т о р с а н. Мен ырза емес, төре! Ана келін Ақлима да ырза емес. Мен Шериге ырзалық бермеймін. (*Шериге.*) Білдің бе, міні, алмайсын. Қайт қазір сөзіңнен, қайтар мынаны.

З а й р а (*өзі-өзіне, көзін басып, аһ ұрып*). Сорлы басым қайда кеп ем? Қара жерге кірсем етті.

Т ө р е (*ояз бен Шериге*). Басы әке қарсы, Ақлима қарсы. Хал... өзі бір ойсыз істелген нәрсе. (*Күледі.*)

О я з (*Шериге*). Ну, сен не айтасың?

Ш е р и. Білмейім қандай ақмақтық болғанын. Осы күйден құтылсам екем.

О я з. Ақлиманың ағасы, әкесі почетный, влиятельный адамдар. Оларды ашуландырсаң, үлкен неприятность болар.

Ш е р и. Отказать етем бе?

Т о р с а н. Бол, әй, Шери, аулақ әкет аулымнан мына топырды.

Ш ай м а р д а н. Бұ сөздің беті қалай-қалай шалқып барады өзі. Шырағым Шери, бір деп білегіңнен, ер деп етегіңнен ұстағаным сен емес пең?

Т ө р е. Начинается!

Ш е р и. Керек емес. (*Ілгері Зайраға таман басып.*) Мен қата істеген екем. Айып менен. Бірақ мынау әке, мынау ұлық, барлық игі жақсы мені тыйды. Мен енді... рұқсат еттім. (*Зайра жылап жібереді.*)

Ш ай м а р д а н. Сөз осы болды ма?

Торсан. Болды енді. Тартып сүйген жар болмайды. Ей, Шаймардан, сен мені зорлықпен құда етушімең... Жаным, шаршатпа бізді енді...

Шаймардан. Олай болса менің де сөзім қысқа. Менің байлауым міні. Жердің үстімен кеп астымен қайтпаймын. Әкелдің. Енді есебін өзің тап. Әне келінің. Не қылсаң о қыл. Мен, міні, кеттім... (Өз кісілерімен Зайра қасындағыларға.) Жүріңдер тегіс! (Жөнеле беріседі. Нұржан Шери қасында қалады.) Зайра, қал шырағым!.. Кімнің жерін жерлесең, соның суын сула. Арсыз болмасаң абуырылы болмайсың деп тұр ғой мыналар. Жетенде болса соны үк.

Зайра. Қорлық-ай не болдым, не болдым? Әкет мені. Апатай-ау, қорлады ғой бізді! Қайттім мен енді. Әкет мені.

Шаймардан. Жоқ, қал... Маған да керегің жоқ... Жүріңдер, жүріңдер. Өлсең сүйегінді жоқтармын. Тіріде сені, міні, мен де қайта алмаймын. (Кетіп қалады. Зайра жалғыз тұрып қалады. Шымылдық жерде басылып қалады.)

Алтынай. Тірідей жер болдың ғой, жалғызым. Бүйткенше өлсең етті қозытайым... Өлдің енді сен. Мен де өлдім. Жарығым, арманда кеткен жетімегім. Зарлы бейбағым... енді тірі қалма, өл. (Жылап тұрып төре мен Шериге.) Ендігі жалғыз арызым, қор болған жанның соңғы арызы. Ел деп келіп ек қой, мынаны енді қаңғыртпандар. Жетім еді, қарызы бар емес пе? Бұ да адамның баласы ғой. (Жай тұрған жұрт жағасын ұстаған, мұңайған. Қатын-қыз жылайды.)

Зайра (өзгелерде үн жоқ. Зайра өзіне-өзі). Құдайым-ау, не дейсің, апатай! Адасқан ит болған мен сорлыны енді несіне жоқтайсың, неге садаға қып кетпейсің?!

Төре. Қор әйел, күн әйел, мә саған. (Кері айналып кетеді. Ояз да, Шери де айналып жүре береді. Үміт етіп талміріп тұрған Зайра зар қағып жерге отыра кетеді. Оқ тиіп бүктетіліп құлап түскендей).

Ботпай мен Айша Торсанға келеді.
Екеуі алдында сөйлескен.

Досмұхамбет. Бай, мына істің бір жауабы болады-ау осы! Енді бұның есебін тапқанымыз ақыл болар.

Торсан. Қайт дейсің маған? Керей деген баласы тағы шықты. Мал-дүние судай ақты ғой енді.

Айша. Қор етпейік, әке... Шери Басы азат қой. Басқа есебі табылмай ма! Жатқа кетпесін...

Торсан. Уа, қайтейін мен. Байды жерден қазайын ба?...

Досмұхамбет. Мына Бәкеніңе әпер. *(Торсан ойланып қалады.)* Жатқа кетпесін.

Айша. Менің де ойым сол еді. Ерден кетсе де, елден кетпесін. Бәкен, бауырым болсаң осыны сен ал. Ешкімнен басы кем емес.

Бәкен *(ұялып төмен қарап)*. Әкем білсін... білмей-ім... Ұят болмас па?..

Торсан *(басын көтеріп)*. Болды. Шырағым, басымды пәледен құтқар... Осыны тіледім сенен. Ал. *(Сөз шешілген сияқты. Айша мен Досмұхамбет Бәкенді ертіп алып Зайраға жақындатады. Торсан Зайраға.)* Шырағым, тұр. *(Зайра тұрады.)* Менің аулым деп келген екенсің, мынау да менің балам. Құдай қосса біз қостық. Осыныма ырза бол. *(Бәкеннің қолын Досмұхамбет Зайраға созады. Зайра жылап сол қолымен бетін басып тұрып оң қолын Айшаға ұстатқан күйінде Бәкеннің қолына тигізеді. Бетіне қараған да жоқ. Сол қалпында бұларды алып Айша, Досмұхамбет кетеді. Торсан Ботбайға жұртты көрсетіп бұйрық етеді.)*

Көрініс

Досмұхамбет. Уай, жұрт, мына бай бұйрығы...
бү да той... енді той болады... той. Қызындар... ойнандар.
(Жұрт тым-тырыс.)

Торсан. Тойын жаса, атын да шаптыр. Жуып-шай
енді, түге! (Жөнеле береді. Жұрт та үндемей тарай бе-
реді.)

Қулар (шулап). Уа той, той! Қуан кедей, қуан. Ат
шабады... ат шабады... Бәйге, бәйге!.. (Өздері мазақы
ойындарын ойнап билей тарқай береді. Осы шудың ая-
ғына Ақан, Шолақ кеп шығады, қастарында 3—4 кісі.
Мына дабырды естіп тұрады. Екінші жақтан Досмұхам-
бет шыққан. Тыңдайды.)

Көрініс

Ақан. Ә, той екен... Зайраны керей шыны-ақ әкетті
де!

Шолақ. Бәйге дейді. Ат шабат дейді.

Ақан (ойлана қалып). Солай ма? Ендеше қайтейін,
төмен болса малым төмен шығар. Бағым төмен емес.
Соны көрсетейін. Бәйгесіне Құлагерді қосайық. Зайраға
да, Торсанға да бір оқ атып күйік тастап кетейік.

Шолақ. Бәрекелде... мұның ақыл-ақ. (Жөнеліседі.
Айша шыға беріп Ақанға телміре қарайды. Ақан елемей
өтіп кетеді.)

Айша (Досмұхамбетке кеп). Мыналар тағы не қып
жүр! Әлі өзеурегені Зайра ма?..

Досмұхамбет. Ендігі ісі ерегес. Бағымды жа-
рыстырам Торсан баласымен. Бәйгеден Құлагерді келті-
рем дейді.

Айша. Ендеше, әй, мұнда келіңдер! (Екі жігіт келе-
ді. Досмұхамбет үшеуіне.) Шеримен тайталасатын, біз-
ге басын июдің орнына асқақ қарайтын кедейді мен
жөрейін. Бұл мына менің кегім. Құлагерді бәйгеден кел-
тірмеңдер. Ұқтындар ма. Міні, біздің ауыл осылай жеңіп,
осылайша қағады, қарсы келген мен жолда тұрғанды...
Танып ал.

Шымылдык.

Сахна ойлы-қырлы сар жота сияқты. Арғы көк аспан заднігі мен сол бергі жотаның екі арасынан бәйгеге шапқан аттар өтеді. Авансценаға көк шалғынды кішкене бұлақ ағып түседі. Сахна ашыла бергенде: «Ұста, ұста! Тоса бер! Тоса бер!» дескен қаскөйлер үндері естіле береді. Бір шеттен: «Қарауыл! Қарауыл!» деп ұран салған, бәйге атқа шапқан бала Бөрібайдың үні естіліп келе жатыр. Баланың көк шыт байлаған басы және Құлагердің қос құлағы мен созулы кекілі көрініп өте береді. Сол арада жол кесушілер: «сілейт, сілейт! Қақ! Қақ шекеден!» десіп екі жақтан шокпар, сойылдарын көтеріп ұмтылады. Тегіс сермейді. Құлагер басы сар жотаға шыға бере құлап түседі. Бөрібай жотаның бергі бетіне ұшып түседі. Досмұхамбет бері шыға бере.

Досмұхамбет. Ойында өрелік жоқ деген... біздің бір осылайша ойнайтұғынымыз да болады... Жат, жануар. *(Қарқылдап күліп.)* Уа, бәйге сенікі. *(Сол кезде: «Керей, Уақ! Керей, Уақ! Қыпшақ! Қыпшақ! деген ұрандарды айтып 3—4 ат Құлагер келген жолмен шауып өтеді. Аттар шанжау-шанжау өте береді. Әрқайсысының артын ала көп топ болып, қалың ұран шақырған тартушылар дүрілдесіп өтіседі. Жылдамдатып Шери шығады.)*

Шери. Алдыңғы атты тер басып кеткен екен тани алмадым. Издегенім ылғи Құлагер еді... қай-қай ат өтті осы? Біреуі әйтеуір анық біздің ел аты.

Досмұхамбет. Ойбай, мырза-ау, ендігі алды ырғыздың, керейдің көкжалы ғой. Екіншісі тағы бір дулат... Мынауың мінеки. *(Күліп.)* Мына жерде бір қатты қазық бар екен, соған сүрініп жығылғаны сорлының...

Шери. Уа, қой енді қысыр кеңесті, не қып тұрсын.

Досмұхамбет. Жұмыс бітті деп тұрмын.

Шери. Жоқ, *(қарап тұрып)* мынау артқы аттар шоғы келеді екен. *(Күн салып тұрып).* Ендігі бөтен аттар екен. Анау сайға, анау тастаққа қарай, теріске салып жіберейік. Істе соны! *(Бәрі бөріктерін сол теріс жаққа қарай сілтей шауып, өзге аттардың бетін қисық бұрып әкетеді. Дүбір, ұрандар алыстап кетеді. Есін жаңа жиған Бөрібай сүйретіле барып, Құлагердің мойнын құшақтай жылайды. Аздан соң Ақан мен Шолақ шауып шығады.)*

Көрініс

Ақан. Құдай-ай, не дейді? Не дейді? Аһ, дүние жалған! Мынау неткен сұмдық еді! *(Аһ ұрып кеп талып жығылағандай боп, Құлагердің басын құшақтай, зар еңірей құлап түседі. Шолақ күйіп кеп, баланы тұрғызып алып.)*

Шолақ. Уа, не болды, не болды, жарқыным! Не күйге ұшырадың, сорлы мұндар?..

Бөрібай. Осы арада ұрып жықты, ұрып жықты. Бір қол кісі қаптап тұр екен.

Шолақ. Уа кім, қандай ғана қырсық? Таныдың ба бірде-бірін?

Бөрібай. Танымадым.

Шолақ. Уа, төбеңнен жорытқыр, тым болмаса қай ел екенін білдің бе?

Бөрібай. Осы той қылған ауыл. Осы иттер. *(Жылайды.)*

Шолақ *(атып тұрып қамшысын білеп тұрып)*. Бәлем керей, осыны ата кегім қылармын. *(Айғайлап.)* Уа, қайдасың қарауыл! Қарауыл! Құрып кеттің бе? Құрып қалғыр... *(Ашуланып сапысын суырып шаба жөнеледі.)*

Ақан талмаусып қалған, ыңырси береді. Ызақойы бір ерекше зарлы күйге таман айнала береді. Теңселіп, көзін жұмып, толғаны отырып сөзсіз жыр шерткен тәрізді. Жассыз жылау, жоқтау сарыны. Сол сағатта қартайып жүдеп өңі қуарып, әжімдер терендеп, таусылып сөніп бара жатқан сияқтанады. Анда-санда: «Бөрібай, Бөрібай» деп қояды. Кейде Құлагердің басын сипағанда: «Бөрібай, Бөрібай!» деген сөзбен ұйқасып, алмаса береді. Аздан соң бір топты бастап, ақырып тұлан тұтып Шолақ шығады. Ел есіткен. Шолақпен келген топтың ішінде Торсан мен ояз бар. Артында стражниктері.

Ш о л а қ. Уа көр, көр міне. Біздің ояз, біздің той несі бай. Өлтірткен мына, Торсан, сенсің. Алдарыңнан өтілгенім осы. Енді қарауыл құрып кетпесе, бәлем бақал ел шапқандай әлекті салармын.

О я з. Кім өлтірді, кім біледі?

Ш о л а қ. Міне, міне, мына бала адам емес пе?

Б ө р і б а й. Осылар... мыналардың кісілері.

Д о с м ұ х а м б е т. Бала куәлікке жүруші ме еді. Есінен шатасқан ба өздері.

Ш.о л а қ (*тепсініп кеп*). Сен не дедің, қайта айтшы.

Т о р с а н. Несі бар еді?

Д о с м ұ х а м б е т. Айттым сол, қайтушы ең.

Ш о л а қ. Мә, айтсаң. (*Қамшымен тартып жібергенде Досмұхамбет тұмақтай ұшады.*) О, жүзің күйгір өңшең.

О я з. Бұ не, мен тұрғанда, шошқалығың бұл. (*Стражниктеріне белгі береді. Шолақ олардың келе жатқанын көрмейді.*)

Ш о л а қ (*Торсанға*). Сауда қылмақ түгілі дүние алсаң да көзіңді ағызайын ба?

Т о р с а н. Қысқарт енді, қоңыз тергізіп жіберермін.

Ш о л а қ. Шықсын, шығар онда, бер кезекті жалғыз-өзіме, өлігінді бір төбе қып үйіп кетейін.

Т о р с а н. Ашып қара көзіңді.

Ш о л а қ. Ай, доңыз-ай, ызаң өтіп еді. Құның бір-ақ берейін. (*Тап береді ақырып.*)

О я з. Захватить, арестовать! (*Стражниктер мен көк қазақ барлық жағынан қамай тұра қалады. Солдаттар да жалаңашталған қылыш, тапаншалар. Шолақты аресть қып алып кетеді. Бәрі де кеткен. Бұрынғысынша ыңыранып теңселген Ақан отыр. Зар үні жым-жырттың ішінде үдеп кетеді. Сонда бір шеттен сенделгендей, есінен айырылғандай боп даланы өз бетімен кезген Зайра*

шығады. Жібек жібіндей ширатылған бір жіңішке ән, түпсіз терең шер-зар әнін о да сөзсіз термелеп келе жатқан сияқты. Жалғыз күңіренген Ақан енді үнін, зарын өрдегі-өрлете өсіре келіп, аяғында ботасы өлген нар інгендей әрі күшті, әрі суық зарлы әнге басады. Азынағандай. Әннің басынан өз әнін тоқтатып, үздігіп талмаусындай боп тұрған Зайра енді тал бойы ұйып елти тыңдайды. Ақан Құлагердің туысын, өмірін және өлімін айтқан жоқтау зарды ақтарады. Қайырмасында «Бөрібай, Бөрібай!» деп қояды. Зайраның мағынасыз күлімсіреген жүзінде әлденемеңе, бұлдырға дәмесін артқанның белгісі бар. Өн-бойында бір өлі мен тірінің арасындағы жанның кейпі бар.)

Зайра (талмаусып). Жаным-ау, жаратқан-ау. Мен бармын ба? Жоқпын ба осы? Ұйқыдамын ба, ояумын ба? (Көзі көк аспанға телміре береді. Бұның телмірген бет алдынан машықты аққу шығады. Сілкінеді. Қыз болады. «Құлагер» зарына қосшы болған зар-жылау күйін билейді. Шерменен мың бұралып жүрегі пара-пара боп күйген жанның биі. Зайра соған қадалған күйінде көлденең жүріп Ақанға жақындай түсіп.) Қайғың мені алсаң басыла ма? Мені мына қорлықтан әкетсең нетті? Кешпессің бе?

Ақан (бір қарап). Жоқ, менің күнім өтті, бітті. Кешпес жол, ұшты дүние. Бақыл бол! (Зайра жауап қата алмайды. Себебін сұрай алмайды. Басы төмен түседі. Көзі қырда.) Құлагер текке өлген жоқ. Ақанның бағы қайтты. Енді Ақан өлді!.. (Әнін, домбырасын кенеттен ұрып, Домбыраны тасқа бір салып талқан етеді. Сол секундта Зайраның көз алдында пері қыз жер астына батып кетеді. Ақан тұрып, жағасын қос қолымен ұстап бір жаққа кете береді. Зайра шатасқандай алас ұрып, дағдарып кеп қыз батқан жерге телміріп тұрғанда сары жотадан Айша бастаған құлар тобы шыға келеді.)

Айша (кетіп бара жатқан Ақанның сыртын көріп, ұмтылып басып). Ақан, Ақан сері!.. Ақан! (Ақан бұрылмай кетіп қалады. Аз қарап тұрып Айша сұлық түсіп қап, сыртынан ашумен тез бойын жиып ап.) Ендеше садағам!.. (Бұрыла беріп Зайраны көреді. Ол кінәлы адам сияқты.) Ә, кінәлы мұндамеді? (Күледі. Сақылдап мазақ ете, ызамен күледі. Сонда бұның қасындағы құлар Зайраны жан-жағынан, жып перідей қоршап алып, бет-ауыздарын неше алуан сұм гримасалар жасап құбыжық-

ғай құбылтып, адам ұқпас сөздерді, баяғы біріншісі
өлеңдері сияқты) таласа, жарыса айтысып, сайтанып
құтырынып билеп, сақылдап күлісе береді. Билері тәр-
тіпті би емес, қиралаңдап, қисалаңдап неше алуан изл-
мы, изгибы бар шым-шытырық болады. Зайра пері қы-
зын, Ақанды іздегендей алас ұрғанда, мынандай грим-
салар алдынан құлашты жайысады.)

З а й р а (кенет қышқырып қалып, шатаса бастап)
Пері... пері, өңшең пері ойнағы. (Сақылдап күліп бет-
аузын тыржыңдатып.) Мен де пері.. (Аналардан асырап
құтырынып жөнеледі.)

А й ш а (шошынып шегіне беріп). Тоқта... тоқта
(Қулар тоқтай қалысады.) Жынданды... жынданды
(Шегіне береді. Зайра ойнақтап-ойнақтап жаңағы «пері
ойнағы» деген сөздерін қайталай береді. Бір сәтте жұрт-
тың көз алдында шашы бұрқыраған, киімі дал-дал бол-
айырылған, нағыз құтырған адам күйіне түсе қалады
Әрі-бері алас ұрып кеп үздігіп құлап түседі.)

Ш ы м ы л д ы қ.

1935.

НАМЫС ГВАРДИЯСЫ

*Төрт актылы,
жеті суретті пьеса*

ҚАТЫНАСАТЫНДАР:

- Басқолбасшы
Панфилов Иван Васильевич
Намысұлы Бақытжан — батальон командирі.
Григорьев — дивизия комиссары.
Чупров — полк командирі.
Жанбозов Сабыр — рота командирі.
Ғалиев Мейрам — рота политругі.
Тоқтаров Төтеген — автоматчик.
Нина — жау алған деревняның қызы.
Армия генералы.
Валя — медсестра.
Фогель — неміс дивизиясының командирі.
Курц — неміс полкінің командирі.
Штольберг — неміс штабының бастығы.
Қызмет адамы, доктор, санитарлар, адъютанттар,
командирлер, қызыләскерлер, неміс солдаттары.

БІРІНШІ АКТ

Бірінші сурет

Күз. Жапырағы сарғайған орман. Күн батуға айналған кез. Перде ашылғанда блиндажда Төлеген мен Мейрам ән салып отырады.

Төлеген. Біз құрбан туған елім сен аман бол,
Асқар тау, бетегелі бел аман бол,
Қанымдай қасиетті суың қымбат
Айдын көл шалқып жатқан сен аман бол!

(Өлең аяқтала берген кезде Намысұлы ар жақтан шыға келеді.)

Н а м ы с ұ л ы. Па, серілердің серпер жерін тапқанын. Жау қырам деп қыра алмай, ерлер отыр ұялмай. Жауды қуып келудің орнына қашып келгенге мәзбіз-ау, сірә!

Төлеген. Бас көрікті!

Мейрам. Әй, батыр-ай, осы жолы көрікті баса алмай қалдық қой деймін, төбеден дәл ұрды ғой.

Н а м ы с ұ л ы *(бинокльмен алысқа қарап тұр)*. Кеудеден жан кеткендей әннен сән кетіп тұр-ау, бауырлар. Сонау Москваның үстінде ашық аспан бетіне бедер салған жұдырықтай қара түтіндерді көрдіңдер ме?

Мейрам. Көріп тұрмыз-ау, Бақытжан аға.

Н а м ы с ұ л ы. Көрсен ол не?

Мейрам. Не деуге болады? Жан анаңа, ғазиз анаңа тиген тепкі дермісін?..

Н а м ы с ұ л ы. Ендеше сол тепкі біздің кекті жанысын. Мұқалмас, өшпес кекті жанысын.

Төлеген. Жанып-ақ, жаланып-ақ ұрып жүрген

жоқпыз ба осы. Құрсауын үзіп, қоршауын бұзып-ақ келдік қой.

Намысұлы. Бұзып-ақ келдік. Қайда келдік? Шегінгеніңе шелиемісің? Москваға жеткенге мәзбісің?

Төлеген. Бас көрікті. (Ұшып түрегеліп.) Әй, енді шегінсек, бетке сірі жапсырып, шегінерміз-ау.

Намысұлы. Қайнар қаның, қайнар. Бірақ әлі қайнап піскен жоқсың. Жалғыз сен емес, тіпті біздің батальон әлі піскен жоқ. Бәріміз де әлі шикіміз. Батальон жайын ойласам, жігерім құм болады. Жаудың қоршауын бұзып шыққанымыз өзімізге әлдеқандай көрініс емес, ойласам олай емес екен.

Мейрам. Енді қалай?

Намысұлы (сырттан біреулерді көргендей болып). Оны кейін естірсің. (Төлеген мен Мейрам көрінбей кетеді. Панфилов, Григорьев, Чупров шығады.)

Панфилов (блиндаждың іргесін ұстап көріп). Мына блиндаж жауынгерлерді күннің көзінен болмас оқтан қорғай алмас. (Намысұлын көріп.) А, Намысұлы, Аманбысың? Сендер үшін күпті едім, қуанттың ғой! Сондай қиын құрсаудан қалай құтылдың, айтшы? Тайғақтың асуындай осы кесір асудан ер кім болды, ез кім болды? Соны тани білдің бе.

Григорьев. Осылардың ері көп, езі аз болған-ау деймін.

Панфилов. Сен неге үндемейсің?

Намысұлы. Ерлікті тандап алу да, ездікті таңбалап беру де қиын ғой, жолдас генерал! Біз осы екеуінің бірінен шығып, біріне жете алмай аралықта жүрмесек.

Панфилов. Дұрыс, мақтансызың мақұл.

Чупров. Әрине, әсіресе, батальонды қоршауда қалдырған взвод командирі бар командирдің мақтанбауы сыпайы.

Панфилов. Жә, батальонның қоршауда қалуына себеп болған взвод командирін шақыртшы, ол ротаның командирі кім еді?

Намысұлы. Жанбозов.

Панфилов. Жанбозов па еді? Оны да шақыр.

Намысұлы. Жолдас генерал, осының екеуі де жоқ.

Панфилов. Олар қайда?

Намысұлы. Жанбозов, тағы сол взвод командирі.

нің жесірінен бомба түскен блиндаж астында қалып қойды.

Григорьев. Ал, взвод командирі ше?

Намысұлы. Ол атылды.

Панфилов. Атылды!

Григорьев. Кім атты?

Намысұлы. Сол жазалары үшін біз аттық.

Панфилов. Аттық! Рұқсат еткен кім, атқан кім?

Намысұлы. Рұқсат еткен де, атқан да мен өзім.

Панфилов. Мен өзім? Саған мұндай правоны берген кім?

Чупров. Сен бұл сырынды менен неге жасырдың?

Намысұлы. Жасырғым келген жоқ, жолдас полковник, жауабын бір-ақ рет беріп, жазасын бір-ақ алғым келді.

Григорьев. Сен командирлікті тастап, әскери сот болдың ба сүйтіп?

Намысұлы. Неміс қоршауында бар совет үкіметі бір өзім болдым, енді қайтейін.

Чупров. Мынау не деп тұр?

Панфилов. Сенің осында ағаттық бар ма, жоқ па, өзің не дейсің?

Намысұлы. Жолдас генерал, оған ешқандай шәк шүбәм жоқ, ағат емес.

Григорьев. Сонда сен, өз бетіңмен ата бермек-жісің?

Намысұлы. Ондай ез, намыссыз, опасызды ату керек, әлі де атамын.

Григорьев. Сүйтесің бе сен? Алды-артына қарамай тап беріп тарс жарылып отырсаң, армия не бола ма, тәртіп қайсы? Ала мінез қаптамай ма егінді басқан арам шөптей.

Намысұлы. Арам шөп?!

Григорьев. Я.

Намысұлы. Ендеше арам шөпті жұлатын да тастайтын еді ғой.

Григорьев. Жұлынуы ғажап емес.

Намысұлы. Онда менің атым арам шөп екен, жұлыңыз да тастаңыз. (Айналып кетпек болады.)

Григорьев. Бұл нендей тәртіп?

Чупров. Кімнің алдында тұрғаныңды білемісің?

Панфилов (Чупров пен Григорьевтің бұл мінездерін жақтырмаған түрде қарайды да, Намысұлына жа-

қындайды.) Тоқта. Кешке штабқа келесің. Бар! (Намысұлы кетеді. Чупровқа.) Жә, бұл не, жолдас полковник?

Чупров. Бұл біздегі ең піспеген батальон. Мына мінез, мына қылық соның айғағы.

Панфилов. Сіз піспеген деген сөзді әрқашан да айтасыз, пісіретін күніңіз бар ма, жоқ па? Олай болуына себеп не, кінәлі кім?

Григорьев. Сіздердегі қазақтары көп батальон осы еді ғой.

Чупров. Я, осы. Біздегі ең осал батальон да осы.

Панфилов. Мен оны сұрал тұрғаным жоқ, себебі сұрап тұрмын сізден.

Чупров. Ол себеп белгілі емес пе, Иван Васильевич. Бұлар армияның темір тәртібіне төселмеген елдің баласы ғой.

Панфилов. Ендеше сіздің төселген тәрбиеніз қайда, толған тәжірибеңіз неменеге керек? Мен сізге ескертейін, қатты ескертейін: бәрін білдік, таныдық деп жүреміз, сонымен қабаттасып, тексерілмей жүретін оқ өтпес бір бітеулік те жатады ішімізде. Қазақ деп, халқына сын тақпақсыз ба? Түңілер жайыңыз бар ма? Қай қасиеті білуші едіңіз? Енді қайтып естіртпеңіз бұл сөзді маған. Мұнан былайғы біздің бүкіл дивизияның таразысы сол піспеген осал батальоныңыз болады. Сол батальон ең піспеген ер, жалыны алау атып аспан құшқан өрттей орбалғын батальон болғанда ғана дивизия деген жеріңіз жетті, биік белге шықты дерміз, серт осы ғана.

Чупров. Серт етуге дайынмын Иван Васильевич. Бірақ бір адам емес, он адам емес бүтіндей бір батальонды мұндай етіп шығару көп уақытты тілемей ме?

Панфилов. Ендеше сол батальонды менің өз бақылауыма беріңіз.

Чупров. Алыңыз. Бірақ ол тілекке жету үшін командиріңіз сай болсын.

Панфилов. Намысұлы сай емес пе?

Григорьев. Ол әлі де командир болып қалсын деймісіз?

Панфилов. Сіздер қалай дейсіздер?

Григорьев. Ол орнынан алыну керек сияқты.

Панфилов. Онда Намысұлының жаңағы өзімізге кінәлаған мінезінен біздің айырмамыз не болады? Ойлану керек. Жә, жүріндер, жауынгерлермен әңгімелесейін.

(Бұлар кетеді, блиндаждан Төлеген мен Мейрам көрінеді, сырттан Намысұлы келеді.)

Мейрам. Жә, жәй-күйді білдіңіз бе?

Төлеген. Не аңғардыңыз?

Намысұлы. Аңғар жайсыз, біз кінәлі сияқтымыз ба, қалай? Қорытылуы жетпеген қорғасындай қалпымыз, шемендей басып жатыр.

Төлеген. Қорытылмаған қорғасыны несі! Қайнаған болаттай-ақ ұрып жүрген жоқпыз ба осы?

Мейрам. Не болып еді сонша?

Намысұлы. Тәжірибеміз аз, тәртібіміз кем, көп нәрседен кендеміз.

Төлеген. Тіпті тәртібіміз де ешнәрседен кем емес.

Намысұлы. Сенің осыныңпың өзі тәртіпсіздік емес пе әуелі.

Төлеген. Қалайша?

Намысұлы. Политрук емессің, командир емессің, қымыздың қызу кеңесінде отырғандай кие-кие жөнелесің.

Төлеген. Бас көрікті, ал қойдым, жанжалы құрсын.

Намысұлы *(ақырып)*. Смирно, қара тұрысын. *(Төлеген жым болады.)* Біз әлі етек-жеңімізді жинай алмай, салақ салғырт жүрміз. Ширағанымыз жоқ. Сенің ротаң да сондай ездің взвод командирі болып жүруінің өзі де осыны көрсетеді. *(Кетеді. Төлегендер де көрінбейді.)*

Жанбозов. Қауыпсыз жерге жеттік қой деймін, сіз енді айтыңызшы, мен кімге қарыздармын, сіз кімсіз осы?

Нина *(күліп)*. Мындаған, жүздеген қарындастың бірі деп білсеңіз жетпей ме?

Жанбозов. Жөніңізді неге айтпайсыз?

Нина. Өзіңіз де әлі айтқан жоқсыз ғой.

Жанбозов. Мен сіз айтпағандықтан іркілемін.

Нина. Әлде мен сізге шпион, сайқал болып көрінермін, солай ма?

Жанбозов. Бұл не дегеніңіз?

Нина. Жау қолында қалған командирды құтқарған болып, өзі өткелі жүрген шпион болсам ғажап па? *(Күледі.)*

Жанбозов. Айтпайтын түріңіз бар екен, айтпасыз. Бірақ кімде болсаңыз тірілікте сізден зор қарыздар

жаным болмас. Білмегенім үлкен арман болар да қалар!
(*Намысұлы мен Төлеген келіп тұра қалады.*)

Н и н а. Менің де соншалық еңбек етіп, өлімнен өзім құтқарған ердің жөнін білмеуім арман болар.

Н а м ы с ұ л ы (тани кетіп, тұра ұмтылады). Сабыр, баурым.

Төлеген. Сабыр!

Ж а н б о з о в. Бақытжан аға! Төлеген бауырым.

Н а м ы с ұ л ы. Баурым-ау, бар ма едің, тірі ме едің? Төлеген санитарларды шақыр. (*Төлеген кетеді.*) Сенен айрылғалы көңлім алай-түлей күйде еді. Сен есіме түскен сайын жүрегім тілім-тілім болушы еді. Ал, сөйлеші қалай құтылдың. Мына кісі кім?

Ж а н б о з о в. Осы кісі, мені құтқарған.

Н а м ы с ұ л ы. Ой, көп жасаңыз, апырай? Сіз кім едіңіз?

Н и н а. Мен советтің жай бір қызымын.

Ж а н б о з о в. Қарыздарым да осы кісі, жөнін білмеген жұмбағым да осы кісі.

Н а м ы с ұ л ы. Жұмбағым! (*Сезіктенеді.*) Сіз қалай кездестіңіз, қайдан келе жатыр едіңіз?

Н и н а. Мен бір дивизия штабын іздеп келемін.

Н а м ы с ұ л ы. Қай дивизияның?

Н и н а. Сіздер қай дивизиянікі едіңіздер?

Н а м ы с ұ л ы. Маған сұрау бермей, жауап берсеңіз қайтеді, қарындас. Қай дивизияны іздеп жүрсіз?

Н и н а. Іздеген дивизиям сіздердікі болар деймін. Мені штабқа жеткізсеңіз қайтеді?

Н а м ы с ұ л ы. Ол тілегіңіз орындалады. Мынандай қымбат жолдасымызды аман алып келгеніңіз үшін, бәріміз де сізге борыштымыз. Бірақ айыпқа бұйырмаңыз, сіздің жөніңізді айтпай жұмбақ тастап кеткеніңізге қайранбыз, оны да жасырмайын.

Н и н а (*күліп*). Ол айып емес, күдікті жасырмағаныңыз жақсы. Сіз турашыл екенсіз.

Н а м ы с ұ л ы. Күйінгенім мен сүйінгенім бәрі де тілімнің үшінде жүретін кісі едім.

Н и н а. Ол жақсы сипат, бірақ әр мінездің әр алуан кезі бар ғой. Егер менің орнымда болсаңыз мүмкін сіз де мен тәрізді боларсыз.

Н а м ы с ұ л ы. Солай ма, жарайды. Қазір, қарындас. Адъютант! (*Адъютант келеді. Намысұлы оған Нинадан сезіктенетіндігін айтып тұрғандай болады.*)

Н и я а (*Жанбозовтың қолын ұстап*). Қош болыңыз, Сабыр. Менің атым Нина. Ұмытпайсыз ғой!

Ж а н б о з о в. Сізді мәңгі ұмытпаспын, Нина.

Н и н а. Ал тек тез жазылыңыз, қош! (*Шеткері барып, киімдерін жөндеп кие бастайды.*)

Ж а н б о з о в. Ағып өткен жұлдыз ба, қалай, көзді еріксіз тартып кетті ғой.

Н а м ы с ұ л ы. Көзің тұнжырап-ақ қалған екен, ә!

Ж а н б о з о в (*күліп*). Ағай, өзіңіз де, алдынан өткен мысыққа қараған бүркіттей қадалып-ақ қалдыңыз-ау деймін.

Н а м ы с ұ л ы (*күліп*). Сен немене, арыстандай болып арқасына мініп келіп, өзің көтеріп келгендей, қызғанайын деп пе едің? (*Осы кезде Мейрам мен Төлеген жетіп келеді. Жүгіріп келген бойы Жанбозовты құшақтаймын дегенде, оның жаралы аяғына соқтығады. Нина сол үшін қайта жүгіріп келеді.*)

Н и н а. Көзіңе қарасаңшы жолдас.

М е й р а м. Ғафу етіңіз, байқамадым. Бәсе, сені ажал жемді дегенге сенбеп ем, шынымен топырақ астында тыпырлауға да келмей қалсаң жыламас едім, қорлар ем.

Ж а н б о з о в. Жарайсың, құрдас. Жоқтау өлең шығарып қойған екен десем, өліміме өкпе артқалы жүр екенсің ғой.

М е й р а м. Қайтейін. Құрдасың қалып қойды деген мына Төлегеннің табасынан құтылмай-ақ қойдым.

Т ө л е г е н. Бас көрікті.

Н а м ы с ұ л ы. Тұрындар! (*Бәрі ұшып түрекеледі.*)

П а н ф и л о в. Мынау кім, Жанбозов па?

Ж а н б о з о в. Сәләмәтсіз бе, жолдас генерал? (*Чупровтармен де солай амандасады.*)

П а н ф и л о в. О, Жанбозов! Жоққа саналған батальон аман келді, өлді деген сен тірі келдің, қандай жақсы?

Ч у п р о в. Ал, сөйлеші, қалай аман қалдың?

Г р и г о р ь е в. Кім жеткізді?

Ж а н б о з о в. Мен құлаған блиндаж астынан қыбырлап жер бетіне шыққан едім, қанша уақыт өткенін білмеймін, сәтімен ана бір қыз кездесті де, ұзақ бейнетпен сол алып келді.

П а н ф и л о в. Жараң ауыр емес пе?

Ж а н б о з о в. Жарам онша ауыр емес.

Н и н а (*Мейрамға*). Генерал-майор Панфилов осы кісі ме?

М е й р а м. Осы кісі.

Н и н а. Жолдас генерал!

П а н ф и л о в. Я, не айгпақ едіңіз?

Н и н а. Рұқсат па.

П а н ф и л о в (*оңашарақ*). Ал, сөйлеңіз.

Н и н а. Мені сізге неміс қолында қалған Руза деревнясындағы Захар қарт жіберді.

П а н ф и л о в. О, қарт Захар ма, ол тірі ме, сау ма? Не күйде, не деді?

Н и н а. Әзірше тірі. Кетерде өзіңіз тапсырған жөнменен, арнаулы сәлеммен жіберді.

П а н ф и л о в. Сіз оның несі едіңіз? Атыңыз кім?

Н и н а. Мен немересі едім. Атым Нина.

П а н ф и л о в. Нина? (*Ойланьп.*) Ол кісі маған барлық балаларын, немерелерін, келіндеріне дейін атап атап айтқан еді, сізді неғып айтпады?

Н и н а. Ол кезде менің өлі-тірілігім атама мәлім емес болатын, сондықтан айтпаған болар.

П а н ф и л о в (*ойланьп.*) Жарайды онда, біздің штабқа барыңыз да мені тосыңыз. (*Намысұлына.*) Мына кісіге біреуді қосып бер, штабқа ертіп барсын. (*Нина кетеді.*)

Ч у п р о в. Иван Васильевич, Валя келе жатыр. (*Қасында санитаркалары бар Валя келеді. Чупров Панфиловты нұсқап.*) Валя, эне папан?

В а л я. Папа. (*Тұра ұмтылып келіп Панфиловтың иығына асылады.*)

П а н ф и л о в. Валя мұның қалай. (*Валяның қолдарын өз қолымен орын орындарына қойып.*) Рас, два, три. (*Намысұлына қарай бұрып жібереді.*)

В а л я. Жолдас старший лейтенант, сіздің шақыруыңызбен келген медсестра Панфилова.

Н а м ы с ұ л ы. Мынау жаралы кіші лейтенант Жанбозовты тезінен санбатқа жеткізіңіздер.

В а л я (*санитарларға*). Көтеріңдер!

Г р и г о р ь е в. Валя, көріспегенімізге көп болды ғой осы!

П а н ф и л о в. Мұның өзі папасын көп сағынбайтын болу керек, іздемейді де.

В а л я. Сағынғанмен қайтейін. Соғыс!

П а н ф и л о в. Дұрыс айтасын, соғыста кім папасы-

ның бауырында жүр! Жаралы жанға жәрдемді тез беріңдер. Осы, менің сізден өтінетінім, жолдас медсестра.

В а л я. Хұп, жолдас генерал. (*Жанбозовты әкетеді.*)

П а н ф и л о в (*Намысұлына жақындап*). Жә, жолдас Намысұлы, өлді деген Жанбозов тірі келді. Ал сіз өлімге бұйырған адамның қылмыс жағдайы не болды?

Н а м ы с ұ л ы. Менімше, Жанбозов жағдайы өзгергенімен қылмыс жағдайы өзгерген жоқ, жолдас генерал!

Г р и г о р ь е в. Сіздің осы қыңырлық жағдайыңыз өзгертін күн бар ма?

Н а м ы с ұ л ы. Менде өзгертін түк жоқ.

П а н ф и л о в. Сенің жеке басыңда алғырлық та, ерлік те бар. Сені жауынгерлердің де қатты сүйетінін жаңа көріп келдім. Әсіресе қоршауда қалған сапарда, сенің мінезің оларды қатты сүйсіндіріпті. Бірақ сонымен қатар батальонның болашағына келтіретін ұрыншақ, оғаттықтарың да бар. Сондықтан амал жоқ. Әзірше байлау сол. Сен батальон командирлігінен алынасың. (*Бұл сөз Намысұлына оқтай тиеді.*)

Т ө л е г е н. Бас көрікті...

Ш ы м ы л д ы қ.

БІРІНШІ АКТ

Екінші сурет

Дивизияның штабы. Перде ашылғанда Панфилов пен Григорьев екеуі карта үстінде отыр.

П а н ф и л о в. Москва... Москва... Қайнар күн, қысылшаң сағат жетті, міні, жолдас комиссар. Жау бүгін Москваға қарай жұлқынады, қатты жұлқынады. Осы хал, әсіресе, осы сәтте әр жауынгердің санасына жетті ме екен? (*Телефон сылдырлайды.*)

А д ь ю т а н т. Кім керек? Жолдас генерал, телефонға.

П а н ф и л о в. Алатау тыңдап тұр. Айта беріңіз, қай рubeжге? Я! Бұлар неше кісі еді? Жиырма сегіз! Міні жігіт, әсіресе, көзге түскен кімдер екенін білдіңіз бе? Ал, жолдас Чупров сізге айрықша бұйрық:— осы 28-дің, әсіресе, сол үшеуінің мына қайратын бар батальон, бар рота, бар взводқа жеткізіңіздер! Әсіресе, мына артилле-

рияға бағынғалы отырған соғыстың кезінде тез жеткізі-
ніз де, бір сағатта мәлімденіз. Сол 28-дің барлығына,
Қлочков, Қожабергенов, Добробабиндерге менен
арнаулы сәлем айтыңыз. Қуаныштымын деп айтты деңіз.
(Телефонды қойып.) Міні, жаңағы үлкен сұраудың,
Москва сұрауының бір жауабы. Ер жауабы айтылған-
дай.

Г р и г о р ь е в. Олар не істеген?

П а н ф и л о в. 28 кісі өздерінен бір кісісі де жара-
ланбастан жаудың бір рота автоматчиктерін жойған.

Г р и г о р ь е в. Ендеше осыны бүкіл дивизияға мәлім
етіп, үлгі ету шарт. (Телефонды алады.) Оралды бер.
Бұл кім? Орал керек... Сөйлеп тұрған Волга. Сіздердегі
барлық саяси қызметкерлер тегіс қазір аттануы керек,
жөнелуге әзір тұрсын, мен де қазір барам. Тез, тез! (Те-
лефонды қояды.) Жаңағы сіз бағалаған жауап біреу
болмай, әлденеше болуына әзірлік жасаймыз. Ол үшін
барлық саяси қызметкерлер, барлық окоп, блиндаждар
да болады. Мен соған кеттім.

П а н ф и л о в. Мұныңыз тамаша жақсы болар еді-ау.
Егер, осы аз ғана топтың ұшқындай ерлігінен өрт лаула-
та алсақ кеудеміз бір кеңір еді. Барыңызшы. Жауынгер-
лердің жүрегіне ез мың өлгенде, ердің бір-ақ өлетіндігін
жеткізіп көріңіздерші. Ә, кішкене, әлгі, Намысұлын қай-
теміз?

Г р и г о р ь е в. Менімше оны әзір қоя тұрғаныңыз
жөн.

П а н ф и л о в. Токтаңыз. Ендеше біз осы жөнінде
толық ұғысайық. Намысұлы туралы сіздің түгел ойыңыз
немене осы?

Г р и г о р ь е в. Мен оның ерлігі мен жеке басының
қасиетіне шек қылмаймын. Бірақ командир болу үшін
әлі әскерлік тәртіп, тәрбие жағынан олқысы бар. Ұрын-
шақ, тез, қатыру мінездері көп. Сол себепті оның
қамын жақсы ойлаған күнде мұны әбден пісіріп, шың-
дап, жетілдіріп алып қосуымыз керек іске. Мұндай адам
бізде аз. Біз оның жайын жауапты түрде қатты ойлап,
сақтай пайдалануымыз керек. Егер біз осыдан тағы
ұрындырып алсақ оны қайта оңалдырып алу қиын. Өйт-
кені, ол майыса білмейтін болат сияқты бір сынса қатты
сынатын морт адам.

П а н ф и л о в. Мұныңыздың бәрі рас! Ендеше маған
рұқсат етіңіз. Мұндай адамды мынау соғыс жағдайында

көп бөгеу жасытып жіберу болады. Батыр сеніммен баса қимылдатсақ, мұндай кісіден жалын тез шығады. Сол себепті бұны қайтадан мықтап тұрып іске қосамын. (*Адьюгантқа.*) Талғарды бер.

Григорьев. Олай болса өзіңіз арылып сөйлесіп көріңіз. Егер іске қазір қоссаңыз, онда әрдайым өз көмегіңізге алыңыз.

Панфилов. Бояды. Байлау сол, сіз тез қайтқайсыз. (*Григорьев кетеді. Панфилов телефонды алып.*) Талғармысың? Сөйлеп тұрған Алатау. Артиллерия айтылғандай қапысыз орналасты ма? Не көрінеді жау бетінде? Не хал болып жатыр? Қандай күштермен қағысып жатырсың? Қалың деймісің? Асықпа резервке! Есіңде болсын, резервті маған білдірмей жұмсаушы болма. Осы бастан артиллерияға жақсы сүйене біл. Жарты сағатта маған хабар бер. Мақұл. (*Телефонды қойып тағы алады.*) Ертісті бер? Ертісіңің? Алатау, ал айта бер. Артиллерияны ма? Оның дұрыс. Бірақ снаряд үздіксіз жеткізіліп тұр ма? Дұрыс. Қай батальонды қоршамақ? Оның оң жағындағы қай батальон еді? Бар бейіліңді сол жерге сал... Жоқ, мен талай айттым ғой. Резервтің кезін өзім айтамын, мақұл, бар. Сол жерге жетісімен маған хабар ет! (*Телефонды қояды, қайта алады.*) Алматыны бер! Алатау. Жайды айтыңызшы? Сізде артиллерия қимылы қандай! Солай, солай, өте жақсы. Я! Апырай, не дейсіз? Бір батальонға жаудың бір танковой дивизиясы тап болғаны ма? Болмаған қыспақ екен. Резервті ме? Амал жоқ, бөліп-бөліп ретімен салыңыз. Кейінге де сақтаңыз. Ең ауыр толқын артта келеді. Москваға түйілген ең үлкен соққысы осы болды, қатердің де зоры осы. Ал, енді ширап шыдап бағыңыз. Кешікпей өзім де қасыңызға жетермін. Оған дейін үрдіс хабарды үзбеңіз. Мақұл. (*Телефонды қояды, ауыр ойда картаға қарап отыр. Дежурный келеді.*)

Дежурный. Жолдас генерал, старший лейтенант Намысұлы келіп тұр.

Панфилов. Келсін.

Намысұлы (*келеді.*) Жолдас генерал, сіздің шақыруыңыз бойынша келдім.

Панфилов. Отыр, Намысым, отыр... Сенің кешегі тың ерлігің менің үмітімді ақтай бастады. Бірақ сенің бөліміндегі бар жүрек, бар кеудедегі жүректей, дәл өз жүрегіңдей соқса, барлық бастағы ой, бір өзіңнің ойың-

дай толғанса, барлық білек бір өзіннің білегіндей қайрат серпіп, бірдей ұрса деуші едім. Сенің алдындағы үлкен сын осы екенін ұғынып жеттің бе?

Намысұлы (ұшып түрекеліп). Жолдас генерал (Панфилов қайта отырғызады.) Иван Васильевич, сіз маған үлкен қамқор командирдің де, туған әкенің де айтатын сөзін айттыңыз. Бұл шынайы сөзіңіздің орайына, маған да бір шыншыл жауап айтуға рұхсат етіңіз.

Панфилов. Айт. Екеуміз сырлас болмай, болмайды.

Намысұлы. Ендеше мен Отанымның жауына қарсы осы майданға не алып келдім, немен келдім? Партияның таза тәрбиесін алып келдім, жауға деген жиреніш, Отанды сүйген жүректі ғана әкелдім. Әскери білім, ысылған тәжірибе әкелгенім жоқ қой.

Панфилов. Оны кім түгендеп әкепті? Бәріміз де осы соғыстың әр сағатынан, әр қыспағынан оқып-тоқып келе жатқан жоқпыз ба?

Намысұлы. Бәсе, ендігі ойым: әкелмегенім есеп емес. Өлсем де соны табуым керек, жетуім шарт. Менің сыным сол болу керек деймін.

Панфилов. Ол сенің ғана сының емес, менің де сыным болсын. Сен жетесің, мен жеткіземін. Ең керекті қасиет — жаңағы өз айтқандарың, ол сенің өз бойыңда бар. Ал тәжірибе мен тәртіп жолдан табылады, жүре табылады. Оны сен табасың, мен тапқызамын.

Намысұлы. Ендеше осыдан басқа арман жоқ.

Панфилов. Арманың жоқ болса енді сен батальоныңа қайта командир боласын.

Намысұлы. Қалайша? Қалайша Иван Васильевич.

Панфилов. Біз сырласып болдық. Енді бұйрықты тыңда. Мезгіл ауыр, хал қатер. Қазіргі осы жүріп жатқан соғыстан бастап бізге үлкен соққы түйілді. Бүгінгі, ертеңгі күндер жаудың бізді басып-жаншып Москваға өтеміз деген күні, сенің полкың, соның ішінде сенің батальоның зор қатердің алдында тұр. Мың жүректің бір жерден соғатын кезі жеткені осы. Не дейсің осыған?

Намысұлы. Осы айтқаныңызға бар қайратым құрбан.

Панфилов. Ендеше, батальон рубежін не болса да, ертең кешке дейін үстіңнен жау өткізбей ұстап тұрамысың?

Намысұлы. Сізше маған келетін жаудың күші неше есе артық болуы мүмкін?

Панфилов. Сенің батальоныңа жаудың бір танковой жолқы шабуыл жасауы мүмкін.

Намысұлы (ұзақ пауза). Онда өткізбеймін деп айта алмаймын. Бірақ бір адым шегінбеске ант етемін.

Панфилов. Қолыңды әкел? Олар өтпейді ендеше? (Қол алысады.) Бүгіннен бастап сен өз қарамағымда-

сың. Ерлігің ел-жұртыңның мақтаны болатындай болсын, сондай бақыт тілеймін. Қош! (Намысұлы кетеді.

Панфилов оны есікке дейін шығарып салып, ауыз үйде біреуді көргендей болып.) А, сендер де жеттіндер ме, кел-

діңдер. Бер жүріңдер! (Жанбозов, Тоқтаров, Нина келеді.) Я, жөнелуге әзірсіңдер ме?

Жанбозов. Әзірміз, жолдас генерал!

Панфилов. Естеріңде болсын, мен үшеуінді әдейі намысұлының батальонынан алып отырмын. Сендер

барар жерді білдіңдер ғой? Ендігі міндеттерің екі түрлі. Ең алдымен осы райондағы жаудың бар күшін білңдер.

Бүгінгі, ертеңгі соғысқа кірісетін күшінен басқа таяу жерде тұрған резервтері бар ма, соны білңдер. Оны білу

үшін алдымен мынау Нинаның атасы Захар қарттан сұрап алыңдар да, өздерің тексеріп шығыңдар. Екінші

міндет. Қалайда бір «тіл» әкеліңдер. Оның штаб адамы болуын Төлеген саған айрықша міндеттеймін.

Төлеген. Е, ол оңай ғой.

Панфилов. Ол оңай емес, қиын. Сен тағы да немістің өлексесінен әкеліп жүрме.

Төлеген. Ай осы жолы тас төбеме көтеріп-ақ әкелермін-ау.

Панфилов. Жарайды. Ал мынау Нина ел жағдайын, жер жағдайын жақсы біледі. Сендер мұны пайдалана білңдер. Өзін күтіңдер.

Төлеген. Оны күтуді ағай міндетіне алған.

Панфилов. Ол не сөз?

Төлеген (сасыңқырап). Кешіріңіз. Нинаның алдындағы борышына шашы жетпейді ғой.

Панфилов. А, сен соны айтамысың? Осындай қиын сын сапарда біріңе-бірің сүйене білңдер. Міндет түсінікті ме?

Жанбозов. Түсінікті.

Панфилов. Ендеше тез жөнеліңдер! (Қоштасады, Нинаның қолын ұстап.) Захар қартқа менен алғыс айт,

үлкен достық сәлем айт. Жасымасын. Қайта көрісет күн алыс емес деп айтты де, қоші (Төлегенге жақы дап.) Сенің қолыңа түскен немістерді (Қолымен ойнап Бүйте салатының болатын, құдай үшін осы жолы ті әкелші.

Т ө л е г е н. Осы жолы тірі әкелуге серт етемін, жо да с генерал!

П а н ф и л о в. Бар! (Бұлар кетеді, телефон сылды лайды.)

А д ь ю т а н т. Жолдас генерал!

П а н ф и л о в. Я, Алатау мен. Не хал, тез айтшы, не дейсің? Әлі де шегініп бара ма?.. Ал, өз халдерің қалай? Амал не, резервті салыңдар. Бірақ, бүйіріңнен қысып кетпесін, сақ, берік бол. Жақсы. (Телефонды қойып картаға келеді.) Хал ауырланды. Талғар полкының қатарындағы көрші дивизия шегініп кетті. Біздің сол жағымыздан қауып қатты түйілді. Балқашты бер! Қал қалай? Дәліңді айт, ұстап тұруға сенімдімісің? Басқа полктың халі сенікінен де ауыр, бірақ шегінген жоқ. Сен де таб жылма, берік ұста. (Григорьев кіріп келеді.)

Г р и г о р ь е в. Иван Васильевич, корпус командованиесі сол жақтағы дивизияның шегінуі бізге зор қатер туғызғанын ескертеді.

П а н ф и л о в. Не істе дейді? (Телефонды тастап жібереді.)

Г р и г о р ь е в. Шегініндер дейді.

П а н ф и л о в. Сіз не жауап айттыңыз?

Г р и г о р ь е в. Мен шегінбейміз деген жауапты беріп салдым. Бірақ жау бізді бүйірден де тиіп кетуі мүмкін, төтеп бере алар ма екенбіз.

П а н ф и л о в. Саяси қызметкерлеріңіз тегіс аттанды ма?

Г р и г о р ь е в. Аттанды. Қазір майданға өзім де барамын.

П а н ф и л о в (картаға төне отыра кетеді). Москва Москва... Біздің сол жағымыз қатер болғанымен, алдымыз, оң жағымыз әлі мызғыған табжылған жоқ. Біз әлде төтеп бере аламыз. Тағы сұрай қалса солай деңіз.

Д е ж у р н ы й. Жолдас комиссар, сізді телефонға шақырады. (Панфилов жалғыз, ауыр қиналуда. Вал келеді.)

В а л я (әкесінің сырын сезгендей). Папа, пап!

П а н ф и л о в. Валя кел, келші.

Валя (отырған әкесінің құшағына кіреді). Уақтыңды алмаймын ба, папа? Балалардан, маманнан хат алып, соны сізге әкеліп едім.

Панфилов. Не дейді, аман ба екен?

Валя. Аман. Жалғыз уайымдары сізден хат бармадық көрінеді.

Панфилов. Ол рас. Мен үшін сен жазшы. Қазір (Сүйеді.) Сені сүйгендей бәрін де сүйдім, сүйдім шайтты де, бар.

Валя. Папа, сіз бүгін қандай едіңіз?

Панфилов. Сен менің балам ғана емессің, жауынгер серігім де болдың, Валя, Валюша! Азаматтық тірліктің ең зор сын таразысына жеттік, сәт санап сын қатаңдап келеді. Сен осыны түйе біл. Өз орнында тастай берік бол! Ұқтың ба осыны?

Валя. Ұқтым, папа, сен де өз орнында сондай берік бол! Берік бол! (Әкесінің маңдайынан сүйеді.)

Григорьев (қайта келеді). Иван Васильевич, командование бізді шегіну керек деп тапты.

Панфилов. Шегіну! Тағы да шегіну. Қайда ғана шегінбекпіз! Шегін дегенше өліс десе болмай ма? (Отыра кетеді.)

Валя. Папа!

Панфилов. Валя, бар деймін саған, бар! (Валя кетеді, телефон сылдырлайды.) Я, мен тындап тұрмын, не дейсіз? (Ұшып түрегеледі, қуаныш.) Бағанағы жиырма сегіз бе, Клочковтар ма? Сол орнында ма? Он сегіз, бәрін жайратқан ба? Жиырма сегіз-ақ адам. Ал, жиырма бес жыл армияда болсаңыз да, осындай ерлік естіп пе едіңіз? А, сіз ғана емес, мұндай ерлікті елдердің жыр дастаны да, тарихы да естіген жоқ. Осы ерлік біздің дивизияның үстінде енді тудай толқу керек. Өзгеше атой осы болсын. Мен қазір, міні, сіздерге қарай шықтым. (Телефонды қоя салып, Григорьевқа күлімсірей қарап.) Жолдас комиссар, сіздің жауабыңыз менің де жауабым, айнамас жауап сол, дивизия шегінбейді. Я, дивизия шегінбейді.

Шымалдық.

Үшінші сурет

Майданның алдыңғы линиясы. Сыртта, алысырақта соғыс сараны. Батальонның команда пункттарының қасы. Жоғарыда немістер қулап түскен самолеті жатады. Перде ашылғанда жаралы Намыс ұлын доктор мен Валя алып келе жатады.

Намысұлы. Жә, осы жер де жетеді, тез оранды Тез, тез!

Адъютант. Жолдас капитан, сіз жарадарсыз ғой!

Намысұлы. Жолдас адъютант, менің жаралы екенімді хабарлаушы болма, ұқтың ба?

Адъютант. Ұқтым, жолдас командир. (Кетеді.)

Доктор. Қані, мына жерге жантайыңыз. (Қара бастайды.)

Намысұлы. Соғыс үдеп барады, тездетіңіз.

Доктор. Әй, мына жара сізді соғысқа жібере қояма екен, қан көп қой.

Намысұлы. Қан іштеңе емес, сүйегім аман. Тез байлаңыз.

Доктор. Сүйек, сүйек! Досым-ау, жараңыз жеңіл емес, етіңізде оқ тұр ғой.

Намысұлы. Оқ болса, алыңыз да тастаңыз.

Доктор. Алыңыз да тастаңыз! Ол сіздің нағаныңыздағы оқ емес, жүріңіз, Валя, ұста ар жағынан, алып жүр.

Валя. Жүріңіз, ағай.

Намысұлы (докторға). Сіз не деп тұрсыз, қайда алып барасыз?

Доктор. Медпунктке апарамыз. Операция керек, қані тұрыңыз.

Намысұлы. Бұл жерде пышағыңыз өтпей ме, мен ешқайда бармаймын, осы жерде алыңыз.

Доктор. Достым, мүмкін еместі айтпаңыз, жүріңіз.

Намысұлы. Мен бармаймын деп айттым ғой сізге.

Доктор. Неге бармайсыз?

Намысұлы. Не деп барамын, бүгін не болды, не болғалы тұр? Кешегі жиырма сегіздің қайсысы қаным ақты, жаралымын деп майданды тастады? Соларды асыл қаны, намыс қаны ақпай өлді деймісіз. Оқты алыңыз енді.

Доктор. Мына кісі не қылған адам? Валя...

Намысұлы. Валя, мына кісімен бұзылысатын түрім бар, сен айтып көндірші.

Доктор. Мен бұл жерде операция жасауға правом жоқ, оған сіз түсініңіз.

Намысұлы. Сіздің правоңызды қорғайтын қолхат берейін, сонда сіз мен өлсем де құтыласыз ғой, істей беріңіз.

Валя. Ағай, бұл жерде операция жасау өте қауыпты, жансырап қаласыз, көнсеңіз қайтеді?

Намысұлы. Жоқ көну мүмкін емес. Өзің ойлашы, менің батальоным бүгін ұлы сынның үстінде. *(Тістеніп.)*

Жара ма екен осы неме? Тұла бойынан саулап аққан өз қанын өзі кешіп, ажалға қарсы ақырып ұмтылған жоқ па еді, кешегі менің бауырым Қожабергенов Асқар.

Жоқ, жетті. *(Валяны сілкіп жіберіп, атып тұрады.)* Жолдарың болсын, барыңдар. Бар, доктор. Мен майдап-ға жеттім. *(Жүре бергенде доктор мен Валя ұстай алады.)*

Валя. Ағай, тоқтаңызшы, қымбатты ағай, бауырым, қазір, қазір.

Намысұлы. Бәсе, айналайын, тезірек дайындашы. *(Осы кезде Нина келеді.)* А, Нина. Міні, менің емім де келеді. Мен енді лезде жазыламын, әкелші қолыңды!

Нина. Бақытжан ағай, не болған сізге? Жаралысыз ғой. *(Құшақтай алады.)* Сүйікті Бақытжан, сізге де тиген кесел оқ.

Намысұлы. Кесел емес, түк емес. Қазір жазыламын, жаным. Жөніңді айт, өзгелер қайда? Олжалы қайтыңдар ма?

Нина. Жоқ, Бақытжан, сұрама, жаман.

Намысұлы. Не дейсің? Төлеген мен Сабыр қайда?

Нина. Төлеген бөлініп кеткен еді, білмеймін. Ал Жамбозов? Есіл Сабыр. *(Жыламсырап айта алмай қалады.)*

Намысұлы. Не сұмдық айтып келесің, өлді ме әлде. *(Тұра бастайды.)*

Валя. Ағай, сабыр етіңізіші, жатыңызшы, қайда барасыз?

Нина. Апырай, сіз әуелі жараңызды емдетсеңізіші.

Намысұлы. Бұл жара түк емес сыртқы жара, сен жарасын әкеліп тұрсың ғой. Айт, бәрін айт. Өлі ме, тірі ме?

Нина. Ол тірі, бірақ немістердің қолында қалды?

Н а м ы с ұ л ы. Не дейсің? Тірідей қолға түсті ме? Өлі түспей тірі түскен ондай ездi несiне тірі деп тұрсың ендеше?

Н и н а. Бақытжан! Ол ез емес, мен қасиетін танып келдім оның. Мен қадірлеймін, сіз аяңыз.

Н а м ы с ұ л ы. Аяңыз! Не қылған аяу, не қылған қадір?

Н и н а. Жоқ. Бақытжан, айтпаңыз олай. Егер ол өлсе сіз оның қанынан айналарсыз, мен оның қабырын құшармын.

Н а м ы с ұ л ы *(аз ойланып)*. Апырай, жан сөзі ғой мынауың. Өз басыңнан не кешті, соны айтшы, ұғындыршы тез!

Н и н а. Мен жайымды кейін айтамын, әуелі емделіңізі.

Н а м ы с ұ л ы. Жағалай жұмбақ. Ол да, Төлеген де жоқ десейші онда. Доктор, ал енді тез!

Д о к т о р. Жоқ, мен бұл жерде ала алмаймын.

Н а м ы с ұ л ы. Мына күйіктің үстінде мен енді неден болсада тайынбаймын. Аласыз ба, жоқ па? *(Наганын суырып алады.)*

В а л я. Апырай, тоқтаңызшы. *(Қолынан ұстай алады.)*

Н и н а. Ағай, бұныңыз қалай?

Н а м ы с ұ л ы. Қоя бер қолымды. *(Докторға.)* Сіз түсінесіз бе, жоқ па?

В а л я. Алып көрсеңіз қайтеді?

Д о к т о р. Жоқ, қансырап қалады, ала алмаймын.

Н а м ы с ұ л ы. Ал, ақырғы рет айтамын, өтінемін сізден. Жан күйігіне түсіне біліңіз. Жалынамын, алыңыз? Доктор, өтінемін сізден.

Д о к т о р. Әй, мен сіздей адамды көргенім жоқ. Қыздар, көмектесіп жіберіндер. Валя, аспаптар, бинт, дәрілер...

Н а м ы с ұ л ы. Ой, рақмет сізге. *(Жайланып жатқызылады.)*

Н и н а *(сырттан Төлегеннің. Бірінші суреттегі әні естіледі)*. Төлеген!. Бақытжан, әне Төлеген аман келеді.

Н а м ы с ұ л ы. Төлеген!

Төлеген *(бір немісті екі аяғынан беліне салып сүйретіп келе жатады)*. Жоқ, мен Төлеген емес. Алтайдың көкжалымын, немістің қабанын алып қашқан.

Намысұлы. Бауырым-ай, тым болмаса сен келші, келші бері.

Төлеген. Аға, ағажан. Не болған сізге. *(Құшақтай алады.)* Не болған, айтыңызшы?

Намысұлы. Ештеңе емес, сен дайындала бер. Қазір тұрам да, сен екеуіміз майданға кіреміз.

Доктор. Ал, біз кірісеміз. Бірақ мұнан кейін сенін тиыштық алуың аса керек. Болмаса кейін қансырайсын, достым.

Намысұлы. Достым, мен де сізге айтайын. Белдің мұндай сырт жарасы түгіл, шығып кеткен белін өзі салып жіберіп, соғысқа кіріп, қырғын да салған энеукүні біздің бір жігіт.

Доктор. Энеукүні? Ол не қылған жігіт?

Валя. Мүмкін емес, ағай, оныңыз кім?

Намысұлы. Ол мына тұрған Төлегеннің ағасы, біздің Ер Тарғын деген жігіт. Және сол күні қандай қырғын салған, оны мына Төлеген де көрді.

Төлеген. Бас көрікті.

Доктор. Кішкене қырындаңыз.

Намысұлы *(ауырсынғанын әруақытта сездіргісі келмейді)*. Сен «тіл» әкелмей, өлексе әкелгенбісің тағы.

Төлеген. Қойыңызшы, жоқ сұмдықты айтпай. Тап осы жолы орамалға орап-ақ әкелдім.

Намысұлы. Тұншығып өлді ғой, орамалын алсаңшы.

Төлеген. Оған да өлуші ме еді? *(Немістің ауызына тыққан орамалды алады.)* Ал, тыныға тұр. Өзі де қабанның ішіндегі бір қабыланы.

Намысұлы. Ал, бұл қабыланды қалай соқтың, соны айтшы?

Төлеген. Қабандардың жымын аңдып жатқан жолбарыстай бұлардың жүрер жолын аңдып жатыр едім, дес бергенде бір үшеуінің алдымнан шұбырып өте бергені. Ең артындағысы мына пақыр екен, атылдым да артынан жұлып түсірдім. Сонан кейін басынан құс ұшырғаным жоқ. Жалғыз-ақ, баж еткен соң үн қатпа деп өкпеден бір тептім. Онан басқаның бәрі аса сыпайы болды.

Намысұлы. Сыпайы екенсің, сүйреп әкелдің ғой?

Төлеген. Е, қабан жетекке жүруші ме еді, мойныма миңгізейін десем бала қылдың деп өкпелер дедім.

Намысұлы. Жеткенше сүйреп келдің бе?

Төлеген. Я.

Намысұлы. Ендеше оның өліп қалды.

Төлеген. Ә! *(Немістің қасына барып.)* Ей, тұршы, кісіні шошытпай. *(Қозғайды, неміс қозғалмайды.)* Ойбай-ау, мынау шын өліп қалған ба? Жолдас доктор, мынау итті көріп бере көріңіз.

Намысұлы. Өлген немене доктор не істейді, тіле құдайдан.

Төлеген. Ойбой, доктор, мынаны адам қыла көр. Генералға тірі әкелемін деген сертім бар еді, енді қайттым. Уа, қай құдайдан тілейін сенің жаныңды, иттің ғана баласы-ау? Ақсарбас айтқаным сен болмайсың. Немістің құдайы қайсысы болатын еді, білетіндерің бар ма?

Намысұлы. «Майн гот!» деп тіле.

Төлеген. Иттердің құдайының да құдай сықылы жоқ екен ғой. Аты неткен жаман еді.

Намысұлы. Қой, жамаң да болса құдай ғой, жалбарынып тілеп көр.

Төлеген. Қап! Жолдас доктор, құдай үшін мынаны қарап беріңіз. Тек тілге келтірсеңіз болғаны. *(Доктор немістің екі қолынан ұстап бір көтеріп, бір түсіреді. Аздан соң неміс қыбырлағандай болады. Төлеген қуанып.)* Жоқ, жоқ жаны бар екен. Я сәт, бүгінше тірі болшы! Ей, әкеңді ертең өзім-ақ танытам.

Доктор. Қозғама кішкене жатсын.

Төлеген. Уһ, жаным жаңа жай тапты ғой!

Доктор *(қолын жуып жатып Валяға)*. Біз мынау үшін сотқа кетеміз. *(Намысұлына.)* Достым, тіл ал. Біз айналып келгенше қозғалмай жата тұр. Валя, мен келгенше мына кісіні ешқайда жіберме.

Намысұлы. Жолдас доктор, қолыңызды әкеліңізші. *(Қол алысады.)* Мен амалсыздықтан тасырлық еттім, кешіріңіз. Рақмет сізге.

Доктор. Қош болыңыз, бірақ неміспен соғысуды күшейтіңіз. Ал медицинамен соғысуды қойыңыз.

Намысұлы. Мақұл, қош болыңыз. *(Доктор кетеді.)*

Нина *(Төлегенге)*. Төлеген-ау мынауың қашан тұрады?

Төлеген. Ол бүгін тұрады ғой, ал Сабыр екеуің не әкелдің? Соны айтшы.

Намысұлы. Сабыр деймісің? Не болғанын білмеуші ме едің Сабырдың?

Төлеген. Оған не болды? Қайда өзі? Нина?

Намысұлы. Сұрама, сұрама. Ол енді бізге жоқ.

Төлеген. Не дейсіз?

Намысұлы. Ол тұтқында қалған.

Төлеген. Қалайша? *(Нинаға.)* Екеуің бірге кетпеп едіңдер? Сен қалайша құтылдың?

Намысұлы *(басын көтере бастайды)*. Бірге кеткен? Бұл қалай? Сен нағып қолға түспедің?

Нина. Мен де түскен едім.

Намысұлы. Жаным-ау, мынау не дейді? Онда сен қалай құтылдың?

Төлеген. Сенің жұлдызың неден ыстық болды нешіске.

Нина. Төлеген, тоқтат, айыптамақпысың мені.

Намысұлы. Қылыш үстінде серт жоқ сұлу қыз. Кінәламай, күдіктенбей қайтеді?

Нина. Бақытжан! Сіз де айттыңыз ба осыны? Сендейсіз, сенбесеңіз де айтайын. Мені Сабырдың өзі құтқарды. Я, я өзі құтқарды. Оның фашистер алдындағы бар сөзі, бар қимылы көз алдымда менің. Ол мені білмейтін кісі болып, бөліп жіберді өзінен. Сонда мен не үстідім оның аузынан? Мәңгілікке есімнен кетпес сөздер үстідім. Немістің сол қысым тергеуінде тұрып. Москва үшін, жан қиятынын айтып келіп, немістерге түсініксіз, маған айқын бір сырын ашты. Ол сыры мені сүйетіндігі екен. Ең алғаш айтқаны, мүмкін ең соңғы айтқаны болар ол. Соны ести тұра мен амалсыздан амандыққа, тірілікке кеттім. Не жүрекпен кеттім? Бірақ бұл оның бұйрығы еді. Мен кеттім? Сүлдерім кетті, Жаным Сабыр! *(Жылап жібереді.)*

Төлеген. Бұл не деген таңғажайып?

Намысұлы. Жә, болды. Адъютант, бері кел! Соғыс не боп жатыр! Айтшы.

Валя. Сіз жаралысыз ғой, жолдас командир.

Намысұлы. Жара бітті, мен әл жидым, айта бер. Батальон жайы қандай?

Адъютант. Жолдас командир, бір толқын шабуыл жойтарылған екен, бірақ екінші үлкен толқын тағы білінді. Қарсы соққан тосқауылдың ең қысылшаң шағы жетті. Ғалиевтің өзі жарадар.

Намысұлы *(атып тұрады)*. Не дейсін? Онда ертерек неге айтпадың? Кім командовать етіп жатыр? Төле-

ген, соғысқа әзірлен. (*Адъютантқа.*) Сен мынау не штабқа тез жеткіздір.

В а л я. Ағай, қайда, қайда барасыз?

Н а м ы с ұ л ы. Енді үндеме, жаным.

В а л я (*өзіне*). Енді қайттім?

Н и н а. Бақытжан аға, мен сізбен бірге майданға барып, Сабыр үшін жауға оқ атамын, рұқсат етіңіз.

Н а м ы с ұ л ы. Жоқ, рұқсатым жоқ.

Н и н а. Сұраймын сізден, өтінемін, Бақытжан аға!

Н а м ы с ұ л ы. Тоқтат сөзді.

Н и н а. Жалынамын, Бақытжан аға.

Н а м ы с ұ л ы (*Нинаға аз қарап*). Жарайды. Төлеген, ана немістің автоматын Нинаға бер! (*Төлеген бергісі келмейді.*) Бер деймін!

В а л я. Апыр-ай, енді қайттім. Ендеше сізбен бірге мен де кетемін. Рұқсат етіңіз, жолдас капитан.

Н а м ы с ұ л ы. Жоқ, қазір қауыпты, оқ нәсердей жауып тұр. Сені өлтіріп алсам генералға не деймін. Қал, шырағым, қал!

В а л я. Жоқ, Бақытжан аға, мен сізден аяулы емеспін ғой, рұқсат етіңіз.

Н а м ы с ұ л ы. Жоқ, рұқсатым жоқ! Төлеген, жүр кеттік. (*Төлеген мен Нинаны екі жағына алып кетеді.*)

В а л я (*жалғыз*). Кетті соғысқа! Соғыстың қайнар шағына кез келді-ау. Басқара алар ма екен, қаптап келеді, тағы да, тағы да қаптап келеді. (*Панфилов, Чупров, адъютант шыға келеді.*)

П а н ф и л о в. Валя, сен мұнда неғып жүрсің?

В а л я. Намысұлы жараланып, соған жәрдем берейін деп келіп едік, кетіп қалды.

П а н ф и л о в. Жарадар болып, кетіп қалды? Қайда?

В а л я. Соғысқа.

П а н ф и л о в (*Чупровқа*). Сіз оны естіп пе едіңіз?

Ч у п р о в. Намысұлы жарадар екенін хабарламауға бұйырған, жарасын елемеген.

В а л я. Елемейтін жара емес еді. Қансырап қалуы да мүмкін қазір.

П а н ф и л о в. Ендеше ол соғысты қалай басқарады? Қасыңа санитарлар ал да, алып кел, бар!

Ч у п р о в. Ойпыр-ай, қазір қауыпты ғой, жауып тұрған оқтың астына қалай барады?

В а л я. Қорықпаңыз, қалай баруды өзім білем. Жолдас генерал, бұйрығыңызды орындауға рұқсат етіңіз.

П а н ф и л о в. Рұқсат. Тез бар! (*Валя тез кетеді.*)

Ч у п р о в. Апыр-ай, Валяны ажалға көре тұра жібердіңіз-ау, Иван Васильевич.

П а н ф и л о в. О, қойыңыз, жолдас полковник! (*Бинокльмен қарап тұр.*) Немістің тылынан Захар қарттан соңғы сағатта Нина әкелген хабар анық бола бастады. Көрдіңіз бе? Үлкен соққы дәл осы араға түйіліп келеді, сіз де артиллерияны осы тұсқа жақындатыңыз. Құрыңыз тез. Жаңағы резервті де осы араға тартыңыз. Әзір тұрсын, дер кезін айтам. Мен бар полкты аралап өттім, сапжылмай, тайсалмай ұрып жатыр бәрі де. Бүгін бар кеудені кернеген жалғыз ғана кек, жалғыз ғана ашу, жалғыз ғана ұран бар. Ол жиырма сегіз бауырлардың кешегі өткен ерлігі. Алар болсын солар кегін, ақтар болсын солар үлгісін. Бүгінгі әрбір снаряд жиырма сегіз деп ұшатын болсын. Міні, осыған бәрі де, бәрі де әзір болсын. Барыңыз, мен сізді осы арадан тосамын.

Ч у п р о в. Хұп, жолдас генерал. (*Тез кетеді.*)

А д ъ ю т а н т. Жолдас генерал, көкте самолеті, жерде танкісі, оған ілесе жаяу әскері тағы қаптап кетті ғой.

П а н ф и л о в (*бинокльмен қарап тұр*). Алдыңғы толқындары әдемі соққыға ұшыраған, мықтап қаусаған. Көрдің бе, селдірей бастапты. Батальонның оғы мен оты ұтымды, сондықтан да олар өзінен басым күшті бастырмай тұр. Сол үшін төкті жау мынау резервін.

А д ъ ю т а н т. Артқылары тақап қалды ғой.

П а н ф и л о в. Өктеп келеді! Қалың келеді-ау. Тақапты, тосар жерге жетіпті. Әкел телефонды. (*Телефонды алып.*) Жолдас Алматы. Артиллерияның бар батареясынан төккіз аямас оқты. (*Қайтадан бинокльмен қарап тұр.*) Бой бермей, кернеп келеді-ау танкісі. Қашан, қашан әлгі артиллериясы. (*Алыста артиллерияның қою үні естіледі.*) Ә, бәсе, үн қатты ма, бастады ма?

Н и н а (*сахнаға шыға бере құлап*). Жолдас генерал, Иван Васильевич!

П а н ф и л о в. Бұ кім? Жарадар ғой. (*Тез барып.*) Сіз кімсіз, Нина! Жаралысың ғой. (*Көтеріп әкеледі.*)

Н и н а. Жарам онша емес, Иван Васильевич.

П а н ф и л о в. Қайда жүрсін? (*Сүйеп отырғызады да, жарасын қарай бастайды.*)

Н и н а. Иван Васильевич, тындаңыз, менің келісім асығыс.

Панфилов. Тоқта, мен жаранды байлайын. (Нинаның етігін шеше бастайды.)

Нина. Иван Васильевич, мұныңыз қалай? Мен шыдаймын, санитарлар келеді ғой.

Панфилов. Олар қашан келмек? Үндеме, мен де жаман санитар емеспін. (Таңып жатып.) Жараң жеңіл, қорықпа. Ал айта бер енді.

Нина. Намысұлы сізге жіберді. Батальонда шығын көп, жарадар көп. Жау қалыңдап кетті. Сізге сәлем айтты. Сертіме берікпін, шегінбеймін деді, соны айт, деді сізге.

Панфилов. Өзі де соғысып жатыр ма? Жарасы қандай? Қайтсын дегенім қайда?

Нина. О, Иван Васильевич, ол қайтатын емес. Жарасы дейсіз бе? Сол жарасы қазір жанын жаныған секілді. Денесінен оқ өтпестей. Болатқа тиіп, майрылып жерге түскендей көрінеді. Әрбір үні жиырма сегіз деп ұрандайды, әрбір оғы жиырма сегіз деп шығандайды. (Панфилов жараны таңып болады.)

Панфилов. Өзі сондай, ал батальоны қандай? (Сыртқа қарайды.)

Нина. Батальоны дәл өзіндей. Тұтасқан қалың өртей шарпи ұрып тұр жауды бетке. Ой, Иван Васильевич, ол қазіргі сағатта сондайлық батыр, сондайлық нұрлы.

Панфилов. Жиырма сегіз біреу ғана емес екенін жаулар да білсін бүгін. (Сыртқа қарай түсіп.) Қауіп әлі айығар емес, төніп тұр. (Телефонды алып.) Жолдас полковник, Намысұлының батальоны жаудың резервін де ұстап тұр. Жетті кезі, салыңыз енді резервті, шапшаң салыңыз, тез! Жаудың алды тоқтаған жоқ па? Дұрыс, жаңа ғана ондала бастады. Артиллерия батальонға мықтап қосты тізесін. Алдыңғы қираған танкілерден артқылары өте алмай жатқан жоқ па осы? Тегіс тоқырай бастаған. Тіпті кейінгілер бұрыла бастады ғой, Қашуға айналды. А-а біздің резерв те жеткен екен ғой.

Нина. Иван Васильевич, жау қаша бастады. Жаңағы менің айтқаным рас емес пе? Мынау нағыз батырдың ісі емес пе?

Панфилов. Шыдаған жүректің алдында болатың да майрылып жатқанын көрдің бе? (Қуанышты тұрады, осы кезде күн кешкірген, қар жауа бастады. Соғыс сарыны үзіле бастаған.)

Чупров (жетіп келіп). Жолдас генерал, бүгін егес

соғыс ерен қатты болса да, біздің полк бір адым да шегінген жоқ.

П а н ф и л о в. Тек сіздің полк қана емес. Біздің бүкіл дивизия бүгін бұрын-соңды болмаған қатты соғыс жүргізсе де, бір адым шегінген жоқ. Міні, енді, шегінбейміз деп берік байлап айта аламыз. Бірақ кім бар, кім жоқ? Осы батальонға салмақ бәрінен де көп түсті ғой, қандай қазасы бар? Қайда бұл Намысұлы? Нағып келмей жатыр? (*Григорьев келеді.*)

Г р и г о р ь е в. А, мұнда ма едіңіз, Иван Васильевич! Хал енді қандай?

П а н ф и л о в. Хал жақсы. Рақмет жолдас комиссар! Сіздердің үгіттеріңіз бүгін снарядтардың да отын күшейтіп жіберді-ау деймін, сол үшін барлық саяси қызметкерлеріңізге жауынгерлер атынан алғыс айтамын. (*Сырттан біреулерді көргендей.*) Мынау не, мыналар кім?

Н и н а. Санитарлар, жаралыларды әкеле жатыр ғой.

П а н ф и л о в. Жаралылар! Кім екен? (*Ілгері жүре бастайды. Барлығы да ілгері жылжиды, алдынан Ғалиевті носилкаға салып әкеле жатқан санитарлар көрінеді.*) Мынау кім?

С а н и т а р. Политрук Ғалиев, жолдас генерал.

П а н ф и л о в. Ғалиев! Жарасы қандай?

С а н и т а р. Ауыр сияқты.

П а н ф и л о в. Тез, тез жеткізіндер! Мынау кім? Токтаров қой, бұ да ауыр жаралы ма?

Т ө л е г е н (*санитарларға*). Токта! Жолдас генерал, менің жарам ауыр емес.

П а н ф и л о в. Сен мұнда қайдан келдің? Өзіне берілген бұйрық қайда?

Т ө л е г е н. Жолдас генерал, бұйрығыңыз орындалды. Әкелген офицерім штабыңызда.

П а н ф и л о в. Жарайсың ендеше Алтайдың алғыр қыраны, жігітсің. Бар, бар да тез жазылып шық.

Т ө л е г е н. Жазылуым тұр ғой, оны қойыңызшы. Қалай, бүгін біз жиырма сегіздің кегін алалдық па, жоқ па?

П а н ф и л о в. Алып болғанмыз жоқ, бастадық дейік. Ерлік айнымаса, кек кетпек емес. Жау қалың еді бүгін, өзін немене қобалжыдың ба, жоқ па?

Т ө л е г е н. Қалың дейсіз бе? Білгенім жоқ. Тірісін санаған кім бар, мен өлісін ғана санадым.

П а н ф и л о в (күлкі). Ә, мұның жауап-ақ! Бар енді, тез жазылып кел. (Оны әкетеді.) Тағы кімдер жаралы екен, шақыршы Намысұлын. (Бұл кезде Валя мен бір санитар жарадар Намысұлын әкелген.)

В а л я. Намысұлы мұнда, жолдас генерал!

П а н ф и л о в. Не дейді? Намысым, сен тағы жарадар болдың ба?

Н а м ы с ұ л ы. Жолдас генерал, ең алдыменен сізге алғысымды айтуға рұқсат етіңіз.

П а н ф и л о в. Айт, Намысым, айт!

Н а м ы с ұ л ы. Сіз артиллерия мен резервті дер кезінде, дәл кезінде беріп, батальонға абырой алып бердіңіз. Аман алып қалдыңыз, рақмет сізге.

П а н ф и л о в. Өңінде тамшы қан қалмапты ғой, Намысым. (Маңдайынан сүйеді.) Сендерді өсірген халықты сүйгенім. Отанымыздың намысын сүйгенім! Өлінің қазасын, тірінің жарасын ақтар күн алдымызда, алыс емес, Намысым. Сол, абыройдың иесі сенсің! Тек жараң қандай, соның жайын айтшы маған.

Н а м ы с ұ л ы. Иван Васильевич, менің жарам Мәскеу жарасын емдесе арман бар ма? (Әлсірейді.)

Б ә р і (шошынып). Намыс, Намыс...

Ш ы м ы л д ы қ.

ҮШІНШІ АКТ

Төртінші сурет

Зор кеңсенің бір бөлмесі. Қабырғада нешетүрлі карталар. Перде ашылғанда армия генералы мен қызмет адамы сөйлесіп келе жатады.

А р м и я г е н е р а л ы. Біздің фронттан бүгінгі соғыс туралы хабар жетті ме сіздерге!

Қ ы з м е т к е р. Жетті, жолдас армия генералы.

Г е н е р а л. Кеше бір жиырма сегіз ердің қимылы бар еді, соның хабары жетті ме екен?

Қ ы з м е т к е р. А, ол жетті ғой. Олардың мұндағы әсері үлкен болды.

Г е н е р а л. Ол жақсы екен. (Ойланып). Осы жайлы

Бо-лар ма? Я, сіз мені бұл жолы не жөнімен шақырғанын білдіңіз бе?

Қызметкер (күліп). Ол жайлы мөлшермен айтпасам, дәл айту қиын екенін түсінесіз ғой.

Генерал. Мөлшерде болса айтыңызшы, көмегі болар.

Қызметкер. Волоколамский бағытындағы ұрыс жайын ең алдымен сұрар деймін.

Генерал. Рас, рас қисынады. Ал ендеше мен сіздің картаға біраз үңіліп, көз қандырып алайын. (*Екеуі карта жанында.*) Крюково, Истра, Дубосеково, Волоколамскийдің жолы, Рокоссовскийдің армиясы. *Арт жақтан басқолбасшы шығып бұлардың сыртына келеді, тұрғандар байқамайды.*) Қалың ұрыс үстінде, қатты сында тұрған дивизия... дивизиялар! Мынау, мынау тұс.

Қызметкер. Мынау ең алда тұрған қай дивизия? Осы жайлы айрықша сұрауы мүмкін.

Генерал. Бұл дивизиялар туралы болса қиын емес.

Басқолбасшы. Ал сол дивизиялардың ротасы туралы болса не дер едіңіз?

Генерал. Ротасын ба? (*Жалт қарап оның қолын алып, столға қарай ерте жүреді.*) Иосиф Виссарионович, сіз қай ротаны сұрамақ едіңіз?

Басқолбасшы. Рота емес, жеке жауынгерлерді сұрамақ едім, айта аласыз ба?

Генерал. Жеке жауынгерлерге дейін білу қиын, бірақ сұрап көріңіз.

Басқолбасшы. Қиын ба? Тегі ерлік бірден туып, көпке жетеді. Бұйрық көпке арналып бірге жетеді, солай ма?

Генерал. Солай, Иосиф Виссарионович.

Басқолбасшы. Ендеше сол бұйрығымыз жететін жауынгерге білігіміз бірге жетсе әсем болмас па еді? (*Орын нұсқап.*) Отырыңыз.

Генерал. Дауым жоқ. Өте түсінікті.

Басқолбасшы. Жә, Рокоссовский армиясы шегінуді тоқтатты ма?

Генерал. Тоқтатпағанымен қатты азайтты.

Басқолбасшы. Шегінбеген дивизия да бар емес пе?

Генерал. Бар.

Басқолбасшы. Ол қай дивизия?

Генерал. 316-жаюу әскер дивизиясы. Олар бүгін бір адым да шегінген жоқ.

Басқолбасшы. Осы дивизия Рокоссовскийдің жаңа тактикасын қолданған еді ғой!

Генерал. Қай тактикасын айтасыз?

Басқолбасшы. Жаюу әскерді кей-кейде артиллерияға бағындырып соғыстыру тактикасын айтам.

Генерал. А, олар оны жақсы қолданды. Шегінбеуінің себебі де сол. Сол бір дивизияның өзі бүгін жаудың екі жаюу, бір мото дивизиясын және бір танк дивизиясын қатты шығынға ұшыратып, тапжылтпай ұстап тұр. Қазір қатты қырғын соғыс үстінде.

Басқолбасшы. Міні, осы дивизияның тәжірибесі үлкен ой салуға татырлық. Командирі кім?

Генерал. Генерал-майор Панфилов.

Басқолбасшы. А, ол есімде, Чапаевтың ұясынан ұшқандардың бірі. Соның оты ма? Анық ер, жалқы болса жарамас, артынан өзіндей ер халқы жүрсе жарасар... Дивизиясы Қазақстаннан, Алматыдан келіппеді осы?

Генерал. Я, Алматыдан.

Басқолбасшы. Жә, тобынан үздік шыққан ерлері бар ма екен?

Генерал. Бар ғой онысы. Кешегі жиырма сегіз жайын естідіңіз бе?

Басқолбасшы. Дубосековадағы елу танкімен алысқан жиырма сегіз бе?

Генерал. Я.

Басқолбасшы. Сол осы дивизиянікі ме еді?

Генерал. Осыдан.

Басқолбасшы. Ендеше солардың командирі кім? Жауынгерлері қай-қай ұлттан? Аттары тегіс мәлім бе?

Генерал. Бәрінің атын әзір айта алмаймын. Бірақ бір-екеуінің аты бүгін бүкіл армияға жайылды.

Басқолбасшы. Олар кім екен, не істеген?

Генерал. Бірі — сол ротаның политругы Қлочков, екіншісі — жауынгер қазақ Қожабергенев. Осы екеуінің бірінің сөзі, бірінің ісі бүгінде майдан үстінде тудай толқып, шарықтап тұр.

Басқолбасшы. Қандай сөз, қандай іс?

Генерал. «Ресей кең болса да, шегінер жер жоқ, артымызда Москва тұр!» деп, ұран салыпты политрук Қлочков. Ал, Қожабергенев бар жолдасы қырылып, бар

қаруы біткен соң, екі қолын артына ұстап, жаудың келген соңғы танкісіне окоптан атқып шығып, ажалға қарсы ақыра ұмтылыпты.

Басқолбасшы (өзіне). «Ресей кең болса да шегінер жер жоқ, артымызда Москва...» Ендеше мұның атын өлім емес, тарих білмеген жаңа туыс деп тану керек. Клочковтың жаңағы сөзі отан ұраны болсын. Міні, жеке жауынгерлерге дейін білгеннің артықтығы осы емес пе, мұныңыз жақсы. Ал енді, осы жиырма сегіздің бәрінің де аттары мен қайраты барлық армияларға, барлық отанға, әсіресе, бар әлемге мәлім болсын. Осылай ету қажет, бұл бізге қарыз. Біз олардың істерін үлгі етейік те, мақсұтын іс етейік.

Генерал. Менімше, қортынды осы.

Басқолбасшы. Ең әуелгі қортынды мынау сияқты. Бір жауынгер ерлігі бүкіл бір батальонға ғажайып қаһармандық бітіре алады екен, ал бір взвод тұтас бір дивизияның табыс тасқынын ертегідей жорыққа жеткізеді екен. Ол ғана емес, тұтас армия, тіпті телегей қалың майданның да тәсіл-тактикасын өзгертерлік ұран тастайды екен.

Генерал. Иосиф Виссарионович, сол ұран бір жер емес, әр жерден шығып, тұтасып, үдеп келеді.

Басқолбасшы. Дұрыс айтасыз, солай болатын мезгіл жетті. Менің ойымша, барлық армия соның ішінде. Сіздің майдандағы армия енді жалғыз нәрсе күтеді, ол қарсы шабуыл. Бізде осы сағатты күтіп едік, сол сәт жетті, сол сағат соқты. Жауды Москва түбінде тоқтатып қана қою емес, қатты соғып, қаһарман ұрар шақ жетті. Солай емес пе?

Генерал. Ендеше рұқсат етіңіз, менің сіз сұрайтын жайлардан соң алдыңызға қоймақ мәселемнің өзі осы еді.

Басқолбасшы. Дұрыс, мен оныңызға ризамын. Екеуміз екі шеттен бір ойдың арқауын ұстаппыз. Енді сіз мені майданға бастаңыз.

Генерал. Иосиф Виссарионович, бұл қалай? Қажет пе осы байлауыңыз?

Басқолбасшы. Қажет, шарт. Майдан советін жиып отырып, өзім сөйлесем. Ертең шабуыл!

Шымылдык.

Бесінші сурет

Неміс дивизиясының штабы тұрған үй.

Перде ашылғанда штаб бастығы Штольберг отырады. Аздан соң ызалы түрде дивизия командирі полковник Фогель келіп кіреді. Штольберг честь беріп, ұшып түрегеледі.

Фогель (*мысқыл түрде*). Отырыңыз, дивизия штабының начальнигі құрметті офицер Штольберг. Мен сіздің қорлық хабарыңызға қанықпын. Жіберген мәлімдемеңіз мезгілін мұндай тауып бармас. Я, я, мен корпус командованияесінде отырғанымда дәл барды. Және армияның бас штабының екі үлкен генералының көзінше жеткіздіңіз. Жеткіздіңіз де, менің тілімді кесіп, үйімді өшірдіңіз. Айнала бергенде ту сыртымнан дивизияның сұмдық масқара хабарын жеткізіп, өлтірердей оқ аттыңыз. Я, я солай еттіңіз, мырзам.

Штольберг. Мәртебелі командирім, өзіңізге мәлім ғой. Соғыс хабарын іркер шарам бар ма еді, менің.

Фогель. Білем, білем. Шараңыз жоқ, шарасыздық қамапты. Дивизия о да шарасыздықтан қорлық күнге көніпті. Менің дивизиям Европаның талай елінде, Польшада, Францияда, Грецияда талай майданда жайдай жарып өткен, неше айлар бойы Россия елінде тапап-жаншып алда келе жатқан дивизия не күнге жетті? Москваға ең алдымен кіруге ант еткен де біз едік. Бүгін ең алдымен беті қайтқан, әсіресе, қашқан, қашқан дивизия біз болдық па? Шақырдыңыз ба, бағанағы мен бұйырған полк командирын?

Штольберг. Шақырттым, келді.

Фогель. Келтіріңіз мұнда. (*Штольберг ауызға кетеді, аздан соң полк командирі Курц келеді. Фогель шұғыл өзгерген, монтаны баяу кісіше сөйлейді.*) А, Курц мырза, келіңіз, келіңіз. Отырыңыз, менің қарсыма, отырыңыз. Ал, көңіліңіз жақсы ма, деніңіз сау ма?

Курц. Шүкірлік, рақмет, зор мәртебелі командирім.

Фогель. Әкеңізден хат-хабар үзілмей келіп тұр ма, халі қалай екен? Лодзь ше, әрінде поляктардан тартып алған жібек фабрикасының жұмысы тәуір жүріп келе жатыр еді ғой, ә? Әлі де жаман емес шығар!?

Курц. Жоқ, жаман емес көрінеді.

Фогель. Жаман болуы мүмкін емес. Өйткені, сіздің өтінішіңіз бойынша, Украинаның мұжықтарынан

Бірнеше жүз жұмыскер де берілді ғой. Табысы қазір көп шығар.

Курц. Шүкірлік, онша жаман дей қоймайды.

Фогель. Ал, сіздің әнеукүнгі мынау Белоруссиядағы Лида қаласының қасынан алған жер-мүлкіңіз де маған сонша ұнаған еді. Оны басқаратын адамдарыңыз келіп пе?

Курц. Келген көрінеді.

Фогель. Әкеңіз ол шаруаны да меңгере бастаған, ә? Ол мықты қарт. Солай ма?

Курц. Жаман емес.

Фогель. Әкеңіз сіздің ер. Ал, бір жиырма сегіз адамды басып өте алмай, елу танкісін қаусатқан сізді кім дейміз? Полкының қақ жарымын қырғызып, қақ жарымын алып қашқан сізді кім дейміз? Осы сұмдық мерезін бүкіл дивизияға жайған сізді кім дейміз? Сталиннің кешегі шабуыл жариялап берген бұйрығына, бүгін ең алдымен бас иіп, бетімізге қара таңба басқызып келген сізді кім дейміз? Сол жеген жеміңізді ақтағаныңыз осы ма?

Курц. Мәртебелі командирім, жүз жорықтағы қайратым, сіздің бастауыңызбен көзіңізше еткен қайратым, маған мынау (*омырауындағы кресін нұсқап.*) қасиетті бұйымдарды әперген қайратым, бір-ақ күнде басқа тебіл-төк пе? Жоқ, жоқ ол мүмкін емес.

Фогель. Сіз (*крестерді нұсқап*) сонымен ақталмақсыз ба?

Курц. Сіз ақтамағанмен, толық ұғынып білсе, мені бас командованиенің өзі ақтайды.

Фогель. Сіз, қорқақтың қорғаны бас командование емексіз бе енді.

Курц. Мені жазалаңыз, бірақ қорқақ деп, менің офицерлік арымды жараламаңыз. Ол мен емес. Сондықтан да ақтайды мені бас командование.

Фогель. Ендеше сол бас командование барды біліп ұғынды. Мәлім етейін, сіздің бұл қасиетті қарекетіңіз майдан командованиесі түгіл, фюрердің өз штабына дейін жетті.

Курц. Ендеше мен сонда ақталам.

Фогель. Рас, сіз ақталасыз. Бірақ кім ақтайды, немен ақтайды? Мен ақтаймын. Міне мынамен ақтаймын. (*Атып салады, Курц құлап түседі, Штольбергке.*) Алып жетсін, шақыр. (*Курцты алып кетеді. Фогель Штольбер-*

ске.) Жанағының полкын талқандап, біздің дивизияларды бастырмай тұрған жаудың қандай күші, анықтадыңыз ба?

Штольберг. Тағы сол генерал Панфиловтың дивизиясы.

Фогель. Бір-ақ дивизия ма? Неткен қорлық! Соның солдаттары мен офицерінің бірсыпырасы азияттар, монғолдар емес пе?

Штольберг. Азият болғанда қазақ дей ме, немене.

Фогель. Солардың өз тілінде листовка жіберілді ме, орындадыңыз ба?

Штольберг. Әзір орындай алмай тұрмын, мәртебелі командирім.

Фогель. Не дейсіз? Неге?

Штольберг. Қазақ тілінде жазатын кісі қолға түспей жүр.

Фогель. Біреу түсті дегеніңіз қайда?

Штольберг. Оның көрмеген азабы жоқ, бірақ көнбей қойды.

Фогель. Көнбей қойды!? Неге көнбейді, неге қондірмейсіз? Командир болса кәріңіз өтпейді, кәрі-құртаң кемпір-қатындарға ғана қаһармансыз ба, немене осы?

Штольберг (*ызаланып*). Мен оның жүрегін суырып алып, итке салатын едім, өзіңіз ғой керекке жаратқанша өлтірме деген.

Фогель. Маған келтіріңізші. (*Штольберг кетеді, аздан соң өңінде ауыр азап белгісі бар, үсті жүдеу Жанбозовты екі солдат алып келеді.*) Отырыңыз. Сіз азиятсыз ғой, ә?

Жанбозов. Я.

Фогель. Қазақсыз ғой?

Жанбозов. Я, қазақпын.

Фогель. Қазақ, қазақ. Ендеше өз туған халқыңызға, қазіргі мынау майданда жүрген қазақ бауырларыңызға не үшін жаныңыз ашымайды?

Жанбозов. Ашымайды деуге дәлеліңіз не?

Фогель. Дәлелім мынау! Мына листовканы неге қазақшаға аудармайсыз?

Жанбозов. Мен сол жан ашығандықтан аудармаймын ғой деймін.

Фогель. Сіздің жаныңыздың ашығаны бауырларыңызды қанға батыру ма?

Жанбозов. Елі үшін ері қаны тұрсын жанын да қиятын.

Фогель. Елі үшін! Сіздің елмен соғысқан кім? Сіздің отаныңыз анау алыс Азияда жатыр. Оған біз бардық па?

Жанбозов. Бармайын деп жүрген сіз жоқсыз, жете алмай жүрсіз ғой.

Фогель. Міне сіздің, жаңа мынау орыс генералының айдауында жүрген қазақ солдаттарының қатесі осы. Біздің жұмысымыз жоқ, сіздің отаныңызда.

Жанбозов (күліп). Олар сіздің бұл сөзіңізге күлсе қайтесіз?

Фогель. Күледі, неге?

Жанбозов. Айыпқа бұйырмасаңыз айтайын. Ол елдің ежелгі бір мінезі күлкі жай болса, тек қалмай, өлерінде де күліп өлетін. Олар немістің бір атақты полковнигі жиырма бес жыл тұяқ серіппей ұйықтап, биыл ғана ояныпты деп дүниеге жар салып жүрмесін.

Фогель. Сіздердің сол бір ғана сарынмен адасып жүргендерінді білем. Біз туралы, әсіресе, біздің шығыс халқына арнаған ұранымыз туралы түк білмейсіздер.

Жанбозов. Ол қандай ұран?

Фогель. Сіздің ел мұсылман еді ғой, ә?

Жанбозов. О да әлгі жиырма бес жылдың ар жағында жатқан жай. Сонда да айта беріңіз.

Фогель. Біздің фюрер бүкіл дүниедегі мұсылман халқына достық жариялап отыр, одан да түк білмейсіздер.

Жанбозов. Бұл сіздің фюреріңіздің жаңалығы ма еді?

Фогель. Енді кімдікі?

Жанбозов. Мұны мұнан отыз жыл бұрын сіздердің патшаларыңыз II Вилгельм де жариялап еді ғой.

Фогель. Вилгельм! Сіз ол туралы не білуші едіңіз?

Жанбозов. Не білетінімді сізге тегіс айтайын, рұхсат етіңіз.

Фогель. Ал, айтып көр.

Жанбозов. Мен ол кісінің мұнайы көп, порттары көп, шығыс елдеріне ерекше мейімі түсіп, ынтық боп аралап, Мысырға барғанын білем. Онда монтаны сопы шапанын киіп, Мұхаммет пайғамбар салған ғазуат сәл-десін басына салып, өзін ісләм дінінің қорғанымын деп, жар салғанын білем. Өз суретінің астына құраннан аят,

пайғамбардан кадис жазып, дүниеге таратқанын да білем. Одан бері де, сіздің фюреріңіз бен Муссолини екеуі де жаңағы сіз айтқандай, өздерін мұсылманшылықтың биік қорғанымыз деп жариялағанын және білем.

Фогель. А, сіз бәрін біледі екенсіз ғой, бірақ сіздің шындыққа көзіңіз жете ме, шындыққа!

Жанбозов. Шындық дейсіз бе? Шындық болса, соя қорғандығын әлем алдында ақтап, қамқор қанатын алдымен Албанияға жайып, оған сол қанаттан от пен ажал төккенін білем. Соя қамқор қанатын Ливияға жайып, оған да оқ пен ажал төгіп тұрғанын білем. Соя қамқор қанатын Мысырға да созып, от пен ажалын төккелі төніп тұрғанын да білем. Осының бәрі сіздің мұсылман достарыңыз еді-ау.

Фогель (столды қойып қалып). Жетті, қысқарт бұл сөзді.

Жанбозов. Ол ғана емес, Турцияға да, Иранға да, Ирак, Индияға да — бәріне де сол от төгіп, ажал шашатын қамқор қанаттарыңызды жаймақсыздар, ынтықсыздар, оны да білем.

Фогель. Өшіремісің үнінді? Штольберг! (Басын изеп қалады.)

Жанбозов. Мен сіздердің «Дранг нах остен» деген, шығысқа ұмтылған армандарыңызды білемін. Олар арман өрмекшінің шыбынға ұмтылған арман, ынтықтығы.

Фогель. Болдың ғой. Ал енді мен саған айтайын, сенің осы сөздерің өзінді ажалдан анық құтқарды.

Жанбозов. Қалайша?

Фогель. Сендей адам бізге өте қымбат. Не тілегенің болады, бірақ қазір мынаны қазақшаға аударасың.

Жанбозов. Жок, қателеспеніз. Аударатын кісі мен емес.

Фогель. Сен сыйлағанды біл. Біз орыс тұтқындарымен бүйтіп ешуақытта сөйлескен емеспіз. Аударасың ғой, ә! (Жанбозов басын шайқайды.) Сен аударасың, мен аудартамын.

Жанбозов. Сіз аударта алмайсыз, мен аудармаймын.

Фогель. Штольберг, салыңдар. (Екі ефрейтор жетіп келеді, олар Жанбозовтың қолын қайырып, қинай бастайды.)

Жанбозов (бұғауды салғызбай, алысын, айғайлап). Осы темір бұғау ғой менің еліме әкеле жатқаның.

Фогель. Қимеймін, өлмеймін десең, көн айтқанға.

Жанбозов (мойнында бұғау, қылқына айғайлап). Көнгенім өлгенім болар, азамат ажалын шақырдым басыма.

Фогель. Ақырғы рет айтамын!.. Өлемісін, жоқ көнемісін?

Жанбозов. Өлтіріңдер!

Фогель. Әкет! (Сүйрей жөнеледі.)

Жанбозов (кетіп бара жатып). Ез таппайсың отанымнан.

Штольберг. Қандай жазамен өлтіруге бұйырасыз?

Фогель. Әзір өлтірме, мен мұны өзім көндірем.

Барыңыз. (Штольберг кетеді, Фогель телефонды алып.)

Ал айта беріңіз. Не дейсің? Ә, сендерге шегін деп бұйырған кім? Қоршауда қалатын менің штабым ба? Өшір үнді. Бұйырамын, бір адым да шегінбейсің. (Екінші телефон сылдырлайды.) Мен тыңдап тұрмын. Жау сыртымызға шығуы мүмкін, қалайша? Ол сөз емес. Менің штабым ба, жоқ мен шегінбеймін, сен де шегінбейсің.

Бұйрық сол. (Телефонды тастай салады.) Я, бұйрық сол. (Ауыр ойда.) Қатер төнді. Алдым аяз болса, артымда

ажал. Қайтпек керек? Курцті атқан оғым өзімнің де үкімімді айтқан. Жоқ, мен Курц болмаймын. (Телефон сылдырлайды, телефонды алып.) Я, мен тыңдап тұрмын, бұл

айдан? А, сіз бе едіңіз. Я, я, дұрыс, дұрыс. Қажет, сол қажет. Рақмет мұныңызға рақмет. Жетсе, жетіп үлгірсе болды. Одан арғының барлығына басыммен кепілмін.

(Телефонды қоя сала асығыс киінеді.) Штольберг! Корпустан хабар жетті, қорқақтың орнын ер басады, селдіреген жерлерге селдей күш төгіледі. Штольберг! Корпус

көмегі жөнеліпті осылай. Солар жетіп үлгіргенше, табылмай, тайсалмай тұруымыз керек. Штольберг! Орыстар ма, орыстар ма «СС» тің болат дивизиясын қоршайтын. Ол болған емес. Болмайды.

Шымылдык.

ТӨРТІНШІ АКТ

Алтыншы сурет

Сахна сол бөлме.

Бірақ енді Жанбозов Фогельден жауап алып отыр. Жауаптым соңғы кезі. Есік жақта Төлеген.

Жанбозов. Осы бөлменің ішінде олай да тергесіп, бұлай да тергесіп сіз екеуіміз көп ырғастық-ау, полковник Фогель. Сіз мені тергеуден бастап, ақырында өзіңізге өзіңіз үкім айтатын сәтке жеттіңіз. Жә, енді қысқартайық. Сіз не тілейсіз, не таңдайсыз, кесігін өзіңіз айтыңыз.

Фогель. Мен сізден ештеңе тілемеймін. Жаңағы жауаптан басқа айтарым тағы жоқ.

Жанбозов. Сіздің жауабыңыз осындай қысқа болса, менің үкімім де қысқа. Ендеше байлайық па соған? (Фогель үндемейді.) Мен сізден жауап күтем.

Фогель. Сіз менен жауап күтпестен бұрын өзіңізге өзіңіз дұрыс сұрау беріп көрдіңіз бе? Германның тұтқын полковнигін не өлтіру, не тірі қалдыру правосы бар ма екен өзіңізде?

Жанбозов. Сол праволарды маған беретін сіздің дәл осы арадағы мінезіңіз бөлмақшы. Қатаң мінез ұстансаңыз, қатал үкімге менің қолымды қазір шешкенім деп біліңіз. (Түрегеледі.)

Фогель (жасаңдап). Менен өзіммен тең дивизия командирі жауап алсын деймін.

Жанбозов. Оған бір-ақ сауда бар. Жаңағы мен сұраған жайдан бар білген, бар шыныңды айтар болсаң, сонда ғана барасың. Айтпасаң оған баратын жол жоқ. Түсінікті ме?

Фогель. Менің де алдымдағы сауда біреу-ақ. Өзіме-өзім қойып тұрған сұрауым да енді біреу-ақ. Осы мен тірі қалам ба, жоқ па?

Төлеген (күліп). Бас көрікті! (Әнімен.)

Ау екі қара

Жалын тара

Батырдың мына отырған түрін қара!

Жанбозов. Сіз ажалды талай жанға жұмсай білген адамсыз. Тірлікті не құнымен арашалап қалуды да сіз жақсы білесіз. Менің маслихатым тірлігіңізді сақта-

ңыз, қайтесіз. Ар азабын сіз шекпессіз. Бронь сіздердің тапкеріңізде, арыңызда емес қой. Я!

Фогель. Жарайды, сіз мені дивизия штабына жіберіңіз.

Жанбозов. Енді сіз барасыз.

Намысұлы (*кіріп келіп*). Жә, «С» пункті жайлы бар білгенін айтты ма, мына полковнигің?

Жанбозов. Түгел айтуға жалған намысы жібермей тұр. Өзімен тең командирлер алдында сөйлесуге келістік.

Намысұлы. Ә, э, такаббарлық тоны екен ғой. Айбар, қасиет болмысы ғой. Жарайды, біз мұның өзімізге керек шындығын сол тонын жыртпай-ақ суырып ала білеміз. Барсын, апарындар!

Фогель (*жақындаған Төлегеннен шошынып, Намысұлына*). Штабқа жеткенше менің өміріме қатер жоқ па. Мені жолшыбай жазым еткізбеуіңізді өтінем?

Намысұлы. Өтінбесті өтінесіз. Ол мінез сіздің штабыңызда қалған, барыңыз. (*Екі қызыл әскер оны айдап алып кетеді.*)

Жанбозов. Қайсар жатыр келесі.

Төлеген. Неткен қайсар? Қасқырдан қайрат кеткенде, ешкіні апа депті ғой. Қайсарың сол қасқырдың дәл өзі болған жоқ па?

Намысұлы. Е, тұтқын полковникті қорқыттық та, күш айттық, ал майданда қандай күш аттық. Осы жорықта біздің батальон тағы баяу соқты ма, қалай болды осы?

Төлеген. Қайдағы баяу? Штабының шаңырағын ортасына түсіріп, полковнигіне дейін інінде басқан біз емес пе осы? Тұқырта бермесеніңші.

Намысұлы. Әй, Төлешім-ай! Серпи бересің-ау сен де. Қамауда қалған штабты алдық, қамалын бұзып алдық па? Иван Васильевич бізді не деді екен осы жолы? Тым құрыса соны біліп айтсаңшы? Басқалардан біздің түсірген олжамыз да аз көрінеді. (*Төлегенге сыбырлап, сыртқа жібереді де.*) Сабыр, сен бері келші. (*Екеуі пештің ар жағына кетеді.*) Сен осы келгелі, Нинаны көрдің бе, жоқ па?

Жанбозов. Жоқ. Қайда өзі? Қашан көрер екем?

Намысұлы. Сенің көруің қажет! Сол кім өзі! (*Бұл кезде Төлеген Нинаны жетектеп әкеліп теріс отырғыза-*

ды. Нина түсінбей аң-таң. Төлеген Жанбозовты оған қарсы отырғызады.)

Төлеген. Ал таныс болыңыздар! (Намысұлының қасына кетеді.)

Нина. Сабыр!

Жанбозов. Нина.

Намысұлы. Тоқта, мынау қайтер екен?

Төлеген. Ал көптен бергі күдігіңіздің ашылатын сәті келді.

Намысұлы. Тоқта.

Нина. Сенейін бе, сенбейін бе? Анық, сіз өзіңіз, Сабыр.

Жанбозов. Мен де сізді қайта көрем деп ойлап па едім?

Нина (ендігі сөздерін жанып сөнгендей, сөніп жанғандай, күліп тұрып жылап, жылап тұрып күліп жіберіп айтады). Сізден айрылғаннан бері ақылым сенбесе де, көңілім әлденеден сізді тағы бір көресің деуші еді де тұрушы еді. Енді міне. (Күліп жіберіп). Айта алмай да тұрмын... Түу, не десем екен? Міне, бәрі де сол! (Жылап жібереді.)

Жанбозов (шашынан сипап, арқасынан қағып). Нина, аяулы Нина. Сіз аман кетіп бара жатқанда, мен сол оттың ортасында өртеніп жанып күл болып кетсем де өмірімнің қақ жартысы сізбен бірге құтылып, жарқырай жайнап, аман кетіп бара жатқандай көрдім де, үміт те, дәрмен де тауып ем.

Намысұлы. Мыналарың не деседі, жаным-ау?

Төлеген. Міне, от дариясынан өтіп табысқан Сейфүлмәлік Жамалың. (Сабыр сүюге ыңғайланады.) Бас көрікті!

Нина (ұялып сыртқа шығып кетеді. Мейрам екеуі жәшік әкеледі). Сабыр, міне мынау сізге, сізге арналған, Иван Васильевичтің сізге жіберген сәлемдемесі.

Мейрам. Сіз тағы жаңағыдай жарым жолға барып және жеткізе алмай қалдыңыз. Рұқсат етесіз бе, мен айтайын?

Нина. Ал айтыңыз, сіз айтыңызшы.

Мейрам (жәшікті ашады, алма, вино, консерв шығара бастайды). Бұл Иван Васильевичтің саған арнап жіберген сәлемдемесі. Ал өзі одан да әрі, өзіміздің елден! Алматының саялы, сәнді, сағынышты бағынан келген. (Алманы иіскеп.) Исін, исін ғана көрсенші, Ана жү-

руннің лебі дермісің, не болмаса Алатаудың таңғы лебі,
Ау-бақшалы даласының кешкі самал желі дермісің?

Жанбозов. Жүректі қозғадың-ау. Сен өлең айтып барасың ғой. Солай емес пе, Бақытжан аға?

Намысұлы. Солай.

Жанбозов. Айт, айта түсі, құрбым.

Намысұлы. Бұл ақындардай-ақ желге мініп, Алатау кезіп серпіп отыр, бірақ Жартыбайдың жортағынан басқа ұйқасты мен әлі көргенім жоқ.

Мейрам. Оныңыз рас. Ей, Төлеген, желісін мен айттым, келісін сен келтірші. Ұйқасын тапшы ең болмаса.

Намысұлы. Осы сенен бірдеңе шығады, деп жіберші.

Төлеген. Алыңыздар елдің асыл алмасын,
Ел сәлемі қам жүректі жалғасын.
Қиядағы, қырымдағы топ қыран
Тағы талай
Талмай тағы самғасын, самғасын!

Ал аржағын сіз жалғап әкетіңіз.

Мейрам. Төлегенге тізгін бер,
Өлең шіркін қайдасын.

Төлеген. Тоқта, тоқта, енді өзіме қоя бер,
Қалған ұйқас бар болса,
Төлеген өзі қармасын.
Талайы әлі табылад,
Мынаны ішіп алғанын, алғанын.

Намысұлы. Сен жаңа ұйқасты таптың, бірақ үйлесті көрген жоқсың. Шырқау барып, алыста жүрсің. Ауызға түспес өлең тақ қасында тұрған жоқ па? (Жанбозов пен Нинаны нұсқап.) Осылардың жаңағы кездесуінің өзі қандай? Бал-бұл жанып, балдай оралысқан жоқ па, біріне-бірі?

Мейрам. Оныңыз рас, өзгеше болды.

Намысұлы. Е, ендеше соған орай бірнәрсе тапсаңшы.

Мейрам. Ендеше орайы мынау болмас па! Біз айтпағанды ел тудырып еді ғой Төлеш. (Төлеген Жанбозов пен Нинаның арқасында тұрып «Екі жирен» әнін бастайды, бұған бәрі қосылады, осы кезде Панфилов кіріп келеді.)

Намысұлы. Тұрындар! (Төлегендер сасқалақтап алма ұстаған күйі честь береді. Панфилов оған күліп, мазақтайды.)

Панфилов. Айта беріндер, айта беріндер, бөгелмендер. Жанбозов! Ал, тағы айтындар. (Тағы да өлемей айтылады.)

Намысұлы. Ал, Иван Васильевич, сіз енді шешініңіз.

Панфилов. Немен сыйлайсың?

Намысұлы. Бесбармақпен сыйлаймын.

Панфилов. Онда шешіндім.

Төлеген (повардың қолындағы ет салған табақты қолына алып). Ал енді соғыста сіздердің бәріңіз де командирсіздер, қазір осы стол басында мен командир болайыншы.

Панфилов. Бола ғой, бол!

Төлеген. Ендеше бәріміз бір табактан жейміз. Бірінші команда сол.

Панфилов. Дұрыс мұның.

Төлеген (тәрелкелер әкелгенге). Тәрелкені әрі өкет, екінші команда сол.

Панфилов. Жолдас командир, бұйрығыңызға бір қосымша айтуға рұқсат па?

Төлеген. Айтып көріңіз, тындайын.

Панфилов. Ендеше мынау шанышқыңызды да қоя тұрсаңыз, өзіміздің ауылдағыдай қолмен жесек!..

Төлеген. Хұп, жолдас генерал, қосымшаңызды қабыл алдым. Повар су дайында. (Бәрі қол жуып қайтып келеді. Панфилов телефонды қолына алады.) Пәле, жолдас генерал, сіз өйтіп тәртіпті бұзбаңыз, қайтадан қолыңызды жуыңыз.

Панфилов (күлімсіреп). А, сіздің елдің тәртібі солай еді-ау. (Қайтадан қолын жуады. Бәрі стол басында.)

Төлеген (үлкен табакпен етті алып келеді). Түйсіне қарап, сүйсіне жеңіздер!

Панфилов (Жанбозовқа). Бұл барса келместен келген сенің қуанышың, алындар. (Бәрі де ішіп, етті жей бастайды.) Бәріміздің ортақ қуанышымыз. (Нинаға қарап күлімсіреп.) Ал енді жеке дара өзгеше қуанған кісілер де бар, сен соны білдің бе?

Нина. Иван Васильевич, не айтқалы келесіз, менің рұқсатым жоқ.

Панфилов. Сіздің рұқсатыңыз болмаса, сізге менің айтпаймын деген сертім де жоқ-ты. (Жанбозовқа.) Сен неміс штабында қатты қысым тергеу үстінде Нинаны сыртыңмен атып, ішіңмен сүйіп, сол сүйгеніңді немістерге білдірмей, мұның өзіне ғана сездіріп, жақсы көретініңді айтып қалғаның рас па? Нина сені сүйтті деп мақтанып келді.

Мейрам. Мынау шын сұрарлық сыр екен, айтшы-ей?

Нина. Сабыр, айтпаңыз!

Панфилов. Менің Нинаның өтірігін де, шынын да қазір тегіс білуім керек. Мұның әкесі Захар қарт емес, бізше менмін, айт.

Жанбозов. Апырай, қинадыңыз-ау. Не дегенімді ұмытып та қалыппын.

Төлеген. Ой, немістің офицерінен жасырмағанды, бізден жасырайын деп пе едің? Айт енді.

Намысұлы. Айт, артында тағы бір сыр тұр.

Жанбозов. Ендеше Нина сол алғашқы жолы шынын айтып келген болар.

Панфилов. Ә, дұрыс. Олай болса тағы бір сыр бар. Сен қалып, Нина келгелі мына Бақытжан ағаң не ойлады екен, сол жайын бұл айтты ма?

Намысұлы (түрегеліп). Иван Васильевич, олай болса мұны айтуды өзіме қоя беріңіз. Мен Нина туралы күмәндана жүріп қызығып, қызыға жүріп күмәнданып алай-түлей күйде едім. Ол ескі сырым еді. Жаңа мыналардың түрін көргеннен бері ұялам да, қуанам. Енді бақсам, бұлар жайы — қарлы суық жартас құздан жоғарылап ұшып, биік мөлдір көк аспанда алтын күннің шұғыласын құшып, ақ қанаттарымен жанасып, сүйкесіп табысқан ақсұңқарлардың кездесуіндей көрінді... Міне, бұл менің жаңа сырым, Иван Васильевич.

Панфилов. О, мынау қандай сұлу теңеу айтты. Бұл үшін, Нина, Жанбозов мұның бар айып, бар кінәсін кешпеске шараң жоқ. (Жұрт күлісіп тұра бастайды.)

Нина. Ағай, сіз қандай жақсы едіңіз?

Намысұлы. Ендеше жақсы ағаң сені жақсы көңілімен бір сүйсін, келші! (Сүйіп, арқасынан қағады.)

Төлеген. Бас көрікті! Ал қолдарыңызды жуыңыздар, ақырғы команда сол! (Бәрі қолдарын жуады. Төлеген Панфиловқа жақындап.) Жолдас генерал, Иван Васильевич, Нина партизандардан бір ән үйреніп келіпті

өзі партизандардың сәлеміндеі жақсы ән. Соны тыңдап көрсеқ қайтеді?

П а н ф и л о в. Нина, сен бір жақсы ән біледі дейді, соны айтып жіберші.

Н а м ы с ұ л ы. Төлеген, қосыл Нинаға!

Т ө л е г е н. Қане, бастап жібер! *(Нина бастайды, Төлеген, Жанбозовтар қосылады. Партизан әні айтылады.)*

Н а м ы с ұ л ы. Иван Васильевич, сіз бәріміздің бар сырымызды айтқыздыңыз ғой. Енді сізден бір сыр сұрауға бола ма?

П а н ф и л о в. Сұра.

Н а м ы с ұ л ы. Бүгінгі шабуыл жорықта біздің батальон басқалардан кем соқты ма, дәлі қалай шықты осы?

П а н ф и л о в. Өз көңіліне қалай, күдігің бар ма, жоқ па?

Н а м ы с ұ л ы. Күдігім бар сияқты.

П а н ф и л о в. Ендеше сол өз көңілің таразы.

Н а м ы с ұ л ы. Бәсе, тағы солай. Бірақ ендігінің мәнін ұқпай, қиналып жүрмін. Неліктен?

П а н ф и л о в. Сен батальоныңмен табан аудармай, табжылмай тұрып ұруға төселдің, ал, ұмтылып ұруға әлі жаттыққан жоқсын. Сен өзің күрестің бар әдісін білемісің?

Н а м ы с ұ л ы. Қай күрестің?

П а н ф и л о в. Әлгі өздеріңнің, казак пен қырғыздың жақсы күресіп айтам, ол өзі аса қызық күрес.

Н а м ы с ұ л ы. Е, оны білем ғой!

П а н ф и л о в. Білсең екі түрлі жығыс бар емес пе еді? Біреу бар өзі қайрат етпей шаптан тіреп жатып алып, анау омырау еткенде ғана қапысын тауып жығатын. Ал енді біреуі екпіндеп, батыл қимылдап ұмтыла барып, шалатын, жамбасқа алатын, арқалап соғатын. Сен шаптан тіреуге жақсы едің, шалуға келгенде әлі олақ болып тұрсын. Міні, батальонның жайы осы.

Н а м ы с ұ л ы. Ендеше мен бар ой, бар қайратымды шалуға салармын.

П а н ф и л о в. Дұрыс айтасың, біз бар дивизиямызбен сол қимылға шықтық. Бірақ шалып алып, шалқасынан түсетін де болатын, оны да ойла.

Н а м ы с ұ л ы. Ендеше сондай бір сын келсе екен.

П а н ф и л о в. Сын деймісің? *(Ойланыңқырап.)* Жә,

достар! Бірін емес, бәріңе, бәрімізге аса бір үлкен сын келе жатыр. Оның шағы күнмен емес, сағаттармен санадып тұр. Тек жадында тұт бәрін де. Өзгеше үлкен сын келеді, қапысыз қайратқа әзір тұрындар. Әзірге айтарым сол ғана. *(Телефон сылдырайды.)*

Т ө л е г е н *(телефонды алып)*. Кім керек? А, қазір, жолдас генерал!

П а н ф и л о в *(телефонды алып)*. Я. Мен тындап тұрмын. Генерал армияның өзі келген бе, қазір барам. *(Кетуге ыңғайланады.)* Ниеттеріне, әсіресе, бес бармақтарыңа үлкен рақмет. Ал, менің жаңағы айтқанымды есте әрдайым тұтындар! *(Кетеді.)*

Н а м ы с ұ л ы. Жә, достар! Жаңағы сөзге түсіндіңдер ме?

Б ә р і. Түсіндік, түсіндік.

Т ө л е г е н. Түсінбейтін не қалды.

Н а м ы с ұ л ы. Түсіндікпе ендеше.

Ж а н б о з о в. Түсіндік, Бақытжан аға.

Н а м ы с ұ л ы. Олай болса дәл осы шабуылда ел бетін ер болып көруге серт берейік, мақұл ма?

Б ә р і. Бердік сертті. *(Бәрі партизан әнін айтады.)*

Ш ы м ы л д ы қ.

Перде алдында

Генерал армия мен Панфилов сөйлесіп тұр. Олардан аулағырақ жерде Григорьев, Чупров, Намысұлдары тұрады.

Г е н е р а л. Қортынды осы. Ал, жолдас Панфилов! Бұл сіздің дивизияға әдейі арнап, атап берген өзгеше міндет, өзгеше сын. Сын болғанда жалғыз сіздің дивизияңыз емес, жалғыз командир өз басыңыз емес, бүкіл біздің майданның және менің де өзгеше міндетім, өзгеше сыным. Мен сізге сенем. Оған өзіңіздің қара басыңыз кепіл! Жүріп өткен жолыңыз кепіл, барлық дивизияңызбен кешіп келген кешулеріңіз кепіл, ғасырлар бойы сарапқа түсіп, талай сында талмай шыққан ұлы орыс халқының құралы кепіл, шыдамы таудай тыңдаған сайын шымырлай түсетін елің кепіл! Бұл жорықта сіздің серігіңіз ұлы қолбасының сенімі. Қайырлы, бақытты сапар тілеймін.

Панфилов. Рақмет, жолдас генерал! Түсіндім, түйдім бәрін де. Жауабым ісім болсын, істе көресіздер! Бізді келесі көретін жеріңіз осы өзіңіз жұмсап тұрған бүгінгі жау қолындағы сол «С» пункті болсын.

Генерал. Жақсы айттыңыз. Талабыңыз орынды. «С» пунктін алып, жау корпусын қоршап болған сәтіңіз-де, мен қасыңыздан шығамын. Қош болыңыз.

Панфилов. Қош болыңыз. (*Генерал армия мен Григорьев кетеді. Панфилов Чупров пен Намысұлына жақындап.*) Достар! «С» пунктіне шабуыл жасау бұйрығы бізге Басқолбасшының арнайы берген бұйрығы.

Чупров. Бізден үлкен үміт еткен екен.

Намысұлы. Ерекше сенген болды.

Панфилов. Я, ерекше сенген. Бұл майданда алысып жатқан армия аз емес, дивизия одан да көп. Сол көптің ішінен бізді атап бергені тек беріс емес, сеніп бергені. Жай осындай, бұл қандай сын екенін түсінесіңдер ғой.

Чупров. Түсінеміз, түсіндік.

Намысұлы. Түсіндік.

Панфилов. Ендеше (*Чупровқа*) «С» пунктіне алдымен шабуыл жасауды сіз алдыңыз ғой? Есіңізде болсын! Жаудың бір дивизиясы емес, екі дивизиясы емес, үлкен бір корпусын қоршағалы отырмыз. Бұл біздің дивизияның бүгінге дейін көрмеген қиындығы, аспаған асқары. Бәріміздің де есімізде болсын. Сол пунктке дивизия түгел жетіп, басып алғанда ғана жау қоршалды, бұйрық орындалды дейміз. Түсінікті ме?

Чупров. Түсінікті. Біз қазір осы түн бойы бар әзірлікті байқап шығайық. Таңға шейін бар жауынгер қай қамалға шабатынын тегіс білсін де, іштей, тыстай тастүйін әзір болсын.

Панфилов. Я қатал сындар ер намысын жанысын, намыс ері кеміместей кек атсын. Тосқауыл соғыста естен кетпес жиырма сегіз ер өктесе, шабуыл соғыста сан жиырма сегіз самғап шықсын.

Шымылдық.

БЕСІНШІ АКТ

Жетінші сурет

Сахнаның сол жағы кірпіш үй. Жоғарыда ұзыншалау, терезесі, төменде оқ ататын тесіктері бар. Үйге жалғас әріректе, төбешік. Төбешіктен оңға қарай жалғаса созылған шатыр мен күймалардың шеттері көрінеді. Алыста жел тиірмендері, шеркеулері бар поселка. Қар жауып тұр, ала көлеңке кез.

Перде ашылғанда сахнаның төр жағынан Намысұлы еңбектеп келе жатады. Екінші жақтан Төлеген бір топ жауынгерлермен бірге шығады.

Намысұлы. Ал, достарым, жау жүрегіне сермелген найза біздің батальон болса, сол найзаның болат жебесі сендерсіңдер. Өйткені жау бекінісіне ең алдымен ұлінген сендер болып тұрсыңдар. Ендеше батальон, тіпті батальон емес, бүгінгі бар шабуылдың тағдырын шешетін тағы сендерсіңдер. Сендер жауды осылай алдап қалың күшін бұрсаңдар біз оң жағынан айналып келіп соғамыз, жарып кіреміз. Ер шығарлық өр де осы, езді көмер көр де осы. Біздің батальон, біздің полк осы бекіністі тегіс басып алып, жау желкесін кеспес болса, жорық жолсыз, қан рәсуа, түсінікті ме?

Бәрі. Түсіндік, Бақытжан аға, түсіндік.

Намысұлы. Ендеше бекіндік, байладық осыған. Соңғы сертіміз мынау болсын. (Автоматын көпке қарай кезеніп.) Қасиетті халқымыз, ардақты анам, асыл атам, бір өзіңсің туған отан. Адал құрбан болалсақ, ақтаушы да өзің бол. Осы шоқтай тобымыздан қалтырар қол, жігерсіз жүрек білінсе әділ, қатал қазасы да өзің бол. (Барлық жауынгер автоматтарын ұстап тұрып осы антты қайталайды. Ант біткеннен кейін Намысұлы жауынгерлерді кезектеп сүйеді де, Төлегенді оңаша алып шығып сүйеді.) Қош, бауырым Төлеш!

Төлеген. Қош, Бақытжан аға, қош. (Намысұлы кетеді. Төлеген жауынгерлеріне келеді.) Қане, достар, нешеу қалдық. Эттен, бесеу-ақ қалыппыз ғой. Енді осы бесеуіміз қазір бес рота болып от төгуіміз керек. Жаудың есін шығарып, осы арадан қалың сел қаптағандай көрсетіп, барлық оты мен оғын өзімізге аударып төккізуіміз керек. Неге бекінгенімізді түйдіндер ғой. Арыстанның ауызына, түрікпеннің түбіне барғалы тұрмыз. Сөз жоқ, жаулар да от пен оғын қардай боратады. Азар болса ажал ма, қасқайып қара тайсалмай. Бар еді ғой ер еге-

сі, ұл таптым деп қалжа жеді ғой, айналайын анамыз, Солай емес пе, достарым!

Бәрі. Түсінікті, Төлеш, түсінікті.

Төлеген. Асан, сен анда бар. Коля, сен мына жерде бол! Бейсен, Миша, мынау арада болындар! (*Бәрі сарт-сұрт орындарына отыра қалады.*) Бас қимылға бәрің де! Жаудыр оқты. (*Бәрі ата бастайды, біраздан соң жау отының бұларға аударылғаны анық сезіледі. Сахнадан, биіктен, зуыл қағып, ысқырып оқтар өтіп жатқаны сезіледі. Оқта-текте прожектор, қараңғыланған сахнаны жарқыратып жіберіп, қайта сөніп тұрады. Сол жарыққа ілесе сахна үстінен шуыл қағып, ағып өтіп, алысқа түсіп жатқан снаряд, миналардың үні білінеді. Ерлер әзір аман, қатты соғыс үстінде. Соңғы бір сәтте сарай жана бастайды.*) Орын ауыстырындар! Жау оты ауды бізге, қайтадан алғашқы орындарыңа барындар!.. Ал, төк іркілмей, төк. (*Соғыс қыза түседі. Қараңғылық түсіп кетеді, оқ жауып тұр, шатыр жанып жатыр, жалғыз Төлегеннің айғайы шығады.*) Қайран достар, бауырлар! (*Әр тесікте тұрған құралмен кезек-кезек атады. Осы кезде 5—6 неміс оны қоршай бастайды.*) Тірідей қолға түсірмек. Қоршамақ, бұлар көп мен жалғыз. Тәуекел. (*Оқоңқа жасырынады.*)

Неміс. Ей, русь, сдавайся. (*Төлеген екі қолын көтере тұра келеді. Ауызында гранат. Немістер алданып екінші жаққа орала береді.*)

Төлеген. Мә, сен итке сдавайся. (*Гранатты лақтырып жібереді.*) Бас көрікті. (*Сол кезде арт жағынан немістің офицері келіп бассалады. Екеуі алыса түседі. Кезек жығыспен окоптың ішіне келіп түседі. Аздан соң немісті буындырып өлтіріп тұра берген кезде, немістің біреуі оны атып жібереді. Ол немісті екінші жақтан шыға келген Мейрам атып құлатады.*)

Мейрам. Төлеген! Есіл Төлеген, бауырым! (*Үстіне құлап түседі, қайта басын көтеріп.*) Ерліктің шын биігін алып тұрып өлдің-ау, қайран Төлешім. Аязды биік басына айнымай келіп ту тіктің. Құлатпаймын туыңды. (*Төлегенді көтеріп әкетеді. Сол кезде алыстан шабуыл сарыны сезіледі. «Отан үшін!» деген Намысұлының айғайы естіледі. Сол айғайымен сахнаға Намысұлы шығады. Қолында қызыл ту.*)

Намысұлы (*туды өртенген сарайдың маңдайшасына қадап*). Отан үшін! Алға, алға! (*Жауынгерлерді*

ертіп кетеді. Осы кезде аржақтан қолы жаралы Жанбозов, екінші жақтан Нина шыға келеді.)

Н и н а. Сабыр бауырым, сен тағы да жарадар! *(Тез байлай бастайды.)*

Ж а н б о з о в. Ой, Нина, неткен тамаша бұл! Көрдің бе, жау жөнкіле бастады.

Н и н а. Алдымен өзі жетті. Ағай, жан аға!

Ж а н б о з о в. Әне, мына жақтан да қалың сел қаптап келеді. Байлай бер енді, байлай бер! Алынды қамал, алынды.

Н и н а. Ұлы мұрат орындалды, қуаныш, неткен қуаныш, Сабыр, Сабырым. *(Сабырды құшақтай алады. Екеуі сүйісіп тұрған кезде әлдекімді іздегендей жан-жағына алақтап Намысұлы шыға келеді.)*

Н а м ы с ұ л ы. А, сүйер көбейсін! Сәукеле мен отауы ғана жетпей тұр екен.

Ж а н б о з о в. Жолдас командир ротаға тапсырылған бұйрығыңыз орындалды.

Н а м ы с ұ л ы. Мен ротана сүю туралы ешқандай бұйрық бергенім жоқ! Қолдарың тимей-ақ жүр екен, пақырлар!

Ж а н б о з о в. Мұның бәрі бар еді, себебі...

Н а м ы с ұ л ы. Жә, қояқ қой! Сүю себепсіз болса да, жазықты емес. Жә, енді шығынды айтшы, кім бар, кім жоқ?

Ж а н б о з о в. Бізде шығын ауыр, Бақытжан аға, өздеріңіз ше?

Н а м ы с ұ л ы. Біз де қатты шығындап, қан кешіп келдік. Ал, Төлеген қайда, көрдің бе?

Ж а н б о з о в. Ісін танып тұрмын, бірақ өзін әлі көре алмадым.

Н а м ы с ұ л ы. Ол қайда, аман ба екен өзі?

Ж а н б о з о в. Аман болар. *(Сол кезде Мейрам кіріп келеді.)* А, Мейрам, келші, аманбысың, бауырым?

М е й р а м. Әй, Бақытжан аға-ай, мен тірілігімді қайтейін, қайран Төлеш кетті ғой.

Н а м ы с ұ л ы *(шошына қиналып)*. О, не дейді?

Н и н а. Не дейсіз? Есіл Төлеген! *(Бір топ жауынгерлер мылтықтың үстіне салып Төлегенді алып келеді.)*

Н а м ы с ұ л ы *(Төлегеннің қасына келеді, үнсіз тізесін бүгіп Төлегеннің жарасын сүйеді.)* Жаранды сүйдім, қыран бауырым. Қимас қыран бауырым. Сенің жараң кешілмес кек болып орнасын біздің жүрекке. Ызаға,

әділ ашуға толы жүрекке, Төлешім. Қанатым едің, болат қанатым едің, Төлешім. Сенің атың бар кегімнің аты болсын, сенің атың жау ажалын жеткізер бар оғымның аты болсын. Сенің атың қасиетті еліңнің ер туынын аты болсын, Төлешім. Тамшы қаным қалғанша, жадымдасың сен менің, жолыңдамын мен сенің. Намысың — мен ант еттім, Төлешім!

Жанбозов. Асыл Төлешім.

Намысұлы (көп қарап). Кешікпей, кідірмей ажалдай соғар кек болсын. Сен үшін, досым, сен деп соғамыз. Сендей болып өлген барлық бағлан, жас ұландар үшін соғамыз. Сен қорғаған жас бауыр, қор болған қарындас, налыған ата-аналар үшін соғамыз. Қан болған дала, жау қолында күңіренген қазыналы қалалар үшін соғамыз. Кек қана деп ұшсын біздің қазалы оқ, кекпен сермелсін біздің семсер! (Панфилов пен Чупров жетіп келеді.) Жолдас генерал!

Панфилов. Баяндамай-ақ қойыңыз. Бәрін де көріп тұрмын. (Төлегеннің басына келеді.) Тоқтаров! Төлеген! Төлеш! Ұзақ ерлік сапарын күтуші ем, мен сенен. Өміріңнің осынша қысқа болғаны несі. Бірақ аз жорықта армансызсың. Ер еліңнің ата қаны мұздамаған сенің тамырында. Ұл туса анадан сендей болып тусын, Төлеген! Кешегі Клочков, Қожабергенев, Қосаев, Есболатов, Сеңгірбаевтардай болып тусын. Өлімің өкіндірсе, ерлігің сүйсіндіре бастасын тағы талай ерлікке. (Маңдайынан сүйеді де, бәрі нағанмен оқ атады.) Алып барындар! (Төлегенді алып кетеді. Панфилов соның соңынан жүріп барып қайта оралады.) Жә, достар! Бүгін біз не қимыл еттік, қандай кешу кешіп өттік? Дивизияның майдандағы жас тарихында біз бүгін екінші асудан астық деп тұрмыз. Ол Москва кегін ту етіп шабуылға шығу еді. Тұйғыш жорық, сын жорық еді бұл бізге. Бізді бұл сапарға ұлы партияның өзі бастап еді, сіздер жауынгерлер, командир, саяси қызметкерлер, қымбатты бауырларымыз ере білдің, ақтай білдің ұлы қолбасының сенімін. Алғыс айтам сол үшін! (Бағанадан Төлегеннің өлігі кеткен жаққа қарап ауыр ойда тұрған Намысұлының қасына барып, арқасынан қағады.) Намысым, уайым серік емес ер жігітке, қайрат серік. Қамықпа! Жолдас Чупров басқа дивизияға командир болатын болды. Соның орнына командир сен боласың. Құтты болсын, жолдас полк командирі.

Жанбозов (қуанып). Бақытжан аға!

Чупров. Құттықтаймын, жолдас полк командирі. (Қол алысады.) Иван Васильевич көреген екен. Мен де енді таныдым сені. Қасиет тұттым, құрмет еттім, сендердей ер ұлдарын тудыра білген, өсіре білген, бауыр етіп әкеліп берген қадырлы қазақ халқыңды.

Намысұлы. Сізге де рақмет... (Панфиловқа.) Жолдас генерал! Жай бір жатқан көк темір, от пен суға кезек түссе, қайнай келе жалын жұтқан көк болат болып шығатын. Осындай қыспақ кешуде ұяңыздан ұшқан қыран балапандарыңыз — дивизияңыз түгелімен, тұтасымен сол темір қанат көк болат дивизия болсын. Осы менің талабым да жауабым.

Жанбозов. Бақытжан аға, құттықтаймыз.

Мейрам. Құттықтаймыз.

Нина. Құтты болсын, Бақытжан аға. (Намысұлы Жанбозовты барып сүйеді. Осы кезде Григорьев пен Валя таласа шығады. Олардың соңынан қуанышты жауынгерлер шыға бастайды.)

Валя (Григорьевке). А-а, мұнда екен. Жолдастар, дивизия комиссары рұқсат па?

Григорьев. Валя, тоқта, асықпа... сабыр...

Валя. Осы қуаныш хабарды папама мен айтайын... мен жеткізейін... рұқсат, рұқсат етіңізші...

Григорьев. Валя!.. Қой, тоқта... Ол болмайды... болмайды...

Валя. Жоқ, рұқсат етіңіз... мен... мен айтам.

Григорьев. Валя!..

Валя. Жоқ... Папа!..

Панфилов. Я. О не?.. Не бар осы сендерде?..

Әскерлер. Тоқта... Тұра тұр! Қайтер екен. Иван Васильевич... Қалай қуанар екен... (Осы кезде Григорьев жетіп келеді.)

Григорьев. Иван Васильевич? Мен зор бақыт хабарын алып келдім сізге, сіздерге, достар! Біздің ұлы қолбасы мен асыл отан бізге арнаулы үлкен сый берген.

Панфилов. Не дейсіз, рас па?

Григорьев. Я, бір емес, екі сый берген. Біздің 316-дивизия бұдан былай ол ат емес, қасиетті зор атпен аталады. Ең әуелі біздің дивизияға Гвардия атағы берілген. Біз бұдан былай 8-Гвардия дивизиясы аталамыз. (Шу, қуаныш.)

Бәрі (қуанышпен). 8-Гвардия,

Григорьев. Ол ғана емес, және, және тындандар! Гвардия атағын алған бірнеше дивизияның ішінен біздің дивизияны тағы ерекше бағалап, еліміздің жауынгер жүрегіне ең ыстық сыйы — «Қызыл Ту» орденін берген. *(Уралаған шу.)* Құттықтаймын, игі болсын! Бақытқа, отан бақытына бастасын бізді осы ту. Келші, Иван Васильевич! *(Құшақтасып сүйіседі, жұрттың бәрі де қуаныш үндермен бірімен-бірі сүйісіп жатады.)*

Панфилов *(тез басып келіп Чупровты сүйеді де, одан Намысұлын сүйеді. Төбе басына шыға беріп, көпке.)* Қуаныңдар, жаулана қуаныңдар, бауырларым! Сендермен бірге мен де қуанам. Бірақ қуана тұрып басқаны айтам. Ұшқыннан өрт шыққандай, қуаныштан жеңіс туып отан қуанышы туса, сонда ғана бұл қуаныш баянды. Өлінің қазасы, тірінің жарасы не деп үн салады саған бүгін? Соған ғана құлақ сал. Соған ғана жүректік! Тіксіне тік көкке толы жүректі! Саған бүгін жау зеңбірегінің үнінен де басымдап, ар жағадан, бөбектер шырқырап үн қатады. Саған бүгін айуан тепкісінде адал мейір, ақ сүті ақтарылған жарадар ана, арманды ата үн қатады ол өлкеден. Соған ғана тік кекке толы жүректі. Саған бүгін, сол жағадан, жау жайлаған жағадан бойы нахақ қанға боялған ормандар өксіп үн қатады. Саған бүгін тарихтар бізге табыс еткен мұнарадай мұралар күрсіне күйреп, үн қатады. Саған бүгін өрт құшағында қалалар, мола басқан далалар құтқар, балам, ұмтыл, деп үзілместей үн қатад. Соған ғана тік кекке толы жүректі. Осыны ғана тілейді өлінің қазасы, тірінің жазасы. *(Тудың алдына барып.)* Мынау жандай жақын, жалындай ыстық ту!

Ш ы м ы л д ы қ.

СЫН САҒАТТА

*Үш актылы, төрт суретті
пьеса*

ҚАТЫСУШЫ АДАМДАР:

Ескендер — шахтаның бас инженері.

Назым Бердиева — дәрігер.

Ербол Датов — навалоотбойщик, әнші кейін дивизион командирі.

Сәт — шахтер.

Тәнеке — шахтер.

Ира — медсестра.

Қаден — Назымның көршісі.

Марияш — Ерболдың жеңгесі.

Рәш — Назымның қызы.

Малышев — лейтенант.

Нұрлан Бектасов — майор.

Скиба — кіші лейтенант (*белорус*).

Шаршен Бегешев — аға сержант (*қырғыз*).

Звездов — майор.

Потапенко — генерал-лейтенант.

Әскер.

Политрук.

Ленин.

Рубаинов — профессор, I-ранг дәрігер,

I—II — бригадир.

Асанов.

БІРІНШІ АКТ

Бірінші сурет

Көп пәтерлі үлкен үйдің нобайы. Сахнаның бір жағы Назым пәтерінің бір бөлмесі. Соған жалғас астылы-үстілі террасалар. Олар көрші пәтерлердікі. Назым бөлмесі кітапқа толы. Жұмыс кабинетінде дәрігерлік инструменттер де бар. Ашық терезенің пердесі түрулі. Кең, жұмсақ кушетканың үстінде Назым, Ескендер отыр. Кеш батып барады. Тыста соққан салқын лептен анда-санда терезенің жұқа шілтері желпінеді... Бөлмеде шам бар. Террасалар ала көлеңке. Террасада Каден бағанадан бой созып қарап тұрған. Жоғарғы терраса Марияш шығады.

Қ а д е н. Марияш!

М а р и я ш. Каден!

Қ а д е н. Қолындағыдан әкелші-ай! Бері келші!

М а р и я ш (*қолында дым жоқ*). Түс көріп тұрмысың, әй, қатын! Ақ сөйле, байғұс.

Қ а д е н. Е, тұр ғой, эне, қолыңда! Тықпай-ақ қойсаңшы, әкелші. Мұнда келші! (*Көзі Наздың терезегінде.*)

М а р и я ш. Құтырар мына қатын. Денің сау ма өзіңнің? (*Еңкейеді.*)

Қ а д е н (*қарсы созылып, сыбырлап*). Құдай төбеңнен ұрсын, Марияш! (*Күледі.*)

М а р и я ш. Ой, тіліңе шок түссін.

Қ а д е н. Түс бері, уа, бері жүр, мұндар. Эне... (*Өзі терезеге ұмсынады.*)

Марияш жоғарыдан жүгіре түсіп, ынтыға басады.

М а р и я ш. О не, әй қуатым-ау!.. Не көрдің?

Қ а д е н (*терезенің тұсына Марияшты ақырын ертіп*

кер). Жарасуын қарашы екеуінің... Былай тұр! Осыны керек қып отырған немедей о несі обиып!

М а р и я ш (тамсанып). Аста-кем-ай, мынау екен ғой... Бәсе, «бай керек қылмайды», «бай керек қылмайды» деседі.

Қ а д е н. Е, бай керек қылмай бітеу деп пе ең? Жайнап отырған жесір қатын.

М а р и я ш. Инженер қандай көрікті... Құдай ақын, осы екеуі тіпті тең-ақ.

Е с к е н д е р. ...Көңілді көптен жеңген мұңым еді, Наз.

Н а з ы м. Ұғамын да іркілемін, Ескендер.

Е с к е н д е р. Неге? Нені күдік етесіз!

Н а з ы м. Күдік... күдік дейсіз бе? Менің ойымдағының аты... ол емес.

Е с к е н д е р. Енді не?

Н а з ы м. Тек... айтылмаса нетуші еді деп ем осы жайды.

Е с к е н д е р. Наз... Назым... Кімге тіл қатып отырғанын ойланбады дейсіз бе? Талай күндер тоқсан толқытқан, көп бөгеген күдігімнің несін айтайын... Жан жүзінен жасырып келген, айтпай-ақ әкетейін деген, өз ішімнің көп әлегін не қылайын.

Н а з ы м. Сөзіңіз маған тосын...

Е с к е н д е р. Мені әкелген қай тілек? Тындауыңыз керек емес пе?

Н а з ы м. Тындайым ба, жоқ па?

Ескендер қолын сипап, отырып қалады.

Қ а д е н. Жарасуын жарасады-ай. Әй бірақ, мен мал танысам осы екеуінің сөзі піспеген дейім әлі.

М а р и я ш. Ал, инженерде қатын жоқ... Қатыны өлгелі көп болмап па еді?

Қ а д е н. Көп болған... Назда бай жоқ.

М а р и я ш. О да өлген бе еді?

Қ а д е н. Жоқ, тірі айрылысыпты.

М а р и я ш. Әлде соған қарайлай ма екен?

Қ а д е н. Жоқ, әлде қызын қымай ма екен? Әйтеуір қосылам десе, қой дер кісі болмас еді... Ел-жұрт қандай сыйлайды өздерін...

М а р и я ш. Ел-жұрт демекші... Тәнекенің қатынын көріп ем... Бүгін күйеуім сендердің көршіңе барып алғыс

айтып шығам деп айтады дейді... Бірге жүр деп Сәтті шақырыпты...

Қ а д е н. Алғыс па?.. Әлде мыналарды жарастырғалы келе ме?

М а р и я ш. Е, онда не ақысы бар?.. Әй, сен де бір жайдағыны...

Қ а д е н. Сауабын алмай ма? Әй, тегі біреу жағыстырып жібермесе бар ғой... Өздігімен мандымайды мыналарын... Оқыған деген сондай болады.

М а р и я ш. Ай, сойқан-ай, сыр-мінез бе едің?

Қ а д е н. Атама... осы... осы... «Сіз» деп, «біз» деп, бетегеден биік, жусаннан аласа боп, майысып, қиылып, санадан солып осы... шаппай, желмей қан сорпа боп, құр сонымен титығы құриды ғой бұл бейбақтардың!! (Құлкі.) Тоқта, әне! (Сыртқа қарап.) Ой, анаң кара, Ербол келеді, жүр былай. Жүр, таяйық!

М а р и я ш. Уа, қойшы, сүйінші тілейін деп пе едің?

Қ а д е н. Е, қызық көрсін... Жүр! (Ертiп террастың аржағына кетеді.)

Е с к е н д е р. ... Бір кезде жалыны жалау атқандай үміті мол, қызығы көп жастық бар еді ғой. Шын қуаныш таптық па, жоқ елесіне мәз бе едік... Әйтеуір ыстық шағын кешірген едің. Сонымен өтті, бітті дегеніме көп болған. Қимай, қиналып қана еске алушы ем. Жалғыз-ақ, жеңіл желік жеңбейтін боп еді. Тыныш едім. Ал, қазір соның бәрі бастан-аяқ қайта бір алай-түлейге түсті. Бар көрдім деген қызығымның бәрі болымсыз ғана болып, нәрсіз, нұрсыз бүріскен тәрізді. Сол өңсіз күймен өткеніне анық бүгін ғана өкінбестен көз салдым. Болжап, шолып байқаймын да, шын қуаныш бүгін таптым деймін. Көңлімде ең алғаш, жалғыз-ақ сол күн туғандай рақат, бақыт сезем, Наз...

Н а з ы м. Сырыңыз сондай жақын, соншалық ыстық, Ескендер. Шын айтайын, қызықтыратын сыр.

Е с к е н д е р. Мен ендігі өміріңізге өмірімді қоспақпын. Ойлаңызшы, бізді бір-біріне сай емес дерлік жан болар ма еді?

Н а з ы м. Мен сізді өзге жаннан өзгеше, ерекше қадірлейтінім рас. Бірақ, Ескендер, мен ендігі тірлікте өз басымның еркі өзімде тұрған жан емеспін.

Е с к е н д е р. Неге олай дейсіз, бөгет кім?

Н а з ы м. Мен бірер адам алдында қарыздармын.

Еркім өзімде, басым бос. Бірақ, іштей аса алмайтын асуларым бар.

Ескендер. Наз... Дәл таныған болсам, сіз қарыздар болған жанның алдында бар тірлік, бар еңбек, бар қуатыммен мен де қарыздар болайын. Сізді сүйген көңілім сіздің назарыңыз түскен жердің қайсысынан болса да айналмаса, айнымас, жаным Наз!

Назым. Жоқ. Ескендер... *(Бірақ өзі қызыққандай.)* Сондай жақсы! Сондай жақын, сондай сүйікті Ескендер!*(Паузадан соң.)* Жоқ... жоқ... *(Ескендер үнсіз. Наз тағы да қимай, қиналып қайта толқып.)* Жас күнімнен есімде қалған бір өлеңнің басында: «Жай тұрған жүрегіме салдың уайым» деуші еді. *(Тез орамалын алып, жылағандай мұңайып қалады.)*

Ескендер құшақтап, шашын сипайды. Терезенің сыртынан шешен домбыраның әсем құлақ күйі келеді. Үйдегілер елемейді. Шұғыл айқай, ән шығады. Әннің алғашқы сөзі: «Ал, бақи!» Терезеге сыртын беріп, ән шырқаған біреу көрінеді. Жұмыстан жаңа шыққан шахтер киімінде. Бұрылады, ол Ербол.

Ербол *(үйдегілерге күле қарап, басын изеген күйде ән шырқайды. Беті қап-қара күйе, тісі аппақ боп ақсиып тұр. Ән).*

Ал, бақи, а дегенде әнім салты,
Ағайын аз лебізге құлақ салшы,
Жарасқан жайлауында асылдарым
Ініден жақсы тілек қабыл алшы.

Назым. Бұ кім осы?.. Жаным-ау, осы менің көршім бе?

Ескендер. Ербол ғой.

Ербол. Өзі ғой... Айып менен, ағалар... Тек ақырын ұрсындаршы.

Назым *(терезеге жетіп барып)*. Жоқ, Ербол, түк ұрыспаймыз.

Ескендер. Әй, өзің дәл ақынсың ғой!

Ербол. Үндемеңіз, ойымда әбден бар. Осыдан стаханов бола алмай қалсам бар ғой, ең жаманы, ақын болам.

Назым. Тағы айтшы, Ербол!

Ербол. Наз, ендеше рұқсатың болса, дәл қазір қара өзегімді қақ жарған бір мұңым бар, соны айтсам ба екен, Есеке?

Ескендер. Айт!

Н а з. Дәл соны айт.

Е р б о л (*домбыра безілдейді, әндетеді*). Ал, бақи!..
(*Соға жөнеледі.*)

Нұр жамалың жадымда, жан-жананым,
Қолым жетпей қиналдым бар ма амалым,
Бу бұрқатып қайнаған қызуыңнан
Айналсоқтап кете алмай, жан-жананым.
Бақида, уа дариға, жан-жананым!
Қара өзекті қуырдың бар ма амалым,
Аш қадірін тоқ білмес айтқанменен,
Аяр болсаң даяр бол, жан-жананым!

Н а з ы м. Жан-жананым... Жан-жананым!.. Қандай жақсы сөз!

Е с к е н д е р. Үзілуін қарашы.

Н а з ы м. Ал, көрші, осыншалық өзегінді талдырған о кім өзі?

Е р б о л. Әттең десеңізші... Әттең ғана...

Е с к е н д е р. Жөнін айтшы тымқұрса.

Е р б о л. Жай ішімдегі бір күй ғой, аға. Іші бардың бәрінің күйі... Құлақ күйім.

Н а з ы м. Бардыкі емес... өз ішіндікі болғаны жақсы ғой.

Е р б о л. Өзімдікі болғанда аш өзегімдікі.

Н а з ы м. Не дейді? Жүрегімдікі десеңші.

Е р б о л. Жо, жоға...

Е с к е н д е р. Қой, өзегі несі? Көңілімдікі десеңші.

Е р б о л. Е, мына сығыр.

Н а з ы м. Ойбай, ендеше мардымады ғой.

Е р б о л. Е, неге, апатай-ау!

Н а з ы м. Шарықтап тұрған көңіл шабыты ма деп ем...

Е р б о л. Ә, оныңыз рас болар. Әнімнің өзі сөйтіп шарықтап ұшқанмен, шатқаяқтап қона салады құданың құдіреті.

Н а з ы м. Қой, қарын ашырады екен мынауың.

Е р б о л. Қарын ашырады дедіңіз бе? Міне, міне, дәл таптыңыз!

Е с к е н д е р. Уа, не деп тұрсың өзің? (*Алыстан дауыстаған әйел, «Ербол, ет пісті!»— дейді. Қаден жүгіріп шығып: «Ербол, ет пісті!»— дейді.*)

Е р б о л. Пісті! Уай, лебізіңнен айналайын. Ағалар, айыпқа бұйырмандар. Әннің тілеуі келді. Айыпқа бұйыр...

Н а з ы м (күліп). Бұйырманыз... Бірақ қайтып кел.

Ербол жөнелді. Назым мен Ескендер күледі. Сәт пен Тәнеке кіреді. Тәнеке басын азырақ таңып алған, жүдеу. Сәттермен сыпайы амандасып, жайласып отырған соң күледі.

Жаным-ау, әлгі не деп кетті? Қалай қызық өзі.
(Күледі.)

Ескендер. Ғажап. (Күліп.) Тұрған бойы жұмбақ...

Сәт. О кім?

Н а з ы м. Әлгі менің көршім, Ербол.

Сәт. Ә, Ербол ма? О не қып жүр?

Ескендер. Осында терезеден кеп әдемі ән салды.

Тәнеке. Япыр-ай, ән салатын қауқары әлі бар екен-ау.

Ескендер. Әні қандай... Осы үзіліп тұрып жан-жананым... Жан-жананым деп өзегі талғандай зарлайды. Бұл біреуге ынтық екен, сонысын айтып тұр екен деп ек, сөйтсек үздігіл талып, өлердей өзеуреп тұрғаны ет боп шықты ма деймін. Ет пісті деген хабар кеп еді, ғашығына қарай алас ұрғандай тыла жөнелді... Мұнысы қалай?

Сәт (күліп). Оның жөні бар...

Тәнеке. Ой, тілеуің бергір ғой.

Н а з ы м. О не етіп еді?

Сәт. Бүгін, сол қайтып келе жатқанда ол ер қайратымен келе жатқан жоқ па, бұрын Қарағанды көрмеген қарқын жасап шықты. Екі сменаны бір-ақ созып, 16 сағат тұтас істеп шыққан жоқ па шахтадан.

Н а з ы м. Жігіт... Ал, смена арасында ас ішпеп пе еді? Бәсе... (Күліп.) Аш өзегім дегенде тіпті қаймықпайды.

Сәт (Ескендерге бір пакет береді). Ескендер, Москвадан мына бір қағаз кепті саған. Осыны бір шолып өтші. (Ескендер алып оқиды.) Сонан соң, жолдас Наз, мына Тәнеке әдейі ертіп келді саған. (Пауза.) Айтатын сөзім бар, бірге жүр деп еді.

Н а з. Ия!

Пауза

Сәт. Ал, қарт, отырамысың өстіп, ендігіңді өзің айтпаймысың, түге?

Тәнеке. Е, айта... айта берсеңші.

Сәт. Е, тәйір, шегіншегің бар ма еді!

Тәнеке. О не пәлең?

Сәт. Оным... жеңгелері «Жайбасар» дейтін менің бір жақын ағам болушы еді... Баяғыда жайлауда бір түнде жылқыға жау тиіп, «аттан» шығып, ауыл алай-түлей шаба жөнеліп жатқанда жаңағы «Жайбасар» үй ішінде, ең алғаш бір асыққаны ғой. Қалбаң қағып, аптығып жүріп есікті таба алмай қапты. Жандармен шиді қармалап, қазан-ошаққа қақтығып, төрдегі жүкті сипалап жүріп, өзі «аттан» сала береді дейді... Сонда қатыны «өй, не қып жүрсің осы сен?»— дегенде... «Қатын-қатын, жетектеп шығарып жіберші»— депті. Қатыны жауға шабатын ерді жетектеп келе жатып: «Құдай, шұнақ-ай, шегіншегің бар ма еді?»— дейді. Сол сияқты...

Тәнеке. Енді әйтеуір айтарыңды айттың ғой, жетектесенші ендеше...

Сәт. Уа, қой, батыр, өзін айт...

Назым (күледі). О не, жаным-ау!

Тәнеке. Қарағым, қарындасым, бұны бұлдантып қайтейін, өзім айтам. Жасым елуге келді менің. Тегі, бір өмірге бір тірлік еді, осы күнге шейін естіген мен білгенім... Ал, менің басым...

Сәт. Қысқа қайыр.

Тәнеке. Тек отыр енді.

Сәт. Тұу, сонау туғаныңнан бастайсың. Өзің босаң табаны күректей тап елуге келсін. Сенің бар бақтажарыңды тыңдап болғанша түн жарымы өтеді ғой.

Тәнеке. Өтсе өте берсін. Қарағым Назым! Әке мен шеше берген бір өмір бар еді, жасым елуге жеткенде мен сонан айрылып қап едім-ау. Өлмейді деген кім бар еді мені, кеше лавадан басыма тас құлаған күні? Сол бір мәрғау кеткен жерден қайырып әкеп қайта тірлік берген кім? Сенсің ғой, айналайын. Сенің асыл білімің, епті қолың ғой. Шахтаның бір кәрі шалын аман алып қалайын деп құрақ ұшқан адал жүрегің ғой. Алғыс-алғыс деседі. Білемін, сенің менен дәметерің жоқ. Есітемін... Ұғамын. Атаң-анаң көптен жоқ екен... Енді ең әуелі жан аямас ағандамын, атаңдамын... Сәт бұлданды ғой. Жаман ағанның бар тапқан ақылы сол. Анау ақылды маңдайыңды бері тақашы. (Өзі қозғалады, Наз ұялып қарсы басады.) Қалған өмірдегі қарыздарым өзіңсің. (Маңдайынан сүйін). Айналдым... асыл айнама. Қадірлі қызым, (Тағы сүйеді.)

Сәт. Қап, мынаның қиялап кеп тапқанын-ай, ә? Былай бітер болғанда өзім-ақ айтар ем-ау жаңа. (Күлкі, Ескендерге бұрылып.) Жә, сен жаңағы қағазды сол, сөйтп жым-жырт оқисың да, жым-жылас жауып қоясың ғой, тегі.

Ескендер. Енді қайтеміз?

Сәт. Қой, шырақ.

Назым? О не қағаз еді?

Сәт. Өзгесін білмеймін, бірақ ішінде наркомның өз атынан арналған бес мың сом сыйы бар еді осы кісінің өзіне.

Назым (қуанып кетіп). Ескендер, родной! (Ескендердің шашын уқалап, басынан құшақтап, бетін сипайды.) Жә, келіңіздер, той етеміз... мұны! (Шафқа ұмтылады. Столға жемістер, тарелкалар қояды. Ішкілік шығады. Жайнап, жылдам қозғалады. Сәт, Ескендер көмектесіп жүреді. Ербол кіреді.)

Ербол. Уә, қуаныш қайырлы болсын... (Үйдегінің бәрі қуана қарсы алады.) Айтам ғой, осының исін мұрным бағана-ақ шалып еді.

Бәрі де Ескендермен соғысып, көтерісіп жібереді.

Назым. Оның рас болса ән салып жібер.

Сәт. Құттықтау айт, мынау Ескендерге.

Тәнеке. Айт, сілте барыңды. Өзінді өзім құттықтаймын, ерім, сілте.

Ербол (түрегеліп). Ал, бақи! (Әні шықпайды.) Бәлі, қайда кетіп қалған... Ал, бақи? Масқара-ау, бұл қайда жүр? (Күлкі.) Қап, қара жарыс болмаса, той дегенде бір тойпаңым болушы еді.

Назым. Шабытыңыз бітіп қалған ба, батыр-ау! Бағана?..

Ескендер. Еттің астында қалмасын.

Ербол. Ал, бақи!.. (Айтып кетеді.)

Бақида, уа дариға, жан-жананым,
Қызығына қуанам жақсы ағаның,
Тойға той ұласатын шағың қайда,
Мені қашан табасың, жан-жананым.

(Қуаныш, күлкі. Алғыс. Ішіседі. Ира жүгіріп келеді. Қуанышты. «Кел, кел, Ира!»— деседі. Ира келеді.)

Ербол (Ираға қарап).

Жас тілегім жолына, жан-жананым,
Жаудыр көз, жалын жүзді қалқа жаным,
Ә дегенде сен келдің алас ұрып,
Өзің болшы өзге емес, жан-жананым.

(Күлкі. Ира түрегеледі.)

Ира. Жолдастар, достар! Мен бір жақсы жаңалық әкелдім топтарыңа. Әсіресе, тамаша Наз... қымбат Наз, саған әкелдім.

Ескендер } О не? Айт, айт жылдам, Ира!
Сәт

Ира. Ол міне. *(Қағаз ашады.)* Оқы... Оқындар!..
(Ашылған қағаз ұсынады. Оны Ескендер алады. Бір хатты Назға беріп.) Мынау жай бір хат, бұл да саған Наз.
(Наз алады.)

Ескендер *(алып қарап)*. Москвадағы Дәрігерлік Ғылымдарының Жоғарғы кеңесінен жазылыпты. Назым Бердиева жолдастың Қарағанды шахтеры Тәнеке Смайловты емдеген өзгеше ірі тәжірибесі туралы... Тас түсіп, бас сүйегі ойылып, миына зақым келген ауруды... Миға бірінші рет ірі батыл операция жасап, жазған еңбегін Жоғарғы кеңес дәрігерлік жүзінде ерекше ғылымдық табыс деп санайды. Жолдас Бердиеваның ғылыми кандидат болуға талап етіп жіберген еңбегі мен мына дәрігерлік тәжірибесін еске алып, Жоғарғы Совет оған сырттан-ақ ғылыми кандидат атағын берді. Және академик Бурденконың ұсынысы бойынша, Бердиева жолдасты бұдан былай военная полевая медицинаның докторлығына әзірлеуге Жоғарғы кеңес барлық жағдай жасауды қаулы етеді. Және бұдан әрі жолдас Бердиева военно-медицинский институттың айрықша тізіміне тіркелсін... тағытағы сондайлар. Қол қойған военно-полевая хирургия кабинетінің профессоры, армияның бірінші ранг врачі Рубанов!

Назым. Рубанов, Алексей Иванович, менің ұстазым еді! *(Жұрт шат, тегіс Наздың қолын алып жатады. Ира сүйіседі.)*

Ескендер. Қандай тамаша! Ал енді, Наз! Біреудің басына келген біреуге де келеді. Сәт те келгені мұндай жақсы болар ма? Жаңа сіз жақсы бастап едіңіз, бірақ құдай ақы аяқтауын баяу аяқтадыңыз, танбаңыз. Солғын тынып еді. Мен болсам, қуанышымды өйтіп сылап-сипаумен тарқата алмаймын. *(Күлкі.)* Тура шаттанам

да шарт сүйемін. (Құшақтай алып сүйеді, Наз тартына қысылады.)

И р а. Тек онша ұялтпай сүйіңіз... (Күледі.)

Е р б о л. Е, бәсе, шарт сүйсең де шақ сүй дейтін жан бар ма? Қап, түү, тақатым қалсашы. (Тыпырлап, айналып, Ираны сүйіп алады.)

И р а. Әй, Ербол... Менің жазығым не?

Е р б о л. Е, айналайын-ау, енді сиыр су ішкенде, бұзау мұз жаламасын ба? (Күлкі.)

Н а з ы м. Мен Ербол үшін, Ерболдың бүгінгі ерлігі үшін ішемін.

Т ә н е к е (Сәтке). Әй, Сәт, бұ қалай? Атақ-абырой алғанда осы шелиіп, асып-тасып, әбігер боп қалмаушы ма ек? Мына екеуі құр ұялып, үндемеуге тырысады, бұлары несі?

Е р б о л. Атамаңыз, өзіміз болдық па, жаңағы жерде жалғыз Ескендер емес, осы отырған жұртты жағалай, кем қойса үш-үштен сүйеіп шығамыз, құдай ақын, Наз апа! (Күлкі, шу.)

Т ә н е к е. Бұлары нес, ә? (Сәтке қарайды.)

С ә т. Уа, немене сонда, мақтанындар дейміз бе? Кел, көтер! (Ішиседі.) Бір ұя басар алғыр бүркіт қиядан үлкен ақшұланды қағып әкетіп, етекке әкеп баса қоныпты ғой. Сонда бала бүркіт қатар ұшып қасына кеп отырып, шешесіне қарап, «апыр-ай, тымқұрса бір қоразданып мақтансаңшы» депті. Сонда ана бүркіт айтыпты ғой: мақталмасам тегеуірінімдегі тұлкі кетеме, мақтанғанмен бұл екеу бола ма? Жақыным, сен сүйсіндің, сол жетті ғой!— деген екен. Сол сияқты осылардың өзі ақыл, бірін үшін қуанып. Өз бағана өздерін мақтанбай, масатсымай сабырлы болдың. Қысқасы мына отырған сен екеуін, мына Ербол ерекше, Ербол үшеуін. Үшеуің де жақсы жаса, бақытты бол. Ел-жұртыңның бағына жаса!.. Ал соңғы рет көтерелік! (Көтеріседі, гудок.) О-о, смена бітті! Қозғалу керек.

Д а у ы с т а р. Рас, рас! (Бәрі қозғалады, Сәт, Тәнеке, Ербол қоштасып шыға береді.)

Ескендер. Наз, міне, осы емес пе, менің оңаша өзім ғана боп құпия қиял ететінім.

Н а з ы м. Ескендер... (Хатты оқиды.)

Ескендер. Бақыт, шаттық баршасы жайнап, жарқырап бір-ақ тасып жеткендей ғой... Назым... Назтайым! (Жақындай береді.)

Н а з ы м. Асықпаңыз... асықтырмаңызшы...

Ескендер. Асықпасқа тақатым жоқ... Қиялым өмір боп, шат шындық боп, өзің боп келмеді ме, оң қарап?

Н а з ы м. Шындық емес, қиял деңізші. Қиял жүзі жарқын да... Шындық жүзі сынық қой әлі!..

Ескендер. Тағы салқын... Тағы баяу сырға тартыңыз ғой, Наз!..

Н а з ы м. Мен айттым... айттым ғой.

Ескендер. Балаңыз жайы... Рәш жайы ма?

Н а з ы м. Я, сол болсын... Өзі ғана болсын... Аз ба сол?

Ескендер. Түсінбесем сөкпеңіз... Топастық болса жешіріңіз, Наз. Бірақ осы тұста қайран қалам мен сізге...

Н а з ы м. Неліктен?

Ескендер. Бала... Бала тілеуін тілеп отырып қалатын, жесір боп, қаралы боп отырып қалатын ана баяғының анасы емес пе еді?

Н а з ы м. Ай-ай, Ескендер... Ұшқары емес пе екен осы сөзіңіз... Аналықтың қай заманда болсын аумамайтын, айнымайтын мәңгі берік, мәңгі биік қасиетін ұмытқаныңыз ба?

Ескендер. Ұмытқам жоқ... Ол қасиетті мен де күттім, зор тұттым... Бірақ біздің қауымның баласына тәрбиеші, тірегі жалғыз өз анасы ғана ма? Ендеше мен де бір сәт те жат дегізбейтін жан күйері, жақыны болмас па ем... Әкесі, жан аямас әкесі болмас па ем?..

Н а з ы м. Ол баланың өз әкесі бар... Ескендер...

Ескендер. Не дейсіз? Тірі ме еді ол... Бар ма еді?

Н а з ы м. Бар еді... Бірнеше жылдан бері хабарсыз едім... Жаңа міне... мынадай хат жазыпты... Оқып өтейінші түгел! (Оқиды. Біраз үнсіз. Тыста Марияш, Қаден.)

Қ а д е н. Он-онаша қалыпты екі бақыр. (Күрсініп.) Шерменделер.

М а р и я ш. Түстері шын шерменде сияқты. Өй, әне қызы келеді. Рәш келеді... Қап!

Сахнаға Рәш жүгіріп шығады. Доппен ойнап террас жанынан өз үйлеріне қарай жүгіріп өтіп бара жатады.

Қ а д е н. Кішкене бөгейікші мына баланы, сауап болсын, сауап болсын, (Лып егін.) Әй, Рәш, тоқташы, қалқам!..

Рәш. Ия, немене, женге? (*Қалт тоқтап, әдеппен бұрылады.*)

Қадең. Қалқам Рәш, үйіңе асығамысың, маманды сағынасың ғой. Ә?

Рәш (*күліп*). Оны неге сұрадыңыз?

Қадең. Жоға деймін. Маманы кісі көп көрмесе сағынады ғой.

Рәш. Сіз мен туралы ғана емес, өзіңіз туралы да айтады екенсіз ғой, қандай қызық. (*Күледі.*)

Қадең. Несі қызық, Рәш?

Рәш. Өзіңіз де анасыз, ал мамаңызды және ұмытпағансыз. (*Күледі.*)

Қадең. Бәлі, маманы айтасың, ол түгіл кісі әкені және қандай керек етеді.

Рәш. Әкені ме? (*Ойланып қалады.*)

Қадең. Түу, әке анадан да қымбат қой. Айтпақшы, осы сенің әкең бар ма, тірі ме, Рәш?

Рәш (*салқындап*). Әкем туралы мен сізге ешбір жауап айта алмаймын... (*тез*) Айтпаймын да...

Қадең. Ойбай, кісіге бәрінен керегі әке ғой. Керек қой саған да... Ішің біледі ғой. (*Күледі.*) Солай емес пе, Рәш?

Рәш (*ыза боп, өзгеріп қап*). Фу, жеңге, сіз қандай едіңіз...

Қадең (*күліп, Марияшты түртіп*). Е, қандай екем?

Марияш. Қой, көңліңе дақ салма...

Рәш. Ендеше мен сізден әке сұрағам жоқ. Тіліңізге ие болыңыз. (*Үйіне жөнеле береді, тіпті солғын, жүдеу.*)

Назым. Мен институт бітірер кезде бұның оқуы аз еді... Сол жөнде де кезіге беруші ек... «Жоғарғы дәрежелі әскери оқуын бітірген едім... Қазір шекараға жүріп барам» депті. Өз бөлімінің адресін айта алмапты... Бір жолдасының адресін беріпті... Жауап күтетін сияқты... Ия... Рәштің жайын сұрайды... (*өз-өзіне.*) Әлдеқалай күн болар... Рәшім үшін... Ең алғашқы, жазықсыз махаббаттың өтіп бір кеткен үміт таңы үшін... қимас жүрек сағыныш ойлады... (*Үнсіз.*)

Ескендер. Әлде, Наз... бұл шақта, әзірше менің сөзім артық болар...

Назым. Тек ренжімеңіз, Ескендер.

Ескендер. Олай болса, өз ойыңызбен оңаша қалдырайын өзіңізді...

Назым. Сүйт... сөйтіңізші, Ескендер.

Рәш жүгіріп кіреді. «Мама! Мама!»— деп шешесін көре алғашқыдай қуана бастады. Ескендер Назбен қоштасып, жолшыбай «Рәш, милая Рәш!» деп қолынан сілкіп амандасып, шашынан сипайды да, қайта қоштасып жүріп кетеді. Рәш жүгіріп кеп Наздың мойнынан құшақтайды. Екеуі күліп шат боп табысады. Наз біртүрлі ыстық жалынмен қуана құшақтаған сияқты.

Рәш. Мама! Мамочка, мен бәрін есіттім.

Назым. Нені, Рәш? (*Қысылып қалғандай.*)

Рәш. Нені? Әрине, сенің Москвадан алған хатыңды... Қуанғаныңды есіттім.

Назым. Кімнен есіттің?

Рәш. Ира айтты... Міне, енді (*Мойнынан құшақтап сүйін.*) Поздравляю, поздравляю, мамочка! Енді сен профессор боламысың?

Назым. Қой, Рәш... бос айтады Ира.

Рәш. Жоқ, жасырма. (*Күледі.*) Мама профессор!.. Профессор мама! (*Күледі.*)

Назым. Жә, қой енді оны...

Рәш. Ия, рас! (*Басқа бір ойға түскендей өзгеріңкіреп, салқын.*) Мама, айтпақшы, тағы бір нәрсе сұрайын ба?

Назым. О не?

Рәш. Осы жаңағы кеткен дядя... Ескендер, жақсы кісі ғой, ә?

Назым. Рас, жақсы кісі.

Рәш. Ә, ол сенің жолдасың ба?

Назым (*тоқтап*). Ну... жолдас!..

Рәш. Қандай жолдасың?

Назым. Қандай?.. Өзің жолдас дегенді қалай түсінесің?

Рәш. Мәселен, күйеуі мен әйелі... мама... о да жолдас емес пе?

Назым. Рәш! (*Күліп.*) Қалай ойлайсың, қызым! Осы сен өсти-өсти мылжың боп кетпес пе екенсің, осы!

Екеуі де күледі, бірақ Рәш қайта салқын тартады.

Рәш. Мама, сен менімен мазақ етпей, шын сөйлесерсің деп ем.

Назым. Солай ма? Ал, сөйлесейін.

Рәш. Ендеше күйеуі мен әйелі жолдас па дейім?

Назым. Олар жолдас болуға тиіс. Жақсы жолдас болу керек.

Рәш. Ал, солай болса, дядя Ескендер саған қандай жолдас?

Назым (*ойланып*). Сенің білгің келе ме, Рәш!

Рәш. Ия!

Назым (*құшақтап кушеткаға әкеп, көтеріп алдына алып, сүйіп*). Жаным Рәш, Рәшім менің... Сен биыл 12-ге шығасың. Дәл сендей күнімде менің анам да жалғыз еді. Екеуміз ғана едік. Бірақ ол менімен көп сөйлеспейші еді.

Рәш. Сенің мамаң әділ болмаған екен.

Назым. Сен екеуміз көп сырласамыз... Солай емес пе? Өйткені, біз бір үйдің ішінде екеу-ақпыз ғой. Сен сұрадың... мен сенен жасырмайын, жасыруға болмайтын жай бар... Жалғыз-ақ сен ренжімей тыңдап шық... Және ойыңа келгенді түгелімен түп-тура айтып шық маған, жарай ма?

Рәш. Ия, жарайды.

Назым. Сен менен дядя Ескендер жайын сұрадың... Мен саған айтпасам, жасырсам жарамайды. Біздің арамызда әзір сен сұрағандай жолдастық жоқ. Бірақ ол мені жақсы көреді. Оның маған күйеу болғысы келеді.

Рәш. Ал, сен ше? Мама... Сен, сенің тигің келе ме?

Назым. Мен сенің кішкентай күнінде сені аяп ешкімге тигенім жоқ. Бірақ мен әлі кәрі емеспін... Мен сол дядяға тием десем сен не дер едің? Жалғыз-ақ шыныңды айт.

Рәш. Мама, менің сенімен болғанда ешуақытта ішім пыспайды. Әлде сенің менімен ішің пыса ма?

Назым. Ол ғана емес, Рәш... Мен де, өзге күйеуі бар жандай достық, жолдастық тілесем қайтеді?.. Не дейсің?

Рәш (*өзгеріп, Наздың алдынан босанып түрегеліп*). Мама, мен бұған қарсымын... Менің рұқсатым жоқ. Ол саған жақын болса да, маған бөтен... бөтен... Мама! Жаным... тастама мені! (*Жылап жібереді.*)

Назым. Жаным, Рәш, тек жылама!

Рәш. Мен қорқамын... Мен жетім болам... Жетімдіктен қорқамын, мамочка! (*Жылайды.*)

Назым (*құшақтай алып, бауырына қысып сүйіп-сүйіп*). Жаным, жаным, ендеше тоқта, жылама, тыныш бол... Сен жетім болмайсың. Бітті, болды... Сенің жазығың жоқ... Сенің ренжімеуің керек.

Рәш. Мама... Маматай, рас па?

Н а з ы м. Рас, жаным... тек сен жылама... Мен сенің мұндай көз жасыңа шыдамаймын...

Рәш. Жаным, мамәм... рақмет... Ал, бірақ неге қайғырдың, мама? Неге? Бұ не? Мама, жылайсың ғой?

Н а з ы м. Жоқ, жоқ... жай әшейін... Тек сенен бірнәрсе сұрайын, бұл сөзді бұдан былай сөйлемейік.

Рәш. Әлде, мама, мен сені ренжіттім бе? Теріс істедім бе? Бірақ мен шынымды айттым ғой...

Н а з ы м. Жаным, қой... тоқтат, керексіз сөз... Маман өмір бойы сенің қасыңда болады.

Рәш. Мама, ендеше тағы бір, соңғы ғана сұрауым бар.

Н а з ы м. Айт... айт, Рәшім... алтыным!

Рәш. Мама, менің папам, өз папам қайда осы? Өлген бе, бар ма?

Н а з ы м. Папаң өлген жоқ, бар...

Рәш. Оны маған неге айтпадың сен?

Н а з ы м. Мен сені аяп айтпаушы ем... бірақ айтпақ едім осы жылдар. Сен үлкейдің ғой, ақылды болдың ғой, енді айтамын.

Рәш. Өлмесе бізді неге тастап кеткен?

Н а з ы м. Ол тастаған жоқ, екеуміз ықтиярымызбен айрылғамыз.

Рәш. Неге айрылдындар?.. Кім кінәлы еді?

Н а з ы м. Кінә болғанда ешкімде де жаман, ауыр кінә жоқ еді. Ұрыстық та айрылып кеттік. Ол да, мен де қыңырлық еттік. Болмаса ақылды болсақ, үлкенірек болсақ, айрылатын нәрсе жоқ еді.

Рәш. Ол қазір қайда? Менің барымды біле ме?

Н а з ы м. Сенің барынды біледі... Сені жақсы да көретін. Бірақ қазір қайда екенін білмеймін. Бірнеше жыл болды, хабарсыз кеттік.

Рәш. Мама, папам, менің папам... жақсы адам ба еді?

Н а з ы м. Жақсы адам еді, Рәшім.

Рәш. Солай ма? Ендеше саған шынымды айтайын, маматай... Мен әкемнің түсін ұмытып қалсам да, сағынамын оны. Ол керек маған... Бар балада әке бар. Өз әкесі бар... Әкем керек... Мен сондай жақсы көрем... Іздеймін оны. Мамочка, жалынамын, өтінемін... Қайырып бер менің өз әкемді! *(Жылап жіберіп, тізесіне тұра қалып, екі қолын төсіне қояды, көз жасы тамшылап тұр.)*

Н а з ы м. Жаным... жаным, Рәшім менің. Мен сені қинаған екем... өзімнің орынсыз оңаша, өзімшіл тілегіммен қинаған екем сені, кешір мені...

Р ә ш. Әкем, туған әкем қайда?

Н а з ы м. Бұл сөзінді, бұл зарынды ұмытпаспын. Іздермін әкенді. Қарыз тұттым, жаным, тұңғыш тілегінді. *(Қатты қысып сүйеді.)*

Ш ы м ы л д ы қ.

ЕКІНШІ АКТ

Екінші сурет

Майдандағы армия. Төбеде шүйліп жүрген самолеттердің мотор үні естіледі. Бірде жақындап, бірде алыстағандай. Жым-жырт сахнаның орта тұсында, алысырақ төрінде бір кішілеу шырша тұр. Сол жақ шетте кішкене көкшіл төмпешік бар. Шөмеле сияқты. Оң жақ шетте алысырақта аласалау ақ қайың. Бұлардың бәрі де зеңбіректердің маскировкасы. Сахнаның орта тұстары қалың көк шөп. Орылған шөп сияқты. Төрдегі шыршадан әрі солға таман бір түп үлкен қарағай. Соның бұтағының арасында бір ғана командир жапсырынып, бинокльмен қарап тұр. Ол — Малышев. Басы, бойын қарағай бұтағымен шырмап, қалқалап алған. Сахнаның ең бергі шеті батарея адамдарының паналау орны сияқты. Барлық осы жер зеңбірек дивизионының оң жақ флангасы. Сол жаққа қарай батареялар созылып кетіп жатқандай болуы керек.

М а л ы ш е в. Аспан соғысы да аяқталды. Самолеттер қайтысты. Қатты ұрыстың артынан өзеннің екі жағасы да әзірше жым-жырт. Қыбыр еткен қимыл жоқ. Тек қана қаусаған танк, құлаған самолет, ойран болған транспорттың, жай транспорттың бықсып өртенген түтіні көрінеді... Біздің участоктегі соғыс уақытша саябыр тартты...

Ербол, Шаршен, тағы бірнеше лейтенанттар Нұрланның қасына жнылған. Бәрі де паналау орнында.

Н ұ р л а н. Жаудың екі күннен бері бізбен алысқан 27-ші танк дивизиясы бүгін қосымша күштер алып, қайта құралып шабуыл жасады. Мынау өзеннен өтпек еді. Танк дивизиясының командирі, фашист генерал Гольц осы өзенді алуға әлі де барын салмақ. Мотоколоннасы танктардың алдынан, 41-ші жаяу полкы артынан

қозғалып еді. Біздің 341-ші жаяу полктің міндеті — қатарындағы өзге полктармен қанаттасып, ауыр танктар колоннасымен қатар қимылдап, жау дивизиясын жайрату болатын. Жаяу полкын жоқ қылу еді. Қазір болған соғыста ер летчик, командир Звездов...

Д а у ы с т а р. Звездов!

Н ұ р л а н. Звездов бастаған истребительдер эшелоны, осы біздің учасоктегі соғысқа қатысты. Бізбен бір міндетті атқарысып, генерал Гольцтің бомбардировщиктерін жоқ қылуға көмек, қайрат көрсетті. (*Ерболға қарап.*) Лейтенант Датов Ербол басқарған бірінші, екінші батарея, жаудың танк колонналары бері шығысымен мықтап тұрды. Өзенге жеткізбей тойтарды. (*Өзге командирлерге қарап.*) Лейтенант Смирнов басқарған төртінші батарея жау самолетін, зениткасын аңдыған еді. Жаудың зенбірек оты шыққан жерлерін дәл тауып, соны таптады. Үшінші батарея шрапнель мен мотоколоннаны көп шығындатты. (*Шаршенге.*) Пулемет мотоколоннаны тосқын отпен, семсер оқпен жапырды. Бүгінгі жау шабуылын тойтаруда біздің дивизионның ұжымдасқан оғы мен оты осындай қарекет етті. Түсінікті ме тегіс!..

Д а у ы с т а р. Түсінікті, жолдас майор!..

Түсінікті, жолдас Нұр!

— Түсінікті, жолдас Нұр! Жолдас майор!

Н ұ р л а н. Есте болсын, алдыңғы күн, кешегі күн біз Гольц дивизиясын, фашист танктарын дәл байлап, бек ұруда бүгінгідей бола алмап ек. Бүгін ғана дәлдік, шапшаңдық таптық. Осы бүгінгі угломер, бүгінгі уровень, осы нысаналар ұмытылмасын, ескерілсін! Осы өлшеу жазуларды қайта қарап, қатты аңғарындар. Келер шабуылдың жауабы қапысыз болсын! (*Осыдан кейін жай кеңесіп кетіседі. Нұрлан барлық жолдастарына қарап.*) Жолдастар. Звездов, ер летчик Звездов қандай? Жау самолеттері бізге беттеген еді. Міндеті біздің оттарды жою, біздің оқтарды басу еді. Звездов жеткізбей араласты.

С к и б а (*сақшылықтан ауысып келген*). Жолдас Нұр, жаудың бомбардировщикін дәл Звездов өзі, өз оғымен құлатты.

Е р б о л. Кешегі қимылы қалай?!

Ш а р ш е н. Соны айтсаңшы! Мен масқара боп өзі құлады ма деп ем. Аңғарсам, дәл бидайықтай төбесінен шаншылып, жаурынынан ұра бүріпті кеп фашисті. Ас-

панда лашын тепкен дуадақтай, тетігі тегереп кеп күрс берсе, қане бір фашисті!

Нұрлан (*посылкалар келген соң*). Ал, енді міне посылкаларыңды алындар. Мезгілімен жақсы кепті.

Әскер. Жолдас командир, мынау сізге.

Нұрлан (*қарап*). Жок, бұл Бектасовқа емес, Бегешевке. Шаршен, саған! Сәлемдеме!

Шаршен. Сәлемет болсын... Әб-бәле!..

Нұрлан. Шаршен, сен Қырғызстанның қай жерінде туғансың?

Шаршен. Талас... Таласта тұғам, жолдас Нұр! (*Посылканы ашып жатады.*)

Нұрлан. Ер Манастың Таласы ма? Шоң Таластың бойы ма?

Шаршен. Дәл өзі.

Жерібіз Кеңқол, кең Талас
Атыбыз өткен Ер Манас,—

дейтін, деміне тоқаш пісетін қызу қырғыз біз тұрбайбы, жолдас Нұр. (*Күлкі*).

Ербол. А, а! «Ал, бақи, а дегенде әнім салты»— деп өзің түп-тегіңнен ер екенсің ғой, Шаршен аға!

Шаршен. Е, фашисті ойрандағалы келмесем, ойнағалы келгем жоқ.

Ербол. Шынымды іркер жайым жоқ де!

Шаршен. Ал міні, алыңыздар! Жауды жаман атсам, мынау дәм-аманаттан ұят та!

Нұрлан. Ербол, мынау саған! Тоқта, сен Қарағандыдан келіп пе ең?

Ербол. Содан келгем. (*Посылканы алып жатады.*)

Нұрлан. Қарағанды!.. Шахтер ма едің?

Ербол. Дәл өзімін, жолдас Нұр!

Нұрлан. Забойщик пе ең?

Ербол. Навалоотбойщик... бригадир ем.

Нұрлан. Стахановшы едің ғой, солай ма?

Ербол. Десуші еді.

Шаршен. «Ал бақи, а дегенде әнім салты!»— деп Ербол ботом-ай, шын жақсы өзің тұрбайсың бұ?

Нұрлан. Қарағанды... (*Ойланады.*)

Ербол. Болған ба едіңіз?

Нұрлан. Жай... Естігенім көп еді. (*Ойланып қалады.*)

Шаршен (Ерболға). Бұ Қарағанды Қазақстанның қай жері деп аталады?

Ербол. Сарыарқа делінеді... Есіткенің бар ма?

Шаршен. Ұққаным бар еле...

Сарыарқаны жайлаған
Келістіріп кермеге
Кер төбелді байлаған...—

деп біздің ыршылар ырдаушы еді!..

Ербол. Бұ да Манаста бар ма, Шаршен аға!

Шаршен. Манаста бар, әбден...

Ербол. Япыр-ай, Манас не деген ен жойқын еді...

Мұндай дауласкер әңгіме естіп көрсемші. Кәне, Шаршен аға, шерт тағы... аяғын, аяғын айтшы шоң шабуылдың. Өзі осы күндер сондай бір керек асыл екен... (Екеуі бөліне береді. Осы кезде сахнаға Звездов шығады. Нұрланға қарай қуанып, ұмтыла басады.)

Звездов. Нұр! Қымбат досым!

Нұрлан. Звездов! Саша! Сашенька! (Екеуі сүйіседі.) Алғыс... мен саған алғыс айтам бір дивизион атынан.

Звездов. Ну-ну...ну! Ол емес, мен үш күннен бергі ер қимыл, дәл оқтарың үшін ең әуелі сенің өзіңе қуаныш білдірем. Екінші, бүгін маған көмек еткен, айта берсең, мені құтқарған екі кісіге айрықша алғыс айтқалы келдім. Минометпен жау зениткасын жойған кім?

Нұрлан. Смирнов, мына төртінші батареяның старший лейтенанты Смирнов.

Звездов (Смирновтың қолын сілкіп). Мен алғашқы самолетті қуып зенитканың қайшы оғына оқыс барып қап ем. Мезгілімен өшірдіңіз. Рақмет. Екінші, соңғы самолетті түсірген пулеметчик кім?

Нұрлан. А, ол міне, Бегешев Шаршен... Бір өшіреті бос кетпеді.

Звездов. Білесіз бе! Байқадыңыз ғой, осы самолет, мен анамен алысып жүргенде, соңымнан қатты қадалып келіп қап еді. Жақсы қақтыңыз... Мені ажалдан да сіз қақтыңыз. (Сүйіседі.)

Шаршен (Ерболға). Ақ келте! Ошондой тұрбайбы ақ келте! Мен өзімнің ақ келтеме ырза болдым ендеше. (Екеуі бірыңғай сөйлеседі.)

Звездов (Нұрланға). Білдің бе, Нұр, дивизия командованиесі сенің дивизионыңның үш күннен бергі қайратына, әсіресе сенің сенімді, қатесіз командаңа сон-

дай ырза. Генерал Потапенко сені қазір аузынан тастамай отыр. *(Нұрланды қолтықтап алып оңашалау басып.)* Онан соң, Нұр... тағы бір жаңалығым бар.

Нұрлан. Кәне, айтшы...

Звездов. Үйден, үйімнен, әйелімнен хат алдым. Соншалық қымбат, сағынышты сый!..

Нұрлан. Жақсы... Жақсы екен, түсінемін, Саша!

Звездов. Тоқта, әйелім өз хатының ішіне саған арналған мына бір хатты салып жіберіпті. Хат алмағаныңа көп болып па еді?

Нұрлан. Маған жолдастардан хат бар. Ал, үй, әйел... менде жоқ қой. Алар-ақ ем, қуанып алар ем осы күндерде... Бірақ жоқ қой!.. *(Хатты ашып қарап.)* Тоқта, мынау менің әйелімнен... Айрылысып кеткен әйелімнен... Қызымнан сәлем. Сағынышты сәлем! Баламнан, қызымнан! Мен де соншалық ойлаушы ем, сағынушы ем өзін.

Звездов. Тоқта, Нұр, бұ қалай? Қалай кеп шықты?

Нұрлан. Соғыс алдында шекараға жүрерде бір хат жазып ем... Сіздің үйдің адресін беріп ем... Көп-көп жылдан бері алып отырған жалғыз хатым...

Звездов. Оқы... Оқысаншы ендеше.

Нұрлан *(асығып оқып)*. Майданға... ол да майданға келмек. Доктор... Жүрерде жазған. О-о, көрісер ме екем? Таба алар ма ем! Қайдан, қалай іздесем екен, Саша?!

Звездов. Жаз, ендеше, тез телеграмма соғайық біздің үйге... Адресін, майдандағы адресін жазған болар, ендігі!

Нұрлан. Солай, Сашенька! Рас, дұрыс. *(Жазбақ болады. Сол кезде адъютант келеді, хабар береді. Нұрлан тез команда береді.)* Команда, қатарлан!

Жұрт тез қатарланады.

Шаршен. Ербол, қатарға!

Ербол *(атқып кеп тұра қалып)*. О не?

Шаршен. Генерал... Біздің дивизияның генералы келеді.

Дауыстар. Генерал-лейтенант... Дивизия командирі... генерал Потапенко!..

Аздан соң генерал Потапенко шығады.

Қасында кейінірек Звездов, Нұрлан және штаб адамдары.

Потапенко. Амансыздар ма, жауынгерлер, командирлер!

Дауыстар. Амансыз ба, жолдас генерал-лейтенант!

Потапенко. Үш күннен бергі қатты соғыста 141-ші зеңбірек дивизиясы көрсеткен ерлік-қайрат үшін командование атынан барлық жауынгерлерге, барлық командирлерге, политруктерге алғыс айтам! Дивизия командованияесінің айрықша атап, приказбен алғыс жариялайтын кісілері: бірінші, батареяның отын дәлдікпен, тапқырлықпен тура есеппен жақсы жұмсап, қатесіз басқарғаны үшін дивизион командирі майор Бектасов Нұрланға алғыс жарияланады. Екінші, сақшылық ісін жақсы басқарған командир-лейтенант Малышевқа! Үшінші, жау танктарын дәл байлап, көп жайратқаны үшін бірінші батареяның старший лейтенанты Датов Ерболға! Төртінші, пулемет отын қатесіз, шапшаң басқарған сержант Бегешев Шаршенге! Бесінші, зеңбіректің нысанасын дәл ұстағаны үшін, бірінші зеңбірек командирі кіші лейтенант Скибаға алғыс жарияланады. *(Нұрлан аты аталғандарға белгі етеді. Олар ілгері шығады. Потапенко бәрінің қолдарын алады. Аздан соң еркін әңгімелесіп, жаңағы адамдардың пішіндеріне қарап алып.)* Бегешев, сіз қай жерден едіңіз?

Шаршен. Мен Қырғыздың Алатауынан едім, жолдас генерал-лейтенант!

Ербол. Мен Қазақстан сахарасынан едім, жолдас генерал-лейтенант!

Потапенко *(Скибаға.)* Сіз ше?

Скиба. Мен Белоруссиядан, Борисовтан едім, жолдас генерал-лейтенант!

Потапенко. Дұрыс! *(Нұрланға.)* Сіз ше?

Нұрлан. Мен Батыс Сибирьден, Омск округынан келдім, жолдас Потапенко.

Потапенко. Дұрыс, дұрыс. Біріңіз орыс, біріңіз белорус, біріңіз қырғыз және бірлеріңіз қазақ... Ал менің туысым украин. Өскен жерім Батыс Сибирь еді. Совет зеңбірегiнiң айналысында, Отан туының қаһармандық намысының жолында, біздің бәріміз бірігіппіз. Білектер біріккенде, жүректер шын табысып туысқан... Қандай бірлік! Сіздер ол уақытта жасырақсыздар. Бірақ менің есімде ұмытылған жоқ. Жас бала күнімде патшалық үкіметі біздің әке-шешемізді, барлық қаласымен

аз жердің өзінен қуып, Украинадан Батыс Сибирьге айдап салып еді. Сонда көршілес қазақ ауылдары мен біздің крестьяндар арасында жалғыз-ақ десятина шалғын үшін төбелес боп, екі жақтан көп кісі өліп, көп жан жараланып еді. Менің әкем сонда қаза тапты. Кішкентай поселка, азғантай ауыл алақандай жер үшін бір-біріне жат болып, жау болып, асыл қандарын арман емес болымсызға, тырнақтай татымсызға төгіп еді. Сол аталардың нәсілдері біз... Аз дүние үшін алысамыз ба? Білесің, бәрін түсінесің. Күнгірт күнге көнерміз бе біз? Жарқын күннің игі нұрын қаптал құшқан халықтарымыз: «Қара түн қайтпақ емес, қайта батыр қарасын»,— деп аттандырды бізді. Біздің бірлік барлық халықтарымыздың айнымас достығынан туған. Арысы асыл нұрлы күнімізден туған... Берісі осы майданда ер ұлдардың ақ өлімі, адал қанымен суарылып, сонымен қайнасып нығайған. (Тоқтап.) Қазір біздің қарсымызда шендесіп тұрған жаудың ерекше тасыр, омырау бір дивизиясы бар. Фашист генерал Гольц бастаған танк дивизиясы, Гитлердің имперский дивизиясы деп аталады. Талабы зор. Осы фронттағы шабуылдарының ең мықты деген ұрынғыш тобы сол. Ол әлі де омырау жасап келеді. Қатты қимыл жасайды. Біздің міндет сол шабуылқұмар жандарды бар штабымен тұтқын ету. Міне, осы жолда бірнеше емес бәрінің де өзгеше боп өктеп шығуынды күтемін. Бәріңе де биік қасиет, үлкен бақ тілеймін! Берік болыңдар, достар! (Жүре береді.) Майор Бектасов, майор Звездов, сіздер менімен жүріңіздер! Бөлімдеріңіз жанадан, төтенше міндет алады. Қош болыңдар, жолдастар!

Дауыстар. Қош, жолдас генерал-лейтенант!

Ербол (Шаршеннің қолын сілкіп). Ерлігің қайырлы болсын, қыран ағам Шаршен!

Шаршен. Ерлігің еліңді қуантсын, Ербол ботом!

Ербол. Уау, осы бірдеме шығады... Бірдеме болуымыз керек осы біздің!..

Шаршен.

Жауды сайсак біз сайдық.

Ертегі өткен Манастың

Қай жерінен кем сайдық, Ербол ботом!

Малышев. Тау жағында қимыл басталды! Қайта шабуылға әзірленді!

Политрук (*Нұрланның орнына тұра қалып команда берді*). Дивизион, соғысқа! (*Осы команда айтылысымен сахна қатты өзгереді.*)

Шырыш, қайың орындарынан қозғалып, зеңбірек, пулемет көрінеді... Бар қарулар қасында өзді-өзі номерлері шапшаң қимылдар жасайды. Әзірлік.

Ербол. Батарея, соғысқа! (*Сыртқа командалар кетіп жатады*).

Сырттағы команда. «Взвод, соғысқа!»

Скиба. Бірінші зеңбірек, соғысқа!

Шаршен. Пулемет, соғысқа!

Малышев. Мотоколонна!.. Танктар шықты!

Политрук. Орындарыңа!

Жұрт тез-тез орындарына барысады. Бірнеше командир шығып жетеді, орындарына кетіседі. Политрук та, Ербол да бинокльге қарасып тұр. Политрук команда береді. Адьютант сол команданы телефонмен ақырын қайталаған сияқты. Ербол телефонмен тыңдап алып, «да» дейді. Политрук команда береді.

Бірінші батарея, екі зеңбіректен бір-бір оқтан ал да, оңға таман, шолақ терек тұсына тұра төсеп, алыс атар, брон бұзар гранатпен алдыңғы танкіні бетке ал!

Ербол (*жаңағы ретпен тыңдап алып, Скибаға*). Токта! Алғашқы оқты мен өзім атып берем! (*Бірінші зеңбірекке жетіп кеп дәлдеп алып, команда береді.*) Бірінші зеңбіректен тұра төсеп, фашистің алдыңғы, оң жақтағы бірінші танкісін байла!.. Нысана 1400, оғоны! (*Қолын төмен түсіреді, бірінші зеңбірек атылады.*)

Қарағайдағы сақшы даусы келеді.

Малышев. Бірінші танк жайрады!

Политрук (*команда ретінде*). Нысана дұрыс!

Ербол (*Скибаға Малышев командасынан соң*). Жаз!.. Өлшеулерді зеңбіректің қалқанына жазып ал. (*Скиба шапшаң жазып жатады. Ербол екінші зеңбірекке кеп.*) Тағы өзім атам! (*Тез өлшеп болып.*) Екінші зеңбіректен тұра төсеп, фашистің алдағы, бергі танкісін байла!.. Нысана 1350!.. Оғоны!

Қолын төмен түсіреді. Екінші зеңбірек атылады. Сақшы даусы.

Малышев. Фашистің екінші танкісі жайрады!

Политрук. Нысана дұрыс!

Ербол тез зеңбірек қалқанына өлшеуді жазады.

М а л ы ш е в. Жаудың мотоколоннасы беттеді.

П о л и т р у к. Пулемет, мотоколоннаның алдыңғы қатарына тосқын от төк!

Ш а р ш е н (көзден). Тосқын отпен фашист колоннасына, нысана 1200! Огонь!..

Пулемет бір минуттай очередь береді.

М а л ы ш е в. Нысана дұрыс. (Аздан соң.) Жаудың алдыңғы танктері ұйлықты... Жүрмей қалды. Арты тірелді, іркілді!

П о л и т р у к. Дивизион, тоқта!

Командир кетеді, атыс тоқталады. Соғыс болып жатқан жақтан Нұрлан шығады. Алыста қатты атыстың сарыны бар. Нұрлан команда орнына әрең келгендей. Оған оқ тиген.

П о л и т р у к (қарсы ұмтылып). Жолдас Нұр, сіз жаралысыз ғой! (Адъютант кейін ұмтылып біреуді шақырады.)

Н ұ р л а н. Ақырын, оқа емес!

Ира жүгіріп келеді.

И р а. Бері, бері шығыңыз. Шешініңіз, жолдас командир! (Нұрланды көтеріп алмақ болады.)

Н ұ р л а н. Жоқ... аяғым... Аяғым ғана! Денем сау... Таңыңыз.

И р а. Сіз ауыр жаралысыз. Қан көп кетіп жатыр. (Тез шешіп таңуға кірісіп жатады.)

П о л и т р у к. Жолдас Нұр! Сіз әлсірейсіз ғой?

Н ұ р л а н (қатты). Дивизион тағдыры шешіледі қазір! Әлсіремеймін. Мықтымын! Ең алдыңғы қатарға жетіп, барлық қажет деректерді алып келдім. Жасырын жерлерін білдім. Өлшеулер... мөлшерлер қолымда. (Ауырсынып.) Қазір... тұра тұр... Қазір! (Перевязка бітеді. Нұрлан жолдастарына.) Бар шабуыл бізді көздеп келеді. Біздің танктар, колонналар жібермей алысып жатыр. Әзір болындар. Зеңбіректері бізді көздер. Танктары бізге беттеген. Самолеттері де бізді жоюды мұрат етер... Әзір бол! (Таңу бітеді.)

И р а. Мен тастамаймын сізді... Қасыңыздан кетпеймін. Қиын, ауыр...

Н ұ р л а н. Тоқтаңыз! Болды... Рақмет, болды!

Е р б о л (өзіне жақындаған Ираға). Ира, алтыным!

Ира. Ербол! Сүйікті Ербол!

Ербол. Қайдасың, Ира, досым!

Ира. Қасындамын... Әрдайым қасындамын... Аман бол, сау бол, Ербол.

Ербол. Наз қайда? Бар ма?

Ира. Бар... Наз осында.

Нұрлан (нысанадан аз босап). Наз? Ол кім?

Ира. Ол доктор.

Нұрлан. О-о, Наз! Қайда, қай жерде?

Малышев. Жау танктары қаптай бастады. Алдыңғы соғысып жатқан танктарына көмекке тоғайдан тағы калың лек шықты.

Нұрлан (тез орын алып, өлшеп, қатты команда береді.) Дивизион! Бірінші, екінші батарея, бар зеңбіректерден, сегіз снарядтан алыс ұрар, брон бұзар гранатпен тоғай алқымын тосып, алдыңғы танктарды байлап, залппен, әзірлен! Үшінші батарея, бар зеңбіректен шрапнельмен он снарядтан беглей, әзірлен! Төртінші батарея... тыңда... төртінші батарея, бар минометтен жау зеңбіректеріне үш қайыңның түбін байлап, он бес снарядтан залппен, әзірлен! Пулемет, үш қайыңның түбін байлап, он бес снарядтан залппен, әзірлен! Пулемет, үш қайыңның түбіне тосқын оққа әзірлен! Дивизион! Огонь!

Ербол команданы батареяға береді, «огонь» деп қолын төмен сілкеді. Пытырлаған оқтар. Аздан соң саябырлап тоқтайды. Тағы команда.

Төртінші батарея, бар минометтен тағы сол нысанамен он снарядтан, беглей огонь!

Алысырақта минометтер атылады.

Малышев. Жау зеңбіректері саябырлады. Аман қалғаны бізді атқылап жатыр.

Үсті-үстіне шрапнель келіп жарылады. Сахнадағы бірнеше адам жығылады.

Ира (Ерболға қарап). Ербол, досым!

Ербол. Ира... бауырым... қарындасым!

Нұрланға тағы оқ тиеді, Ира ұмтылады.

И р а. Тоқтаңыз, шығыңыз енді, жолдас Нұр!
Н ұ р л а н. Қолым! Қолым ғана... шықпаймын!

Тағы шрапнель жарылады. Полятрук жығылады.
Санитар алып кетеді.

Н ұ р л а н (*команда береді*). Бірінші, екінші батарея бар зеңбіректен, ондағы үлкен шырыш түбіндегі жау зениткасын байлап, он снарядтан брон бұзар гранатпен! Төртінші батарея, үш қайыңның түбін байлап, бар минометтен тағы залппен он снарядтан... Сол нысанамен! Огонь! (*Атылады.*)

М а л ы ш е в. Жау зеңбіректерінің оты азайды... Бірақ зеңбірек қалды... Танктер іркілді.

Тағы снаряд. Нұрланға үшінші оқ тиеді. Денеден тиген. Ира ұмтылып құшақтайды.

Н ұ р л а н. Жоқ... жоқ... әлі... әлі... (*команда*). Төртінші батарея, бар зеңбіректен, бес снарядтан үш қайыңның түбін байлап залппен... фашистің соңғы зеңбірегін байлап! (*Өзі әлсірейді, күшін қайта жиып.*) Отан үшін, партия үшін, огонь! (*Атылады.*)

М а л ы ш е в. Ойран болды... Басылды жау зеңбірегі, танктер тоқтады, қалғаны қашты.

Н ұ р л а н. Сандаласың, ала алмайсың... Арам болар! Датов, ал команданы! (*Әлсіреп құлайды.*)

И р а. Асыл Нұр, сүйікті Нұр! Бауырым! (*Құшақтап алып көтеріп, алып кетеді.*)

М а л ы ш е в. Жау самолеттері. Бомбардировщик, истребитель эскадрилиясы... бізге беттеді.

Е р б о л (*команда*). Дивизион, бар батарея, маскировка!.. Шапшаң маскировка!

Команда кете береді. Сахнада шапшаң қозғалыстар, бар қару тез маскировкаға жатады... Адамдар да сырттарын өсімдіктермен бүркеп алып, тапжылмай тына қалады.

М а л ы ш е в. Біздің истребительдер қарсы шықты. Айқасты. Жаудың екі бомбардировщигі бізге қарай тақауда.

Снарядтар жарылады.

Тімтініп жүр, іздеп жүргені біздің батарея! Тақады... төмендеді... шүйді.

Снаряд.

Ербол (команда). Төртінші батарея, төртінші минометтен, жақын бомбардировщикке он снаряд. Огоны!

Алыста миномет атқылайды.

Малышев. От шыққан жерді іздеп жүр... Тақан жүр. Біздің батареялардың үстінен өтті, әлі тапқан жоқ!..

Ербол. Төртінші миномет... Маскировка!

Снаряд үндері.

Малышев. Тастады бомбасын, тастап барады... Дивизионды таптым деді. Жалған маскировканы бомбалап барады!..

Ербол. Қырған екен ендеше! (Телефонмен.) Төртінші батарея, төртінші батарея? Қай жерден түсті? Аржағымыздан? Зеңбіректерің аман ба? Бір миномет шығын? Төртінші ғой. Содан әрі жаңылып, даланы атқылап кетті ғой! Солай!.. Шаң қусын!.. Жойдым деп ойласын.

Малышев. Тағы үш бомбардировщик қосылды... Бәрі де сол бір араны ұрып жүр. Жалған маскировкалар аспанға ұшып, талқан боп жатыр.

Ербол. Ұрсын... көміп қойған алтыны бар ғой... қазып алсын сол жерден.

Шаршен. Көрін де қазып алсын сол жерден!..

Малышев. Командир Датовтың айламен берген шебер командасы жаудың бомбаларын дивизионған аулақ әкетті. Жалған маскировкаға түсірді. Жау сол ардан жаңа шабуылға жол әзірлеп жүр.

Ербол. Әзірлесін. Бізді құртып, жойып болдық дегің... Қаптасын әзірлеген жерінен... Нұрлан кегі сонда шығар алдынан.

Малышев. Біздің самолеттер келеді... Жау бомбардировщиктерін бетке алды... Араласты!

Шаршен. Айқасты Звездов, шүйді! Тепті. Кетті бір самолет!

Алыстан ағып, жанып түскен самолет елесі.

Скиба. Тағы... тағы пулеметпен ұшырды. Көк қаршыға!..

Шаршен. Қабылан ерім, Звездов... Шұмқарым!

Ербол. Көк тұйғын. Көк жендеті! Есіл ер! Үшіншісін, үшіншісін бетке алды.

Ш а р ш е н. Өзіне, өзіне де барлығы оқталды-ау! Шабуылға айналды-ау... А-а, біздің өзге екі-үш самолет көмекке, көмекке салды.

Е р б о л. Япыр-ай, жабыла бастады-ау!

Осы кезде аспанға қараған бойда Назым жүгіре шығады. Қасында бір санитар.

Е р б о л (*жалт қарап*). Жасырын... қозғалма! (*Қарап, танып.*) Наз, апатайым Наз!..

Н а з ы м. Ербол, бауырым... (*Қасына жетіп кеп, сүйіп алады.*) Аманбысың, сауымысың, бауырым?..

Е р б о л. Өзім аманмын... Бірақ не керек, несін айттайын, Наз апа... Жаңа командиріміз, сондай есіл ер командиріміз қатты жаралы боп кетті.

Н а з ы м. Ол қайда? Қайда жатыр?

Е р б о л. Ира, Ира алып кетті жаңа...

Н а з ы м. Қап! Асығыс көмек болса, осында берер ме ек! Мен мына самолеттегі, мынау ерге көмегім керек болса жақын тұрайын деп осында жеттім.

Е р б о л (*аспанға қарап*). Наз апа, ол ер... Нағыз ер... Звездов қой ол. Әне, ұшырды...

Ш а р ш е н. Тағы ұшырды, қан құстырды фашиске!

Алыста ағып, жанып түскен үшінші самолет байқалады.

Әттегене-ай... Өзін, өзін көздеді-ау анау шұм.

Е р б о л. Япыр-ай... жазым болды-ау!

Н а з ы м. Есіл ер-ай, жанды ғой самолеті, құлады ма?

Е р б о л. Жанса да жауды тағы құлатты... Соңғы оғымен ұшырды.

Ш а р ш е н. Әй, бірақ өз оты басылмады-ау... Масқара, құлай бастады.

С к и б а. Құлаған жоқ. Сонда да штурвалын ұстап келеді. Жанды... жанып барады.

Н а з ы м. Жерге жетсе екен... Бізге қарай тартты. Осылай... Осылай жетіп қоншы, ия сәт!..

Осы кезде жанған самолет елесі сахнаның бір жағынан, биіктен екінші жағына түтіндетіп жанып кеп қонғандай болады.

Н а з (*санитарына*). Жүр! (*Ұмтыла береді.*)

Е р б о л. Наз, алдың жауып тұрған оқ, сақ болшы!

Н а з ы м. Бәрібір, қош...

Е р б о л. Бұқ, бұғып баршы тымқұрса...

Назым. Өліміне ара түссем арманым жоқ, жүрі!
(Жөнеледі.)

Ербол. Жауып тұрған отқа кетті-ау. Скиба, жібер, қос үш кісіні! Қайран Наз, ұмытпаспын! Япыр-ай, бір кісісі құлады. Өзі аман, аман кетіп барады. (Жым-жырт, аздан соң.) Жетті, ашты есігін.

Скиба. Кабинаға өрт жеткен.

Шаршен. Ай, өлген ғой. Өртеніп отырып өз жеріне жетіп қонған, қайран ер!

Тым-тырыс.

Ербол (телефонда). Мен! Дивизион командирінің орнындағы лейтенант Датов. Жолдас генерал-лейтенант... Адам шығыны бар... Жаудың зениткасы мен зеңбірек батареясын өшіруімізге себеп болғаны командир майор Бектасовтың дәл командасы. Өзі, алдыңғы қатарға барып жатып, бар есепті дәлдеп әкеліп... өзіне үш рет оқ тигенше команданы тастамай, жау оттарын тегіс бастырды. Қазір санчасть алып кетті. Звездов не халде, мәлім емес. Доктор Бердиева от арасымен барып, кабинадан алып шығып, пунктке өзі алып кетті. (Тыңдап алып.) Рас, жау бомбардировщиктерінің қаптағаны біз едік. Құртпағы біздің дивизион еді... Бірақ, қазір де біздің бір минометтен басқа барлық зеңбірегіміз аман, жолдас генерал-лейтенант! Жалған от пен жалған маскировкаға қарай бұрып жібердік... Кімнің басшылығы, кімнің командасы дейсіз бе? Уақытша командир мен едім... Рақмет, жолдас генерал-лейтенант... Дивизион командалары жеткілікті. Дивизион барлық құралдарымен тосқауылға әзір, жолдас генерал-лейтенант!..

Малышев. Жау тоғайға қайта кірді... Бар күші жиын кірді... Бері басқан белгі жоқ. Әзірше жым-жырт.

Ербол. Командирлер, жиылындар, келіңдер маған! (Қасына Скиба, Шаршен, тағы бірнеше командирлер келеді.) Генерал Гольц қалған күшінің баршасын тығыз жиып, қайта құрап, қатты ұмтылу қамында. Тіптініп, тұртініп жүр. Жаңағы самолеттері килігерлік жол әзірлеп кетті. Осы учасюттен біздің шепті бұзып өтпек. Шабуылға әзірлік жасап, біздің дивизионды құртып, басып тастауды мақсат еткен.

Шаршен. Жаңағы бір топ құзғынның соққылап жүргені сол ғой.

Ербол. Дұрыс... Сол... Біз әдейі көп үн қатпай, бұ-

ғып қалдық. Бұл жердегі дивизион жайраған, ойран болып біткен деп ойласын... Келсін... Кімнің үстінен келсе соның бағы. Гитлердің имперский дивизиясының барлық күшін, бар штабын, әсіресе, әттең генерал Гольцтің өзін шұғыл шабуылмен жаныштай ұрып, тұтқын қып алған топтың бағы емей немен! Хал осы, түсінікті ме?

Д а у ы с т а р. Түсінікті, жолдас командир!

— Түсінікті, жолдас Датов!

Е р б о л. Ендеше, орындарына барып, маскировканы жақсы етіп отырындар. Командирлер! Көптен бері ұйқы жоқ қой, кезектеріңді мықты қып қойып, 40 минуттан мызғып алындар... Орындарыңа!.. (Шаршенге.) Жаңағы соңғы бір лық берген толқынын сенің оғың қайырды, Шаршен аға.

Ш а р ш е н. Мен ақ келтеге... ақ келтеге семе ғой, нысанаға жеткенде алдынан жер жыртқандай дәл түсіп, жарты қадам бастырмады ғой ақ келте!

С к и б а (бұлардың қасында қалған). Ақ келте, Бегешев, ақ келте деп неге айтасың сен?

Ш а р ш е н. Ақ келтенің мәні бар, бірақ бәрін айтсам алты ай керек.

С к и б а. Алты ай? Онда екеуіміз әңгімелесіп отырғанда соғыс та бітіп қалады ғой...

Ш а р ш е н. Солай, сөйтіп қысқасын айтайын... Ақ келте Манас батырдың мылтығының аты. Ақ келте мылтығы, ақ олпоқ сауыты. Мылтығы осы сенің бірінші зеңбірегіндей болуы керек... Ал, менің пулеметім кімнен кем? Сүйсінгенде мұны да ақ келте деймін.

Е р б о л (ұйқы жеңгендей алға қарайды). Титтей белгі жоқ. Бұл қашаған генерал, сырқынды сайқал көп күттірер ме екен тағы да?!

С к и б а. Шарпысқалы үш күн болды. Ендігі адымы баяулады ғой.

Ш а р ш е н. Тұйғын келіп шалғанда қоянның адымы қандай бүрісуші еді, бауырынан шыға алмай... солай ма?

Е р б о л. Тоқта, Шаршен аға! Екі көзі қанталаған қомағай қасқыр шұғылдан тап келген шағында бар пәрменімен қарсы шапшып қауып та түсетін...

Пауза.

Көрінбейді. Қарағай жым-жырт. Бүйте берсе ұйқы да басар.

Скиба. Айтпақшы, жолдас командир... Ербол, сіз ұйықтамағалы тура міне екі жарым сутке болды. Мызғып алыңыз.

Шаршен. Рас... Дер кезінде нысанадан жаңыла-сын! Көзің бұлдырайды... Мызғып ал...

Ербол. Скиба, сен тұр ендеше... Дәл 35 минуттен кейін оятындар.

Бері келіп бір кішкене түп ағаштың баурындағы аласа тасқа отырады да, қалғып кетеді. Ұйқыда. Сахнада көкшіл мұнар. Арғы жақтағы көріністің бәрі сол мұнар басады. Ерболдың қасында Ленин тұр.

Ленин. Сен ұйықтап отырмысың, Ербол?

Ербол (сасып қан). Жолдас... Ильич аға...

Ленин. Оқа емес... Тынықпай бола ма екен? А-а, сендер мынау үш күндей жаман қимыл еткен жоқсындар... Қатты қайрат еттіңдер.

Ербол. Тек тиянағы... тап жығары жақсы болса екен.

Ленин. А, соны айт. Соған әзір болындар... Бар күшті жиып, бір-ақ ырғу бар... Сол ырғығанда ажалдай соғып, бүріп түсу шарт. Сіз жымда жатқан ызалы, алып жолбарыстың, анау өздеріңнің Балқашыңның қалың қамысында жататын жолбарыстың қалай шапшитынын естіп пе едіңіз?

Ербол. Дәл, дәл бала күнімде Балқаш жағасында жолбарыстың бір-ақ шапшып, бір түйені... үлкен жардай бір сары атанды бүктеп түскенін естіп ем.

Ленин. А, мұндағы мысал түйе емес. Түйе ол үлкен де болса, момын... Мұндағы ол емес, қабан дейік. Қырыс, қасқой қабан болса, көп еңбекпен егін егіп, сол егінің жайқалып өсіп қалғанда, залалқой аузымен жақсылық жерін дал-дал айырып кеткен қабан болса... сол қабанды жымнан шыға бергенде ер мергеннің ызалы оғы жұлып түссе, қандай сүйсінер ең... Ендігі сендердің зеңбіректерің де ел-жұртыңды сондай сүйсіндірсе...

Ербол. Ендеше, бұл қабан аман кетпес-ау!

Ленин. Бірақ ол оңай емес. Жығыла беріп жарып кететіні де болады.

Ербол. Бірақ, біз құртпаймыз ба? Жайратамыз, жеңеміз ғой осы жыртқышты?

Ленин. ... Оған кепіл өздеріңнің ер кеудең! Біз жаңа көктемнің өзгеше өктем тасқынымыз... Ол тасқынның

ағысын бөгеймін деп жолына шөгіп жатқан қабандар бөгемек емес, бүктетіліп, талқан болып езілмек. Солай емес пе?

Ербол. Солай... Сөз жоқ, солай. Япыр-ай, жолдас Ленин, сондай жақын кеп, соншалық қуанттыңыз ғой. Мен, мен бір ғана көрмедім деп арман етуші едім!

Ербол мәз болып күліп жібереді. Осы кезде мұнар қоюланады. Сахнада ешкім көрінбейді. Аздан соң мұнар айырады. Ленин жоқ. Ербол алғашқы қалпында, ұйықтап отыр. Аздан соң ұйқысынан қатты күліп, қуана күліп оянады.

Ербол (*қуанып тұрып, ұмтылып*). Жолдастар, достар, біз жеңеміз. Жеңдік біз... достар...

Шаршен. } О не?.. Қалай?.. Не дейсін, Ербол?
Скиба. }

Ербол. Кейін айтам... Ленин Ильич өзі айтты, түсіме кірді.

Шаршен. Дегенің болсын, Ербол ботом.

Ербол. Ер қайратқа қол соғыстық, әкпел, Шаршен аға, Скиба! (*Қол алысады.*)

Шаршен. Әкпел!

Ербол. Нұрлан кегі, Звездов кегін есте тұттық, ер достар!

Шаршен. Ұмытпаспын.

Скиба. Есте тұттық!..

Ербол. Кәне, кәне, енді... (*Өз орнына отырады. Телефонмен.*) Командирлер, жолдастар... Бар батарея, бар жауынгер, әзірлен! (*Сахнада барлық қару маскировкасын алып әзірленеді. Команда.*) Дивизион, соғысқа!

Командир кетіп жатады.

Малышев (*аздан соң*). Шықты жаулар... Бар легі бізге қарай шықты, қатты келеді!

Ербол (*нысанада*). Келсін! Тақасын!

Малышев. Дивизионның сол жағына беттеді. Жаңағы самолеттер қонған жермен өтпек... Солай ағылды. Қалың селдей танктері... мотоколоннасы! Тақап қалды!

Ербол. Тақасын! Беттесін, бассын солай!

Скиба. Жолдас командир, келіп қалды ғой.

Шаршен. Атпаймыз ба, Ербол?

Малышев. Қеліп қалды... Өте бастады.

Скиба. Жолдас командир.., Өтіп барады ғой.

Ербол. Өтсін!

М а л ы ш е в. Ағындап барады... Өтіп барады...

Ш а р ш е н. Ербол, бұ қалай? Өтіп кетті ғой...

Е р б о л. Өтсін!..

М а л ы ш е в. Жаяулар да қаптады. Қалың елге айналды... Штаб машиналары да жедел келеді... Бөгеу жоқ, өтіп барады...

Е р б о л. Жә, жетті. (Команда.) Дивизион, соғысқа!

Бар маскировка жойылады.

Дивизион, бар батарея! Бар зеңбіректен, он снарядтан әзірлен! Бірінші, екінші батарея, жау танктарын тура байлап әзірлен! Үшінші батарея, мотоколоннаны шрапнельмен, әзірлен! Төртінші батарея, жау танктарын тура байлап әзірлен! Пулемет, мотоколоннаға семсер оқпен әзірлен! Дивизион, жау шабуылына флангадан залпен! Огонь! Бар батарея тағы да бес снарядтан... залпен! Пулемет! Штаб машиналарын тосқын оқпен! Огоны!

Тағы да сондай бір-екі команда. Қатты соғыс.

М а л ы ш е в. Ұйлықты жаулар... Біздің танктар, жаяу полктар қарсы ұмтылды. Тосын оттан жау реттері бұзылды. Тастады! Машиналарын тастады... Жаяу, жаяу қаптады. Бізге қарай лап берді!

Е р б о л. Пулемет, семсер оқпен... нысана үш жүз! Огонь! Дивизион! Барлық жауынгерлер! Бар командирлер... Тында, тында... Барлық дивизион, бетпе-бет соғысқа әзірлен! (Өзі атқып винтовка алады, ұшында қанжары бар. Барлық сахнадағы әскер солай қаруланған. Ербол командасы.) Дивизион, фашист дивизиясының командасына, штабына қарсы атақаға! Отан үшін, партия үшін соңымнан ер!.. (Екпінден ұмтылады.)

Сахнадан көп әскер жүгіріп өтіп жатады.

М а л ы ш е в. Көп зеңбіректің ойда жоқ жерден бойрай соққан қаһарлы оты жау құралдарын жайратып, жау командасын естен тандырды. Аржағынан, алдынан біздің танктар, жаяу полктар жапырып, тықсырып келеді... Бері серпкен қашқын топ... Команда, штаб тобы... Аржағынан ығысып, әлі бері серпуде! Алдынан Датов, Датов тобы айқасты! Қатты барып, өрттей лап берді. Қол алдында Датов... Шанышты, ұшырды. Тағы бірін. Барлық тобы Датовтың өзіндей өктем килікті... Жаулар қылыш, қылыш жұмсады. Жарқ-жүрк... шарт-шұрт кес-

кілес! Жаудың селдір тобын бөліп алды... Қамай соқты! Ұлықтар, офицерлер тобы... штаб! Қаша соғыспақ! Қамады. Күрсауға алды Датов... Аз кісісі қалса да Датов өктеп барады... Арғы қол басылды. Датов жолбарыстай ырғып кеп соқты шені үлкен бір офицерді... Жеңілді жаулар, қолдарын көтерді... Ортада қасқабас генерал! Бағынды!..

Датов конвойға алды! Бұл майдан, бұл жеңістің айлакер басшысы, қаһарман ері Датов, Датов Ербол бопшықты әзір!

Ербол (*аздан соң, телефонмен*). Рапорт қабыл етіңіз... Мен дивизион командирі лейтенант Датов. Ия, мен, жолдас генерал-лейтенант! Фашистердің имперский дивизиясының бар командованиесі, бар штабы, бастығы генерал Гольцтің өзімен тұтқын болды!.. Конвоймен штабыңызға жөнелтім! (*Тоқтап.*) Дұрыс, ия!.. Дивизион бар команда, бар құралдарымен шапшаң шабуылға әзір, жолдас генерал-лейтенант! (*Телефонды қойып.*) Дивизион! Дивизион, шабуылға!

Шымалдық.

ҮШІНШІ АКТ

Үшінші сурет

Тун. Брезенттен істелген ұзын палатка. Ол орталықта. Оң жақ шетте екінші палатка. Мұнда жаралы Нұрлан жатыр, басы-қолы ораулы. Бірінші палаткадан бинт оралған, емделген ауруларды әкетіп жатады. Назым жөнелтіп жатыр. Мұнда жалғыз ғана ауру қалады. Ол Звездов. Екі ауру да ауыр халде. Нұрланның қасында Ира отыр. Назым асығыс әзірлік жасап, үстегі әскер киімін тастап, ақ халат киіп жатыр. Столда спиртовкалар жанып, аспаптар қайнатылады. Простыня, орамалдар әкелініп жатыр. Назым қасында көмекші фельдшер-санитар жүр.

Назым (*Звездов қасына барып қайтып*). Бол!.. Тезірек, жарықты күшейт! Қан көп кетіп барады. Тездет! Жарық, жарықты молайт, санитарлар... жарық әпкел! Тез!

Фельдшер асығады, санитарлар жүгіріп жарық әкеледі.

Ира (*Назға жүгіріп кеп*). Наз!.. Тындашы, Наз! Майор Нұр әлсіреп барады, қан тыйылмай жатыр...

Назым. Мұнда да сондай, Ира... Қазір!
Ира. Майор сондай ерлік етіп еді, Наз!
Назым. Ира, түсінемін... Асықтырма, састырма
мені! Жауапты операция... Әкел!

Санитар, фельдшер Звездовқа қарай басады.

Ира. Наз, кешікпесе игі едік. Ол сондай қымбат жан
еді...

Назым. Ира... не дедің? Әкел... әкелші еңдеше.
Шапшаң, кәне, столға әкеліңдер.

Наз Нұрланды күтеді, солай баса береді. Ира асығып Нұрланға
ұмтылады. Бірақ, дәл осы шақта санитарлар мен фельдшер Звездов-
ты столға әкеліп қояды.

А-а! Әкеліп қойған ба? Ира!..

Ира бұрылып Звездовты көреді, амалсыз тоқырайды.

Назым (*көзінде үлкен көк көзілдірік, беті, мұрны
ғаңылған. Столға жақындап, шапшаң қимылдап*). Ира,
мыналар жетеді. Сен майорға, майор жанына бар. Сонда
бол, демін үздірме. Бар, сульфидин бер! Жүрегің, тамы-
рын бақ!

Қасында үш көмекшісі бар, шапшаң қозғалып қайшымен, лан-
цетпен, операция пышағымен кезек әрекет етіп, іштің операциясын
істей бастайды.

Ира (*Нұрлан жанында. Дәрі ішкізіп, аурудың жү-
регін тыңдап*). Қазір, қазір көмек жетеді... Қымбат
Нұр... Қазір...

Ербол шығады. Ираға қарай жүреді.

Ербол, тоқта! (*Қолын созып, отыр деп белгі береді.*)

Ербол (*ақырын басып тоқырап*). Жайлары қалай?
Жөнін айтшы, тымқұрса!..

Ира (*қасына кеп*). Белгісіз, халдері ауыр.

Ербол. Дәрігер не дейді? Наз не дейді? Қарады ма?

Ира. Звездовқа операция жасап жатыр. Мәлімсіз.

Ербол. Нұрланға ше?

Ира. Қазір, анау операцияны болысымен бұған да
істейді.

Ербол. Мынау Нұрлан ба? Есі қалай? Таныр ма
еді? Бір ғана... бір ауыз ғана хабар айтсам қайтеді?

И р а. Жоқ, Ербол! Доктор көрмей рұқсат жоқ. Залал келтіреміз...

Е р б о л. Жақсы хабар... Москва хабары еді, Ира?

И р а. Жоқ, Ербол, болмайды... Шабуылға кетіп ең ғой! Солай емес пе еді?

Е р б о л. Солай... Бір сағаттай қатты шабуыл жасап, үлкен іс қып келдік.

И р а. Аман бол, әрдайым сау бол, жаным Ербол!

Е р б о л. Ира, бауырым менің! Жаңа тынығуға қайт-тық та, әдейі осында асығып ем... япыр-ай...

И р а. Отыр, тос! Наз қазір шығады. *(Өзі орнына ба-рады.)*

Асығып Рубанов шығады.

Р у б а н о в. Доктор қайда?

И р а. Операцияда. *(Рубанов халат кие бастайды.)*

Р у б а н о в. Операция қайда?

И р а. Мұнда... Бірақ, сіз... сіз кім боласыз?

Р у б а н о в *(документін көрсетіп)*. Армия врачы профессор Рубанов! Әдейі операцияға, консультацияға келдім... Дивизия командирі генерал-лейтенант Потапенконың шақыртуымен көмекке келдім!

И р а. Ендеше, міне, кіріңіз...

Р у б а н о в *(кіріп, Назым қасына кеп, араласа бастап)*. Амансыз ба! Армия дәрігері, профессор Рубанов!

Н а з ы м. Келіңіз, ақыл қосыңыз. *(Өзі бұған қарамай жұмысын істеп жатады.)*

Р у б а н о в *(ақырын сөйлеп, ауру жөнін өзі сұрап, өзі жауап беріп жатып)*. Дұрыс... Батыр-ақ! Жақсы... Тамыры қалай? Дұрыс... Жүрегін бағу қажет. Қан... қан керек. *(Фельдшерге.)* Әзір ме? Ауыр операция! Батымырақ қимылдаңыз, доктор! Солай... солай! А-га! Әне, солай!

Н а з ы м. Оқ, міне!

Р у б а н о в. Бәсе, дұрыс, доктор!

Н а з ы м. Тағы бір оқ!..

Р у б а н о в. Жақсы... дұрыс. Енді таза. Тез, тез қан... қан жіберіңіз. *(Өзі көмектесіп қан құйысады.)* Жақсы, жақсы қабыл алынды. *(Аз тыныстан кейін.)* Бітті!

Н а з ы м. Түсіріңдер, төсекке апарыңдар! *(Өзі апарысып жатқызады. Ауру «уһ» дегендей.)*

З в е з д о в. Не болды?

Н а з ы м. Тыныш болыңыз... Жақсы, халіңіз жақсы...

Звездов. Операция қалай өтті?

Назым. Жақсы өтті... Оның белгісі осы сөйлеп жатқаныңыз. Ал, енді қозғалмай тыныш болыңыз.

Рубанов (*Назбен қол жуып жатып*). Доктор, мен сіздің операцияңызға қатты ырзамын... Ерлік те, шеберлік те тең болды. Ғафу етіңіз, сіз қай докторсыз?

Назым (*бетіндегі байлауын, көзілдірігін алады*). Есенсіз бе, профессор? Бердиева! (*Қол алысады*.)

Рубанов.. Бердиева! Ага, бүгін оқ астынан Звездовты алып шыққан сізсіз ғой! Генерал айтып еді! Жауынгер, ерлігіңіз, шебер еңбегіңіз қайырлы болсын! О-о, дұрыс, дұрыс... Осылай болу керек.

Ира (*жүгіріп кеп*). Наз... Жүрегі солғындап барады.

Назым. Тағы бір жауапты операция бар, профессор, көмек етіңіз. Асығыс! (*Екеуі шыға береді*.)

Ербол. Наз... Назым...

Назым. Ербол, жаным, асығыспын... (*Тез жүре береді*.)

Ербол (*асығып, ілесе жүріп отырып сөйлейді*). Сол жаралы адамға жалғыз жақсы хабар бар еді. Міне, Москвадан. Бір жұмадан бергі асқан ерлігі үшін 181-ші дивизион командирі майор Нұрлан Бектасовқа...

Назым. Нұрлан?.. Нұрлан... Бек... Бектасовқа?

Ербол. Ленин ордені берілген.

Назым. Нұрлан... Бектасов, ол қайда? Қайда қазір?

Ербол

Ира

}Е, эне... Анау майор сол емес пе?

Назым (*ұмтылып*). Нұрлан... жаным... (*Келе перевязкасын шешіп жатып*.) Нұр... дейді... Кім? Кім атады үйдеп? Нұрлан жаным! (*Рубанов екеуі төніп, қатты зер салып байыптап қарайды*.) Профессор, қатер ғой!

Рубанов. Қатер, қан біткен ғой... Кешігіппіз ғой!..

Назым. Қымбатты доктор, көмек етіңіз... Құтқарыңыз, кешігіппін, қайырып беріңіз маған бұл жанды... Қан, қан, шапшаң әкел!

Рубанов. Қан жібергеннен басқа шара жоқ. Мезгілі қазір емес, әлдеқашан өтіпті ғой. (*Қанды алып өзі құяды. Екеуі ерекше әрекет етеді*.) Есін жиса, аз уақыт ес жиса, о да сый ғой... Ауыр ғой... (*Өзіне*.) Әй, үмітсіз ғой. (*Тосып тұрысады*.)

Назым. Кішкене әл кірді.

Рубанов. Сізді таныды ғой. Жақынданызшы.

Назым. Нұрлан жаным!.. Мен Наз... Назың ғой.

Рубанов. Соңғы тынысымен бір нәрсе айтпақ сияқты. Сізді білді ме, әлде! Білуші ме еді?

Назым. Мені білуші еді... Жақсы білуші еді, профессор... Айтса екен...

Рубанов. Ендеше, осыдан басқа шара жоқ... Сіз тыңдаңыз сөзін... Мен керегіңізге өзір тұрам. *(Кейін кетеді.)*

Нұрлан *(жүзіне қадалып төніп отырған Назға әлсіз үнмен)*... Бармын ба?

Назым. Барсын, жаным, Нұрлан.

Нұрлан. Түсім бе?

Назым. Түсің емес. Қасыңда Наз... Назың сенің...

Нұрлан. Шын ба? Менің Назым ба?

Назым. Сенің Назың. Сақтап келді, жүрегімде сақтап келдім сені мен.

Нұрлан. Мен... мен де сақтап ем... Алғыс... Соңғы тынысыммен алғыс айтам... Рәші!.. Рәшім бар ма менің?

Назым. Бар... жақсы өсті... Сені сағынып еді, іздеп еді. Маған әкемді тап деп қарыз етіп еді. Мен сені таппаққа ант еткен ем... Жаным!..

Нұрлан. Ырзамын... Ендеше, тілегім... Назтайым, бар тілегім... балама, қызыма телеграмма соқшы! Әкесінің... табылған, сағынған әкесінің атынан, анасының атынан телеграмма соқшы... Әкең сені тапты деп соқшы. Уәде берші...

Назым. Орындаймын... Нұрлан қуатым! Бердім уәде!

Нұрлан. Бақыл бол! Қош... *(Әлсіреп барады.)*

Назым. Қаталдық, ақмақтығым болып еді, кеш мені, Нұрланым. *(Сүйеді.)*

Нұрлан. Кештім... сен... сен де кеш!

Наз жабысып сүйген күйінде Нұрлан үзіледі.

Бұл уақытта Рубанов Ербол, Ираларды алып кеткен.

Назым. Жаным!.. Жарым... Нұрланым!..

Өлген Нұрланның басын құшақтап алдына алып, қадалып, қатып отырып қалады. Сахнада қараңғылық қоюланады. Қоюлана барып меніреу кара түн түседі. Сахна жым-жырт. Тек оқтын-оқтын суық бір түннің жат бір күрсінісі сияктанып алыстан атылған зеңбіректің «у-у-ух!.. у-у-ух!»— деген үндері келеді. Ұзақ пауза. Түн өтіп, таң келеді. Айнала айқынданып аз-аздап көріне бастайды. Алғашқы бір

жааде, Нұрланның басын құшақтаған күйде Наз отыр. Таң атты. Үнсіз сарылып отырған Наздың осы бір түн ішінде қап-қара шашы тегіс аппақ боп, ағарып кеткен. Наз тапжылмайды. Аздан соң Рубанов, Ербол, Ира шығады.

Рубанов *(қалпағын алып, шіліп ұзақ қарап тұрып)*. Бақыл бол, жауынгер дос! *(Ерболдар бас киімін алады.)*

Ира *(Ерболға)*. Не болған? Назға не болған. Ербол? Неткен өзгеріс?

Ербол. Бір-ақ түнде бар шашы аппақ боп кеткен. Наз... Қасиетті Наз!

Рубанов та көрін қатты сес қылады.

Рубанов. Доктор, сіз кінәлы емес едіңіз ғой, емес едіңіз ғой?

Ира. Наз! Сүйікті Наз!.. Саған не болған, бар шашың аппақ қой? *(Нұрланның басын Наздың алдынан қозғап төсекке жатқызады.)*

Назым. Ира, тоқта!.. Тимеші!

Бірінші налатка алдында қозғалыс. Аздан соң дөңгелекті креслоға отырған Звездовты бір санитар алып келе жатады. Звездовтың басы, кеудесі ораулы.

Рубанов *(көріп, шошынып)*. Тоқта!.. Бұ не? Кім қозғады, кім рұқсат етті?

Назым *(жалт қарап, атып тұрып)*. Бұйткен кім? Сізге кім рұқсат етті? Ира!

Звездов. Ғафу етіңіздер, профессор, доктор! Кінәлы мен!

Назым. Сізге қозғалуға рұқсат жоқ, бұ не, бұл қатер сізге!

Звездов *(ажарлы үнмен)*. Рұқсат сұралмайтын сағат та болады, достар! Жақындатыңыз! *(Санитар Нұрланға жақындатады.)* Нұр! Қадірлі Нұр!.. Жай өмірде жан аямас жолдасым... Майданда жауынгер досым! Қош, Нұрлан бауырым! Бауырым менің. *(Еңкейіп маңдайынан ұзақ сүйеді.)* Отанының ері еді ол!..

Назым. Ол Отанының ері еді... Менің жарым еді... *(Барлық жұрт қатты қайран болады.)*

Звездов. Түсіндім... Шашың да ағарған... Түсіндім бәрін. *(Наздың шашына маңдайын иіп.)* Қарыздармын! Біріңнің өлімің, біріңнің қасиетті қайғың кек құйсын, кемімес кек құйсын біздің жүрекке. Қайта шы-

ғар!.. Шығаршы мені тез аспанға, қадірлі доктор, асыл Наз!..

Назым (оқшауырақ, өз-өзіне). Ақтық күшін Отан үшін... Ең ақырғы тынысың балаң үшін... Рәшім депсін!.. Еліңнің ер ұлы боп, балаңның аяулы әкесі боп өтіпсін!.. Рәшім, әкең сені тауып өтті... Сен қадір тұтарлық, сен ұмытпастық, сен мақтан етерлік асыл әке боп өттің. Сын сағатта биік қасиет тауып өттің, жаным Нұрлан!..

Шымылдык.

Төртінші сурет

Шахтаның бас инженері Ескендердің кабинетінде
Ескендер мен Рәш.

Ескендер. Өздерің үшін, үй үшін ешнәрсенің керекі жоқ па, Рәш?

Рәш. Жоқ, түк керек емес, Ескендер аға!

Ескендер. Керек болса айтып тұрмақпысың... Уәдеміз солай еді ғой?

Рәш. Әрине... Айттым ғой энеукүні!

Ескендер. А-а, рас... Әрдайым солай ет, Рәш!

Рәш. Бірақ қазір өзіміз үшін емес, форпост үшін аса қажет нәрселер бар.

Ескендер. Білем, противогаз ғой!

Рәш. Соны тауып бермедіңіз ғой, Ескендер аға... Мен хат жазайын деп ем... Ісіміз жақсы деп жазайын деп ем, мамаға.

Ескендер. Жаз, жақсы деп жаз, Рәш!

Рәш. Жақсы деп? Ол шын емес қой... Өтірік жаз дейсіз бе?

Ескендер. Жо-жоқ, өтірік айтпа!

Рәш. Ендеше шын айтып, Ескендер ағам біздің форпостың керегін тауып бермеді. Ісіміз нашар деп жазайын. (Күлкі.)

Ескендер. Рәш, сонау үлкен майданда, сондай алыстағы мамаға, Ескендер ағанды жаман қып көрсеткің келе ме? Тату емес пе ек?

Рәш. Татумыз... Тіпті доспыз, Ескендер аға...

Ескендер. Ендеше жазалау емес пе мынауың...

Рәш. Олай болса противогаз тауып беріңіз... өзіңіз!..

Ескендер. Үлкендерден босамай жатыр, Рәштай...
босасымен берейін. Бар керегінді жазып берші маған!
Рәш. Жазам, жазып берем, Ескендер аға!

Қаден, Марияш кіреді.

Қаден. Рәш, сен мұнда ма едің? Мен сені іздеп ем.

Рәш. Немене, жеңге?

Қаден. Ал, қазір үйге жүгір.

Марияш. Хат тасушы телеграмма әкеп, сені сұрап жүр!

Қаден. Мамаңнан келген ғой...

Рәш. Мамадан... Телеграмма!

Ескендер. Жүгір, шап үйге қарай! (Рәш жөнеледі.)
Хабарын айт маған... Рәш!

Рәш. Айтам, алып та келем... (Жүгіріп кетеді.)

Қаден. Жұрт қайда жиылады, Ескендер?

Ескендер. Әуелі осында келмек Асановтар.

Сәт, Тәнеке және бір топ шахтер кіреді.
Көбі шахтадан жаңа шыққан.

Кәне, не дейсіздер? Ең соңғы санын айтшы?

Сәт. Өзің не деп ойлайсың?

Асанов келеді.

Ерболдың кешегі радио білдірген ер қайратына әрбір ұядан ұшқан батыр бауырдай, әрі Қарағанды шахтерының ер жауабындай жауап айтамыз деп кетіп едік қой бұл топ. Не қып қайтты деп ойлайсыздар? (Ескендер мен Асановқа қарайды.)

Ескендер. Жаным-ау, осы... екпінің тәуір. (Қуанып.)
Ерболдың рекордына жеткен бар ма деп тұрмын-ау!

Бригадир. Жөн-ақ! Япыр-ай, салған жерден... Ия, кәне?

Асанов. Шын ба, өй, жігіттер!? Еркек өзіміз десеңдерші. Жә, бұл қайсысың, сондай мандайы жарылып, алдан кеп тұрған қайсысың?

Сәт. Өздерің жағалап, жамбастап табуға жақынсың-ау осы. Кәне, не білдіңдер?

Ескендер (ойланғандай). Өзі Отаз қорғау күніне арналған күн. Өзі Ербол қайратына қуана қимылдаған күн... Ендеше бүгін өрлегендер көп. Ал соның ішінде?..

Асанов. Ендеше, соның ішінде озып шыққан, озып шыққан?.. (Бәріне қарайды, күлкі.)

Ескендер. Өзі тіпті сыр бермейді, үн қатпайды ғой, ә! (Тәнекеге қадала береді.) Осы кәрі боздың...

Асанов (жарыса). Тәнекенің өзі ме? Өзі...

Ескендер. Бәсе... Дәл өзі... (Қолын алады.) Жә, рекордқа анық жеттің бе?

Тәнеке. Е, беттеген соң жетпей неге тоқтайын... (Барлығы құттықтайды.)

Дауыстар. Қайран, кәрі тарлан!

— Есіл, кәрі боз!..

Ескендер. Құтты болсын. Ендеше қазір Ербол мен Назға телеграмма соғамыз.

Асанов. Радиомен айтамыз, бұндағы ел-жұртының ер жауабын.

Сәт. Ендеше жетіп тоқтады демендер... Ербол рекордынан қарт қыран асып түсті. Бес тонна асыра түсіп, жаңа, жойқын рекорд қойды, 85 тонна бәйге болды деңдер... (Тағы қатты қуанысады. Отырысқан. Радио.)

Ескендер. А-а, жаңа хабар... Ерболдардан тағы хабар жоқ па екен?

Асанов. Қорытынды бар ма екен?

Сәт. Бәсе. Ерліктерін ұқтық қой. Енді үкімет қорытындысын есітсем екен!

Радио. СССР Ұлы Советі Президиумының Указы: СССР Ұлы Советі Президиумы Герман фашизміне қарсы соғыста командованиенің ерекше тапсырмасын ерлік, батырлықпен орындаған қайраты үшін Н. зенбірек дивизионының командирі лейтенант Датов Ербол Датовичке...

Дауыстар: Ербол!

— Ербол!

— Айналдым!

— Ақырын, тоқта!

Радио. Совет Одағының Геройы атағын беріп, Ленин орденімен, Алтын Жұлдыз медалімен сыйлауға қаулы етті.

СССР Ұлы Советі Президиумының председателі

М. Калинин.

СССР Ұлы Советі Президиумының секретары

А. Горкин.

Москва, Кремль.

Дауыстар. Ербол!

— Біздің Ербол!

— Асыл Ербол! Тоқта! Тағы бар! Т-с-с-с!

Радио. СССР Ұлы Советі Президиумының Указы
СССР Ұлы Советі Президиумы Герман фашизмімен
соғысқан майданда өзгеше ерлік көрсеткендері үшін тө-
мендегі жауынгерлерге, командирлерге және дәрігер,
санитар қайраткерлеріне үкіметтің жоғарғы дәрежелі
сыйын беруді қаулы етті.

Ленин ордені:

1. Майор Бектасов Нұрланға!
2. Майор Звездов Александр Егоровичке!

Жауынгер Қызыл Ту ордені:

1. Екінші ранг военврач Бердиева Назымға.
2. Старший сержант Бегешев Шаршенге.
3. Старший лейтенант Малышев Иван Семеновичке.
4. Кіші лейтенант Скиба Матвей Ивановичке.
5. Медсестра Светлова Ирина Яковлевнаға.

СССР Ұлы Советі Президиумының председателі

М. Калинин.

СССР Ұлы Советі Президиумының секретары

А. Горкин.

Москва, Кремль.

Радио тоқтайды. Назым, Ира аттары аталғанда тындап отырған жұрт қатты қуанған, таңырқаған. Бірақ бірін-бірі ыммен тоқыратып отырған жайларды көрсетіп еді.

Сәт (қуанып). Міне, айтпап па ем!

Асанов. Бәсе, кешегі ерлік эпизодтарды естігеннен осыны тосып ем... Ерлер!.. **Жауынгерлер!**

Марияш. Қалқам, садаған кетейін, қайным Ербол!
Тәнеке. Қалқаларым... ұл мен қыз туса өздеріндей тусын! Назым, алтыным!

Сәт. Ира ше?

Тәнеке. Өркені өссін оның да. Еркек осылар деп ем... Жүрерде де әншейін емес, оттай жанып, шоқтығы шығып кетіп еді тегіс.

Ескендер. Ел-жұртының намысын қолдарына шамшырақтай ұстап кетіп еді. Шіркін Ербол! Жаудың бүкіл бір дивизиясын талқан етуге себеп болған... Айла-сын айтсаңшы!

Бригадир. Неміс генералын қылыштасқан соғыста өз қолымен тұтқын еткен!

Қ а д е н. Қасымызда жүргенде қадірлеріңді білсекші, асылдарым-ай! Айналайын!..

Т ә н е к е. Менің рекордымнан тағы асты-ау мынау! Фашист офицерлерін лавадағы көмірдей атқан ғой штықпен!

А с а н о в. Ал, анау Бектасов Нұрлан... Нұрлан деді ғой... Ол кім болды?

Е с к е н д е р. Ол бәрінің командирі... Майор... өзгеше қайрат соныкі емес пе еді?

Қ а д е н. Әлі үш оқ тигенше, жарадар күйінде жауды жоятын ғой?

С ә т. Бектасов... Нұрлан... Бектасов!..

М а р и я ш. Назымды айтсаңшы... От астынан өзі алып шығып, өз емімен өлімнен алып қалған.

Т ә н е к е. Үш жерден оқ тигенше қайтпаған... Жа-ным-ау, от па бұл жүрек?

Қ а д е н. Соны айт... Соны құтқарған Ираның асылдығын айтсаңшы.

Т ә н е к е. Осыны... сол Бектасовты Наз қалай емдеді екен! Қалай құтқарды екен...

А с а н о в. Бәсе, соны айтпады-ау осы.

С ә т. Нұрлан... Бектасов!.. Білетіндерің бар ма осы адамды? (*Жұрт үндемейді.*) Япыр-ау, осы атты мен бір естіген едім. Жаңылмасам Наздың аузынан естіген сияқты едім. Көмескілеу бір айтқан сияқты еді. Қарағандыға соңғы рет қайтып келген күндерінде Наз осы атты бір атаған сияқты еді...

Е с к е н д е р. Кім болса да тек тірі қалсын! Тірі болса екен өзі...

Т ә н е к е. Қайран, асыл ер-ай... Кім де болса елдік сынын танытқан, ел мақтаны болатын ұл ғой.

Рәш жүгіріп кіреді. Қатты қуанышты. Үй іші тез жадырап қуаныса қарайды.

Р ә ш. Ескендер аға, рұқсат па?

Д а у ы с т а р. Кел! Кел, Рәш! Рұқсат... рұқсат.

Р ә ш (*Сәтке*). Мешайт етпейім бе?

С ә т. Қел... шапшаң кел, Рәшім! (*Қасына Рәш жүгіріп келгенде*). Немене, бір қуаныш хабарың бар ғой!.. Солай емес пе?

Р ә ш. Бар...

С ә т. Айт шапшаң.

Рәш. Бірақ, Сәт аға... (Айнала көптен ұялыңқырап іркілгендей.)

Сәт. Айт, кәне. (Рәш тоқырап, қысылыңқырап тұр.)
Ал, сен айтпасаң мен бұрын айтып қоям. Менің де саған айтар үлкен қуаныш хабарым бар.

Рәш. Рас па? Ендеше, сіз айта қойыңыз.

Сәт. Жоқ, әуелі өзің айт.

Рәш. Жоқ, сіз.

Сәт. Жоқ сен, өзің... (Күлкі.)

Рәш. Ыңғайсыздау ма, әлде? Бірақ, Сәт аға, Ескендер аға, өзім қуанған соң екеуіңізге де айтайын деп ем.

Асанов. Айт, Рәштай!

Рәш. Айтам... Ендеше, менің мамам папамды тауыпты. Білесіздер ме, мен оны сағынып ем, тап деп ем. Мамам да уәде беріп еді... Енді менің анам... менің әкем де бар. Олар... Олардың екеуінен маған, өзіме телеграмма келді. (Телеграмды қолына ұстап тұр.)

Асанов. О-о, зор қуаныш екен, Рәшім!

Сәт. Қуанышың әбден орынды... Сондайлық үлкен зор, зор шаттық... Құтты болсын, Рәш...

Рәш. Ал, Сәт аға, енді сіз... айтыңызшы...

Сәт. Айтам енді. Сенің маман, жақсы ер, маман майданда үлкен ерлік етіп, жауынгер Қызыл Ту орденін алыпты.

Рәш (ыршып, қуанып кетіп). Рас па? Не дейсіз, шын ба! Сәт аға!.. Асанов аға! (Асановты құшақтап алады.)

Асанов (бетінен сүйіп). Рас... рас, қайырлы болсын, көрдің бе, эне ананды...

Сәт. Әнеки, сен қандай ананың қызысын.

Рәш, Мама милая... родная мамочка!

Осы уақытта Сәтке бір телеграмма келеді.

Сәт (телеграмды қолына ұстап, ашпай тұрып Рәшке.) Айтпақшы, сенің папаның аты қалай еді осы, Рәш?

Рәш. Менің папам аты Нұрлан... Нұрлан Бектасов! (Үйдегілер тегіс.) Нұрлан?.. Бектасов? Нұрлан?..

Сәт (Рәштағы телеграмды қарап шығып). Нұрлан! Рас... Ия... (Өз телеграмын қарап, тез өзгеріп, тағы қарап шығып, күрсінеді. Асановқа береді.)

Қаден. Нұрлан? Е-е, жанағы, япыр-ай! (Дей бергенде.)

Сәт (Қаденге). Тоқта, Қаден! (Рәшті бауырына қысып, шашынан сүйіп.) Ал, Рәш... Сол енді.

Рәш. Сол... Болды... Мен кетем.

Ескендер. Жарайды, Рәш! Ал, бағана айтқан керегінді, бар керегінді бүгін айт, Рәш! (Екеуі оңашалана береді.)

Рәш. Жақсы, ондай болса... Бірақ сіздерде жұмыс бар ғой... Қазір бөгемеймін. Екі сағаттан соң тізім жасайын да өзіңізге келейін, жарай ма, Ескендер... Ескендер аға!

Ескендер. Жарайды, Рәш. (Құшақтап арқаға қағады.)

Рәш. А, білесіз бе, Ескендер аға! (Тоқырайды.)

Ескендер. О не, Рәш? Айтшы!

Рәш. Қазір мен сізді бұрынғыдан да жақсы жақын аға көремін.

Ескендер. Қазір ғана ма, Рәш-ау? Бұрын ше?

Рәш. Шын айтайын... Бұрын ондай емес едім... Білмеймін... Бұрын әлденеге сізден мен бір жақтан қорқушы едім... Ал, қазір тыныш боп тұрмын... Сондай! Әлде мен ақмақшылық сөз сөйледім бе? Білмеймін...

Ескендер. Жок, Рәш, жақсы сөз сөйледің, шыншыл болған жақсы. Соның үшін мен қайта бетіңнен сүйемін. (Сүйеді.) Ақылды Рәш!

Рәш. Ну, ендеше, жақсы дос болдық, Ескендер аға!

Ескендер. Күп, Рәш! (Рәш жүгіріп кетеді. Үйдегілер үнсіз отырып қалған.)

Сәт (Асановтың қолындағы телеграмды алып). Көрдіндер ме, мынаны? Жаңа Рәш тұрғанда мына бір телеграмма жетті. Бұл Наздан! Нұрланды тауып ем, бірақ Нұрлан қайтыс болды. Қолымнан жөнелттім... Тек Рәш білмесе екен депті... өтініпті...

Дауыстар. Қайтыс бопты? Нұрлан!..

Жұрт жым-жырт.

Сәт (үлкен ойда сияқты). Бұл не? Не дейді бұл күй? Не дейді бұл құрбандық! Жаңағы бала... Біздің ғазиз бала... Соның жүрегінде тулаған қуаныш, соның көзінде жанған үміт от, бір сол бала емес, бар баламызды, тіпті келер нәсілімізді ойлатпай ма? Бүгінгі қайрат күтер ересек буын бұнда болайық, майданда болайық, қандай сын да тұрмыз біз? Кеше осы күнді адал қанымен әперіп кет-

кен әкелер алдында не дер екі.. Жаңағы өзгеше боп жайнап келе жатқан өмір гүлі алдында не дерміз? Осы міндет алдындағы біреудің тыныштығы... біреудің өзімшіл күйбеңі — жиып келгенде бәрі де жабық көңіл жадысы — күл болсын демес пе ең, соның бәрін де? Өлген ер ғана емес, тіпті сол майданда тірі жүрген азамат анау Ербол, анау Наздың жүзін көруге ұялмасам екен тек... Еңбегім мен тірлігім енді сонда ғана демесем нем азамат енді.

Пауза

Ескендер (*шұғыл жылап жібереді, жұрт ішінен «өй, бұның не?» дескен үндер шығады*). Жоқ!.. Жоқ!.. Орынсыз бір жас! Жай бір ұйтқын. Жас керек емес... Бір тамшы жас керек емес. Серпін өзгеше серпін... Қарағанды, Қарағанды болғалы көрмеген ел Отан алдында ер қарызын ақтарлық бір қайрат табайық-та... Отанның вахтасын бетке алып, биік белге басайықшы бәріміз...

Тәнеке. Соны айт, соны тап... Сөз қысқа! Ер басы екі нормадан асырдық, ел мақтады деп отырмайық, тағы өрлейік, тек жолын айтшы!

Бригадир. Жан аямас жалынды біздің білегіміз әлі де асқындатып ата алады.

Қадең. Шахтерлер жиылды әне... Соны айтшы бізге...

Асанов. Айтатын сөзді біреу ауызға салмай-ақ біздің жұрттың өз жүрегі нұсқайды бүгін! Адам сапасын сын ашып отыр бүгін. Алтын ана қойнындай ұлы ұяна туған сын сағат, қатал күн, қатер күн ашып отыр. Кеңшілікте ет пен терінің арасындай бергі жерде жүретін ұсақ тілек, мардымсыз машық, күйкі көңіл — баршасын сол күн жуып-шайып әкетті де, енді биік қасиетті бөлек адам... Ұлы адам шықты, міне дәл осы күнде... біртіндеп шыққан жоқ, миллиондап шықты отаннан. Ол адам майданда ғана емес, осында да отыр... Тұр әне тегіс жиында... Жүріңдер, сендер ата деген серпінді қазір соның бірінен емес, бәрінен есітесің... Ойға алмаған өрді алғанның көресің қазір!

Бригадир. Қарағанды кенінің бар шахтасын бастайтын, бәріне үлгі тастайтын іс атайық!

ІІ-бригадир. Жалғыз Қарағанды кені емес, бар Қарағанды облысы, анау Балқаш, анау Жезқазған, барлық осы облыс өндірістерін тегіс өктем іске шақырайық!

Тәнеке. Жоқ, ендеше Қарағанды облысы ғана емес, бар Қазақстанның қорғасынды Лениногорын, қорғасынды Шымкентін, мұнайлы Ақтөбесін, алтынды Алтайын, бар-бар ұлы өндірісті өлкесін түгел шарқ ұруға шақырдық!.. Жүр!

Сәт. Жүр! Сын сағатта ер өнері іркілмей сарапқа түссін шарқ ұра! Жүр, шахтерлерге!..

Асанов. Жүр, халыққа!..

Ш ы м ы л д ы қ.

СОҢЫ

ҚАРА ҚЫПШАҚ ҚОБЛАНДЫ

*Төрт актылы, сегіз суретті
дастан-драма*

ҚАТЫСУШЫ АДАМДАР:

Қобланды — жас батыр, руы Қара Қыпшақ, 20 жаста.

Қортқа — қалыңдығы, жады кемпір Көкланның тұтқынында өскен Қыпшақ қызы.

Қарлығаш — қарындасы.

Аналық — шешесі.

Тоқтарбай — әкесі.

Қараман — құрдасы, Қият руынан.

Шуақ — Қыпшақтың жас батыры.

Көбікті — Қызылбастың хан батыры, Қыпшақ жауларының басы.

Қазан — Көбіктінің батыр серігі, әрі батыр, әрі әмірші.

Алшағыр — бұ да сондай батыр, әмірші.

Көклан — жады кемпір, Көбіктінің досы.

Қарлыға — Көбіктінің қызы.

Бірсімбай — Көбіктінің батыр баласы.

Күнікей — Бірсімбайдың қалыңдығы, Алшағырдың қарындасы.

I - қолбасы

II - қолбасы

III - қолбасы

} Қыпшақтың қолбасы батырлары,

Жасауылдар, қыз-келіншек, құлдар.

БІРІНШІ АКТ

Бірінші сурет

Ат керт етіп шөп жемес, ер қылқ етіп су ішпес, арқар баспас азаптың жері. Тас шақаттың арасы. Тылсымменен тас боп қалған алып батырлардың бейнесіндей болып, бөтен ренді серек тастар үңілісіп тұр.

Көклан (қара тастың басында жалғыз отыр. Құрыса түсіп бүрісіп, жып буғандай селк етіп, бұрқ-сарқ етіп қояды).

Зу-зу-зу! Арзу, арзу!
Қанды қақпан, қанды қақпан,
Қанды басы тартқан-ды.
Аяусыз ажал мен баққан
Күші бетер көп қаптан
Айласы бетер аярдан (*қарап*)
Кім? Кім? Кім басад
Көк Көклан жеріне?
Тас қорғаны тылсымдай,
Тас қамауы қарғыстай,
Кім? Кім? Кім келед,
Көк Көклан шебіне?

Айбар шеккендей атып тұрып, тесіле қарайды.
Қобланды, Қараман шығады.

Қобланды

Мен, мен келем, Қыпшақ ұлы Қоблан!
Бетті түзеп көгіме!

Көклан

Қастың ұлы Қоблан?!

Түнілдің бе жаныңнан!

Зу, зу! Арзу, арзу!

Қ а р а м а н (*қорқып Қобланға*)

Қайрақан! Азапқа жерік өлермен

Қандай ғана сор қуып,

Қай пәлеге жолықтың?

К ө к л а н

Күдіретімде қан құның

Құтырта соққан құйын мен

Ұшырсам ба құм қылып,

Құй түбіне лақтырып

Құртсам қайттің қоңыз қып?

Қ а р а м а н

Құрығанда шыбын жан

Осы ма әлде қан жұтқан

Жады кемпір Көклян?!

Қ о б л а н д ы

Қор болып қозғап жынымды (*Қараманға*)

Тый, шығарма үніңді! (*Көклянға*)

Жолында өлер ер кектің

Есемді қуып кеп жеттім.

Жаулығың асқан жәдігөй

Жынынды қағар еркекпін.

Таудай көрген тас қорған

Талқан етіп көрмекпін

Ашып кірмей қақпанды

Ашумен кеп мен тептім.

Айласызға аяр боп

Асыпсың ғой әліңнен.

Құлатып бақ басыма

Долы Көклян аспанды.

К ө к л а н (*секіріп түседі, ұшқан қара құстай*)

Зу-зу, арзу, арзу!

Тастар зуылдайды.

Қ о б л а н д ы

Бақ, күшіме бағып көр!

(*Қылышымен қара тасты қақ бөледі. Зуыл басылады.*)

Жеткен болсаң көк долы

Шашты шайтан боларсың.

Затың сенің сонда да

Түннен туған қара жын

Түнекте жасар албасты.

Затым менің күн болад,
Көріптедің жеңгенін
Күндей жалын оты бар
Күннен туған алмасты?

Көк л а н

Құл Қыпшақтың баласы
Кімге шеккен айбарын?
Аш көзіңді! Көкланның артында
Қызылбастың жері бар,
Көбіктідей белі бар.

Қ о б л а н д ы

Жеткіз жеміт ханына,
Қыпшағымның кегі бар.
Кектің туын көтерген
Бүгін Қоблан ері бар.

Көк л а н

Кек? Кімнің кегі?

Қ о б л а н д ы

Ежелгі жау езгісін
Көре-көре күнренген
Еңсесі түскен ел кегі.
Көбіктіден көргенді, қайыармын өзіне
Тоғыздан тартып сыбаға!
Бүгін кәрім түйгенім
Сенсің Көклан!
Көр ажалдың басына
Ақ алмас боп шүйгенін...
(Қылышын сермейді, Көклан сескенеді)

Көк л а н

Тарт, ала құйын аңғал жас,
Асылға асыл сермемес.
Қара қылыш қолында,
Қаһарыма тең келмес.

Қ о б л а н д ы (тап беріп)

Өшір, жәдігөй, үніңді,

Көк л а н

Қақ бөлермін, қу қақпас!
Не кегің бар бұл жерде?

Қ о б л а н д ы

Ұлын құл ғып, қызын күн
Қақсатып болған Қызылбас
Мен жеткенше елімді.
Қамауында қырық қыз бар

- Шығар бәрін азат қып.
 Апа, құрбы, қарындас,
 Қуа келдім кегімді.
 Босат қазір көзімше!
- Көк л а н (*сақ-сақ күліп*)
 Қыз деймісің? Күн деймісің?
- Қ о б л а н д ы
 Монтансыма, танып көр,
 Жоқ деп көрші, тұтқын Қыпшақ қыздарын?
- Көк л а н
 Бар қыздары, Қыпшақ қызы.
- Қ о б л а н д ы
 Шығар шапшаң соларды,
 Азап шеккен баурымды,
 Азат ете мен келгем.
- Көк л а н
 Қыз деймісің, қайғылы қыз деймісің?
 Қайғысыз болса нетерсің?
 Сары алтынға бөленіп, қарқ боп тұрса нетерсің?
- Қ о б л а н д ы
 Шығар Қыпшақ қыздарын
 Бетіне түскен таңбадан
 Көрем күндік ызғарын.
- Көк л а н
 Көр, көре ғой, күндік сондай сор мекен?
 (*Алақанын қағады.*)

Жартас жарқ етіп, от төккендей болады. Аздаған жарық түскен жартас енді көрінеді. Төменгі тұстары тас бағаналармен безендірілген. Бұтқа табынған елдің құдай-перілерінің тастан ойған суреттері бар. Қалың қырлы кәрі үңгір. Осындай жат дүниенің арасында, ақ сәуленің ішінде ай шырайлы ботакөз Қортқа шығып қарап тұр, артында қыз нөкерлері.

- Қ о б л а н д ы (*қыз шұғыласына елтігендей*)
 Тәңір ием, зор атың,
 Жад етіп жаққан шам-шырақ!..
 Шұғыласы қандай ед?!
 Нұр қызы ма көргенім
 Тегі, жөні қайдан ед?
- Көк л а н
 Тегі Қыпшақ, қыз Қыпшақ!
 Көріне ме көзіңе
 Қорлық кешкен жанға ұқсап?

Қобланды (енді қысылғандай)
Жок, жоқ... Қорлық жүзі бұл болса,
Бақтың жүзі не болмақ?..
Ұрындым ба аңдамай?..
... Әлде аярлық болар ма? (Қортқаға)
Айтшы, асыл зат тегінді,
Шын затың ба ел Қыпшақ?

Қортқа
Аярлық жоқ, шын еді,
Шыны затым сол Қыпшақ...

Көклан
Көрсін сенің көр көзін
Хан қызындай қастерлі,
Есіттің бе өз сөзін?
Жоқшы боямай бұларға,
Жалшы болсаң жеткенің...

Қобланды
Асау жолын адастырған шақ екен,
Жылағанды іздесем
Жетіскенге тап екем...
Аямасқа суырған
Ақ семсерді адасып
Айға білеп жүр екем.
Айып етпе ай сұлу
Мен келместей жол екен... (кетпекке айналады)

Көклан
Бар жолыңмен жер болып
Аяқ асты Қыпшақтың
Алғаш көрген кебі емес
Сен де жөнел қор болып.

Қобланды
Көрдім қаза, шектім жаза жолымнан
Ай жүзді аяш тегімді
Жатқа беріп қолымнан... (Кете береді.)

Қортқа
Тегінді... Жатқа беріп қолымнан?
Ері ме әлде елімнің
Іздеп келген соңымнан...
Тоқта, батыр, дәт тыңда! (Қобланды тоқтайды.)
Адаспаған боларсың
Аяулысы елімнің
Армандасым боларсың.

Көк л а н

Тый тілінді, қыз Қортқа,
Армандасың ол емес.
Мен өсірген ұяда,
Мен қорғаған қияға
Қыпшақ басар жол емес,
Шығарма қайтып үнінді!..

Қ о б л а н д ы

Тоқтат, жәдігөй, зілінді,
Айт, бауырым, сырынды.

Көк л а н

Айтпа! Тыйдым тілінді. *(Ұмтыла береді.)*

Қ о б л а н д ы *(сапысымен Көккланның жолын тосып,
тоқтата беріп.)*

Жоғал көзден, ойран асыр салармын
Шерлі бауыр жолына.
Қыршын жасын қиярмын
Бар Қызылбас жабылсаң
Жайыңды өзім табармын.

Көк л а н

Ей, Қыпшақтың қыршыны,
Сертім менің өртпен тең.
Көбіктіден көрерсің
Асау, асқақ сөзіңнің
Өзінді ордан тосқанын?!
Жоғал, Қортқа, бұл жерден!..

Қ о б л а н д ы

Тыйып байқа, айтпағын
Талқан етіп шабармын,
Тостым сенің сертіңді!
Менің сертім әділ семсер жүзінде.
Арбар болсаң аруды
Басыңды сәтте қағармын.
Айт, арманың асыл зат!

Қ о р т қ а

Қамауда өскен күн көрмей,
Қапалық басқан жайым бар.
Айналамды қоршаған
Бала жүрек мұздатқан,
Қаскөй дүние жайындар...
Тек жасытпас жастығым!
Еркімді алған қапастар
Есімді алған жоқ еді.

Арман, қиял досым бар,
Азаттық тосқан мұңым бар,
Түн аспаны түнеріп
Тұрсадағы басымда,
Менің де күткен айым бар!

Қ о б л а н д ы

Ерте ойламай қамыңды,
Аңғырт бойда өтіппін!
Тас қияны қақ жарып,
Ерте тапсам нетуші ед?
Айыптымын, құрбыжан,
Зарықтырып сендерді
Көп кешігіп жетіппін.

Қ о р т қ а

Қысылмаңыз, Қобланды,
Айып деген ойда жоқ.
Көргенімнің өзіне
Көп шүкірлік етемін,
Монтаны мінез бойда жоқ.

Қ о б л а н д ы

Ай шырайлы аяш-ай,
Арман деген ащы зар.
Тілің ғана айтқан жоқ
Шарпығандай сездім-ау
Жүрегіннің лебінен
Тосқан айын оралып,
Аяғыңа бас иіп
Тәу етсе де болмай ма,
Сендей жардың «құтқар» деп
Жалғыз айтқан демінен!
Адал күшім ақ жолыңа арналсын.
Азат етпес мен болсам
Жас өмірім тең болсын
Тірідей кірем көріммен.

Қ о р т қ а

Арманым жоқ өлсемдағы бұл сәтте
Елім, белім бар екенсің!
Өшті деп ем, зар шегіп ем тыналмай,
Ел намысы бар екенсің.
Ерді ырғытқан бұландай
Тәңір ием арманыма басшым бол!

К ө к л а н (*тулап*)

Күркірей соғар күндей боп

Кие соғар жауынды
Көк Көбікті қайдасың?
Қара құйрық Қобланды
Қанға тоймас қан шелек,
Кәрлі Казан қайдасың!
Алпыс екі айлалы
Тарғыл ала жолбарыс,
Талмай үдер тарланым
Ал, Алшағыр, қайдасың?
Тап, тап мынау жауынның
Тап үдетпей айласың! (Орғы жөнеледі.)

Қ о р т қ а

Ашылмаған ұяң сыр
Ашылса менен әсте-әсте,
Айтылмаған арлы сөз
Айтылса мекен әсте-әсте?

Қ о б л а н д ы

Бала өмірде бар көрген
Жан жарығым біреу-ақ.
Десед жалғыз осы шақ
Өзі қалар бір есте...

Қ о р т қ а

Толықсыған айымды
Талай суық тұл кеште
Күтсемдағы зарығып
Жаңа көрдім десем бе?

Қ о б л а н д ы

Уа, жарығым, ынтызар
Тұтқыныңмын мен сенің,
Жатым сенсің десед де...

Қортқа екеуі бір-біріне піліп жақындай береді. Бағанадан бағып қарап тұрған Қараман енді тап беріп, арадан кеп тұра қалады.

Қ а р а м а н

Тоқта былай, түр әрі. (Қобландыға.)
Қайда, қайда барасың?
Қайрыла кет артыңа...
Не деп түр сірә мына қар!

Қ о р т қ а (шошып) Қар?

Қ о б л а н д ы. Қараман?!

Қ а р а м а н. Болды, тоқта, тыңдамаймын сөзіңді. Қу шақаттың ішінде жадысы мен жәдігөйі жайлаған жерде

дос шықпақ па, қас шықпай. Ай шырайлы аяш па, жоқ сынықсып тұрған аяр ма? Қай сырын білдің бұл қатынның?

Қ о р т қ а. Қатынның?! Мен бе қатын дегенің?!

Қ а р а м а н. Сен... Сен!..

Қ о р т қ а

Неткен сұмдық, не көрдім?

Сағынып көрген нұр күнім,

Өртеп кетер от па едің? (*Жылап жібереді.*)

Қ о б л а н д ы. Айналайын аяш-ай! (*Қараманға*).
Қойшы, құрдас, қинама. Қинама, тілек еттім барымша...

Қ а р а м а н. Жоқ, былай тұр. Сынамай алғызушы ма ем мен саған. Танымастан жалп етіп ұйыған несі тал бойы... Бізді жаңа көкдолы кәрімен алмақ болған. Енді, сені сұлу жылан зәрімен алса қайтемін? Айдаһардың тіліндей, тіліп өтсе білінбес, ынтызардың тілімен алса қайтемін?

Қ о б л а н д ы. Өлсем арман етпейін, қойшы батыр, құрдасым?

Қ о р т қ а. Қоятұғын не қалды? Біттің бе сен келместен. Қош, қош енді сендағы, әлсіз, жалғыз үмітім!

Қ о б л а н д ы. Налымашы, құрбыжан, ол құрдасым еді. Құрдас тілі зәр еді. Әдейі айтад сондықтан. Қараман, қинама енді! Қажаман енді шыдамымды!

Қ а р а м а н (*Қортқаға*). Шыныңды айт та, жөіңді айт. Өзім тергеп шығамын. Майыспа да бұралма, өйтіп сиқыр маған жүрмейді. Дарымайтын ермін мен. Жә, Қыпшақ сенің аузыңда бұрыннан бар ма еді, жоқ бүгін күсті ме? Бұрыннан елім деп жалын атқан болсаң мынау тотыдай түрің не? Мынау хан қызындай құрметің не? Не серт, не мінезбен жеттің бұған? Күткенің жоқ па басқадан? Айт маған бар шыныңды.

Қ о р т қ а (*қайғылы*). Улы жылан ордасында жаңсақ шыққан бір гүлмін мен. Жат десе де, жау десе де біреуді жалындай түсіп ынтығып, көрсем дерім сол еді... Көптен бері бұл жердің шошып айтар, кектеніп айтар бір жауы бар. Жана жеткен жас пері деуші еді. Сол еді менің тосқаным. Сондайым еді Қобланды. Әсіресе асыға күтіп едім бұл кезде... Қазан менен Алшағыр екі жақтан қызықты, қызығумен таласты. Біреуіне бермек боп бағып отыр Көклан. Өз жүрегім солардан жеркенумен безіп еді. Қос бүйірден қабатын қос бөрідей көруші ем. Ке-

регі не, не дейін?! Арман алыс, өткел жоқ. Қестіңіз ғой келер деген бақ жолын.

Қ о б л а н д ы. Жетті ғой, жалған болды ғой, қинама енді, қинамашы, Қараман.

Қ а р а м а н. Токтат деймін, тергеймін. *(Қортқаға)*
Шын күткенің бұл болса, айғағың бар ма тымқұрса?

Қ о р т қ а. Айғағым деп нені айтам? Арман алыс болған соң тымқұрмаса қиялда алданышым болсын деп, келер ием достығымды көрсін деп, күн көзіне көрсетпей, жел лебіне қақтырмай, құлынынан өсірген Тайбурылдай тұлпарым бар еді. Үстіндегі қаруын, оқ өтпес те, кәр өтпес батыр киер сауытын, бәрін өзім бектеп ем... Сенер болса көңліңіз бір кепілім сол дер ем.

Қ а р а м а н. Көрсетші сол тұлпарды!

Қортқа артына қарай қозғалып екі алақанын қағып қалады. Сыры қалың, көрі үңгірдің бір бұрышы жарқ етіп, ашыла береді. Көк тұлпардың басы көрінеді, үстінде әбзәл ер-тұрман, бойында ердің қалқаны мен сауыты, сапысы мен найзасы тұр. Қобланды мен Қараман ынтық бола қарайды.

Қ о р т қ а *(Тайбурылдың үстінен сапы мен найзаны әкеп Қобландыға ұсынады. Сауытын әкеп кигізе береді)*.

Танды таңға ұрғызған
Ақ еді ғой арманым!
Тәңір ием жар болса
Ақ сауыттың көзінен
Жау жарасы дарымас.
Қайда жүрсең аман жүр
Барым өзің алғаным...

Қ о б л а н д ы

Ақ шырайлы аяшым,
Бойындағы қасиет.

Ш ы м ы л д ы қ.

Екінші сурет

Ханның ханы зор Көбікті ордасы. Кент қоңырауы қағылып, даңғаза боп ұрып тұр. Қара құлдар жүйткіп жүр. Орда бүгін қонақ жүтеді. Құл, нөкері қоршаған батыр Қазан шығады. Алып батыр кер асқак. Кісі басындай екі шойын шоқпарды асықтай атып ойнап келеді. Алдынан орда бегі шығып қарсы алады.

Орда бегі

Сұлтаным сүйген батыры
Қадірлі қонақ Қазанның
Құтты болсын қадамы.

Қазан

Әміріңе сәтте әзір
Бұйрығымен кеп тұрған
Батыр, сұлтан Қазаны, кеке!
Ордада ма ер нем?

Орда бегі

Аңға шыққан шағы еді,
Оралса керек тезінен. *(Кетеді.)*

Қазан

Кеке! Кеке! Кекке-ке! Кекке-ке!

Өз құлдарының қолына шоқпарларын тастай береді. Әр шоқпарын бес-алты құл тәлтіректеп зорға көтеріп апарып, анадайға қояды.

(Қазан өз нөкерлеріне.)

Көз алмасын, көздесін
Оқыс келіп қалмасын!
Көбіктідей көк ауру
Хан сұлтанның мықтысы,
Кінәшілдің кектісі
Тәу етіп күтіп алмасаң,
Келіп пәле салмасын!

Құлдар құп болады дегендей айнала тарасады.

(Қазан ырғалып отырып.)

Кекке! Кекке-ке! Кекке-ке!

Нөкер *(жетіп келіп)*

Алдияр сұлтандардың сұлтаны,
Көк пілге мінген Көбікті
Келіп жетті, таксырым...

Қазан *(қолбағ етіп тұра беріп)*

Көбікті! Сұлтандардың сұлтаны

Ханның ханы Көбікті...
Қасында кім бар нөкерден?

Н ө к е р

Бекзадасы Бірсімбай,
Ханзадасы Қарлыға
Қасына ерген ұл-қызы...

Қ а з а н *(бойын тарап, қылықсып)*

Ханзадасы Қарлыға! Кекке! Кекке-ке!
Қасым деуге қимайтын,
Досым деуге сыймайтын,
Қарақ суын тілесем
Мазақ егіп қыз сайқал,
Зәрдің суын іш дер ең Кекел!
Тағы кім бар қасында?

Н ө к е р

Алдияр! Ақ пілге мінген айдынды
Алшағыр бар бір бөлек!

Қ а з а н

Нөкерді ауызға қойып қалып, шалқасынан түсіріп, кеудесін ба-
сып тұр.

Жап аузынды жалп етек,
Жалынып өскен жаппар құл!
Қоблан, Қазан тұрғанда
Алшағыр ма ері айдынды!

Н ө к е р *(аяғының астында жатып)*

Алдияр тақсыр, жаздым мен,
Айдынды емес Алшағыр...

Қ а з а н *(өз кісілеріне бұйрық етіп)*

Шығар Қыпшақ тұтқынын! *(Нөкер белгі етеді.)*

Тұтқынды кескекпенен тіркестіріп алып шығысады.

Ханның ханы Көбікті
Көк пілінен түсерде
Көк күмбезге кірерде
Көлденең тартып бауыздап
Хан жолына шалыңдар!
Қазан тартқан сыйы деп,
Оң шырайын алыңдар!
(Тұтқындарды алып кетеді.)

Қарбаласқан әбігер. Қазан бір отырып, бір тұрып, аюдай қолбаң
етіп, өзін өзі бұйірден қойып қалады.

Көбіктіден күшті емес
Қарлығадан қаймыққан
Ит кеудені не дейін?

Көп шам жағылып, күмбез сырты жалт етеді. Көк пілдің басы көрінеді. Піл үстіне орнатқан жібек шатыр ішінен Қарлыға, Бірсім-бай түседі. Кенет қонырауы қаңғырлап, бай орданын бәйтебетіндей үріп тұр. Келгендер орда ішіне кіре береді. Алшағыр кіреді.

Қ а з а н

Кекке! Хан шақырып кеп тұрмын,

А л ш а ғ ы р

Мені де хан шақыртқан.

Қ а з а н

Қандай жарлық еткендей?

А л ш а ғ ы р

Аттан демек жауына.

Қ а з а н

Қімге?

А л ш а ғ ы р

Білмедім әзір жау бетін.

Қ а з а н

Аттан дей ме, Қазанға, Алшағырмен қосыла?
Кекке!

А л ш а ғ ы р (күліп)

Қосыл десе қомсынбақпең Алшағырды, ер
Қазан?

Қ а з а н

Кекке, кекке-ке! Қомсынбасам кексінем!
Бақ таласым, тайталасым
Алмаймын мен сен көрсетер көмекті.

А л ш а ғ ы р

Бақ таласым? Қыз таласым десеңші,
Майдан ортақ емеспед? (Күледі.)

Қ а з а н

Ертпеймін мен майданға
Егесін қоймас күндесті. Кекке!
Тыйылдың ба қыз Қортқаға таластан?
Тыйылдың ба Қарлығаға таластан?

А л ш а ғ ы р

Тыйылғам жоқ, күйгеніңмен, ер Қазан...

Қ а з а н (қайнап кетіп)

Кеке. Кекке-ке!
Жауым болсаң нетушед?

А л ш а ғ ы р

Жауың болсам әлдеқашан аяннан
Екі ару да кетушеді!

Қ а з а н

Сені тандап кетермед?

А л ш а ғ ы р

Өртеніп өлер болсаң да,
Ер Қазанды қор Қазан қып кетер ед... (Күледі.)

Қ а з а н (сапысын ұстай алып)

Қайнатпа менің қанымды.
Алшағыр (саспай сапысын ұстап)
Қайнамақтан төксең мейлің қаныңды.

Қ а з а н

Кел былай! Кекке!

А л ш а ғ ы р (саспай)

Келсең кел!

Бірсімбай, Қарлыға шығады.

Б і р с і м б а й

Тарт семсерді! (Екі батыр еріксіз тоқтасады.)
Хан тағының алдында, қай тағылық бұл дүлей?
(Бірсімбай екеуін де түсінгендей.)

Таныдым ба түрлерін...
Тағы да ескі талас па?
Сол қу талас тозбас па?

А л ш а ғ ы р

Алдияр бекзадам, қоятұғын Қазан ба?

Қ а з а н

Кекке! Қарындасын Алшағыр,
Берер бопты өз басына бекзадам,
Қара ордаға қол артыпты жетпес пе?
Тағы туыс кезегін мен алмастан бұл алса
Ішімде кек кетпес пе? Кеке, Кекке-ке!

Б і р с і м б а й

Қызыққанын қуатын Қазанда да қолай бар,
Қарлығадан дәме етер
Сендедағы орай бар!

Қ а р л ы ғ а (атып тұрып)

Ағам болған Бірсімбай
Әділ сөзің осы ма?
Қай дұшпаның айтарлық
Бұндай жолды досына?

Саудаға мені салғанша,
Кескілескен жауыңа
Сауғаға берсен болмас па?
Қай зорлығың қор еткен?

Б і р с і м б а й

Қыздың еркін Қызылбас
Қызға берген ел емес!
Әкең айтар билікті
Бұрын айтар мен емес. (*Үшеуіне де.*)
Бұл таластың бүгін де
Шегіне шығар шақ жетті.
Хан кесігін естисің!
Қарындасым болсаң да
Тайталасар сен емес...

Қ а р л ы ғ а

Екі тағы таласса
Жемге жүрер болмаспын.
Жаманнан біткен жараға
Емге жүрер болмаспын!
Аялар деген ұядан
Аяусыз соққы тап болса,
Қор қайғыны жар тұтып
Санадан солар болмаспын!
Жадында тұт, Бірсімбай,
Намысқа тиер соққыдан
Ажалын жақын көріп ап
Қарлыға шығар қымсынбай.

Қ а з а н

Кеке. Кекке-ке! (*Дей береді.*)

Көбікті шығады. Оқшау келе жатқан батыр сұлтан Көбікті. Кенет
қоңырауы қағылады.

(*Қазан Көбіктінің аяғына бас қойып жығылып.*)

Қадамыңнан садаға
Қадірсіз құлың Қазаның!
(*Жұрттың бәрі де бас қояды.*)

К ө б і к т і (*таққа отырып сыртқа қол сілтеп*).

Токтат қаңғыр-күңгірін.

Қ а з а н (*нөкерге*).

Өшір қоңырау үндерін!

Қоңырау сап болады.

Көбікті (дүр сілкінгендей, бүрқ-сарқ етіп тұра бере),

Белде! Белде! Белдеді!
ООтырған жұрт тегіс атқып тұрып, сілтідей тынады. Ақыра сөйлеп.)

Көк иесі, көк тәңірі
Жер иесі Көбікті! (Үндемегендерге ақырып.)
Көбікті емей кім еді?

Жұрттың бәрі.

Жер иесі Көбікті! Көбікті!
(Десіп тегіс етпеттерімен түсіп, бастарым жерге қояды.)

Көбікті (мазақтан).

Көбікті, Көбікті!
Ендеше білсін тегіс безерген,
Естімеген бір қорлық
Көбіктіні тірідей, қара жерге көміпті...

Қазан (атқып тұрып).

Кекке-ке! Қандай қорлық хан ием!
Қап, қап, қап, қап не дейді?
Нұсқасаңшы жау бетін!
Шап десенші Қазанға! (Алшағырға.)
Алшаңдаған Алшағыр,
Хан күйігін сен көріп
Қайтып шыдап кеп тұрсың?

Алшағыр

Сап, сап Қазан, қоя тұр.
Пәле деген сыбысты
Естігенім осы ара!

Көбікті

Қаланы басып Қазан қарқ
Аймақты басып Алшағыр...
Қарсылығын қоймаған
Жауым отыр жайрағыр!
Талай таптап езсем де
Түрекеле алысқан
Қасым отыр Қыпшақтай
Қанжар сілтеп қарысқан.
Жоям Қыпшақ елін мен!
Жөңкілтіп алам жерін мен!
Аттан деп ұран тастаймын
Тапта деп сүрен бастаймын,

«Құп» дер жауап күтемін
Еңсере тиер ерімнен!
Сал алдыма сертінді!

Қ а з а н

Алдияр тақсыр хан ием,
Өзіңе бердім еркімді.

А л ш а ғ ы р

Мен де бердім сертімді.

Қ а з а н

Қысқа күнде қырық шапқам,
Тағы да типыл қылайын,
Қан құстырып Қыпшақты.

К ө б і к т і

Сал ендеше сүреңді
Жартас құлап басына
Жапырылған жалғандай
Сал көрмеген қыспақты.

Қ а з а н, А л ш а ғ ы р

Алдияр, алдияр!

Көклан кіреді.

К ө б і к т і

Немен келдің, Көклан
Түрінде наза, қаза ғой?

К ө к л а н

Қорлық көрдім. Қорлық. Айқай қорлық!

К ө б і к т і

Кімнен, кімнен? Жөніңді айт!

К ө к л а н

Қасыңнан! Кескілескен қасыңнан.

К ө б і к т і

Қыпшақтан ба? Айт шапшаң!

К ө к л а н

Содан, содан, қор етті мені, сені де!

К ө б і к т і (*жиынға Көкланды нұсқап*).

Көремісің мынаны?..
Көреген көзім кім еді?
Сақ құлағым кім еді?
Кемімес кегім кім еді? (*Ақырып.*)
Көрер ме қар көздерің?

Қ а з а н

Кеке! Кекке-ке! (*деп басылады*)

Көбікті

Көр мынаны бәрің де
Есігі ойран, төрі талқан!
Қарақаттай қайран көз
Қамшы бойы жас төгіп отыр мінеки!
(*Көкланға.*)
Төңкерілсем төбем сен!
Салдым бәрін жолыңа
Айт аямай бәрін де!

Көклан

Көкте жанған күні сөнсін дәрі емес!
Тұнжыраған түні солсын дәрі емес!
Уай-ай, уай-ай, айқай-айқай қайдасың,
Айда тұрған ақ пері, аямас ием қайдасың?
Жой жойылғыр дүниесін?
Ыраң көдең, ылаң сордың сойқаны.
Соқ пәленді, әлекке сал әлемін
Кешпес кегің қайнасын! Зу! Зу! Арзу! Арзу!
(*деп құтырып кетеді. Құлдар қорқып етпеттері-
нен түседі.*)

Қарлыға (алдына шіліп).

Ашулы ана, алып ана,
Зар шеріннен қайт сана...
Қолында өлед жауынның,
Ұлдарыңа ұйыған
Ашуыңды айт сана...

Қазан мен Алшағыр

Ашуыңды айт сана, айт сана!

Көклан

Құмырысқадай таптаған
Қырық жолбарыс үйірін
Аяр Самбыл ол кетті,
Сынар қанат, қарқ болат
Құй түбінен сыр тартқан
Арқалар құсым аңдушым,
Аңырап қалдым, ол кетті!
Қылыш құйрық қияңқым,
Кекке шапқан киенкім
Жекпе-жекте жер қапты.
Жер ғып кетті, ол кетті...
Нені білдің мұрдар-ау!
Бәрін қырған жалғыз жау.
Құрыған Қыпшақ қасыңнан

Жаланып шыккан жас пері,
Қарсы біткен емендей
Қасарманы қалмаған
Қайту білмес Қобланды...

Қ а з а н
Қобланды?

Қ а р л ы ғ а
Қобланды?

А л ш а ғ ы р
Қыпшақ? Қобланды? Ат қып мінген құланды,
Ас қып жеген жыланды.
Атаңның көрі алақшы
Жапа-жалғыз өзім-ақ
Жерге қағып жойсамшы...

Қ а з а н
Қалдыраған қанқойдың
Бас терісін сойсамшы!

К ө к л а н
Түбіме жетті қас Қыпшақ,
Ай жүзді ару Қортқаны,
Қуа келіп құтқарып
Алғалы жатыр сол Қыпшақ!

Алшағыр мен Қазан атқып тұрысады.

А л ш а ғ ы р
Не дедің сен, не дедің?

Қ а з а н
Кеке! Кекке! Кекке! (*Алшағырға.*)
Қызғанғаның мен едім
Жеттің бе, арам Алшағыр,
Шоқ-шоқ, шоқ-шоқ, Алшағыр!

А л ш а ғ ы р
Қарау Қазан, қор Қазан,
Қасым болсан нетушел.
Сен таласқан кеселден
Кетіп отыр қыз Қортқа,
Сенен тартқан бұл сазам! Сенен!

Қ а з а н
Сенен, арам Алшағыр.

А л ш а ғ ы р
Сенен, қорқау қор Қазан, қайран Қортқа.

Қ а з а н
Қайдан Қортқа табармын. Кеке! Кекке!

А л ш а ғ ы р

Сенікі емес, менікі еді!

Қ а з а н

Менің Қортқам болатын!

А л ш а ғ ы р

Садаға кет, менің Қортқам болатын.

Қ а з а н (*сасып қалып*)

Кеке! Кекке-ке!

А л ш а ғ ы р (*мазақтап*)

Меке! Меке!

Екеуі ұмтылысады. Көбікті ақырып «сап, сап» дейді. Бірсімбай екі батырды айырып жібереді. Көклан жылағаны, күлгені белгісіз сақылдап ойнап, құтырынып шығып кетеді.

К ө б і к т і

Белде, белде, белдеді!

Батырлар отырысады.

Қыз дегенде қораздай

Мекиен көріп мәңгірген,

Қоқиланған неменес?

Қос текедей бақылдап

Қағынғаны неменес?

Қ а з а н

Кеке! Кеке!

А л ш а ғ ы р

Доғар, доғар!

К ө б і к т і

Тәйт былай! Екіленген екеуің

Қас Қыпшаққа қасарған

Қандай қысым көрсеттің?

Қ а з а н

Қаласын алған мен Қазан.

А л ш а ғ ы р

Аймағын алып аңратқан,

Мен аямас Алшағыр.

К ө б і к т і (*кекеп*)

Дәу-дәу, неткен дәу дерсің!

Жел көріксің жалған дәу...

Шыбын шақты деді ме

Тасырлаған тарпыңды?

Қысылған Қыпшақ көрдің бе?

Тұқымымен таусылып
Қырылған Қыпшақ көрдің бе?
Нәлет, нәлет болсын, жой былай,
Босқа бөскен алқынды.
Сан ықылым заманнан
Қыпшақтан асқан қасым жоқ!
Туу Кейқауыс тұсынан
Түгеніп бітпес кегім бар
Қыпшақтан асқан қасым жоқ!
Хан баласы Сияуыш
Кім қолынан өліп ед?
Қыпшақтың басы құнкерім
Арпалысып өлтіріп,
Ақ мөңгілі тауменен
Таңтүлік деген жолменен
Кеткенінде Кейқауыс
Қандай күйге келіп ед?
Айнымастай ашумен
Арылмас антын беріп ед.
Ел Қызылбас нәсілі
Тусын, білсін, бел бусын,
Қыпшақтан асқан қасым жоқ!
Деп ұрпаққа сеніп ед...
Құрымай Қыпшақ келеді...
Антым, сертім, сол, сол-ақ!
Құмырысқадай қырмаса
Қыпшақ біткен жынысын
Көбікті кектен өледі.
Мен дегендер мыз бақпай,
Түйіп сертін береді.
Бітсін бүгін бейбіт күн
Бірің қалмай беттейсің.
Сайлау ет те белгің бер,
Кімің бастап, кімің қостап ереді?

А л ш а ғ ы р

Алдияр! Шапсын Қазан әуелі!
Мен соңынан соғамын.

Қ а з а н

Торығайық тағы да
Қыпшақ емес, Қазан ғой.
Жағаласқа мен кетіп
Қыз Қортқаны бейнетсіз

Тигізетін қолына
Менің сірә-азам ғой?

А л ш а ғ ы р

Қоямысың, ей, Қазан,
Шабыс бар да намыс бар.
Нені есіттің, не түйдін
Батыр сұлтан дертінен?

Қ а з а н

Кеке.

Б і р с і м б а й

Болды, жетті егесің,
Кім алдында керісіп,
Кімге қияс етесің?
Батыр, батыр дегелі
Дәу перімсіп екеуің
Әлден асқан екенсің.
Тайғақ болса табаның
Тантырамай шыныңды айт,
Өзім берем есесің...

А л ш а ғ ы р

Өртер болды осы сор,
Қайда барсам Қазанмен
Қақтықтырып қызғаныш
Қатынсыз өтіп қор болдым.

Қ а з а н

Мен де сенің керіңнен
Қатынымнан айрылып,
Езіліп қара жер болдым.

К ө б і к т і

Қоямысың қос мұрдар!

Қ а з а н

Алдияр! Алсаң екен жолымнан
Алшағырдай пәлені.

А л ш а ғ ы р

Алдияр! Тыйсаң екен Қазанды...

К ө б і к т і

Қылығы жеткен қыз алад,
Қылығы жетпес сендермед?
Жан жүзінің бар қызы
Жалғыз-ақ қыз Қортқамед?
Көрсетші менің көзіме
Сендерге тимес қай қыз бар?

А л ш а ғ ы р
Алдияр! Тағы таңдар бір қыз бар...

Қ а з а н
Оған тағы таласпыз...

К ө б і к т і
Қыз біреу де, ер екеу,
Талас болмай нетеді?
О да тимей кетті ме?

Қ а з а н
Таласканның керінен
О да кетер тарпы бар.

К ө б і к т і
Кесір болса аранда
Қыз пәлесін кесемін.
Кете алмайды біріңнен
Атын ата сол қыздың?

Қ а з а н (*Алшағырға*)
Ал аптыққыш Алшағыр!

А л ш а ғ ы р
Қара кезек бергішін!

Қ а з а н
Айта алмаймын, айтпаймын.

А л ш а ғ ы р
Неге айтпайсың, не болды?

Қ а з а н
Айналайын Алшағыр,
Осы жолы өзің айт.
Менен шығар қайрат жоқ
Мүлде оңбайын, айтпаймын

К ө б і к т і
Айт талдырма, жасырма!

А л ш а ғ ы р
Алдияр, айтсам кәр қылма!

Қ а з а н (*қостап*)
Кәр қылма.

А л ш а ғ ы р
Қортқадан соң мазақтап
Екеумізді қор қылған.

Қ а з а н
... Қор қылған.

А л ш а ғ ы р
Жез қобыздай сынқылдап,
Жез бұйдалап талдырған.

Қазан

... Талдырған.

Алшағыр

Өз қасында отырған
Қасарман қызың Қарлыға!

Көбікті

Қарлыға! (*Қарқ-қарқ күліп*)
Белде, белде, белдеді!

Қазан (*үміттеніп*)

Кеке! Кеке! Кекке-ке!

Көбікті

Үйтпес болар Қарлыға...

Қарлыға (*атқып тұрып*)

Хан көке, тында, хан көке!
Қасиеті асқан ел алад,
Қылығы асқан қыз алад.
Қасиет, қылық білмеген
Қызталақтар нені алад?

Қазан

Кеке! Кеке! (*деп шошына береді*)

Қарлыға

Қортқаны да бездірген
Қорқау мінез осылар.
Қасиетін атасын
Мен теңім деп қосылар.
Бұлдағаны білек пе
Сүймеймін де тимеймін,
Іркерім жоқ жасырар.
Батыр болса бұларың
Мен майданда кембекем?
Өнерім бар асырар...
(*деп Қазанның қос шоқпарын алып асықтай атады*)

Таңдамаймын, тимеймін!
Өз теңдесім болмаса
Ынтығым жоқ бас ұрар.

Көбікті (*қарқ-қарқ күліп*)

Қызығатын жөні бар!
Қыз біреу де ер екеу
Қырқысатын жөні бар!

Қазан

Кеке! Кеке! Жөні бар!

Көбікті (қатайып)

Белде, белде, белдеді!
Болды байлау, әмір сол,
Қаусата соғып Қыпшақты
Қазан жойқын бастайды,
Анди соғып Алшағыр
Түре қуып тастайды.
Бұйырмайды Қыпшаққа
Қыз Қортқадай асыл жар!
Қызыл жирен ат мінген
Қылқа шоқыт тон киген
Ері алады елімнің.
Таласың жоқ жалғыз-ақ
Бұрын жеткен алады!
Соңғыға да сауға бар
Қарқ алтынға малынтып
Қарлығамды алады.

Қарлыға

Сауға, сауға! Мен бе сауға?
Хан көке, не дедің сен, хан көке?

Көбікті

Бітті бұйрық, байлау сол.
(Қазан, Алшағыр сүйсінеді.)
Апкел антпен түйемен
Қыпшаққа деген кегімді.

Қазан (құлдарына бұйрық етіп)

Келтір қанын Қыпшақтың
Жау қанымен ант еттік.
Жез тегене келеді, ішінде Қыпшақ қаны.

Көбікті

Батыр қанға қолыңды
Тегіс батыр еретін,
Қостайтұғын кекте басар жолымды!

Бәрі қолдарын қанға батырады. Қарлыға тартынып түйіліп, кейін жалғыз қалады. Көбікті бастап, өзгенің бәрі қостап ант айтысады.

Тәңір ием, кең ием
Қуәм өзің боласың.
Кек Қыпшақтан алмасам
Тегіс тартып даласын.
Таптырмасам даладан

Исі Қыпшақ моласын!
(*Дауыстарын үдетіп.*)
Осы сертке жетпесек
Төбесі анық көк ұрсын!
Төсі түкті жер ұрсын!
Найзағай ием оғы ұрсын!
От иемнің шоғы ұрсын, шоғы ұрсын!

Ш ы м ы л д ы қ.

ЕКІНШІ АКТ

Үшінші сурет

Ай шырайлы аяштын тойы. Қобланды батыр ордасы. Тойды күткен қыз нөкер, күй безеген күйшілер. Ата-ананың тобын бастап Тоқтарбай мен Аналық шығады. Қастарында Қарамаи.

Аналық (келе жатқан Қортқаны тосып тұрып, қолында жұп шырағы — тілек шырағы. Тоқтарбай да жұп шырақпен тосады).

Қайрымды ием Қамбар-ау!
(*Маңдайына шырағын көтеріп, тәу етіп.*)
Қаралдымның қызығын
Қарқ боп көрер сәтті бер!
Мен болғамын бір кезде
Соңынан бота ермеген,
Боз інген боп боздаған
Аңыраған Аналық.
Зар күнімнің, сол күнімнің арманы,
Осы еді ғой бер деген.

Оюлы шымылдық шыға береді. Аржағында Қортқалар.

Кел, кел айым, кел айым!
Атаң өзім болайын, анаң өзім болайын!
Т о қ т а р б а й
Құтты қадам, жан балам,
Сапарыңа бақ тілеп
Алдыңда тұр ағайын.
Жалғызым жалқы болмасын
Өсіп, өрбіп өркенде.

Бар тілегім бір айтып
Жұп шырағым жағайын! (Бұ да тәу етеді.)

Шымылдық ашылып Қортқалар көрінеді. Қасында Қобланды, Қарлығаш, Шуақ сияқты жақындар. Қобланды мен Қортқа ілгері шығып, Тоқтарбай мен Аналықтың алдына тізе бүгіседі. Тосып тұрған үлкендердің бәрінің қолында қос шырақ пайда болады. Екі жастың үстерінде, айналасында қоршай жанған шам-шырақ. Тоқтарбай бастап, бас жиын қостайды. От ананың құрметіне арналған сыйыну ырымы орындалады.

Жұп шырағым жалындап
Жад еткенім өзіңсің
От анасы жарылға!

Жұрт
От анасы жарылға!

Тоқтарбай
Оттай ыстық достық бер,
Жұбын жазбай ұзақ бер!
Жар жарастық қызығы
Қартайғанша арылма!

Жұрт
Қартайғанша арылма!

Тоқтарбай
Қарғысы қатты қайрақан
Қазасынан сен сақта!
Қараңғыны жамылған
Қара түнде қағынған,
Ие, кие кегінен
Монтаны жарғыш ебінен
Егізімді сен сақта!
Жолдарын жарық, жарқын ет,
Ұлы пана өзіңсің
От анасы жарылға!

Жұрт
От анасы жарылға!

Осы сәтте сахнаның төрт бұрышынан лапылдап төрт от жанады. Қортқа мен Қобланды сол оттарға кезек-кезек бұрылып, иіліп тізе бүгеді. Жұрт, «от анасы жарылға!» деп тілек айтып тұрады. Сыйыну бітеді. Оттар сөнеді. Жұрт жадырай бастайды.

Қ а р а м а н. Уай, қайран асыл ата-аналар! Тілсктерің тап болсын, арқауылдай асқарлар. Тек келінің киенкі болмағай-ақта. (Үлкендер түсіңгендей күле береді)

Келмей жатып келінің қатты бұйрық етіп тұр. Жеткіз деп тұр сендерге... Өзегімізді талдырмай қызығымызға тез жеткізсін. Ойын-сауығымызды бастасын тез. Болды енді деп тұр мінеки. (Жұрт күледі.)

Аналық. Айтпайды оны ақылы толық аяшым.

Қараман. Айтпайды? Әттең, айналайын аңқау анам-ай...

Қортқа (Қарлығашқа). Қорғасаңшы, айым-ау!

Қарлығаш. Ойын-сауық дегенді Қортқа емес, біз айтамыз.

Қараман. Әне, энеки көрдің бе? Қарлығашқа да сол айтқызып тұр. Ол одан да зорын айтады. Білмеуші ме ең, анам-ау. Бұл долы кемпір Көклан асыраған қыз емес пе? Мұның долылығының қасында шешесі момын, қоңыр қозыдай.

Жұрт. Басталсын той! Қайырлы той! Жарқын той!

Аналық. Бар тілегім жолына, бар қызығын жайып сал. Қос маралдың алдына.

Үлкендер кете береді. Қараман Қортқа қасына келеді.

Қортқа (күліп). Қайран құрдас, қайтейін, досым мұндайсын, қасым болсаң қайтер ең?

Қараман. Е, қасым болсаң қазір алар өшім бар. Қобландыны қасыңнан қазірден-ақ айырам. Көкжал! Шық былай! Той-сауықты бастаймыз.

Қобланды қозғала береді.

Қобланды. Жүр, жиынға барайық.

Кетіседі. Жастар ойынға әзірленіп сейіле береді. Қортқа, Қарлығаш, Шуак қалады.

Қарлығаш

Қинаған жоқ па Қараман
Жақсы көңіл жасытып,
Қынжыла көрме, жабықпа!

Қортқа

Айым, жаным, айтпа оны,
Бұл күйімде көңлімді
Жабықтырар әзіл жоқ.
Айтсам ба екен екеуіңе
Ішімдегі шын толқыған сырымды?

Қарлығаш

Айт, жеңеше, жақыным де жаныңдай.

Қ о р т қ а

Айым, қабыл алдым мен, (аз бөгеліп)
Көзім жұмсам бір сәуле
Өнебойым балқытып
Шарпығандай жалындап...
...Мамыр күні маңғыстап
Көк жүзіне еркелеп
Қалқып ұшқан, ақ мамықтай ақ бұлт,
Бақ мерейім туы боп
Төбеме келсе дер едім!
Төбем емес. бұл кезде
Күмбезімде көремін...
Ей, екі жас, достарым,
Кінә қылма, кеш мені
Шаттығымнан шалқығандай боламын,
Жанып өскен жастығымның зарында
Осы сәттің өзін емес,
Құр елесін бір көрсем.
Көріп қана бұл тірліктен жөнелсем,
Қалғаны бар, арманы бар
Мен де мұңды дер ме едім?..

Қ а р л ы ғ а ш

Ақ жүрегің айтқызған
Ай нұрындай сырың бар.
Ақ тілеуің сәулесі,
Қуанам да қызығам...
Тек жалғыз-ақ, жеңеше,
Қысқа тілек тілегендей болмашы!

Ш у а қ

Қысқа демей қарқ болдым деп кетер ем
Мен күткен бақ, сағым шақ.
Мол еместен, осындай-ақ болсашы.

Қ а р л ы ғ а ш

Жапа көріп біреуден
Түңілгендей тілеуден,
Аз қызықты көп көріп
Не көрдіңіз, қысылдыңыз неліктен?

Ш у а қ

Алдағы тілек алыс боп,
Қолға жетпей қиын боп
Айырап болса еріктен,
Ей, қалқажан Қарлығаш,

Арман деген ащы зар
Айтылмасын неліктен?

Қарлығаш

Жасылды асыл тартқандай
Тың сырды сыр тартар ма,
Айтса нетті? Бекінісің бұзғандай,
Шықса нетер беріктен?

Қортқа (*Шуаққа*)

Ұзатып мені әкелдің
Ұзақ жолда үйімнен,
Содан бері бақсам мен
Бір жалының бар көрем.
Шығаршы жас сонынды
Неңі сүйіп дүниеде,
Неден үміт күйінген?

Шуақ

Ашсам ба екен сендерге
Іздеушісі жоқ болған
Іште жатқан түйінді!

Қортқа (*Қарлығашқа*)

Айт десеңші, айым-ау!

Қарлығаш

Өзінің сырын өзіне
Билетсек нетті өйткенше.

Шуақ

Өз жүрегім билесе,
Өзек жарған мұнымды
Өзім деген жақынға да айта алам...

Қобланды келіп тыңдайды.

(*Қарлығашқа.*)

Бір сырым бар жүрегімде,
Жан нұрым сол жебеген.
Тар зынданның ішіне, тас қамауға түссем де
Талдырмастай табынғаным өзі сол.
Қасарысқан жауыма
Қан кешуде жақ тартсам
Арнап айтар айым сол!
Сыйынып тартар жаным сол!
Аз өмірде барымша
Жан жүзінен жасырып,
Бек сақтаған барым сол.
Бүгін ғана бой жазып,

Айналайын Қарлығаш,
Ашылмаған арманым
Алдыңа кеп бас ұрды.
(Қарлығаш қысылады.)
...Ашылмаса жөн бе еді?
Айтылмаса жөн бе еді?
Айттымдағы қиналдым
Жасқансам да жайым сол...

Қ а р л ы ғ а ш

Шешілместей түйінді
Өзім түртіп толқытқандай болдым ба?
Тұнық көңіл тыныштығын бұздым ба?

Ш у а қ

Көктем күнін жар тұтып
Қауызын ашқан ал гүлдей,
Жаным сыры ашылды
Өзіңе сеніп сол гүлдей...

Қ а р л ы ғ а ш

Шуақ! Оқыс сырдың тосын жайы
Тоқыратады, ұғыңыз.
Үндей алман әзірше, айтар орайым жоқ,
Әзір берер белгімдей.

Қ о б л а н д ы

Қарлығашым, қанатым!
Шуақ інім, серігім,
Тайталасқа түскенде
Табандап шыдар берігім.
Ынтық сөзін жар айтса
Мен едім лаулап жанатын!
Шуақтан қалған шер бар ма
Орны жоқ па еді, орай жауап алатын?

Қ о р т қ а

Қысыламысың, әлде айым,
Еріксіз айғақ боп қалған
Аға менен жеңгеннен?

Қ а р л ы ғ а ш (Қортқаға)

Бұрын сырлас болмасаң
Тәңір қосса бұдан соң
Бар сырыма жаны ортақ
Жан қиысар жеңгемсің.
Жасырарым сендер емес... (Шуаққа)
Ұлы күні ұямның,
Көкем Қоблан тойында

Бар көңілім бір-ақ тілеу соңында
Еңжар болман өз мұныммен,
Оңаша бір сыр бойлап,
Саған айтар барым сол,
Қайда жүрсең аман жүр,
Тірлігіңді тілермін
Көп тілермін, көп ойлап. *(Шуақ бас иеді.)*

Қ о б л а н д ы

О дүние, дүние! *(Қарлығашты сүйін.)*
Ырза болдым, жарығым,
Жауабыңа сүйіне! *(Шуаққа.)*
Асық жар жалын, біз болат,
Жалын шалса шар болат
Шымырай жетер күйіне.
Ер серігім ырза бол
Бүгін бізді қуантса
Кешікпей-ақ келеді
Саған да кезек дүние!
Адал жарың жаныңа ап
Келер тойда кіресің
Ақ күмбездей үйіне!
(Екеңін де құшақтайды. Қортқаны құшақтап.)
Аяшым, айдай ақ сәулем!
Балапандап жан өсед,
Балаусалап тал өсед.
Егіз босын екеумізге қос қосым
Қуанышпен күн кешед
О, дүние, дүние!
Бүгін бойым балқығандай, буын жоқ,
Сәт көрмесем сәулемді
Айым батып кетердей
Қорқыныш пен қам өсед...
Қуанышым сабырлы бол, саям бол,
Бүгін менде сабыр жоқ.
Тақатсызбын, айласызбын, айласызбын баладай
Әлсіздемін, аян бол! *(Сүйіседі.)*

Қараман бастаған жастар тобы жайнай шығады.

Қ а р а м а н

Уай, жарандар, жар тында!
Алпыстағы Аналық,
Токсандағы Тоқтарбай
Толғанып көрген Қобланын

Жортуыл жорық кезінде
Маған серік болар деп,
Сеніп берген көкжалын,
Қылдай белі бұралған,
Талшыбықтай оралған
Құлықтысы Қортқасын
Қарқ қызыққа кенелт дейді!
Маған баста, төсте деп
Бар билігін беріпті,
Өз қолыңмен жөнелт дейді!

Қ а р л ы ғ а ш

Құп аламыз, билей бер!

Қ о б л а н д ы

Билеп өзің бастай бер!

Қ а р а м а н

Билегеннің мәні сол,
Қысасым бар Қортқада
Жар саламын бәріңе,
Маған сендер еріндер!
Оңашаға бармаймыз
Емешесі құрысын,
Қолқа салса көнбейміз.
Қырық түн ойын, қырық күн той
Тарқамастан тойлаймыз.

Дәл осы кезде шеру тартқан керней үні келеді.

Қ о б л а н д ы

Шеру тартқан қол болар.

Ш у а қ. Ел ме, жау ма қайдан жүр? Суық тартқан
жол ма екен? (*Шығады.*)

Сахна сыртына тасырлап келген тұлпарлар дағбыры білінеді. Көк
темірге құрсанған бурыл сақал бір батыр найзасын тіреп тұра қала-
ды. Артындағы қолына қарап:

І - қ о л б а с ы

Тарт, тарта бер, жетемін!

Сахна сыртынан шауып өтіп жатқан қол білінеді.

(*Шуақ жақындағанда.*)

Аман, аман, аман бол!

Ш у а қ

Ел, ел, ел бол!

Ү й д е г і л е р

Ел дейді, ел! Я Қамбар!

Ш у а қ

Арман батыр Аққозы?

I - қ о л б а с ы

Бар бол! Асығыспын, бар ма Қоблан батыр ұл?

Қ о б л а н д ы *(шығып)*

Қай жүрісің бұл жүріс?

I - қ о л б а с ы

Жүрісімді сұрама

Қасасқан жау Қызылбас,

Қанқор Қазан қол бастап

Шауып кетті Қиятты.

Ері қырғын, ел сүргін

Малы, жанын шұбатты,

Аттан, Қоблан, жауыңа!

Аттан, Шуақ, бөгелме!

Өш алмасаң өлгенің

Қалма, сен де, Қараман,

Ер батырдың жанына!

Жет соңымнан жетіндер,

Тарт намысқа бас ұра! *(Деп жөнеліп кетеді.)*

Ш у а қ

Аттанбасқа амал не?

Қ о б л а н д ы

Кесір Қазан келдің бе,

Кезігетін жеріме?

Қорған болар ер жоқ деп,

Пана болар жер жоқ деп,

Қан шеңгелді салдың ба?

Жазығы жоқ, жаулық жоқ

Иен жатқан еліме?

Тағы бір шапқын келеді. Тағы әлгіндей қол өте береді. Мұның бастығы II-қолбасы.

II - қ о л б а с ы

Кімнің қолы алдымда?

Ш у а қ

Аққозы жетті ағындап.

II - қ о л б а с ы

Неғып тұрсың, Қобланды?

Неге аттанбай тұрсың сен?

Қ а р а м а н

Жаңа білдік мән-жайын.

II - қ о л б а с ы

Не тұрыс бар ендеше?

Қ о б л а н д ы

Аман ба екен, білдің бе,
Қияттан өзге қалған ел?

II - қ о л б а с ы

Амандыққа сәні жоқ
Қалғанға да күн қаран,
Ноғайлыны шауыпты
Кесескені Қыпшақ дейд.
Жаланып кепті ит Қазан,
Аттан, тұрма, тез қамдан,
Тарт ілгері, Аламан.

Шаба жөнеледі.

Ш у а қ

Тарт тұлпарды, Аламан!

Жігіт жөнеледі.

Қ а р а м а н

Тарт тұлпарын көкжалдың,
Тайбурылдың өзін тарт!

Ш у а қ

Тартпа Қоблан тұлпарын!

Қ а р а м а н

Неге? Сен не дедің?

Ш у а қ

Дегенім сол! Тойы күні, жалғыз күні
Тыным дамыл бермесем,
Ел боламын, ер боламын несіне?!
Шықпа, Қоблан, бұл жолға!

Қ о б л а н д ы

Айналайын қанатым,
Қайратың сал халқына
Жолын берсің ер еңбегі жанатын!
Кешікпеспін артыңнан, мен болмаспын
Бүк түсумен қалатын!
Тарт жауыңа жалындай!

Шуақ жөнеледі.

Қ а р а м а н

Шуақ кетті, шұбап кетті Аламан...
Жол болар ма? Бәрі бұлдыр сағымдай!

Ел үрейде, ер сында,
Неге қалдық, неге тұрмыз біз де бірге сабылмай?

Қ о б л а н д ы

Бақшы, досым Қараман,
Сұлдер кеткен сойым бар.
Ынтық жеңген бойым бар,
Аял берші азғантай!

Қ а р а м а н

Немене аял, не дейсің.

Қ о б л а н д ы

Алма үрейді, аптықпа.
Ауыр сөздің бәрі әзіл
Күйім тұрса шаттықта!
Будан кетсем көп көшем
Бетті бұрып жаттыққа!
Қайтып қиям Қортқамды
Ақ тілеудің үстінде
Ай көргендей тәу еткен
Арманы көп жастықта?
Жалғыз ауыз тіл қатамын Қортқама.

Үйге кіреді. Үйде қазір Токтарбай, Аналық та бар.

Асығып күткен қызығың
Астан-кестен болғандай.
Айыбың жоқ, ата-анам,
Алтын ұям, жазығың жоқ сенің де!
Жанбай күнім солғандай...
Амалым бар ма жалғыз-ақ
Жұрт күйзелген шақ жетті:
Есітіп қалай тұра алам?
Ұран, сүрен, сарынын,
Шамам бар ма, аял қылып қалғандай?

А н а л ы қ

Қуанышым Қобландым,
Анаң тілек етеді.
Тойыңды түгел өткізбей
Алыстама қасымнан.

Қ а р л ы ғ а ш

Барма, көке! Қызығыңды үзгендей
Қаймықтың ба қасыңнан?

Қ о б л а н д ы

Жарым деуге жетсем де

Жарым күн жарық көп болған
Не дейсің сен, Қортқажан?

Қ о р т қ а

Барма деуге бара алмайды батылым,
Етегінен тартам ба
Ер егесі келгенде
Елі күткен батырдың!?

Қ о б л а н д ы

Жарым, Қортқа, қимасым,
Жауына аттан дедің бе?

Қ о р т қ а

Сақтаушы ием, бек сақтасын сені онда!
Алыс жолға сен кетіп, алысқанда талғанда,
Қорғаны жоқ біз мұнда
Не көрсек те шыдадық.
Тапсырдым зор тәңірге...
Тұрма, батыр, сапар тарт!
Жолың болсын, жолбарысым, жортқанда!
Тілектен басқа дәрмен жоқ,
Өзіңнен өзге ойы жоқ,
Жас тілеуін жат жолыңа сарп еткен
Көңлі күпті, көзі жасты Қортқаң да.

Қ а р л ы ғ а ш

Барма, көке, жалынамын, бармашы бұл сапарға.

Қ о б л а н д ы

Барам, жаным, жалыңба,
Болды байлау аял жоқ.
Тарт, тұлпарым, Бурылды!

Жігіттер мен Қарамаң жөнеледі.

Әкпел сауыт, сайманды!

Қортқа өз қолымен киіндіре бастайды.
Аналық жылап шөгіп қалған.

Қ а р л ы ғ а ш

Қасарманың бар еді
Қарсы біткен емендей
Айтпасыма әлім жоқ,
Анталаған жауың көп
Қас қамауда біз қалсақ,
Жан көке, кімге тапсырдың?
Тоғай толған жылқың бар,

Қора толған қойың бар,
Жан көке, кімге тапсырдың?

Қ о б л а н д ы (қатуланып)

Алысарға шыққан соң
Андап айтар ер емен.
Амандығым садаға
Анрап кеткен елімнен.

Т о қ т а р б а й

Сапарыңнан тыймаймын.
Ер туады елі үшін
Тілегенде тәңірден,
Тусын деген жерім жоқ
Аналық пен мен үшін
Тек кесірге жолықпа!
Астам сөзден алыс бол!
Қас иемнен қарғыс ап
Қапы кетсем қимаймын!

Қ о б л а н д ы (егесе түсіп).

Жоқ, жоқ, жағаласа шыққан соң
Тау суындай тасармын!
Жалынып соғар жерім жоқ
Жолды білмес жасылмын!
Өршеленіп ұрармын
Өртегенді білермін!
Қай қастаны кезіксе
Егесуге шыдармын.
Егестім сол! Егесуге құмармын!
Тоғай толған жылқымды
Жасанған жауға тапсырдым.
Қора толған қойымды
Аш бөріге тапсырдым.
Азу тісі балғадай
Жас бөріге тапсырдым.
Атам-анам — кәрімді,
Қарлығашым жанымды,
Жар қызығын көрмеген
Жаным сүйген айымды,
Жанымнан асыл барымды
Қимасам да айтқаным
Қас неме тапсырдым...
Жалғыз-ақ тілеу жетелеп,
Жалғыз-ақ мұрат байладым.
Өшім, кегім кетпесін

Барды сарп етсем де,
Осыны ғана ойладым.
Осы ғана жолымды
Жалғыз ғана тілекті,
Зор тәңірге тапсырдым. (*Қаруларын алып.*)
Тарт, тұлпарым қанатым
Тарт, серігім Бурылды! (*Жөнеле береді.*)

Жұрттың бәрінің қолында жұп шырақ.
Бүгіліп тілек тілеп қалады.

А н а л ы қ

Жалындаған албыттың
Астам сөзін аңдама
Халық иесі, Қамбар-ай!
Қаралдымның жұлдызын
Онынан туғыз Қамбар-ай!
Ақ тілеумен көтерген
Ақ күмбезін жүдетпе,
Жан иесі, Қамбар-ай!
Жас тілеуін жад етіп,
Жаңа келген жарының
Ақша бір жүзін суалтпа!
Бақ иесі, Қамбар-ай! Қамбар-ай!

Жұрттың бәрі төрт тарапқа иіліп тілек етеді.

Ш ы м ы л д ы қ.

Төртінші сурет

Қасқаралының биігі. Қазан батыр қорғаны. Ноғайлы Қиятты шауып, жауланып келген Қызылбас қолы тосқауылда тұр. Қолбасы батыр Қазан. Қазір мұның түсі, сауыт-сайманы жат, суық реңді, қарқ болатқа шымқанған. Өзі мен батырларының беттерінде неше алуан аю, қабан реңдес масқалар бар. Қазан қолы таланған қазыналарды сүйретіп әкетіп жатыр. Кейбір әскерлері тұтқын қыздарды шұбыртып өткізіп жүреді. Сахна ортасында қарауыл биік — Қасқаралының шоқысы. Соның басында Қазан жалғыз қарауылда.

Қ а з а н (*қасына нөкері келгенде.*)

Қара қақпай қабақты!
Қайда келед қуған қол?
Қалт етпей бақ жан-жақты!

Анау шаң не? Анау кім?

Жеткен кезде айт маған!

(Өзі берірек түседі. Тұтқын қыздар өте береді. Саспай қос шоқпарын аспанға атқылап.)

Кеке! Кеке! Кекке-ке! (Әскеріне.)

Таламасын қыз біткенді Қызылбас

Қылқа матап өз ордама жолшы етем.

Шабындыдан түскен қыз

Анық батыр сауғасы!

Өзімнен қалған сарқытты

Өзім тартам қайраты асқан ерлерге.

Қыпшақ қызы қас батырды кенелтсін! Кеке!

Н ө к е р (биіктен).

Алдияр! Тақсыр!

Қазан қарайды.

Қуғын алды келіп жетті қасына.

Қазан биік басына шыға береді.

Қасына үш батыр қосылған.

Қ а з а н (саспай).

Келсін бері, келіп көрсін,

Жез телпегін ұшырып

Қызыл телпек кигізермін басына!

Екпіндеп кеп I-қолбасы шығады, артында қолының шеті көрінеді.

(Қазан ақырып.)

Кеке! Кекке-ке!

Тоқта сөйлес қыламын!

I - қ о л б а с ы

Сөйлесерлік нем қалып ед сенімен!

Қ а з а н

Алысамысың ендеше? Кекке!

I - қ о л б а с ы

Алысқанда кескілеспей басылман!

Қ а з а н

Кел, келе бер, бер таман!

(Қолбасы тауға баса бергенде.)

Қолың тегіс жетпепті

Менің қолым жасанып тұр жаланып!

Қолбасы жақындағанда батырлар шанышпақ болып ұмтылады.

(Қазан әмір етіп.)
Тиме, жібер бері қарай!
Кел, кел мына көзің сал!

Қолбасы шығып қарайды.

Көр әнеки, тұрғыны алып тосып тұр,
Тұнжыраған түмен қол!
(Қазан жау қолына қарап.)
Селдіреген аз тобыңа тимеймін,
Тиер болсам ұйпап алам, аптықпа,
Жи артыңды! Аял берем азғантай.

I - қ о л б а с ы

Не деп тұрсың сен маған?
Қайдан шыққан қайрымың!
Қасиетің шын болса,
Қарап жатқан халқымды
Қапыда шапқан қай сырың?

Қ а з а н

Еліңді егер қырсам да
Ес жиғызбай құйындай
Қапыда алман еріңді!
Белдесіп тұрып бек соғам!
Бар қолыңа, артын тос!
Өршеленбе жиынбай! Кеке! Кеке!

Сырт айнала береді. Қолбасы қолына келеді.
Алдынан II-қолбасы шығады.

II - қ о л б а с ы

Қият, Қыпшақ, Қыпшақ Қият!
(I-қолбасы сабыр дегендей белгі етеді.)
Алжастың ба, Аққозы?
Неге тұрсың ұрынбай?

I - қ о л б а с ы

Тоқта, жетсін бар батыр
Ұшқындаған тобымен
Арандайтын жер емес.
Көріп қайттым көзіммен
Қалың тұман қол жатыр!

II - қ о л б а с ы

Жау санасып ұрсыппек,
Не пәлені бастадық?
Неге шаптық ендеше?

- I - қ о л б а с ы
 Қой, Қосдәулет, тасыма
 Ел қырғыны жетеді.
 Андымастан алғызар
 Қастаным жоқ, қасыма ерген жасыма!
- III - қ о л б а с ы ж е т е д і.
 Жетті ме бар батырлар?
 Не тұрыс бұл, не қорлық?
- I - қ о л б а с ы
 Алысудың кезегін Аққозы ғана билейді.
 Сенің қандай ақың бар? (III-қолбасына.)
 Кім келеді артында?
- III - қ о л б а с ы
 Ноғайлының аламан
 Асыға жиып аттанған
 Он екі баулы Шуағы
 Болса керек артымда.
- I - қ о л б а с ы
 Жетсін Шуақ тымқұрса! (III-қолбасына.)
 Қарақорен жаурыншы
 Не көрінді балыңа?
- III - қ о л б а с ы
 Аман шығар қайтушед,
 Алыспастан қол тұрса!..
 Келді ме сірә, Қоблан
 Арқауылым жас ұлан!
- I - қ о л б а с ы
 Қобландысыз сөйлемей ме жауырын?
- III - қ о л б а с ы
 Абыроймен сақтаса,
 Сол-ақ қорғар қор боп кеткен бауырын!
 Келмеген ғой ол сірә...
- I - қ о л б а с ы
 Жетпеді ғой жетер десе Қоблан
 Асығыспен жол тартып,
 Айырар десе бауырың!
- Қ а з а н (биіктен).
 Кекел! Кекке-ке!
 Жетті! Тосып болдым мен,
 Жиылдың ба, кемеліне келдің бе?
- I - қ о л б а с ы
 Аял, айла ойлаған
 Мен емен, сен қан шелек.

Тоспай-ақ қой әзірмін
Тұрушымен езбелеп!

Қ а з а н

Шық ендеше, шық былай!
Содыр басы мен болам,
Соңыма ерген көп бөлек!
Өшің болса бір өзімнің басымда
Мені жеңсең елім жеңген боласың.
Байлауым сол, батырыңды бек сайла.
Шығар былай, айттым мана,
Шық қарсыма жекпе-жек! Жекпе-жек!

Барлық Қасқаралышың биігінің басы,
жан-жағы «жекпе-жек» деп құжынай жөнеледі.

I - қ о л б а с ы

Тілегені жекпе-жек?

II - қ о л б а с ы

Жалтаратын жер емес,
Екі айтатын кеп емес!

I - қ о л б а с ы

Бермесіне болмайды
Тілеп тұрса жекпе-жек!

III - қ о л б а с ы

Ата батыр Аққозы,
Нұсқағаның барамыз
Жау тілегі сол болса,
Біз де тілер жекпе-жек!

I - қ о л б а с ы

Кімді атармын жалғыз-ақ!
Ел талайын сенгендей,
Ер егесін бергендей
Қаракұйрық Қоблан,
Қасымда жоқ Қоблан!

Д а у ы с т а р

Қайда? Қайда, келмей неғып жүр?
(Бұл жақта дағдарыс, бөгелең.)

Қ а з а н (қаруын алып, саспай оқшау басып).

Шық, шық, жетті! Шық бермен!
Қайда шығар қарсыма
Құрыған ба батырың? Кекке! Кекке!
Өзім атап шақырам
Шығар, маған Қобланды!
Қыпшаққа қорған болам деп,

Құлдығымнан алам деп
Құтыра шыққан Қобланды,
Шығар шапшаң қарсыма!

I - қ о л б а с ы (қиналып).

Тағы айғайын салып тұр,
Құрттың ба, құрыдым ба жер болып!

Шуақ шыға келеді. Қазан «жекпе-жек» деп тұр.

Ш у а қ

Тілеп тұрма жекпе-жек,
Кім шығады, Аққозы?

I - қ о л б а с ы

Өлсем етті бұйткенше
Тіленіп тұр келсін деп,
Қайда, қайда Қоблан!

II—III - қ о л б а с ы

Қайда, келмей неғып жүр?
Не қылған ез қор қылған?

Ш у а қ

Не деп тұрсың маңырап,
Шығар батыр жоқ па екен?
Шыдар жүрек жоқ па екен!

Қай қорлыққа көнбекпін
Бер, Аққозы, жекпе-жек!

Мен барамын, бер кезек! (Әзірленеді.)

I - қ о л б а с ы

Бармайсың сен, сен емес!

II - қ о л б а с ы

Екі-ақ батыр алысад
Екеуінің ісімен
Тарқар болды бұл егес.

Ш у а қ (Аққозыға.)

Сал майданға, мені сал!
Жау мерейін асырып,
Бөгелетін жер емес!

I - қ о л б а с ы

Тоқтат, сені салмаймын.
Айт, айт жөнін, айт маған,
Қашан келед Қоблан?

Ш у а қ

Жетпейді бүгін Қоблан!..

III - қ о л б а с ы

Қандай бөгет? Не қылған!

Ш у а қ

Қалыңдығын жаңа әкелген күні еді...

Қал деген мен, жоқтатпасқа серт қылғам!

Қ а з а н *(ақырып)*.

Кеке, кекке!

Шығамысың, қайдасың

Атаңның көрі алақшы!..

І - қ о л б а с ы

Қор қылдың ба Қоблан.

ІІ - қ о л б а с ы

Асты-ау мынау қарақшы!

Ш у а қ *(дайындалып)*.

Бер өзіме кезекті,

Жекпе-жекке мен шығам! *(Қазанға.)*

Шық, шығып көр қарсыма!

Қ а з а н

Кекке, қорықтың ба, Қоблан,

Сен келдің бе баршыға!

Сен бозторғай болғанда

Мен боламын қаршыға,

Кел, ажалың қарсыма!

Ш у а қ

Жазықсыз елім жолында,

Намысымның соңында

Асыра сүрең саламын,

Жетсін барып арсыға.

Қара Қыпшақ! Қара Қыпшақ! *(Деп жөнеледі.)*

І - қ о л б а с ы

Жолың болсын, жолың болсын

Жалындаған жас ұлан!

Жекпе-жек. Шуақ өледі. Қыпшақтар үнсіз. Бел сынғандай,
шөккендей.

Қ а з а н

Кекке! *(Ақырып.)* Жеңілдің. Қаңқай, жеңілдің.

Жеңілдің, Қаңқай, жеңілдің.. Кекке!

(Қолбасы батырлары шулайды.)

Д а у ы с т а р

Жеңілдің, Қаңқай, жеңілдің!..

І - қ о л б а с ы

Әттең, әттең не болдым?

II - қолбасы

Жер қылғандай не қылдым?

Алыстан айқай, сүрен шығады.

III қолбасы

Тоқта, тоқта, тыңдашы!

Қиқу сүрен шығады!

Ағындап келе жатқан батырдың үні білінеді. Қазандар естіген жоқ.

Қазан

Жеңілдің! Кекке! Жеңілдің!

Осы кезде Қобыландының ұраны шығады. Сахнаның үстіне қарай сұылдап ағып сұңқар шүйгендей бір сарын.

I - қолбасы (*бастан өзге қыпшақ қостайды*).

Сәт-сәт ақсарбас!

Айттым, тәңірі, ақсарбас...

Қазан (*мәз бол тұрған жерінен селт етіп қаран*).

Кекке! Кекке!

Қобланды (*ағындап ақырып, сахнаның үстінен биікте көк тұлпарын ағызып ұшып өте береді*).

Қара Қыпшақ, Қара Қыпшақ, Қара Қыпшақ!

(*Деп асып өтіп кетеді.*)

Қыпшақтар

Тәңірі, тәңірі, зор тәңірі!

Ақсарбас, ақсарбас!

Қараман (*жүгіре шығып*).

Жеттім міне мендағы!

Дауыстар

Кел, кел! Қелші батыр серігі...

Қобланды (*Қазан тұрған Қасқаралы биігіне жарқ етіп ытқып шыға кел*).

Жекпе-жек, жекпе-жек! (*Деп өзі тілек етеді.*)

Қазан

Кекке! Кекке-ке! Мен тілегем жекпе-жек,

Алысатын Қызылбастың елімен,

Сайысатын менімен

Кімсің сен?

Қобланды

Не қыласың жөнімді?

Елім кегін алатын

Еңіреген ері мен!

Қ а з а н

Атаң сенің кім деймін?

Қ а р а м а н (*екіленіп тепсіне сөйлей жөнеліп*).

Көзің ақсын, ит Қазан,

Сыбағанды беретін

Сол емес пе Қоблан!

(*Дабырлай береді, жекпе-жек тәртібін бұзып тұр*).

Қ а з а н (*Қобландыға қарап ақырып*).

Тый ананы! Кайдан шыққан көргенсіз.

Қ а р а м а н (*өз кісілерінің тоқта дегеніне қарамай, әршеленіп*).

Қара мұны, Қобландыны танымай

Танытайын мен саған!

І - қ о л б а с ы

Тоқта былай, Қараман!

Қ а з а н

Кекке, кекке-ке! (*Ақырып*.) Тиясың ба ананы?

Қ а р а м а н

Тиям сені мен өзім! (*Құтыра беріп*.)

Жерге қағам, жоямын.

Қ о б л а н д ы (*Аққозыға ақырып*).

Өшір деймін, өшір үнін үргізбей.

Қ а р а м а н (*Аққозының қолында бақырып тұрып*).

Қара мұның асқанын,

Қырам, жоям қазір-ақ.

Аққозы (*сілкіп-сілкіп жіберіп, алқымынан алып, бетіне бетін тақап тұрып*). Ей, кер кеткен, бері қара! Жолын бұздың жекпе-жектің. Не боп кеттің құтырып! (*Қараман бұған бақырая қарай қалғанда*.) Алдың Қоблан, артың қалың қол, құтыртып тұрған сол ғой сені, мас қылып. Бөрі көрсе безіп кеп, бөксесін үйге тығып ап, босағадан шәуілдейтін күшікпісің, несің сен?

Қ а р а м а н (*есі жаңа кіргендей, екі көзі бақырайып*). Күшік? Шәуілдейтін, не дегенің, батыр-ау?

А қ қ о з ы. Бүйдедім.

Қ а р а м а н. Қап, жайымды әбден таптың ғой! Сілейттің ғой серейтіп... Шок, шок, шок! Тілегенім сол екен, өзіме де обал жоқ. (*Тыйылады*.)

Қ а з а н (*Қобландыға*).

Қеке, Қазан атым шыққалы

Қарсыласқан жауымда

Аямасым екенсің.

Қан кегімді қайнатқан
Қас дұшпаным екенсің
Келдің өлер кезіңе. Кекке, кекел
Астындағы көк тұлпар,
Үстіндегі көк сауыт,
Алыспай бер жан барда,
Тарт айыпқа өзіме.

Қ о б л а н д ы

Астымдағы көк тұлпар
Сен мінсін деп семірткен
Әкең баққан мал емес!
Үстіндегі көк сауыт
Қорқау Қазан кесе деп,
Ынтық емес, зар емес
Сенің көзің жойсын деп,
Оң тілекпен тоқыған
Өз қолымен кидірген
Жан жарымның бергені.
Тілегі болмай қалатын
Сөзі жерде қалатын
Қортқам тегін жан емес.

Қ а з а н

Қортқа! Кекке! Шық былай!
Жаңа ғана жойғамын
Желігіп келген бірінді,
Сол батырың соңынан
Өшірейін үніңді. Шық бермен! Кекке!

Қ о б л а н д ы (өз тобына).

Қай батыр, мынау не деп тұр?

І - қ о л б а с ы

Ал кегінді, аяма,
Сол жауыңның қолынан
Қаза тапты Шуағым!

Қ о б л а н д ы

Шуағым?! О, бауырым, Шуағым! (Ұмтылып.)
Өлем, жаным, жолыңда
Қанды қанмен жуамын,
Жоям, дұшпан, жоямын. Шық! Шық!

Тап беріп қанжарласып кетеді. Қолдар анталасып тұр. Қожырасып тілектерін айтып, Қыпшақ жағы «Көкқасқа», «Ай мүйізді ақ қошқар» десіп қояды. Қобланды Қазанды мегдетіп кеп қалқайта соғады. Тап беріп кеудесіне басып, қанжарды сала беріп.

Кешпес кегім, кетпес болар, аяман! (Өлтіреді.)

Аламан! Аламан! Жеңілді жау, Аламан!

Жұрттың бәрі — «Жеңілді жау, Аламан!» деп қалаға қарай қаптай тартады. Сахна сыртынан қашып жатқан Қызылбас тобы білінеді. Арттарынан жаулана тартқан Қыпшақтар селі.

Қ о б л а н д ы (қолбасыларына).

Бар, бөгелмей тарт енді
Кір қамалға қолыңмен.
Босат тұтқын сорынан
Кім бар, кім жоқ елімнен
Тарт, тарт тегіс бәрің де,
Мен қаламын Қасқаралы басында!
Тосып алам, осыдан, тарт шапшаң!

I - қ о л б а с ы

Тарт, ордасын ойран ет,
Тап еліңді, Аламан!
Сен батырдан ұзама!

Өзгелері жөнеледі.

(Қараманға.)

Сен батырдан ұзама,
Қасында қал, Қараман.

Қараман, Қобланды қалады.

Қ а р а м а н (мақтанып).

Қандай қылдың Қазанды
Пай-пай, тойым талқандап
Қалай алды мазамды...
Білгем, білгем осылай тынарын!

Қ о б л а н д ы

Ұмтылып кеп, Шуақтың басына төніп, құшақтап еңіреп, егіліп кетеді. Сең соққандай шер соғады.

Қаралдым-ай, өркенім-ай!
Қаза табар сен бе едің?
Артыңда қап адыра
Тірі жүрер мен бе едім?
Қан кешуде серігім,
Тас қамауда берігім.
Сені өлтіртіп жауыма
Не бетіммен тірімін?
Менен... Менен... Менен болды-ау, бар қазан?

Сенен, сенен Қоблан, тарт сазан!
О елім, жұртым, саған барар нем қалды?
Ерім, барым саған қарар нем қалды?
Ел қорғаны болмай кет!
Ер серігі болмай кет!
Лағнет, лағнет саған, Қоблан.
Өл, Қоблан, қарабет,
Қор Қоблан, лағнет!..

(Деп бұлқынып тебіреніп кеп талып жығылады.)

Қ а р а м а н *(Қазанға қаран).*
Айттым ғой, айтқам мен саған,
Солай берем сазанды.
Мен бе, мен, мен әрдайым
Қырмай қайтқан емеспін.
Самғап шығам сәт сайын,
Қойған емес жол болмай,
Ақ жол! Ақ жол мен болам...

Осы кезде сахна сырты жат зуылға тола бастайды. «Зул Зул Арзу!» деп жады Көкжан екпіні келеді. Бөсіп тұрған Қараман алақтай бастайды.

Ой, мынау не, Қайрақан!
Көк долы ма тағы да?
Бәлем тақап келіп көр,
Жоям өзім көзіңді!

(Дей береді. Бірақ өзі жады болғандай есеңгірей бастайды.)

Жоям! *(талмаурап ұйқыға кетіп бара жатқан сияқты).* Не боп барам? *(Қобландыға қарайды. Ол қорылдап жатыр.)* Көкжал! *(Көзі жұмыла бере қалғып кетеді.)* Көкжан! *(Қалғып кетіп.)* Кө... көк... көк! *(Деп қорылдайды да, құлап түседі. Екеуі де қатып қалады.)*

Қарлыға шығады. Үсті-басы көк болат.
Қолында ұзын ақ семсер.

Қ а р л ы ғ а *(Қобландыны шауып жібергелі жақындап).*

Ата-бабам кезінен
Арылмастай дау қалған.
Құрыған Қыпшақ қасым сен
Аямастай жау болған!
(Төніп кеп.)

Шап семсерім тайлықпа!
(Сілтеп қалып, Қобландыға төне бере тоқырап
қалады.)

Не қылған жүз, мына жүз?
Жазықсыз бесік ішінде
Жат жаманат білмеген
Маужыраған баладай...
(Тоқтайды.)

«Зу-зу! Арзу» деп Көклан шығады.
Артын ала көпіре шыққан Көбікті.

К ө б і к т і (Қарлығаға).

Белде, белде, белдеді!
Алдыма түсіп кетіп ен,
Семсеріне сеніп ем
Жайраттын ба жауынды?

Қ а р л ы ғ а

Өзінді тостым, хан көке!

К ө б і к т і

Қан кешуде жора жоқ
Сыбаға жоқ үлкенге,
Табынары бұл жолдың
Семсер ғана емес пе ед?

Қ а р л ы ғ а (Көкланға қарап).

Семсерден бұрын серейткен
Долы анамның күші екен.

К ө к л а н

Зу! Зу! Арзу! Кес, кес, басын, Қарлыға!
Қас дұшпаным өзі екен!

К ө б і к т і

Қазанымды жайратқан, белде, белде!
Қалам аузын қандатқан,
Көкке ұлытып Көкланды
Азалы қып аңыратқан,
Ызалы жауым осы ма?

К ө к л а н

Бәрі де осы, ал басын!

К ө б і к т і

Көзін оя мен келгем!
(Шаба береді. Қарлыға өз семсерін жолына тоса
қалады.)

Қ а р л ы ғ а

Алдияр, тақсыр, хан көке!

Көбікті

Тай жолымнан, Қарлыға!

Қарлыға

Хан көке! Әмірің биік көктейсің,

Алдыңнан шығар жерім жоқ.

Тек намысын жыртқаннан

Іркіліп қалар жөнім жоқ.

Бала күннен батыр боп,

Күркіреген күндей боп,

Көбікті боп өскелі

Қапылыста, ұйқыда, қай жауынды алып ең?

Ойламасаң осыны, өкінер қылық еткейсін...

Көбікті *(тоқырап қап)*.

Бел, белде, солай ма еді, не дейді?

Ей қуарғыр, құрғыр қыз,

Айтпасаң да нетушед?

Айтқаннан соң қайрылады қылышым!

Кескілескен кесірге

Қандай сыйлық ет дейсін?

Қарлыға

Алдияр, алып барып зынданға

Қорлықпенен салайық,

Барлық қаза, жазаның

Бәрін салып басына

Ұзақ өшін алайық.

(Қобландының қол-аяғын өзі байлайды.)

Көбікті

Әкпел бері ендеше,

Қазан кегін жылан, шаян қоса алсын

Өзінің соры өлмесе!—

деп Қобланды, Қараманды екі қолтығына қысып алып, тарта береді.

Көклян «Зу! Зу!» деп қуана ойнақшып шығып кетеді.

Қарлыға *(жалғыз қалып)*.

Не болды осы, неттім мен?

Өлтірмеген мәнім не?

Өлтіртпеген мәнім не?

Батпадым ба, қимадым ба?

Қайтпас бетім, нені көріп тайлықты!

Неден жүзім қаймықты?

Неден? Неден?

Қай келен?!

Шымылдық.

Бесінші сурет

Қобландының ордасы. Қалпы бұрынғыдай. Бірақ тыстан шабуыл дабылы келеді. Айқай-шу, жылаумен қатар қиқулаған ұран, сүрең өктеп тұр. Қортқа, Қарлығаш, Аналық қолдарында жұп шырақтары, құдайына жалбарынып тілек тілеп жатыр.

Ү ш е у і д е

Я, Қамбар, я, тәңірі! Мейірлі ием, дос ием!

Қ а р л ы ғ а ш

Кеткеннен-ақ шошып ем,
Айрылдым ба шынымен?
Жалғызым, бауырым Қобланнан!
(Жылайды, жалбарынады.)
Я, тәңірім, дос ием!

Қ о р т қ а

Садаға боп кетсемші!
Ақ шұнақ тоқты мен болып
Асылым, жарым ағаңнан...
Я, тәңірім, дос ием!

А н а л ы қ

Я, Қамбар, я, Қамбар!
Ақ жолың бер, бақ жолын бер жалқымал!
Қосарыңнан ажырармысың, жарығым!
Аңырармысың зарығып!
Қуанышым қос қалқам!
(Екеуін құшақтайды.)

Қ а р л ы ғ а ш

Құрисың ба қайран шак,
Бітесің бе біздің бақ!

А н а л ы қ (зарлап).

Не дейсің? Не дейді мынау, Қамбар-ау?
Жаманатын естірткенше жалғыздың
Жансамшы мен, өлсемші мен, жалған-ау!

Қ о р т қ а (екеуіне).

Айым, анам, есің жи.
Сенерің жоқ болған соң,
Қайраттанбасқа қайла жоқ!
Көмексіз жаспен жасытпан
Жау алдында жанымды.
Қас мерейін асырсам,
Қор етермін жанымды.

Айым тоқтал, тия көр
Жатқа айтпастай зарыңды...

Токтарбай келеді.

Айналайын, әтекем!

Қарлығаш

Қор болдық па, әкекем!

Токтарбай

Арылмаған сор екен

Арманыммен өтермін...

Кімің тірі қалсаң да

Жаудын жөнін білгейсің.

Тірі болса жалғызға

Кегім сонда дегейсің...

Қортқа

Жасаған! Қелмесе скен тек Қазан!

Токтарбай

Келмесе екен қуа кеткен сол жауы!

Қарлығаш

Әке сорлы, не дедің?

Шошыдым ғой сөзіннен.

Қортқа

Не дермін мен? Жоқ, жоқ, жүрек лоблыма.

Теуіп ашып есігін

Тас қамаудан шыққалы

Қас көбейткен шығармын.

Арыстаным, алыста бол, тек бар бол,

Не көрсем де шыдармын...

Аналық

О-о, Қамбар, бере гөр!

Қарлығаш

Айнымастан шыдармыз.

Далада жақындаған шу.

Токтарбай

Не боп кетті тағы да?

(Есіктен қарай бере.) Келіп қалды, жетіп қалды, ордама да ойраны. Қорғап өлем ұямды! *(Ұмтылады. Алдынан қалың нөкер қаптап басып, қимылдатпайды. Қортқа есіктен қарайды.)*

Қарлығаш. О, тәңір, бере гөр, Қазан емес, басқа екен. Біз не көрсек көрейік...

Алшағыр, Бірсімбай жетіп келеді. Алдарынан екі жақта тұрған жасауылдар иіліп тағзым етеді.

А л ш а ғ ы р

Бар сапарым ондалды,
Бөгетім жоқ жолымда. (*Қортқаға.*)
Іздеп шыққан жоғым дағы оралды
Қашқын қыз да қолымда.

Қ о р т қ а

Нең бар еді қалмайтын
Неге жүрсің әлі күнгі соңымда?

А л ш а ғ ы р

Ел жүрегін жаралап,
Қорлыққа кеткен Қортқаны,
Намыспен қуған ер болам.
Қуанбасаң сорың да...

Қ о р т қ а

Намыскер ер болғаның
Алысар батыр жоғында.
Шал-кемпірдің ұясын
Шапқаның ба ұялмай,
Бұғып келіп бөрідей?

А л ш а ғ ы р

Қашанғы мен тоспақпын
Ұзаққа кеткен батырың,
Оралмас болса біржола! (*Қарқ-қарқ күледі.*)

А н а л ы қ

Басыңа жетсін дегенің
Өзіңе болсын сол жора!

А л ш а ғ ы р

Мен емес, келмес жол шеккен
Шабуыл кеткен шартығың.
Ерді жайлап, елді алып,
Кеп тұрсам да кеммін бе,
Адасса да Қортқаны
Қоя берер ермін бе?

Қ а р л ы ғ а ш

Садаға кет ер болмай
Қияда қыран жоғында.
Орнында қалған жеміне
Жетсем деген қара құс!

Б і р с і м б а й

Тарт тілінді, асқақ қыз!

Алшағырға қол жетсе
Арманы болмас Қортқанның.

Қарлығаш

Арам болар, тиіп көр!

Бірсімбай

Ендеше серт етейін,
Ол емес, өзің олжасың.
Сыбағасын алмаса
Сәні бар ма жортқанның?

Алшағыр (бұйрық етіп).

Айтты әмірін бекзадам
Ал, алыңдар, тұтқынға! (Қарлығашты тарта жөнеліседі. Қортқа қорғамақ болғанда Алшағыр бөген.)

Тоқта, оны қорғамай,
Өзің құтыл әуелі.

Қортқа

Асқақтама, Алшағыр!
Сұңқар қонған ұясы
Бұйырғанша құзғынға
Өртенгенін ем көрер...

Алшағыр

Бұйырмаған биікке
Оқыс салған ұяны.
Керегіне келгенде
Ақ иық қыран алатын...
Байқамай бұзды деп пе едің
Торқалы ойын-тойыңды?
Бұйырмайсың Қобланға.

Қортқа

Бұйырмасам Қобланға
Бұйырмаспын жүз есе
Алшағырдай айуанға...

Алшағыр

Ал обалың өзіңе
Қысас қылар қайратыма келіппін.
Кесісетін аямай, кезегіме келіппін.
Келер болса тіріліп, көмген топырақ астынан,
Алшағыр алған қатыны
Қуантар болса досыңды,
Қарқ қылар болса Қобланды
Сонда ғана сені алар!

Т о қ т а р б а й

Ей, Алшағыр, қуарған
Ол сұмдықты еткенше,
Бар жанымды қырарсың!

А н а л ы қ

Атың өшсін айуан,
Тарт қолыңды айымнан!

А л ш а ғ ы р (өз кісілеріне).

Кес тілдерін, тапжылтпа!
Ата-анасы осы екен.
Аямас жауым Қобланның!
Ал үстінен лыпасын... *(Екеуін тонайды)*
Қазір күң мен құл етем,
Тіл табанын қазір-ақ.
Өз ордама жалшы етем,
Қор ететін қысасым!

Қ о р т қ а (азап шеккен ата-енесіне)

Айым, күнім, ата-енем!
Жат дұшпаным алдында
Айтылмаған серт берем?
Сендер көрген қорлықты
Көре тұра ұмытсам,
Тірлік біліп қорлықты
Жасық ойды жуытсам,
Қуатым, барым Қобланды
Күндіз, түні ойлаудан
Жас жүрегім суытсам,
Сәтте болсын жарық күні
Өзге дәурен көргізер
Суалып бітсін қара көзі!
Өзге тілек тілетер
Кесіліп солсын қызыл тіл!
Атам-анам, куә бол,
Жаным, жарым соны біл...

А л ш а ғ ы р

Серт құтқарса көрермін
Аямасқа бекініп, бек ұстаған қолымнан
Алып қалса көрермін.
Жебір-жесір жосытып,
Шұбырта тартқан жолынан! *(Қолына бұйрық етіп)*
Өрте, ойран, талқан егі!

Өрте дұшпан ордасын!

От лаулай бастайды. Жын ойнағындай.

Тарт, алып жүр бәрін де! *(Алғызып жөнелтеді).*

Орда өртене береді.

Ш ы м ы л д ы к.

Алтыншы сурет

Көк ауру Көбіктінің кекшіл, кесір ордасы.
Зындан алдында Қарлыға жалғыз.

Қ а р л ы ғ а

Шырақ жағып табынғаның
Басқа соқты, қор етті.
Не дерсің, не дерсің сен, Қарлыға?!
Аямаған елің бар
Алап ұрған жолың бар!
Тұтқын еттің біреуді
Өлтіртпедің сақтадың.
Өзің білмес жөнің бар. Бұ не?
Көргімдағы келеді
Көрмегенім жөн еді.
Әлдеқандай бір шырға
Тартқандай ма бір сырға,
Екі талай ойым бар... Не бар, не бар осы,
Мені жеңген не дерт бар?!

Б і р с і м б а й *(Шығады. Қасында жасанған нөкер.
Бірсімбай жолға, жортуылға бара жатқан реңде Қарлы-
ғаға).* Қарлыға, беремісің сертінді, еремісің жолыма?

Қ а р л ы ғ а . Айттым, айттым, Бірсімбай. Ермеймін
бұл жолыңа.

Б і р с і м б а й . Әкең берді бұйрықты... Өз қынабынан
суырып, өз қылышын жіберді, мінеки. Ал мынаны! *(Қы-
лыш ұсынады. Қарлыға алады.)* Алсын дейді Қазан
кегін Қыпшактан! Ақтасын дейді айыбын... Енді ер-
дің бе?

Қ а р л ы ғ а . Ермеймін мен сонда да.

Б і р с і м б а й . Не дейсің? Қасым ба еді қимасың?

Қ а р л ы ғ а . Қасың болса қан майданда қайда қап
ең! Ол Қазанды жекпе-жекте алды. Біз оны қапыда ал-

дық. Өзі түгіл үйін алдық қапыда. Жетпеді ме сол қорлық та! Қашан қасиеттің кеткені. Енді барып тағы да, қасқырша ұрланып тағы шаппақ болдың ба, қорғаны жоқ орданы? Наразымын, ермеймін ездік жолыңа! Алшағыр барсын, ары жоқ!

Б і р с і м б а й. Ездік деймісің! Ермеймісің? Алшағыр ма, арсызың? Ендеше тыңда тағы, әкеңнің басқа бұйрығын. Бермек болды Алшағырға өзінді, тартып сөйле ол туралы тілінді!

Қ а р л ы ғ а. Алшағырға мені бермек болды ма?

Б і р с і м б а й

Бермек болды, бітті байлау.

Несі бар ед? Қазан шықты таластан,

Кім бар еді Алшағырдай бағы асқан.

Қ а р л ы ғ а. Сен емессің, сен емессің, Бірсімбай, менің ақыл қосарым. Тағы айт, тағы айт маған. Тағы қандай қорлығы бар әкемнің?

Б і р с і м б а й

Тағы да айтқан әмірі бар.

Ермес болса қасыңа, шаппас болса жауынды,

Бақсын деді міз бақпай

Жауым жатқан зынданды,

Қ а р л ы ғ а. Зынданды?

Б і р с і м б а й. Зынданды, я зынданды! Маған ермей тапқан қасиетің сол болса, ол әні! Тұтқын жауды тапжылтпа. Менімен бармай, Қыпшақты шаппай қалғанда алғаның сол болады мінеки, тұншықтыра күзет. Қор қып өлтір зынданда.

Қ а р л ы ғ а. Жазадан оны өлтіріп, қорлық атты қазадан қарындасынды өлтірем десенші.

Б і р с і м б а й. Бұйрық біткен, байлау бір. Жадында тұт жалғыз-ақ. Орала берме егесіңмен, басқа ойыңмен алдымнан. Өлгенің артық дермін одан да. Қолыңда әкең қылышы! Әкеңнің жалаң намысы осы болаттың жалындаған жүзінде. Жаза бассаң жаза да берер сол қылыш! (Кетеді.)

Сахнаның төрі көрінеді. Ол зындан, жарымы тас қамау, тар алаң. Зындан іші алакөлеңке. Ояда Қобланды. Сыртта жасауыл.

Қ а р л ы ғ а (Қараманды тексеріп тұр).

Азаттық алған болсаң да

Әлі кетпей жүр дейді.

Бағып тұрған пәледен

Бас тартпастай сен кімсің?

Қ а р а м а н

Бас тартатын жөнім жоқ,
Жауың емес, бейбітпін.

Қ а р л ы ғ а

Құтырған қандай қалшасы.
Жауым емей елмісің? (*Жендеттерге.*)
Бар, шығып тұр, бұл жерден! (*Әскер кетеді. Қа-
раманға.*)

Көзің жойсам қайтесің,
Тіл шырайға келместен.

Қ а р а м а н

Барға санап жүргем жоқ
Өз басымның барлығын!
Досым үшін жан берем,
Орындауға кеп тұрмын,
Ар-намысын, жарлығын!

Қ а р л ы ғ а

Достың сондай сор ма еді,
Айтқызбаса тынбайтын
Ащы сөзің зарлыны?

Қ а р а м а н

Өтпеп пе еді өз басыңнан дос мұны?

Қ а р л ы ғ а

Дос деген не өмірде?
Көрген емен әлі күн...

Қ а р а м а н

Жас жаным бар, жақсы қыз,
Көрмесен де көксейсің
Жүгінемін жүрегіңе өзіңнің.

Қ а р л ы ғ а

Жан қиганың Қоблан ба?

Қ а р а м а н

Қапалы мен сол қорлықта қалғанға...

Қ а р л ы ғ а

Алушы ма ед тіліңді?

Қ а р а м а н

Көңілім қалып көрмеп ед.

Қ а р л ы ғ а

Жалғыз жол бар, таңдау жоқ
Шығаруға Қобланды...
Қас батырды қимаймын
Қараңғыда қара қайғы кемірін

Өлмесін ер арманды!..
Тек ұмытсын, жат десін
Артында алыс қалғанды...
Өзі өлтірген Қазанның
Орнын басып бек болсын
Сақтап, билеп, қорғасын,
Оң көзі боп, ордамды.
Азаттығын әперем
Ақ бейілін беремін,
Қадірлеймін бек тұтам
Бұл сертімді алған-ды.
Досы болсаң осыған
Көндірер болсаң сөзге кел.
Келмес болса қолыңнан,
Көнбес болса Қоблан
Білсін, тоссын аямай
Басына пәле салғанды.
Не дейсін сен сөзіме?

Қ а р а м а н

Жасырмаймын, қатал қыз
Айтқан жоқсың шығар жолдың амалын.
Қапасына зәр төгіп,
Көбейтерсің азабын.
Ер намысын жаралап,
Атап тұрсың ең ауырын жазаның.

Қ а р л ы ғ а (ақырып).

Тоқтат, босар мен емес
Екі айтатын кеп емес!
Сыбаған бітті сенің де
Көрінбегім көп болар
Енді қайтып көзіңе! (Жүре береді.)

Қ а р а м а н

Амалым жоқ, аял бер...

Қ а р л ы ғ а

Айт шапшаң!

Қ а р а м а н

Көнеді деп айтпаймын
Өтінейін алдынав,

Тек тілдестір өзіне. (Қарлыға белгі етеді. Зындан ішіне елес сәуле түседі. Қарлыға да тыңдап тұр.) Қобланбысың?

Қ о б л а н д ы. Бармысың?

Қ а р а м а н. Құрысам етті бар болғанша бұлайша.
Кеп азабы көп иттей талап түтіп барады. Қажытты ғой,
көкжал-ай!

Қ о б л а н д ы (*қараңғыда ызамен үн салып*). Зарла-
ма енді заржақ болған жетім қозыдай. Бұндай күйде
көргенше сөнсе нетті жанарым. Оралып шабар дос де-
сем, неғып жүрсің тіленшідей тентіреп?

Қ а р л ы ғ а (*жалғыз*). Тіленшідей?!

Қ а р а м а н. Сенің басың билігі мен осы зындан кіл-
ті де, қамау, қоршау күші де балуан қыз Қарлығаның
қолында. Сол Қарлыға қыз бұйырған аманатпен кеп
тұрмын.

Қ о б л а н д ы. Не қыл дейді?

Қ а р а м а н. Қияс қастан көңілден Қоблан қайтсын
дейді.

Қ о б л а н д ы. Орайына не дейді?

Қ а р а м а н. Оң шырайым болат дейді. Зынданнан
шығарам, бірақ шырғамда қалады дейді.

Қ о б л а н д ы. Қорлыққа сатпақ па екем мен, халқым
мен Қортқамды?

Қ а р а м а н

Солар үшін шықсаң етті әуелі?

Қ о б л а н д ы

Құлдыққа сатып басымды

Алмаймын мен азаттық.

Айлалы аяр қолынан...

Қ а р л ы ғ а (*жалғыз*).

Аяр?

Қ а р а м а н

Көнбесіңді білгемін.

Қ о б л а н д ы

Өлсін Қоблан, өшсін үні бүйткенше...

Қ а р л ы ғ а

Қандай қырыс сөз шығад

Бөрісінен Қыпшақтың?

Кездеспеген кер асқақ...

Ашылмасқа едім жоқ,

Кекшіл жүзін көрмекпін! (*Өзі жақындап.*)

Жаңсақ айтад, жаны ашыған жолдасың!

Қаза болса арманың

Аңсамай-ақ аласың!

Берер болсам азаттық

Қортқаң үшін бермеймін.

- Қызметімде қаласын.
Қобланды *(жақындап жетіп келеді)*.
Қайда? Қайдасың сен қанеки,
Келші бері, бер таман.
Көрінші бір көзіме!
- Қарлыға
Келдім міне, не дейсің? *(Екеуі бетпе-бет.)*
- Қобланды
Дейтінім сол, танып ал
Сен атаған азаттық
Азабымның ащысы!
Жетегінде жүретін,
Шыжымыңмен ұшатын
Кім деп білдің Қобланды?
- Қарлыға
Тең майданда емессің,
Тең қаруың қолда жоқ.
Тұтқынымда отырсың,
Қатты айталмай қиналам.
Тарта айтамын амалсыз
Бірақ білсең нетушед.
Қарлыға ма екен асқақтап,
Арзанға саяр саяғың?
- Қобланды
Уай, зәрлі қыз, тілің тый,
Сен емессің кінәласар мұндасым.
Көбіктің көп жылқысы ішінен
Азынатып қолда ұстап,
Зарықтырып талдырар
Айғыры емен Қамбар боз,
Байтал көрсе бас ұрар!
- Қарлыға
Тарт тілінді, Қоблан!
- Қобланды
Тартпаймын мен, тағы біл!
Алмаспын мен азаттық
Қас дұшпаным қолынан.
Бақ талайын тілермін
Ақыра құлаш сермесем
Ысқыра тілген жартасты,
Ақ семсерім жолынан.
Қайта қаптап келермін,
Көбіктідей көк ауру

Сыбағасын берермін.
Бұрымыңды борт кесіп,
Бүріп алып кетермін.
Бұра тартып жоңыңнан...
Бар, қастығың қыла бер. (*Қараманға.*)
Жоғал, жаным жасытпа!
Жойыл! Жоғалт көзімнен!
(*Жалт беріп қайта қараңғыға
кетеді.*)

Қ а р л ы ғ а (*өз-өзіне*).
Жаралғалы жан болып,
Жан жүзінен көрмеген
Қорлығымды көріппін...
Қалай, қалай, неліктен?
Неге талқан етпеймін
Қайда намыс, қайнамай?

Пауза

Ашуым жоқ, кәрім жоқ
Айнығаным бұл қалай? Жеңілдім бе?
...Әлде бақ па, әлде сөр
Аянышым арынымды басыпты
Жабы боппын, жайын тауып жайламай! (*Ойда.*)

Қ а р а м а н (*тайқи беріп*).
Біліп едім, жолсыз сөз боларын.

Қ а р л ы ғ а (*Қараманға*).
Жоқ, жоқ, тоқта! Аял қыл!

Қ а р а м а н (*тақап келіп ақырын*).
Не қыл дедің тағы да?

Қ а р л ы ғ а (*жетіп барып*).
Жасың құрбы жан екенсің
Сақтармысың ашылмастай сыр айтсам?

Қ а р а м а н
Айт, айтып көр, не дейін.

Қ а р л ы ғ а
Жат ниетпен келсем де,
Қайтып тұрмын бұл сәтте
Бойым жеңді, өзге ойым...
Байлаудағы батырды,
Қатты қинар жайым жоқ.
Бара алмады, батылым!
Шығар емес есіктен
Қарлығаның қолы ашқан,

Бірақ шықпай болмайды
Естіп тұрмын жаманат!

Қ а р а м а н

Тағы қандай жаманат?

Қ а р л ы ғ а

Алшағырдай аш бөрі
Хабарын біліп Қобланның
Ордасын шауып кетіпті.
Жан күйердің барлығын
Тізіп айдап еліне
Жебір-жесір етіпті...

Қ а р а м а н

О не дейді, не дейді,
Құрысам нетті есіткенше сұмдықты...

Қ а р л ы ғ а

Тапсырарым жалғыз-ақ
Тұспалменен айтпасаң
Туралап айтпа батырға
Булығып өлер ашудан!
Ақылыңды айт тек маған
Не қылсам Қоблан шықпақшы?
Өзім қорғап отырған
Қырсық қамау зынданнан?

Қ а р а м а н

Қандай ғана досым ең,
Айналайын Қарлыға!..
Жалғыз ғана айла бар,
Тұсына әкеп батырдың
Тақымына бұрау сап,
Шыңғыртындар Бурылды!
Шыдай алмас ширьғар
Ашу ғана шығарар.

Қарлыға жөнеледі. Қараман ойда тұр. Зындан қараңғы.

Қ а р а м а н. Көкжал, ей, Көкжал! Мен қиналып тұр-
мын-ау!

Қ о б л а н д ы. Білемін... Ал!

Қ а р а м а н. Тұншықтырған тас қамау. Қара қанат
албастыдай тағы да кеп төніп тұр. Екеу-ақпыз тағы да!

Қ о б л а н д ы. Ал!

Қ а р а м а н. Қайрат серік болмасам да, ақыл серік
болсам деуші ем! Не істедік осы біз?

Қ о б л а н д ы. Қайт деп едің сен маған?

Қ а р а м а н. Не қыларды білмес пе ек, неге алмадық азаттық?

Қ о б л а н д ы. Не қылушы ем үйтіп ап?

Қ а р а м а н. Тілемегің өлім бе?

Қ о б л а н д ы. Қорлық тірлік алғанша, қарғыс өлім шақырғам.

Қ а р а м а н. Рас, рас қорлық... Алысып та түспедік. Жады кемпір Көклан жендім деп кетті. Бәрінен де сол қорлық.

Қ о б л а н д ы. Қой, қой, сандырама, сөзінді тый. Кімді алушы ед Көклан? Қорқақ қоян сені алады... Жалпылдап ұшқан жарқанаттай жынды көкек, сол мені алушы ме ед? Жоқ, жоқ, ол емес мені жыққан, есімді алған ардан шөккен азабым-ды. Әлі де сол шердемін. Тұтқын буып тұрған жоқ, тас қамау қысып тұрған жоқ, сол буып тұрған! Соның ғана қысымында қормын мен. Бұдан үлкен жаза, қыса жоқ екен ел басына. Өкініш... Елім ері, ер серігім, бауырым үшін ол өкініш. Жазықсыз ғана, сәт-сәт қана қызық тілеп ем, ынтығым үшін сәттей аял тілеп ем. Соның үшін жаза шектім, Шуағымдай жанымнан... Соңымнан ерген бауырымнан айрылдым. Не деп көрем барым деген, ерім деген ел бетін, анам бетін! Не деп, не деп көрем Карлығашым, қарындасым ай жүзін, ай жүзінде қайғысын? Азаттық емес, жаза, жаза, әлі де қатал аямас жаза, жаза керек мен жолсызға! Жолсызға.

Қ а р а м а н. Не дейін, не дейін. Айтарсың. Бір басын болса... Бірақ Қыпшақ, Қият ел қайда? Бір сен деген ел қайда? Қыс қыстауың Қара аспан, жаз жайлауың Жиренкөл. Тосып қалған жер қайда? Арманы көп ата-анаң, жалын жұтқан жар қайда?

Қ о б л а н д ы. Толқын ұрған жардай ғып жасаңсытпа жанымды. Жаратқан не мен бе екем? Түбі қылдай жалғыз қып туғызған болса қайтемін! Тілеп-алған шер ме екен?

Қ а р а м а н. Жалғыз да болсаң жалын ең. Ойлар деп ем артыңды... Жаман айтпай жақсы жоқ... Құлағыңа іле көрме Қайрақан, ойлаймысың, Көкжалым! Бүктүсіп біз жатқанда құшағында ку тастың, ел шабылып күңіреніп, ата-анамыз қолды бопты, жар досымыз сорлы бопты, тағы да қорлық, зорлықта жатса қайтеміз? Шуақтың өлімінен де өктем сор туса қайтеміз?

Қобланды (ширығып кеп, құста болып қайнай бастайды). А-а! Не дейсің, не дейсің? Өртедің ғой, не дейсің?

Осы кезде өзгеше бір жат үнмен шыңғыра кісінеген Тайбурыл дыбысы келеді. Қиналып шыңғырады. Қобланды отырған зынданның қабырғасын тепкілеп жәрдем күткендей жанталаса шыңғырады.

Кімнің үні, кімнің үні мынасы? Жанымды өртер жақын жанған жалындай... Кімнің үні, айтсаңшы?

Қараман

Сай-сүйегім босайды.

Тілеп тұр ғой көмекті...

Қобланды

Тайбурыл! (Аласұрып.)

Қараман (Шақырады.)

Тайбурыл!

Қобланды. Жан қанатым, Тайбурыл, жау азапқа салды ма?

Қараман

Әлде есіл жануар,

Алыста жатып зар шеккен

Анасындай Қортқаның

Зар айғайын шалды ма?

Қобланды

Қортқа! Тайбурыл! Халқым! (Шынжырын талқандай бастап.)

Қайна, қайна, қайрат, аянба!

Құрысын өлмей жолында

Қарғыс атып қалам ба? (Зындан ішін талқан етіп шырмауынан босай бастайды, сырттан жасауылдар жүгіріп келе береді.)

Бас жасауылы (қылышын жалаңаштаған).

Бұзып шықпақ зынданды,

Тос, тос семсермен осыдан!

Жет жасауыл батырға

Көбіктіге хабар ет!

Бір жасауыл жөнеледі. Қобланды шынжырын талқандап жатыр.

Қарлыға (жасауыл басыға).

Не боп жатыр бұл жерде?

Не көрінді көзіңе?

Бас жасауыл

Шыққалы жатыр дұшпаның, .

Төсеп тұрмын алдынан
'Аяусыз алмас жүздерін!

Қ а р л ы ғ а

Тай, былай тұр жолынан! (*Жасауыл қозғалмайды.*)

Жоғал, өзiм тосайын,

Жоғалсын тез iздерiң! (*Бұйрық тыңдалмайды.*)

Б а с ж а с а у ы л

Аздың ба қыз жолынан?

Қобланды жақындап, зындая есiгiн бұза бередi.

Қ а р л ы ғ а

Жоғал!

Ж а с а у ы л

Кетпеймін мен, азбаймын...

Қ а р л ы ғ а (*Қарлыға қылышын суырып алады. Қараман қоса суырғанда, соған.*)

Тоқтал, жiгiт, былай тұр. (*Жасауылға.*)

Тұр былай!

Ж а с а у ы л

Тындамаймын тiлiңдi.

Қ а р л ы ғ а

Алмас болсаң тiлiмдi,

Өлесiң өз қолымнан.

Жасауыл таймайды. Қарлыға жолдағы екi жасауылдың семсерiн жайдай ойнатып, топ-топ қағып түсiредi. Бас жасауыл тап бередi. Қарлыға екеуi қанжарласып кетедi. Қобланды осы кезде есiктi талқан етiп шыға келiп, қалт қарап қалады. Қарлыға жасауылды қағып шауып, қалпақтай ұшырады да, Қобландыға салқын ғана салмақпен.

Айып етпе, мезгiлi жоқ ойынды,

Алдың ашық, батырым!

Тосар болса тағы да

Мә семсерiм, серiгiң,

Жөнеле бер жапырып! (*Семсерiн созады.*)

Қ а р а м а н

Қарыздармын, Қарлыға...

Айналайын Қарлыға.

Қ а р л ы ғ а

Неге алмайсың, Қоблан,

Дос қолымен, барымен

Созып тұрған семсердi?

Қобланды

Қарыздар екем, Қарлыға,
Не деп алам білмеймін.
Қай қайратпен ақтаймын,
Қандай сертпен ырза етем
Осынша жақын досымды!

Қарлыға (қасына қуанғандай жетіп келіп, семсер-
ді беріп).

Жә, қиналма, ала бер,
Досым деген жалғыз сөз
Бар қарыздан құтқарды.
Ырзалық соншалық
Қисамдағы аз дермін
Ақ жолыңа басымды!

Қатты дабыр, жат сарын келеді. Жау келіп қалған.

Қараман (жалт қарап). Пәле шықты жаңадан,
келе жатыр Көбікті. Қайрақан! Ал, Қоблан, есің жиі

Қобланды (саспай Қарлығаға).

Қалай болды, Қарлыға?
Бір борыштан айықпастан алдында
Алысар болып әкеңмен
Қос қыспаққа қалдым ба?
Не қылмақпын мен енді?
Ақыл тосам өзіңнен
Бар билігім өзіңде!

Қараман

О, Қайрақан кеп қалды,
Жи есінді, Қобланды!
Қайттым, қайттым тағы енді?
Айналайын, Қарлыға... Қоблан!

Қарлыға (Қобдандыға).

Әкем де болса амал жоқ,
Айтарым жоқ қайтадан.
Берме есеңді, азат бол
Аянып қалма мен үшін,
Тірлігіңді мен тілеймін, Қоблан!

Көбікті шығады.

Көбікті

Белде, белде, белдеді!

(Жалақтап күркірей келіп Қарлығаға). Қап-қара боп,
құста боп, қан қатқандай ішіме, кешпестей боп кек қат-

қан. Қас қанымен ант еткен ежелгі жауым осы еді. Білмеуші ме ең, Қарлыға? Не ғып тұрсың жайратпай?

Қарлыға. Әке, мен жеңілдім Қобланнан.

Көбікті. Айтпа, айтпа сұмдықты. Қайда сенің, қолыңа сеніп берген семсерім?

Қарлыға. Ол семсерің әнеки, жас батырдың қолында.

Көбікті. Не қорлыққа көнгенсің? Өлі айрылмай тірідей семсерімді жау алып, неге тірі тұрсың сен? Айт, айт маған жөніңді?

Қарлыға. Алыспадым жайым сол, біле бер, әке, жөнімді.

Көбікті. Өлтірсең нетті, мені өзін. Жойыл, жоғал көзімнен. Қыз емес, қара қаншық боп, қапсаң нетті мені сен? *(Қобландыға тап береді.)* Шық, шық бермен, шық былай!

Қобланды

Кел, Көбікті, келіп көр.

Өзіңнен шыққан семсердің

Өзіне деген кегін көр.

Көбікті *(Булығып күйгеннен есінен айрылғандай, Қай қаруын жұмсарын білмей бұрқ-сарқ етеді.)*

Белде, белде, белде ме?

Ата-бабам көрмеген.

Ер боп өзім жүрмеген,

Қайнатып ертер қанымды,

Қорлық-қорлық келді ме? *(Жекпе-жек.)*

Жоям, жоям, жоқ етем...

Қобланды *(кең салмақпен қағысып жүріп).* Кеш, Қарлыға, кеш, Қарлыға! Кеш мені!

Көбікті. Білдім сойқан, Қарлыға! Өз қолымнан көмермін. *(Соғысып жүріп.)* Көмермін мен қарабеті! *(Дей бергенде Қобланды ұшырып түсіреді. Көбікті жайрайды.)*

Қараман

А, дос нем ақсарбас,

Ал достарым аял жоқ,

Жөнелейік тезірек.

Қобланды

Жөнелмеймін, тапжылма!

(Қарлығаның алдына келіп семсерін созып, иіліп.) Айыбымнан арылатын күнім жоқ, бердім билік өзіңе, ал барымды, Қарлыға!

Қ а р а м а н
Қайрақан! Не деп кетті мына албыт!

Қ о б л а н д ы
Не тілейсің, Қарлыға?

Қ а р л ы ға
Бар билігің беріпсің
Бар мұратым жеткендей
Тыңда бірақ, батырым!
Еркінді алар мен емес,
Жалғыз тілек етейін
Қайда жүрсең қасыңа
Қан майданға бірге алып,
Жандай сенсең досыңа
Ала кетсең өзіңмен,
Өзге тілер қолқам жоқ...

Қ о б л а н д ы
Бердім, досым, жүр бірге.

Қ а р л ы ға
Ердім, баста, батырым!

Ш ы м ы л д ы қ.

ИНТЕРМЕДИЯ

Бұрынғы Қобланды ордасының орны. Өртеніп орда, қаңырап қоныс қалған. Тылсым бұғандай жым-жырт боп жайраған дүниелік арасына баяу басып Қобланды шығады, жалғыз.

Қ о б л а н д ы
... Сенбісің сол, сенбісің?
Есіл алтын бесігім.
Жазығым не, жазығым не осынша
Қарсы алардай жабығып?! *(Толғана күңіреніп.)*
Күндізі бүркек, түн тұман
Қуарып солған сор заман
Қайда жүрмін қаңғырып?
Жұрты жатыр, елім жоқ
Батпағы жатыр, көлім жоқ.
Қаңырап қалған Қараспан
Бауырында бұла өскен
Балапаның келіп тұр.
Жазығым не осынша
Тұншыққандай үн шықпай,

Осышалық дал қылып?
Өл, Қоблан, десең де
Үн атсаңшы, жаңғырық!
Қас болмасаң қор дүние
Аясаңшы, айтсаңшы,
Қайда, қайда жүрмін қаңғырып?

Қобланды өз мұңымен жым-жырт болып отырып қалған. Бір шет-тен жалғыз Қарлыға шығады, о да ойда.

Қ а р л ы ғ а

Бауыры суық ұяда
Түнілдірген көп еді.
Армаңым ғана жүр еді
Қол жетпес бір қияда.
Қасымда отыр сол бүгін
Қайғысы бар қара тас.
Сыр ашқаным ссы ма?
Өртеп кеттім артымды
Алдым жұмбақ бір тұман,
Қайда барам, кім боп барам!
Не де болса жалғыз-ақ
Ынтығына жеткізем
Аямастан күш салам,
Көре тұрып Қортқаны
Барар бетім аңғарам... *(Қараман шығады, о да баяу.)*

Қ а р а м а н

Қайран менің құрдасым,
Саған нала келгенше
Өзіме пәле болсын дер,
Қадірлесім, қимасым,
Өтті ғой зарың, аяулым
Қайдасың, жаным, құрдасым! *(Ізденіп, тыныштық таба алмай жүріп, алтын қазық тауып алады.)*
Бұ не, бұ не, мынау не?
Бүлінген дүние ішінде
Бұғып қалған белгідей!
Көкжал, Қарлыға! Бер қара! *(Қобланды жақындайды.)*

Қ а р л ы ғ а

Бұ не, не қып ұмыт қалғандай?
Тегін бұйым болмас-ты,

Әдейі қалған емес пе,
Тапқанға бір ой салғандай?

Қ а р а м а н

Тоқта, тоқта, таптым мен,
Айналайын, Қортқажан,
Айналсамшы есіңнен!
Көтер басты, Көкжалым, көтер бері, бер қара!
Ай, жұлдызым тұрақсыз
Тынымсыз кешкен жолында,
Темір қазық аспанда
Тапжылмастай тірегі,
Сол қазықтай айнымас
Қайда жүрсең Қортқанның
Саған деген жүрегі.
Сол белгісін қалдырған
Жандай жардың жолында,
Талдым, солдым дер болса
Шіріп-ақ қалса болмай ма?
Ер дегеннің білегі...
Таста, Көкжал, азаны
Жұлдызына бет түзе
Жазалы оғың қазалы
Көтер деймін басыңды!

Қ о б л а н д ы

Қанатыма қанат қос,
Жалыныма жалын қос,
Айтшы, айтшы тағы аямай,
Айтшы аямай, есіл дос.

Қ а р л ы ғ а

Қадірлесім, Қоблан,
Аямасың, қасың кім?
Қайда екенін білемін!
Талдырмайық жұртыңның
Жау қолында жабығып,
Жанып-сөнген тілегін
Қинамайық Қортқанның
Қайғыменен қан жұтқан
Жалынға толы жүрегін!
Бар қайратым қан кегіңнің жолында
Сарапқа сал серігіңнің білегін!
Сен мұратқа жеткенше
Қай қамалы тұрса да
Ашуменен сермелген

Ақ найзаңның ұшы боп,
Алдында өзім жүремін!
Қамдан, батыр, әзірлен!

Қ о б л а н д ы

Әзірлен, достар, әзірлен...

... Көк жүзіне тырмысып

Көгеріп өскен жас емен.

Тілемесін тәңірінен

Тұнжыраған тыныштықты.

Қас иесі қуып кеп

Қара бұлттан туып кеп,

Құтыра соққан дауылын

Қарайласын десін ол!

Қарлы мұзы қабаттай

Қарсылай соққан қаңтардың

Сықырлаған аязын

Сыбағам деп білсін ол!

Төңкеріліп аспаны

Түйіліп келіп төбеден

Күтірлей ұрса кен ие

Шатырлай түссе найзағай,

Шың етпестен зымырап

Тағы соқ деп тұрсын ол!

... Жас емендей жас елім

Қайсар күшін қайт қылман,

Ала алмайсың қас өлім!

Көнбес үшін қарысам

Жеңбек үшін алысам!

Алдында осы жалғыз жол,

Алдымда осы жалғыз жол...

Ер, достарым, соңымнан

Бол, бол, кегім, басшым бол! *(Тартып кетіседі.)*

Ш ы м ы л д ы қ.

Жетінші сурет

Арыны күшті аюдай хан Алшағыр ордасы. Сарайдың ішкі дала-нына шығатын алаң, ашық үйінде Бірсімбай мен қалыңдығы Күнікей отыр.

Күнікей (*күйеуін тоқпақпен басқа ұрып тұрып, күле беріп*). Сок, тоқпағым, сок-сок! Сок, тоқпағым, тоқ-ток!

Бірсімбай. Семсер ал да шауып жіберсеңші бұл басымды.

Күнікей. Ойын бұзбай, қан шығармай ойнаймын.

Бірсімбай. Осының да тәттілік пе, ұнатқаның осы ғой, ә?

Күнікей. Ұнатқаным ғана емес, сүйгенім сол. (*Күледі.*)

Бірсімбай. Әттеген-ай, онда балуан қыз болмағаның бекер екен, айызын қана түсер еді ғой.

Күнікей. Шыдамасаң шыныңды айт, көлгірсіме. Бірақ, Күнікей жарың осындай.

Бірсімбай. Сүйгені жазадай де.

Күнікей. Уай, қой әрмен. Күнікей кептерше сүймейді жүнжіп, жидіп. Сілеусінше сүйеді, тістеп, тырнап. Шыдамаса шаңдозым өле қалсын ойнымнан. (*Сақ-сақ күледі. Алшағыр кіреді.*) Сок, тоқпағым, сок-сок! (*Тағы күледі.*)

Алшағыр. Ойын ба, бекзадам! Ойын ба, бүбім қарындасым? Ойын бұзған не көред?

Күнікей. Кім бұзады ойынды!

Алшағыр (*қатуланып*). Жау, жау бұзады... Алдияр!

Күнікей, Бірсімбай. Жау? Жау?

Алшағыр. Жат жаманат келіп тұр, қамауда жатқан жау Қыпшақ құтылып кетіпті тұтқыннан.

Бірсімбай. Біздің берік зынданнан ба? Қара басын әкемді. Айрылған несі алжымай. Қара бассын, Көбікті!

Алшағыр. Айып әкенде емес, Қарлығада.

Күнікей. Қарлығада? Не қылған ол?

Алшағыр. Зынданнан өзі шығарып, қашып кетіпті

сонымен. *(Тасырлап.)* Кетіпті жауына еріп, аңшыға ерген қаншықтай!

Бірсімбай. Қаншық? Қансылата жоймасам ба көзінді. Не қып қалған, неге жоймай айрылып отыр Көбікті? Не қып өлмей тірі отыр?

Алшағыр. Тірі емес деп естимін. Жаманат бар, жазым бопты деп отыр.

Бірсімбай *(қайнап)*. Кімнен жазым бопты?

Алшағыр. Кетерінде жарып кеткен Қоблан дейді.

Күнікей. Жау қолынан өлген бе? Не деген қорлық еді?

Бірсімбай. Үйтіп өлген әкем болса садаға болсын шерімнен. Ома қапсын өлмесе. Кегім, кегім, Алшағыр! Қамдан, сайлан, жол тартам *(тулап әзірлене бастайды)*.

Алшағыр. Салдым барды кегіңе, қамдануға әзірмін. *(Екеуі кетеді.)*

Күнікей. Кек, кек! Кектен басқа табынатын тәңір жоқ. Тек кезек-кезек кек болсын. Алшағыр, бұйрығым бар! Жауыңа еріп Қарлыға қашса, тегін емес, қатын болып қашқан да. Қайын атамды өлтіріп, Қарлығасын қатын еткен дұшпанды құр өлтіріп қояр болсаң, қорсың өңшен дер едім. Қолында отырған жоқ па көк шүберекке түйгендей оның жаны... Құлықтысы Қортқасы. Сен де соны қатын ет. Қорлап қатын еткен соң ғана жауды көздей жөнөйсін. Осы менің бұйрығым!

Бірсімбай. Ақылыңда қапы жоқ. Кектің басы осыдан. Ал, Алшағыр, бұйрығың.

Алшағыр. Не дедің, бүбім, не дедің? Алмасыма шарам жоқ. Өзің білдір бетпаққа, бұйрығыңды өзің айт!

Күнікей. Өзім айтам қазір-ақ. Шақыр! Келтір мұнда күндерді! *(Алақанын қағып қалады.)*

Бірсімбай, Алшағыр қаруларын қамдай шыға береді. Күнікей жалғыз. Аздан соң тұтқын Қарлығаш пен Қортқаны алып жасауыл келеді.

Азалы Қортқа сенбісің
Айрылдым деген жарыңнан?

Қортқа

Не демексің тағы да?

Күнікей

Өлі айрылдым деп едің,
Айрылыпсың тірідей.

Зынданнан босанып,
Көбіктіні өлтіріп,
Құтылыпты Қоблан.

Қарлығаш

О-о, дос нем Қамбар-ай!

Күнiкей (Қортқаға).

Сен қалайша қуанбайсың?

Қортқа

Сүйінші болмас тілерін,
Тағы да бар ғой айтпағың.
Айтып тындыр барлығын,
Үздір Қортқа күдерін!

Күнiкей

Үздіретін мен емес,
Біл Қоблан қорлығын!
Зынданнан шығарған
Аямаған әкесін
Қайраты асқан Қарлыға
Қыздан достық тауыпты,
Досын алып кетіпті
Үйдегі жар ұмыт боп,
Соны қатын етіпті...

Қортқа

Мен қуанар аз екен
Білмей тұрмы: жалғыз-ақ
Күнiкей неге мәз екен?

Күнiкей

Өлгенменен өлмек жоқ,
Безген жардың бейілі
Қайта оралып келмек жоқ.
Қарлығаның орайы
Қайтар болды Қортқадан.
Алмақ болды Алшағыр.
Жақсы сөзбен жан тартам
Жарасатын жеңгем деп...

Қарлығаш

Үніңді өшір, оқ жылан,
Жас тілеуін жалмаған!
Өзіндей деп ойлап па ең?
Өктегенде өзеуреп,
Аярлықтан талмаған...
Садаға кетсін Алшағыр
Айналайын ағамнан.

- Азатұғын жеңгем жоқ
Садаға кетсін Қортқамнан!
- Күнікей
Болдың ба айтып барыңды
Сертім болсын, асқақ қыз,
Саған да сый тартамын.
Соныменен ақтармын
Сен былғаған арымды. (Қортқаға.)
Не дейсің, сен өзің айт! (Қортқа үндемейді.)
Таныдың ба, жалғаны көп жарыңды?
- Қортқа
Таныдым...
- Қарлығаш
Не деп тұрсың, Қортқа, сен?
- Күнікей (Қарлығашқа.)
Шығарма енді үніңді? (Қортқаға.)
Танығаның шын болса
Таңдар жолың жоғын тағы білерсің?
- Қортқа
Білдім...
- Қарлығаш
Қортқа?..
- Күнікей
Қортқа! Ал дейсің бе Алшағырдан сүйінші?!
- Қортқа
Шақырып бер ағанды, айтысатын сертім бар..
- Күнікей (кейін бұйрық етіп).
Келсін мұнда Алшағыр,
Келсін бері Бірсімбай! (Екеуі келген соң.)
Қортқа айтатын байлау сөз
Әйгіленсін жақынына жауымның,
Келтіріңдер атасы мен енесін!
- Алшағыр
Келтіріңдер, тыңдасын!
- Тоқтарбай, Аналықты кіргізеді. Олар құл мен күң халінде.
- Күнікей
Жалтаратын жол емес,
Жасырып айтар сыр емес,
Сөйле, Қортқа, сертіңді.
- Аналық
Қай жазамен қинамақ?

Тоқтарбай
Қандай серті болушы ед?

Қарлығаш
Шыда сорлы, ата-анам,
Таныр болсаң тосыннан
Білінбеген дертіңді.

Қортқа
Жұлдызынан жаңылған,
Жаманатқа таңылған,
Азалада амал жоқ.
Бұрын бетін серпсем де
Бүгін үйтер шарам жоқ.
Айтқаның болад, Алшағыр,
Тек жалғыз-ақ Қобланның
Қарлығаны алғанын
Таныт, көрсет көзіме.
Көрісімен тиемін,
Одан әрі аял жоқ...

Аналық
Не деп, не деп кеттің сен?

Қарлығаш
Қайран ағам, қойныңа салмақ болғаның
Жарың емес, жылан ба ед?

Алшағыр (*нөкеріне әмір етіп*).
Тоқтат тілін зәрлінің. (*Қарлығашты жасауыл
жұлқып ұстайды.*)

Тоқтарбай
Не дермін мен, не дермін...
Тентіреген тірлікте
Бұндай да медің көрер күн!
О, сұмырай, көрер күн!..

Алшағыр
Алдым, Қортқа, сертіңді!
Бұрымын кесіп сайқалдың,
Басын кесіп Қобланның
Алдыңа әкеп табысқанын танытпай,
Алдамаймын, алмаймын мен еркіңді...
(*Бұйрық етіп, Тоқтарбайларды нұсқап.*)
Есітерін есітті,
Шығар мынау құл, күңді.
(*Оларды алып кетеді.*)

Ойнақшып, құтырып Қөклян шығады.

К ө к л а н

Көзін көрсет, көзін көрсет
Сертін берген сайқалдын! (*Қортқаға кеп қадала
қарап.*)

Асыраған қолымда
Қызым болған күнінде
Қырсығыңа шыдағам!
Жатым болған күнінде
Айдағы ақ піріме аямасқа аңг бергем.
Тілеп алған сыбағаң! (*Тіміскін.*)
Монтаны ма? Монтаны!
Монтанысы болатын.
Мені де мерт еткізген,
Иектеген иесі.
Атың өшсін, Алшағыр,
Алынар болсаң тағы да
Жер соқтырар күн болса
Киенкінің киесі! (*Тағы құтырынып.*)
Сөзін алма, өзін ал!
Сертін алма, өзін ал!
Сертін алма, өзін ал! (*Ойнақтап шығып кетеді.*)

Қ о р т қ а (*күліп*).

Табыстырар сен болсаң
Жар таппас па ем мен ерте!
Не ғып тұрсың, Алшағыр,
Тілін алсаң асаудың
Аяма да мені өрте!..

Б і р с і м б а й

Жок! Ердің серті емес...

А л ш а ғ ы р

Қайтарым жоқ айтқаннан,
Тек, тек бірақ килікпе.
Қолқа қылма, Қортқа сен,
Қыпшаққа деген кегімді,
Бастаймын мен кезекпен
Мына тұрған байталдан! (*Қарлығашты
көрсетеді.*)

Қ о р т қ а (*күліп*).

Алмастан бұрын өзімді
Сайламақпең күндесті?

Б і р с і м б а й

Не деп тұрсың, Алшағыр?

А л ш а ғ ы р

Алдияр, тында кебiмдi!
Кебiмдi тында, Күнікей!
Сен бұйырдың мен көндiм
Сен де маған кезек бер!

К ү н і к е й

Бердiм кезек бұйырсаң!

А л ш а ғ ы р

Сенен асар Қаңқайдың
Қай қызының талайы?
Күн қатын қып қор қылып
Бiрсiмбай алсын мынаны!

Қ а р л ы ғ а ш

Тарт қолыңды қасиеттi басымнан,
Зарламаймын, садаға кет жасымнан.

Қара басса Қарлығаш
Қатын болмас, қар болар...

Қай мiнезiм жағып ед,
Жау бәрiне жар болар?

Сансыз отқа күйгенше,
Сен сұмдарға тигенше,

Қадiр бiлер Қарлығаш
Жас тiлегiн жат етiп

Жанын айтып жолына
Жан бауыры Қобланның

Жарылып өлер, қан болар! *(Сапысын жұлып
алып, өзiне сала бередi. Күнікей атқып барып
ұстайды.)*

К ү н і к е й

Сен бе тимей тулайтын?

Сен бе безер ерiмнен?

Қ а р л ы ғ а ш *(арпалысып).*

Жиренемiн, жиренемiн жат көрем,

Азынаған көрiмнен...

К ү н і к е й *(Қарлығаштан сапыны алып).*

Не дедiң, не дедiң сен, не дедiң?

Бекзада туған Бiрсiмбай

Қай Қаңқайдан кем едiң? *(Ашумен қайнап.)*

Алшағыр! Алдым, алдым көндiм мен.

Бұйрығыңа бас ұрдым.

Намысым қайнап күйгеннен,

Жарыма тiлi тигеннен

Егестiм де кестiм мен!

Күн қатын қып алмасаң
Таспа тіліп жонынан,
Көпдіріп жолға салмасаң
Ерім емес, қорсың сен.
Ал, Бірсімбай, ал мына
Атым өшсін, ант ұрсын,
Алғызбасам осыны!..

А л ш а ғ ы р

Бәсе, бәсе солай-ды!

Ш ы м ы л д ы қ.

Сегізінші сурет

Сол сарайда, сол орын. Бірақ бұл суреттің оқиғасының көбі үй ішінде емес, сарайдың ішкі алаңында болады. Алаңды қоршаған биік тас қабырға, шойын қақпа көрініп тұрады. Қортқа, Қараман шығады.

Қ о р т қ а (*асығыс*).

Алыста ма, арыстаным қайда тұр?

Қ а р а м а н

Алыста емес, тақауда тұр тіл күтіп!

Қ о р т қ а

Жақын тұрған кісің бар ма қорғанға?

Қ а р а м а н

Килігем деп кіжініп

Зорға шыдап Дәулет тұр

Жаза осы деп жалғанда!

Қ о р т қ а

Килікпесін бір өзі

Тез әкелсін Қобланды!

Басқа түскен қыспақтың

Асып тұрған сор кезі.

Арыстанның аузында

Ажал тосып сәт сайын

Ата-анасы, бауыры тұр!

Тауысылғанша амалы

Әреңменен жары жүр.

Тілімді алсын арыстан

Тақап келіп тап берсін,

Шандатпасын алыстан! (*Қараманға кілт береді.*)

Мә қорғанның кілтін ал,

Бір күн сейіл еткіз деп

Алшғғырдан алып ем.
Бөгелме енді барын сал!..

Қ а р а м а н
Кетем, Қортқа, жөнелем,
Көмегіне бұл жерде
Батыр серік қыз берем!

Қ о р т қ а
Қыз? Кім еді ол?

Қ а р а м а н
Қарлыға!

Қ о р т қ а (*күлімсіреп*).
Айта кегсең нетеді
Кім деп алам көмегін?

Қ а р а м а н (*о да күліп жазыла беріп*).
Қай-ра-қа-а-а-н!
Қалжыраған болса да,
Алжыған жоқ құрдасың.
Қараман ба ед жансыздан
Сыр тартатын бөбегің?

Қ о р т қ а (*күліп*).
Күпті еткенше көңілімді
Күйіп кетсең нетушед?

Қ а р а м а н
Саспа! Қөкжал болса мен білген
Сұлулардың сендердей
Талайына жетуші ед. (*Қарлығаны ертіп кеп.*)
Ал, мен кетемін жөніме,
Шүйіркелесе екеуің
Танысып ап, табысып,
Барың сал да серік бол.
Батыр қуған кегіне: (*Жөнеледі.*)

Қ а р л ы ғ а
Қортқа?!

Қ о р т қ а
Қарлыға?!

Қ а р л ы ғ а
Шалғыншы боп келіп ек,
Арманым жоқ жол болса...

Қ о р т қ а (*Қарлығаны қасына отырғызып.*)
Айтқаның келсін, Қарлыға,
Осы күнді тілеп ек!

Қ а р л ы ғ а
Аяғаны батырдың

Жебір, жесір жасыған
Қара Қыпшақ ел болса,
Аңырағаны зар тұтып
Қалың қайғы қажытқан
Қарт ата-ана бір болса
Аңсағаны жалындап,
Құлықтысы Қортқа едің
Көзім көріп күйігін
Шыбын жаным жолына,
Сен тигенше қолына
Құрмалдық болсын деп едім.

Қ о р т қ а

Қарыздармын, Қарлыға,
Қайысыпсың қамыстай
Қорлықтағы зарлыға!..
Ұмытпаспын, аямаспын барымды,
Бұл тірлікте шықпаспын
Айнығыш болып алдына.
Алғыс деген аз бейіл
Айтқаныммен толмайды. (Күлімсіреп.)
Тағы бар ғой бір жора,
Өзегін берер өз болса,
Өзіндей жақын көз болса,
Алғыс олай болмайды,
Рас емес пе осыным, Қарлыға?

Қ а р л ы ғ а

Өзім дерлік болсаң сен
Өзге тілек тілемен!

Қ о р т қ а

Ашылса екен маңдайым...
Айықса екен тұманы...

Қ а р л ы ғ а

Алынса екен ер кегі
Жеткізсе екен қуғаны!

Қ о р т қ а

Күпті болған жүректің
Тарқаса екен күмәні!

Қ а р л ы ғ а

Бар тілегім, бар күшім
Талабына батырдың,
Керегіне жарасын!.. (Өзіне.)
Көрсем деп ем, ынтық ем,
Көрдім ердің күнде аңсаған данасын!

Ақылын көркі безеген
Көркін мінез безеген
Бұдан артық ер сүйер
Қай адамзат баласын...
Барым берем, табыстырам сендерді.
Содан әрі өртенсем де жол берем.
Лайығы жоқ! Жоқ, мүлде жоқ таласым!
(Қортқаға.)

Бақытыңа жет, жаның жарқын асылкеш!

Қ о р т қ а

Тәу еттім, айдай нұрлы асыл дос!

Көклян келе жатады. Зу! Зу! Арзу! Қортқа, Қарлығаны қалта-
рысқа тығады. Көклян, Күнікей шығады.

К ө к л а н (құтырынып).

Жайра! Жайра! Жайрағыр!
Жау бар жақын, Алшағыр!
Қайдасың сен, Алшағыр,
Жау бар жақын, ес қайда?

К ү н і к е й (жүгіріп).

Шақырайын, шақыртайын бәрін де! (Нөкерге.)
Шақыр, келтір Бірсімбайды,
Шақыр жылдам Алшағырды! (Құл жөнеледі.)
Қандай қатер, анам-ау,
Қатер жау ма сасқандай?

К ө к л а н (құшырланып).

Есінді жи, сөкек қыз!
Жіп-жіңішке жол қалды,
Екеуміз-ақ қашқандай!
Қамдан, қамдан, қасыма ер! (Алшағыр,
Бірсімбай шығады.)
Жау бар, жау бар, жайрағыр!..

А л ш а ғ ы р

Қайда? Қандай, қандай жау?

Б і р с і м б а й

Қайдан таптың жоқ жауды?

К ө к л а н (Қортқаның айналасына жортып).

Мұнда, мұнда, мынада
Монтанында мынада!
Құлатады басыңа
Қара аспандай қу тауды.

К ү н і к е й

Қортқа!

Қ о р т қ а (мұңлы жүзбен).

Қоймайсың ғой, анам-ау,
Мен тумастан көрінген
Баяғы ашқан балың ғой.
Не жазып ем осынша?
Қайда барсам өмірде
Ұсынғаның зәрің ғой!
Туып па едім тірлікке,
Мандайыма жазылған
Қара дүлей қастықты
Көрмек үшін көрімдей!
Осы болса жазғаны
Құрысам нетті жөргекте
Жау көзіне көрінбей...
Қолыңда тұтқын болғанда,
Анам деуге ынтықпап па ем мен талай!
Соған орай қалмаған несі сенің жалаң,
Жалмайтұғын кебіндей?

К ө к л а н

Анам десен, анам десен, балам демек едім мен!
Өмірімде жалғыз жол, балам демек едім мен!

Қ о р т қ а. Ләнет, ләнет болсын көргенім, өртегенсің
бәрін де, кешу білмес кегіңмен.

К ө к л а н (қайта құтырынып). Ләнет? Ләнет? Мен
ләнет! Жайра, жайра, жайрағыр! Қамдан, есуас Алша-
ғыр! (Құтырынып жөнеледі.)

А л ш а ғ ы р (ақырып).

Шақыр қолды қорғанға,
Соқтыр соғыс дабылын!

Дүние даңғаза бола бастайды. Әр жерден жүйіткіп өткен жасау-
ылдар. Аз толастан соң ұрандап келе жатқан Қоблан үні естіледі.

Қ о б л а н д ы (биік қорған басына жарқ. етіп шыға
бере).

Қарақыпшақ!
Қарақыпшақ! Қарақыпшақ! (Қасында Қараман
мен қолбасылар.)

Қ о р т қ а

А, тәңірім, кең ием!

А л ш а ғ ы р

Не дейд, не дейд? Қобланды?!

Б і р с і м б а й

Қобланды?

Қобланды

Мен, мен жеттім міне Қобланды. Шық, шық,
қатын болмасаң! Шық қарсыма, Алшағыр!

Бірсімбай

Жекпе-жектегі тілеп тұр.

Пауза.

Алшағыр?

Алшағыр

Ашылсын деп қорғанды
Аярылықпен алдап тұр!

Қобланды

Шық, шық менің қарсыма,
Аюсыған Алшағыр.
Қорқар болсаң жерге кір!
Шық, шық! Жекпе-жек!

Бірсімбай

Алшағыр! Енді қашан, Алшағыр!?

Алшағыр

Шықпасам ба деп тұрмын...

Қортқа

Қарусызға қасқыр ма ең,
Өл, бүйткенше, сен құрғыр!

Алшағыр

Не дейд, не дейд? *(Құтырынып.)*
Тұр былай! *(Айналып атқып жөнеледі.)*

Қобланды *(қорғаннан сыртқа қарай түсе беріп,*

Кел, кел бермен, кел бері!

Көрінбей кетеді. Сыртта жекпе-жек үні келеді.

Күнیکей

Қортқа? Қортқа басың бәйгеде,
Бақтым, бақтым енді сені мен, *(Бірсімбайға.)*
Алдаған болса аярдай
Аямастан жаза кес,
Аянбай кес, Бірсімбай!

Бірсімбай *(Қортқаға).*

Қасым болсаң қылқұрттай
Өз обалың өзіңе!..

Қортқа

Ер егесі сол ма еді

Кіжинетін қатынға
Қарсы барып жау құртпай...

Сырттан Қыпшақтардың қуанған айғайы келеді.

Дауыстар

Жайрады, жайрады жау Алшағыр... Алшағыр!

Қобланды (қорғанға қайта шығып).

Жайрады жауым Алшағыр

Шық ер болсаң, Бірсімбай!

Бірсімбай (тап беріп Қортқаны қармап алып,
семсерін сілтеп тұрып, Қобландыға).

Кет қорғаннан көзің жой,

Кетпес болсаң жөніңе

Жоқ етемін жарыңды!

Алыспай алам жаныңды!

Қобланды

Құтқарам деп елімді,

Жолыңа айтқан басымды

Қеш, қош, жарым жұлдызым

Қимасам да жанымды

Қайта басар мен емен.

Қамап тұрған бетімнен (Бірсімбайға.)

Босатпаймын маңыңды.

Күнікей

Сал ендеше семсерді, Бірсімбай!

Бірсімбай (сермей беріп).

Жойдым міні, жоқ еттім. (Бұл ұра бергенде

Күнікей баж етеді. Оны сарт етіп кеп Қарлыға
қармап алған.)

Қарлыға

Аш көзіңді, Бірсімбай,

Оны өлтірсең міні орай! (Семсерін сермей
береді.)

Айрылдың мынау жарыңнан.

Күнікей

Құтқар мені, Бірсімбай...

Бірсімбай

А, мұнда ма ең, сен сайқал,

Келді кезім, келді кезім кек қайтар!

Қортқаны тастап, Қарлығаға ұмтылады. Екеуі де жекпе-жектің асқан шебер білімін оқыған, алпыс екі айламен алысқандай бірін-бірі ала алмай жүреді. Қақпа шалқасынан ашылады. Ашып тұрған Қараман.

Қарлыға (қақпаны көріп).

А, жетті ме ері жеріне,
Жеттім мен де, мен де жеттім, жететұғын жеріме!
(Қылышын тастайды.)
Алыспаймын, өліспеймін сенімен.

Бірсімбай (қылышты жұлып ап).

Әкең берген қылышы
Аямасқа берілген,
Жаза кесіп, қаза берсін жөнімен! (Қарлығаны
шауып өлтіреді.)

Қобланды, Қараман және қолбасылар кіреді.
Қобланды Бірсімбайды алып ұрады.

Қараман

Ұмтыл, ұмтыл, Көкжал, жаның сал!

Қобланды (семсері қолында).

Жояйын ба, Қарлыға?

Қарлыға (өлміші күйде.)

Өлтірме, тек байлап ал!

Бұл аямас болса да

Мен тас емен, қаным бар...

Қобланды

Кеше гөр, жаным, Қарлыға? (Нөкеріне Бірсімбай
туралы.)

Өлтірме, тек байлап сал!

Ал көтеріп Қарлығаны қолыңа!

Қолбасылар Бірсімбайды байлаған. Қарлығаны екі батыр қолына
алған. Қобланды Қортқаға ұмтылып.

Айым, Қортқам, кел, келші!

Қортқа (бір ғана сәт тізе бүгіп, Қобландыны қолы-
нан сүйіп).

Арыстаным, арманым! (Деп шапшаң атқып
тұрып.)

Азапта жатыр ата-анаң,

Құтқар, құтқар, жүр соған! (Тарта береді.)

Қобланды (қолбасыларына).

Ал, достарым, қайрат қыл

Қыпшақ, Қият ел қайда?

Тұтқында күткен ер қайда?

Қапта бәрің кідірмей,

Амандап қал, алып шық

Тап бәрін де азат қыл!
Қайда жатыр, қай-қайда?

Қолбасылар тарай жәпеледі. Өзі Қортқа кеткен жаққа атқи жөнеледі. Сахнада Аққозы, Қараман, Күнікей қалған. Осы кезде — «Зул Зул» деп Көклян келе жатқаны бітінеді. Қараман қалбақтай бастайды.

Қ а р а м а н. Қайрақан! Ойбай, батыр, қамың қыл!
Мына пәле әлі жүр ме еді алдымда? Маған сенбе, Аққозы. Менен қайрат кетті де...

К ө к л а н (*құтыра шығып кеп Күнікейге*).

Ер соңымнан, салдақы!

Зул Зул Арзу! (*Деп Аққозыға қарай сиқырлай қимыл етіп қарсы жүреді.*)

А қ қ о з ы (*семсерін ала ұмтылып*). Құтыла алмайсың, құтыла алмайсың, көк долы!

Қылышын сермейді. Бірақ көзі таңулы кісідей теріс сермеп өтеді.
Көклян бір шетке кеткен.

Қ а р а м а н. Көрінбей кетті көзіме!

А қ қ о з ы. Көрінбей кетті көзіме! Қайда? Қайда жүр?

Қараман екеуі Күнікейді қоршап алған. Күнікей шырқырап: «құтқар, құтқар» деп бажылдай береді. Көклян өзі сахнаның бір шетінде ақырын «Зул Зул» деп жүр.

Қ а р а м а н. Қайда кетті, қайда жүр?

Көклян осы кезде «Зул Зул» деп ағындап барып төрдегі тас қабырғаға бар екпінімен беріп ұрады да, сол тас қабырғаға батып, жоқ болып кетеді. Мыналар бұл жақта әлі күнге Күнікейді қоршап бос әбігерде жүр. Бір сәтте Көклян тас қорғанның басына атқын шығып алады.

К ө к л а н (*өзгеше жат бір қимылдар жасап, булығы құтырып*).

Зул Зул Қараң өшсін, қараң өшсін, Қобланды,
Қаптарармын әлі талай пәлемді! Зул Зул

Алғашқы суреттегідей қара түнде тастан ұшқан қара құстай лап етіп ұшып, сырт қарап жоқ болып кетеді.

К ү н і к е й (*ұмтылып*).

Құтқар, құтқар, мен қалдым, құтқар! (*Қараман мұны ұстай алмайды.*)

Аққозы (қармап алып).

Құтылмайсың, колымда қалдың сен менің.

Қараман. Ұстадың ғой асауды, өзі қандай осынның? Бері қаратшы көрейін. (Көріп айналып.)

Қандай сұлу көкайыт еді.

Қасында ата-анасы, қарындасы және азат етілген қалың ел — ата-аналар. Қобланды елді тастап ұмтылып, Қарлығаның басына келіп тізе бүгіп отыра қалады, қатты толқып қайғыға түсіп шер айтады. Қортқа қасына кеп бірге тізе бүккен.

Қобланды

Қадірің асқан Қарлыға,

Қайда кеттің, қайда кеттің, қимасым!?

Ұқтым ғой мен, жаңа ұқтым ғой,

Неге кеттің, не деп кеттің?

Аз өмірде азғындай

Сен бе ен, сірә, сыртқа тебер симасым!

Тар жолымда бар қасиет үстінен

Асып шығып аспанға

Сөнбей жанар жұлдызым бол бір өзін!

Қасиет аты Қарлыға болсын.

Бұдан былай жаңа жолға басқанда!

Қош, қош! Кеш, қадірлім Қарлыға! (Қиналып тұрып, зорға есін жияды. Халықты көріп сөйлейді.)

Уа, елім, жұртым, бауырым,

Кетті кесел түнерген,

Жайлана бер жадырап.

Ұмыт енді көрген кердің ауырын.

Мына ордасын дұшпанның

Бар қаласын қасымның,

Бар бұйымын, асылың,

Үлесіп өзін аласың. (Қолбасыларына.)

Айдатып кел жылқысын!

Боз биенің сүтіне

Шомылдырып халқымды

Арылтамын біржола

Жаудан шеккен қайғысын!

(Жұрт мәз, алғыстар. Қобланды ата-анасына жақындап, Қортқаны қасына алып бас иіп.)

Айналайын ата-анам,

Арманды бір ой бар еді!

Туы құлап тараған

Бұзылып кеткен той бар еді
Шығар ойдан барлығын
Көңілдегі алаңның,
Ақ тілекпен басташы
Жақсы бір тойын жаңадан
Келінің мен балаңның...

Т о қ т а р б а й

Айтқаның болсын, қарағым!

А н а л ы қ

Айналайын қаралдым!..

Халық шулай қостайды. Той болмақ. Шат. Қуаныш.

Ж ұ р т. Той, той. Қайырлы той! Той тойла! Той той-
ла!..

Ш ы м ы л д ы қ.

С О Ñ Ы

АСЫЛ НӘСІЛДЕР

*Төрт актылы, жеті суретті
пьеса*

АДАМДАРЫ:

Дәуренов Иса — министр, 42 жаста.

Есенов Сәлім — ғылым орталығының басшысы, 40 жаста.

Назарбеков Бек — мал шаруашылық институтының директоры, 35 жаста.

Балашов Василий Иванович — профессор, 50 жаста.

Бектенов Сапар — ғылым кандидаты, жас ғалым.

Есіркеп — үлкен шабан, 60-та.

Әсия — келіні.

Қаннипа — қызы.

Балжан — әйелі.

Сейітова Сара — жас маман. Балашовтың аспиранты.

Першин — министрліктің мал маманы.

Молтай — шабан, 28-де.

Бекбол — қарт шабан, Есіркеп тұрғылас.

Ұлбала } шабандар.
Дәмелі }

БІРІНШІ АКТ

Бірінші сурет

Министр кабинеті. Жиылыста Есенов, Назарбеков, Балашов, Бектенов, Сейітова және шабандар: Есіркеп, Әсия, Бекбол, Молтай бар.

Дәуренов. Одақтық Министрлер Советі Қазақстанның мал шаруасы туралы неше рет арнаулы қаулы алды. Отан соғысы мынау. Сын жылдарда, сын күндерде, құр ғана «еңбек етіп жүрмін, қарап жүргем жоқ» деген сөз қанағат емес. Ол аз. Өнер сөзін күтеді жұрта, жұмыс та. Өнімді ойы бар, бүгін мен ертеңгі, үлкен өрісті түгел қамтып ойлайтын табысты ойларыңды естімекпін. Мәжіліс міндеті осы. Сондай кеңеске әзірсіздер ме?

Есенов. Жолдас министр, біз жиын ойларымызды да және таластарымызды да түгел әкеліп отырмыз.

Бектенов. Таласымыз көп екені рас. Өзіңіз қоятын талапқа қарай айтсақ деген ойларымыз аз емес.

Дәуренов. Осы жиынның алдында қойылатын талаптың өзін айтайын. Ғылым сіздерде. Халықтың ғасырлық тәжірибесі сіздерде, тәжірибе базасы сіздің институтта. Қолдарыңда он мыңнан аса қой бар, он жылдан аса тәжірибе жасап келесіздер. Жасыратыны жоқ. Мал өнімі нашар. Қыс сайын жұт бар. Жыл айнала өлім бар. Украина — Аскания Нова қойын тудырды, Кавказда жаңа тұқым рамбулье шықты. Сібір мериносы мынау қасымыздағы Рубцовкада туып отыр. Биология, генетиканың, жалпы селекцияның Қазақстанда мал жөнінде жаңа жеміс берері бар ма, жоқ па? Қазақстанның бұрынғы

мәдениетсіз өскен шаруасы пайдаланған Алатау, Алтай, Сарыарқа, Сыр, Жайық, Есіл, Ертіс кең байтақ өлкелерінің ішінде мал мекендемеген жер бар ма еді? Ол түгіл, мынау Бетбақ, Қызылқұм, Мырзашөл, Мойынқұм, Бозой, Сартауқұм, Қарақұмдардың жылына бір мезгіл болса да мал тұяғы баспаған топырағы, малдың азуы шалмаған қылтаанағы бар ма еді. Сол өлкелердің әрқайсысына сәйкес жаңа асыл қой тұқымдарын берсек көп пе еді? Біз бірде бір жаңа тұқым бермей отырмыз. Бекер ме? Міне, енді бір де болса жаңа тұқым ұсынасыздар ма? Жоқ па? Ойларыңда не жүр? Қолдарыңда не табыс бар? Қандай таласың, қандай күдігің, қандай сының бар? Соның бәрін ортаға салыңдар.

Е с е н о в. Мынау Қазақстанның мал шаруасы жөніндегі картасы (*картаны ілгізіп, жанында тұрып сөйлейді*). Осы карта бойынша 175 миллион гектар жайылыспен пайдаланатын жер бар. Жаңа жолдас министрдің атаған жерлері. Осы өлкеде малды қысы-жазы жайып бақсақ, 120 миллион қой өсіруге болады. Егер осы жердің пішендігін шауып, малды қолдан асыраймыз десек, жиыны 50—55 миллион ғана қой өсірер едік. Осы 175 миллион гектар жерде қандай пішендік, қай жерде бұлақ, бастау, қай жерде құдық, бос су бар, қай тұсы жайлау, қайсысы қыстау, қаншалық мал сиғыза алады. Және жүйе жүзінде жаңа жолдас Дәуренов айтқандай бағытпен ізденсек, қандай тұқым малды өсіруге мүмкіншілік бар, бұның бәрін біз зерттедік, білдік. Ендігі сөз мал мамандарында. Тек жолдас министрге айтар бір дауым бар. Бізде көбінше, ғылым бір бөлек, тәжірибе бір бөлек келеді. Сол айып алдымен мал шаруасын ұымдастыратын аппарат осы өзіңіздің системаңызда, сіздің аппаратта.

Першин. Айып жалқаулық, надандықта. Малды өзі туып, өзі өссін дейді, шөп-қор жасамайды. Шаруалар асыл тұқым алғысы келеді, күткісі келмейді. Асыл нәсіл еңбекпен туып, мешеуліктен жойылады. Айып басқаруда емес, мәдениетсіздікте, мешеулікте. Сол мешеулік осы мал шаруа институты, оның тәжірибе базасы өздеріңізде жоқ па? Сіздер мал өлтірмей отырсыз ба? Сіздерге де мешеулікті егіп отырған біздің аппарат па?

Е с е н о в. Мәселені жолдас министр кең қойып отыр. Әңгіме сан миллион қойың жөнінде, жолдас Першин. Мешеулікті айттыңыз, жақсы айттыңыз, бірақ сол ме-

шеуліктің тірі пішіні дәл осы отырған сіз. Сіз бар жерге талғаусыз, ойсыз жаңа тұқымдарды жаппай араластыруға салғансыз да, былықтырып қойғансыз.

Першин. Не дәлелмен айтасыз бұл сөзді, әлде сіздерді сынауға, сіздермен дауласуға да болмайды деп білесіз бе?

Есенов. Сөзім дәлелсіз болса дауласыңыз. Сырдағы қой Ертісте өсе алмайды. Алатау өлкесіне үйлескен қой — Көкшетау, Қостанайда өсе алмайды. Сіздің өзіңізге бақтырып өсіру керек еді. Колхоз-совхоздың шабанын хінәламай, сонда өз басыңызды өзіңіз ұрар едіңіз. Уәде бойынша еркін сөйлесейік, шын сөйлесейік. Сол үшін ең алдымен өзін ақтап, өзгені сынап, кінә мен қылмысты төменгінің бәріне үлестіріп беріп, өзі тоғышарлықпен малтығып отыратын мінез соққы көрсін. Қазір бар күдігі мен дауларын ортаға салғандарын көріңіз мына жұрттың. Сөйлеңіздер, өнімді сөзге кірісіңіздер, жолдастар!..

Бектенов. Жолдас министр! Сіз атаған талап халық шаруасы үшін де, ғылым үшін де ең орынды және ең нақтылы талап. Жаңа тұқым шығарар мезгіл жетті... Соны шығарар үміттерің, сенімдерің бар ма, жоқ па, ағадіңіз. Мен осы жөнде мал шаруа институты, оның ішінде тәжірибе базасы профессор Балашов ісін айтамын. Институт бастығы профессор Балашов болып, іздегенін тапқан жоқ. Академик Ивановтың ғылымдық табыс-тәжірибесі Украина, Кавказ, Сібірде ғана жаңа тұқымдар туғызып қойған жоқ. Жақын уақытта Азербайжанда да бір жаңа тұқым жарыққа шыққалы тұр. Смарағдов, Садыхов және Қара Мамәт оғлы сияқты үлкен шабанның тәжірибесімен Азербайжан тау мериносы да өз орнын алғалы отыр. Сондағы Көдабек, Шамхор аудандарының тау мериносы жаз Арменияның Севан көлін жайлап, қыс Қураның бойын қыстайды. Қыс қыстау, жаз жайлауының арасында Азербайжан тау мериносы 500—600 шақырым жер жүрді. Міні, жаңа тұқым тудыру деген осылай. Тудырдық па біз жаңа тұқым сондай? Тәжірибеміз он жылдан асты. Тұл жылдар. Тудырғамыз жоқ. Қазақтың қазақы қойы бар еді. Дүние жүзінде ең асыл қой осы еді. Жалғыз міні — жүні. Біз сол қойды өз ортасында өсіре берсек, мал санының басына келгенде бүгінгідей кем қойғанда, екі есе артық малға ие боп отырар едік.

Балашов. Олай болғанда, сізше не істеу керек, жолдас Бектенов?

Бектенов. Мен Қазақстанның көп облысында өсе алмай, өне алмай жүрген шала меринос, шалағай отарлардың бәрін қазақ қойының өз нәсілімен қайта асылдандыру керек деймін, профессор Балашов. Қазақ малы ғасырлар тәжірибесінің малы. Соның өзін, өз ішінде асылдандыру бірінші міндет.

Дәуренов. Тұқым араластыруды қалай дейсіз?

Бек. Тұқым араластырмау керек дейсіз ғой?

Бектенов. Жоқ, тұқым аралассын.

Балашов. Қашан аралассын? Кейін бе?

Бектенов. Жоқ, қазір аралассын. Бірақ ол асықпай істелсін. Ол тек тәжірибе жүзінде жүрсін. Әр тәжірибе сыналып қорытылғанда, нәтижесі жаңа тұқым болсын. Сол жаңа тұқым ішінде менің қиялым, қазақ қойының бар сыпаты сақталсын да, тек жүні асылдансын. Тағы да профессор Балашов тәжірибесін сынаймын. Бұдан тұрақты тұқым шықпайды. Балашовтың қойы мына тұрған Семей облысына барса бар прекостай итшілеп таусылады. Ол түгіл қатты қыста мынау, мыңдаған қойлар өскен Сартауқұм, Бозой, Мойынқұмда бір қыс қыстап шығуға шыдамайды. Сол сыннан өтпей, құрметті профессордың тәжірибесі әлі «бір аяғы жерде, бір аяғы көрде» тұрған, дерексіз тәжірибе деймін.

Бек. Сіз өзіңіз осы жолда ешнәрсе істедіңіз бе? Балашов тәжірибесін жете білмей, жойып отырсыз, өз тәжірибеңіз бар ма?

Бектенов. Бар, мен бастадым.

Бек. Оныңыз қайда? Жерде ме, аспанда ма?

Бектенов. Оным сіздің базаның адамдарына да мәлім. Мына жолдас Сейітова мен белгілеген методикамен таныс.

Бек. Методика бастағы нәрсе. Біз қолдағы тәжірибені сөйлегелі келіп отырмыз, қысыр кеңес емес.

Бектенов. Білемін, сіз профессор Балашов тәжірибесінің фанатигісіз. Болмаса істің негізі методикада, дұрыс жасалған методикада екенін аңлар едіңіз.

Бек. Қой шаруасы құйынды күтпей, құнарлы істі күтеді.

Бектенов. Методикасыз құнарлы іс болмайды. Құйын деген сол болады. Мен сіздердің тәжірибеңізден де арқар қой мен қазақ қойын араластырған Белов тә-

Жірибесінде көп ғылымдық методика бар деп білемін, олай десеніз. (Шабандар арасында күлкі.)

Бекбол. Ол әлгі мойыны жіңішке, мүйізі арқардай, басын көтере алмай тұрған қой ма?

Молтай. Оның есесіне жүйрік қой дейді ғой.

Сара. Және бір қасиеті нісшіл, дыбысшыл қой.

Молтай. Безеген жүйрік болу үшін май да жимайды дейді. Өзі оның бәйге қой болса керек. Мына кісінің айтуына қарағанда, өсіретін қой, сол қой ғой деймін. Әрі қой, әрі Шыңбұлаққа көкпарға салатын, тұлпар қой болса керек. Шіркін әрі қойын, әрі атың болатын малдан асыл не босын.

Әсия. Әрі нісшіл, әрі дыбысшыл болса, біздің ақ қойды күзететін, сақ төбеттің орнына да жүрет те.

Молтай. Е, бір қасиеті тағы шықты. Әрі қой, әрі тұлпар, әрі сырттан. Бектеновтың ғылымы бүйте берсе бізді пыраққа да мінгізер. (Күлкі.)

Бектенов. Жолдастар, күлменіздер, сіздер өсіреміз деп жүрген тұқым қора мен маяны ықтамаса, қысқа етер қарсылығы жоқ. Қатты қыстың алдында қасқырдың аузындағы қозыдай. Сын, сын, қыс сыны, құм сыны, бұл тәжірибенің шынын ашсын.

Балашов. Менің, базада жасаған он жылдан артық тәжірибем бар. Жолдас Бектенов үлкен күдік айтады, өзге көп сөзінің ішінен бір сөзінде дұрыстық бар, ол сын, сын дегені. Құмменен, қыспенен сынау дегені. Он жылдық тәжірибемізді біз де сынсыз аяқтамақшы емеспіз. Жаңа тұқым дүние жүзінің барлығында адамның ұзақ еңбегінің нәтижесінен туған. Бәрінде таңдау менен талғау үстінде табиғат жағдайы және сол жағдайда тәрбиелеу арқылы нәсілдік сыпатты өзгерту ғылымдық негіз болып келеді. Жаңағы құм сияқты, қатты қыс сияқты үлкен сындарды, соңғы сындарды қойларымыз адақтап өтпей, қортынды айта алмаймын. Сол сынды анықтап, өткізуге күш салысыңыздар, көмек етіңіздер.

Бек. Мен Балашов жолдастың сөзін түгел қостаймын. Бар көмек, бар ықлас әзір өзгеге шашырамай, әр жаққа алап ұрмай, тек бір Балашовтың ісіне берілсін. Ең болмаса, бірінші жаңа тұқымды туғызсыншы. Соны туғызады деп сенеміз.

Бектенов. Сіздердің бұл күнге шейінгі тәжірибелеріңден мен сол арманыңыз орындалмайды деп есептеймін.

Б а л а ш о в. Біздің нәтижемізге көзіңіз жетпей тұра, сол тәжірибе жасағанымыздың өзін де айып дейсіз бе?

Б е к т е н о в. Шығар нәр жоқ, өзі аса қымбатқа түсетін тәжірибе болса, ондай үшін кінәламақ түгіл, жаза-лауға да болады.

Б а л а ш о в. Бұның бәрін сіз қазақ қойының өзіне ғана қайту керек дегенге дәлел етіп айтасыз ғой. Мен мәдениетті қой шаруасын өсіруді мұрат етемін. Сіздікі алға ұмтылу емес, артқа айналу! Бекер денізші осыны.

Б е к т е н о в. Құрметті профессор, сіз бұны менің қазақ қойын атағаным үшін айтып отырсыз ғой. Солай ма? Ол қойды Одақтық Академия және Москваның зоотехникалық институты да, атамақ түгіл зерттеп те жүр. О да артқа қарау ма?

Б а л а ш о в. Олар материал ретінде, танысу ретінде зерттеген жоқ па?

Б е к т е н о в. Сіз академик Ивановтың шәкіртсіз ғой! Сол кісі қазақтың барлық қойын зерттеп пе еді? Жоқ па еді?

Б а л а ш о в. Зерттеп еді. Ірі, орта, ұсақ деп үш топқа бөліп зерттеп еді. Ия, одан не қортпақсыз?

Б е к т е н о в. Қорытпағым, ол кісі қазақ қойына тек материал ғана деп қараған жоқ. Үстірт қана шолған жоқ, ол қойдың бүтін Қазақстан өлкесінде 22 түрлі географиялық варианты барына шейін айырмап па еді? Текке істеді ме? Сол қой тұқымы керексіз, нәрсіз жарамсыз дегеннен солай істеді ме?

Б а л а ш о в. Академик Иванов қазақ қойы туралы үлкен ғылымдық қортынды жасау үшін зерттеді. Бұл тұқымның қасиетін атай отыра барлық сыпаты табиғи сұрыптаудан ғана пайда болған. Онда селекцияның қатынасы жоқ еді. Ал селекциясыз, жаңа түрлі мәдениетті қой шаруасын жасай аламыз ба, жоқ па? Жоқ, әрине. Сіз бен біз селекцияны қажет десек, қолдансақ қана ғылым қайраткері боламыз. Одан бас тартсақ кімбіз? Жабайы мал мен жабайы ғана түрдегі көшпелілікті қолдансақ, кім боламыз?

Б е к т е н о в. Сіздің селекцияңыз не берді? Не тапты? Тапқаныңызды кім таныды? Өзгені қойғанда он жыл қасыңызда жүрген шабандар жұртшылығы қабылдады ма? Қабылдаған жоқ, таныған жоқ.

Б е к. Шабандардың өкілдігін, шабанмен бірге еңбек еткен кісі алады. Сізде әлі ол жоқ.

Дәуренов (шабандарға). Біз ендігі ақылды сіздерден сұрайық... Сол өздеріңіз еңбек етіп жүрген тәжірибе базада сіздер нені құптап, нені жақтырмағандарыңыз бар? Соларыңызды енді сіздер ортаға салсаңыздар екен.

Бекбол. Қәрі қойдың жасы үлкен, ісек қойдың басы үлкен — дейді, шырақтарым. Ісек қой, ғылымды білген өздеріңсің. Біз ғылым адаспайды деп ойланамыз. Бірақ жалпы тұқым араластырып жүріп, жаңа нәсілдерін алып жүріп, бір нәрсені қатты кейіс етемін. Осы тұқымдардың өлім-жітімі көп, қыс қана емес, көктем мен жазда да шығыны көп. «Аллаңнан ойбайым тиыш» деп мен қазір осы Сапар баланың жолын мақұлдап отырмын. Көшіп шаруа жүргізетін болсақ, осының сөзі сөз ғой.

Есіркеп. Барар жерің Балқан тау, о да біздің көрген тау. Бекбол, сен де шабан, мен де шабан, қазақ қойы тұр ғой, онымен көшкен күн де мәлім. Бұрын әр мақлұқты құдай жаратты деуші ек. Енді осы он жыл ішінде құдайсыз да жарататын ғылым күдіреті бар екен деп сенген адаммын мен өзім. Біреу қойдың жүйрігін, біреу қойдың құйрығын көксеп қиялдап жатыр. Мен өзім осы Балашов ұстаған ғылым бұйрығын қиялдап-ақ бір жағаға жетеміз ғой деп сеніп жүрмін. Оған екі түрлі себебім бар. Біреуі Балашовтың өзі. Ол әрі маман, әрі шабан. Қыс болса құмда, жаз болса жонда, үнемі қасымда. Шаруаның ыстық-суығына бір күйіп, бір тоңып күн кешеді. Ондай төс табандаған еңбек тек кеткенін көргем жоқ. Екінші сенімім Балашовтың неге айтпайтынын білмеймін, біздің тәжірибе малымыз бар. Өзін ақ қой деп жүрмін. Дәл осы Балашовтың ақ қойына сене бер. Іс шықса осыдан шығады.

Дәуренов. Есеке, сол қойды қатты қысқа, пішенсіз, қорасыз қалың құмға айдап салып, бір жыл сыннан өткізу керек дейді. Мынау Сапардың пікірі сол. Соны сіз қажет деп білесіз бе? Жоқ, әлде сынап болдық дейсіз бе?

Есіркеп. Сынап болдық демеймін. Қатты сынау керек, дәл сол айтқанындай сынау керек, оныға тұрдым.

Дәуренов. Әсия не дер еді!

Әсия. Мен Балашов пен Жәкемнің айтқанын қостаймын.

Молтай. Әркім өзі шыққан тауын биік босын дейді ғой. Мен таза прекостың елекшісімін. Бірақ тәрбие

мен тәжірибе дейсіздер ғой, жылдан жыл асқан сайын осы өлкеде осының да шығыны азайып келеді. Бақпанға бақ келе ме? Мен осы прекоспен әлі де қажымай-ақ әлектенер едім. Осының өзін тәрбиелеп, Алатаудың тумасы етіп алсақ, содан не озсын дер едім.

Першин. Осы дұрыс сөз. Бұрынғы тәжірибе, міні осындай талапты, еңбекші шабан қолында, осылайша ақталмаққа керек.

Есенов. Рас, ғасырлық тәжірибенің далаға тасталатын күні жоқ, оны қостау құр ескішілдік емес. Бірақ онымен отырар біз жоқпыз. Бүгінгі биология ғылымы сіздердің қолыңызға табиғатты өзгерту құралын береді. Бәріңіздің таласыңызда, еңбектеріңізде Мичурин, академик Лысенко аты аталып жүреді. Лысенко жай табиғаттың талдау, таңдау арқылы кіргізген өзгерісін біз аз жылда басып, жеңіп енгізуіміз керек дейді. Жолдас Бектенов! Ғылымда ертеңіні ойлаған, озғын ой керек. Онда қиял болса, қанат болсын. Ісіңмен, тәжірибеңмен жең. Өнер тауын жең дейміз. Таппай талассан, ол ертеңгі ойлау болмас еді, кешегіге алаңдап қана қалу болар еді. Ал, Василий Иванович, нәтижеге келгенде біз биылғы жылдарды шын нақтылы жемісті сіздің ғана тәжірибеңізден күтеміз. Еңкейсең құм, шалқайсаң Алатау. Сіздің тәжірибе майданыңыз. Бар сенімді база да, институт та, ғылым ордасы да, жолдас министр де сізге артады деп білемін.

Дәуренов. Жаңа тұқым керек. Бір тұқым болса, әуелі соны туғызып беріңіздерші. Төрт облысқа жарамды бір тұқым болса, әзір бәйгең алды сол. Олай болса, бүгінгі әңгімені, таласымызды екі түрлі қып қорытамыз. Бірінші, профессор Балашов алдағы жаздың бонитировкасы, отбивкасы арқылы алдағы қыс сынына жаңа тұқымды қапысыз әзірлейді. Екінші біз — «сынға алындар, қортынды жасандар, жаңа тұқым ұсынамыз» деп одақтық орындардың алдында, сөз көтереміз. Байлау осы. Бәріңіз де өзді-өз қорытындыңызды осыған қарай жасаңыздар. *(Осыдан соң мәжілістің ресми жағы бітеді. Тамақ келеді. Ас үстінде әр жерде қалжың, әзіл сөздер кетеді. Бектенов пен Сара оқшау. Есіркеп пен Бекбол бірге, Молтай мен Әсия бір бөлек.)*

Есіркеп. Беке-ау, бұ сенің жаңағы «кәрі қойдың жасы, ісек қойдың басы» деп бастағаның не қылғаның?

Бекбол. Е, жолың боғыр, маған мақал айтқызбайын деппең, тегі?

Есіркеп. Қой баққан елдің мақалы да қойдан келеді екен демес пе мына жұрт. Сенің аузыңа тым құрса түйе мен сиыр да түспеді ме?

Бекбол. Ия, түйені айтсам жармаспай қояр ең сен. «Түйенің танығаны жапырақ» деп онда да сынамай қалармын деппең?

Есіркеп. Сыналсаң да «жығылсаң нардан жығыл» деп, әдейі айттым десең сөзге мығым болмас па ең?

Бекбол. Мығым ба, шығын ба бұның? Қарқ қылғаның сонда маған жығылғанды айт дегенің бе?

Есіркеп. Е, жығылсаң жер көтереді, қайтушы еді? **Жығылмағанда жетісіп тұрғаның кәні? (Күледі.)**

Бекбол. Е, сүйтіп мені осы үстел басында, тыптыныш жерде-ақ бір жарға апарып жығайын деп отыр ма едің. Осы сен, саған ерсем мен қарқ болам ғой, тегі, тегі... *(Күлісіп кетеді.)*

Бектенов (Сараға). Сара! Жұрттың бәрі сөйлегенде сіз жалғыз тартынып қалдыңыз. Балашов ұстазыңыз, мен замандасыңыз. Сіз қай оймен үндемедіңіз? Енді білсем болармеді?

Сара. Білмек босаңыз айтайын. Ашық айтқанға айып етпеңіз. Мен сіздің сөзіңіз бен мінезіңізден әрі ұялып, әрі ызаланып отырдым.

Бектенов. Е-е, барлық сыпайы сыпат, қасиеттің бәрін өз бойыңызға жиып отырмедіңіз!

Сара. Бәсе, сол сыпайы — сыпайылық, такт... сіз келеке етерлік мінез емес... Сізге әсіресе қажет сыпат болар еді.

Бектенов. Ақыл айтпақ екесіз, ұғындыра айтсаңыз болармекен?

Сара. Біздің кей жастарда, білімге жетіліп болмай желіге шығатын ұрыншақтық қалмайды. Еңбегіңіз, тәжірибеңіз жоқ болса да, Балашовтың жағасынан алсам, жармассам көрінемін дедіңіз ғой осы жиылыста. Бекермеді?

Бектенов. Ал, хұп дейік. Бұл жағымсыз мінездің бір шеті болсын. Бірақ оның екінші шеті тағы барын ойладыңыз ба?

Сара. Оны білсеңіз сіз айтарсыз.

Бектенов. Айтайын, ол дәл сіздің мінезіңіз. Өзін

бастаған оқымыстының тәжірибесін сынарлық ойдан сақтанып, оның орнына тек соған сыйынып өсу. Тек қана бағынып, көлеңкесі ғана боп өсу бар. Осы ма маған сіз ұсынар қасиет.

С а р а. Өзі біліп, өзі тауып болғанша ұрсысып өспей, ұғысып өсу бар жас оқымыстының жолы емес деңізші, кәні!

Бектенов. Рас, оңай жолмен олай өсетін де бар. Таласа жүріп, табысқа жететіні тағы бар.

С а р а. Дерексіз, іссіз талас — диллетант мінезі.

Бектенов. Бұны істеріңіз женген күні айтыңыз, білдініз бе.

С а р а. Женетініне мен сенсем, не дейсіз?

Бектенов. Ол сеніміңізді келер қыста көрермін, Мойынқұмда, құмдай шашылып жүрмесін сеніміңіз.

С а р а. Шашылмай, ақталып шықса не дейсіз.

Бектенов. Ендеше, мені кінәлап, айыптағыш сөзіңізді сол күнге сақтаңыз, ұқтыңыз ба?

С а р а. Ұқтым... Сақтадым соған. *(Бұлар жүріп кетеді.)*

Молтай. Әсия, бүгін қойларыңыз жарысқа түскендей бір айқасу болды-ау. Қайран Сайлыбектің болмай отырғаны, бүгін оның шоқтығы шығар еді.

Әсия. Қойлар сыры байқасқанда, өзің жеңілген кісі тәріздімісің?

Молтай. Дауа болмас. Қойың құмға бармай, бүйтіп өтінді сыртыңа теуіп алыпсың, бәйге алсаң, мүлде жалыңнан да сипатпассың.

Әсия. Намыс шегіп, ертең қара жерге қараймын-ау десен, алдыңды көрер ақылың бар жігітсің ғой, отарыма келіп шабаным бол.

Молтай. Айтам ғой тегі, тең праволы болмай, бағынушы бол де.

Әсия. Ісің тең болмаса, тең бол деп сені ардақтап аялайтын менің не күнім түсіп еді!

Молтай. Бақыр басты еркек емеспін бе, алды-артыңды ойлай айт.

Әсия. Бұл сөзіңді озғын боп тұрған күніде сақтасаң етті, байқұс. Базарың өтіп бара жатқандай не көрінді? Жабайы күйінде салмақты сөзің де қаңбақтай.

Молтай. Мақұл, бұныңды достық ақыл дейін.

Әсия. Болсын, жақсылықта көріселік *(Дәуренов, Бектенов, Балашовтар қайта келеді.)*

Балашов. Менің шалымның құмға, сынға барар кезде алаңы көп. Осының үй ішінен басқа, менің сіздер атап отырған соңғы сында сеніп, сүйенер кісім тағы жоқ.

Дәуренов. Есеке, мына бауырындай боп кеткен Балашовың бар. Ер азаматтан кем емес, келінің Әсиян бар, қызың Қанипа бар деп естідім. Қажет болса, келер қыстың сынына тағы да қарт қажырды алаңсыз бір жиып салып, қасқарып көре аласыз ба? Жоқ па? Осыған не дейсіз?

Есіркеп. Азаматтарым! Мен осы күнде үлкен бір қапалықта жүрген адаммын. Қауқарым жоқ қой, менің бұ күнде.

Дәуренов. Неге, ақсақал? Бұ қалай, не қапалық?

Есіркеп. Жалғыз балам Сайлыбек әскерге кеткелі үш жыл боп еді. Содан бір жарым жылдан бері жарты ауыз дерек жоқ. Өзім хабар ала алмадым. Сұрау салып, дәл дерегін әперуші және болмады. Ауыр міндет артам дейсің. Барар-ақ ем. Бірақ баламнан хабарсыз, құмға жалғыз кеткесін қайғы мен мұң басып біржола жасимын да, асыл шаруанды шашып аламын ғой.

Дәуренов. Солаймеді. Ендеше, Есеке, балаңыздан хабар әперуді мына Сәлім екеуіміз міндетімізге алсақ қайтер едіңіз?

Есіркеп. Қарағым-ай, ол ауру да болса, кем де болса тірі деген бір дерек әперсеңдер, мен жалғанның мартысындай салмақ салсаң да көтере бермеспем?!.

Дәуренов (ойланып, Есенов пен Балашовқа). Іс тетігі Есекен. Ал, Есекең тетігі Сайлыбектің хабары болды-ау. Аман болғай-ақты Сайлыбек.

Балашов } (қатар). Тірі болса екен тек.

Есенов } Аман болса екен азамат.

Шымалдық.

Екінші сурет

Жаз. Алатау жоны, тәжірибе базасының жайлауы — Үшқоңыр. Алыста қарлы асқарлар. Сахна жартасты, тасқын сулы, көк орай биіктері көп Шыңбұлақ бойын көрсетеді. Балашов пен Сейітова Сара әр отардың отбивка күнгі үлкен шаруасын жаңа бітіріп болған. Екеуі оңашаланып, сахна шетіндегі биікше көк дөңеске шығады.

Балашов. Міні, көп күндерге созылған бір еңбекті, отбивканы аяқтап келдік. Қортынды қолымызда. Ырза болатын қортынды ма, Сара, қалай аңғардыңыз?

С а р а. Василий Иванович! Ақ қой туралы мен ғана емес, өзіңіз де ризасыз ғой деймін.

Б а л а ш о в. Семіруі жақсы. Жүні жақсы. Қозылары ерте піскен. Салмағы қазақ қойынан ауыр шығып отыр. Жазғы сында мойымас беріктігін, артықтығын анықтады.

С а р а. Есекеңнің үй іші тек бәйге үшін риза емес, қойларының барлық басқа қойлардан озғанына әсіресе қуанышты.

Б а л а ш о в. Мені Есіркеп табысы қуантады. Тек үлкен сын, анық сын алда, алыс құмда. Ауыр қыста.

С а р а. Ол сыннан ақ қойды алып өткізсе, өтетін кісі тек қана Есекең емес пе?

Б а л а ш о в. Әрине соның отары, соның үй іші. Бірақ бір үлкен қиыншылығымыз бар, Сара. Сайлыбек жоқ. Есіркеп болса кәрі, әрі баласын ойлап көңілі жарым. Үй іші, көмекшілері әйелдер. Тек үш-ақ әйел. Ал құм деген ат үсті, көп жүрісті, еркек қайратын керек етеді. Бүгінгі болған қозыларымен санағанда, ақ қой өзі мол отар, мың қой болды. Сол мың қойдың отарын тұтас жіберіп сынаймыз.

С а р а. Василий Иванович! Он үш жылдан бергі тәжірибе арқылы дүниеге жаңа келген тұқымның барлығы мың ақ қой. Бүкіл дүние жүзінде бір-ақ мың қой екен. Бұлар жұтта қырылып қалса, нәсілге кім қалады? Жарым санын тым құрса жақын жерде, қатты қысылып кетсе сүйенерлік азық, пішен қоры бар жерде ұстамаймыз ба осы?

Б а л а ш о в. Сара, бұл жөнде ұғысып, келісіп алайық. Біз әуелі қыс жайылысына бұл тұқым қойларын ондап салдық, соңғы жылдар жүзге жеткіздік. Осыдан он жыл бұрын, ол шақта жасырақ едім рас, бәлкі қиялшы болған болармын, бірақ сондағы арманым осы тұқым санының мыңға жеткенін тосқам. Сол арманды жылым, барлық көп жылдардың қортындысын жасайтын жылым, осы алдағы жыл.

С а р а. Бар жақсы ниет, тамаша еңбектер бір-ақ қыста төгілсе қайттік? Сараң дүлей, өлі құмдар арасында аппақ сүйек боп, шашылып біте ме деп қорқамын.

Б а л а ш о в. Олай болса, бар тәжірибем, бар талабым тас-талқан боп желге ұшқаны. Жастық кезім болса бір сәрі. Өмірімнің ең өнімді, жемісті шағын Сартауқұм,

Мойыңқұм жеп, жұтқаны, желге шашқаны. Бірақ басқа жол жоқ, осыған бекінеміз де, соған басамыз. Мың қойсыз, көп сансыз тәжірибеде тиянақ жоқ. Оған сылшы жұрт, құр ғана бір лаборатория табысы есебінде қарайды да тұрады. Қазақ «шешінген судан тайынбайды» дейді ғой. Біз бұл жолы Сара, мынау Шыңбұлақтың қарлы, суық суына, ызғарлы тасқынына іркілмей түсетін боп отырмыз. Еңбек еш болса, амал не, дәрмен қайсы! (Ой-даньп қалады. Екеуі де тас басында біраз үнсіз отырысады. Аздан соң.) Біз қазір үш мың метрдей биіктеміз. Биікте әуе қандай таза. Дүние неткен жым-жырт.

С а р а. Биіктеген сайын үнсіздік мол, үлкен биіктің бәрінің басы ұзақ тиыштыққа шомып тұрады.

Б а л а ш о в. Дәл айтасыз. Биіктеген сайын үнсіз, мол тыныштық бар. Табиғат даналық танытады. Дүниеде, өмірде биіктің, үлкеннің бәрі айғайсыз, тырдусыз келеді.

С а р а. Василий Иванович! Сіз табиғаттан сабақ алғандай, терен ой қорыттыңыз-ау деймін. Бірақ бір шындықты ескермей, елемей отырғаныңыз бар сияқты. Анау сарқырап жатқан Шыңбұлақ ше? Маған онда, жым-жырт таудың жанды өмірінің үзілмес бір суылы бар көрінеді. Ол мәңгілік құздар, тектұрлардың, терен шаттардың үздіксіз демалысы сияқты, сарындаған тынысындай емес пе?

Б а л а ш о в. Сара, сіз мені ойшыл десеңіз, мен сізді ақын сезімін көрсеттіңіз деймін.

С а р а. Василий Иванович! Біз бір-бірімізді жақсы мақтастық қой деймін. Бірақ сіздің терен ойыңыз да, менің қиялым да, бір тәуірі, ақ қойлардан алыстамайтыны бар еді. Өне, анау беттен бері қарай асып жайылған сол Есекең отары, ақ қойлар жайылып шықты. Көп қасиетін жайылысынан да аңғаруға болады. Бүйір сүйесіп, тығыз жүріп, жабыса жейді. Тұмсығы тиген жерде тұрып қалады. Жайылған түрінің өзінде де өмір үшін, тірліктегі орны үшін, жабыса тырмысып, талаптанған асыл нәсіл.

Б а л а ш о в. Байқауыңыздың бәрі дұрыс, Есіркептің үйішіне үйреткен мол тәжірибесінің бірі де осындай байқағыштық сияқты. Әсіресе қысты күні таңертең, түс, кеш кезіндегі қой мінездерін көз алмай күн-түн сайын өзінше байқап отырады. Ғасырлар бойындағы тәжірибе-

нің әрбір асыл жағын мен осы күнге шейін Есіркептен оқып жүргендей боламын.

С а р а. Менің де байқаған-тоқығаным болса, солардан.

Б а л а ш о в. Сондықтан да Есіркеп, Әсияларға сеніп, сүйеніп құмға жіберем. (*Шабандар әңгімелесіп келе жатады: Есіркеп, Бекбол, Молтай, Ұлбала, Дәмелілер бар.*)

М о л т а й. Сүйтіп, бұ шабанның қайсысы озған болды бәйгеден?

Б е к б о л. Бәйге алғанның бәрі озған, өзі емес пе, көп алған.

М о л т а й. Қарт бізді шылдың етеді-ау. Озған өзім болсам, өзімді өзім танымаспем?

Ұ л б а л а. Бұршақта өлген он қозың сіледі-ау сені. Жас қозылардың обалы жіберсін бе? Енді міні байы әскерге кеткен менің отарымнан да жігіт басыңмен артта отырсың.

М о л т а й. Сенің байың жоқ болса, менің әйелім жоқ, менің қайта осыныма да шүкірлік десенші.

Ұ л б а л а. Түк шүкірлік етсемші. Әйтеуір өзіңді бұлай бересің-ау. Түшкіргеніңе де жәрікімалда дей берсін дейсің бе.

Б е к б о л. Аз болса да бұның алғанының бәрі басынан садақа. Балашов бастаған осы топты бүгін қонақ ету Молтайға жол.

Е с і р к е п. Жолды айтып тұрған Бекболмысың тағы? Жолды білген айтпас еді, бастар болар еді ғой.

Б е к б о л. «Айтпас еді» деп, неге айтпасың?! «Алпысқа келгеннен ақыл сұра» деп неге айтты ендеше?

Е с е р к е п. Е-е атаң қазақтың бар мақалын өз пайдана жаратып бақсаңшы, әйтеуір. Сүйтіп алпыс жасыңды салар жерің осы деп тұрмең! Бірақ осыдан да жығыласың-ау тегі.

Б е к б о л. Қайтып жығылам?

Е с і р к е п. Жығылатыныңды айтайын. Ең әуелі — біздің мына жаңа заманымыз не дейді? Алдыңғы тәжірибелі аға, арттағы жасқа үлгі көрсеткенде іспен көрсетсін дейді. Бұл бір ме? Екінші — ескі мақалды алсаң «жол ағадан болғанда, тон жағадан» деп пе еді, жоқ па еді? (*Күлкі.*)

Б е к б о л. Уа, жолың болғыр, ол айтқаны берермен емес, аларман жолы емес пе еді.

Есіркеп. Әббәсе! Көрдің бе қиялауын, тегі бар жол-жораны жұрт тек Бекболдың пайдасына жаратқан дейім. Сен бермеске Бекбол болдың ғой. Текке Бекбол атандың ба?..

Бекбол. Жо, мен ең алдымен саған жол бермеске Бекбол болғам ендеше.

Есіркеп. Жол бермес емес, ас бермеске десенші одан да. Жә-жә, мұртың қара құрттың мұртындай тікірейіп кеткен екен. Жарғылысқан болмаса, жарасуға келмессің бүгін. Жолың босын, жолың боғыр. Ендеше бәрін тобыңмен біздің үйге жүріңдер. Әсия екеуіміздің қонағымыз болыңдар.

Сара. Рахмет, Есеке, біз онсыз да сіздің күндегі қонағыңызбыз ғой.

Есіркеп. Мейлі болсын, күнде болсаң, күнде көңілім өседі Балашов екеуіне. Балжан бағанадан Балашовтар бүгін қонақпен келеді деп күтіп жүрген. Бекболды жәй қағытып тұрмын. Кемпірім бүгін түсінде ана Сайлыбегін көріпті. Қай бейнетте жүргенін кім біледі қарағымның. Әке-шешесін, жар-жаранын еске алып жүрме деп, соның амандық, тіршілігіне ағайын-туған, үйге кеп дәм татсын деп еді. Жүріңдер! *(Сара мен Молтай қалады, басқаларының барлығын Есіркеп ертіп кетеді.)*

Сара. Қайран Есекең баласын күнде айтады.

Молтай. Несін айтасын, Сара. Үй іші боп отырғанда қара өзектері қарыс айрылады. Сайлыбек қандай еді, өзімнің де қимас досым еді. Кемпір мен шал түн ұйқысын төрт бөледі. Сендер әлі қысқа, құмға ақ қойды, осылармен жіберем дейсің, қысқа шейін Сайлыбектен аман деген жақсы хабар келсе, онда мың қойына тағы мың қой қос. Жалғыз үй жіберсең де, жардай ауыр салмақ салсаң да, нардай көтереді. Ал бірақ Сайлыбек хабарсыз қала берсе, қыс салмағын көтере ала ма, жоқ па, білмеймін.

Сара. Менің де ойымдағы уайым осы. Бірақ Василий Иванович Есекеңнің үйінсіз, басқа ешкімге сене алмайды. Тапсыра алмайды. *(Бектенов келеді.)*

Сара *(орнынан тұрып амандасып)*. Сапар! Қаладан келдіңіз бе?

Бектенов. Қаладан. Ерте келмек едім, бірақ бір жаңа хабар жөнінде Сәкен мен министр екеуі ақылдасып солардың сөз байлағанын тосып, бөгеліп қалдым.

Молтай { Не хабар? Не туралы?
Сара

Бектенов. Хабар Сайлыбек туралы.

Сара. Немене, айтыңызшы тез! Аман ба екен?

Бектенов. Министр мен Сәлім екеуі көктемде Есекеңе берген уәделері бойынша фронттың басынан төменіне шейін сұрау салып отырып, дерек алыпты. Сайлыбек Мәскеу түбінен жауды қуғаннан Смоленскіге жеткенге шейін анық арыстандай қайрат етіпті. Ленин орденіне ұсынылған екен. Бөлімінде ол қадірлі жауынгердің бірі бопты. Осы туралы өзі жаралы боп госпиталда жатқан командирі майор Сафронов фронт командованиясының сұрауы бойынша мынадай хат жазыпты. Сайлыбек қаза тауыпты, командирі өз қолымен қойғызған жерін, қабырына жазылған соңғы сөзін де келтіріпті, мінекі.

Молтай. Қайран Сайлыбегім, қадірлесім, қимасым-ай! Кеткенбедің сен келмеске. (*Жылайды, бәрі үнсіз.*)

Сара. Амал қані! Рас болды ғой. Әсия былтыр осындай бір жаманат хабарды өзі де алып еді. Бірақ дәл дерек болмас деп, үй ішінен жасырып жүр еді. Анықталды ғой (*Тоқтап.*) Жә, Сапар, енді сізден менің өтінішім бар, бұл хабарды сіз Есекеңе айтып қоймаңыз, білдіңіз бе?

Бектенов. О не дегеніңіз. Айтсам қайтеді?

Сара. Айтсаңыз біздің мынау биылғы ісімізге, отар ісіне залал келтіресіз. Бұнда Әсияның байлауы бар. Не хабар болса да Есекеңнен әзірше жасырмақ. Оны Әсия, Балашов арқылы Сәлімге де айтқан, ұқтыңыз ба?

Бектенов. Сара, сіз мені не деп шегелеп отырсыз өзіңіз.

Сара. Қалай ойласаңыз, солай ойлаңыз, Сапар. Осыны сізге қатты ескерту міндетім.

Бектенов. Ә, сіз мені Балашовпен таласы болғандықтан әлде неге барады деп отырсыз-ау, ә!? Бұныңыз мен намыстанарлық мінез екен. Бірақ менің ғылымдағы таласым азаматтық, адамшылық қарызымды ұмыттырған емес-ті. Білдіңіз бе! Сіз асығыстық, жеңілдік еттіңіз. Ендеше тыңдап болыңыз. Министр мен Сәкең жаңағы жәйді естіп, өздері көп ақылдасып, ойласып, Балашовпен сізге Сара, айрықша сәлем айтты. Қазір тек Әсия мен Қанипаға ғана білдірсін де, қарттарға өлі-тірісі мәлім емес, бір соғыста хабарсыз кетті, әлде бір госпиталда

жатқаны, я басқа бір жөннен, басқа бір жаққа ауысып кеткені белгісіз десін. Ол күнгі командирлері қаза тауып, жоқ болып кетті. Содан дәл дерек беретін кісі жоқ. Қаза тапты деп ойламаймыз деген сияқты сөздер айтып, Сара мен Балашов қарттарды жұбатып қойсын, деп әдейі тапсырды. Міні, Сара, енді не дейсіз?

С а р а. Ой, Сапар, ең алдымен сіз мені қатты ұялтыңыз. Мен адасып отыр екем. Кешірім етіңіз, Сайлыбек хабары туралы сол айтқаннан артық ақыл да жоқ. Үміт пенен уақыт, қарттардың емшісі болсын.

М о л т а й. Әй, жауыз дұшпан қанішер немістің паши-сі-ай, қанқор жауыз-ай, сан асылды алдың-ау. Дүниеде сендей жауыз дұшпан болармекен? Серігім-ай, бауырым-ай. *(Жылап отырады. Әсия мен Қанипа келеді.)*

Ә с и я. Сара, қонақтармен көкем сізді күтіп отыр, жүріңіздер.

Қ а н и п а. Сапар ағай да кепті ғой, жүріңіздер бәрі-ңіз де. Біздің қонағымыз болыңыздар.

С а р а. Барамыз. Бірақ сәл аял етіндерші екеуің, Әсия, Қанипа.

Қ а н и п а. О не? Немене, Сара? Қаладан қағаз келді ме?

Ә с и я. Қағаз? Әлде бір хабар бар ма!

С а р а. Хабар, рас хабар...

Ә с и я. Әлде Сайлыбектен бе?

Қ а н и п а. Я сәт!.. Әлде ағатайымнан ба?

Ә с и я. Молтай! Молтай, бері қарашы! Құдай-ау көзінде жас қой. Рас болғаны ма жаманат... Сұмдық хабар?! *(Қанипа мен Әсия жылап жібереді.)*

Ш ы м ы л д ы қ.

Үшінші сурет

Сахна тойға арналған қызық сәні бар, өзгеше бір көріністі байқатады. Біріне-бірі есіктерін тақап, жиі қонған бес үй. Солардың ортасындағы дөңгелек алаңның үсті жабық. Ол жер көп бояулы, кең шатыр тәрізді. Әр үйдің есігі осы алаңға шығады. Алаңда тойға жиылған мәжіліс. Әр үйде де қонақтар бары байқалады. Ән, айтыс, сауық, домбыра, баян, кейде скрипка лебіздері естіліп жатады. Ортадағы алаңда, төрде Балашов, Есіркеп, Бекбол, Бек, Сапар, Сара, Молтай, Әсиялар.

Бек (*қасына Молтай, Қанипаларды алып*). Қадірлі қонақтар! Мынау жас жолдастар тапсырып, мен бір өтініш айтқалы тұрмын. Рұқсат па?

Бектенов. Айт, дерек бер, деректір! Өтінішң керек тұр.

Бек. Қалай ұйқастырады. Сүйтіп бір ақын дайын тұр деп қойындар, балалар.

Дауыстар. Айтыңыз, Бек! Бек!

Бек. Айтсам, біздің шаруа адамдарының бүгін бір жақсы бас қосуы екен. Алты ай жазды еңбекпен ада қып, енді қатты сыны бар қысқа тақап кеппіз. Малменен жан-жаққа тарап, айырыла көшеміз. Бұл сол малды ұзату тойы. Қыс боса қайтейік! Қысқа қарсы еңбек бар, қажырлы еңбек жеңбек бар. (*Молтайға.*) Ұйқасып кеткенін қарай көр! Ия, сүйтіп, шабан атаулы тойға кетсе, маман атаулы қойды қайтып амандайым деген ойға кетеді. (*Молтайға.*) Тағы ұйқасып шыққанын көрдің бе? (*Жастар күліп қостайды.*) Біреу құмға кетеді, құмдағы сынға кетеді... Тағы ұйқасты ма? Ал, қадірлі қонақтар, осы менің ауыма өлең тегін түсіп тұрмаған білем... Қысқасы мына жастар ән салайық, өлең айтайық, айтысайық дейді. Мақұл ма?

Дауыстар. Бәрекелде! Сөз-ақ! Ән... өлең, айтыс босын! Дегенің босын, Бек!

Бек. Дегенім босын ба? Олай болса той бастар мына үлкендерден босын да. (*Молтайға.*) Бұ да ұйқасқа жүреме, Молтай?

Молтай. Е-е, шала-шарпы бұ да кәдеге жарайды. Айтысты өзіңіз бастасаңыз қайтеді.

Бек. Жоқ, жол ағадан болғанда, тон жағадан.

Молтай (өлеңдетіп). Арлан бөрі соғады тау сағадан.

Бек. Бәсе... Бекен бастайды ендеше.

Бекбол. Жә! Бір атаның ұлы, өзі ұлы орыс халқының азаматы мына Балашов бастасын.

Балашов. Беке, мені қой, қойсаңшы.

Бекбол. Е-е, төскейде мал, төсекте бас қосылған Балашовсың. Бір ауыз ән таппайсың ба?

Балашов. Жок, ауылдың алты аузы қайда? Әуелгі әнді Бекбол өзі айтады.

Есіркеп. Рас, жығылдың, Бекбол. Өзің баста.

Бекбол. Сен менің тек жығылғанымды бағып отырсың-ау! Көрі басыммен бар жастың алдына түс дегенше, қорғамассың ба?

Есіркеп. Қорғап сені жау алып бара ма? Ағаң Жамбыл дүние жасының алдына түсіп, ән салғанда, кәрімін деп қашан іркіліп еді? Айт, баста!

Дауыста. Бәрекелде! Мақұл айтты. Беке, кәні Беке!

Бек. Әкпел домбыраны! (Домбыраны Бекболға беріп жатып.) Бәсе сөз жүйесін тапса, домбыра несін табады. Тек бастап беріңіз.

Молтай. Е-е, алтын лебізіңізге құмармыз деңіз.

Бекбол (әндетіп).

Уай, алтын Жәкем ендеше,

Кешегі асыл ағам бар.

Ақындығы жора боп,

Содан бізге қаған бар.

Уа, мінеки сөз тыңда,

Жиылған өңкей жарандар.

Азаматым ҚИЖының

Ұлы, қызы шабандар.

Уай, әуелі сөз тыңлағын,

Әуелгі өлең арнағын.

Сынға кетіп барасың

Ісің жаман бомасын.

Күнге қалма көктөмде,

Еткеніңді жамандар!

Уай, соңғы сөзім ән босын,

Уа, мінеки сауық сал!..

Әннен қалар болмасын,

Жүзден жүйрік болғанда,

Мыңнан тұлпар толғасын.

Уай, іркіліп сірә қамандар!
Ортаға түс әніңмен,
Қайсының да кәрідей,
Қандай өнер шамаң бар. (*Жұрт ду қостайды.*)

Бірақ жаңа мынау үлкендер маған айтқын деп зорлап еді. Мен бұларша бомайын тегі. Мен бар кәрінің намынан айттым, әнді өзген, жасың айтқын.

Бектенов. Жаңа Сара Балашов үшін айтатын тәрізді еді. Сол кісі айтса екен.

Сара. Мен айтсам, сіз тек қалармын дейсіз бе, Сапар!?

Бектенов. Сізбен кетсем, қайда кетсем арманым жоқ десем не дейсіз?

Сара. Бұл сіз айтатын сөзге ұқсамайды ғой? Ісіңіз бен сөзіңіз қайшы болғаны ма?

Бектенов. Ісім сізге қарсылық па еді?

Сара. Сыншылық еді ғой. Бекер ме еді?

Бектенов. Сын түбінен шын достық тұмаушы ма еді?!

Сара. Сыншылық, — шартты достық қой.

Бектенов. Тұрақты достық сол емес пе екен?

Сара. Достық қарауылсыз-ақ бірге көшіп, бірге көріп, бірге шydасатын достық болсашы.

Бектенов. Ендеше, сынап жүрген мен өзім де сынаулы екем ғой.

Сара. Енді не деп едіңіз? Кей сыншыны сыналұшы дүниеде сынамаушы ме еді?

Бектенов. Түйдім, Сара...

Бек. Ән, ән күтеді.

Сара. Кімді? Нені?

Бек. Сіздердің дауларыңыздың аяғын.

Сара. Кім айтсын ендеше.

Бек. Сіз айтыңыз.

Бектенов. Мен қосыла айтайын.

Бек. Қысылғанда қосылып, кең байтақта айырыла кететін сені қосып қайтеді кісі?

Молтай. Жеке босын, бірге босын, әйтеуір тегіс айтсын.

Бек. Кімдер?

Молтай. Сіздер.

Бек. Ендеше, Сара, бастап беріңіз.

Сара (*Сапармен қосылып*).

Қарғалы ұзын өлке жерім деймін,
Көп шабан еңбек сүйген елім деймін.
Тәуекел өр қанаты деген күйде,
Қандай-ақ сөз бен сыннан жеңілгеймін.
Жол болсын жонға, құмға, барар достар,
Артында қайратыңды халқың қостар.
Қандай күн, қай шұқырда кетсең дағы,
Ойлай жүр, мұнда қалған қалың дос бар.

Молтай. Жаса, Сара! Жақсы айтты. Естідің бе?
Қайда, қайдасың ақын шабандар! Ұлбала, Дәмелі, қарап қалар сендермен?

Бекбол. Айт, бәсе, шабандардың сендер де сәлем-қошын айтып қал.

Дауыстар. Ұлбала, Дәмелі!

Ұлбала } (қосылып).
Дәмелі }

Балашов Сараменен досымыз да,
Жазы, қыс бірге болар қасымызда,
Бейнетті берік болып, бірге көшіп,
Әніме әнін қосад босымызда.
Тағы да Сапар деген досымыз да,
Бірде бар, бірде болмас қасымызда,
Сыры бар бірде бие, бірде түйе,
Жақпадық кәріміз де, жасымыз да.

Бек. Ал, сыншы Сапар, халық сыны өзінді қалай қармайды.

Бектенов. Аптықпа! Аңғарсаңшы! Жаққан күні өзімді табатын болмады ма, кәрі-жасы да?!

Ұлбала. Ағайын ырза болғын осымызға.

Дәмелі.

Кезекті берген мақұл жасымызға.

Талайдан талғап озған Молтай отыр,

Тамағын кенеп отыр қасымызда.

Бек. Мақұл, ендеше Молтай босын.

Шабан. Е-е әріптесі кім болад? Молтаймен айтысатын әйел кәні?

Ұлбала. Әсия ше, айтар ма екен?

Дәмелі. Шіркін қандай айтушеді, тек Сайлыбек кеткелі әнді, өлеңді қойып кетті ғой.

Шабан. Бәрекелдай, Әсияні естірмеді, Беке.

Молтай. Ал, Әсияні тыңдағыларың келген екен, мен бір амал етіп көрейін де.

-Бек. Кейітпейтін амал ма?

Молтай. Мен соқтығам

Ұлбала. Қой.

Молтай. Уа, өзіне соқтықпаймын.

Бек. Енді кімге?

Молтай. Қанипаға... Қайын сіңлісі ғой.

Ұлбала (күліп). Уа, қу-ай! Айласын қарашы. Қанипа ән білмейді, соны қысам дейді ғой.

Дәмелі. Қанипа қысылған соң, Әсия ара түседі дейді. Қарасаңшы.

Шабан. Молтай, есебін таптың. Әсияні бір тындайық.

Бек (Молтайға). Бас әңіце! Қадірлі қонақтар! Енді мынау Молтай айтыс бастаймын дейді.

Молтай. Әнім — еңбегімнің әні. Еңбекте кіммен жарыссам, айтысымды да сонымен жарысам.

Қанипа. Ой, бар боғыр. Тапқан екесің әзілдесінді.

Молтай. Қанипа, ашуланба, өзінді айтам,

Өзіне көптен іріккен сөзімді айтам.

Барады алты ай қысқа аулың алыс,

Мұнда айтпай, енді қандай кезімде айтам.

Жарыстан социалдық сөзді қозғай,

Айтысып көрші бізбен көпке созбай.

Биыл жаз отарыңмен жарысып ем,

Жеңдім деп тілің айтад, ісің озбай.

Есіркеп. Уай, өлеңмен өтірік айтушымеді?

Қанипа. Мені айтыса алмайды деп есіп отыр ғой.

Есіркеп. Неге айтыса алмайды? Жіберме есенді.

Бек. Айт, есенді жібересің бе?

Қанипа. Жоқ, айтыса алмаймын, Жәке!

Молтай. Айтысқа шықпағаның сақтанғаның,

Білместі сылтау қылып ақталғаның.

Жеңдім деп ел аулақта желдей есіп,

Бос болып шықпады ма мақтанғаның.

Есіркеп. Уай, ендеше, Әсия қарағым, өзің айт.

Қанипа. Айтшы, Әсия, әдібін қолына берші осының.

Әсия. Енді ұмытып та кетіп ем. Сөзде қаңқу жаман.

Бек. Жарайды, рахмет. Ал ана үйдегілерді тоқтат.

Шабан { Уай, тоқтаңдар, мұнда келіндер тегіс.

Ұлбала { (Молтай мен Әсия айтысады.)

Жұрт. Бәрекелде сөз-ақ, Әсияні тындаймыз. Сағынып ек. Айтқын. Молтай да тыртысып бағар. Ал, Молтай, соқ, баста!

Молтай.

Әсия-ау, ісіне әнің көрік екен,
Қасында Қанипаң бар серік екен.
Жарыста біз жеңдік деп лақап шаштың,
Жеңіліп, мен сыбаға беріппекем?
Отарды сен баққанда мен де бақтым,
Табысты сен тапқанда мен де таптым.
Сый берген Балашов пен Бектер отыр,
Жаланы сау басыма қалай жаптың.

Шабан. Сөз, соқ! Соқ тағы!

Ұлбала. Жабысты ма жез қармақ.

Дәмелі. Ойбай бұл да жез таңдай.

Әсия.

Ей, Молтай, айтқаның жөн, қойың бақтың,
Мен қашан жақсы жүрсең жала таптым,
Өз атын көкек өзі шақырады,
Қалайша он қозының жайын таптың!?
Мен сенің сол сырыңды ашпас едім,
Ес білсең қақпанды өзің баспас едің,
Жеңіліп, жығылғаның ұмыт болды-ау,
Өйтпесе бүгін бүйтіп аспас едің.

Дауыстар. Сөз! Жаса! Соқ! Молтайды соқ!

Бек. Ал, бәлем Молтай. Ақталып көр.

Молтай.

Жасырман он жас қозы бір күнде өлген,
Дауылмен бұршақ соққан сүргінде өлген.
Мал түгіл, ажал келсе адам да өлер,
Талайда талай асыл күлгін де өлген.

Әсия.

Сол бұршақ келіппекен сені құрсап,
Қой, қозың өлер екен бұршақ ұрса-ақ
Ол дауыл бізге дағы баса соққан,
Қозыны қырмаспедік сенше тұрсақ.
Шыныңды айт шарай топқа, Молтай ерім,
Қозысын тастай қашқан асыл шерім.
Жеңіліп жөн сұрайсың бүгін бізден,
Мен айтсам жеңілгенің қашқан жерің. (Жұрт
қатты қостайды.)

Молтай.

Қайраттан мен қаймығып қалғаным жоқ,
Олжаны жатып ішіп алғаным жоқ,
Сәтсіз күн, не сөзі бар шаруамен,
Ол мал басында болғаным жоқ.

Әсия.

Айтпағын сәт күніңді сәтсіз күн деп,
Қаштың ғой қозымен бір өлермін деп.
Амандап алтын басың алып қаштың,
Ұялма қызғаншақтар сөйлер күндеп.
Бұл тойды жұрт аңғармас қандай той деп,
Мен тұрмын той қуанышы Молтай ғой деп.
Он қозы садағасы азаматтың,
Ер басы қор боса да алтын ғой деп.
Бұл тойдың мен айтайын той бастарын,
Қызығын былай жауып қой басқаның.
Тойлайық, қуанайық барлығына,
Молтайдай елден асқан сер қасқаның. *(Жұрт ду күліп, Әсияні қошеметтейді. Молтайға айтқызыбайды.)*

Дауыстар. Өлдің, Молтай, мұрттай ұштың! Доғар.

Бек. Төрелігі Бекендікі, Бекен айтсын.

Бекбол. Уай, айтып айтпай несі бар? Алып соқты, жұлып соқты десең бәрі болды. Атаңа рахмет, Әсия шырақ!

Молтай. Жә, қалайық, жеңілдім. Міні жолым, міні сыбағам. *(Домбырасын Әсияның аяғына қояды)*. Ал тек бір-ақ ауыз — басқа бір бөгде сөз айтқызасың ба, жұрт?

Әсия. Айтсын, айт!

Молтай.

Ал, Молтай, жұрт алдында шекіскенің,
Жеңіліп осы болды жетіскенің,
Олжам бар, ойласандар, жоқ еді ғой,
Көп жылдар Әсияні есіткенің.
Әрине, жеңілген жер естен кетпес,
Сүйекке бұдан артық соққы да өтпес.
Жалғыз-ақ Әсиядан ән есіткен,
Молтайдың іші кепсе іш нәрсе етпес.
(Жұрт қатты күліп, бұны да жақсы қостайды.)

Есіркеп. Уай, азамат, жеңілсең де жөнді білдің, ер өзің болдың ғой.

Бекбол. Бәсе, жығылса да жағаласа тұрғаннан без.

Есіркеп. Соны айтсаңшы. Айтыста алдырғанын білмегеннен жаман бар ма? Ұялмас бетке жалықпас жақ бітеді деп. *(Үлкендер тұрып, тарай береді.)*

Сара. Молтай, мен де сондай ырзамын сізге.

Молтай. Е, Сара, оны айтпасаңыз да білемін ғой. Сіздер ақ қойды баққан Әсиядан кімнің озғанын сүйермін дейсіз.

Сара. Жеңілгеннің бәрі тоқтар жерін сендей білсін де.

Бектенов. Бұныңызға дауым бар, Сара! *(Екеуі күліп кете береді.)*

Молтай *(Әсияға оралады. Орталық оңашаланған, тамақ тартыла бастаған. Кейбір үйлерден ақырын, баяу ән келеді)*. Әсия-ау, осы жұрттың бәрі жеңіп шыққан тапмендей, мені мақтағаны несі осы?

Әсия. Жұрт былай тұрсын, Молтай, мен де елден ерек сүйсініп отырмын.

Молтай. Әнің шыққанына бір ырза болып ем, әзіліңе тағы ырзамын десем бе екем?

Әсия. Қалжыңым топас болып, көңілің қала ма деп ем.

Молтай. Көңілі қалғанда, мен нені ойсыратам, Әсия?!

Әсия. Жоқ, сені ренжітіп, мен несіне жетісем?

Молтай. Көңіл қалыспаған құрбыластығың ғой. Айтыспай біліскен қабақтан асыл бар ма екен?

Әсия. Сыйластық сақтамаған оңа ма?

Молтай. Айтыс былай тұрсын, көптен іш тартып сөйлескен де жоқ едім, шыныңды айтшы, жалғыз жүріп, барыңды жыр етесің бе, қалай?

Әсия. Жыр ететінім рас. Жаңғырығып жартас, тымтырыс тау тындап тұрғандай болған соң әр жайды тере берушем.

Молтай. Сондай оңашадағы сырынды да бір тындамаппын. Менен де махрұм кім бар дейсің?

Әсия. Сыр деп менде қай жасырын бар деп ең?

Молтай. Өзіндікін айтпайсың. Менікін сұрамайсың ғой.

Әсия. Сыр өзі ашылады. Қолқаға келуші ме еді.

Молтай. Ендеше айыбы болса бас үстіне, мендегіні бір тындашы.

Әсия. Өзім айтқызғалы отырмын ба осы?

Молтай. Өзің емес өзегімді жарған өз ішімдегім еді. Күндер кетіп, жылдар жылжып жатыр ғой. Тірлік өз тілегін етпей қоя ма? Арзан тілек айтпаймын, Әсия. Бір жерде сен жалғыз, бір күйде мен жалғыз. Жастай білген қадірлесім ең. Ендігі қадірінді мен сақтайын, ке-

лер өмірді екеуіміз бір қосайық десем, мен кімге тентек көрінер екем. Алдымен өзіңе жат көрінер ме осы сөзім?

Әсия. Ә-й, Молтай-ай, арада талай қиын асу жатқан жоқ па еді!

Молтай. Қай, қай асу, Әсия-ау?!

Әсия. Біз заманымыздың ұл-қызымыз, алдымызды аңдамасақ азаматтығымыз кәні? Соғыс анау, басың жас, денің сау. Артына алаң қалдырып қайтесің? Бұл бір деші.

Молтай. Отан қорғаудан тартылып іркілген мен жоқ ем, бірақ мұндағы еңбегі керек деп жібермей жүр бой.

Әсия. Мен де бұған әзір емеспін.

Молтай. Неліктен олай дейсің?

Әсия. Біздің ақ қойдың отары, бастығы Жәкем боп биыл құмға, сынға барады деген сөз бар емес пе? Солай баратын болса мен Жәкемді жалғыз жіберем бе? Және өзімнің де жеті жылдық еңбегім сіңген ақ қой екен. Соның қиын да болса, ең қызықты жылы биыл екен. Аяқсыз, тиянақсыз қалай тастайым?

Молтай. Әсия, бұл сөзіңнің бәріне құлдық. Ал енді мен бір ақыл айтайын ба? Ақ қойдың құмға баратыны анық. Бірақ барғанмен құмның аты құм. Жәкең кәрі, сендер әйелсің. Онда еркек қайраты қажет. Жас қайрат керек. Есекең осы жағынан қатты қорғанып, тартынып жүрген жоқ па! Ал мен болсам, бір басым. Әке, шеше менде жоқ. Оның болса баласы жоқ. Ол менің еңбек досым. Мен қайрат серігі едім. Сен екеуіміз баласы неге болмаймыз. Қанат, құйрығы неге болмаймыз Есекеннің? Неге бірігіп болыспаймыз осы сында?

Әсия. Сен өз отарыңнан босай аласың ба?

Молтай. Ақ қой үшін, әсіресе, биылғы жыл үшін кім босамайды. Бір Балашов емес, ол бәріміздің, барлық ҚИЖ-ының намысы емес пе?

Әсия. Бұл сөзің көңіліме қонды, Молтай. Ендеше мен бұны Қанипаға дәл осылай айтамын.

Молтай. Ол қарсы болмас па екен?

Әсия. Ол маған қайын сіңлі ғана емес, мектепте бірге оқып, бірге өскен достығымыз бәрінен бөлек еді. Бүгін-ақ ең алдымен-ақ ақыл қосарым сол. Ол мақұлдайды.

Молтай. Ол мақұлдаса, ендеше құмға көшпес бұрын тойымыз босын, жарай ма?

Әсия. Босын, Молтай.

Молтай. Жаным Әсия. Арманым ең асыл жар. Әзілмен айтыс бастап ем... Жеңілгенім бағым ба екен?

Әсия. Менің де мынау жарық айлы кештей, өшкеним жанған шағым ба екен?

Шымалдық.

Төртінші сурет

Есеновтің кабинеті. Есенов пен Балашов.

Есенов. Ал, Василий Иванович! Қыс тақап келеді. Өзіңіздің ең соңғы байлаулы сөзіңізді естімекпін. Қапыңыз жоқ па? Не айтасыз маған?

Балашов. Сәлім Есенович! Мен әзірмін, бірақ мын қойды кіммен жіберемін, кімге сенемін дегенге келгенде, бір Есіркептен басқа жан жоқ. Есіркепсіз құмға бара алмаймын. Ал оны зорлауға, күйін көріп отырып, тағы да бекіне алмаймын. Шал баласын ойлап, соны тосып көп жылайды.

Есенов. Бұл халдан шығыс бар ма, жоқ па, тегі?

Балашов. Бір шығыс болуға мүмкін еді, бірақ...

Есенов. О немене еді?

Балашов. Әсия Молтайға тиетін болған. Ал Молтай ақ қой отарына, Есіркепке көмекке биыл құмға баратын болған.

Есенов. Я дұрыс, жақсы ғой, ақыл ғой осы.

Балашов. Дұрыс еді, бірақ Әсия Молтайға тиіп, енді соны Есіркепке айту қалған еді. Той да әзірленіп болған еді. Дәл сол күні повестка келіп, Молтай әскерге кетті.

Есенов. Содан соң!!

Балашов. Содан соң не босын! Тағы да Есіркептен Сайлыбектің өлімін жасырып, Әсияның Молтайға тигенін тағы жасырып, бәрін жасырып қойды. Не істейді. Бірақ есі бар тәжірибелі қарттар емес пе, уайымнан босамайды.

Есенов. Сүйтіп, енді тағы да бар тетік, бар байлау Есіркептің өз басында. Солай ма?

Балашов. Өз басында, бір басында.

Есенов. Ол кісі мұнда келді ме?

Б а л а ш о в. Кеше қалаға менімен бірге келген. Бүгін осында бірге келмек еді. *(Хатшы әйел кіреді.)*

Е с е н о в. Есекең келді ме?

Х а т ш ы. Қелді. Жаңа келді, Сәлім Есеніч!

Е с е н о в. Мұнда шақырыңыз. *(Есіркеп кіреді. Сәлім орнынан тұрып.)* Әссәлаумағалайкүм, Есеке! *(Қолын алып амандасады.)* Исекең екеуіміз, әдейі сәлем айтып, шақырып ек. Қазір мен министрге келгеніңізді хабарлайын. Сол кісіге барамыз! *(Телефонмен министр Дәуреновпен жалғасады. Телефонда сөйлейді.)* Исеке! Балашов пен Есіркеп келіп менде отыр. *(Телефонды тыңдап.)* Ия, Есекең де келді. Дені сау, үй іші де амандық дейді. Ал, біз сіздің кеңсеге барсақ деп едік, қазір уақытыңыз бола ма? *(Тыңдап.)* Ә, онда тіпті жақсы, мақұл, мақұл, тосамын. *(Балашов пен Есіркепке.)* Министр өзі келмекші. Есекең келген болса, өзім барайын, сәлем берейін, мені сонда тосыңдар дейді. Қазір келеді.

Е с і р к е п. Рахмет, шырағым.

Е с е н о в. Есеке, осы күнгі шабанның көбі құмды қыстаудан тосаңсып кетті-ау, әл? Құмның өзі де қыспен бірге қабағы салбырап, адамды жүдетіп тұратын ауыр өлке ғой!?

Е с і р к е п. Е, көптен құмға бармаған шабандардың шау боп кеткені бар ғой, Сәке? Бірақ өзіміз бала күннен-ақ сол құмның құланындай шұқырында туып, шоқысында ойнап өскеннен бе, құм қорқытады екен демейміз. Қайрат барда, көңіл берікте құм уайым, қыс уайым ба, тәңір. Кейде бір уайымға құмды айтсаң, екінші уайым қайрат қайтқан кәрілік болады. Үшінші, үй-жәйдің, өмір жәйдің үзілмес мұны тағы жүреді. Бәрінен де сондайды айтсаңшы.

Е с е н о в. Рас айтасыз. Құм да, құм емес те көңілде алаң болса, уайым болса, салбырап жүдеу көрінеді ғой. Сонда құм жүдеу көңілге әсіресе жадау болады ғой.

Е с і р к е п. Өзің құмда болғаның бар ма еді, тегі?

Е с е н о в. Бар еді, Есеке. Жаңағы өзіңіз нобайын айтқандай, басымнан кешкен бір ауыр шағым бар еді. Ол кезде жасым он бірде болатын. Әзім деген ағам бар еді. Әкеден ерте айрылып, сол ағамның тәрбиесінде өскем. Азамат соғысының уақыты, ол кісі большевик еді. Жұмыскерден шыққан, қазақтың алғашқы большевигінің біреуі болатын. Сібірге Колчак орнап, ағам кашкылықта жүрді. Бір шақ ақтар, алашордалар ұстап ана-

рып, қатерге түсті. Қолчактың өлім вагоны деген вагонына салып Сібірдің алыс бір жағына алып бара жатыпты. Сонда ағам жолдан қашып, аман-есен елге келді. Бірақ ауылға жетуі мүң екен, артынан он екі кісі отряд қуа келіп тағы ұстап алды. Қасымыздағы орыс поселкесінің кедей крестьяндары ағаммен дос болатын. Түнде соларға шауып барып хабар айттым. Әкем жоқ, өзге аға бауыр жоқ. Шешеміз зарлап жүр. Әлімді отряд әкетіп барады деп жылап айттым. Сонда поселкенің жиырма шақты жігіті шапшаң қаруланып келіп, отрядті тегіс байлап алып, ағамды азат етті. Ағам Түркстанда большевик үкіметі бар, Бетбақтың құмынан өтеміз де, сонда барып, Отанымызды табамыз. Сені сонда оқытамын деп мені ертіп алып, жол тарттық. Қыс түсті. Қалың құмның ішінде Шу аяғына тақай бере елге іліндік. Әлі де алда алыс жол бар. Елге іліндік те, жаңа бір көз ашыла ма дегенде үлкен сорға түстік. Ағам сүзек болып ауырып қалды. Мен бала, жолдасымыз елді жөнді білмейтін тек бір момын адам еді... Құмды сонда көрдім. Үйге кірсем, ыңкылдап, өне бойы от жалындап, қиналып, азап шегіп жатқан ағам. Жалғыз ағам. Елдің көптігі, дүниенің кеңдігі немене. Менің басымдағы бар аспан жылап тұрғандай бір ағамның тілегіндемін. Тысқа шықсам, сонда құм, айнала құм, құлазыған өзі суық, өзі сараң, сұр дүние. Жасым он бірде-ақ. Қуат-қайратым да жоқ. Әрі жалғызбын. Әрі білген білігім де жоқ. Ағам жайланып жататын жақынымыз да жоқ, танысымыз да жоқ. Сол ыстығы асқындап тұрған қатты аурудың үстінде, және бір ауылдан бір ауылға жылжып ауысып, жүріп аурып келеді. Бір күні бір қадам болса да Түркстанға қарай, совет үкіметі бар жерге қарай, жақындай бергіміз келеді. Алдымызда асқардай. Сол асқарға өрлеп шықсақ, ар жағында амандықтың, жақсылықтың, кішкене өмірімнің күні күліп шыққандай болады. Бірақ құм. Құм — тауымен, қу — шұқырымен, сараң шөп ыраңымен, сояу қурай сүткенімен күн сайын бір күйден аумайды. Жүдеу күй. Жүріс баяу, жол өнбейді. Күнде құм, күнде құм. Сол жолда жүре ауыра, бейнет шеккен ағам, жер ортасы көктөбеде қаза тапты. Өлерінің алдында бір арманы мен едім. Әкеңнен бір жетім қалып ең, жетім етпеспін деп ем, менен тағы жетім қалдың-ау. Енді кішкене жүрегіңе қайраттан басқа жиярың жоқ. Өлмейсің. Құмнан да қорықпа, басындағы ауыр күннен де қорықпа. Тарта бер,

алға қарай тарта бер. Алдында Түркстан, большевик Отаны. Мынау менің хатым да арызым. Қай шаһарға ілінсең сондағы партия, басшылық орнына көрсет деп қолыма қағаз берді. Мен сонымен бала өмірімнің ең алғашқы ауыр күндерін бастадым. Жаңа айттыңыз ғой, құмда көңіл орнында болса, бәрі оңай деп. Мен сонда ағам кішкентай сәл тәуір болғандай, бері қарағандай болса, қуанып қарағанымнан ба білмеймін, құм таулары да, шұқырлары да, жайылған малы, жайғасқан елі де сондай бір жақсы рахат дүние сияқтанып кетеді. Ал ағам қысылса, құм дегеніңіз мойныма түскен қыл тұзақтай, темір құрсаудай көрінеді. Құтқармастай. Сонда байқап едім, қайда жүрсе де кісіге құм қиын емес, көңілдегі күй қиын екен. Үміт пенен қуаныш, қуат серік көрінсе, ақыл, қайрат сүйеніш боп жүрсе, құм да бір, құз да бір екен.

Есіркеп. Ой, Сәке-ай! Сен де жас басыңнан осындай ауыр күй кешіп едім десеңші. Қабырғаны қайыстыратын жәй екен. Ібіретті әңгіме екен ғой мынауың. *(Дәуренов кіреді, Есіркепке сәлем беріп, амандасады. Бектенов пен Бек бірге келген.)*

Дәуренов. Есекел! Сізге ақыл салудан бұрын, әуелі мына басқа жолдастарға бір жәйді мәлім етейін. Соңында, көктемде болған мәжілістен соң мен, біздің ЦК мен Министрлер Советінің рұхсаты бойынша, Москвада, Одақтық орындар алдына мәселе қойғамын. Жаңа тұқымды ұсынғамын. Және осы қыс бойында, сол тұқым туралы бар сындарыңызды жасаңыздар. Көктемде, қой қоздар кезде, соңғы сындарыңызды ада қып, қортындыңызды айтыңыздар дегенім. Соған бүгін хабар келді. Москвадан тұқымды сынап алатын арнаулы комиссия белгіленіпті. Бұл жерден сол сыншы комиссияға мүше қып біздің Першин мен мына Бектеновті алыпты. Сүйтіп, ол жақ ісімізді сынменен қорытуға осылайша әзір отыр. Жә, біз қалаймыз?

Есенов. Біз сынға шыдаймыз да, барды саламыз дегеміз жоқ па?

Дәуренов. Ендеше неге мына институттың директоры Бек жаңа маған келіп, әлі қалай бекінеріміз мәлім емес, қыс құмға барамыз ба, жоқ па, анық байлай алмай отырмыз дегені несі.

Есенов. Рас, дәл сол жердің ақылдасатыны бар, Исеке,

Дәуренов. Сонда биыл қыс тағы созып, тағы құмға бармай қалу мүмкін бе? Онда сыннан өткеніміз қайсы? Тегі құмнан өтпей, алты ай қыс сонда қыстатпай, сол құмда қоздатпай қортынды жасай аламыз ба? Бектенов, сіз не айтасыз?

Бектенов. Құмда қыстатпай, қорыта алмаймыз. Жаңа тұқым туды деп ауызға да ала алмаймыз. Қасиеті бар қойдан бөлек дегенде, құм мен таудың өзгеше қойы дегенде, нені айтамыз? Ондай халді профессор Балашовтың өзі де жақтамас деймін.

Балашов. Құмда қыстатпай, соңғы сыннан, қорынды сыннан тұқым өтті деп мен айтпақшы емеспін.

Бектенов. Қысқасы, жаңа тұқымға құмға бару қажет. Болмаса, Мәскеудің жаңағы, жолдас министр айтқан комиссиясы да қабылдамайды. Комиссияның бір мүшесі мен екем. Алдын ала айтып қояйын — көктемде құмға қоздатпайтын болсаңдар, сондағы нәтижелеріңді көзіммен көріп, қолыммен ұстап шықпай, ең алдымен мен өзім қостамаймын.

Балашов. Қостамаңыз. Мен өзім де оны сізден сұрамаймын. Үйткені, әзір емес бір қойым жоқ. Мың қойлы отарды жаңа тұқымның бар санын, жұтағаны жұтап қалар, түгелімен құмға, сынға салмақпын.

Дәуренов (Бекке). Бек, енді сені бөгеп отырған тұсауды айтшы. Сен неге осы ең соңғы жарым жылда, бір қысқа келгенде жалтақтап, күдіктене бересің?

Бек. Исеке, күдік иесі тек жалғыз мен болсам, жарам оңай ғой. Тәжірибеге барып салғалы отырған профессор Балашов әзір. Бірақ бұ кісі бір жағынан әзір де, бір жағынан ауыр салмақ күдік айтады.

Дәуренов. Сүйтіп бар байлаудың тірелген жері Есіркептің өзі десеңші. Сөз жүйесін тапса, мал иесін табады демейсің бе!

Есенов. Ал ендеше мал иесінің өзі айтсын да, Есекең айтсын.

Есіркеп. Сай сайға құяды, бәрінің сөзің сарқып келіп, бір сағаға құйып жатқанын сезіп отырмын. Мен ойымда өзгем бар, бөлек жайым бар деп, ойдағымды айтып қайтейін. Менің де қазір көкейімде отырған біреу-ақ, тек сол он үш жылдың, мына Балашов бастаған еңбектің бір тетігі, тиянағы болса екен деген арман. Бірақ жақсы болғанмен серіктерім әйелдер, мен босам қайраты аз, шал боп барам. Балашовты аяймын. Малды аяй-

мып. Мені осыдан азат қыл деп, ашып айтуым, абырой ғой деп отырмын.

Дәуренов. Екесе, бұныңыз арзан сөз емес. Бұлдану емес, шыныңызды айтып отырсыз. Бірақ бұл қой тұқым болған күнде, шын асыл нәсіл болған күнде де, бақташыны ылғи тепсе темір үзетін жастан, сауыт киіп, сайман асынған батырдан, балғыннан ғана жиып береміз деп кім кепіл болады. Сөзді кесіп айтайын, асыл тұқым екені рас болса, со сіздің әлсіз күшіңізбен де асылдығын көрсетіп, ақтап шықсын. Біздің сенгеніміз сіз, сізге сенбейтін қой болса, онда өлмесе ома қапсын.

Балашов. Рас айтады. Мың қойға, жүз қойшы салып, жаңа тұқым таппай-ақ қойдым.

Есенов. Есекел! Бұл да бәріміз үшін керек және сізге де арылып алатын, ашық сөз. Ерекше қайрат тілемейміз, тек осы күнгі Есекеңдік қалпыңыздан басқа түк тілеріміз жоқ.

Есіркеп. Тәңір-ау! Құмға жалғыз өзім барып, жұтатып, қырып жатсам да маған сын жоқ дегеніңіз бе?!

Дәуренов. Сын жоқ дегеніміз. Сіздің қолыңыздан жұтаса, сіз білген, сіз жайған құмды жерсінбесе, сын жоқ. Дегеніміз деген.

Есіркеп. Енді кесесе беріп, саудалай беріп қайтейін. Бұны да Отан тілегі дейін. Қартайсам да, бір майданның жекпе-жегіне бір шығып көр деген кезең екен. Майдан жалындаған жастық қыршын өмірін де қиып жатыр ғой. Соларды ойлағанда, менің аянар нем болар дейсің. Сүйтіп мен барайын, Балашов жолынан немді аяйын.

Балашов (*барлық ырза болған адамдардың ырзалық сөздерімен қатар*). Есекел! Рахмет! Ес білгеннен бергі еңбекті өмірімнің қақ жарымының қортындысы еді. Сондықтан да сенсем саған ғана сенем деп, барымды берсем, сенің ғана қолыңа берем дедім. Менікі ғана емес, көп табысы өзіндікі де. Барлық жәйды, өзің таптың. Қадірлі қартым, досым, жолың болсын. (*Екеуі бірінің бірі қолдарын қысып, қатты құшақтасады.*)

Шымылдық

ҮШІНШІ АКТ

Бесінші сурет

Қыс. Құм іші. Құм төбелер арасындағы шұқырда отырған жалғыз үй, Есіркеп үйі. Үйде Әсия, Қанипа.

Қ а н и п а (*тыстан келіп*). Бүгін тағы тұрақтамайды ғой деймін. Шұбыра береді. Шұбыра береді.

Ә с и я. Тұмсығы ілінсе тұрып алушы еді, шөбі әбден біткен ғой, бұл қоныстың да.

Қ а н и п а. Қойдың бүйірі солып, ашыға бастағаны да бар.

Ә с и я. Қыс ортасы да болған жоқ. Бұл кезден жүдетсек не болады.

Қ а н и п а. Тағы көшпей, тағы құмға батпай болмас. Елден де шырқап ұзап барамыз жалғыз үй.

Ә с и я. Жәкем құмнан қоныс тауып келсе жарады. Оның да шөбі жаман боп жүрмесе...

Қ а н и п а. Онда жайылыс болмаса, қайда барарды кім білсін. Бұ да бір уайым боп тұр.

Ә с и я. Осындай күнде... Қыс қысылшаңына отар жаңа түскенде қиын күнде мені айтсаңшы.

Қ а н и п а. Менің де ойым он бөлінеді. Қойды бір ойласам, сені екі ойлайым. Жәкем білсе, ол не дейді.

Ә с и я. Рас, айналаңның бәрі тығырық боп кетті.

Қ а н и п а. Япырай, Молтайға тигенінді күздің өзінде неге білдірмедік осы кәрілерге.

Ә с и я. Амал қанша, Молтай кетпесе білдірер едік. Ол болса әскерге кететін болды. Бірге тұрмайтын болды, әзірше. Ерте күйіндіріп қайтеміз демедік пе кәрілерді. Алғаннан айтпадық қой бұл кісілерге. Бір қыс та болса, мына қысқа әсіресе білдірмей-ақ сыр қып сақтайық демедік пе! Өзің айтқан ақылың да сол емес пе еді?

Қ а н и п а. Айтып ем, рас... Бірақ сол енді қапы боп тұр ғой.

Ә с и я. Менің бүгінгі мына жәйім болмаса, ол қапы болмас еді ғой. Бірақ мынандай болады деп кім ойлады.

Қ а н и п а. Мен апамды бірдеме етіп жұбатар ем, доктатар ем-ау айдасам да, Жәкемді айтсаңшы енді.

Ә с и я. Апам не деді? Не деп жылап жүр? Қашан айтып ең?

Қ а н и п а. Бағана танертең айтып ем. Қой шетінен қайтпай жүргенін көрмеймісін? Көз жасын үйде көрсетпейін деп жүр ғой.

Ә с и я. Қайран апатайым-ай! Шешемнен де жақын едің-ау. Не деді? Айтсаңшы!

Қ а н и п а. Қарғам-ай, Сайлыбекті не деп қиды деп бір жылады.

Ә с и я. Қайдан білсін? Молтайды білді ме?

Қ а н и п а. Айттым ғой. Соған тиетін болған, мен де сырларын білетұғын ем. Әлде кімнен дегізбей, әкесі бары да тәуір екен деп, оған біраз тоқтағандай болды.

Ә с и я. Үйтпесе апам бола ма?

Қ а н и п а. Қыс аяғына жеткенше жасыра тұрсандар нетуші еді деп те көрді. Баласы қозғалыпты деп ем, ендеше шал білмей қоймайды. Ол білсе отқа түседі. Анық сор мынау ма еді деп, осыдан соң ағыл-тегіл жылап жөнелді. Сайлыбек өлген ғой. Бұл, бір сұмдық емес, көп қаза ғой менің басыма келген. Айтпай тығып жүрсіндер ғой, өлген ғой жалғызым деп, Сайлыбекті жоқтап, дауыс айтып қалды. Ана жүрегі жаңыла ма.

Ә с и я. Соңғы тірегі сол үміті еді...

Қ а н и п а. Әлде бір ойдан екеуіне Сайлыбектің өлгенін естіртсем бе екен? Сонда сенің бар шыныңды да айтар едік. Қылмысты кісі болмай, жазықсыз болар ең. Әйтпесе бұлар көзіне ұятты кісі боп қайтып жүресің.

Ә с и я. Жок, Қанипа. Бұны айтпа. Баласы өлгенін қазір білсе, мынау елсіз, күнсіз де екі кәрі жылаумен көздері көр болады. Түс көрсе, бал ашса үмітпен жүр ғой. Мынау қинау қыста ендігі жалғыз тіректерін құлатпа. Онымен түзелетін дүние жок.

Қ а н и п а. Сенімен араз боп, саған лағнет айтса, әрі Молтай жок, әрі мынау шағында, сәнің өзіңнен не қалады? Кінәсіз күйіп, отсыз өртенумен сен қайтіп жүресің?

Ә с и я. Мен жасын ғой. Мен көтерем, өлер деймісің. Тек кәрілерді өртеме. Бұныңа рұхсатым жок.

Қ а н и п а. Барлық қиыншылықты бір басыңа алғаның ба?

Ә с и я. Қиыншылық деп қайтер дейсің. Арам жүріс емес. Өмірім де адал. Еңбегім де адал. Тек Жәкем ашу үстінде аулақ кет демесе болғаны.

Қ а н и п а. Оны да істемейді демейік, кәрі кісі ғой...

Ә с и я. Тіпті қуса да, отар сыннан шықпай мен тастай

алам ба? Халық тапсырған қарызымды тастап қашам ба?

Қ а н и п а. Бәсе десенші. Бірақ Жәкемнің ашуы қатты еді. Томырық қой, не деп, не қыларына көзім жетпейді. Не деп тоқтатарымды да білмей тұрмын.

Ә с и я. Мен де дәл өзіндеймін. Құр қысылғанымнан басқа ақыл да табар емеспін.

Қ а н и п а. Тым құрса осыны Молтай біліп жүрсе де бірсәрі еді.

Ә с и я. Соңғы хатым әлі жетпепті. Бірақ мынау алдыңғы хатында сондай бір жұбаныштар айтқан. «Асыл жар» деп өлең шығарып жазыпты. Мені сондай тілек, тірек бар да қайғы жеңбес. Тек қарттарды қажытып алмайық. Онда отар ойран болады. Осыныма бақ.

Қ а н и п а. Сүйтіп Жәкеме жәйді айтамыз ғой?

Ә с и я. Жүзім шыдамайды. Бірақ енді жасыратын жәй қалған жоқ. Айт, өзің айт.

Е с е р к е п (келеді). Балаларым, менің үш күндей құм кезіп, не тауып келгенімді білдіңдер ме?

Қ а н и п а. Не таптың, Жәке?

Ә с и я. Шаршап, қажымадыңыз ба, Жәке? Үш күндей құмда түнедіңіз бе?

Е с і р к е п. Құмда түнемей, кім үйін тігіп тұр еді, балам-ау! Азығым бар, атым мықты. Құмра бір кіріп алған соң армансыз шолып алайын, қыс қыса берсе, ақ қойдың жаны қайда-қайда қалады деп, даланың тағысындай жорта бердім.

Қ а н и п а. Сүйтіп, енді құмға көшеміз ғой!

Ә с и я. Құм өзі жақсы ма екен? Бұнда қой жүдеп барады ғой.

Е с і р к е п. Қой жүдеп қапты. Жана жолай қарап кетіп ем. Енді бір күй аял қылмастан құмға тарту керек. Құмның бергі шеті сәл екен. Бірақ арырақ кірсем, қызығы сонда шықты. Биыл изені етектей, өркөк дейтін шөбі де тықыр боп, дәнді боп шығыпты. Балаларым, сендермен ақыл қосқалы отырмын. Жұртымыз сенді, азамат атаулы сендермен Балжан төртеуімізді төрт батырдай көріп отыр. Ақ қойдың отарын амандап ығамыз десек, енді артқа, өзге елге алаңдауды қоялық. Қыс ортасы осы ғой, құмның от жерлерін қуалып көше берейік. Қай шұқырда он күн, қайда он бес күн жайылыс бар, қай жерде отын болар сүткен бар, ескі көң бар. Бәрін тегіс болжап келдім, Осыдан көшкенде қонатын шұқырдың

басына қарақшы да тігіп келдім. Енді екеуің отарынды амандай, ілгері тарта беруге шыдаймысыңдар, жоқ па?

Ә с и я. Әттең Жәке-ай? (Шұғыл өзгеріп шығып кетеді.)

Е с і р к е п (жалт қарап, сескеніп қап). Бұ қалай? Кебім жақпады ғой Әсияға. Бұған жақпаса мен қайда барам. Тас дінгектей сүйенген, сенгендерім сендер емес пе ең? Әсия емес пе еді? Ол ұнатпады ма? (Балжан кіреді.) Енді қайтіп қойды амандаймыз? Не болған? Бұнысы қалай, Қанипа-ау. Ақылдасқысы да келмеді. Құмға да бармайық дегені ме? Айтсаңшы жәйін. (Қанипа үндемейді.) Сен айтшы тым құрса. Не болған өздеріңе, түгі? Әсия бұрынғы Әсия емес қой.

Қ а н и п а. Жәке, оның рас. Әсия бұрынғы Әсия емес.

Е с і р к е п. Не деп тұрсың? Маған өкпелі ме?

Қ а н и п а. Саған өкпелі емес, сенен ұялып, жүзіңе қарай алмай кетті.

Б а л ж а н. Ұялғанынан жерге кіргендей болады сорлы, бақыр. Менен де бүгін түскендей именіп жүр.

Е с і р к е п. Ё, не ғыпты, не жазыпты ол?

Қ а н и п а. Жазғаны сол, Жәке, Әсия, жүкті боп қапты. Ішінде төрт айлық баласы бар.

Е с і р к е п. Не дейді, не дейді, тәңір-ау, мына сорақылар. Аядай үйіме, аялап алақаныма салған күйіме... не деп тұрсын. Шын ба, сен, сен айтшы-әй!

Б а л ж а н. Не дейін, мен не дейін, байғұс-ау! Жаман ат жалған болушы ма еді?

Е с і р к е п. Бұны естігенше, өл, жоғал десең етті. Сайлыбекті сүйтіп қор етті ме? Енді несіне жүр менің қасымда? Осындай жат па еді маған Әсия? Бұндай деп пе ем? Бұнысын білсем сенерме ем, биыл берер ме ем елге сертімді. Япырай, тірідей ел бетін көре алмастай, көрге көмді-ау мынау мені. Жоғалмай неге жүр? Қайтермін. Жоқ, өлсем де құтылам мұнан, кетсін, кетсін. Жоғалсын көзі. Қарасы өшсін, қараң өшкірдің. (Әсия кіреді.)

Қ а н и п а. Абайлап айтсаңшы, Жәке. Айналанды ойлап айтсаңшы.

Е с і р к е п. Ойлайтын нем қалды. Құрттыңдар ғой мені. Құртты ғой Әсия. Іште бір жара, тыста бір жара боп шықты ғой. Мал мынау. Қыс. Жұт алқымнан келгені тағы міні. Күздөн неге өшпеді қарасы. Мені ел аулаққа, есізге, құмға әкеліп, көзімді оямын деген қастығы ма еді? Неге қалмай мұнда келді.

Қ а н и п а. Жәке, қатты айтсаң да, қата айтпасаң-шы.

Е с і р к е п. Қай сөзімде қата бар екен?

Қ а н и п а. Әсия саған еріп келген жоқ. Шаруаға се-німен тен не қып, өкімет жіберген соң келмеді ме?

Е с і р к е п. Менің үй ішім, менің балам боп келмеп пе еді, не айтып отырсың?

Қ а н и п а. Айтқаным сол, қорлама Әсияні. Өзі де же-тісіп жүрген жоқ.

Е с і р к е п. Е, со жаққа шыққансың ғой, тегі.

Қ а н и п а. Айтарыңды айтып болды, Жәке. Енді ойланyp сөйле.

Е с і р к е п. Болыстым де сөйтіп.

Қ а н и п а. Болыстым, рас.

Е с і р к е п. Ә-е, солай ма? Ендеше бірігіп ап аласта-ғаның мен екем. Мен кетейін. Жақсы ит өлігін көрсет-пейді деп еді. Ит құрым жоқпын ба? Жоқ болайын бұл қорлықты көтеріп тірі жүргенше.

Ә с и я. Жәке, Жәкетай, сіз неге кетесіз! Сіз жан ба-ласына жазықты емессіз. Кетуші табылады. Көзіңізге күйік болмай, кетейін, мен кетейін.

Е с і р к е п. Рас, Сайлыбектен жолыңды айырған соң, мені нағыласың. Бетіңнен жарылғасын.

Ә с и я. Жарайды ендеше, сыйыса алмадым ғой, мен кетейін. Қаңғып кетсем де, қазір-ақ кетейін. (*Киімін қамдап жөнелуге айналады.*)

Қ а н и п а. Тоқта, Әсия.

Е с і р к е п. Тоқтатпа.

Қ а н и п а. Осының шының ба, Жәке?

Е с і р к е п. Жәйіне отыр, Қанипа, күйдірме!

Қ а н и п а. Олай болса, ал мынау үйінде өзін қал. Жалғыз қал. Мен де саған жоқпын. Мен де кеттім. Әсия, аяғың ауыр күйінде есіз құмның ішінде, қаңғыртпаймын жаңғыз сені, мен бірге кетем. Ала кет мені.

Б а л ж а н (*екеуін ұстап*). Құдай-ау, не деп тұрсын, түге? Сен екеуің мені көзіңе ілесің бе, жоқ па? Ұрысқан әкен, ал менің не жазығым бар еді? Мен анаң, мені қай жағыңа тастап барасың екеуің, тегі.

Е с і р к е п. Кетсін, түге. Кете берсін. Жоғалсын бар азғыны көзімнен.

Қ а н и п а. Кетеміз. Жібер!

Б а л ж а н. Кетпейді, кетпейсің. (*Ат дүбірі естіледі.*)
О, тәңір, қарыс айрылды ғой сорлы жүрегім, Сорлы ба-

сым қаңғыды ғой. (Балашов, Бек кіреді. Амандық, үй іші жым-жырт.)

Балашов. Немене, амансындар ма? Шал, қалың қалай?

Бек. Әсия, Қанипа, дендердің сау ма? Малдарың аман ба? Шеше, күйің қалай? (Амандық солғын.)

Балашов. Қойың жүдеп, қинап тұр ма, Есіркеп?

Есіркеп. Я, қой қинады. Қинады ғой, Балашов.

Балашов. Қойынды жаңа көріп келдік. Көп қойдың бүйірі солып қапты. Құмға жете алмай отырмысың?

Есіркеп. Менің қанатым қырқылып отыр.

Бек. Не болған өзі? (Әсияға қарайды, ол шығып кетеді.) Немене, шығындарың асып бара ма?

Есіркеп. Шығыным асып тұрғаны рас. Бірақ әзір мал шығыны емес, адам шығыны. Баламдай боп кеткен мынау жаңағы келінім өліп отыр.

Балашов. Не дейді. Қандай жұмбақ?

Есіркеп. Жұмбақ сол. Жақсы келдің. Келініммен айрылғалы отырмыз. Ол кеткелі жатыр.

Балашов. Ол қалай, Әсиясіз бола ма?

Бек. Онсыз отар не болады.

Есіркеп. Отарды ол ойлайтындай емес. Балам жоқта, бала көтеріпті. Жүкті бопты. Кәрі мені құмға әкеп, жерге тықпақ бопты. Соны жаңа біліп, не ол кетсін бұл үйден, не мен кетейін деп отырмын. Оны кетірсең, мен бірге кетем деп мынау қызым Қанипа жаңа бірге жиналды. Осы тойдың үстіне кеп отырған жоқпысың екеуің.

Бек. Қанипа-ау, бұ не, жарықтығым-ау?

Қанипа. Онысы рас, Әсияға Жәкем кет деді. Ол кетпек болды. Елсіз, күнсізге екі қабат Әсияні жалғыз жіберіп мен адаммын ба, жоқ қасқырмын ба жаны ашымас? Төрт жыл күйеуін тосқан да сол еді. Бұзық емес еді. Соны ұғынбасақ адам болғанымыз қані. Өзі де бір жағынан малды ойлап, бір жағынан Жәкемнен қысылып өлердей боп жүр, қайтейін, мен қайтейін.

Есіркеп. Балашов-ау! Қазақ пенен орыста, алыс пенен жақында қай күн қысылсан сол күн ақыл саларым өзің ен. Айтшы осы. Осындайға қай әке шыдайды? Мен осы бауыздалып өлсем, орынсыз деп айтар жан болар ма?

Қ а н и п а. Сөзі міні осы. Не кетем, не өлем дейді, Әкемдей болған едіңіз, Балашов, бабын табыңыз мына Ертіміздің. Айтыңызшы ақылыңызды.

Б а л а ш о в. Есіркеп, маған ақыл саласын. Ал мен айтатын ақылым, ойлансаң, ашуланбай ойласаң өзің білмейсің бе. Сен өзің бар шабанға ақыл айтатын адамсың. Сенің келінің, қызың жаман адамдар ма еді? Бұзық емес еді ғой. Бірақ жас болған соң, жастық болмай ма? Соны білмесек, сені мен біз неге көп өмір жасадық, ойланбасақ бала болмаймыз ба. Бұл жерде сенен де, менен де Қанипа ақылды болып тұрған жоқ па? Ойлашы, карт.

Е с і р к е п. Жоқ, жоқ, айтпа, Балашов. Кетір, кетір Ертімізді. Айыр. Айырындар мені мына келінім, мына пәледен.

Б а л а ш о в. Ойланбадың ба? Сөзің тек осы ма, Есіркеп.

Е с і р к е п. Бұдан айырмасаң мал да қырылады. Ақылдасым болған да қанатым еді. Енді үй ішінде оқтай атысып отырып, ол қайтып малға қарайды. Мен қайтып алаңсыз қайрат етем. Сөзім біреу-ақ. Айырындар. Әкпеліңдер ертең. Әкете көріндер.

Б е к. Есеке-ау, үшеуден үшеу қалып сілең қатады ғой.

Е с і р к е п. Сілем қатса қатсын. Соны жоқтатпасты өзіме алам. Өлсем де осы отарды амандап өлем.

Б а л а ш о в. Оған рұхсат берер біз емес. Сенің қолыңнан өлмеске жұмсайтын қасың біз емес. Әсиясіз күшің жетпейді. Босқа өлтіре алмаймын сені мен.

Б е к. Тым құрса біз қайтып кісі жіберейік, соған шейін шыдаңыз, Есеке!

Е с і р к е п. Жоқ, оған да шыдарым жоқ. Бір күн бірге кешу, жүз күн қуатымды алады. Сенемісің осыған, жандарым.

Б е к. Есеке! Біз сізге артқан міндетті Әсияға да артқамыз. Оның мойнында да өкімет алдында жауаптылық бар. Жаңағы сөзіңізді ойланбасаңыз сіз қателесесіз. Әсия сізге келін болса, өкімет алдында жауапты қызметкер. Мемлекеттік міндет үстінде тұрған қызметкер. Сіз босатсаңыз да, мына күнде біз міндеттен босата алмаймыз. Арттағы отарлардың не боп жатқанын білдіңіз бе сіз?

Қ а н и п а. Не боп жатыр?

Бек. Қөріп келдік. Осы құмға шейін қар қалың түсіп, сіреу боп қалды. Бар отарға жұт араласып отыр. Жем, көмек және жете алмайды. Аман қалсаң қалатын тек өзің ғана деп келмедік пе?

Б а л а ш о в. Сонда да құм сақтайды деп, тезінен құмға көшіргелі келдік.

Е с і р к е п. Құмға мен өзім де бүгін кеткелі отырған жоқ па ем?

Б е к. Бәсе, онда біз бірге көшіріп, апарып саламыз. Ал, сізге құмда бір төрт емес, тағы төрт жерде төрт кісі болса да аздық қылмай ма. Әсия кетсе, бар тынысын біткені емес пе?

Б а л а ш о в. Тым құрса біз қайта қайтып, орнына кісі жібергенше, шыдам тап. Болмаса... Бітті, бәрі бітті. Қырылды деп біл. Бар еңбек... Бар мал. Өзім өртедім, жоқ қылдым де.

Е с і р к е п. Ойпырай, қинады-ау мені мына күн. Отқа салды-ау мына күй. Еркіммен кеп, еріксіз торға түстім-ау. Бүйткенше бейбітшілікте отырып бомбы түскендей, бұлаң-талан үйде отырғанша, анау жеміт жауға қарғыс оғымды атып, жастығымды алып өлсем етті...

Ш ы м ы л д ы қ.

Алтыншы сурет

Құм шұқырдың ішінде Есіркеп үйі, Бұл сахнанын бір шеті. Өзге жердің көбі сырт. Құм таулар. Үй биікше жерде. Арырақ ойдым, ойдым, онда қой жатқан тәрізді. Түн. Аспанда ауыр қара бұлттар көшеді.

Әсия қой күзетіп жүр.

Ә с и я (жалғыз, ақырын ән салады).

Асыл жар ойлаймекен әріптесін,
Болғандай егіз қозы серіктесін.
Оны еңбек, мені майдан сынаса да,
Тірлікте тілек аумас беріктесін.
Асыл жар қажыр, қайрат серік босын,
Азамат қасиеті көрік босын.
Жалынмен жауды жойып елге келед,
Деген ой жар көңілінде берік босын.
(Қанипа шығып тыңдайды.)

Сағынғаным,

Асыл жарым,
Өзінді аман көрмек
Көңіл зарым.

Асыл жар берік серік, өмір досым,
Кеткелі бір өзіңмен көңіл қосып,
Қос қанат қуаныштың оты жанад,
Сәт сағат табыспақты жүрмін тосып.

Сағынғаным,
Асыл жарым,
Өзінді аман көрмек
Ынтызарым.

Қ а н и п а. Тыңдап қаппын. Әнге түскен бе, Молтай хатындағы «Асыл жар?»

Ә с и я. Дауылды түн болса да адастырмас жұлдызымдай серігім болды.

Қ а н и п а. Аяғында қайырмасы жоқ еді. Өзің қостың ғой. Қалай дедің. (Әндетеді. Әсия қосылады.)

Сағынғаным,
Асыл жарым,
Өзінді аман көрмек
Ынтызарым.

Ә с и я. Хат та, хабар да жоқ. Молтай жәйі да мұн боп барады. Соны қосқаным ғой.

Қ а н и п а. Бүгін Молтайдан бір дерек болар-ау деп өзім де күтіп ем, болмады ғой.

Ә с и я. Бірнеше айдан бері бір тіл әкелуші жеткен екен. Содан Молтай хаты келмеген соң... Не болғанды кім біледі... Бірдеңе бұ да сезу ме... Ішімдегі кішкентай құлыншағы да бүгін көп қозғалады.

Қ а н и п а. Қойшы, апамша бал ашпай. Хаттар кешігіп келіп те жүреді ғой.

Ә с и я. Аз заманда кішкентай дүниеге келеді екен. Бірақ, бұны бөтен көрер, жат көзбен қарар дүние жоқ па?

Қ а н и п а. Кішкентай балаға қанша дүние қажет.

Ә с и я. Жәкем әлі күнге маған бір ауыз тіл қатқан емес.

Қ а н и п а. Бір Жәкем бе?

Ә с и я. Одан басқа кімім бар?

Қ а н и п а. Одан басқа кең дүние, елі-жұртымыз бар.

Ә с и я. Олар менің бұл жайымнан не біледі? Білгенде не деп қарайды?

Қ а н и п а. Олар біледі және сені кінәлап отырған жоқ.

Ә с и я. Өзің де бал ашып тұрмысың, қайдан біледі.

Қ а н и п а. Таң атқан соң жарықта өзіңе көрсетіп, қуантайын деп ем. Газет бетінде біздің отар туралы, сын еңбегіміз туралы үлкен сөз жазылыпты. Жәкем мен сенің еңбегіңді аса мақтапты. Екеуіңнің суретіңді де басыпты.

Ә с и я. Не дейсің, айналайын-ау! Мені де шын жазып па?

Қ а н и п а. Жазғанда қалай! Суретіңді тіпті үлкен қып, Жәкеммен бірдей етіп басыпты.

Ә с и я. Айналайын елім-ай! Әнеу күні суретімізді әкеліп еді. Балашов пен Бек қой, жәкөтайларым.

Қ а н и п а. Оның үстіне министрдің өзі, Исекең өзі Жәкеме және хат жазыпты.

Ә с и я. Не депті?

Қ а н и п а. Әлі ашқам жоқ, Жәкем асын ішіп, жылынып, жайлапсын деп қойдым. Қазір оқимын. Жүріп тындасан қайтеді.

Ә с и я. Түн жаман боп тұр. Бұлтты көремісің, құм ұшқындайды. Аспан қап-қара. Дауыл бола ма деп тұрым. Күзетті тастамаймын. Бірақ жылдам барып оқы да, маған кеп айт. Бар, шапшаң. *(Қанипа кетеді. Әсия «Асыл жар» әнін салып әрі кетеді.)*

Е с і р к е п *(үйде)*. Жаңа Қанипа қайда кетті? Исаның хатын оқып бермей.

Б а л ж а н. Әсияға кеткен ғой. *(Қанипа келеді.)*

Е с і р к е п. Әсияні де жазыпты. Кәзит Әсиянің бұнда қандай боп жүргенін қайдан білсін.

Қ а н и п а. Білсе жазбас деппен, Жәке?

Е с і р к е п. Жазғанда мақтамай, жамандап жазар еді.

Қ а н и п а. Әсиянің еңбегі өз еңбегіңнен кем бе еді?

Е с і р к е п. Онысы кем дедім бе?

Қ а н и п а. Ендеше сенің жаман деген жағыңа қарап отырған жоқ.

Е с і р к е п. Оны білсе қарар еді.

Қ а н и п а. Білсе де қарамас еді.

Е с і р к е п. Е, адамгершілік қайда?

Қ а н и п а. Адамгершілікті жұрт сізше ғана ойлайды деп пе ең?

Есіркеп. Е, менің жұрттан өзге не сорақы ойым бар еді.

Қанипа. Жұрт үй іші тұрмысқа сіз сияқты ата-келін деп, баяғы бабаңыздың көзімен қарамайды ғой.

Есіркеп. Жаманды жаман деп те қарамай ма сонда?

Қанипа. Сіздің жаман дегеніңіздің бәрі шын жаман ба екен?

Есіркеп. Қой, ақтамай! Айтпа ол сөзіңді.

Қанипа. Жәке, бір-ақ сөз сұрайын. Дәл осы істі Әсия істемей, Сайлыбек істесе қайтер ең?

Есіркеп. Қандай істі?

Қанипа. Мысалы, тіпті Сайлыбек осы жолдан басқа бір әйел дос тауып, соны үйіне өзімен бірге ала келсе қайтер ең? Үйге жолатпай, аулақ кет деп қуармен? (Есіркеп үндемейді.) Қумас ең. Той да жасар ең. Ал біздің жұрт осындайда ер де, әйел де тең дейді. Сіз болсаңыз келінім, жесірім деп отырсыз ғой.

Есіркеп. Жә, қой, ақтаушы болмай. Одан да ана Исаның хатын оқып бер маған. Сен ауламайсың менің көңілімді, сол дауалайды.

Қанипа (хат оқиды). «Қадірлі қартым Есеке! Тамам отардан бөлініп, жаңғыз өзін қалың құмға жалғыз үй кеттің деп естіп жүрмін. Анау майданда жаумен жағаласып жүрген ерлермен өзіңіз де теңсіз. Жұртпен жағаласқан кәрі батырымыз деп отырмыз. Тек жолыңыз болсын! Алыста, жалғыздықта жүріп әр түрлі мұн ойлайтыныңды да білемін. Профессор Балашов бар жайыңызды айтып келген. Осының бәрінде жалғыздық қапалықта бір өзім-ау, ай далада жалғыздыққа тасталған, ұмытылған бір жанмын ғой деп ойлай көрмеңіз. Артында қамыңды бірге ойлап отырған елің бар. Өзіңіздей көпті көрген көнеден ұққан бір мысал сөзім бар еді. Соны айтайын. Бүркіт жұмыртқасын жалтыр тастың басына сақылдаған сары аязда, ақпан-қаңтарда салады екен. Салады да өзі баурына баспай, қасында бағып отырады. Тек күн жылынып, көктем болған соң ғана басады дейді. Жұмыртқасын балдыр күнінен ыстық, суыққа шынықсын деп сүйтеді. Қара өзегін қақ жарып шыққан өз баласын жақсы көргендіктен — өмірдің ауыр-жеңіліне шыдатып солай, қиында, қинауда өсіреді екен. Сонда кей жұмыртқасы аязға шыдамай шатынап, жарылып та ке-

теді. Сынбай шыдағанын кейін бауырына басып, бүркіт ана бала қып өсіреді екен. Міні сіз де барлық үйіңізбен, малыңызбен бұндағы жұртыңызға сол аязда туған бүркіт ұясындайсыз. Сүймегеннен, жәйіңізді ұқпағаннан есіз-елсізге жалғыз тастап отырғамыз жоқ. Тек осыны ескеріңіз. Не қиыншылық болса да осыны ойлай шыдаңыз. Содан әрі өлмеген жанға жадырап жаз да шығар. Ұя басар ана қырандай, жылы ұясына Отаның, анаң да ала білер. Осыны ойлаңыз. Айтарым осы-ақ. Хош, Есеке. Інің Иса».

Есіркеп. Япыр-ай, ә! Мынау жаныашырдың сөзі-ау! Әкеңдей жанқиярдың айтатын сөзі ғой. Аанада бір осы құмға кетуге бекінуіме себеп болған Сәлімнің де сөзі бар еді. Мынау мынадай жан сөзін айтып отыр. Бұл маған айтқан қамқор сөзі. Маған енді не тірлік, не жұбаныш қалды деп жүрсем, досың бармын деп отыр ғой. Мынау сөз.

Әсия (*сырттан*). Қанипа, ай, Қанипа!

Қанипа. Немене, Әсия?

Балжан. Шықшы, бірдемеден қысылып жүр ме немене?!

Есіркеп, Білші, дауылдан сескеніп жүр ме? Баршы! (*Қанипа киініп кетеді.*)

Балжан. Уа, о не, Әсия қарағым? Жаурап жүрсің бе? Үйге кірші.

Әсия (*тыстан*). Жаурағам жоқ. Бірақ дауыл қатайып, құм борап тұр. Қойлар ереуілдеп, тегіс тұрып алды. Ығып кете ме жаурап. Және қасқыр ұлып тұр.

Есіркеп. Мен де киңейін. Шығамын әзір.

Қанипа (*тыста*). Қасқыр қай жақтан ұлиды?

Әсия. Білмеймін, тілеуі құрғыр. Тегі-тегі осы құмның бәрі қасқыр боп кеткен бе деймін. Жан-жақтан ұлып азан сап тұр, жалмауыздар. Жүрші, қойдың екі шетінде екеу болайық тым құрса. (*Екеуі де кетеді.*)

Балжан. Айналайын-ай! Түн боса тыным жоқ. Аяғы боса ауырлап жүргені анау.

Есіркеп. Әй, сен де бір, қойшы әрі. Аяғы ауырлағанда нең бар.

Балжан. Е немене! Сенің өзіңе не боп кеткен осы. Баласын қайтіп ойламайсың.

Есіркеп. Иесі жоқ, әкесі жоқ баласын сен ойлауың қалып па?

Балжан. Әкесі жоқ, деп кім айтты?

Есіркеп. Е не деп отыр? Білушімен әкесін?

Балжан. Білем.

Есіркеп. Не дейді?

Балжан. Әкесі Молтай.

Есіркеп. Не дейді мынау... Молтай?!

Балжан. Бәсе Молтай. Ол әскерге кетпесе, Әсияні алмақ бопты ғой.

Есіркеп. Япыр-ау, әкесі бар, күйеуі бар. Ол Молтай ма еді?

Қанипа *(сырттан асығып үйге тақап кеп)*. Жәке, Жәке, Апа!

Есіркеп }
Балжан } О не Қанипа? О немене?

Қанипа. Қойға ие болу қиын боп тұр. Қасқыр осы шұқырды тек қамап алғандай, айнала ұлып тұр. Тақап қалды тіпті. Шығындаршы.

Балжан. Жүгірші, ұмтылшы.

Есіркеп. Қазір, қазір? Япырай, қыс бойы жұт тұмсығын да, құс тұмсығын да тигізбей, өкпемді аузыма тістегендей аман сақтап кеп ем. Жүрші сен де, шықшы бір шетіне. *(Жөнеледі.)*

Балжан. Еңбегіміз шашылып, есіл мал кесірге ұшырар ма екен? *(Тысқа шығады. Әр тұстан қой күзеткен айғай, айтақтары естіледі.)*

Қанипа *(айғайлап жүгіреді)*. Қасқыр, қасқыр!

Балжан. Қасқыр! Тілеуің құрғыр, жалмауыз, айтақ, ұмтыл! О сығыр, қырып кетті-ау. Қойды қақ жарды. Босып, шошып жүргенін қарашы жануардың. Әсия! Жаным! Әсия... Қасқыр... Көп қалды ма?! Әні! Ойбай, міні тажал, тажалдың өзі... Әсия... Е-е! Айналайын-ай! Сәулем-ай! Әсия-ау... Қалқам-ау! Бәсе, бәсе ұр, ұр! Серейттің бе, сәулем-ау?!

Әсия *(бәрі шыға береді, қолында шоқпары, үлкен көкжалды сүйреп алып шығады)*. Міні, апа! Мынау арланы. Бәрін бастап жүрген осы сұмы.

Балжан. О, сәулетайым. Азамат, еркек садаға кетсін сенен!

Әсия. Алдыма өзі келгені. Қойға аузын салып, көзі тұнып кеткенін көрмеймісің.

Балжан. Сәулем-ай, қайтіп шошымадың... Тыным алшы, малы құрсын,

Әсия. Жок, жок, атамаңыз, апа. Қойды бөліп әпкетті ме деймін масқара қып. Мынаны тағы ұрып, әбден өлтіріп ал. Мен бөлінген қойдың соңынан кеттім. Жәкеме айт, шапшаң атын тауып, атқа мініп соңымнан жетсін.

Балжан. Тоқта! Өлесің ғой. Қайтіп жүгіресің, жаным-ау!.. Болмады, жан ұшырды-ау! Жүгіріп те кетті тіпті... Ә, сұмқадам, мә! Мә! (*Қасқырды ұрады.*) Осы шұқырдан басқа жер құрып қалды ма саған жалмауыз!

Есіркеп (*жүгіре шығады*). Немене? Әсия қані? Не боп кетті?

Балжан. Немене? Әсия, Әсиядан садаға. Қордің бе?!

Есіркеп. Қарағым-ау, пе дейсін?

Балжан. Әсия емес пе ұрып жыққан. Жанын сап жүрген осы емес пе? Жана бөлінген қойды тағы қуып кетті. Артымнан атпен жетсін деді.

Есіркеп. Бәсе, жаңа қатты үркіп жүрген қой тыныш тауып қап еді. Мынау күшік бөрілерді бастаған ұлкені, арланы ғой.

Балжан. Уа, айнал, айналсаңшы Әсиядан. Ұмтыл, мін, мінсенші атқа.

Есіркеп. Мінейін. Жөнелейін. Айналайын-ай! Әсия-ай. Азаматым-ай! Серігім-ай! (*Жөнеледі.*)

Балжан. Айтақ, айтақ-ау! Айтақ!

Шымылдық.

ТӨРТІНШІ АКТ

Жетінші сурет

Есіркеп отары. Айнала жаңа ғана кәктеп келеді. Үйдің сырты көрінеді. Алысырақта жас қозы қамалатын жер үйшіктер нобайы білінеді. Үй жанында дінгектерге отыртқан шатырша — көлеңке. Онда сырмақ, алаша.

Балжан. Немене, енді қайтпексін?

Қанипа. Қайтерді білмеймін. Қояр жер жоқ, қырылады-ау енді.

Балжан. Түні суық, биылғы қыстың бізден аяғаны жоқ қой. Ұлбала неге келіпті?

Қ а н и п а. Әсияның орнына кепті. Кісі келген сон Әсия бұл үйден кетсін деген емес пе еді Жәкем?

Б а л ж а н. Босанғаны жаңа да, енді торалып болмай, қуатын болдық па? Не боп кеттік осы біз?

Қ а н и п а. Жәкем жылымастай кетті ғой, бір бетімен.

Б а л ж а н. Бала туғалы үйге тіпті басын да сұққысы келмейді.

Қ а н и п а. Ендеше әні, Әсияні кетіретін Ұлбала келді. Әсия мен кетсем де Жәкем биылғы еңбегінен игілік көрсе екен дегенді өз басынан артық ойлайды. Есіл Әсия.

Б а л ж а н (*Әсия шығады*). Сен неге шықтың, әлі торалып болмай неге шығасың, жатсаңшы.

Ә с и я. Қайдан жатайын?

Қ а н и п а. Жазылып алшы, үйге бар!

Ә с и я. Жазылдым, қорықпа! Немене қозы көбейіп, қояр жер болмай, жастай суықтан қататын болды ма?

Б а л ж а н. Барар жер жоқ.

Ә с и я. Япыр-ай! Өлген қозы көп пе?

Б а л ж а н. Өлгені жоқ, енді өлетін боп тұр. Шал да қысылып, безек қағып жүр. Әй, биылғы қыс-ай! Қу немістен кем болмадың-ау сен де маған.

Ә с и я. Балашовтар не дейді?

Қ а н и п а. Қозылардың салмақтарын өлшеп жатыр ғанертен келгеннен бері, әлі түк айтқан жоқ.

Ә с и я. Қозыны үйшіктен шығаруға болмайды, әлсіз, өліп қалады десе біржола сорладық қой!

Б а л ж а н. Қарағым-ай, тым құрса босанған күнінде де тыным таппадың-ау, баршы үйге.

Ә с и я. Тоқтаңыз, Балашовтар келеді. (*Балашов, Сара, Есіркеп.*)

Қ а н и п а. Немене, Сара қозылар қалай? Қайда қоямыз ендігісін?

С а р а. Тұра тұр. Василий Иванович айтады.

Б а л а ш о в. Салмақтар тегіс мәлім, сіз өлшеулеріңізді көрсетіңізші, Сара. (*Сараның қағазын алып қарап.*) Менікі де осындай. Қозылар туралы ғана емес, бұл ақ қойдың қыстан қалай шыққанының да соңғы дерегі.

С а р а. Шешуші дерегі. Василий Иванович сіздікі мынау. Салмақ қандай жақсы, өлген бір қозы жоқ. Қатты жұттың өзінде де ақ қойдың күйлі шыққанынан осылай ғой.

Б а л а ш о в. Дұрыс айтасыз, Сара. Ендеше, Қанипа, қорқынышың бекер дейік.

Ә с и я. Я, сәт, не дейсіз?

Е с і р к е п. Немене алғашқы туғандарын шығаруға бола ма?

Қ а н и п а. Қайдан шықсын, қатып өлмей ме?

Б а л а ш о в. Жоқ, Қанипа, бұларды ежелері мамық төсекте өсірем деп сертпен тапқан жоқ. Тәрбие, тәжірибе деген осы. Бұл тұқым он жыл бойында асылданғанда осымен асылданған болар. Шығарындар.

Е с і р к е п. Балашов! Асығыс емес пе?

С а р а. Былтыр да осылай етпеп пе ек!

Е с і р к е п. Жыл былтырғы емес, күн әлі суық қой.

Қ а н и п а. Былтыр мұндай көп қозы бар ма еді?

Ә с и я. Онда суық түндерде өлгені де боп еді ғой.

Б а л а ш о в. Саспандар. Былтырдан биылғы төл тағы аса түскен. Былтырғы жылы қыста туған қозыларыңнан, биылғы қатты қыста туған қозыларыңның алғашқы күнгі салмағы да артық тұр, міне.

С а р а. Ал үш күн, бес күн тұрғандар салмағы және былтырғыдан әлде қайда артық.

Б а л а ш о в. Бұ да биылғы құмның қосқан қасиеті.

С а р а. Биылғы сапасы бөлек.

Б а л а ш о в. Менің отаршы, зимовщиктерім, төрт геройым, үндемендер, шығара бер қозыны.

С а р а. Әні, сүйтіп қауіпті, күдікті ғой, Қанипа.

Б а л а ш о в. Енді келсін комиссия, сыншы комиссия көріп шықсын даулы отар күйін.

Е с і р к е п. Бектенов те бар ма?

Б а л а ш о в. Бар, одан басқа сынайтындар да бар. Әдейі қоздап жатқан күндердегі қой, қозы жәйін көріп қорытпақ. Сенің де, менің де бәріміздің он төрт жылғы еңбегіміз өкімін олар бүгін айтпақ.

Е с і р к е п. Өздері өзге отарларды біле ме?

Б а л а ш о в. Біліп келеді. Салыстырып сынаңдар деп өзге отарларға жібергем.

Ә с и я. Тек әділ босын комиссия.

Б а л а ш о в. Әділ болмаса тура айтатын кісілер де бар.

Е с і р к е п. Кімдер бар?

Б а л а ш о в. Министр өзі бастап, Сәлім де келе жатқан жоқ па?

Есіркеп. О, не дейсің? Жаным-ау, бүгінгі күн бар күннің бәйгесі, таразысы десеңші.

Қанипа. Келді, келе жатыр. Әні, бәрі келеді. (Дәуренов, Есенов, Бек, Бектенов, Першиндер.)

Дәуренов (Есіркептермен тегіс амандасады). Есеке, қыста, құмда келе алмасақ та енді тым құрса мына қайтқан сапарыңызда жетпесек, айып болар деп келдік.

Есіркеп. Рахмет, Исеке, бұларыңа да рахмет, қа-
рақтарым.

Есенов. Есеке, алты ай қыс құм мен жұты, қысы мен қасқыры бір сынап еді. Енді елге қарай басқанда алдымнан тобыңмен тағы тосып тұрма едің, тағы сынағалы жеттің бе?— деп ұрыспайсыз ба? Біз сынап шыққан топпыз ғой.

Есіркеп. Сәке, өзің айттың, ар жағын мен несін азбалайын.

Есенов. Ендеше бұнысы рұхсаты ғой Есекеңнің. Ал сыншы комиссия, сіздер кірісе беріңіздер. (Балашов, Бектенов, Першин, Сара, Бек, Қанипа, Әсиялар бөлек кетеді.)

Есіркеп. Сынасын әбден армандарынан шықсын.

Есенов. Қойларым айтарын айтып болған деңіз.

Есіркеп. Дейтінім рас.

Дәуренов. Бәсе, биылғы қыстан қиын болар дейсіз бе комиссия.

Есіркеп. Қыс қиын болды ғой, бірақ екеуіңді тірі көрсем, бір алғысымды алдымен айтармын деп ем. (Балжан шай жасайды.)

Дәуренов. Есеке-ау, біз сізден наразы сөз естеміз десек, әлі алғысың да бар ма еді?

Есіркеп. Адамға тірлікте не жақын? Жан жақын да! Сол жаным қысылып жүрген шақта, Исеке, өзін жазған хатың қандай болды десеңші. Одан бұрын, Сәлім, күзде бір айтқан міселін, жетімдік шағың о да үлкен тірегім боп еді. Екеуіңнің екі сөзің қыстайғы қорегім болды. Несін айтасын.

Есенов. Есеке, ол көмегіңізге жарайды деген кімнің ойында бар.

Есіркеп. Ойбай, не дегенің, Сәке, жақсы сөз жан азығы. Басшысы патша болса, елі кеше болады депті бұрынғы нақыл. Өнер атаулы еңбекпен, бейнетпен табы-

лады. Маған соны тап дедім де, сынға салдым. Бірақ сала отыра, сүйеп отырмадың ба. Мен хатынды дәл қойға қасқыр шабатын күні түнде жаңа оқып отыр ем. Сол бір сөздерден ұдайы жұбаныш тауып ап, сонымен әл жиып жүрдім ғой.

Дәуренов. Жақсы көп, Есеке. Үлкен қажырлы еңбек өзі адамға тәрбиеші тез де болады. Сіздің еңбегіңіз, еңбек үстінде тапқан мінезіңіз көпке жақсы үлгі. Сіз бізден нәр алдым дейсіз. Мен сіздің сырыңызды тындап отырып, өзіңізден сабақ алып отырғандаймын десем не дейсіз.

Есіркеп. Тек сабақ жақсылыққа себеп болсын. Ісімді мыналарың не деп шығар. Бектенов, комиссия не дер. Мен осы отырғанда, тілім анау-мынау деп отыр ғой, ал көңілім алпыс жасты ұмытып, тап бір атқа шапқан баладай боп отыр. Сүйрендеткен сөзуар шалдың малы мақтандырмаса, сүрен аттағаны со да. Осы ой бар ішімнің көкейін тескен ой деседіші.

Есенов. Осыншалық жанын берген еңбек құр кетер ме?

Есіркеп. Кім білсін, менің кәрілігім емес, еңбегімнің дәрілігі болса, соны таныса болат та Бектеновтер.

Дәуренов. Сынасын, армансыз сынасын. Өзімізге өзіміз кешірімпаз болсақ, қарқ болмаймыз. «Жеңсікшіл ел жетпей матайды, жел өкпелер шын деп ойлайдының» керегі жоқ емес пе!

Есіркеп. Асыл сөз. Мен бұл Сапар деген баланың омырауын өз басым қатты қостайым.

Есенов. Келе жатыр, не дер екен өздері. *(Комиссия келеді.)*

Дәуренов. Жә, комиссия деректері жетерлік пе?

Першин. Бізде өзге отардың бәрін қарап келген дерек бар еді. Мұндағыны және тегіс алып қарап, бұрынғы бірнеше жылғы белгілерімен салыстырып тұрмыз.

Есенов. Деректер болса, жолдас министр, осыдан бір жыл бұрын қаладағы кабинетіңізде басталған мәжілістің аяғы бүгін мына Қаншенгелде, Есекең отарында, ақ қойлар жанында созылды деп жариялайсыз ба? Қайтесіз!

Дәуренов. Сондағы жиын түгел екен-ау. Ал мәжіліс құмар болсаңдар, созылған дейік. Кәмі, салыстырған деректеріңді айтыңдаршы.

Балашов. Ақ қойдың Сара мен Есіркеп уәде берген әуелгі бір қасиеті — жүні жібек болмақ еді ғой. Әуелгі сынды содан бастайық. Саулық қойлар жүнінің әр талының жіңішкелігі бредфорд классификациясы бойынша 64 сапалы 21,9 микрон, еркек қойдікі — 60 сапалы 24,4 микрон. Дұрыс па осы айтқаным, жолдас комиссия мүшесері.

Першин. Дұрыс.

Есіркеп. Күм бұл қойдың жүніне әсіресе жәйлі болды ғой. Күмда құлпырды. Шудалана түседі екен күмда.

Канипа. Жәке, комиссия мақтасын да.

Есіркеп. Жаздым, бақтым аузымды. Сонысы бар ма еді.

Балашов. Соңғы үш қыстың екі қысы, жұты қалың қыс еді. Сонда ирекостан дөңгелек есеппен 10,4 процент шығын, қазақ қойынан 3 процент шығын. Ал ақ қойдан 2,5 процент шығын шықты.

Есіркеп. Онда да бес қойды қасқыр өлтірді ғой.

Канипа. Жәке!..

Есіркеп. Болдым, қойдым.

Дәуренов. Бұл сан дәл ғой.

Першин. Дәл, дұрыс.

Балашов. Өсіміне келсек. Соңғы үш қыстың садыстыру есебі бойынша қазақ қойы 100 саулыққа 105 қозы болса, ақ қойдың өсімі ирекостан тең түсті. 100 саулыққа биыл 135 қозы, тұсақ қоздағаны 122 қозы, ирекостан сондай.

Першин. Бұл есеп те дәл.

Дәуренов. Ал осы сапалар, осы деректер жаңа тұқым, асыл тұқым туды деуге жетерлік не жоқ?

Бектенов. Жаңағы деректердің бәрі дұрыс, рас. Фенотиптік ерекшелік жағынан бұның бәрі нәтиже есебінде мәлім. Бірақ, осыған биологиялық, жүйелік дәлелдер қажет. Оған химиялық анализ шарт. Сол жаңа тұқымның анатомиялық, физиологиялық қандай өзгерістері барын айта аласыз ба, профессор?

Балашов. Оны әзір айта алмаймыз.

Бектенов. Бұл ғылымдық жағынан қажет жұмыс деп білесіз бе?

Балашов. Қажет деп білемін.

Бектенов. Білсеңіз, ол деректің бүгін жоғын не дейсіз?

Б а л а ш о в. Жоғын жоқ дейміз. Ол біздің алдымызда тұрған міндетіміз, дұрыс көрсетіп тұрсыз дейміз.

Б е к т е н о в. Есеке, менің бір сұрағым сізде. Дәл осы қойынмен сол Бозой, Мойынқұмда Шу қойы, не Еділбай қатар жайылса қайсысы озар еді? Соны айтыңдаршы.

Е с і р к е п. Айтсам, мен өзім қазақ қойын, соның ішінде Шу қойын, тағы әлде қандай бу қойын түгел көрген кәрі қазақпын. Анау Арыстанбап, Әзіретісұлтаннан мына шеті Алакөл, Ақсуға шейін, осы бір жағы құм, бір жағы Алатау ғой. Соның бәрін білген едім. Атам қазақ, киіз туырлықты қазақ боп қой баққалы осы өлкеге бұндай қой салып көрген жоқ. Түкті қошқарым, құтты қошқарым, батпан құйрық, келенайым деген баяғы Қарынбай, Қарабай, Шығайбайдан бергі бар қойлы байды тірілтіп әпкелші. Мына қойды көрсе соларың да бұрынғысын садаға қып, осыны әке деп құшақтай түсетініне қолынды бері әпкел. Исеке, бар Қазақстанға тарат осы қойды.

С а р а. Бар Қазақстан емес, Есеке, Қазақстан қойының 50 процентін беретін түстік, шығыс облыстарға деп ұсынамыз біз.

Б е к. Ал осы деректермен де комиссия қортынды айта ма? Жоқ па?

Д ә у р е н о в. Жә, Бектенов, сіз қалай ойлайсыз?

Б е к т е н о в. Мен жаңағы профессор Балашовтың жауабынан соң, комиссияның қортынды жасауына деректер жеткіліксіз бе деп тұрмын. Қорыту асығыс болар деймін.

Д ә у р е н о в. Сіз қалай ойлайсыз, Першин?

П е р ш и н. Жолдас Бектенов, асықпай қорыту жағында. Мен де соны теріс болмас деймін.

Д ә у р е н о в. Солай, сүйтіп комиссия қортынды айтпайтын болды ғой.

Б е к т е н о в. Солай болғаны ғой. (Тым-тырыс.)

С а р а (Балашовқа). Василий Иванович! Сіз бұл байлауға қарсы пікір айтасыз ба?

Б а л а ш о в. Жоқ, Сара, комиссия ерікті. Мен не айтам?

С а р а. Ендеше рұхсат етіңіз, жолдас министр, Василий Иванович айтпаса да, мен айтам. Комиссияның бүгін қорытынды жасаудан тартынғанына қарсы дау айтам. Рұхсат па?

Дәуренов. Рұхсат, Сара, айтыңыз!

Сара. Жолдас Бектенов, менің сұрағым сізде. Фенотиптік ерекшеліктерден, сізше, тектік жаңалық сыпат, тұқым өзгерту сыпаты танылуға бола ма, жоқ па?

Бектенов. Тұрақты ерекшеліктер болса — танылуға болады.

Сара. Он үш жылдық тәжірибе бойында, үнемі асылданып өзгеріп келіп отырса ол тұрақты ма, жоқ па?

Бектенов. Он үш жылдық белгілерді тұрақтылық, мәңгілік деп сіз айта аласыз ба?

Сара. Ал Академик Иванов Аскания жаңа тұқымын он үш емес, тіпті он-ақ жыл тәжірибесімен тұрақты деп танытпап па еді?

Бектенов. Танытқан-ды, ол рас.

Сара. Бәсе, рас. Әрине, жаңа тұқымды қолдан тудырып болмайды. Ген билейді деген жол да бар. Менделизм, морганизм, Бетсон, Гермак та аз айтқан жоқ оны. Бірақ бұл біздің совет ғылымының жолы ма еді?

Бектенов. Жоқ, ол формальная генетика жолы. Бірақ біздің ғылымдық дәл дерек тілегеніміз теріс пе?

Сара. Рас, анатомиялық, физиологиялық өзгерістерді білу керек дегеніңіз теріс емес. Ол алдағы зерттеу міндеті. Бірақ мына қойдың бүгінгі осыншалық өзгешеліктеріне қарап, сол өзгерістер жоқ деп айта аласыз ба?

Бектенов. Айта алмаймын.

Сара. Ендеше жаңа тұқым туды, тұрымдық сипаты айқын демеске қандай хақыңыз бар? (Бектенов үндемейді.)

Есенов. Өте дұрыс айтты, Сара. Комиссияның өз еркі. Ал біз осыны анық табысымыз деп таныған жұртпыз. Енді осы Балашов тәжірибесін бар түлік малға тарату біздің мал шаруа институтының міндеті болады. Бұл бір. Екінші, Исеке, Министрлер Советіне қаулы ұсынып, осы тұқымды келер жылдар он мың, отыз мың, содан әрі 48 жылға 70 мыңға жеткізуді колхоз-совхоздарға шарт етіп қоюыңызды өтінемін. Анық есептерім бар, зерттелген есептер. Қазір төрт облысқа, кейінірек алты облысқа осы тұқым таралатын босын деймін. Ал өзім ғылым ордасы атынан-ақ тұқымды тудырған табысты Отанымыздың ең үлкен сыйлығына ұсынамын.

Дәуренов. Сәлім бір қортындыны айтты, сол бағыт. Соғыс бігісімен алда бес жылдық қайта туын көтереді. Отан шаруасын тағы бастайды. Сол алғашқы бес жылдық міндетінің бірнеше облысқа белгіленетін бағыты шаруаның бір саласында қазір осы Есекең үйінің жанында шешіліп отыр. Екінші міндет тағы тұр, ол құмға келетін осы малды өсіретін, қысы, жазы көшуден толасы жоқ мал иесі шаруалар қамы, адам қамы. Құм мал құты болса, адам бейнеті болмасын. Осы Есекең өз үйі, мынау жаңа босанған Әсия жағдайы қандай, жүрейік, соны шолайықшы біраз.

Балашов. Бұл сөзді жақсы бастадыңыз, жолдас министр. *(Дәуренов, Есенов, Балашовтар жүріп кетеді.)*

Бектенов. Рұхсат етіңіз, Сара. Мен енді бір шындықты айтпасқа шарам жоқ. Үндемей, іркіп қалсам қыңырлығым, ұсақ өзімшілдігім болар еді. Сіз мені қатты тоқтаттыңыз ғой. Сіздердің еңбегіңіз жеңді ғой...

Сара. Сапар! Қандай жақсы еді мына мінезіңіз, Сапар! Енді тек осыны Василий Иванычка өзіңіз айтыңызшы.

Бектенов. Сол маған сын ба еді?

Сара. Біз сыналып болған күні сын сізге ауысады деспеп пе ек?

Бектенов. Ендеше мен сіздердің тәжірибенізден оқимын деймін.

Сара. Сіздің азамат қасиетіңізді мен де барымша қадірледім, Сапар.

Бектенов. Бірақ мен әлі дәмем үлкен болғанмен дерегіме жеткем жоқ қой. Менің ісім алда тұр. Қиялым әлі үлкен. Келер сын жылдарда сол өсе берсе деген ғылым қиялым барын білсін. Бір тұқым емес, сан тұқым. Бірінен бірі асқан тұқымды Арқаға, Ертіс, Жайық, Сырға да бере берсем деймін.

Сара. Соныңыз үшін мен сізді іштен көптен құрметтеуші ем.

Бектенов. Бірақ әлі біріне тәжірибем жеткен жоқ.

Сара. Жетпеген арман емес. Талап жолындасыз. Жол алыс болса да жақсы, жарқын ғой.

Бектенов. Ендеше сол алыс жолыма осы тәжірибенізбен ерер ме едіңіз, Сара?!

Сара. Сізбен жер түбіне болса да бірге еруге бармын.

Бектенов. Сүйсіндім, Сара. (Министрлер келеді.)
Василий Иванович! Биологияның жүйелік талаптары алдағы ғылымдық міндетім дедіңіз ғой. Соныңызда анық оқымыстының жауабы айтылды. Мен ойланып болдым, бойдым да сізді құттықтаймын. Үлкен шын достықпен, сіз тапқан тәжірибеден өзім де оқып үлгі аламы деген сертпен құттықтаймын. (Екеуі сүйіседі.)

Балашов. Менімен қатар, мынау қартты қоса құттықтаңыз. Әсияні де бірге құттықтаңыз.

Бектенов. О, қадірлі қарт, сенен де оқимын.

Есіркеп. Оқығаның сол босын, Сапар, тағы да осындай мен құмға алып кететін жаңа тұқым бер. Және сен соны бересің.

Бектенов. Беремін, Есеке. Айтқаның өмірлік міндетің деп тұрмын. Сол тұқымды тағы осы жақсы үйімен, мынау шешем, мынау Қанипа, анау батыр серігің Әсиямен бірге құмға алып көшетін күнді тосам.

Есіркеп. Дегенің босын.

Әсия. Жолыңыз болсын. Бірақ, мен ол жолда болмаспын.

Есенов. Неге! Әсия не деп тұрсың?

Сара. Бәсе, мына кішкенеңді неге алып тұрсың? Жүргелі тұрған кісіше?

Әсия. Жүрмей қайтем.

Қанипа. Кеткелі тұрған жоқ па Әсия.

Бек. Неге? Қайда кетеді.

Балжан. Менен кетем деп тұрған жоқ па бұным. Ішімнен тумаса да қиын қыстау бір кешіп, туғаннан артық жұбанышым болған жаным еді. Кетем, Ұлбала менің орныма келді. Жәкемнің айтқан сөзі орындалсын. Мен мына жаңа туған кішкентайыммен кеттім деп тұрған жоқ па.

Есенов. Бұл қалай? Осылай ма еді, Есеке-ау?

Есіркеп. Ендігі сөз менде қапты. Сәке, Исеке! Менде екені рас. Мынау кішкентайға ат та қойылған жоқ еді. Жүзіне де қарағам жоқ ем. Әлі жүрегім жылынып болған жоқ-ты бұған. Бірақ, Әсия, сен сөзімді тыңдашы. Жадырап жаз да шықты. Қара тастан басқаның бәрі жібіп, иісініп, қуанышпен гүл атып тұрғанда, жібімес, иілмес мен бе едім. Молтай менің еңбек досым болатын. Бөтенім емес-ті. Өзім етіп өсірмесем, маған серт.

Бөтен едің десе бұған серт. Жендім кәріліктің кәрі күйін.
Жауды құртатын жеңіс тақап келгенде туған қошақан
еді бұл. Мені де жеңіп туды. Бұның аты Жеңісбек босын.
(*Баланы қолына алады.*) Қошақаным, балбөпем, Жеңіс-
бегім босын бұл менің. Сен ешқайда бармайсың. Бұл
менің баурымда өседі. Молтайын, әкесін тосып. Қал,
кеш, балам, кәрі Жәкенді. (*Әсиянің бетінен сүйеді.*)

Ш ы м ы л д ы к.

Ұлы Отан соғысының батыры ТӨЛЕ-
ГЕН ТОҚТАРОВҚА арналған

БЕС ДОС

*Төрт актылы,
алты суретті опера либреттосы*

ҚАТЫСУШЫ АДАМДАР:

Төлеген Тоқтаров — казак.

Жадаев Александр (Жадай) — орыс.

Баймат — қырғыз.

Зариф — татар.

Саттар — ұйғыр.

Люба (Маша) Жадаева — Жадайдың әйелі жаулар арасында әрекет ететін хабаршы.

Файни — санитарка және хабаршы.

Рахман — хабаршы.

Канцель — неміс офицері.

Генерал-майор — дивизия командирі.

Командирлер, жауынгерлер, жаудан азат етілетін ел, неміс штабының офицерлері. Баршы, хабаршы топтары.

} Бес дос — баршылар,
Жадай бұлардың бастығы.

БІРІНШІ АКТ

Бірінші сурет

Сахна үлкен келісті бөлме. Бұл дивизияның уақытша штабы. Соғысып келе жатқан дивизия уақытша бір үлкен завод корпустарының мекендеген. Терезеден биік корпустар, трубалар, шықалар көрінеді. Сыртта әскер өтіп жатыр. Әскер хоры.

Әскер әні *(Жамбыл өлеңімен)*.

Ер сүйікті еліңе

Ел намысын жықпаған,

Қару байлап беліңе

Кегін алған дұшпаннан!

Қасиетті халыққа

Отанымның жорасы

Жаудан тайқып ықпаған,

Тұтқиылдан саспағын.

Ойы терең теңізден,

Бойы биік асқардан,

Айдынын зор Отанның

Есітсе жау жасқанған! *(Үйде, генерал терезеге қарап тұрған, енді бұрылады. Тосып тұрған адъютантқа.)*

Генерал

Бар ма, мұнда шақырғандар?!

Адъютант

Шалқар полк командирі,

Дивизия комиссары

Сізді тосад, генерал! *(Генерал белгі етеді. Екі офицер кіреді, амандасады.)*

Генерал (полк командиріне).

Жарлық тығыз, полковник,
Таптыңыз ба, айтыңыз
Мен сұраған адамды?

Полковник

Комиссар мен екеуміз
Полк ішінен таңдап ап
Ерді әкелдік жарамды!..

Генерал

Келтіріңіз өзін мұнда!

Адъютант Жадайды ертіп кіреді. Генерал орнынан қозғалып
барып Жадаймен амандасады.

Жадай

Лейтенант Жадай,
Әміріңізге әзірмін,
Жолдас генерал!

Генерал

Тыңдаңыз, жолдас лейтенант!
Бұл сапарда бәріміз
Бас штабтан,
Бас команда өзінен
Әмір алған қалдеміз!
Жан аямас жолдамыз...
Сегіз күндей дивизия
Қалың сазбен, жолсызбен
Тоқталмастан осы арадан
Жау сыртынан шыққанда
Найза болмақ қадаған,
Соқпақ жақын қаладан!
Ол Трашково қаласы,
Қалың жаудың панасы,
Жалғыз-ақ түн ішінде
Сол қаланы алмақпыз,
Әзір сәтте осы түнде
Сіз баршыға бармақсыз.
Штабы бар, склад бар,
Станция мен көпірлер бар,
Бәріне әлек салмақсыз!
Ондағы жау штабта
Маша дейтін әйел бар,
Сол сіздермен жалғассын!
Міндет осы, лейтенант

Енді айтыңыз, көмекке
Қанша кісі алмақсыз?!

Ж а д а й

Маған салса бұл сапар
Бесеу жетер керекке!

Г е н е р а л

Бар ма, сондай сіз білетін
Ер жігіттер ерекше?!

Ж а д а й

Рұқсат болса, генерал,
Әкелейін алдыңызға,
Төрт жауынгер серік бар ед.
Сынасып ек талай тайғақ белесте...

Генерал рұқсат етеді. Жадайдың белгісімен Төлеген, Саттар, Баймат, Зариф кіреді.

Г е н е р а л *(алғаш кірген Төлегенге қарайды, бәрімен амандаса тұрып, Төлегеннен жөн сұрайды).*

Қай жерденсіз, жауынгер?!

Т ө л е г е н

Қазақстан, Алтайдан ем.

Г е н е р а л

Фамилияң қалай ед?

Т ө л е г е н

Мен Тоқтаров ем.

Г е н е р а л

Тоқтаров па? Мен білемін.

Есімде, Руза бойында,
Автоматпен жойғаныңыз
Жаудың түгел ілегін...

Енді мына сапарда

Тағы да ер атағын...

Бес дос болып қосыла

Таппағыңыз тілегім! *(Кейін бәріне арнап сөйлейді.)*

Жолдарың болсын, жолдастар!

Ер сапарды абыроймен

Соңдарыңнан қол қостар...

Серт сол болсын бұл кеште

Осы түнде тыным алмай алысып!

Таңсәрімен табысайық

Трашковта жауды жойып егесте!

З а р и ф

Міндет тапсыр, командир!..

Б а й м а т

Қайсысымыз қай жұмысқа барамыз?!.

Ж а д а й

Трашково ең үлкені,

Жау бекінген бес қаланы

Штабы мен резерві де осында,

Бәріменен мен де сонда боламын!

Т ө л е г е н

Мен не міндет аламын?!

Ж а д а й

Сен барасың — складқа

Саттар саған — станция,

Зариф, Саттар көмегінде

Баймат жүрсін связнойда!

Д о с т а р

Құп, жолдас старшой!

Әмірінді орындауға әзірміз!

Ж а д а й

Асықпандар, қас қарайсын,

Бой көрсетпей кеткен жөн!..

Рахман, Файни келеді.

Р а х м а н (*Жадайға*).

Жолдас командир, рұқсат болса,

Айтарым бар!

Ж а д а й

Тындаймын, не бұйрық бар?

Р а х м а н

Мен хабаршы, көмекшіге жіберілген,

Таңғы төртте сізден сигнал

Ақкөпірдің тұсынан,

Трашково қасынан

Батальон командирі тоспақшы!

Ж а д а й

Құп! (*Файниға*).

Сіз де бізге көмекшіге келмедіңіз?

Ф а й н и

Мен де сондай хабаршы,

Санитарка және дағы бола алам...

Т ө л е г е н

Қандай жақсы келгенің!

Ғ а й н и

Өзіңменен осында,
Бір болғанға қуанам...

Ж а д а й

Мәлім болсын, достарым,
Андап, ойлап алындар
Үлкен міндет аз уақытқа бергенін... (Сәлден соң
Маша туралы ариясы басталады.)
Достар, біз сын сапарға берік жанбыз,
Бұл жолда ерлік қана серік жалғыз.
Онан соң алдымызда тағы дос бар
Маша деп аталады анық сол қыз...
Бас байлап тәуекелмен жау штабта
Өткізіп әр сағатын жан қыспақта,
Дәл хабар біздің жаққа жеткізеді
Ерлікке еркін құлаш қарыштап та...
Билеген бес қаланы бір штаб бар.
Аямай айналаның елін таптар.
Сол топта өзі болып істеп жүріп
Маша кел сыр ағытар неше қатпар.
Бәрің де өз жолында сол Машаны,
Кез болсан, ебін тауып оңашаны.
Білер ең, әттең оны табу қиын,
Осы кеш бізге керек тамашаны!..
Сол Машаға кездесуге
Бір хабаршы бізге керек.

Т ө л е г е н

Кім барады, әкелуге,
Бәрімізге қымбат дерек?!

Ж а д а й

Менің өзім барсам да
Жетерліктей мол себеп...

З а р н ф

Сен баруға болмайды.

Б а й м а т

Ортамызға командир,
Басшылық керек қарсаңда...

Ғ а й н и

Мен барайын бұл сапарға
Әйелмін ғой танылмаспын,
Аз киімді ауысып,
Өң өзгертіп алсам да...

Ж а д а й

Мақұл екен, қас қарайсын,
Сонда бәрің тарайсың!
Тек Рахман қайта берсін,
Сағат төртке деген кезге,
Ақкөпірге қол келсін!..

Рахман кетеді. Достар Ғайниды жөнелтпек боп сырт киімдерін
ауыстырып жатады.

Ашылсын сақтаған сыр, серіктерім,
Талай жол бірге кешкен беріктерім.
Алыстан аңсағаным айнымастан
Анау тұр, жау қолында туған жерім,
Анау су жағасында ойнап-өстім.
Екі жыл айрылуда күндер кештім.
Марфадай анам қалған, жарым Люба.
Любаша жастан сүйген жандай достым!
Бауырында жаңа туған Гаврик қалған,
Ойласам от боп жанад жүректе арман,
Қан шенгел халық анаға батқан шақта
Бар ма екен аман қалған жан солардан!
Қарағай анау тұрған бұдағы айғақ,
«Саша, Люба, май» деген жазу сайрап
Мына тұр, алғаш асыл сыр ашқан жер,
Тақат жоқ, көңілімде кегім қайнап.

Т ө л е г е н (Ғайни дуэті).

Жадай дос, ашқан сырың жетті жанға,
Бермекке антым берік барды Отанға.
Ғайнидей қазақ қызы жан серігім,
Аттанса мен аялдап түн тосам ба!
Туған жер шеті мұнда, шегі Алтайда,
Алтайдан мені әкелген қарыз қайда,
Анаң мен жарың, балаң қорғанымыз,
Бар қайрат атар шағым осындайда.

Ғ а й н и

Мен Ғайни, алыс өлке елден келгем,
Отан деп өздеріңдей ерлерге ергем.
Ана мен балаларға бар қуатым,
Арнауға ерте күннен сертім берген.
Төлеген, бауырым да досым едің,
Мен-дағы сын сағатты тосып едім,

Бауырлар жолы болсын бұл жорықтың.
Бәріңмен бір тілекті қосып едім.

Төлеген, Ғайни кете береді, олар сахна шетінде.

Төлеген

Аязда көк аспанда табысқандай.
Биікте күнге қанат шағысқандай,
Ер де өзін, ару да өзін, асыл досым,
Күн санап көңлім сен деп қабысқандай.

Ғайни

Өзіңмен бірге ойлаймын қалыс қалмай,
Бастаған екеумізді намыс талмай.
От іші, аяз үсті сүйген шағым
Тыныштықты сүймес те едім алыс болмай.

Төлеген

Сақ бол, жаным, оң сапарың тілеймін!

Ғайни

Қасымда сен, қай қиынға жүдеймін?

Жетіседі.

Баймат

Жіберген мені мұнда елім қырғыз,
«Жолында ана, бала — жан» деп жүрміз.
Сол ана өз анамдай алдымда тұр,
Тілек пен жүрек барда бір бауырмыз.

Зариф

Ақ Еділ, Самар сулар сәнім бар-ды,
Бесіктен анам айтқан әнім бар-ды.
Ұл мен қыз ана қойны қарыз деген,
Өсиет тастамаспын арым бар-ды.

Саттар

Алатау, Шелек бойы менің өлкем,
Амалсыз қоштасарда менің еркем
Азамат намысымен ел қорға деп
Аузымнан сертімді алған кеште көркем...

Квартет

Алатау, алыс Нарын жерім еді,
Ел-жұртым аманында белім еді.
Қаптаған қанішерге қарсы бар деп,
Отаным ақ бұйрығын беріп еді.
Жадай дос, ашқан сырың қалмайды бос
Сабырмен сау көрісер сағатты тос.
Болғанда анаң — анам, балаң — балам,

Өзіндей жан аямас досыңа қос.
Сан ана, сансыз жарлар кекті тосад
Көнілде бар тілекті сол зар басад,
«Кешікпе, күн-түн деме, асыға гөр»
Дегендей «қанды азаптан шапшаң босат»!
Ая, достар, арман үшін алыс керек
Жау қайда, қолымызда біздің дерек,
Серт болсын осы түннің бар бейнетін
Ерлерше атқарайық елден ерек...

Осы кезде Төлеген немістің бір кукушкасын сүйретіп әкеледі.

Төлеген *(жаралы неміске).*
Көп пе солдат Трашковта?
Айт! Айт! *(Немісті аунатып.)*
Айт жаныңның барында...

Неміс
Трашков... майор... Канцель..
(Жұдырығын Төлегенге зорға түйіп).
Трашков... русь... капут!.. *(Өліп кетеді.)*

Төлеген
Русьтан бұрын өзің капуті
Солай келмек сенің бабың...

Квартет *(Бес дос әнімен).*
Біз достар, бес дос серік қатар атар,
Бес достан жаулар жусар қатар-қатар.
Автомат тына білмес, қыра білер,
Тон тозар аял қылмас, ат арытар...
Біз бес дос,
Біз бес дос
Келмеспіз кеш,
Атпаспыз бос!
Біз достар жатқа кәрлі жаза берер
Біз емес жау штабқа маза берер,
Бөгесе бөгеп көрсін ажал тартқан
Қалт етпей, қырдан аспай қаза көрер.
Біз бес дос, біз бес дос.
Келмеспіз кеш, атпаспыз бос! *(Кетіседі.)*

Ш ы м ы л д ы қ.

ЕКІНШІ АКТ

Үшінші сурет

Трашково кыстағының бір көрінісі. Сахна төрінде жау склады, оның маңында жырақта жүрген күзет аңғарылады. Түн. Жым-жырт. Сахнаға Люба шығады. Конвоймен өтіп бара жатқан топ адам бұған қарайды да, қарғыс атқандай үн салады. Люба (Маша) қинала тұрып амалсыз тыңдайды.

Х о р

Қарғыс атсын азғанды!
Жақынына қас болып,
Досына көр қазғанды!
Маша бопты Любадан
Көріндер анау жазғанды!
Жау тепкісі батса да,
Көрмес халық қызынан
Бұндай ары тозғанды.
Келер дәурен, жетер шақ,
Азбай соны тосамыз,
Сазайын беріп жазалар
Жауларға қол созғанды.

Жұрт күңіренген кекті ажармен өте береді.

Л ю б а (Маша. Қиналып толқыған күйде).

«Азғын» дейді, «азғын» дейді өз елім,
Алсын мені сондай болсам тез өлім.
Қарғыс атқан мен болмаспын, қайран ел,
Сен адаспа, не десең де төземін!
Ант еткен аянбасқа мен жалғыз жан,
Санамды, кегім деген, бастайды заң,
Қара түн қараңғысы қаламда тұр,
Атсын деп алысамын ағарып таң.
Өсірген азат Отан баласымын,
Бақ тосқан жазықсыз ұл анасымын,
Қор өмір, қорлық күнге көнерім жоқ
Серт сонда, арманы сол таласымның.
Сол жолда, сенің әкең алысып жүр,
Сол жолда, көнбеске анаң қарысып жүр.
Сол жолда, балапаным, айып етпе,
Азаппен, тозақпен де табысып жүр.

Люба ақырын барып, склад маңын аңыстап өтіп кетеді. Осы кезде тағы бір әйел жағалап шығады. Ол Файнн. Мұны бағып екі неміс жүр.

Неміс

Сізге не бар, не керек?
Не қып жүрсіз, бұл арада?

Ғайни

Сіз тергемек пе едіңіз,
Кімдер барын бұл қалада?

Неміс

Жөнінді айтып жауап бер,
Айт жөнінді!.. (Мылтығын суырады.)
Болман десең ажалыңа себепкер...

Ғайниді екі неміс қоршап алады. Тұтқынға алысады.

Неміс (Ғайниге).

Тарт ілгері, жүр былай!

Алып кетеді. Төлеген шығады. Складты барлап келе жатады. Сонда жаңағы Ғайниды ұстаған екі немістің бірі мұны сыртынан аңдып шығады. Екінші жақтан Люба шыққан. Ол аңыстап тұр. Төлегенге неміс ұмтылады.

Тағы бірі табылды! Тоқта! (Ұмтылады.)

Төлеген

Мә, даурықпа, сыр сақта!

Немісті қанжармен өлтіреді. Оттай шапшаң Люба бері шығады. Ол Төлегенге жау тәрізді емес... Барлай қарайды.

Люба

Қапы болмас дос екен,
Жақын болар біздің қол,
Анық белгі осы екен... (Төлегенге сенімдірек, батылырақ қарайды.)
Нені керек етесіз,
Кімді іздейсіз бұ тұстан?

Төлеген

Рас еді іздегенім
Хабаршы бір қарлығашты...
Маша!..

Люба

Сақ болыңыз қолға түсті
Жолдасыңыз жаңа келген
Жақсы болды өлмесе...

Төлеген

Қандай хабар айттыңыз!
Есіл Ғайни, кеттің бе?

Тез бекініс жерлерін айт
Аял қылмай, ес жиғызбай
Соқтығатын жеті түнде...

Люба (әр тұсты, алыс-жақынды нұсқап, көрсетіп тұрып сөйлейді).

Мынау тұрған склад
Алдыменен жоятын,
Станция бар мынау шетте,
Жау штаб бар сонау үйде
Тегіс құртып қоятын.

Төлеген

Соқтығармыз сол жерлерден
Жауды ұйқыдан оятып!
Жөнін айтшы еңді, Маша!
Амал бар ма боларлық
Қапыда кеткен Ғайнидың
Ажалына араша?..

Люба

Мен бағайын оның жайын
Қай штабқа әкетті екен? *(Жөнеледі.)*

Төлеген

Тап болдым достың асыл тазасына,
Сәт болған жау тартатын сазасына...
Талай жан ажал тапқан осы жерде
Ғайни де жетті ме екен қазасына?
Қыз Ғайни асыл ару арманды өттің
Қалдырып қатарыңнан неге кеттің?
Бірге өлмей асылзатым жаным қиып,
Артыңнан айрылудың зарын шектім.
Жолында жауға арналған әділ кектің
Барымды бойымдағы құрбан еттім.
Бір көрмей, бірге шықпай кетерім жоқ,
Айқастым жалынымен жанған оттың...

Бес достың қалғандары келеді. Ортада Жадай.

Жадай

Төлеген, қандай хабар білгенің бар?

Төлеген

Ғайни тұтқын бір хабар...

Барлық достар

Ғайни тұтқын?!

Қандай жаман хабар ед?

Төлеген

Үмітке бір жалғыз ұшқын,
Қасымызда Маша бар ед.

Жадай

Таптың ба, сен Машаны?
Біле ме екен жау қорғанын,
Қандай сырлар ашады?

Төлеген *(бұ да көрсетіп, көзеп сөйлейді).*

Атап берді соғар жерді
Бірі — мынау склад!
Бірі — станция анау мұржа!..
Тағы бірі — сонау үйде жау штабы!..
Болды, достар, кірісейік,

Жадай

Мезгіл жетті, сертті ұстап.
Саттар, Зариф,
Табысамыз сағат үште
Ақкөпірдің жанынан!..
Ал тарандар, жалғыз-жалғыз
Қатер жердің маңынан.

Жөнеліседі. Жалғыз қалған Төлегенге Люба келеді.

Төлеген

Қайда әкетті Гайниды,
Маша, қандай білгенің бар?

Люба

Әкетті Қанцель кесел штабына
Салмаққа қанішерлер қыспағына,
Аяр деп ойламаймын есіл жанды,
Текке оны келмей жатып ұстады ма!
Ол штаб қанды қасқыр жын ойнағы,
Азабы қандай болса бар ойдағы,
Бәрін де біздің жандар сонда тартқан
Қатерлі осы түнде сау қоймағы.
Барды сап мен бағайын айналасын,
Тексермей тым құрмаса жайламасын.
Ақылдас достарыңмен кешікпесін,
Қояр деп ертеңге аман ойламасын!

Төлеген, Люба дуэт айтады.

Төлеген

Қосылғанда қос тілек
Жәрдем тосса дос тілеп.

Тартынар ма ажалдан
Намысы бар жас түлек.
Аянбасқа ант етем,
Аялдамай тез жетем.
Жауға жара, жар азат
Болмас, болса бір кетем!..

Люба

Ара түспей болмайды,
Менсіз кімдер қорғайды?
Азабын сап аш аю
Сыр айтқызбай қоймайды.
Бір баршы емес, бар талап
Жойылардай сәт-санап...
Қарыспасам болмайды,
Аз күшімді көп балап!..

Екеуі кетісе береді.

Шымылдық.

Төртінші сурет

Трапководағы әскер штабы. Майор Канцель мен екі-үш неміс офицері әбігерде. Шымылдық ашыла бергенде алыстан жарылған взрывтың үні естіледі. Сахнаның алыс түкпірінде лау етіп, аспан атып жанған өрт белгісі байқалады.

Канцель

Шапшаң, шапшаң, хабар ал!
Не қылған, кім салған?..

I - офицер

Жай өрт емес, қас қимыл.

II - офицер

Жау қолынан жанған өрт!

Канцель

Тағы да қас! Тағы жау?!
Бар амалы аямау!
Жүрген шығар және де
Партизандар кеп таяу!..

Тағы взрыв, енді шам өшеді, сахна алакөлеңке.

Тағы өрт, неткен өрт!?

Қыру керек, бұл елді!.. (Телефонда).

І - о ф и ц е р

Аямастан бұйрық ет!

ІІ - о ф и ц е р

Әлде тақап қол келді?

К а н ц е л ь (*телефонда ақырады*).

Станцияны бұзған ба?!

Жоямын мен, күл қыламын,

Шыдап көрсін ызғарға!.. (*I-офицерге*)

Бар да орында, жар қыламын,

Бұл қаланы жау қала деп, (*II офицерге*)

Күйретемін бар планын

Қоса өртендер көп үйлерді

Айтып көрсін бос жала деп!

Офицерлер жөнеледі. Канцель күзетіне бұйрық етеді.

Келтір мұнда партизанды!

Ғайниды әкеліседі.

Айт, партизан жатағын айт!

Айт, саны мен қаруын айт!

(*Қинайды. Ғайни үнсіз, жазалайды.*)

Айт, партизан жайын айт!

(*Жаза. Ғайни үнсіз.*)

Тағы жаза, қорлық жаза керек пе?!

Ұмтылып атуға бейімделеді. Люба кіреді.

Л ю б а

Канцель мырза, атпаңыз!..

К а н ц е л ь

Токта, сөйлеме! (*Ғайниды ұрып.*)

Жауап бермей, үн қатпай

Мазак еттім демек пе?! (*Атады.*)

Л ю б а

Канцель мырза, тоқтаныз!

Азға сабыр сақтаңыз... (*Ара түсіп.*)

Мен алайын жауапты,

Жасық, жаман тіл білмес,

Маған өзін тастаңыз... (*Канцель тастап жөнеледі.*)

Ғ а й н и

Қайда жүрмін,

Қайда келдім,

Тағы қандай жазасы бар?!

Л ю б а (*сыртты барлап, сақтана сөйлеп*).

Қорқасың ба?

Әлде жаза ауырласа

Дегеніңнен қайтасың ба?

Сақтаған сыр айтасың ба?

Ғ а й н и

Орыс қызы, өзі жау?.. (*Өзіне.*)

Өтірік пе, шыны ма

Көрінісі осынау?

Л ю б а

Жауап тосам сөзіме!

Ғ а й н и

Өлшейсің бе өзіңе?..

Азғындай боп көрінем бе,

Кесел баққан көзіңе?

Л ю б а

Жасырмасаң жаның қалад,

Ерегессең отқа салад.

Ойлайсың ба жеткеніңді кезіңе!

Ғ а й н и

Бір от емес, жүз от болсын,

Азар болсам атым өшсін!

Л ю б а

Шының ба осы?

Сертің берші,

Советтік ер жауынгердің!

Ғ а й н и (*таңдана тұрып, Любаны барлап*).

Ол жасырар сыр емес,

Бұтарласа кескілеп,

Өртесе де шыдармын,

Серт қана емес, ант бердім!..

Л ю б а

Олай болса мен-дағы

Антыңа орай айтамын

Тергеу емес барлап едім

Берік жансың байқадым.

Өзің деп біл мені де,

Көріп пе ең бұл тамашаны!

Ғ а й н и

Тапқаным да ендеше,

Мен іздеген Машаны!?

Л ю б а

Сені мұнда жау қолында

Қалдыруға болмайды.
Аяр залым, алар жанын
Оңайлықпен алмайды. (*Терезені ашып.*)
Терезені ашамын
Мені шапшаң жық-тағы,
Аялдамай қаша бер!..

Ғайнидың қолын тез босатып жіберіп, өзі жығылады. Наганы ұшып кеткен болады. Ғайни терезеге ұмтыла береді, сол сәтте Канцель атқып кеп Ғайниды ұстап, Любанын жөнін біледі. Енді халдер шұғыл өзгерген.

К а н ц е л ь (*Любаны айуандай ашумен байлай береді, сабап жазалайды*).

Осылай ма? Солай ма?
Жау үлкені сен бе едің?
Өл! Өлесің!
Тез өлесін қолымнан. Тез! Тез!
Әзірлесін!.. Әзірлетем жаза жайын!

Жөнеледі.

Л ю б а (*зорға ес жиып, Ғайниға*).

Шыда, жаным, қайрат ет.
Не көрсек те енді біз
Шыдамасқа болмайды...

Ғ а й н и

Мен Ғайни, алыс өлке елден келгем,
Еркіммен жауға аттанған ерлерге ергем.
Қан кешу дивизия өткен шақта
Төлеген жаным деген досты көргем.
Тапқам мен өз ойыма алғанымды
Отанға арнағамын жан, қанымды.
Жайымды айт Төлегенге көрер болсаң,
Қапыда жау қолында қалғанымды.
Барлауға бір топ адам келген едік,
Тұтқында шыдап өлем жаза шегіп,
Қол жөнін айтпақ түгіл ауыз ашпан
Жолында бұл жорықтың қаным төгіп...
(Ғайни, Люба дуэт айтады.)

Ғ а й н и

Менің сырым аз-ақ еді,
Өлерімде өз елімнен
Жалғыз жанның жүзін көріп
Кездесем деп ем елімнен.

Жау қатал деп жеңілмен,
Қайсар қызы Отанның,
Бақылдасам өзінмен,
Досым деген көңілмен!

Л ю б а

Оқпен атпай отпен атсын,
Талай жалын жанға батсын
Ер шыдайды өзіндей,
Нелер удың зәрін татсын.
Менің де азап басымда
Ажалдасым соң сапарда
Ар қарызы бізді қосқан
Бауырымсың қасымда!.. (Пауза.)
Неге бұндай толасы бар?
Көптен осы болар деп
Ажалға да қарсы басқам,
Енді тағы қандай жалын
Өлерімде алдым тосқан?
Арманым тек, балам қалды
Жанымдағы жалғыз жара,
Есітіп ал өлер достан!..

Ғ а й н и

Мен ажалға арналған жан,
Құтылмаспын бұл қамалдан,
Өкінемін сен үшін
Сұмдық болды сен қамалған!
Аз-ақ сәтке көріссек те
Жүз жыл қосқан жақындайсың
Сен бақыл бол, асыл дос,
Қаным бірге жанымдайсың...

Канцель келіп Любаны ұрып, екі әйелді де атуға әзірлейді.

К а н ц е л ь

Алдадын ба, сен мені,
Аман қалам дедің ба?
Балаң, анаң құтылмайды қолымнан
Жансын отта жас балаң! (Ұрады.)

Л ю б а

Жоғал, жауыз, жолымнан!..

Канцель екі әйелдің қолдарын қысып байлатып, енді далаға алып шықпақ, атуға әзірленеді. Тағы тепсініп наған төсеп такай береді. Осы кезде үйге терезеден атқып кеп Төлеген кіреді.

Төлеген (*Қанцельдің сыртынан қанжар салады*).
Жаза ма? Олай емес, былай жаза,
Ит өлімін ит алсын тартып саза...

Люба
О, дос!..

Файни
Жаным Төлеген!.. Сақтан!..

Люба
Сақтан!

Төлегенге екінші бөлмеден жүгіре шыққан екі офицер жабыла береді.

Төлеген (*екеуін кезек лақтырып*).
Жайратамын, қас дұспан!

Офицерлер екеулеп Төлегенді қоршап, қысып барады. Тағы бір офицер шығып ұмтылады. Әйелдер қолы байлаулы. Төлеген енді бір офицерді лақтырып ұшырады.

Офицер
Өлім, өлім саған!

Қысады. Төлеген катерде. Осы кезде үш дос — Зариф, Баймат, Саттар терезеден ырғып түсіп тап береді.

Достар
Төлеген! Бізге бер,
Жеке жібер... өзіме бер!..
(*Шапшаң ұйпап, үш офицерді жайратысады.*)

Люба
Ал шапшаң жөнелейік,
Айналада жау мығым...

Төлеген
Қайда, қалай тартамыз?

Люба
Қала сырты Ақкөпірдің қасында,
Балаған бар огородтың басында
Сонда болар мені тосқан
Жалғыз-жарым досым да...
Ал кетіндер тез-тез деп!

Шымылдык.

Бесінші сурет

Айнала күзгі әсем өсіп тұрған огород. Сонда үлкен балаған. Достар осында біртіндеп келіседі. Төлеген жаңа жетеді, оны Баймат қарсы алады. Трио айтысады.

Б а й м а т

Алтай ері Төлеген
Жауға жаза береген
Лайық па екен осылай
Бір болайық дегегені?

С а т т а р

Таймаса да алыстан
Достарын тастап бір өзі
Бір штабпен алысқан
Асығыстық не деген?

З а р и ф

Төрт досының көмегін
Есіне алмай көрегін,
Асыра түзең бермек пе
Шабан штаб деретіні!

Т ө л е г е н

Қарыздармын, достарым,
Асыққаным ақталды
Ара түсіп ажалдан
Өздерің кеп ап қалдың.
Ғайни, Маша екеуін
Құтқарушы сендерсің!

Л ю б а

Бауыр, бар алғысым,
Бар тілегім жолдарыңда.

Ғ а й н и

Рас па, жаным достарым,
Түс емес пе көргенім?
Қандай жауды жойдыңдар
Осы ғой деп ем өлгенім!..

С а т т а р

Ғайнижан, Ғайнижан,
Қадірің артық қарындас!

Б а й м а т

Бірге аттанған бауырлас,

Құшағында ажалдың,
Қалды деп ем қайрылмас.

З а р и ф

Маша, Гайни, қадірлейміз
Амаң шыққан саварды. (Достар.)
Тек Сашадан бұйрық бар
Тосып қалған хабарды...
Бір міндетті бітірсек
Енді шапшаң жету қажет
Тез жөнелсек жарар-ды!

Т ө л е г е н (к а в а р т е т)

Жолымен жалынды ерлер барармын мен
Жауымнан аяусыз кек алармын мен!
Атағын сегізінші әлемге ақтап,
Ұранын Қлочковтың салармын мен!

Б а й м а т

Намыстан басқа тілек тілерім жоқ,
Жасқанар бүгін жаудан жүрегім жоқ,
Табысқан қалың бауыр қатарында
Аянар сау тұрғанда білегім жоқ.

З а р и ф

Бар тілек тоғысқаны осы майдан!
Талаптын бастағаны осы майдан
Жау қашып, дос қуанар іс етпесем
Наразы болсын маған осы майдан!

С а т т а р

Осы түн, сынға салар кезім болсын,
Осы түн, не көрсем де төзім болсын.
Адал ер атағына дақ салғызбай,
Осы түн асыл сертте сөзім болсын!

Г а й н и

Таптым мен ойға көптен алғанымды,
Ар көрем бас амандап қалмағымды.
Төлеген, асыл досым, аңдармысың
Мойныма қандай қарыз салғаныңды!

Л ю б а

Көнген ем жаудың оғы атқанына
Қуанам елім ерін тапқаныма
Осы түн арманым сол ойымды алған:
Шаттансам, шаттыққа жұрт батқанына!

Өзгелер кетіседі, біртіндеп тарасады. Төлеген, Гайни әртта қал-
ған, енеуі дуэт айтады.

Т ө л е г е н (дуэт).

Қыз Ғайни, қасымдағы асыл серік,
Ер сапар тілегіне басың беріп,
Ергелі қадірің асты қатарыңа,
Ғайни қыз, серт жолына досың берік.
Шыққанда алыс елден қасыма еріп,
Өзгеше қадір тұтқам досым көріп.
Жүрек пен тілек қосқан қимасымсың,
Қиналсаң ара түсем басым беріп.

Ғ а й н и

Ғайни қыз менің атым, қазақ затым,
Жар тұтам Отанның ер-азаматын.
Ғайни қыз бұрын әнді айтар болса
Ерлікпен ақтамақпын қыздың атын!
Төлеген, дос серіктің бәрі жақын,
Бәрінен азаматтың ары жақын
Досың да, серігің де, сүйгенің де,
Ғайнидың сен дегенде жаны жақын!..

Люба бастап балағанға көп аналар, әйелдер кіреді. Қартаң еркектер — огородшылар да бар. Бәрінің қоршағаны Люба.

Ш а л

Люба, қызық, Любаш
Сен азапта қала ма деп
Дос ата-ана келіпті
Хабарласа, таласа...

Л ю б а

Алғыс айтам өзгеше,
Талай жандар қалада
Мені жауға санаса
Жүрегіме жұбаныш
Өздеріңдей ата-ана
Өз қызына баласа.

Қ а р т а н а

Отпен ойнап алысқан
Аналардың асылы,
Балалардың басымы
Тілеулеспіз алыстан!..

Х а л ы қ х о р ы, бар достар да қосылады.

Жалғыз-ақ жанда тілек кек алынса
Жетпекпіз сол арманға көп алыса,
Амандық барлықпенен бар асылды
Құрбандық еттік түгел деп алысад!

Жауынгер бәрің қымбат жалындайсың,
Жау жеңбейд, біз бас иіп жалынбаймыз.
Өлтірсе, өртесе де көндіре алмас
Отымен талас өсіп қабындаймыз.
Тек қана жауды жайпар күн жетсе екен,
Келем деп айбынды әскер белгі етсе екен.
Тосамыз кек сағатын азу басып
Соғамыз желкесінен ерше бекем.
Тез, тез! Тез жетсін, сол сағат!

Ерлер қоштасып кете береді.

Ш ы м ы л д ы қ.

ТӨРТІНШІ АКТ

Алтыншы сурет

Трашково қыстағының шеті. Үлкен өзен үстіне созылған Ақкөпір, алыста қалың тоғай. Жақын жерде өртенген үйлер қалдығы байқалады. Осы маңға Жадай келеді.

Ж а д а й (өртенген үйлерді көріп келеді).

Өртеніпті жаңа ғана,
Қаза шеккен қалайша,
Бір үй емес, бар қала?!
(Өз үйін көреді, ол да өртенген.)

Ария

Жас қайың өзім еккен ер жетіпті...
Панасыз, бұл манайдан ел кетіпті...
Өртенген орын қалған момын жайдың
Күл-көмір өткен шақтан белгі етіпті!..
Қайдасың анам, балам, жарым менің?!
Сендер деп жанушы еді жалын демім!
Не болған, аман қалған бар ма бірің?
Қайтермін, жұмбақ бопты халім менің?
Жарайды, не көрсем де шыдағамын,
Отан деп өз бағымды сынағамын.
Қатал жау өрт үшін де өсірерсің
Салмағын бізден алар сыбағанның.

Әйелдер тобы келеді, жай басып өте береді. Артында конвой.
Бұлар — жау тұтқынындағы совет адамдары.

Әйел хоры

Қарғыс атсын қатал жау!
Ойлағаны өзгеше
Аздыруға амалдау,
Қинамақшы көргеше!
Қарысармыз, өлерміз.
Азғын болып шатылмай
Жазаға да көнерміз.
Параңа да сатылмай!..
Саған әсте бас ұрмай,
Тосармыз таң атқанын,
Танытармыз жасырмай
Жанда жалын жатқанын!..

Жадай *(шеткі бір әйелден жөн сұрайды)*.

Білесіз бе, туғандар!..
Кімдер еді, қайда екен
Мынау үйде тұрғандар?..

Әйел

Оның жайын сұрама!..

Жадай

Неге олайша деп айттың?..

Әйел

Бұнда Люба деген болған,
Жау боп кетіп жұртына
Омырауы шенге толған,
Сал болып жүр сыртына!..

Конвой

Шығарма сөз, сөйлемел *(Ақырып әйелдерді айдап кетеді.)*

Жадай

Қандай сұмдық сөз есіттім?!
Көрмегенім жөн болған ба?
Босағасын бұл есіктің
Азғындықпен тозғанда!.. *(Зариф келеді.)*

Зариф

Жадай, мәлім етейін,
Орындалды бар мұрат!..

Жадай

Оған алғыс, тек асығыс
Алу керек бас құрап...
Бесеу-ақпыз алдымызда
Ауыр кешу жол тұрад!

З а р и ф

Бесеу емес, Ғайни бар,
Маша-дағы қол сұнад;
Анық ердің сыйпаты бар
Кенелесін жөн сұрап!

Ария

Орыста талай жақсы жан көріп ем,
Көргенге сеніспекке ден беріп ем.
Машадай асыл әйел білген емен
Әдейі ауыр кешу жолға еріп ем.
Қасиет болса лайық оның аты
Хауіптін оны үркітпес қат-қабаты,
Өз бойым өскендей боп қуанамын
Маша сол ел мақтанар асыл заты.

Төлеген, Ғайни, Саттар келеді.

Ж а д а й (Ғайниға).

Жолың болсын, аман кепсің!

Ғ а й н и

Алғыс айтам тобыңа,
Барлық мақсат осылай
Ойлағандай шаққа жетсің!..

Ж а д а й

Баймат қайда, тағы кім бар?
Соңғы асу бар, барлық топ
Соны алмаққа серт етсің!..

Т ө л е г е н

Баймат қазір жетеді,
Машаменен екеуі!
Анық ердің жаңа көрдік
Маша сынды екенін.

Ғ а й н и

Мені ажалдан құтқарған,
Бар қайратын көзбен көрдім,
Жорықтағы бар әйелге
Машаны үлгі етемін.

Ж а д а й

Жә, жолдастар, әзір бол!
Артта жау мол, алда қол.
Арасында солардың,
Қатты қайрат атарлық
Ауыр кезең келді сол...
Қазір біздер тараймыз

Бекінеміз әр тұстан,
Орай келсе автоматты
Зенбірекке санаймыз!
Қажет болса өзімізге
Жаудың оғын аударып,
Жалғызды да жеке қолға балаймыз!..
Жетіп қалды сағат төрт!
Бекінін дер бауырлар,
Шыға қалса бекінісі
Жеткізбестен көпірге,
Деп біліндер өзіміз
Бөгеуге де жараймыз!

Осы кезде Байматты ертіп Люба келеді.

Т ө л е г е н

Көрмесен де көп есіттің
Міне, Маша, таныс бол!

Ж а д а й

Люба?! Сен бе, Маша?

Л ю б а

Жадай?! Саша! Саша!

Ж а д а й

Люба жаман, жақсы Маша
Бұл не қылған тамаша?..

Л ю б а

Жаным Жадай, жайым солай
Жұрт қарайды маған қырын,
Артқы қолдан есітерсің
Анық адал Маша сырын.

Ж а д а й

Люба, Любаша!
Қуанамын сен үшін,
Маша жайын естігемін,
Бұндағы дос көптен бұрын. *(Екеуі сүйіседі.)*

Ж а д а й

Бауырлар, осы сағат естен кетпес.

(Дуэт)

Өмірде бұдан озған мезгіл өтпес.
Бар жайды жаңа ғана таныдым ғой,
Жасырсам ендігіні арым кешпес!
Отанда жарық жұлдыз мәңгіге өшпес!
Жорықта батыр жолын жаулық кеспес.

Қайтадан жар досымды тауып тұрмын,
Қарсы алар әні қайда біздің «Бес дос?»

Л ю б а

Сағынып көп сарғайтқан ерім келді.

(Дуэт)

Жыламан, бұрын зармен егілгем-ді.
Сенемін алтын шапақ алдымда тұр
Дейтін күн: «Отан жауы жеңілген-ді».
Амандық анаң менен балаң айтад,
Демейді «үйге қайтып өзің жай тап,
Ер болып, елдің жауын жайлаған соң»
Деседі «содан кейін бізге қайтад!..»

Енді «Бес дос» әнін бар достар майдан алдында тұтас айтады.

Б ә р і

Біз достар, бес дос серік қатар атар
Бес достан жаулар жусар қатар-қатар.
Автомат тына білмес, қыра білер
Тон тозар, аял қылмас ат арытар.

Біз бес дос,
Біз бес дос
Келмеспіз кеш,
Атпаспыз бос!

Біз достар жатша кәрлі қаза берер,
Біз емес жау штабқа маза берер!
Бөгесе бөгей берсін ажал тартқан
Қалт етпей, қырдан аспай қаза көрер.

Біз бес дос,
Біз бес дос
Келмеспіз кеш,

Атпаспыз бос!

Ж а д а й

Ал тараңдар, баршылар!
Қол жеткенше бағындар
Ойламаған бөгеттер,
Алда талай бар шығар!
Сағат төрт!.. Бекін, достар! (Ракета атады).
Бердім сигнал, жеткен болар,
Жақын болса қолдың оғы
Аялдамас, бізді қостар!
Тарап-тарап бекініңдер!
(Жолдастары тарайды, соғысқа әзірлік.)
Сақтарымыз Ақкөпір!

Төлеген, сен осы арада
Автоматпен сал нөпір!
(Өзі кетеді. Сыртта соғыс.)

Төлеген (өз тұсына беттеген жауды көріп).
Бұл толқынды тойтармай,
Қан құстырып қайтармай,
Қалар болсам, бар жорық
Бекер болар, мезгіл жетті байқардай!

Атысады. Жау ықтайды Ғайни жетеді. Жау жалғара береді.

Ғайни
Тайқып қалды талайы
Көргеннен соң алдынан
Өжет оттың тосқанын!..

Төлеген
Анау шетте жалтарып,
Көресің бе қашқанын!
Тек маған да оқ тиді,
Аяғымнан тигендей
Көрдің бе қан басқанын!

Ғайни асығып көмек бере бастайды, жараны таңады.

Ғайни
Төлеген, жаным, ардақты ер
Жарым күннің ішінде
Бастан кешті талай кер.
Сондадағы азаймас
Бойындағы от, жігер.
Қадірінді ұмытпас,
Қайратыңды білген ел!
Ауыр қатер алдында
Сен құтқарған,
Талай ана атынан,
Бір құшайын ерік бер!..

Төлегеннің жарасын таңып болып сүйеді.

Төлеген (шетке қарап).
Тағы келед қалың сел!..
Ортасында танкі де бар! (Шетке.)
Не де болса жалғыз өзім көрейін.
Жаным Ғайни, қимаймын,
Ажалдан сен аман қал!.. (Ғайниға.)
Менің оғым таусылыпты,

Анау жатқан Жадайға бар.
Жарым-жарты оғын ал!
Баршы жылдам, ептеп бар!.. (Гайни жөнеледі.)
Танк келед көпірге
Ажал шашқан кәрі бар,
Қаймықпасын сонда да
Отанымның ары бар! (Танкты қарсы алуға гранаттарын топтап байлап, әзірлене береді. Ария.)
Арыстан айға шауып мертліксе де,
Баласы арыстандық етпей қоймас,
Ақсұңқар аңқып ауға шырмалса да,
Балапан сұңқарлығын етпей қоймас.
Жау санап ер майданға араласпас,
Алысқан мұратына жетпей қоймас!
Қаптаған қара түбек жаудың жолын
Қайнаған әділ ашу кеспей қоймас!
Отан мен партия, елім үшін
Танк түгіл, тамұқтан да ерің таймас.
Қаптаған қалың жауға сермер семсер
Жастығын ала жатпай кекке тоймас!
Алтын Отан, сен үшін!
Асыл елім, сен үшін!

Ұмтылып барып сахнаға шыға берген танкке соқтығып, аспан атқан от. Танк тоқтап қалады, жана береді. Осы кезде көпірдің аржағынан, сахна сыртынан қалың «ура» естіледі. Арттағы қалың қол жетіп, жау қашып жатыр. Бәрі де Төлегеннің басында. Арада Рамазан. Бәрінің кеудесінен «Жас қазақ» әні туады.

Бәрі

Қан сапырған қас майдан ер талғады
Ердің бағын тілемес ел қалмады.
Жалын жұтқан жас қыран сонда келіп
Отанынан айналып оқ толғады.
Жас қазақ!
Жауға шықты уралап!
Қуә болды елінің аспан, жері,
Алтайдың асыр салды ашулы ері,
Қазалы оқ ажалына тап келген жау
Жер кұшып, қан боп ақты қайғы шері,
Жас қазақ,
Жауға шапты уралап!
Ер арманы — арттағы қол арманы
Жау ордасын ойрандап, кек алмағы.

Алып талай жолында қайран қыршын
Ажал кесел шырмады жез қармағы.
Жас қазақ,
Жауға шапты уралап!

Қалың топ әскер сахнаға толған. Дивизия командирің тосады
Генерал шығады, көп қоршаған айбынды тобы бар.

Г е н е р а л

Ойдағылар орындалды
Жолы ақталды жорықтың!
Дивизия абыройын
Сақтады полк, жауларына
Ойдағыдай салып ойын!
Осы арада үлкен түйін шешілді,
Алып жатқан аймақ бойын,
Қалын жаудың қыр желкесі кесілді.
Жауды сайған найза болса, барлық полк!
Автоматшы қас қырандар
Алға түсті өжет боп
Болат найза жебесі боп!..
Орындалды бас команда әмірі,
Дивизия жеңіс тапты тағы ірі
Ардақты асыл Отанды
Сүйген ерлер жорығы бұл
Жетсін жұртқа, жеңген батыр дабылы!

Ш ы м ы л д ы қ.

С О Ñ Ы.

1952 ж.

АБАЙ

Алты бөлiмдi кинодрама

І-БӨЛІМ

Биіктеу жасыл төбенің басына қарай төрт салт атты өрлеп келеді. Қылаңы мен бараны аралас семіз сұлу аттар бастарын шұлғи тастап, жіті басады. Күміс үзеңгі таралғылар күнге шағылып жарқ-жұрқ етті. Аттылар дөң басына шықты. Ескі шошақ моланың түбіне келді. Төртеудің ортадағысы жуан денелі, орта жасты Абай. Селдір сұлу сақалына сәл ғана ақ араласқан. Атынын басын өзгелерден оздырыңқырап кеп молаға көз салды. Айналасына азырақ әжім жиылған мұңлы көзін қысыңқырап қарайды. Қасындағы үш жас жігіт: Керім, Көкпай, Айдар сәл кейіндеу тұр. Олар — жазғы жеңіл киімдер киген сәнді жігіттер. Айдар мен Керімнің қолдарында екі көк шұбар қаршыға бар. Шабыттағы қырандар да молаға қадала қарап, алтын көздерін кірпік қақпай шаншылтады. Қазір бір құс ұшардай қапысыз аңдып тұр.

Абай аз үнсіз тұрып, бір кезде денесін бұрмай, он қолын ғана көтеріп артына қарай қайырды да, жігіттерге белгі етті. Жігіттер сұлу шошақ молаға таңырқай қарап, Абайдың қатарына келді.

Ақырын қоңыр үнмен А б а й сөз қатты:

— Осы жалғыз мола осынау елсіз жотаға пайда болғалы, міне, биыл жүз рет жадырап жаз келді. Бұ содан бергі дәуірлер мен буындардың үнсіз куәсі осы мола ішіне ауыр сыр бүккен мола еді. Мезгіл сайын соғып өткенде, арылмаған қарызым бардай боламын. Бұнда жатқан қыз Еңлік пен жігіт Кебек. Екеуін махаббат үшін буындырып өлтірген еді. Жүз жылдан бұрын да, содан кейін де, дәл бүгінгі күнге шейін де ұлға тұсау, қызға

ноқта болған ел заны осы екеуін естімеген сұмдық еткен сендерсің деп ат құйрығына байлатып, сүйретіп өлтірген... дейді.

Аз тоқтап алыстағы жалғыз биік сар шоқыны нұсқайды. Құлазыған шошағы биік тік басында жел еседі. Керемет селеудің қалтыратып басын иіп соғады. Абай сөзі естіліп тұр.

— Еңлік пен Кебек құзғыннан қашып, андай боп тау ішін паналап аз дәурен сүрген еді. Сол бұйырмаған махаббат достықтан біткен бала, жөргектегі нәресте, жас ұлан әкесі мен шешесін өлтірген күні жөргекте жылаған күйінде осы есіз биіктің басына апарып тасталған. Сол күні кара күні байып батқанша ішегі қатып жылап жатып, меңіреу, суық тілеім дүние арасында үні өшкен, мәңгі өшкен. Абай сөзін бітірді.

Жастар түйілген қабақ, шошынған жүзбен:

— Кім бұйрығы солай етті?!

— Өлтірген, өлтірткен кім?!— деседі.

— Өлтірткен Кеңгірбай. Біздің атамыз, мынау елдің анандай иен күшін бастаған аруағым Кеңгірбай!— дейді. Ойға таман қарайды.

Елдің қалың сәнді көші келеді. Құлын-тайы аралас мол жылқы шұрқырап, пысқырып қантай басып келеді. Артында, қатарда қалың қол — салт аттылар. Және көп түйелерге маңғыстатып жүк артқан қаралы кілемдер жаптырған мол көш тақап келеді.

Жастар үнсіз, анырып, сескеніп қалғанда Айдар:

— Елдің мынандай иен көшін бастаған, ол күнгі би, бүгінгі иенді аруақ Кеңгірбай?!.. Кеңгірбай!— дейді.

Абай.

— Жүрек тілегін, жұмбақ, сырлы шыншыл жүрек сырын ең алғаш рет бұл өлкеде бірде бір ғана рет батылдықпен жариялағысы келген Еңлік еді. Перде жыртып, шынжыр үсіп көрмек еді. Содан бері ол шынжыр қазақ қызының мойнына бұрынғыдан да темір бұғаудай бата түсті!..— дейді.

Керім.— Кеңгірбай! Аруақты бабамыз Кеңгірбай!..— деп тұнжырап қалғанда, Айдар бір оқыс оймен селт еткендей болып, Абайға:

— Абай аға, рұқсат етіңізші, талай өткінші, жолаушы осы жүз жыл бойында құранын оқып, бата қылды ғой Еңлікке. Мен бүгін соның жүрегіне арналған ерекше бір құран оқиын, рұқсат па екен?— дейді.

А б а й.— Оқы!— дейді.

Сонда А й д а р:

— Еңлік — Кебек құраны мынау болсын!..— деп алып, шырқап тұрып әсем сұлу ән бастайды. Абайлар үнсіз тұрып, құптағандай тындайды.

Айдар Татьянаның Онегинге жазған, Абай жазған әнін жырлайды. Ән уағында қаралы көш тақап қалды. Көш алдында өзгеше жат бір топ келеді.

Ол қаралы әйелдер. Басында қара желегі бар сұлу келіншек ортада. Ат үстінде соның оң жағында құйрық-жалын шорт кескен ақ аттың үстіне күміс ер-тоқым теріс ерттелген. Ішік-шапан теріс жамылған. Ер қасына киілген еркек тымағы артқа қарап киілген. Бұл өлген жаншын тұлдаған ат-тұрманы. Қаралы әйел дауыс айтып келеді. Қасында суық түсті екі кәрі қатын қосыла жоқтап келеді. Арттарында қалың көш.

Осы топ моланың етегіне таман келгенде Айдар әні басымдап аспандай шығады:

Шеш көңлімнің жұмбағын,
Әлде бәрі алданыш.
Жас бала жайып саусағын
Талпынған шығар айға алыс!..

деген үзіндісін айтып, созып тұрған шақта қаралы әйел әнін оқыс үзіп алады. Еріксіз тындап қалады. Тындай бере күйінгендей қабақ түйеді, қасындағы екі қатын да дауыстары үзіліп тоқтайды да, қайта басталуын күтеді. Басталмайды. Қос қатындар булығып, күйініп айнала қарайды. Дөң басынан ән келеді.

Қаралы сұлу (ол Ажар) ашулы, бірақ азған жүзбен ән тындайды. Екі қатын ызаланып қамшысын сермеп еркектерді шақырады. Бір-екі қарт шауып келеді. Дауыс үзілген. Төбені көрсетеді. Ән өктеп келіп, естіліп тұр.

Қарт адам атын қамшылап, Айдар әнін мүлгіп тындап тұрған Абайларға шауып келеді. Такай бере, әнді елемей, қатуланып:

— Ей, ағайын, неткен жансындар?— дейді. Абайдың жас жолдастары жалт қарасады.

— Қаралы көш келеді. Жарын жоқтап дауыс айтып келеді Ажар. Дауыспен қай ән таласушеді. Тоқтат жандарым құдайға қарасаң!— дейді.

Абай ақырын атын бұрып, жәй ғана басын изеп, тебініп жүріп кетеді.

Айдар әнін тоқтатып, бірге ереді. Өзгелер де қозғалды. Екі қаршыға дүр-дүр сілкініседі. Алдарына қадала қарап алтын көздерінен от шашады.

Ойға түсіп келе жатып, А б а й достарына:

— Міні, сол Еңлікті буындырған арқан астында тұншығып кеткен шер бар еді ғой. Ең болмаса бүгін күн осы мола, осы жүрек сырын ел-жұртқа д.т.г ететін шақ жетті. Еңлік үнімен қыз жүрегі сыр айтсын, Кебек жүрегімен ер ашуы айтылсын. Ақынсындар. Осы жайдан әсем ұзақ жыр тусын. Қызығарың бар ма? Кімін жазасың, кәне!?— дейді.

К е р і м, А й д а р қатарынан көтеріле серпіліп кеп:

— Абай аға, осы жайды мен жазам!— дейді Керім.

— Абай аға, мен бағана бекінгем, мен жазам,— дейді Айдар.

— Жоқ, мен жазам!

— Сен емес, мен жазам.

— Жоқ, сенің жөнің жоқ. Кеңгірбай менің атам, Кебек менің ағам. Мен қалай салсаң да мұрагермін,— дейді Керім.

— Оның бекер. Кеңгірбай мінезі жалпы қазақ ескілігінің мінезі. Еңлік жалпы қазақ халқының шерлі қызы. Мен де ортақпын, мен жазам!— дейді Айдар.

Көкпай, Абай күліседі.

К ө к б а й А б а й ғ а:— Бұл қалай, Абай аға, мыналар қырқысты ғой!— дейді.

А б а й ақырын, сүйсіне күліп: — Олары теріс емес, жақсы деп біл,— дейді.

Көкпай сол кезде алға қарай алыстағы кең жайқын көктем сұрғылт қыр аңына таман көз салады. Сығырайып, көз салып қарап, бір нәрсені болжап алады да:

— Уай, жігіттер, сендердің бұларың жөн-ақ. Бірақ сол жырды кімнің жазатынына мен бір билік айтайын ба?— дейді.

— Айт, айт, сен айт!— деседі Айдар мен Керім.

— Ендеше анау бір тауларда бір топ дуалақ отыр. Қаршығаларың көріп келеді. Қазір екеуің де құстарыңды қатар жіберіңдер. Кімнің құсы бұрын барып дуалақ ілсе, Еңлік жайын сол жыр етсін!..— дейді. Абай күледі де қостағандай болады.

Жігіттер «болды... Жарайды, ал, ал жібердік» десіп құстарын серпіп-серпіп жіберіседі.

Керім құсын жібере сала алдына қадалып, А б а й ғ а :
— Ал, Абай аға, осы билік байлау ғой? Солай емес пе?— деді.

К ө к п а й :— Құстар көрді, қазір, қазір сын. Тура беттеді!— деп шабады.

Абай да, өзгелер де шаба жөнеліседі.

Айдар Абайға жанасып, қатар шауып келе жатып:

— Абай аға, осы байлау ғой?— деп тағы қадалып сұрайды.

Абай түсіне сыншыл қатқыл ажар жиып алып:

— Байлау былай, тындаңдар. Анау құстарың дуал-ақты барып ілгенше, бір-бір ауыз өлең айтыңдар,— дейді.

Керім жақындап, шауып ентелеп келе жатып:— Жарайды, қаршыға жайында!— дейді.

А б а й :— Жок. Қысқы аязды түнде, гуілдеп жел үніне күй қосып отырып, кәрі әже немересін қандай сөзбен уатады. Соны айтып беріңдер... Ал, шапшаң айт!

К ө к п а й с о л к е з д е : Әне, жетіп келді,— деп шаба жөнеледі.

Керім қалт қарап, қатты қиналып түңіліп:

— Абай аға, мынау сын емес, жаза!— дейді.

А б а й :— Боясын солай! Айт, айт жырыңды!— деп әмір етеді.

Айдар шауып келе жатып, қатарында сынай қарап шауып келе жатқан Абайдың құлағына шапшаң өлең айта бастайды.

А й д а р ө л ең і :

Талай да талай шапшаң бар шығар,
Өлең етем шапшаң өзім қаршығамды.
Ақ түнек ың-шың, у-шу аяз түнде
Кәрі әже дәл былай деп зар шығарды.

Гүлей ооққан ақ баран,
Қорқытпа менің баламды.
Балам әже қойнында
Келе алмайсың сен бұған
Ұйқысынан айырма,
Кезе бер ессіз далаңды.
Ұйықта, балам, ояныба
Әлділеймін баламды.
Әлді бөпем, әлді-ай,
Әлділеген анаңды,
Деп жырласың кәрі ана.
Ұйқыға барсын сол бала
Тілесе тағы жырласың

Жүз жыл бойы сол ана
Қаршығам жемін іліпті,
Абай аға, бер қара!

Абай тындап келеді. Сүйсіне күледі. Керім айта алмай шауып кеткен.

Сол сәтте бұлар дуалақтарына жетті. Көкпай алдан барып дуалақты қиырлатып басып қалған қаршығаға жете бере айғайлап:

— Айдар, Айдар, шүйінші. Еңлік жыры сенікі!— дейді.

Айдар аттан секіре түсіп, қолына құсын алып міне береді. Барлығы ілгері басады. Керім атынан түсіп, жерде отыр. Қаршығасы көрінбейді. Етегімен қоршай отырпты. Аттылар тегіс тақап келді.

Көкпай қарап жіберіп, қарқ-қарқ күледі.

— Масқара! Керім, құс дуалақ ілудің орнына, дуалақтан қапа шегіп, қорлық көріп қалыпты!— дейді. Айдар да күледі. Керім қаршығасын жерден алады. Қыранның үсті-басы су, үрліп қалған.

— Басына дуалақ саңғып кетіпті!..— десіп тағы күліседі.

Көкпай ызаланған Керімге қарап:

— Япырай, жақсы талап үстінде ырымы қалай жаман еді мынау жаман шәулінің,— деп тағы күледі.

Керім басын көтеріп өзінің күйінішін жеңіп, Көкпайға күлімсірей қарап:

— Көкпай-ай, сенде ақыннан көрі Көкпай көп болғаны несі екен?

Көкпай:— Не дейсің, Керім?

Керім:— Шын ақындық үшін кейде артық сөз айтпай, үндемей тыну Көкпайдың бар сөзінен шешендірек екенін түсінбей-ақ кеттің-ау сен!— дейді.

Абай Керімге жаны ашығандай қарап:

— Қаршыға өзіңе жаман құс емес. Ашу мен намыстың жиын оты бір басында болатын. Не жаманат болса өз басына! Керім, сен қынжылма! Ал бірақ, жыр Айдардікі! Айдар, сен жазасың!— дейді. Айдар қуанғанынан атын шапшыта секіріп шаттана жүйткіді. Қос аяқтап шапшып тұрған ақбоз аттың үстінде Айдардың қуанып ақсия күлген жүзі жалын атқандай. Қолындағы қаршығасы да талпына ұшып шабытқа тіленеді.

Жартасты тоғайлы өзек бойына созыла қонған көп ақ ауылдар. Бір биік қара жартастың тұңғыш терең, жым-жырт суға төнген жерінде, жақын отырған ақ ауыл бар. Жарық айлы түнде қалың жартастың қара көленкесі сол ауылдың шеткі ақ үйлеріне жартылай түсіп тұр. Көп үйлер, ауылдар ұйқыда. Қотандағы қалың қой да үйірілген қалың ақ көбіктей боп, қалыңдап жиылып, қыбыр етпей жым-жырт жатыр.

Жартас қасындағы ең шеткі үй оңашарақ тігілген. Сырты қара кестелі. Бұл Ажардың қаралы отауы. Үй ішінде дөңгелек үстел маңында, биік қазалы төсекке жақын жерде Ажар отыр. Қасында қатқан кемпір. Бұл — кеш-жөнекей дауыс айтып келген ашулы кемпір. Төрде салқын түсті, ашаң сүйкімсіз жүзді Нарымбет, жайылған ашжаулыққа жақындай отырып құран оқиды. Үй іші сарылған уайым. Қара желек жамылған Ажардың үлкен бір жалынмен күрсінген жүзінде тіршіліктен, дүниеден түңілген суық бауыр қаттылық бар.

Нарымбет құран оқып болды да, жұрттың бәрі бата қып бет сипаған соң, Ажардың жүзіне қырынан қарап отырып барып, шығып кетті. Ажар келген мен кеткенін көрмегендей. Мұңлы қара көздерін, ашаң тартқан ақ жүзін ешқайда бұрмайды. Ауыр оймен жерге қадала қарап қалған.

Кемпір бұған тіл қатты.

— Қаралы жылың аяқтап келеді. Жастай бақытың күйіп еді. Бірақ бала болмадың. Байсал тапқан кәрідей қаралы жылды өзгеге өнеге қып отырдың. Жаңағы қайын ағаң Нарымбет те азалы аға жолынан танған жоқ. Жыл бойы сенің қасыңа кеп уайымына уайым қосып, күндегі құранын ұмытқан жоқ. Бірақ, шырағым, дүние бір күйде тұрмағы жоқ. Қара тастан басқаның бәрі жаңғырады. Енді алдыңды ойлайтын шақ жетті...

— Не демексіз? Менде өмірден үміт қалды деп отырсыз ба?..

— Үмітсіз жалғыз шайтан ғана, олай деме. Енді мына қара желек сенен арылатын күн тақау. Ата-ананың жолы сол. Жаңағы қайнағаң Нарымбет маған айт деп тапсырып кетті. Жесіріме ырзамын. Енді құдай жолын, ата жолын орындап, өзім алам дейді...

Ажар осы сөздің бойында, сұмдық сергігендей қабағын түйіп, сұрлана, шамдана қарап еді кемпірге. Жаңағы сөз біткенде күйіп жарылғандай боп еңіреп жіберді де, бетін жастыққа басты. Сәт қана солай етіп, бір уақыт шұғылдан бұрылып, жалт қарап:

— Екі қатын үстіне, соған тиемін бе? Жоқ, жылатпасын мені. Одан да бітпесін осы қаралы күнім... бітпей, тынбай мәңгі қара, қаралы аспан тұрсын басымда... Зорламаңдар! Айтпа, айтпа оны!

— Жаманшылық тілеме... Догар ол сөзді. Шақырма пәле басыңа.

— Шақырамын. Ақ бұйрықты ажалын шақырамын құдайдың. Тілейтінім өлім... бүйткен, өртенген тірлік бергенше өлім, өлім жібер жасаған!..

Ажар кемпірдің сөзін тындамай қара шымылдығын түсіріп, түйіліп қалады.

Кемпір біраз шымылдық сыртында отырып, тұрып:

— Ақ бұйрық осы. Қосағың Нарымбет. Білдіргенім сол!— деп, ақырын басып, көлеңкедей жылжып шығып кетеді.

* * *

Ауыл қалың ұйқыда. Ай сәулесі түсіп тұрған ұйқылы сай тыныш, жым-жырт. Анда-санда бір үрген ит даусына жақын тау жаңғырып, үн қосады.

Алыстан бір ән келеді. Таныс ырғақты Татьяна әні. Ән жақындайды. Жартас жақтан келеді.

Айлы түнде жалғыз өзі жартасқа өрлеп Айдар келеді. Жүзін жұлдызды аспанға көтеріп, кейде айналаға ойлы қызу жанармен телміре қарайды. Кейде тасқа отырып ойланып қадалып қалып, кейде тез жалындап, қызыға түрекеліп, асыға қайнағандай, кейде бір өзгеше ырғақ іздегендей бірсін-бірсін сөздер теріп кейде қайтадан әсем сұлу ән айтып кетеді. Жүзі нұрланып, үміт, бақыт күлкісімен жадырай түседі.

Ақ отауда Ажар жалғыз. Шамы өшкен, үйінің түнлігі жабылған. Қатты қайғымен бүктүсіп жатып, жалындай толқынады. Бір сәтте құлағына ән келеді. Ән тындап, бір нәрсені еске алғандай болды да, ашумен атып тұрып есік жапты. Ән басылмайды. Шаңырақтан түскен ай сәулесіне тақап келді. Қара шашы бетіне шашырай түскен. Намыспен, ызамен күйгендей шаңыраққа қарап,

есікке атқып барып біреуді шақырды. Қарі күзетші кеп, Ажардың бұйрығымен түнлік жапты. Үй қараңғы, қайғылы Ажар жүзі де қараңғы. Ән тағы келеді. Сөзі анық:

Шеш көңілімнің жұмбағын,
Әлде бәрі алдайыш
Жас бала жайып сауағын
Талпынған шығар айға алыс...—

Шал түнлікті жауып болды. Ажар байқамай ызамен тұрып, тындап қапты. Шалды қайта ақыра шақырып:

— Менің ән тындауым қалыппеді? Бар, қу, анау ән айтқышты. Аулақ кетсін!..— деп төсегіне киімшең кеп сылқ етті. Жатнай түрекеп, бауырына үлкен жастықты бүктеп құшып басып тұр. Ән тағы келді, ызамен жалт қарап атып тұрады.

Сол сәтте ән үзілді. Күзетші Айдар қасында.

— Әнің жұртты қинайтын көрінеді ғой, ей, жас жігіт! Қаралы көңіл жаралы ғой. Тыйсаңшы.

— Айтпайын ба біржола?

— Маған салсаң, арырақ барып айт дер ем.

Айдар бұрылып жартастың арғы бетіне қарай түсе береді. Ажар үй ішінде ақ көйлегінің омырауы ағытылған. Жуан қара бұрымдары төсіне салбыраған. Бір нәрсеге қадала күтіп тұр. Құлағын салып, тосқандай. Енді іркілген ән естілмегеніне қыжыла асыққандай.

Бірақ ән қайта келеді. Алыстан, ызындай, жінішке сыбызғы сазындай келеді. Ажар жүзі елең етті. Бұрын жат боп кеткен бір жадырау, жарқын сәт келгендей. Енді тындап қалтырай түсіп белгісіз, мағынасыз қол созғандай. Өзінің есікке таман жылжығанын байқамағандай.

— Талай түннен бері естіп келем осы әнді... Қаралы күнім бітерге жеткен сайын осы ән... Ия, дәл осы ән маған мұң қосты. Кім, айтушы кім?.. Әлде... Әлде бітер күнім, өтер өмірім иманы тәрізді ме осынау ән? Солай. Тағы... өмірге айтқан қош-қошым болсын ба? Шерлі, жетім жүрегімді шығарып салар сәлемшім... сәлемшім, сырласым, мұңдасым болшы сен ән.

Жылдам басып үйінен шығып, шашы жайылған, алас ұрып жалындаған күйде жартасқа жетіп, тездетіп, асығып өрлей береді. Жартаас басына шықты. Төмен үнілді,

ар жағы тұңғық. Үнсіз, жым-жырт қарауытқан терең су. Ән келді тағы да... Ажар жүзін жоғары көтеріп:

— Қош бол, шерлі бір ән... Менің шерімді айтқан ән!— деп тұрып, тастан тұңғыққа қарай секіріп кетеді. Ұйқылы суық су шапшып барып құшағына алды. Су жағасында алысырақта ойда тұрған Айдар жартастан секірген адам бойын көріп қап, атқи жүгірді. Терең судың бетінде бір батып, бір шығып, екі адам жағаға қарай жылжып келеді. Ажар судан қолын суырып алып, өзін құшақтап жүріп келе жатқан Айдарды итеріп, бетке ұрып, құтылмақ болады.

— Босат! Нең... бар?— дейді.

Айдар болмай, босатпай жағаға алып шығып, ай сәулесі түсіп тұрған тасқа әкеліп жатқызады.

Ажар есін жиганда, Айдар басын сүйеп отырып:

— Неге бүттің, Ажаржаным!..— дейді.

— «Етімді шал сипаған құрт жесін деп.

Жартастан қыз құлапты терең суға!»— деген кім еді?..

— Абай, Абай ағам ед.. Ия!..

— Нарымбет!.. Екі қатын үстіне тоқалдыққа алмақ па?

— Ендеше сол... Айдар түсінді.

— Неге алып қалдың мені, кім үшін, қандай үміт үшін айырдың өлімнен?— деп қайта талықсып кетеді.

— Ән айтқан сен бе едің?

— Мен едім... ұзақ-ұзақ, көп-көп түндер айтып ем.

— Рас... Бар түнде де естіп ем, сол әнге ұйып өлмек боп ем.

— Ол ән өлімді айтқан жоқ еді. Бірақ сен өлсең, бірге өлем десе қайтесің?

— Сондай да досым бар ма, менің! Мендей бақытсыздың?..

— Бар... Сен өлсең іркілмейді. Сол өлімге бірге кетеді.

Ажар толқынып, жалын атқандай боп:

— Ендеше өлмесін ол ән!

* * *

Есігі түрүлі үлкен ақ үйдің алдына қарай астындағы торы атын қансорпа ғып терлетіп, танау қақтырған Баймағамбет тақап келеді. Ақ үйден Қарлығаш тысқа шыға

бере:— Баймағамбет! Бәкең! Қаладан Бәкең келді!— дейді.

Үйден, көрші ауылдардан, тыстан жұрт жиылады. Балалар, қатындар. Ортада Еркежан. Үлкен үйдің ішінен Абай, Көкпай, Әлизаде шықты. Баймағамбет аттан түсер-түспестен:— Шүйінші! Шүйінші, Еркежан! Абай аға... Әбіш, Әбдірахман келе жатыр, келіп қалды,— дейді.

Ж и ы н т е г і с.— Әбіш, Әбіш!— деп анталайды.

— Әбіш келе жатыр!.. Мен жаңа ғана озып кеттім. Тақап қалды!..— дейді.

А б а й д а қ у а н ы п:— Келді ме? Әбішім!— дейді.— Қасында кім бар?

— Қасында Долгополов Нипон!

— Долгополов па... жақсы!— деп, А б а й Е р к е ж а н ғ а:— Ал, әзірленіңдер, тосып алыңдар!— дейді.

Әйелдер, үлкендер жан-жақта қуана, қарбаласа тарасады. Абай дәлізде, Көкпай, Баймағамбет үлкен үйдің сыртында, жерде кілем... Баймағамбет қымыз сапырып, Көкпай беріп отыр. Баймағамбеттің атына артылған үлкен қоржынды алғызады. Ішінде сықап толтырған кітаптар. Абай кітаптарға қадалған. Бір-бірлеп қарап, бөлек-бөлек қойып жатыр. Абай топсалы орындықта. Баймағамбет Абайдың қимылына қарай отырып, қолына «Үш мушкатерді» алғанда:

— Міні, міні... Кітап осы болса керек. Долгополов пен Әбіш осыны әсіресе мақтап алғызды.

— Рас, Бәке, бұл екеуімізге жаман азық болмас!— дейді.

— Осыны тез оқып шығып, әңгімесін айтып беріңіз, Абай аға. Өзге ертектерім ескіріп қалды. Тіпті «Шорнайбек», «Таза бұлақ», «Петр бөлекейді» білмейтін баласы қалмапты осы елдің. Енді осы «Үш мушкатер» болмаса Баймағамбет ертекті балалардан сұрайтын болар.

* * *

Қалың жиын ақ үйлердің сыртында тосып тұрғанда, үш ат жеккен пәуеске шапқылап тақап келеді. Пәуеске қасында, алдында, арт жағында шапқыласып келе жатқан жігіттер, балалар, қарттар да бар. Барлық жұрттың жүзінде қуаныш.

Пәуеске тоқтады.

— Әбіш, үш жыл бойы келмеген Әбішім!— деп Еркежан жыламсырайды.

Пәуескеден Әбдірахман секіріп түсті... Абайға қарай жүгіре басып келеді. Артынан ақырын түсіп, сүйсіне қарап, Долгополов келеді. Әбішті Абай, Еркежан және басқа үлкендер сүйіп жатыр.

Абай Долгополовпен құшақтасып амандасып:

— Қош келдің, Нипон!— дейді.

Әбдірахман, Долгополовқа Абай Әлизадені көрсетіп:
— Таныс болыңдар. Мынау Әлизаде. Менің қонағым, досым. Қиырдағы Кавказдың ұлы!— дейді. Танысу.

Үйде қалың сый жиын. Жағалай қымыз тостағандары қалқып жүр. Бір кезде тыстан тағы сый қонақтар келеді. Ол — Жиренше, Нарымбет. Әбіш орнынан тұрып сәлем береді. Амандасады. Нарымбет Әбіштің бетінен сүйеді. Абай Долгополов пен Әлизадеге:— Нарымбет! Әбдірахманның қайын атасы. Біздің сый құда,— дейді.— Қасындағы Жиренше!

Долгополов біледі.

— Жиренше! Шешен Жиренше, ұмытқан жоқсыз ба мені?— дейді. Жиренше Долгополовқа күле қарап қолын сілкеді.

Жиын қызу, күлкілі, көңілді. Бір сәтте Көкпай ән бастайды.

— Айтпағым «Қараңғы түнде тау қалқып». Абай жаңада сендер келер қарсаңында жазғаны. Сондықтан ұйтам,— дейді.

— Мына жиынға орысшасын айтып берсең қайтеді, Нипон!— дейді.

Долгополов орысшасын оқып береді.

Көкпай әдемі қоңыр әнін айтып өтеді.

Кейін Әлизаде:— Құрметті жиын, мен Абай қасында болғалы алты ай болды. Қайдан келдім, қалай келдім. Бір заман білерсіздер. Мен бұл жерден ел, достық таптым. Қазақ бақшасын жақсы көрдім, үлкен қазына көрдім. Рұқсат болса мен елімнің алғысы есепті бір сарын айтайын,— дейді.

Жұрт құрметпен тындайды.

Әлизаде әдемі қоңыр ән айтады. Әзербайжан әні.

Осы ән аяқтай бергенде дүсірлетіп қатты келген салт аттың дүбірі естіледі. Үйдегілер алаң бола бергенде, есіктен асыға қарап Нарымбет аулының адамы Мес:

— Нарымбет! Бері шығып кетші!— дейді.

Хабаршы Нарымбетке, тыста:

— Нарымбет, тез атқа мін!

— Немене!

— Ажар жоғалды. Біреумен кеткен тәрізді!

— Кіммен? Қайда?— Нарымбет үркіп, ашулана қарайды.

— Кіммен кеткені мәлімсіз... Бірақ қашып кетіпті,

Нарымбет қарбалазып атқа ұмтылады.

— Жиренше! Ұстаз Жиренше сіз!— дейді.

Аздан соң Жиренше атқа мінеді. Екеуі шаба жөнеліседі. Жаңағы хабаршымен Әбдірахман оңаша сөйлеседі.

— Қарағым, бүгін үйіңе ғана емес, бар еліңе сый қонақ ең. Бірақ сенің келген қарсыңа сұмдық сый тартты бір дұшпаның.

— Немене, не болған?

— Нарымбеттің қолындағы қаралы жесірі Ажарды жаңа біреу алып қашып кетіпті. Саған да салған жарасы ғой. Нарымбет намысыма ара түссін, атқа мінсін деді!— дейді.

Әбіш атқа мінеді.

Үй ішіндегі жиын күнгірт тартқан. Сөз жоқ, үнсіз. Абай қасына Көкпай келіп отырып, ақырын сөйлейді.

— Абай аға, не мәні барын ұқпадым. Бірақ Айдар шапқыншы жіберіпті. Өмірде бір-ақ рет жәрдем қолын созсын деп, тілерім осы жол. Басым қатерде, тез жетсін,— депті.

— Не дейсің! Ол қайда жүр? Жыр жазып жатқан жоқ па еді?

— Жазып жатыр еді. Күні-түні көрінбей, жазып жатқан «Еңлікті». Бізге міні, бүгін сәлемі осы. Кешікпейік. Атқа мінсеніз деймін.

Абай мен Көкпай да атқа міне жөнеліседі.

II-БӨЛІМ

Тау ішінде тоғай бойлаған тасты жолда қатты шапқан ат тұяқтары естіледі. Тұмсыққа кезегінен екі атты шауып шықты. Тақап келеді. Қашқан Айдар мен Ажар. Қара желекті тастаған, басына қамшат бөрік, торғын

галы ораған, белін қынап бұған Ажардың жүрісі, бұрынғы қаралық кеткен. Айдар артына қарай-қарай шауып келеді.

— Бізге қуғын жақын. Жаңағы тұмсықтан андыздап қуғыншылар шықты. Көп аттылар. Алдында Мес пен Нарымбет.

— Ат! Шапшаң!— деп Нарымбет бұйрық етті.

Мес шауып келе жатып атқанда, Айдардың астындағы аты омақата жығылды. Айдар аттың басынан аттай түрегеліп, тоқтай қалған Ажарға:

— Қаш, жөнеле бер!..— деп, жүгіре басып кеп, Ажардың шауып келе жатқан атына қарғып мініп алды. Тебіне берді. Местің мылтығын Нарымбет жұлып алып, өзі дәлдеп атып жіберді. Соңғы ат тағы омақаса жығылды.

Ажарды қаусыра құшақтап, Айдар көтеріле түрегелді. Талықсып қалған жүзіне үңіліп, көзінен қоштаса сүйіп:

— Жаным, жалғыз сертім, өлсем аузымдағы иманым сенің өнің болады!— деді.

Ажар есін жиып, аяғына басып:

— Айдар баурым, отқа өртесе арманым жоқ. Жат өмірде жалғыз көрген жарығым өзің ғана!..

Қуғын жеткен. Қалың аттылар. Қолдарында сойыл, шоқпар. Айдар қолы байлаулы. Нарымбет Ажарға қарап, Меске бұйрық етіп:

— Байла мына жүзі қараны да!— дейді.

Ажар қолы да қатты байланған. Шауып отырып Жиренше жетеді. Қасында Абайға түсі ұқсас үлкен кісі. Ол Тәкежан болыс. Н а р ы м б е т үлкендерге:

— Көрдіндер ме мына қара беттерді! Жазанды айт, жан күйер жақыным болсаң, түте!

— Ұлықтан кәр кетсе, елден ар кетеді. Қорлық, сұмдық ат мініп, түйе жетелеп келмес. Келгені осы ғой. Айт, Тәкежан!— деп, Тәкежанға барлық жиын қамалай қарайды. Тәкежан:

— Аянып қалар түтім жоқ. Туысқаным да, құда досым да сендерсің, бердім. Білгенінді қыл, аяма!

Жиренше:— Тақ арқанды, ендеше мойындарына!— деп ақыра бұйрық етеді.

Мес пен бірнеше жігіт қарбаласа қимылдап, арқанды әкелі-екі жастың мойнына тастай береді.

Осы кезде Әбдірахман, Керім тез шауып кеп жетеді. Ат үстінен кимелеп кеп, Әбіш Айдарды көріп:

— Айдар!.. Бұ не?— дейді.

— Айдар емес, оның аты қара бет. Қорлағаны мені мен сен. Жақыным болсаң аяма, өлтір қолыңмен,— дейді Нарымбет.

Әбдірахман салқын пішінмен жиынға қарап:

— Не қылмақсындар бұны?— дейді. Тәкежан атын ілгері бастырып:

— Ат құйрығына тағып, сүйретіп өлтіреміз қазір!— дейді.

Жиренше бұйрық етеді:

— Мін, мін атыңа!— дейді.

Әбдірахман Мес қолындағы арқан ұшын ұстай алып:

— Жоқ! Доғар!— дейді. Нарымбет екі көзі алара қарап, ашуменен қанталап:

— Әбдірахман, сенгенім сенбедің? Жақыным, жан күйерім келді ме десем, жатым болып келіппең. Бара тұр!

— Тұрмаймын! Сенің қарындасыңды біреудің қаны, құнымен алам деп келгем жоқ, бермеймін.

Жиренше:— Жетті, Әбдірахман. Кім екеніңді таныттың, тұр былай.

Тәкежан да:— Қарама!.. Аяма!— дейді.

Нарымбет:— Мес! Тарт, жөнел сүйретіп! Әруак... әруак!— деп айғайлайды.

Мес енді тебініп жөнеле бергенде, аттың омырауына шауып кеп өз атының омырауын тіреп кеп тоқыратып, Қөкпай арқаннан ұстай алады. Қатарында шауып кеп тоқтаған Абай, қолын халыққа созып:

— Тоқтат! Араша! Доғар жазаны!— дейді.

Жұрт үнсіз. Абай атын ілгері бастырып, Айдарға қарсы келіп:

— Айдар, бұ неткенің? Жыр жазбағың осы ма?

— Абай аға, жырым да, сырым да бір қосылды.

Тәкежан атын тебініп, ілгері қатты бастырып кеп:

— Не сөз болушы еді, бұл қаңғырған бұзықпен... Жой көзін!

Абай Тәкежанға қарай бұрылып, қолын қарсы көтеріп:

— Сен екеуіміз аға мен ініміз. Бір Құнанбайдың баласымыз. Найзабас жау боп шығу үшін іздегенің сыл-

Таумеді? Қарасуыр сияқты інінді бері қазады десе, әрі қазайын деппен. Неменеге құрық беріп тұрсын.

Жиренше Абайға:

— Қорғамақ ойдамысың, Абай.

— Араша тілеймін.

Нарымбет:— Ақтамақпысын аямас жауымды? Мен сені кім деп білемін бұдан соң Абай? Жөнінді айт!

Абай: Қол қимылмен, жәнсіз жазамен өлтіргендеріне жол бермеймін, арашашымын.

Жиренше: Жолсызбекен? Кебек пен Енлікті өлтірген атаң, аруағың Кеңгірбай жолын қайда қоймақсын?..

— Кеңгірбай келеге салып, жолымен өлтірген. Сал тергеуге. Елдің талқысына сал. Ел бұйырса сонда өлтір.

Нарымбет:— Арашашы сенсің ғой сонда. Дұспаным болдым десеңші.

Абай:— Ел жолымен араша тілеймін. Жазасын ел билігі атасын.

Жиренше:— Арашашы бар тауқиметті өз мойнына алатын. Соны алам деп айтып тұрсың ғой, сертің осы ма? Арылып айт!

Абай:— Арылдым. Алдым мойныма, бар ауыртпалығын.

Нарымбет:— Я, аруақ, не масқара! Абай, кеттім десеңші жақындықтан, достықтан!

Тәкежан:— Не қорлық!

Жиренше:— Болды, жетті! Ағайынды, аруақты қаңғырған бұзар итке сатқан екенсің. Е, обалың өзіңе. Осыны ұмытпа, Абай! Тергеу ұзаққа бармайды. Әйтеуір өлімнен құтылмайды. Билік ертең. Ара биім Сырттан! Атадым аруақты елдің ағайын.

Абай:— Болсын. Мен де тоқтадым Сырттанға. Шеш мойындағы арқанды.

Көкпай, Әбдірахман, Керім арқандарды шешеді.

Жиренше:— Билікке шейін тұтқында болады екеуі де.

Тәкежан: Арқан мойнынан шешілсе, аяғына кісен түседі. Сал кісенді! Айдардың аяғына. Екеуі де тұтқында менің қолымда болады.

Местер Айдарға кісен салады.

Айдар қараңғы жыртық үйде кісендеулі тұтқында. Ажар екінші үйде жалғыз, жүдеу... О да қамауда.

Болыс кеңсесінде, үлкен бай үйде әскери тергеуші Самойлов пен советник Арғыман екеуі Жиренше, Нарымбет, Тәкежанмен сөйлесіп отыр. Арғыман сөйлейді.

— Абайдың Айдарға болысып, мына Нарымбеттің қатынын алып қашқызғаны қылмыс па?

Жиренше:— Қылмыс!— дейді.

— Ендеше Абай халық алдында тентек, бұзар кісі ғой?

— Бұзар кісі!

— Бәрекелде, олай болса, патсаның заңы да бұны істеген Абайды бұзар деп есептейді. Және бір сыр — Семейдің жандаралы да Абайды сенімсіз бұзық кісі деп санайды. Оның осы сахарадағы бар істеп жүрген ісін ұлық біледі. Жек көреді.

— Ендеше ұлық болыссын бізге осы жолы!— дейді Нарымбет.

— Болыссын ба? Дұрыс ол айтқаның. Жа, олай болса неге арыз жазып бермейсіңдер?— дейді Самойлов.

— Арыз ба, арыз ұзаққа кетеді.

— Мен күйіп отырып ұзаққа неге жіберем!— дейді Нарымбет.

— Арыз түбі сенімді. Қаланың сотына тергетпесен, абақты кестіріп айдатып жібермессің?— дейді Самойлов.

— Абақтыға салсақ, айдатсақ Абайды дәл сонда күшейтеміз. Барлық қалың қазақ жоқшысы боп шулап түрекеледі. Біздің басымыз қорлықта қалады,— дейді Жиренше. Арғыман ызаланып:

— Ия, арыз беруден қорқасындар. Өйткені Абай қалай барып ұлыққа арыз берушіні шағымшы, залым, бұзық деп, бар еліңмен жамандап, манаттап қойған. Содан қорқасындар ғой.

Самойлов:

— Жандарал кеңсесіне Қызыладыр болысынан арыз түсті. Болыстарды Абай масқаралап, халыққа жаман үлгі таратып жатыр дейді. Ал сол болыс мынау Құнанбаев сенің... Сендер өз абыройларыңды да қорғаудан жасқанасың Абайға қарсы? Солай ғой?

Тәкежан үндемейді. Самойлов:

— Оның үстіне бүгін біреудің атасы қосқан қатынын алып қаштырып, елді бүлдіріп отырғаны мынау. Ертең

бар қатын бұзылады. Бар қыз қашады!— дейді. Арғыман іле жөнеліп:

— Қалың мал, бата, неке бұзылады... Сол ма тосқандарын? Беріндер арызды.

Ж и р е н ш е:

— Мырзалар, сендер біздің ақылға құлақ салындар. Арыз жол емес.

— Неге?

— Жасырынып барып, сыбырлап айтатын арыз, шағым әлсіздің ісі.

— Сендер қандай қайрат істемексіндер?

— Біз Абаймен ел жолымен ашық алысамыз. Абайды ел алдында әйгілеп, ел көзіне тентек тебір қып көрсетіп, жеңіп алғанша, өзге қимыл қатыспау керек.

— Сонда жеңуге көздерің жете ме?

— Ертең Айдар бұзақылығы үшін Абайдың өзін айыпкер етіп, ел заңын, ата жолын бұзған адам етіп масқаралаймыз.

— Әлдерің келе ме?

— Келеді. Біз Абайды атадан азған, елді бұзған кісі қып шығарамыз.

— Осы қолдарыңнан келсе, айтқандарың жөн!— дейді Арғыман.

— Ендеше біз осының артын күтеміз,— деп аз отырып Самойлов:

— Сендер осы әйел дауының үстінде ел жолымен тентек етіндер! Танбаландар. Солай ететін уақыт келді. Өйткені Абайдың басқа да үлкен кінәсы көп,— дейді.

Т ә к е ж а н:

— Қандай кінә?— дейді.

— Абайдың патшалыққа қарсы айыбы көп. Соның бірі: оның қолында Сібірдің каторгасынан қашқан, патшалыққа қатерлі және бір адам алты айдан бері тығылып ұлықтарға ұстатпай жүр дейді!

— О қандай адам?— дейді Тәкежан.

— Ол кавказ адамы, қашқын, Әлизаде!

— Әлизаде? Әлизаде!.. Әлизаде?!— десіп Нарымбет, Тәкежан, Жиренше бір-біріне қарасады.

— Міне, дәл осындай адамның Абай аулында бары рас емес пе?.. Бар бола біз ұсатпақпыз! Сендер не білесіндер, осыдан? Айтындар көні!

Тәкежан қозғалып, жөткіріп:

— Жо-жоқ. Ай, ондай адамды естімедік қой,— дейді.

Самойлов Нарымбет, Жиреншеге қадалғанда, олар Тәкежанға көз салып, бір нәрсе айтқысы кеп, артынан тоқырап қалысады.

— Есіткен бе едіңдер? Қаңғыған бір бөтен адам! Білсеңдер несіне іркесіңдер? Айтыңдар!— дейді Арғыман.

Жиренше біраз отырып:

— Қашқын десе, осы қашқынын үлкені Долгополов емес пе? Патсаға қарсылықтан айдалған дейді ғой осы жаққа? Рас па сол?

С а м о й л о в:

— Рас!

— Ендеше соны неге емін-еркін жібереді Абайға?

А р ғ ы м а н:

— Долгополов туралы жандарал кеңсесі, Семей шаһарының полицмейстрі арқылы мына болысқа, Тәкежанға қағаз жіберіп отыр.

— Ескерсе, ұлық ең алдымен соны ескерсеші.

— Оны неге айтасың?— дейді Самойлов.

— Айтатыным Абайға неше алуан тіл жеткізіп, хат, кітап жеткізіп, елден, жұрттан ұзатып бара жатқан сол емес пе? Осы сонау өздерің жақтағы патсаға қарсының бәрі білген теріс сөзді ұғындыратын сол емес пе?

— Оның жәйі, жүрісі ұлыққа мәлім. Ол өз жөніне. Сендер қазір жаңағы Әлизаде турасын айтыңдар. Білетін сияқтысыңдар. Айтыңдар. Келгені бар ма? Қайда сол адам?

Жиренше аз отырып:

— Абайға келмейтін кісі жоқ. Талай бөтен жан келіп, кетіп жүреді. Қиырдан келіп Қырымға кетіп жатады. Біз ойланайық! Есімізге түсірмесек?

— Ия, соған рұқсат етіңдер?— дейді Тәкежан.

— Ал, ойланыңдар!— дейді Арғыман.

— Ойлансақ, оңаша барып ойланып көрейік!— Тәкежан, Нарымбет — екеуің бері жүріңдерші,— деп Жиренше Тәкежан мен Нарымбетті ертіп кетеді.

Самойловқа Арғыман:

— Басталды қырдың саясаты!— дейді.

— Абайды ұстап бергісі келмейді бұлардың. Елден қорқады. Атағынан қаймығады.

— Осы соңғы жайды еге высокопревосходительство губернатор да ойлайды білем.

— Бірде-бір жан айтпайды. Не деген қиын шытырман? Тінтсе қайтеді?

— Ол рұқсат етілмеген. Мыналарды тосайық. Абайды осылар ел алдында жыққан сағатты аңду керек. Дәл сол уақытта Әлизадени ұстап алып, Абайдың өкімет алдындағы айыбын тағы тосу керек. Сол екі айып, екі үлкен айып Абайды ел арасынан айдауға мейлінше жетеді.

С а м о й л о в:— Дұрыс байлау. Сот, билік күніне Әлизадени не қылса ұстап жеткізу керек!— дейді.

Жиренше Нарымбет, Тәкежанмен отырып:

— Әлизаде! Өзі әлі кеткен жоқ қой?— деді.

— Кеткен жоқ, Абай мені аяп отыр ма? Ұстату керек осыны!— дейді Нарымбет.

Тәкежан қарсы.

— Мені қайтесің, Нарымбет. Ол ауыл Абай аулы деп аталмайды, Құнанбай аулы дейді. Әкем Құнанбайдың аулынан қонағын ұстатып беріп, мен жер үстінде қайтып жүрмекпін?

Жиренше түсінді:

— Рас айтады. Ол елде жоқ сұмдық. Абайды бұнымен жықса ұлық өзі жықсын. Біздің жарамыз ол емес, Айдар пәлесі де жетеді. Ел көзінде былғанбай алысамын. Тигізбейміз ол қашқынға!— дейді.

Н а р ы м б е т:— Ендеше тым құрымаса аулынан кертіндер Абайдың. Шеттеу ұстаса Абай да, сен де абыройдан айрылмайсың!— дейді.

Самойлов пен Арғыманға бұл үшеуі келіп:

— Әлизаде дегендерің жай жала болу керек. Ол бұл маңда болған емес,— дейді.

Самойловтар бұл жауапқа үндемейді. Арғыман аздан соң:

— Ендеше сендердің сертің айтылды. Абайды мына Айдар билігінде барды салып жығуға, жұрт көзінде масқаралауға міндеттісіңдер!— дейді.

— Міні, бұның ақыл. Бұл біздің адал ашу жолында қатты аямай соғатын жеріміз,— дейді Жиренше.

— Аямайтын би де керек. Сырттан сондай билікке берік пе?— деп сұрайды Арғыман.

— Сырттанға өздерің ата жолын берік ұста, жазалыны аяма деп қатты айтындар!— дейді.

Осы жиын ортасында Сырттан. Жабырқау түсті ұлы

қарт Сырттан мынау ұлықтар пішінін ұнатпай, сөздерін қырыс пішінмен тындап отыр.

Арғыман сөзін аяқтап:

— Ата жолынан ұл мен қызды аздырушы ата дұспаны, ел дұспаны. Өлім керек болса өлім бұйыр, ақсақал. Ұлық қостамайды екен деме? Ұлық елдің тыныштығын бағады. Серігің берік. Шалқайсаң Шыңғысың, еңкейсең Ертісің сияқты артында ата жолы, алдында закон, ұлық жолы!— дейді.

Сырттан келте қып қайырып, қатқыл бір-ақ жауап айтады.

— Ара бимін. Билігіме қолқа жоқ. Тексеремін, тұра-сын айтам. Жазықты болса менің жолым қатты жол. Тек, бірақ, билігім қағаз жолымен жүрмейді, құдай жолымен жүреді. Төрем, білдің бе? Сөзім сол-ақ. Сөйлемдер. Қилікпендер!— дейді. Жұрт үнсіз. Арғыман өзінің байламы етіп:

— Абай масқара болу керек ел алдында, осы билік үстінде. Ел жиреніп лағнет айтып, шығу керек оған!..— дейді. Өзгелер үнсіз.

Абай мен Тәкежан. Тәкежан ызамен сөйлеп отыр.

— Мені қандай отқа салып жүргенінді ұғатын күнің бар ма осы сенің!

— Не бопты?

— Әлизадені ұлық қуғызып отыр. Самойлов көп стражникпен қуа шықты. Енді сенің аулыңнан ұстатамын!

— Ұстат! Несі бар. Несі бар. Кешегі Айдарды ұстатқаннан қиын боп па? Ұстат ұлыққа!

— Ұстатар ем жіпті. Ауыл сенікі емес. Әкемнің, Құнанбайдың ауылы, аруарын қайтып аттаймын. Мен Әлизаде бұл жақта жоқ дедім. Өтірік айттым. Бірақ ол қаншаға аужая болмақ? Өтірігім ашылған күні мен не болмақпын? Өтірік емей немене бұл? Ол ғана емес, кеше Долгополов саған қонаққа келді. Бүгін міне сонымен ілесіп жандарал кеңсесінен қағаз кеп отыр. Ол патсаға қарсы адам. Көз алмай бақсын депті. Ол қайда, менің өкем аулында... Кімнен? Сенен? Бұл өтірік емей немене?

— Өз елінен қуғын көріп, қашып шыққан Айдар әні. Баурыңа алып, ел көрмеген бүлік басы болып отырғаның. Кімнен айрылып, кімді тауып отырсың? Ағайын мен жақынның көңілін қарайтып отырған жоқпысың? Бұл өтірік емей немене... Жолдасың қазақ емес, орыстан, жө-

ні түзу адам емес, қашқыннан, бүліктен... Қайда барасың осы сен? Бүгін бас тартпасаң ел биі ертең Айдар үшін сені жығады. Не болдың соңда? Алыстағы ұлықтан, жақындағы елден, бәр-бәрінен сенімен қоса мен де ажырайын ба?.. Түспеймін ендігі отыңа!

— Ендеше арыла келген екенсің. Бар да мені жаулай бер. Кімге қосылу өзіңе пайдалы болса, соған қосыл, ұқтың ба?

— Ең болмаса маңыңнан кетірші. Кетірші анау Долгополовты.

— Кетпейді ол. Менің ардақты досым сол.

— Бірақ оны айтып-айтпай немене, сен екеуіміз ұғыспайтын жерге кетіскеміз.

— Ендеше тым құрымаса Әлизадені ұстатамын. Абыройдан айырыла алмаймын біржолата.

— Әмірін жетсе ұстатып көр.

Әлизаде, Баймағамбет келеді. Әлизаде түйілген, ренішті.

— Абай аға, өмірде бір жанға қарыздар болсам оным сіз. Көп жақсылық көрдім. Енді маған рұқсат етіңіз. Мына Тәкежан маған бүгін барды айтты. Мен жүремін.

А б а й:— Жүрмейсің. Қасымда қал, Әлизаде.

— Жоқ... Мені ұстаушылар жосып жүр. Ең болмаса сенің аулыңда ұсталмаймын. Бұны қатты өтінем. Енді мені жөнелт, Абай аға.

— Олай болса сен ұсталмайсың. Еліңе аман жетесің. Мынау болыс сенің досың емес. Бұл менің ағам болса да, менің де досым емес. Бірақ көзінше айтар сөзім сол болсын. Бүкіл сонау Атырау теңізіне шейін қазақ баласы бар жерде, менің сәлемімді ашып айтып отырып жол тарт. Мынау Баймағамбет сені көп жерге шейін шығарып, ертіп апарып салады,— дейді.

Әлизаде, Баймағамбет Абаймен құшақтасып аттанып жатады.

Абай сүйісіп құшақтасып, қолынан хат беріп:

— Жолдағы қалың ел қарындасқа арнаған мынау менің бедел хатым. Баймағамбет осы ұлан ұзақ Арқада кім болсын, кім ұлық болса, тіпті, соның өз аулына қондырып түстендіріп отыр. Ұқтың ба? Болыс қасың болса, дәл соның аулынан, маңындағы елінен талай жан досың болатынына мен кепілмін. Сенің елің намыс елі еді. Сондайлық елдің қасиет намысы менің халқымда да бар. Соған сен, ол сені ешкімнің қорлығына бермейді. Бұл

сахара жайлаған, ар-намыс, абырой күткен ел ішінде,— дейді.

— Ол ғана емес, Абай аға! Алты ай бойы қасында болғанда, сенің еліңнен алған сенімді берік серіктерім тағы бар. Оны жандарал мен болыстардың қылыш-мылтығынан осал деп білмеймін. Қасымда сен болған соң, мен қатіргіден кетіп, осы сахарادا ұсталсам өлгенім артық...— дейді.

Баймағамбет, Әлизаде кете береді. Артынан Долгополов, Абай, Әбдірахман ұзақ қарап тұрып қалады.

III-БӨЛІМ

Дөң басында отырған Жиренше, Тәкежан, Арғыман дарға бір атты шауып келіп хабар айтады.

— Мынау бір-екі топ қалың қол келеді. Шет ел, алы ел адамдары. Іздегеніміз Құнанбай баласы дейді.

— Құнанбай баласы болса мұнда! Мынау Тәкежан! Бері шақыр!— дейді Жиренше.

Жиырма-жиырмадан екі бөлек топ болып найман тымақты бір лек, керей тымақты бір лек жүргіншілер келеді. Орталарында екі топтың екі үлкен қариясы бар. Найман тобының басы Қартбай. Керей тобынікі Жортар қарт. Екі тобының да аттары жарап, сабылған, қара терге түскен. Қарттардан өзгенің бәрінің білектерінде сойыл, шоқпарлары бар. Кейбіреулердің қолдарында найза, жақындап келісті. Амандасты.

— Уа, жол болсын?! Ағайын не қып жүрген жансындар?— дейді Жиренше.

Қартбай, Жортар аттан түсіп, отырысады. Қартбай сөйлейді. Өзге жиын ат үстінде төменірек тұр.

— Уа, біз мына екі топ жауласып, қан төгісіп жатқан екі ұру елдің елшісіміз. Менің тобым сонау Жетісуға қараған найман. Мынау топ түү анау Қарқаралыға қараған керей. Елімізден осылай қарап шыққалы алта болды. Арада қатты дауымыз бар. Балқыбек деген бір өзенге даулымыз. Келіссөзбен тоқтаса алмадық. Елдеріміз алысып, шабысып жатыр. Бірнеше кісі өлімі болды. Сол елдеріміз арадан әделет, туралық билік айтсын деп осында жіберді. Іздеп келе жатқаным Құнанбай баласы. Соның әделетін іздеп келеміз. Жөнін айтып, жолын көрсетіндер, ағайын!— дейді.

Ж и р е н ш е:

— Алыс жол шегіп, арман етіп келген екенсіңдер. Құнанбай баласы ат шалдығатын жерде емес. Дәл міне алдарыңызда отыр,— деп, Тәкежанды көрсетеді. Жортар, Қартпай екеуі де Тәкежанмен түрекеліп, құшақтасып көріседі.

— Өксіп келдік, қарағым!— дейді Қартбай. Жортар Жиреншеге қарап:

— Қалған жөнін тағы өзің айт, Құнанбайдың қай баласы бұл кісі?— дейді.

— Сендер іздеген баласы осы. Осы болу керек!

— Сонда да атын, жөнін айтшы. Іздегенімбекен?

— Құнанбайдың аға баласы осы. Болыс баласы осы. Іздегенің емей кім болушеді.

— Уа, жолың болсын, азамат. Жөнін ұғындырдың. Бұл мырзаның да жолы болсын. Бірақ біздің іздегеніміз бұл баласы емес еді.

— Е, енді кім керек? Үлкені осы, болыс ұлығы осы.

Жортар салқын тартып, тұруға қамданды:

— Уау, үлкен іздесем, ол үлкен елімде де бар еді. Өзім де бір топтың үлкені едім. Менің іздегенім Құнанбайдың Абай деген баласы, енді айтайын.

— Абай не ғып ыстық боп еді?— дейді Арғыман.

Қартбай жауап береді:

— Жасы үлкен әр жерде көп, әделеті үлкен Абай ғана деп есіттік. Болыс деген одан да көп, Абай біреу ғана деп есіттік,— деп Тәкежанға қарап:

— Айып етпе, сен мырза, Абайдың «Әделет деп, елім деп» айтқан өсиет, өрнек сөзі еліміздің ішіне толы еді. Балабақыршымызға шейін бар жақсы лебізін білуші еді. Абай сенің ғана інің емес, тобықтының ғана баласы емес. Қалың қазақ баласы еді. Соның өзі өсиет еткен әделетін іздеп келеміз!— дейді.

Тәкежан, Жиреншелер үнсіз. Арғыман жақтырмай, тыжырынып қалады.

— Надан, соқыр жұрт! Адам керек пе, атағы керек бұған. Атағы барға барын апарып үйіп төгеді,— дейді.

* * *

Абай үйінде, үлкен жиын қақ жарыла отырған. Орта тұста Абай. Бұның маңында Керім, Әбіш, Көкпай бар.

Төрде Қартбай, Жортар дау айтысып отырған кісінің күйінде. Ж о р т а р А б а й ғ а қарап:

Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.
Жақсы менен жаманды айырмадың,
Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың.

деген сөзді сен айтыпсың, Абай. Қалың елің, қайран жерің үшін егіліпсің, азаматым. Мен соның үшін келдім саған. Мынау Қартбай айтарын айтты. Осыдан жүз жыл бұрын кесігі айтылған. Балқыбек өзені найманға бұйырылған деді ғой. Жүз жыл бұрын айтылғаны рас. Бірақ билікті кім айтқан? Осы тобықтының сол күнгі биі Кеңгірбай айтқан.

Абай маңындағы жастар аңырып, анталай қарайды. Қалай айтқан? Жақсы менен жаманды айырмай айтқан. Ара би айтты деп керей Балқыбектен айрылса да, сол жүз жылдан бері әделет көрмедік, қиянат, теріс билікке ұшырадық деп наразы боп келген. Әлде болған күнінде ол осы өзен үшін, жүз жыл ішінде кем қойса, жүз рет алысқан, қырқысқан болар. Енді биыл сол жүз жыл ар жағында жатқан сырдың бір түйіні табылды. Мына найман ішінен керейге ұзатылған Таңсық дейтін қыз болыпты. Бүгін ол Таңсық 80-ге келген кемпір. Найманның сол жүз жыл бұрынғы дауында елінің тап қол басы, найза басы болған мықты ауылдың қызы еді. Сол кемпір өмір бойы жасырып келген бір сырды ашты. Оны да жақында болған бір төбелестен соң ашты. Найман қолы Таңсық кемпірдің жақсы көрген немересін өлтіріп еді. Соған күйініп барып, бүйткен найман менің елім болудан кетті. Енді аталы ел найман намыс деп іркіп келген сырымды ашамын деп, сонау жүз жыл бұрын болған Кеңгірбай билігінің сырын ашты. Ол сырды бұл кемпір өзінің сол заманда келіншек болған шешесінен, Қамқадан ұғыпты. Және не сыр дейсіздер ғой? Сырдың ауыры да, айыбы да сол. Кеңгірбай найманға Балқыбекті керейден алып бергенде, пара ап жеп отырып алып беріпті. Таңсық кемпір сонда параға берілген бұйымды айтады. Ол үлкен күміс — бесік жамбы екен. Жәй жамбыдан бөлегі не?

Жұрт тегіс анталап, қозғалып, жылжып, тығыздала бастайды. Бұл әңгіме үстінде Жортарға оқты көзімен керемет қарап, намыстанып келген тобықтылар да есік-

тен төрге қарай қыстығып тіреліп тұрып қалған. Жортар тобынан белгі алады. Ол ақ жібекке кара кестемен шеккен, найманның «шөміш» таңбасының белгісі және жүл-дыз құрттай қозаның суреті.

Жортар осыны жазып, халыққа көрсетіп:

— Жай жамбыдан бөлегі осы мына таңба. Кеңгірбайға параға беретін күні жаңағы кемпір Тансықтың атасы жамбыға «күндердің күні үшін» деп осындай таңба соқтырыпты да. Қамқаға оюын шектіріп сандығында қалдырған екен. Міні, менің, менімен бірге елімнің дауы да, дәлелі де осы. Жүре ме осы куәлікке? Бола ма осы айғағым айғақ? Әділ таразына сал, өзің шеш, Абай.

Найман жағы күледі. Алдымен Қартбай күледі. Бұлардың күлкісін ызалы тобықтылар қостайды.

Қ а р т б а й:

— Жортар-ай, өзің ұзақ жортсаң да теріс жорттың-ау. Кестені жүз жыл бұрын шеккен қол бүгін де шеге алады. Жамбы деген бір тас. Онда тіл жоқ. Қай жамбы мен сол найман берген жамбымын деп тіл қатады? Әдейі келгенде Абайға басқа бір іркіп келген айғағың бар ма деп ем. Мынауың күлкі ғой. Айтар дауым да жоқ тіпті мұнына. Түс пе, алжу ма бұл немене?— деп тағы күледі. Тобықтылардан жас жігіт намыстанып үн қатады:

— Көрде жатқан атамыз Кеңгірбайға кір тағып, осындай бұлдырды қуып та келеді екен?— дейді.

Абай кестеге қарап, көп қадалып қарап қалған. Бір сәтте, ойланып отырып:

— Кеңгірбай би. Сол айтқан Кеңгірбай менің атам, Жортар қария!— дейді.

Наймандар қайран боп тағы күле бастайды. Жортар жағы шошынып, сескене түңіле бастайды. Жортар ғана үнсіз. Абайды бағып отыр.

Аздан соң Абай есікке қарап:

— Шақырындаршы Еркежанды!— дейді.

Жұрт таң болып қалған.

Еркежан кіргенде Абай төрдегі қалың жүктің ортасындағы бір үлкен сандықты көрсетіп:

— Ашшы, Еркежан, мынау сандықты!— дейді.

Еркежан сандық ашып, Абай қолына бір кішілеу қол сандық ұстатады. Абай соны ашып, жібекке қаттап ораған үлкен күміс алады. Бесік жамбы.

Жұрт қайран болып, анталап төне түсіп, бірге қарауға асығады. Абай кестені қолына алып отырып, жамбы-

ның жалпақ жақ бауырын айналдырып қарап-қарап алады да:

— Кенгірбай менің атам. Мынау жамбы сол кісінің заманынан біздің тұқымның үлкен шаңырақтарын аралап келе жатқан ескі бұйым еді. Осыны менің үлкен шешем Зере марқұм арғы, үлкен биден қалған «көз» деп еді. Екі елдің арасына билік айтқанда әділдігі үшін алған сый деп еді марқұм. Таңсық кемпір бүгін ауыр сырдың түгін аударыпты. Маған да ауыр сыр ашыпты. Көр, халайық, мініки,— деп жамбыны жұртқа бұрады.— Не деп тұр мына куәліктер?— дейді. Кесте мен жамбы таңбасы оң шығады.

Тобықты жігіттері намыстанып, әрі ұялып, әрі аса қатты сұмдық көргендей шошынып, жағаларын ұстайды. Соның бірі Керім. Абайды тоқтатқысы келгендей боп өзін-өзі зорға ұстап отыр. Қартбай түйіліп төмен қарап қалады. Жортар жүгініп алып, Абайға қадала қарап, әр сөзін аңдып қалған.

Абай қысқа, қатты, ажарлы байлау айтады.

— Би емеспін. Бірақ шындықты ашар айғағым бар. Қуә болдым, ағайын. Алыс заманнан бүктөліп келген жат бір сырдың куәсі болдым. Атам айыбы үшін ұяламын. Жүз жыл бойы керей көрген әделетсіздік үшін қиналамын, қан жұтам,— деп жамбыны қолына көтеріп отырып:

— Параны алған қол мен берген қол екеуі бірдей кінәлі қол. Атама атаң берген ұят белгі мінеки! Ең болмаса бүгінгі ұрпақ ары тазарсын. Мә найман. Жамбыңды өзің ал!— дейді. Үй іші дүр еткендей таңырқап аңырып қалады.

Абай екі биге қарап:

— Жамбы найман өзіне қайтса, іс адалын тапсын. Балқыбек өзені керей сенікі,— дейді. Керейлер қуанып, жадырап, алғыспен қарайды. Жортар жаңағы отырған қалпынан атқып келіп, Абайды құшақтап алып:

— Төреңе құлдык, қазым!— дейді.

* * *

Абай мен Әбіш. Қөкпай, Керім. Әбіш Абайға тағызым етіп иіліп:

— Аға, келер ұрпақ нәсілің үшін де, солардың арын ақтағаның үшін де алғыс айтар,— деп әкесінің қолын

сүйеді. Керім бағанадан билікүстінде қиналып отырған қалпында қалады, тұнжырап отыр. Абай соған қарап:

— Немене, Керім! Сен неге тоқырап қалдың?— дейді. Керім ауыр қозғалады, төмен салған басын жәй ғана көтеріп, Абайға қарап:

— Абай аға, мен қиналып отырмын.

— Көріп отырмын, мәнін айт.

— Қыбыла қайда екенін жаңылып бара жатқан сияқтымын. Ел қыбыласы не боп барады? Не істедіңіз? Күдікте қалдым ғой, Абай аға...

Абай күліп, Керімді сергітіп:

— Біз ұлы қыбыла іздеп жүргеніміз жоқ. Ел үшін де, өзіміз үшін де тірлікке жетекші болатын қыбыламыз деп жүрміз, ақын досым. Ол қыбыланы жүріспен, жорықпен, тартыспен барып табамыз. Бүгін саған айқын болмаса ертен еңбекпен өмір талқысын көріп барып ашылғанда, алдыңнан мен мұңдалап көрінеді. Алдыңа сен. Артына снынба!— дейді.

* * *

Жиренше, Нарымбет, Арғыман тегіс ашулы. Бүліне, булыға шапшаң сөйлесіп тұр.

Арғыман:

— Ұмытармысың осы қылығын? Кеңгірбай парақор. Кеңгірбай арам деуге аянбай батылы барған... Өлі аруақ, қадірлі ата Кеңгірбайды көрінде аунатып түсірген қорлығы, намыссыздық қылығы үшін әсіресе жазалау керек ертең Айдар билігінің үстінде.

Жиренше:— Жаман би жанынан деп! Өлмес жерде өлтірер ме сүйегімді!

Нарымбет:— Әделет! Не қылған әделет? Қорлық бұнысы да. Ертең Айдар билігінде, жұрт Кеңгірбай жолын ұстанбасын, Еңлік — Кебек жазасын атамасын деп әдейі істеп отырған жадыгөйлігі бұнысы...— дейді.

Жиренше:

— Көрермін, Айдарды аман әкеткенінді. Енді әсіресе аруағым үшін, қасиетті бабам Кеңгірбайдың абыройы, аруағы үшін әсіресе соның жолын ұстанам... Дәл Кеңгірбай атымен Айдарына өзім қоса билік үкім шығартып, аластаймын ел арасынан. Айдарға жәрдем қолын создым дейсің ғой осымен. Жоқ, сол қолдан ұстаған бойыңда Кеңгірбай қарғысына ұшырап, түпсіз қараңғы тұңғыққа құларсың осымен!— дейді.

Арғыман, Нарымбет жасырын әңгіменің түрінде.

Н а р ы м б е т:— Әлизаде деген қашқын деп едіңдер ғой. Сол өзі бар адам боп шықты. Анығын білгін келсе, қазірде күнбатысқа қарай қашып, ұзап барады дейді. Абай, Айдар тергелетін күнге ұсталу қажет дедін ғой. Ал ендеше қапы қалма, қуғыз, қуғызып бақ!— дейді.

Арғыман Бұғылы болысына, Шаған болысына, Делбегетей болысына деген пакеттерді бөлек-бөлек былғары сумкелеріне салғызып беріп, үш стражникті жөнелтіп жатады.

— Суреті міні!.. Кеткені жаңада... жетіндер!.. Аз күн ішінде осында, дәл осы араға алып жетіндер!— дейді.

Қылышты, алтыатарлы стражниктер қазақ атшабарын басшылыққа алып, салт атпен жөнеліп бара жатады.

Абай жалғыз. Жазу жазып, қиналып, ауыр ойланып отырғанда Көкпай, Керім келеді.

— Сырттан келді!

— Сырттан... Сырттан қарт келді!— деседі.

Абай тез қозғалып:

— Айдарға кесік айтатын үлкен би! Ара би сол Сырттан! Бар, қарсы алыңдар!..

Керім, Көкпай, Әбіштер құрметпен Сырттанды кіргізіп төрге отырғызады. Абай түрекеліп қарсы алған.

Сырттан үлкен ақ сақал, ақ қасты, зор денелі салқын, сырдаң би Абайға қарамай сөйлейді.

— Ағайын ел қолқа салды. Алмасымды аламын. баспас жерге басам да.

— Біздің де ара биге тілегеніміз сізсіз қария. Аманат ауыр екенін білеміз. Бірақ жасы үлкен ағасы боласыз халықтың. Сіз көтермей кім көтерсін салмақты.

Сырттан сөзді салқын тындап, естімегендей боп:

— Анау адасқан әйелді, Ажарды шақырттым осында. Сенің көзіңше сұрайтыным бар деп жастарға қарайды. «Барыңдар!» дегендей белгі етеді. Абай да жастарға қарап, басымен белгі етеді. Керім, Көкпай, Әбіш шығып кетеді.

С ы р т т а н:— Ара ағайын, ара бимін. Әуелі сенін өзіннен арыла келген үш сөзім бар.

— Айтыңыз, қария.

— Ағайынның үгініске барғаны жұлысуға шыққаны. Билікке бармай бітім тап азарыңмен.

— Қалай тап дейсіз?

— Айдарды айыптысың деп тыйым салып тоқтат та, Ажарды Нарымбеттің аулына қайтарт.

— Ақсақал, Айдар жалғыз. Жауы менсіз де көп. Жау тобына қосыла алмаймын.

— Қосылмасаң қалыс бол. Қорғама Айдарды, бойың тарт!

— Оған да жоқпын, ақсақал.

— Ара ағайын, ара бимін, соңғы сөзім тобыңа да, өзіне де пәле шақырасың. Жау шебі молаяды. Елден, жұрттан айрыласың, соққы жейсіңдер. Осынша пәле тілеп не күн туды басыңа сенің, Абай.

— Қалың топ қарғадан қорқып, ұясын тастап безер бөдене бола алмаймын. Алысып көрем-не көрсем де, ақсақал.

С ы р т т а н үнсіз. Жым-жырт үйге Ажарды алып кеп жүгізеді. Екі қатқан, суық пішінді кемпірлер. Сырттан оларға қарамай, суық үнмен сөйлеп отыр.

— Ата-баба көрген емес сен істеген сұмдықты. Мынау сақал, шаш ағарғанша мен естіген емен мұндай сұмдықты. Қаралы күн өзі ұясына жетіп батып болмайынша үзілген емес тақтүсте, қаралы нөқта өзі шешілмей кесілген емес күнакар қолмен. Өздігіңмен басқан жоқсың бұл жолға, аздырған, жетектеген бар. Ол Айдар! Сол емес пе? Айт шыныңды.

Ажар қанатынан оқ тиген балапандай дір етіп, ақырын дауыспен баяу ғана:

— Алдияр, ата, ол емес... айыпты өзім!— деді.

— Арашалап, ақтамақсың Айдарды. Ендеше бірге бастың қазаға. Алдың өлім.

Ажар жүзі енді ашылып, ашыңғандай. Қорқыныш, өкініш жоқ. Іштегі нұр сәуле зор сәулемен жарқырағандай боп, Сырттанға, Абайға қарады. Абай үнсіз. Мұнменен, көз алмай қарайды Ажарға.

— Қадірменді қария, ел ағасы жақсылар, алдым өлім болса, ең соңғы бір датымды айтсам, рұқсат па?

С ы р т т а н соны естімек сияқты. Түйілген созық, ақ қастары жыбырлай түсіп:

— Жалған араласса билігіме жарғыласқалы тұр, ағайын. Азамат қаны төгілгелі тұр. Адасқан бейбақ сорлы, әйел, білермісің барды сен. Жан кұманың үстінде имандай шыныңды айт десе, танырмысың таразының қасиетін. Жаныңменен шыныңды айт десе, ер азамат болса арынан жанын садаға етер еді. Айтармысын сондай қиын шыныңды.

— Алдияр аға, айтайын жанымдай жалғыз шынымды.

— Сөйле ендеше.

Ажар сөйлеп отыр.

— ...Бекінгенім өлім еді. Тәңірінің жарық күні сөнген еді мен үшін. Көк тамырда тірлік қаны емес, өлім көлеңкесі жыбыр қағып жылжушы еді. Нарымбет алмақшы, қаралы күн бітпекші, үш қатынның бірі боласың деген дағдылы зорлық әмір келді тірліктен. Шошына кірді қаралы мұңды отауыма. Мен өлімге бекіндім. Тек қана сол шақта барлық жастық жүрегімнің әлсіз нәзік тіліндей боп ән жетті бір жақтан. Әуелі менің арманды, қыршын өмірімнің иманы болар дедім. Бір түн емес, көп түндер естушем. Менің ғана тірлігімнің зары. Менің ғана жүрегімнің өзіне ғана айтқан сыры деушем. Бір түні ән жақындады. Бақсам айтушы кісі бар екен. Жердің, адамның әні екен. Ессіз болдым. Құрымақ болдым. Бұрынғы көп түндер қиял серігім болған шағын ойладым, сол әнді еске алып тұрып өлмек болдым. .

Тағы айтып отыр. Абайдың көзі жасқа толғандай... Соншалық ағалық мейір шафқатқа, алғысқа толып телміріп қапты.

Сырттан суық, бірақ күрсініп тыңдайды.

— ...Қара түнде мойныма арқан тағып, енді асылып өлмекке жеттім. Сонда арқанның шалма тұзағы кеңейіп, екінші бір бас келіп, арқанға бірге асылмақ болды. Ән... ән иесі сол екен. Оның өлімге бірге басуға бекінгенім көрдім де, тірлікке мен өзім шақырдым. Ол емес, мен бастадым қарсылыққа!— деп тоқтайды.

Сырттан Ажар жүзіне, соңғы сөздер тұсында үрке қарағандай қадала қарап қалып, енді баяу күрсінді:

— Қылған ісің жат еді. Сырың да сондай жат екен. Ата жолдан, қаралы қалдан аздырған сені ән екен. Сыры бөлек ән екен. Өзің білемісің, есінде ме сол ән.

Ажар жүзі бақыт ұшқынымен жалт еткендей болады. Ол ер, шыншыл жүз.

— Білемін... Есімде...— дейді.

— Айт ендеше.

Бұл күнге шейін тастай боп, қатып отырып қалған кемпірлер шоқ түскендей бүлініп, түлен тұтып қалады. Сұмдық күтеді. Абай Ажарға сүйеніш болғандай ағалық мейріммен, болымсыз жымиып қарағандай. Ажар жүзін Абайға бұрып, рұқсат сұрағандай қарайды. Бөгеледі.

— Білмекпін мен барынды. Айт сол аздырған шыныңды. Барлық бөгде сырынның ұшығына жеткіз көзімді,— дейді.

...Ажар Абайға қарап ән айтып отыр:

— Амал жоқ қайттым білдірмей,
Япырмау қайтып айтамын.
Қоймады дертің күйдірмей,
Не салсаң да тартамын.

Ән өзгеше шерлі жүрек мұңынан бу алған. Соншалық ыстық жалын шалып тұрғандай.

Талайсыз бақытсыз мен сорлы
Еріксіз аттап ұяттан.
Қорлыққа көндім бұл құрлы,
Байқалар қалым бұл хаттан.

Тоқталмақ сияқты еді. Сырттан қадалып тындап қапты. Абай көзіне кәрі жартас арасынан, сусап созған ыстық қызыл тас арасынан күміс бұлақ мөлдір суы ойнап, аға жөнелген тәрізді. Абай тағы айт дегендей телміре қарайды. Сүйсініп, мейір атып қарайды. Жалын шалған ыстық жүз, жасқа толы нұрлы көз ұяттан алыстап, биік кеткен сияқты. Сол Ажар, ол тағы айтып барады.

Шеш көңілімнің жұмбағын,
Әлде бәрі алданыш,
Жас бала жайып саусағын
Талпынған шығар айға алыс.

Ән тоқтаған. Сырттан түнеріп қалған қалыптан дүр етіп оянған қарт бүркіттей, шоқтығы шығып:

— Кім айтты? Кім өлеңі бұл өлең. Жоқтау сөзін жойдырып жалын тастаған кім бұл өлеңмен, айт!

Ажар көзін төмен салады.

Абай енді соншалық бір ірілік, үлкендікпен, шалқия қарап, суықтау ажар жиып:

— Қария, бұл сөзінді Ажардан сұрама, менен сұра!.. Ол орыстың мұңлы қызы Татьяна айтқан шер еді. Жазған орыс бәйітшісі Пушкин. Мынандай сөз, мынау әнмен ел жасына жайған мен, мен едім!— дейді.

Сырттан селт етіп, Абайға жат жүзбен ұзақ қарап алады да, кемпірлерге белгі етеді. Ажарды алып кетіседі. Абай қасына Керім, Көкпай, Әбіштер келеді.

Сырттан томырылған ашу сырын бетіне жиып, Абайға:

— Естір жайларды естіп, білер бәленің бәрін біліп болдым. Енді билік күнім жақын. Ана жақтың даугер биін айтпақпын. Ол Жиренше. Енді сендер биінді ата. Сөздерінді кімге ұстаттың білдір маған!— дейді.

Абай сенімді жүзбен, Сырттан сұрауына таң қалғандай боп:

— Кімге ұстатамыз? Ұстайтын мен. Мен өзім сөйлеймін Айдар, Ажар арызын!— дейді.

Сырттан ызамен жымиып Абайға бірінші рет қарап, қатты ажармен:

— Жоқ, сен сөйлемейсің!— дейді.

— Неге, қария?

— Сен жауапкерсің. Жаңағы сыр нені айтты? Кімді ұстатты? Жауапкер болсаң даугер бола алмайсың.

Абай мен шәкірттер қатты сескеніп, қиналып қалады.

— Ялырай, не дейді. Сондай тосқауыл бар ма еді жолында, есіл Ажар!— дейді.

— Айт, ата биінді. Мен жүремін.

Абай Керімге қарап, үмітпенен оянып:

— Ендеше біздің сөзді ұстайтын Керім!— дейді.

Керім жақтырмағандай, күтпегендей үркіп, қарсылық білдіргісі келеді.

— Жоқ, сен, сен айтасың. Ең аяулы ақын інімді ең жүйрік жақын інім деп саған тапсырам. Саған тапсырам Айдар, Ажар тағдырын!— дейді.

Керім үнсіз... Сырттан кетеді.

* * *

Абай қинала толқып, Көкпайдан ауыр сыр естіп отыр. Көкпай:

— Айдар өлім күтеді, Абай аға. Өлмейін деп отырған жоқ. Бірақ ер сынын білдіреді. Жазып отыр. Талмай, қайтпай жазып жатыр Еңлікті!

Абай алғыс айтардай, үлкен жұбанышпен қарайды. Бірақ ауыр ойлар қайтадан қабағын түйгізеді.

— Жеткіз менің ағалық үнімді, Көкпай. Жазсын Айдарым Ажар маған барды танытты. Інім, бауырым, ақындарым ғана емес. Халқымның санасы оянған қыз да сондай қанаты жетіліп қатарға қосылып қапты. Екеуінен аянар жаным жоқ. Осыны айт. Екінші жазсын. Төгілмей жазсын Еңлікті деп отыр.

* * *

• Қараңғы, түнлігі жабық үйде Айдар аяғында кісен бар. Іргенің әлсіз жарығына жабысып жазып отыр. Кісен кей қозғалысын қатты қайырып тастайды. Аяғы жар. Бірақ Айдар толқына жазады.

Қасында Көкпай.

— ...Солай деді Абай ағам. Қараңғы қамау орнына келер заман күнін көріп отырып жазсын...

— Келер заман күні...— деп Айдар ашаң жүз, жарқыраған көзія жоғары көтереді.

— Ажарым... Ажарым не болады?.. О сорға батқан Еңлігім менің...— дейді. Бірақ жасып айтпайды, тістенгендей.

— Терең сөзің шыңыраудың, қараңғы қамау зынданның түбінен алыстағы аспан көкке көз салсаң, күндіздің өзінде жұлдызды көресің деп еді, бірде Абай ағам. Мен осы қамау қорлық зынданның түбінен көпті көріп отырмын,— дейді.

— Міні, ендеше осыны айт жырыңда, жасқанбай айтсын... жеңдірмесін жазаға... Қара толқын қайғы-шер ақын намысын уламасын бір сәтте. Толқыған теңіз жағаға меруерт атқандай, осы уайым, ауыр ой нұрдай жарқын жыр толқысын халқына деді Абай ағам,— дейді.

Айдар жүзі бір болымсыз сәулеге қадалған. Намыспен саналы сыр толған ойшыл көзіне, кішкентай алтын теңгедей боп күн сәулесі түсіп тұрып, кейде жылжи биік сұлу ақ маңдайына түседі. Толқып ойланып қағазға бұрыла беріп қабағын шытып қалады. Аяқта ауыр кісен шылдыр етіп баса береді. Айдар аяғын кісенмен қоса сипап қойып, қағазға қайта төнеді. Жазып жатыр. Тыста қылышы бар қарауыл жақын. Екеулеп жүр. Айдар жаза түсіп оқып, оқып кетеді.

Қабағын түйіңкіреп есінеген сияктанып барып әнде-теді, үнсіз әндетеді. Сыбырлап жырлап, ырғала-ырғала барып, кісенін көтеріп, домбыраша қаға беріп, желдір-меге түскендей суылдап, жөнеліп кетеді. Қызумен қағаз, қарындашқа ұмтылам деп кісенді тастай береді. Аяғына ауыр кісен соға түсіп, қабағын шытынып қалып, тағы жырына көшеді.

IV-БӨЛІМ

Болыстың үлкен үйінде төрде Баймағамбет, Әлизаде қымыз ішіп отыр. Биік төсек жанында келбетті кәрі бәйбіше, байыпты ана әр нәрсені сұрап, Баймағамбетті тындап отыр. Қымыз ішіп отырып бәйбішеге бұрыла қарайды Баймағамбет. Тыстан болыс кірді. Қасында атшабар, старшиндары бар. Қолында пакет қағаз, Баймағамбеттерге қадала қарайды, семіз жылтыр жүзді бітеу қабақ болыс тергеп тұр.

— Кім дедің осы сен мынау адамды.

— Қаторгадан шыққан мейман дедім.

— Қашып шыққан ғой?

— Ия, рас, қашқын.

— Ендеше Әлизаде ғой, солай ма? Айт шынын!

— Оның рас. Қайт дейсің?— деп, Баймағамбет ашулана бастап қымызды жерге қойып, шаншыла қарайды.

— Ұста!— деп болыс атшабарларына бұйрық етеді.

Баймағамбет «тарт!» деп тап береді. Оған болмайды.

— Ұстасын, алыспа, Бәке!— деп Әлизаде түрекеліп, күліп тұрып қолын созды. Ал болыс, ұста! Құмарыңнан шық!— дейді.

Әлизаде кісендеулі босаң ғана.

Үріккендей, таңырқағандай, шошынып жиренгендей түстермен балалар жүгіріп кіріседі, қатындар, малшы еркектер, жай келін-кепшек, қариялар жиыла береді. Анталай қарайды.

— Бұ не?

— Бұ кім?

— Не жазығы бар?— десіп, қаптай басып келеді.

Болыс қағазды бітіріп, советник Арғыман Сарбасовқа деп адресін жазып, печать басып атшабардың сумкасына салдырып, асықтырып жатыр.

— Бол, тез алып барып өз қолына табыс ет. Тез жеткізсін, Шыңғысқа, Құнанбай аулына жеткізсін деген бұй-

рығын орындап, қашқынды ұстап жөнелтіп отырған мен Шаған болысы Молдабай де! Тарт жөнел! Тездет!— деп аттарын ерттегенге тақат қылмай дегбірсізденіп жүр.

Үйде Әлизаде жиылған жұртқа жымия қарап:

— Бұ не дейсіздер ме? Болыстан сұрандар! Мен мынаны-ақ айтайын. Туысқан бауырлар,— деп, Абайдың: «Босқа әуре боп келдің бе тағы мұнда» деген өлеңін бастайды.

— Не дейді!.. Қандай сөздер айтады?

— Өлеңші ғой.

Сөз тегін болмас. Естілген сөз ғой! Бұ кім сөзі еді!— деп шал ентелейді. Әлизаде өзі ойымен өзі болғандай айта береді.

— Абай, Абай сөзі ғой!— деп, жүзі жарқ етіп жана түсіп, бір жас жігіт ілгері ентелеп шығады.

Бәйбіше Абай сөзі дегенде қозғалып, қос қолына сүйеніп, ілгері созылып үніледі. Баймағамбетке:

— Бұ не, жаным, бұ кім еді? Абай сөзін айтып, жөнін айтса кешірер еді.

Баймағамбет нұрлы жүзіне түктері шығып, қатты-қатты, шапшаң сөйлейді.

— Ия, айтқаны Абай сөзі... Ал сендерше... балаң ше? Балаң абақтыға ұстап берсін. Сүйт!— дейді.

— Өзі кім еді бұның?

— Өзі алыстағы жақсы елдің асыл абзал ұлы екен. Тұтқыннан қашып еліне барады. Осы жұртты елім деп шығып, сеніп келіп еді. Ал сендер, сендер бүйттіңдер, айдаттыңдар қайтадан,— дейді.

Кемпір жұртты қағып, ілгері басып Әлизадеге тақап келеді. Баймағамбет қатарына кеп:

— Бәйбіше, бұл үйге келген қонаққа кісен салу осы сіздің байыңыздың заманынан бар ма еді? Бұл шаңырақ қашаннан бері елден ерек көргенсіз еді!— дейді. Болыс та келген. Ашулы. Тоқтатпақ. Жұртқа «тара» дейді. Кемпір ашумен қарсылық білдіріп, жұртты жібермей тұрып, Әлизадеге үңіліп:

— Балам, Абай сөзін айттың ғой, елімнің асыл адамын қадірлеген жанбедің?— дейді.

— Шеше, мен қадірлеп еліме жеткізбек ем. Бірақ балаң оған жібермейін деп тұр ғой. Енді бір соңғы сөзін айтайын мен қадірлеген Абайдың, тыңда ағайын деп, әндетіп кетеді.

«Алыстан сермептің» ішінен ел мінезін айтқан екі

бір шерлі мұңды шумағын айтады. Жұрт таңдай қағады. Сүйсінеді.

Ес кіре бастайды. Болыс екіндеп ілгері басады. Атшабарлар кірген.

— Ал, жетті, шығар! Алып жүр. Атпен шапшаң!— дейді болыс.

— Доғар былай! Қорлама, былғама менің шаңырағымды. Жер қылма аруағымды! Бермеймін мені!— деп, кемпір Әлизадені қоршап қалады.

— Қой, апа, Не болды саған!? Ұлық бұйрығы,— дей берген баласын кейін қағады.

— Сөзім қысқа, Абай атын пана қып кеп отырған бір елдің азамат арысына қас еткізбеймін мен. Оны істегенше сен жерге кір! Жоғал көзімнен!— дейді.

Болыс құлшынып, алып кетпек боп омыраулай береді.

— О, қой, қойшы әрі, апа!— дегенде...

Шеше ілгері ұмтылып, жүзін аспанға көтеріп, қатты түйілген қабағын өзгеше салқын, суық қайратпен баласына салып:

— Ей, балам... тыңда мені! Ақырғы ана даусын тыңда!.. Осы жанды егер осыдан тұтқын етіп жөнелтер болсаң, мына аналық ақ шашымды омырауыма жаямын. Мынау аналық ақ сүтімді көкке сауам!— деп кеудесін ұстай береді.

Болыс шошып, сескеніп қалш қарап қалады.

Халық, әсіресе барлық әйелдер ашумен, жиренішпен болысқа қарап, лағнет айтқандай болады.

— Босат! Өз қолыңмен босат!— деп ана әмірлі қатал бұйрық етеді.

— Босат, шықпа алдынан, жетті. Босат тез!— деп, халық болысқа жан-жағынан қадала қарайды.

Болыс амалсыз оң қолын сілкіп атшабарларды шығарып жіберіп, пакетті қағазды сумкадан алып өзі жыртады. Әлизадені өзі кісеннен босатып жатады.

* * *

Арғыман, Тәкежан Қеріммен сөйлесіп отырғанда, атшабар пошта жеткізеді. Арғыман оқып, бұлан-талан боп атып тұрады.

— Ұсталған, ұсталған жерден болыс аулының қатындары жасырын босатып жіберіпті. Тағы қашып кеткен.

Соншалық керек адам. Болатын билікке шейін не қыса ұсталып, алып келінетін адам. Тәкежан! Тұр, шақыр, тілмашты!

Тілмаш келеді. Арғыман жаздырып бұйрық етіп тұр. Делбегетай болысына!.. Не қылса ұстап, кісендеп, түнделетіп шапқызып отырып жеткізсін. Әлизаде... Бүгін ерекше керексің Әлизаде... Тәкежан, Тілмаш, бар ұшындар, шапшаң, қос атпен. Үкілі поштамен жеткізіндер. Делбегетай болысы, жеткізіндер Самойловқа!.. дейді Тәкежан, тілмаш жүгіре басып кетіседі.

Арғыман Керімге:— Айтқаным сол! Абай тентек болғандықтан сөзден қалды. Дауды сен айтатын болдың. Сен Айдарды қорғап сөйлеген билікті Абайдың, Айдардың ғана құлағы естімейді ол сөзді. Олардың ғана көзі қадалмайды сенің аузына.

— Ия, Нарымбет, Жиренше де қадалады. Ол ағайын, ел-жұрт демексін ғой.

— Тіпті заң ғана да емес. Жалпы аруақ, ата-жұртың, қалың қазақ қадалады. Ол да емес. Семей, Семейдің ұлығы... Алдымен әскери жандарал көзі де қадалады.

— Е, оларға не жоқ! Нарымбеттің жесірі үшін жандарал не қып жанкүйер бола қалды?

— Абай соған да жеткізіп отыр. Міні біліп қой. Бұл жолғы дау жесір дауы ғана емес. Дұрыстық пен тартыстың жасақ дауы. Және айтайын Айдар ғана емес Абай басы қатерде. Елді бүлдіртіп қоя алмайды ұлық. Абайдың өзі мен соңына ерген өзге жасақшысы, көмекшісі де қатерде.

Керім ыза боп, намыстана қарайды. Тоқтат дегендей белгі етеді.

— Сен, Арғыман, қазақ баласының, халықтың, ел-жұрттың намысы деген асыл қасиет бар. Оған қол сұқсаңдар — азғаның. Мен ұлықтың қоқан-лоқысына елімнің намысын, елдігі сыналар кезді сатпаймын. Абыройымды сатпаймын.

— Неге олай дейсің? Елдің намысын несіне айтасың.

— Елдің билігі, ата жолы, ежелгі тарихы сатылмайтын, жалтармайтын, ешкімге жағынбайтын және зорлық-бағынбайтын сара жол. Ақ жол. Мен сонымен болармын.

— Ә, жақсы айттың. Бол! Бол! Тек дәл сонымен бол. Бірақ қатерді ескертем. Ол қатер әсіресе Абайдың бұрын

онайырақ, жеңілiрек жағын бұрын қамтыр, соны ескертем.

— Мен қатерге Абаймен бiрге басудан таймаспын, Арғыман. Абайдан жаным ардақты демеспiн, бiлдiн бе?— деп атқып тұрып кетедi.

— Ә, ә, Абайдың ақтығына көзiң жетсе мейлiн. Бiрге бас. Ал бiрақ Абай ата жолынан азған, ел аластайтын бүлiк, сотқар болса, сонда да бiрге болам десен, онда өзiндi өзiң жойып жүрме? Осыны ойла кетсең де. Ел Абайдан үркiп шыққан жерде қасында қалам деп пана да болмассың! Көре тұрып адасқаның үшiн адамдық бағадан да айрыларсың, қанжығада текке қан боп кете бармасаң не қылсын? Бара бер... бiрақ осындай алдындағы iздi ойлан, бар. Мен құрбылық қарыздан құтылдым, болды!— дейдi. Керiм жалғыз, қатты қиналып үрiккендей боп ойланып кетедi.

* * *

Айнала ұшан-теңiз селдеулi сардала. Алда кiшiлеу қоңыр адыр. Ұзақ даладан келе жатқан екi салт атты. Адыр iшiмен жалғыз аяқ жол жүредi. Сонымен екi салт атты тақап келедi. Адыр iшi тарлау сайға айналды. Басында обасы бар шошақ қоңыр биiкше бар. Соның басында атын төменге тұсап қойып, обаны таса қып баспап суық көз қадалып тұр.

Екi атты тақап келедi. Күмiс ер-тоқымдары күнге шағысады. Суық көз қадала түстi. Аттылар жақын. Жыртық тымақ, тас түстенiп баса киiлген. Обаның түбiндегi адам кейiн сырғиды. Қара сақалы бар, қошқар тұмсық, ашаң жүздi көреген, сақ өзi. Аз кейiнiрек шегiнiп, тымағын төмен былғап, iлгерi қарай бас дегендей белгi еттi бiр жаққа. Екiншi жаққа тағы да тымағын сiлтөп, алдын нұсқап ақырын қозғала бергендей.

Обадан баспа қып тағы қарады. Аттылар жақын келедi. Сайға кiре бастады. Өзi кейiнiрек барып, мұрнынан төменгi жерiн: аузын, иек, сақалын орамалмен таңып алды. Атқып кеп ойда тұрған атын мiне шаба бердi. Қолында ай балтасы күн көзiне жарқ еттi.

Сай iшiмен Баймағамбет пен Әлизаде келедi. Күлiп әңгiмелесiп келедi.

Бiр кезде арттағы Баймағамбеттiң аты ығысып, үркiп атқып кеттi. Екi ат қағысып, соқтығысып қалды. Екi жо-

лаушы арттарына жалт қарасты. Қараса бес атты жау жақыннан, дөңнен аса, бүйірден шүйліп, сойылдарын, айбалта, найзаларын сатырлата қағысып жосып келеді.

— Қаш! Жөнел!— деп Баймағамбет атын тебініп жөнеле берді. Әлизаде атын қамшылап жосыта жөнелді.

Бірақ арттағылар бастырмалатып келеді.

Жолаушылар қатарласа шауып кезеңге шыға берді. Сөйткенде алдарынан айбалта, сойылдарын көлденең төсеп төрт ұры тұра қалды. Беттерін тегіс танып алған. Киімдері сұп-сұр. Алды-арттың бәрі әмір, бұйрық, айғай:

— Түс! Түс! Бас... бас көзінді!

— Түс аттан, жаның барында!— деп, бағанағы басшы өзі жетіп кеп, Әлизаде мен Баймағамбетті бір-бір жасқап, салып-салып өтті...

Баймағамбет, Әлизаде аттарынан айрылған, жаяу. Киімдері тегіс тоналған. Әлизаде тасқа сүйеніп ұрыларға қарап басын изеп отыр. Баймағамбет жөнеле берген басшы ұрының атының ауыздығынан алды. Өзі дамбалшаң ғана, жалаңаш.

— Өй, тым құрмаса бір су басына апарып тастандар. Мінгестір! Өлтіремісің түге!— деп оралып жүр.

Ұрылар кетпек еді, бастық бұйрық етіп:

— Уай, сөзі жөн ғой сорлының. Қаталап өлер. Тым құрса мына тау астындағы бұлаққа апарып тастайық!— дейді.

Әлизаде, Баймағамбет ұрыларға мінгесіп кеп, әдемі көк шалғынды сулы бұлақ басына түсті.

Ұрылар да түсіп, аттарын суғарып, өздері де сусындап жатыр.

Баймағамбет бұлақтың тасына шалжиып, талтая отырып алған. Мөлдір бұлақта бұның суреті айнадай әсем аппақ боп көрінеді. Баймағамбет сергіп көтеріле түсіп, еркін әмірлі жүзбен:

— Ал, ұрылар! Қызық болды, ә?— дейді.

Жас ұрылар қылжақ етіп күледі.

— Е, бұдан артық не қызық бар?

— Ат-тұрмандарыңды бердік, қызық әкелгені рас...— деп қылжақтай береді.

Баймағамбет міз бақпайды. Қоса күле түсіп:

— Ат-тонды тонағаның рас. Бірақ біздің әлі барымызды алған жоқсындар,— дейді. Кәрі ұры қызыға түсіп, жақын кеп:

— Ал ендеше қалғаныңды айт.

— Айтам, отырыңдар!— дейді. Ұрылар Баймағамбетті мазақ етіп, бұлақ басына отырысады. Барлық жиын бұлақ суында мөлдіреп қозғала түсіп, күрсініп отыр.

— Ұрылар, сендерде қызық та болады. Бірақ іші пысатын сары бейнет те көп, солай емес пе?— дейді. Ұрылар қызыға түседі. Анталап тыңдағандай.

— Мысалы сар даладан жолаушы келе жатыр. Тосып отырсың. Келді. Қаптадық, алдық. Немесе түнде жылқыға кірдің. Жылқышыны қан жоса кылдың. Жылқыны сойылдап қуып, алып шықтың. Бұл қызық. Бұл рақат-ақ. Ал бірақ, үнемі ол бола бермейді. Кейде күнұзақ елсіз тауда, есіз таста тоналатын кісіні күтіп сарыласың да отырасың. Ешкім келмейді. Ұшқан құс, қыбыр еткен тышқан жоқ. Сонда қайтып күн көресіңдер. Іш пысады ғой. Мынау Әлизаде елі өмірде сондайға деген ем бар. Біріңе бірің ертеқ айтып отырсаң қандай рақат!— дейді.

Ұрылар қызыға түседі.

— Айт, ендеше, бір қызық ертеқ айталы да ермек етегің,— дейді.

Б а й м а ғ а м б е т:

— Бәсе, солай. Ал тыңда,— деп бастап кетеді. Уа, Нидерлан деген жұртта, Лейдин деген шаһарда инквизиция деген сот бопты. Ұрылар ынтыға түсіп, түсіне алмағандай:

— Не дөдің-өй?

— Орыс ертегісімеді өзі? Баймағамбет басын зорға бұрып:

— Орыс емес, француз ертегісі!— дейді. Айтып, сөйлеп жатыр.

— Е, оны сен қайдан білдің?

— Абай айтқан... Абай айтып берген ертеқ.

Ұрылар бір-біріне қарап, қожырай түсіп:

— Абай, Абай деймісің? Абайды қайдан білушең?— деп ұрылар жақындай береді.

— Е, Абай менің жолдасым емес пе?

— Абай, сенің жолдасың деймісің? Не дейсің-ей, өзің...

Жас ұры жақындап ырғала беріп:

— Сол осы Абай, Абай деген атты талай есіттім. Өзі кім дейді сол?

— Ол ақын, даулескер ақын дейді ғой. Солай ма, өй?— деп қарт ұры сөйлейді.

— Ақын да, білгір де, жақсы да сол.

— Ендеше соның бір өлеңін айтшы!— деседі. Барлық ұры күліп анталай келіп, үнсіз тілейді.

— Өлең бе, өлең ендеше тап мына тоналған жігіттің кеудесіне лық толы, бәрі Абай өлеңі!— дейді.

Әлизаде өлеңді соғып отыр. Шырқай түсіп айта береді. «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы», «Көзімнің қарасы», «Қор болды жаным» барлығын әнімен әсем айтады.

Жел соқты. Арқасы тоңази түскендіктен бүрсеңдеп қойып айтады. Қамалап тындап отырған ұрының кәрісі Әлизаденің үстіне шапан әкеп жабады.

Б а й м а ғ а м б е т:— Маған да жап!— дейді, бұйыра сөйлеген. Оған да жабады.

Ән сарнап айтылып жатыр. Күн еңкейді. Баймағамбет сапылдап ертеқ соғып отыр. Ұрылар анталап басып алған. Тағы да Әлизаде ән соқтырып жатыр. Ұрылар алдарына ет, құрт, сусын әкеп қойған. Етіктерін әкеп береді. Әлизаде айтып отыр. Күн батты. Қас қарая бастады. Су бетін жел жүріп, жыбырлата соқты. Әлизаде «Ауылдың жаны терең саймен» бітірді. Ұрылар арқаға қақты. Айналып оралып жүр.

Аттарын әкеп, қарт ұры өзі ерттеп, Баймағамбет пен Әлизадені қолтықтап алып аттарына мінгізіп, қол алысып қоштасып, жөнелтіп салып, қарап қалысады.

Жас ұры «Көзімнің қарасы» деген әнді ырғақтап, нобайлатып айта бастады. Аттылар кетіп, барып-барып дөңнен асты.

* * *

Қаралы кілем, қара киіздер тұтқан күңгірт үйдің ішінде көн беттенген суық түсті кемпір сыбырлап, шәншіліп, мұқата сөйлейді.

— Бүгін билік. «Көзін жой, қанын төк!» деп, ер азаматты аттандырып жатыр ашынған ел. Сорлы бейбақ, адасқан, азған бейбақ тіле құдайдан. Не деп барасың, не жүзбен барасың нем тәңірінің алдына? Құналы сұмдығымды кешіре көр деп тіле!— дейді.

Ажар намаз оқып тұр. Жүдеу жүзі төмен салынған. Ерні баяу қыбырлайды. Тізесін басты, сәждаға барды. Жүгініп отырып бата қылады. Жәйнамаз үстінен тұрмай, жылап, бүк түсіп қалады. Басқа бір жыртық оңаша

үйде Айдар. Қабағы түйілген. Түрекеп, керегеге сүйеніп, сыртқа құлақ салып тыңдап тұр.

Қарауылдар сөйлейді.

— Қаптап барады. Жер қайысқан қол. Найза, сойыл, шоқпар да алысқан.

— Түстері қалай айдынды. Қайда барады бұлар? Айдар үйде елең етіп, жалт қарайды. Жабыққа ұмтылады. Жабыса қарайды.

— Қалпы қандай суық еді. Билікке барады. Бүгін мынау жаралылардың билігі.

— Бәсе, қол басында Нарымбет, анау Мес!

— Әне біреу салмақпен, жекеленіп бара жатқан кім!

Айдар тесіктен қарап көріп тұр. Қалың аттылар, қаруланған, қатты кетіп өтіп барады.

— Ол би Жиренше ғой,— деді қарауыл зығыры қайнап, әрлі-берлі жүріп.

— Барып тыңдап, көре де алмадық. Айдар Жиреншені көреді. Қап-қара атқа мінген, қара киімді. Жалғыз алда қолбасыдай.

— Әлдекімнің соры екен! Өзі қырғын шабыс боп кетпесе нетсін!

— О да болмай қалмас. Билік ырза қылса Жиренше, Нарымбет дегенін істейді, ырза қылмаса қол қимылды ойламаспекен осылар?

— Мынау жасанған қол тапап, басып, талқан етіп жібермесе не қылсын!— дейді.

Айдар сескеніп, ашу жиып, осы соңғы сөзден қатты түйсініп, басын жоғары жалт еткізе қарайды. Ой келген. Есікті ұрып тұр.— Шақыр!.. Шақыр мұнда болысты!.. Арызым, айтарым бар билік күнге!— дейді.

Тәкежан, тағы бірнеше жуан жирене қараған, паңдықпен зорға тыңдайды:

— Бүгін маған өлім айтар күн болса, өлтірер болса да өз құлағыма естіртіп айтсын. Тым құрмаса бір ауыз сөзімді тыңдап өтсін!

Тәкежан, аянышсыз, қатал үнмен:

— Бұл тілегің болмайды. Бұл сахара көрмеген жол!

— Не қылсаң да қолыңдамын! Қашып жүргем жоқ. Отырмын ғой қолыңда. Кісеніммен апарсын. Жалғыз сөз... дей бергенде Тәкежан:

— Әділ билік алдында қара жүзді айыпкер отырар орын жоқ!— деп есікті жаптырып тайып кетеді.

Абай үйінде Еркежан намазын болып бата қылып, сырт айналады. Әбіш, Долгополов, Керім отыр. Олар ойда. Тыстан Көкпай кіреді.

— Қаптап келеді! Соғысқа, шабуылға беттегендей. Еркежан, Қарлығаш, Көкпай, Долгополов есіктен қарайды. Жан-жақтың барлығынан қалың қол, аттылар қаптап келеді. Алды ауыл жанындағы көк төбенің етегіне барып түсіп, аттарын қалмақша байлап-байлап тастаған. Сойыл, найзалары ерлердің қасына сүйелген.

— Айтқыза ма билікті!?

— Түстері қалай суық еді!— деп Көкпай, Еркежан жүдеп, күрсінеді. Әбіш алтыатарына оқ салып болып, қалтасына тығады.

Еркежан бұл үшеулеріне келіп:

— Абай қасында болсандаршы! Қасынан ұзамасандаршы тым құрыса. Я, құдая, сақтай гөр!— дейді.

— Билікке омырау жасамаса, тірі қалмақ қой... дейді Керім.

Долгополов ойланып отырған Әбішке:

— Бұның бір үлкен қамы мынау. Қазір тезінен осы маңдағы халықты, кәрі-жасты, малшы-көршіні, көпшілік елді жию керек!— дейді, Әбіш тез ұғынып:

— Рас, олар қарулы қол жиса, біз ел жиюымыз шарт. Тез-тез. Долгополов Көкпай, Әбішке:

— Ал тез кісі жөнелтіндер, шақыртындар! Жұрттың бәрі, биеші, түйеші, қойшы-қолаң. Бәр-бәрі жиылсын дендер!— дейді.

Еркежан:

— Ол ем болса, Көкпай, шапшаң барсаңшы!— дейді. Көкпай тысқа кетеді.

Долгополов, Әбіш, Керіммен сөйлесіп келеді. Алдарында көк төбе, жыбырлаған қалың аттар. Кейбірі ертоқымымен ересен жайылып жүр. Көпшілік шоқтай-шоқтай түйіліп байланып қойылған.

Жер аз, бірақ жер қайысқан ел. Көк төбенің етегінен бетіне, басына шейін жапырлай екі жақ боп отырып жатыр. Көпшілік Жиреншелердің қолы. Биліктің басына жақын оқшауырақ Жиренше. Ол түйіліп, жирене қарайды. Әлдекімді кінәлап, жақтырмағандай. Бұл топ жағы мол. Екінші топ селдір. Онда Абай отыр. Қасындағы

жастар. Аздаған үлкендер Құралдары жоқ. Абай ойда. Жүдәй қарап, алысқа, айналаға көз сала береді.

Керім, Долгополов, Әбіш сөйлесіп келеді, Керімге:

— Бүгін Айдардың қыз алып қашқаны ғана тергелмейді. Айдар ғана емес. Бастығы Абай боп, өзің де боп тергеуде боласың. Осыған бекініп ал!— дейді.

Әбіш Керімге жабыса сөйлеп:

— Бүгін тергелетін ақындық пен ақын. Бұл елдің аузында бұрын малды қорғаған, жерді қорғаған дау болушы еді. Бойындағы қасиетінді, елдің қасиеті болатын асылыңды қорғауға сөз таппасаң не дейін! Жеңесің, Керім!— деп, құшақтай, жұлмалай түседі. Көңілдендірмек болады.

— Жиренше кәрі түлкі, сені тасқа түсіруге тырысар. Бірақ қанша жүйрік болса да, ол артқа молаға қараған, аруақтан басқа нені сүйеу етеді. Сенің күнің алдыңнан, оңыңнан туған. Білім жарық күні. Жеңілетін жөнің жоқ!— дейді.

Керім салқын, сыздана тындап кеп:

— Артқа, молаға, аруаққа қараған деймісің. Дегеннің бәрі мола болса барлық жер үстіндегі халықтардың діндері де бұрыннан қалған. Оны мола деу онай ма Нипонт. Дегенмен жеңу онай ма, Әбіш!— дейді де күледі. Жұмбақтау. Бірақ өзіне-өзі мығым.

— Ойлансаң ол қиын емес, Керім. Қысқасы сенің жүйріктігіңе, біліміңе, өнеріңе де үлкен-үлкен сын осы ғой,— дейді Долгополов.

Тәкежан арғымақ ат үстінде, қастарына үкілі пошта шауып келеді. Арғыманға қағаз ұстата береді.— Делбетай болысынан!

Арғыман асығып ашып, жылдам оқып, жарқырай қуанып:

— Ұсталған! Ұсталыпты Әлизаде! Жіберілген осылай! Қайда, қазір қайда?

— Әкеле жату керек. Мені әдейі алдынан шаптырды.

— Қарауыл мығым ба?

— Мығым! Өңшең сенімді атшабардың бесеуін қосыпты!

Арғыман асығып, қайта бұйрық етіп:

— Шап! Тәкежан! Бер, қосар атты! Шаптыр. Есі шыққан, шаршаған атшабарға қазір қайта шап алдарынан. Тездет. Қазір қолма-қол жеткіз! Қуып отырып, анау Абай аулының үстінде жиын боп жатыр, соған бір-ақ

әкеліп түсіріндер! Мені сонан табындар! Шап! Жөнел!— деп бұйрық етеді. Атшабар қос ат алып қайта шауып бара жатады.

V-БӨЛІМ

Дөң басында жиын қалыңдаған. Жиренше мен Нарымбеттің аралық тұсынан ағайын кердең басып, сар ала түймелі айбынды сұлу чиновник Арғыман келіп, орын алады. Түсі жадыраңқы, мәз сияқты. Нарымбетке піліп:

— Істің бетін білдің бе?— деп, қадала жанасады.

— Мерейім үстем, үндеме! Ана жақ шүйкімдей. Жиреншені көрмеймісің зар күйінде!— дейді.

Жиренше моланын басына қонған қара құстай жаулана қарайды. Арғыман сүйсініп күле қарап ентелей түсіп:

— Ол ғана емес! Әлизаде ұсталыпты!

— Ұсталып па, қайда?

— Осында алып келеді, бүгін, қазір жеткізіңдер деп бұйрық еттім.

— Е, той болды десенші! Самойловтар, стражниктер қайда, әзір ме?

— Жетеді... Әлизадені алып олар да жетеді. Той сонда басталады!— дейді.

Абай қасында қазақша кнінген Долгополов, Әбіш... Жоғарырақ жерде Жиренше қарсысында Керім. Абайлар тобы әлі көп емес.

Нарымбет, Мес:

— Енді қашан?..

— Сырттан қашан келеді?— десіп деқпірсізденіп, айналаға мойын созып қарасады.

Абайлар да үнеіз, айналаға қарай береді.

Алыста айналада түтіндері будақтаған жыпырлаған қалың-қалың ауылдар. Мыңғырған мал. Алысқа қарап отырған Әбіштің жүзі сүйсініп жадырай бастайды. Долгополовты түртеді. Екеуі қадала қарайды.

Төрт тараптың бәрінен де осы көк төбеге қарай шұбырған жаяулар, мінгескендер, түйе мінгендер, аттылар — қалың-қалың селдер ағылып келе жатыр. Келе жатқан анық халық, іштерінде қарттар, жастар, орта жасты сақалдылар да көп. Жан-жақтан ағылып келіп

кәк төбесінің етегінен төріне қарай сыймай, сығылыса қаптап кеп отырысып жатыр.

Бұл күнге шейінгі көпшілік Жириенше кісілері, қарулы жігіттері еді. Соларды басатын селдей мол жұрт Абай жақтан, Жириенше жігіттерінің сыртынан орай келіп, қаптай отырыпты. Олардың да түстері суық. Абаймен барлық жерден бас изесіп, сәлем беріп, алыстан қол қусырып амандасып жатқандар көп.

20—30-дан бір топ, ортасында көселеу, қуқылт жүзді шал Асқар бар, топты жарып аттай-аттай басып кеп, Жириенше кісілерінің алдыңғы қатарына, қарулы азаматтардан ілгерілей өтіп кеп отыра бастады.

Жігіттер жақтырмай, қырыс қарап, қабақтарын түйеді. Шал бөгейін дегендерге мойын бұрып күле қарайды, ілгері баса береді. Қасындағы тобы өңшен еңгезердей, суық қабақты, шоқша сақалды, шолақ мұртты ірі жігіттер. Бәрі де өздерін өлгі шалдай мысқыл пішінді, сайқымазақ адамдарша ұстайды. Омырауларын аша салып, алжа-алжалау келеді. Сырт бейнелері өңшен ірікті жау түсіргіш, ер жылқышылар сияқты. Нарымбет, Арғыман жақтырмай түйіле қарасып еді. Мес солардың бетімен шалдың тобы орналаса бергенде:

— Немене омыраулап, шетіңнен? Ел-жұртты баса-көктеп қайда барасың?— деді.

Шал бұның сөзін сорая қарап тындап алып, Нарымбеттерге, кейінгі қарулы жігіттерге қарап алып, қатты сөйлеп:

— Е, қу дала, қу медиен дөңнің басын да қызғанамысың түге бізден. Бұл араға саған әкеп табақ тартатын кісі жоқ көрінеді. Сыбағанды жемейміз, отыра бер әрман!— деді. Қасындағы жұрт ду күлді.

Асқар, Абай және шетте жырағырақ жерде отырған орта жасты қаба сақал зор дауысты Орман қалжың айтады.

— Уа, Асқар мақұл айтасың. Мырзаныкі төр болғанда, малайдікі дөң басы емес пе десеңші!— дейді. Тағы күлкі. Асқар басын шұлғып, иек қағып, ауызын ашып, үнсіз күледі. Тісі жоқ. Екі езуінде екі ақ ұрт бар... Саған көзін сығырайта күлімсіреп отырып, ойнап мазақтап:

— Сал көзінді, ашық дөң басына! Ерте шық, түсте шық, кешке шық, уа түнде шық! Күзет малды!— деп дөң басын осы жылқышы, қойшы бізге-ақ бұйырып қоймаппең? Енді бұл кеш бұны да көп көрдің бе?— дейді.

Азғана жұрт күледі. Жиренше түк естімегендей сызданып шертіп отыр. Танау қағады. Нарымбет, Мес бар, қасындағы жігіттері бар, тыжырынып жиырылып қалады...

Нарымбет қасындағы кең жауырын, суық қабак, қылжақ бет Ботпай күлгендерге суық қарап, күжілдеп үн қатып:

— Уай, жарқыным, жетті! Болды!.. Ehe-ehe, ehe-ehe!— деп ұқсата мазақтайды. Нарымбет кісілері күледі.— Айт пен тойың емес. Күлкі күйлеп келгеніміз жоқ. Тек отыр, арман!— дейді.

— Е, күлкің келмесе жылай бер ендеше!

— Біздің ауымызға сен иемедің?

— О несі? Күшінді үйінде айт!— деп, Асқарды, Орманды қостаған жұпыны киімді көпшілік әр жерден үн береді.

* * *

Жиын тағы қаптап келіп жатыр.

— Би қайда?

— Сырттан қайда бұл?

— Не ғып кешікті!— десіп Жиренше, Нарымбеттер күбірледі.

— Сырттан ақсақал не қып кешікті!?— деп Абай да асығып айнала қарайды.

Абай үйінде Еркежан Қарлығашты шақырып, төсек жанына апарып:

— Шеш киімінді!— дейді. Қарлығаш күліп жайнап шешініп, еркекше шалбар киеді. Шашын басып тымақ киген. Сырғасын алып лақтырып тастайды. Әбден киініп шымылдық ішінен күле шығып, қолына сарала қамшының сабын сәнмен алып, мықынына таянып тұрып:

— Ассалаумағалейкум!.. Мал-жан, қора-қопсың аман ба?— деп күліп қояды.

Еркежан салқын түсте, қабағы қатыңқы, күрсіне түсіп:

— Күлкіні қой, Қарлығаш!.. Күлерлік күн бе?.. Тек бар айтқандарын ұғып, естіп отыр. Түгел ұғып ал. Жеткіз бізге дейді.

Еркежан қасында бірнеше уайым басқан қартаң бәйбіше жас қатындар қабақтарын түйе қарайды. Еркежан

Қарлығашты жөнелтіп жатып:— Көкпайды тап! Қасында бол соның!— дейді. Қарлығаш бұлаңдап, сәуденіп, ойнақшып кете барады.

* * *

Қарлығаш дөң басындағы топ ішін саспай аралап, Көкпайды қарап жүр. Бойлай-бойлай қарап қояды. Жаңағы жұрт қазір жым-жырт. Төменгі қарулы және кедейлер, көпшілік жақ томсарыңқы. Қарлығаш бір кезде Көкпайды көрді. Орта жолда біреуді басып кетіп, ол қағып жібереді. Қарлығаш ұяла күле қарап өте береді. Біреудің иығынан аттай бергенде етегінен тартып бүріп алады. Жалынған сыпайы, жақсы жүзбен ашушаң шалды да арқаға қағып тағы өте береді. Терлеп-тепшіп Көкпай қасына жетіп, иығынан қағып қалып:

— Әрі отыр, балам!.. дейді, жуандатқан даусын Көкпай байқамай ығысады да Қарлығашты танып, бетін әйелдерше шымшып:

— Ойбай, бетім, сорақы! Сені кім шақырды!?— дейді. Абай жаққа қарайды екеуі де. Қарлығаш Көкпайды иығынан жұлқып өзіне бұрып:

— Үндеме, керегім бар, естимін!— дейді.

Көкпай тамсанып та, тамашалай да қарап:

— Ел ел болғалы ердің құны кесілетін дауға ең алғаш қатысатын сен боларсың. Бұ не масқара!? Жиреншеге айтсам ғой тамтығың қалмайды қазір!— дейді.

— Осындай қорлықты көзі көріп іші білсе де, жанға айтпай жасырып қалатын ең бірінші намыссыз еркек те сен боларсың!— дейді Қарлығаш күліп.

Осы кезде қастарындағы жұрт:

— Тоқта!

— Отыр!.. Би! Би келеді!

— Билер келеді.

— Отыр!.. Тыныш отыр.

— Даурықпа! Би кеп қалды!— деседі.

Төмендегі жұрттың бәрі дөң басына қарай қадала, анталай қараған. Дөң басындағы Абайлар, Жиренше, Арғымандар да сол бір жаққа бет бұрған! Үнсіз тосып қалысқан.

Енді дөң басында отырған барлық үлкендер жиыны — Абай, Жиренше, Керім, Нарымбет, Арғымандар бір сәтте тегіс дүрк-дүрк түрекелісті.

— Би!

— Би келеді!..— десіп төмендегі жиын да орнынан тұрып аңырып қарасады. Би! Би келді!— дескен сыбыр, шолақ-шолақ күбір таудың төбесінен етегіне жетіп, етектен қайтадан дүр-дүр етіп дөң басына қарап:

— Би, би келіп қалды!— деп, толқи сыбырлай суылдай жүйткіді. Дәл осы шақта көк дөңнің тап биік басына қарай шығып келе жатқан үп-үшкір қос құлақ көрінді. Жұрт қайран. Енді бір сәтте күміс жүгенді ақ аттың қос құлағы шоқпардай кекілі көрініп, содан әрі жылжи-жылжи кеп басы көрінеді. Күміс жүген жарқ-жүрқ етеді. Аттың басы жиынға амандасқандай шұлғи түсіп тоқырап қалды. Екі құлағы ойға, халыққа таман шаншыла қарап, төмендегі жиынға оқтай қадалған. Ойдағы биге қарай таң қалған, аңырған жұрттың пішіндері — би! Би келеді! Сырттағы қатты сыбыр. Енді ақ ат ілгерілей түсті. Ат үстіндегі Сырттанның омырауы, аппақ үлкен сакалы екі айрыла түсіп шалқып келген. Дөң басында қақ жарылып отырған Абай, Жиренше тобының тап ортасынан кеп шығып, Сырттан аттан түседі, әуелі ойдағы, айналадағы жиынға суық көзін болжай салып, пандықпен, қаталдықпен сығырая қарап тұрып қалды. Жұрт түрекеп тұр. Үнсіз.

Сырттан алда. Соның арт жағынан он шақты атты тақап келді. Өңшең ақсақалды мен денелі, үлкен, күміс кіселі қарттар!.. Көпшілік баран атты. Тап орта тұста, аттың басын өзгелерден оздырып, ақ сақалын жәйіп салып, жиынға қарамай жіті бастырып келе жатқан Сырттан астында үйдей аппақ аты бар. Жұрттың бәрі қадала сескене қарағандай.

— Өңшең аптал жүйріктер!..

— Бәрі де қатал билер!

— Бәрінен де Сырттан суық!.. десіп Көкпай, Қарлығаш қасындағы жиын, томсара қарайды.

— Көкпай-ай, түстері қалай суық еді!..— деп, Қарлығаш Көкпайға қарай ығыса түседі.

Аздан соң қарттың ерні болымсыз қыбыр етті.

Екі жағынан Жиренше мен Керім кеп, бірі аттың ауыздығынан ұстап, бірі қолтығынан алып үлкен құрметпен, еппен түсірді. Атты кейін алып кетісті.

Екі би екі жағынан қолтықтап кеп, ең биік орынға отырғызды. Үстінде аппақ кебентайы бар, ақ елтірі тымақты, ақ сақалды, аппақ бір-бір тамам жиыннан жоға-

шылар қымтап, ұмтылысып қалады. Асқар тобы кескестей береді.

К е р і м. Бұтаға қорғалаған торғай да аман қалмаушы ма еді? Айдар шеттен келген жалғыз жан еді. Зығыр жеп кеп еді. Абайды қорғалап келмеп пе еді? Абайды қорғаласа, аруақты ел деп, сені қорғалап келгені емес пе? Абайдың абыройын қайтесің? Абай елдің Абайы емес пе еді? Кімнің сағын сындырасың?

Ж и р е н ш е. Мен алысты сүзбейін, осы елдің кешегі көз алдынан өткенін, өз ішінен іздейін. Мамырды бұзып Қалқаман тап бүгінгідей ағайын құтын шайқағанда, Әнет бабам, осы елдің әулие, кәрі бабасы, не ғып еді? Бұзақсың деп Көкенайдың садағына байлап бермеп пе еді? Арғын мен Найманды тап бүгінгідей Кебек пен Еңлік бұлдіргенде, бергі атам — қабілетті Қабекең не ғып еді? Өз билігімен екеуін де мойындарына арқан тағып сүйретіп өлтірмеп пе еді? Сол Қалқаман, Кебек осал жандар ма еді? Ақын дейсің, Қалқаман, Кебектен асыл ма? Олар бұл елдің бұрын маңдайына бітпеген еңіреген ері емес пе еді? Бөтен емес, өзі еді; ет-бауыры еді. Ел тыныштығы үшін сонысын да аяп па еді?..

К е р і м:— Аяныш.

Ж и р е н ш е:— Аяныш па? Жауапкер сендерсің... Нарымбет қолы қозданып үрбіп кетеді. Халық әр жерден жақтырмай: Отыр! Басыл... дөрекіміе!— дейді. Қызу күшейген.

К е р і м ү н с і з.

— А б а й... Нарымбеттер сөйлетпейді. Қызу.

С ы р т т а н с ө з б е р е д і.

А б а й:— Халық емес билік айтқан.

Н а р ы м б е т: Ат мініп жадауыр деме. Күлкі. Асқар екі ұртын тышқан тісіндей ақситып үнсіз күледі. Орман маңындағылар куәлік айтады. Пара алған.

Қ а р л ы ғ а ш к ү л е д і... Шайға қанбайды асылында... Бес самауырды жалғыз ішеді.

К ө к п а й:— Қайдан білесің?

Қ а р л ы ғ а ш:— Өзім құйып бергем.

А б а й. Кім шығады?

Бұрын баяу отырған халық енді қозданып, жан біте бастайды,

А б а й. Ей, Жиренше, Қалқаман мен Кебекті айттың, Әнет пенен Кенгірбайды айттың, текке айтқан жоқсын. Табандап тұрып, тап жығарым деп айттың. Жасағына

лаған қарлы, суық қаңтары бар. Бар кәрі саған ұсаса, сен аязды қаңтарсың. Бар жас бірден тыныс етсе — ол сәуірдің таң шапағы. Қабысармысың, ұғысармысың? Мөңкімей тұрып, мойның бұр. Жас дәуреннің шам-шырағы, махаббат дегенді естіп пе ең, я ұмыттың ба? Ләйлі мен Мәжнүн, Жүсіп пен Зылиха, Көрпеш пен Баян. Және ана Баймағамбет айтады: Ромео мен Джульетта. Сол шерлердің қанды зарын естігенде, қай адамның қабырғасы қайыспайды? Тобықты емес, шүршіт бол, шіміркенбей тындаған бар ма? Ажар бар да Айдар бар. Ажар жетім еді, жетім қозы түртіншек. Кім бастайды, қайдан бастайды. Ажарға не кінә бар? Балық басынан... не десең де Айдарды айтарсың... Бірақ Айдар кім еді? Айдар елдің Айдары, көп торының ішінде ақты-бозды жүйрігі, қайтып қолың батады? Рас, алтын ерің атқа батса, талқан қыл да отқа жақ дерсің, ұя бұзды, шідер үзді, ортама от тастады дерсің Айдарды. Бірақ Айдар кім еді? Айдар елдің думаны. Қайтып отқа қиясың?.. Рас, шеттен келсе шебіме тиіп несі бар, дос болса бедел сақтамас па еді? Ата-бабам әруағына, ағайынның ұйтқысына қас боп келді... келді де бұзды. Бірді бұзбады, елді бұзды дерсің Айдарды. Бірақ Айдар ақының... асылың... Ол жас емес пе?.. Жастық албырт емес пе? Намысымды таптады дерсің Айдарды, не демек керек... Бірақ Айдар ақын... Албырт, қайтып қиясың?..

Жиренше (*кекесінмен күліп*). Айтар сөзің албырт қой. Албыртса, тегі тергеу жоқ қой? Адамды қой, албыртқанмен, хайуан екеш хайуан да артын ойлайды ғой. Екі мысық қарықса, ол да адамның панасын іздеп келеді. Өзге мысық таламасын деп қара тартады. Ол екеш ол да жалтақтайды ғой.

Керім. Жиренше, сіз үлкен кісісіз. Жол айтуым жөні жоқ, бірақ біздің бастан тарақ қалғалы қашан деп таз қыз айтыпты ғой, сол тәрізді ұмытқан нәрсеңізді қозғап қайтесіз? Болмаса, сүйіскен жастың жүрегінде не бар, басында не қалды, оны ұғар едіңіз. Жалғыз-ақ зәушайтан өш мысықтан өзің қысылған шағында маған кел дер ем. Не ксрек. Ұмытыпсың ғой.

Жиренше... Мен ұмытшақ емеспін. Сендер орыс боп барасың, оны да ұмытпаймын. Не деген азат Ажар, оны да ұмытпаймын. Қайда бастайсың елімді. Шеркеуге ме?

Нарымбет, Мес, қарулы қол. Қозданып кетеді. Қам-

Сырттағы Жиренше, Тәкежандар үйдің үзігін сыпыртып тастайды. Ашулы ақсиган тістер, арандай ашылған ауыздар айғайлап:

— Масқара...

— Аруақты қор еткен қастық бұл.

— Қарғыс!.. Қарғыс атсын бұл жыр иесіні!— дейді.

Жастар, үйдегі халық, сырттағы момын көпшілік таң қалған. Анырған. Ашу жөнін түгел ұқпайды.

— Айт, Абай, жауабыңды. Кім айтқызды бұлай деп?— деп шал тепсінеді.

— Сен не дейсің осыған? Білемісің бұл сөзін, айт бірге, еліңе!— деп Тәкежан ентелейді керегеден.

Жастар жосылып жол береді. Сырттан шалдарды бастап үйге кірді... Түрекеп тұр, суық түсті.

— Абай, ағайын сенен жауап күтеді. Айт жауабыңды. Атамыз Кеңгірбайды қиянатқа салған мынаның өзі ме? Жоқ па? Аманмын де! Айт амандығыңды осы пәледен, Абай!— дейді.

Абайға барлық жиын ентелей қарап қалған. Жастар үмітпен қараған. Жаны ашып болыса қарағандар да бар.

Абай саспай, аса салмақты дана жүзбен жұртқа қарады:

— Уай, елім, жұртым! Менен жауап тілеймісің бұл жыр туралы? Ол жауапты менің өз жолымнан саған, сенің жасыңа, кәріңе айтқан көп мұңлы баяу сөзімнен ұқпаппең, білмеппең? Білсең керек еді. Бірақ жауап тілепсің... Айттым ендеше міні. Тыңда жұрт. Тыңда жария ақсақал. Тыңда сен, Тәкежан. Ей, Жиренше, сен де тыңда! Тыңда да біліп ал дейді. Қалтасынан қағаз алып, халыққа қадала қарап тұрып соншалық ірі, өр, дана жүзбен өлең оқиды:

Адамның кейбір кездері
Көңілде алаң басылса-ны оқып кеп:
Жек көрсендер өзің білі!—

дегенді соншалық қатты сындай, берік соққыдай айтып шығады. Қарттар үнсіз. Сырттан томсарып шыға береді.

Керім шошынып, жиреніштен шошынып жағасын ұстап кейін шегініп, шегініп кетеді. Жиреншелер үнсіз тістеніп, ернін шайнап қалған. Жалт беріп тап бергісі келгенде, жастар ду етіп, қуанышпен жайнайды. Гу-гу еткен,

әлі әруақты жиып кепсің. Өткенді айтып өктейсің кеп. Қойшысы ұйқыда, қойы қасқырмен бірге өрген күні еді демексің. Солай ма екен? Сен айтқанды айтты ма екен, сол өткен күннің халқы? Сен айтқанды айта ма екен, мына бүгінгі ұрпақ, мынау отырған халайық? Айтпайды, ұйткені өткені үшін күніренген халық бұл халық. Өткен күннің қаттыларын, қаталдығын даттайсың. Қаттылық бір мен екіде, халықта ма еді? Сол қаттылар не көміп, нені егіп кетті... Қараңғылық, надандықты көмбе ғып кетті. Еккенің тікен болса, орарың балауса болмас. Нені мұра ғып кетті? Ұлына тұсау, қызына нокта кидіріп, құл мен күң етіп кетті халықтың жас ұрпағын.

Ж и р е н ш е. Е, Абай, алыстағы атадан, Әнет бабаң Кеңгірбайдан безіп шықтың ғой. Атаны қояйын, ал бірақ кешегі Қүнекенді — өзің туған әкенді қайда қоясың? Тап осындай Қодар мен Қамқаны — ел бүлігі екі сұмды, нар түйеге мойындарынан қосақтап астырып өлтірген дәл сенің өз әкең емес пе еді? Ел сұмдықтан тыйылсын, көріп көзі қансын, түңіліп көңлі шайлықсын деп істемеп пе еді? Сенің әкенді мен өз көргеніммен куә етейін. Бұған не дейсің? Тіпті әкең ғана емес, өзінді және куә етейін, бала күнінде менімен ере барып, тап өз көзіңмен көрген сен емес пе едің? Абай емес пе едің?

А б а й. Бәрекелді, көргемін, көргенім анық. Жақсы айттың. Ендеше сол сұмдықты көргендіктен әлі күнге есіме түссе ет жүрегім қан жылайды. Сол сұмдықты көргендіктен бүгін Айдар мен Ажардың тілеуін тілеп кеп отырмын. Оны сен де көрген едің, Жиренше, бірақ тағы да қисайта айтып, теріс айтып отырсың. Түйеге асып өлтірген еді дейсің. Сол ғана ма еді. Түйеге асып, соның артынан құз басынан құлатып, ақырында қырық рудың адамына қырық кесек атқызып, таспен мылжалап өлтіріп еді. Неге сүйтті? Қодарға тағылған кінә — шын кінә емес, жала еді. Ақ-қарасына жетпей-ақ өлтіру керек болды. Соның жауабын жалғыз алмай, көпке жаймақ үшін қырық атаның баласы өз қолдарымен кесек атты. Сол кесек атқанның бәрі де Қодарды өлтірушілер еді.

Онда сенің атаң, Жиренше, сенің әкең Оразбай, сенің атаң Нарымбет — баршасы да бар еді. Бастығы — менің әкем. Ал осы әкелерді ақтаймын ба мен? Ей, халайық, біл міне, куә бол, ақтамаймын, қайта «ақ еді» деп жанын берсе, Жиренше берсін. Мен болсам, сол әкемнің және Жиренше, Оразбай, сендердің әкелеріңнің сол кү-

пәлары үшін мына халық алдында қарыздармын деп санаймын. Ол қарызым — адамшылық, әділет қарызы; қарыздармын, халық, сенің алдында! Әлім жетсе, қолымнан келсе, сол қарызымды ақтамақпын... Бүгінгі елдің жетім қызы, жалқы жігіті, сені ақтасам, сол Әнет, Кеңгірбай, Құнанбайлар сияқты, келер ұрпақтан қарғыс алмаймын деп ақтаймын... Байлауым сол, өлтірем деген сөз жойылсын! Екі жастың тілеуін оңғарсын... Малмен тарқар түйінге мен жан, малмен жауаптымын. Сөзім осы, халайық... Ал енді мынау қария кесігін айтсын.

Жиренше:— Сол ата-баба жолындамыз, олар заманы дұрыс заман.

Абай (қысқа). Неліктен, несімен дұрыс заман.

Жиренше:— Өзгені қойғанда олар заманы пайғамбар заманына жақын. Заман өткен сайын сен сияқтылар көп шығып, елді аздырып, заманды тоздыра бермек. Сондықтан зарлы.

Абай:— Е, Жиренше, құдайдың рақымына алыс жақын жоқ. Алатаудың басы күнге жақын, бірақ басында айықпас мұз, жібімес тоң жатады. Баурында алма мәуе өсіп жан иесін қарқ қылады. Сенің аталарың пайғамбарға өз әкесінен жақын емес. Ол бар мұсылман бәріне мәлім кәпір болған дейді. Жұрт қарқ күледі.

— Қарыздармын. Халық... өз әкем үшін, мыналардың әкесі үшін де...

Орман. Бүгін халық сені тыңдап отыр, кәрия.

Сырттан. Айтылар сөз айтылды ғой... Мынау сақал-шашымның ағында, төрімнен көрім жуық шағымда қол-басыма қара жамылып, сақал-шашым күнәра батып, нақақ қанды мойныма жүктеп, құдай алдына не деп барам?.. Барар дәрменім жоқ... Сол екі сұм ит те болса, тірі болсын.

Дауыстар. Уа, айтқаның келсін!.. Бәсе! Дегенің болсын!.. Тілеуің берсін!

Халық дүр еткен қуанышты. Шүйінші! (Қарлығаш жүгіреді. Бізге ылғи жұртқа оралып, жығылып, қайта тұра жүгіріп, таяқ жеп. Сүйінші деп қақтығып жүреді.)

Абай (Керімге). Неге мойып қалдың? Жарықтың бәрі гүлді әпере бере ме? Жеңілдім деп жасыма. Тегеурінің жетіле келе, Жиреншені әлі-ақ талай жеңерсің. Көтер басыңды!

Керім. Абай аға, өзімді-өзім кешпестей түңіліп тұрмын.

Нарымбет Абайға:— Білік бітті, бір жеңіп берді. Бітті, тынды жаулық дейсің ғой. Шын үлкен жаулық, айықпас жаулық енді басталды. Ант етемін осымен,

Абай:— Ант етпейін, серт етейін. Басына билік бітіртпеймін. Шын билік енді басталады. Ол осы ақынды үкімге байлаған мінездер туралы жыр жасайтын билік!.. Ей, халық, куә бол. Біліп қой. Енді өткен мінез, бөгде мінезге ақын айтқан, жырдың айтқан билігін есітесіндер енді. Көкпай, шап Айдарға, алып кел. Біткен жырымен алып кел халыққа,— дейді.

Жиренше. Нарымбет Кенгірбай бейітінің басында құран оқып, бата қып болып, Нарымбет қолымен ақсарбас қойды бауыздайды. Қанына қол малысады. Кек. Бастарына тас көтеріседі,— Кек. Аяу білмес ашу.

VI-БӨЛІМ

Арғыман асығады. Қайда, қайда Әлизаде? Тұтқын. Тәкежанды қысады. Стражниктер жеткен. Қайда? Абайға билік аяғында өлердей өшіге, қызыға қарасады. Арғыман, стражниктер. Әлизадені, Баймағамбетті қолдарын таңып, ортаға алған бес атшабар ыстық күнде шыжып қайнап жүріп келді. Әлизаде ән салып, өлең айтып келе жатыр.

Болыс болдым мінеки,
Бар малымды шығындап.
Түйеде қом, атта жал
Қалмады елге тығындап—

деген өлеңді айтып келеді. Бес атшабардың үлкені зор қара, қаба сақал Тайқар. Құлақ салып, артта жалғыз ақсиып күліп келеді.

Болды да партия
Ел іші жарылды.

Өзге атшабарлар да тындап келеді.

— Дәл біздің болыс.

— Ол емес, дәл әкесі. 15 жыл болғанда осымен болды ғой.

— Оны айтамысындар? Біздің Абралы болысы да осы ғой.

Болыстың көті шөмейді..

Қарқылдап күліседі атшабарлар. Әлизаде мен Тайқар әңгімелесіп келеді.

— Абай айтқан деймісің? Жарықтық қалай-қалай тауып айтқан?

Б а й м а ғ а м б е т:— Тілесен Абай сендей атарман, шабарман, бас кесерлерді де айтқан,— дейді.

— Қой мені неғысын?

— Сен басшы боп тұрсың ғой. Қол-аяғымызды байлап. Сыпайы, жақсы екен. Абайдың көз алдына барарсың бәлем, Ыбрай осылай байлап...

— Е, Абай сендерді не қысын, біз қашқынды...

— Абайдың осы қашқын досы болса қайтесің...

— Досы? Абайдың ба? Бұлар бір елдің еңіреген азаматы.

Тайқар Әлизадеге қарап басын шұлғып:

— Е-е... Бәсе, бұ қайдан біледі десем. Солай ма едің, жігітім!?

Тайқар қасындағы атшабарларға:

—, Пай-пай, мына күн қызар болды-ау! Ел бар ма? Ел қайда ойбай, ел қайда?— дейді.

— Бәсе, ел қайда? Шөлдедік, қажыдық қой,— деп жас атшабар жалына қарайды.

— Тоқта!— деп Тайқар бұйрық еткен. Төрт атшабарға екі жақтағы төрт бел биіктерін көрсетіп, сен анаған, сен анаған. Уа, сен анаған барып қарауылдап, ел бар ма біліп келіңдер. Жүре алмаймыз мына күнде, өлеміз бе? Ел тауып келіңдер! Бар, шап!— дейді.

Төрт атшабар төрт жаққа шауып кеткен.

Тайқар тұтқындарды токтатады. Аттан өзі бұрын түсіп, мынау екеудің де қолдарын шешеді. Аттан түсіреді.

— Жатайық... ұйықтайық! Келіңдер, ұйықтандар!— дейді.

Баймағамбет, Әлизаде таң қалысып, бір-біріне қарайды. Жатқан болады.

Тайқар қорылдап жатыр. Баймағамбет Әлизадені түртті. Тайқарды нұсқайды. Ұйқыға кетті дейді.

Әлизаде кейін қарайды, екеуі ыммен сөйлеседі. Қашпақ сияқты.

Баймағамбет Тайқарды бағып, үстіне төніп тұр. Әлизаде басын шайқайды. Ұйықтамаған дегендей. Бірақ аттарды ыңғайлай бастайды. Баймағамбет Тайқарды бағып тұрып, бір пәрсені болжағандай. Әлизадеге көзін қысып, басын шайқап, күле қарап Тайқарға:

— Уай, осы сен ұйықтап отырсын ғой!?— дейді.

Тайқар менірене түсіп:

— Әрине!— деп қояды. Әлизаде сескеніп қалады. Баймағамбет міз бақпайды.

— Ендеше түк сезбепсің ғой, ә?

— Әрине... Екі қашқын аттарын жетектеп, Тайқардың басына келді. Баймағамбет шылбырды босатып шешіп алып келіп Тайқарға:

— Уай, ендеше ұйықтап жатқанда қол-аяғыңды байлап кетсек жақсы болады ғой! Ә?— дейді.

Т а й қ а р:

— Әрине! Абайға сәлем де!..— дейді.

Баймағамбет, Әлизаде тездетіп өтірік ұйықтап жатқан Тайқардың қол-аяғын байлаған.

Аттарына мініп алып, жарыса жөнеледі.

* * *

Той күні. Қатарлап тігілген көп үлкен, кестелі ақ үйлер. Топты мәнді киінген қыз-келіншек бір үйлерден шығып, бір үйлерге кіріп күлкі, қуанышпен аралап жүр. Қарлығаш бастаған бір топ келіншек кестелі ақ үйге кірді. Шымылдық ішінде Ажар. Оның жүзі бақыт, қуанышпен жадыраған. Қарлығаш қасына келіп оралып... барлық әйелдер қоршап басына сәукеле кигізіп жатады.

Тыста аттылар табақ тартып жүр. Көп қатар ақ үйлердің алдында күтушілер. Етке толы табақтар, қымызға толы тегенелер бос тостаған, подностар лып етіп жатыр.

Үйлер, үйлер толы үлкендер, қарттар, ортада Сырттан қымыз ішіп, қызара бөртеді. Екінші үйде жастар, оларда күлкілі қызу қымыз, қымыз ішіліп жатыр. Домбырамен әндер шырқайды.

Далада, әсем көгалда сансыз көп атшылар, теңге алысады. Екпіндеп ұшқан жасау жүйрік аттармен серке тартылып жүр. Күрес, аударыс, жасау бір топ жүр. Қалың жұрт көкпар артынан жел қуған өрттей шалқып алыс белге жосып кетіп, ауылдарына қарай қайта дүркірейді. Тұра қалып серке тартысады. Ұйлығып, үйіліп тұрысып қалып, тағы қос аттылар жұрттан тартып алып, шығып оза жөнеледі.

ғызғанын жазушы архивінде сақталған деректер шоғыры да айғақтайды.

Драматург «Намыс гвардиясын» жазуға кіріспес бұрын өз маңығы бойынша қолға түскен деректер тобын ой елегінен өткізіп, келешекте жазылар туындының әуелі қысқаша эскиз жоспарын (ЛММА архиві, № 106-папкі, 2—4-бет), соңыра оның толық түрдегі көлемді жоспарын жасайды. (ЛММА архиві, № 106-папкі, 8—25 бет). Кейінірек осы қазақ тілінде жазылған жоспарын өзі орыс тіліне аударып, тағы да соны деректермен үстемелеп толықтырған (ЛММА архиві, № 106-папкі, 45—102-бет).

Осы қазақ, орыс тіліндегі қысқа әрі толық түрде жазылған жоспарлардың алдында әуелі пьесаға қатынасатын кейіпкерлердің аты-жөні, әртүрлі лауазымы берілген. Бұдан кейін «Бауыржан әңгімесі» деген атпен (ЛММА архиві, № 106-папкі, 4—7-бет.) шығармаға арқау болған оқиғалар желісі қадау-қадау түрде өте қысқа да тұқыл эпизодтар қағазға түсірілген. Жазушы лабораториясының сырына қанығып, творчестволық процестің даму жолын аңғарту үшін осы деректерді оқушылар назарына ұсынамыз:

АДАМДАРЫ:

Панфилов.

Капров (24 жыл әскери).

Клочков (Диев).

Егоров (Григорьев).

Токтаров (152 адам өлтірген үш күнде).

Момышұлы — Намысұлы Бақытжан.

Мәлік — Мейрам Ғалиев.

Жанғожин — Бозжанов, Жанбозов (Сабыр) (тұтқында осы).

Әлікпай (?)

Қожабергенов.

Натаров.

Бондаренко.

Дұшанқұл.

Медсестра — Валя.

Доктор әйел — Вера Павловна Нестерова.

Бір әйел — Нина (связь адамы да осы).

Неміс тобы — 7—8 (офицерлер, кейін штаб адамдары).

Неміс полковник — Фогель.

Неміс, дұрыс адам — Курц.

Басколбасшы.

Жуков.

Үлкен адам...

Англия адамы.

Айдар ызалы:— Ендеше шынға шын орай болсын. Сен өмікте неге тоқтаған сырынды да осымен аштым десеңші Қайран Абай, саған да сеніп жүр-ау.

— Елден елді айырып ең, енді ағадан ініні айыруың қалды ма? Пәлесі болдың, сен бұл елдің.

— Сен аздың, ақын жолынан, ақ жолдан аздың. Қорқып, бықсып аздың.

— Айтқызбаймын бұл жырды, таратпаймын халыққа, айтып көр бүгін. Қарғыс! Қарғысы атар Кеңгірбайдың.

Әбіш:— Токтандар!— дейді.

Долгополов:— Ендеше бұл жырды алдымен Абай тындау керек. Жарыққа бастаған жаңа жол әрқашан осындай қарсылық, ереуіл көрмей жүрмейтін, жасыма Айдар! Берік бол жолыңа. Бірақ Абай тыңдасын!— дейді.

Керім ашумен үнсіз қостап:

— Бәсе тыңдасын Абай ағам. Ол рұқсат етпейді. Етпеу керек бұл жырды. Таратпау керек, жырлаумен біздің жолдан елді үркітетін пәле жырла демейді.

— Болды, байлау сол! Тыңдасын, Абай ағам!— дейді.

* * *

Жастардың қалың жиыны керней берді. Үйді керіп, лық толтырып басып барады. Жабықтан қарайды. Эрберден соң үзiктi тiлiп қарайды. Кернеген жұрттың тыңдағаны Айдар жыры. Ортада Абай, шәкірттері. Айдар домбырамен қостай түсіп, соғып отыр.

Мен көрем кешегі өткен ел күйігін...

Керім, Сырттан, Тәкежан, Жиреншелер жирене тыңдайды. Шалдар көбейген. Ашулы, ызалы жұрт молайған. Ән тоқтады.

Алыстан, ауыл сыртынан, ауылда үй-үйлер арасынан жастар, балалар, қыз-келіншек, кәрілер, малшы-құлан ағылып, ағылып келе жатыр.

— Жыр... Тамаша жыр!

— Айдар жыры.

— Жана жыр.

— Тыңдаймыз. Айтсын. Халыққа айтсын!— деп кернеп келеді. Ән аяқталды.

IX. Қатты бекіністі алу үшін соғыс. Әуелі Жанғожин, Белов, Бозжанов аса қатты міндет алған. Жау оғын өздеріне аударған. Бәрі өледі. Осы міндетті ақырына шейін орындаған Мәлік бастаған Тоқтаровтар келеді. Соғысады. Жанғожиндерді атқан жауды бұлар сыртынан қоршап, атып келеді. Өртене бастайды. Жалғыз Тоқтаров бөгеуде қалады. Кейін Мәліктер оқты өздеріне аударып, мұны құтқарып алады.

Ақыры полк келеді. Амандық... Ауыр міндет орындалған. Мәліктер орындаған. Бұл бүкіл армияға жол алған ерлік. Жаудың үлкен армиясын қырып бітіру осымен тынды. Егоровтар, барлық командование Мәліктерді зор алғыспен құттықтайды. Герой сендерсің. Өздерің ғана емес, дивизияң зор биік белге шықты, тағы шыдап, ең соңында корпустан телеграмма алғыс бер...

БАУЫРЖАН ӘҢГІМЕСІ

Борыш, азаматтық, күреседі (сөздері)
Көз жоқ батыр — қате.

Сорна... трава... слава Панфилова.

Фронтта. 2-участке қабыл алмайды.
Рекогонцинировка — қайта бекініс. Планы қызық.
100 кісіні миналар көмуге, көпір бұзуға жібереді.

Волков өлімі — Бауыржан кейін ұмытпай аяса керек.

Шіркеу басына шығып бұйрық бергем: Кім қорқақ болса, әркім атуға праволы,— дедім.

Қоршауда қалыппыз. Атыстық. Жылжыдық. Орман... 4 жолды кесіп өтеді. Штаб расходқа жазып қойыпты. Генерал құшақтайды. 7 пушка әкелген. 4 дивизия, 180 танк сені қалай босатты депті. 750 кісіні жия әкелген. Бозжанов, әйел. Қоймасаң қыржаныңды қылышпен кесем дейді.

Менің қарауыма шығады батальоның дейді Панфилов. Әр жарты сағатта генерал мәлімет сұрайды. Екі жақ шегінді. Связь үзілген.

8 күн аш. Соғыссақ аштық білінбейді. Тоқтасақ аштық қысады. Горяев қорқақтық еткен. Бұрын ер еді. Масқара өліммен өлтірме дейді.

Дәрігер жаралы лейтенантты тастап кеткен екен. Иығындағы нашибкасын жұлып алдым.

15 ноябрьде келдік. Тағы расходқа шығарып қойыпты. Генерал нарком правосын өзіңе алыпсың дейді. Ол жерде совет өкіметі өзім дедім. 6 ноябрь түнгі 12-де генерал телефонмен құттықтады. Ленин орденіне ұсыныпты.

аспанға атқан алғыс, қуаныш үні. Айдарды қолтықтап көтеріп алған.

Түтіккен, түйілген жүзі бар Керім Арғыманмен бетпелі бет шаншыла қарасып тұр. Арғыман Керім күйін ұққан. Іштей, жасырындау ырзалықпен:

— Айтпаппем!— дейді. Керім сөйлеме дегендей төне түседі:

— Қолыңнан келер болса, әлің жетер болса, кетір, тез кетір Долгополовты осы ауылдан. Кетір Абай қасынан сол залалды бөтенді! Дертімді өзіміз емдейміз. Ол доңыздың жәрдемінсіз емдейміз. Кетір!— дейді.

Толғанып, қиналып тұрған қол, екінші қолдан у сауытын алды. Алған қолда алтын жүзік бар. Сауыт қытайдың қамыс сауыты. Сыртында ақ айдаһар суреті ойылған.

Осы сауыт алтын сақиналы қолда. Алда қымыз. Тұнып түнеріп, тістеніп отырған Керім. Уды қымызға салды.

Даладан ентигіп, терлеп, омырауын ағытып келген Айдардың алдынан түрекеліп:

— Айдар, сен жеңдің. Абай ағам мен жаңағы халық мені саған жеңіп берді. Дұрыстығыңа көзімді жеткізді,— дейді.

Айдар қуанып құшақтай алады. Сүйеді Керімді.

— Уф, бір дертім тағы да арылды ғой! Қуанттың ғой!— дейді. Шөлдегенімді де жаңа білдім! Қымыз ба, мынау!— дейді.

— Мә, іш!— деп, қымызды ұсынады Керім. Айдар ішіп жатқанда Керім бетін бұрып, қатты шошынып, тітіреп тұрып барып, жүріп кетеді.

* * *

Жасаулы үйде сүйек төсек үстінде қатты ауру, әлсіз Айдар жатыр. Қасына Абай, Ажар, Еркежан төсектің аяқ жағына ала шымылдыққа жанасып тақап кеп қарап тұр. Долгополов қарап жатыр. Қарап болып, дәрі берді. Айдар іше алмайды. Қарлығаш қасықпен тамызады.

Айдар Абайға қолын созып:— Абай аға, жан аға, жақын ғой. Қолың созшы!— дейді. Долгополов асығыс анализ жасайды. Өзінде қатты күдік, сескену бар. Ажар, Еркежан шошынып жылайды. Абай Айдар қасына төніп тұр. Ажар шошынып, ұмтылып кеп:

- Қаралы аспан басымда еді. Жалғыз көрген жарым, сен де тастап кетпекпісің мен сорлыны! Айдар Ажардың бетіне алақанын төсеп:

— Жанып тұрған отқа бірге түсіп ең. Сенімен көрген күнім өмірімнің жапа-жалғыз шаттық күні еді. Тек жалғыз ғана күн болғаны несі? Не дейін, сорлы сүйгенім.

Абай сенделткен ауыр қайғыда.

— Қанатым. Келер күнге қалдырар жалғыз үмітім! Айдарым менің! Не болмақ сенсіз артым?! Дүние-ау, сен не деген қызғаншақ, зұлым едің...

Ауыр күрсініп айнала береді. Абайға қарай, ерекше қобалжыған, қиналған күйде Долгополов қозғалады.

— Абай!..

— Немене, үміт бар ма биттей!? Досым!— дейді Абай.

— Құтқар, құтқара көріңіз!— деп, Ажар жалынады Долгополовка.

Долгополов Абайды ымдағандай оқшау шақырады.

Айдар әлсіреп есінен айрылған. Сұлқ, үнсіз, қозғалыссыз жатыр.

— А б а й:— Долгополов...

— Абай, әл жи! Құр жылама. Айдардікі ауру емес. Қастық. Айдар уланған!— дейді.

— А б а й:— Уланған!.. Айдарым! Сен уланғансың. Қасың кім? Аямас қара албасты қасым кім менің?

Үй іші түгел білген. Керім, Көкпай, Еркежан — бәрі үріккен сыбыр, шошыған, жиренген күй үстінде.

Айдар үзіліп барады. Ажар жылап жабысып құшақтап бүк түскен. Үй іші, тыстағы жұрт, барлық әйелдер, балалар, жігіт, азамат, қария, кемпірлер шұбап келіп, тіксініп шошып, үнсіз ауыр мұңға батқан. Халықтың ауыр күрсінісі сияқты боп, кешегі ел думаны Айдарды бүгін қимаған, ауыр қайғы белгісі боп, талай аналар, әкелер көзінен жастар шығады. Ел күрсініп күңіренгендей:

— Алтын арай жырың қайда?

— Арманды Айдар! Бауырым!

— Асыл ұлан.

— Еңіретпеші еліңді!— дескен зар үндер келеді.

Абай есін жиып, ел қайғысына қарап, екі көзі шарасынан шыққандай боп қатты қадалып, сенделткен ойды меңгере-меңгере барады да... Бір сәтте, Әбдірахман, Көкпайды көріп:

— Шақыр! Жи! Шапшаң жи кешегі Айдар үкімінде болған елді. Айтарым бар! Қазір айтар, білдірер сөзім бар. Жеткіз маған барлық мен деген халықты,— дейді. Көкпайлар жөнеле бергенде:

— Шақырт кешегі болған Сырттанды, айыптаушы болған Жиреншені бәрін шақырт. Бәрін әкпел халық алдына! Айдарым... бүгін жыламаймын мен. Алысамын сенің ғазіз басың үшін! Өзгелер жыласын. Мен әуелі алысып жағаласамын сен үшін!— дейді, салқын қайратпен.

Бетін берік ұстап кеп, Айдардың маңдайынан сүйіп, тесіле қарап тұрады да, бетін басып үйден шығады.

* * *

Кешегі көк төбеге халық жиылған. Лық толы. Төбеге қарай, қақ жарылған халықтың ортасымен Абай мұңды, уланған жүзбен жанға қарамай жалғыз басып келеді. Төбе басына шықты. Оқшау жалғыз тұр. Сөйлеп тұр.

... У берілген Айдарға! Улатып өлтірген дұспан, ол дұспан Айдардың ғана дұспаны емес. Менің де, сенің де дұспаның халық. Қараңғының досы. Жарықтың қасы, жат дұспан. Сенің бүгінгі буын, келер ұрпағыңның қасы! Жоқта, менімен бірге... Жаула, менімен бірге, жауыңды!— дейді.

— Жұрт:—У, уланған!

— Айдарға у берген!

— Не деген сұмдық. Қандай жауыз!?— деп күңіренгендей боп сендей соғылысып, Абайға қарай ентелей қаптай жылжып келеді. Әр сөзін жүздеген үндер қайырып айтып, кек қайнап ілгері басып келеді. Қысылғандай, кірерге жер таппағандай Жиренше төмен қарап басылып барады. Қасында Сырттан салқын түйіліп, шошынғандай тіксініп тұр. Соған ығысқан сияқты.

— Айт, ата жаудың атын, Абай.

— Абай аға, көрсет бізге жауынды!— деп жас жігіттер жақындай кеп Жиреншеге оқты көздермен қарасады. Көкпай осы топтың ең ортасында. Бір кезде ұмтыла беріп:

— Е-й, халайық. Тыңда... Тыңда менің сөзімді!— дейді.

Жұрт үнсіз қадалып тосып қалған.

— Айыпкер, жауапкерді іздейсің. Мен нұсқаймын сол

жаудың жүзіне. Өзі істеді, өзі болмаса сол уды берген қол кімнің қолы екенін біледі. Тергет, жұртым, жұрт екенің рас болса!— дейді.

— Айт, айт. Көрсет соны!— деп жанағы жігіттер тағы ентелейді.

Абай суық қайратпен Көкпайға қадалып тұр.

Көкпай секіргендей қозғалыс жасап, ентелеп кеп, Жиреншені дәлдеп нұсқап:

— Кеше өлімін тілеген. Осы халық бәріннің алдында өлсін деген кім еді? Мынау. Міні! Терге осыны!— деп Жиреншеге кезеп тұрып нұсқай береді.

Жиреншені жұрт тап беріп қоршап қысып, қамап алған. Тапап түтіп тастағалы өшігіп тұр. Жиренше айналалынан, қамауға түскен қасқырдай күжірейіп, сұрланып, ашулана қарап алып:

— Тоқтат әрман. Біл жөніңді!— дейді.

— Жөк, бер жауапты! Сен... сен білесің!— деп кеп, үш жігіт жағадан ала түседі.

Жиренше айғайлап:

— Тоқтат, Сырттан ақсақал!— дейді. Сырттан қолын көтеріп, жігіттерге тоқта дегендей белгі етеді.

Үнсіз тынған халық алдында Жиренше Абайға қарай, аттай басып:

— Ей, Абай, айт өз аузыңмен, айт. Шынынмен-ақ у берген мен деймісің? Көзім жетті деп айталамысың! Бер жауабымды!— дейді.

Абай Жиреншеге қадала қарап тұрып:

— Жаңынды бер. Жаң иманыңмен айт ет. Болмаса сөзіңе сенбеймін, Жиренше,— дейді.

— Бер атынды. Бер жаңынды. Айт, ақ болсаң?— деп халық қантай түседі. Жиренше енді ызалы, кекті жүзбен:

— Шулама шетіңнен. Сенбедің бе сөзіме. Менбекем арын, иманын сатар. Бірақ жауапты бәріңе бермеймін көп шуылдақ. Алсын тергеуді мына Сырттан!— дейді.

Абай тер байлап, жалт еткен көзін жігіттерге, Сырттанға тастап алып:

— Бердім Сырттанға! Көзін жеткіз қарияның. Жаңынды бер де ақтал сол кісінің алдында. Бірақ қазір, қазір осы халық алдында көзім жеткіз ақтығыңа!— дейді.

— Қазір!

— Берсін қазір жауабың!— деп жұрт қостайды.

Жиренше, Сырттан бөлініп дөң басына оқшау барған. Жиренше сөйлеп, Сырттан тыңдап отыр. Халық алысырақта андып, қадалып бағып отыр. Бір кезде Сырттан жағасын ұстады сескеніп. Жұрт селт еткендей, дүр етті.

— Тапты! Айтылды. Неде болса бір шындық айтылды,— дейді Көкпай.

Аздан соң Сырттан орнынан тұрады. Жастар Жиреншеге қарай тағы тап береді. Сырттан қолын көтереді:

— Тимендер бұл жанға!— дейді.

Халық жұмбақ күйде түсінбей жым-жырт, сенімсіз түсте қалған.

Сырттан Абайды, Жиреншені, Көкпай, Керімді әр қайсысына жүр деп белгі етіп артынан ертеді. Үйге кіреді. Айдар жаңа үзіліп кеткен. Қатындар жылауда, үй іші зар. Үлкендер кіргенде жасты көздер шерге толы, бұларға қарамайды. Ақырын күңіренуде.

Сырттан төрге келіп, Айдардың жүзін ашып, мандайынан сүйіп:

— Асыл бауыр, арманды бауырым, кош! Қиянат әкеткен, кара жүзді зұлымдық әкеткен бауырым, кош. Кімнен сенің қазан? Білсін аруағың. Біл, халайық. Біл, адал елім, жирен залымнан, кара албастыдан, жирен, жұртым, пәлекеттен! Көр, біл, міне оның жүзін,— дейді. Тыстағы, үйдегі жұрт барлығы ентелеп басып үнсіз қатып тынып қалған.

Сырттан басын биік көтеріп, қатты ашулы, кәрлі жүзбен қарғыс сияқты қып үн катады.

— Өлтіруші алыстың жауы емес. Жақыннан шыққан. Қойнындағы кара шұбар жыланнан келген бұл ажал. Міні, сені өлтірген жау!— деп Керімді нұсқайды.

Үй іші дауыл қуған селдей сықырлап, лықсып толқып кетеді. Керім жұрттың талқысында... кергісінде... тымақ ұшты, тақия ұшты, киім дал-дұл. Сүйретіліп алып кетеді.

Бір жерде Көкпай, Әбіш, Арғыманды жағадан алып жұлқып соғып қамшымен дүрені соғып-соғып халыққа береді. Жігіттер кителін талқан еткен, шашын жұлады. Бір кезде жалаң аяқ, жалаң бас дірдектетіп қуып, сабап айдап барады.

* * *

Абай жалғыз. Зарда. Жап-жалғыз, күн батысқа қарай жұтаң сары дөңнен үнсіз, ессіз сияқтанып сенделіп, ғазапқа түсіп, асып барады. Көзінен кесек-кесек жас до-

малап түсіп, буырыл мұртына, ағарған сақалына бырс-бырс тамады.

— Жалғызбын мен. Бірін әделетсіз өлім алып кетті, бірін қараңғы жауаздық ертіп әкпетті. Кім қалды. Неге қалдым мен жалғыз!?.. Тағы жалғыз!.. деп сенделгендей кетіп барады.

* * *

Осы дертті сұрақтың жауабы сияқты боп, бір шолақ сурет көрінеді. Әлизаде, Баймағамбет.

TYCIHIKTEP



АҚАН — ЗАЙРА

«Ақан — Зайра» — Сәбит Мұқановпен творчестволық бірлікте дүниеге келген туынды. Жазушы архивында пьесаның араб әрпінде жазылған қолжазбасы мен латын әрпінде машинкаға басылған нұсқалары бар. (ЛММА, КТР-I, п. 86, 87). Екеуінің арасында бірлі-жарым түзетілген, қосылған, өшірілген сөздер болмаса айтарлықтай айырма жоқ. Пьесаны (либретто делінген) жазушының өзі орыс тіліне аударған. 1936 жылы, 17 майда «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған үзіндісінен басқа ешқайда жарық көрген емес. Бұл басылымға араб әрпіндегі нұсқасы беріліп отыр. Ескерте кетерлік бір нәрсе: қолжазбада Зайра есімі бір-екі-ақ жерде кездеседі, ал қалған тұстың бәрінде Ұмсын болып жазылған. Жарияланған үзіндіде де, латын әрпінде машинкаға басылғаны мен орыс тіліне аударылған қолжазбада да Зайра деп алынған және шығарма атауы да — «Ақан — Зайра». Солардың бәрі ескеріле келіп, араб әрпінде жазылған қолжазбадағы Ұмсын емес, басқа нұсқалардағы Зайра алынды.

НАМЫС ГВАРДИЯСЫ

Ұлы Отан соғысы басталысымен-ақ М. Әуезовтің тыл мен майдан тақырыбына арналған мақала, очерктері баспасөз бетінде жиі көріне бастады. Келе-келе Ұлы Отан соғысы туралы көлемді шығарма жазу мақсатын алдына қояды. Майдандағы қолбасшы Бауыржан Момышұлының хатында: «Отан соғысын тақырып етіп еңбек етемін. Ол еңбекті атүсті емес, әбден терең мағына-мәнісіне түсініп, біліп алып бастаймын деген ниетіңіз, талабыңыз мені өте қуантады» (ЛММА архиві, № 526-папкі, 1942 жыл, 18 августағы хаты), — деп жазушы

ниетін қостаған пікірінен де бұл мақсат айқын өезіліп тұр. Алдына орасан зор мақсат қойған жазушы әсіресе 1941 жылы Москва түбіндегі ұлы шайқаста қазақстандық 8-гвардия дивизиясының бүкіл әлемді дүр сілкіндірген ерлігінен кейін, бұл ойына қайта оралады. Майдан хабарын жіті қадағалап, қажетті деректер көзін жинастыруға кіріседі. Осы тұста жазушының Бауыржан Момышұлы, Мәлік Ғабдуллинмен хат жазысуы да жиілейді. Бұл жолда жинастырған деректерінің дені Б. Момышұлына байланысты боп келетінін жазушы архивінде сақталған материалдар (ЛММА архиві, № 106-107, 233, 409, 526) көрсетіп тұр.

Аты аңызға айналып, ерлік даңқы әлемді шарлап кеткен Бауыржан Момышұлы сияқты майдан батырлары жөнінде шығарма жазуды шұғыл қолға алады. «Намыс гвардиясының» дәл осы тұста жазылу себебіне көз жіберсек, бұл шығарманың уақыт талабына орай жылдам жазылу тарихына қаныққандай боламыз.

Мұхтар Әуезов «Намыс гвардиясының» бас кейіпкері Бауыржан Момышұлымен (*пьесада Бақытжан Намысұлы*) Москва үшін шайқаста көрсеткен ерлігінен кейін тікелей хат арқылы байланыса бастаған. Оған дейін бұлар бір-бірімен таныс-біліс еместігі Бауыржан Момышұлының 1942 жылы 18 октябрьде Мұхтар Әуезовке жолдаған хатында: «Мен Сізге таныс емеспін... Көңілденіп мына бір суретті қостым. Жүз көрмесек те сурет көрсетейін деп» (ЛММА архиві, № 526-папкі), — хабарлауынан да байқалып тұр.

Б. Момышұлының хатында: «Әрине «Намыс гвардиясының» жазылып шыққаны өте қуанышты, бірақ менің қауіпім Әлжаппар осыдан жинап алған материалдарға толық түсініп, оларды Сізге айтып бере алды ма екен? Пьесаның фундаменти құмнан болып жүрмесе еді деген қорқыныш қой», — деп жазуынан Москва үшін шайқастағы 8-гвардия дивизиясының ерлігі туралы нақтылы деректер көзі М. Әуезов қолына драматург Әлжаппар Әбішев арқылы жеткені көрініп тұр. «Намыс гвардиясы» М. Әуезов пен Ә. Әбішевтің соавторлығымен сол тұста «Социалистік-Қазақстан» газетінде жарияланып, сахнаға қойылды.

«Намыс гвардиясының» бір үзіндісімен танысып шыққан Баукең: «Құрманбек¹ жаңа ғана келіп, қолына түскен «СҚ» газетінің 230 номерін оқып беріп отыр, басын, аяғын әлі көргеніміз жоқ. Сондықтан пьесаға толық талқыланған пікірімізді айта алмаймыз. Сөйтсе де ортасын көріп отырып, мынаны айту қажет:

— Тырысып-ақ, шын ықылас қойып жазған екенсіз, немістерді Сіздің... шебер көркемдігіңіздей емес, майдан жағдайын азырақ біл-

1. Құрманбек Сағындықов — аудармашы, ғалым, көп жыл бойы «Қазақстан коммунисті» журналының редакторы болды.

гендіктен, көрмегендіктен шығатын майдалы-ірі болуы мүмкін. Аман-дық болса оларды да оқып шыққан соң толық жаза жатармыз»,— деп өзінің алғашқы әсерінен алған пікірін білдіреді. Ал кейінірек бұл шығармадан үзінділер «Намыс гвардиясы» (үш перделі қаһармандық драма) деген атпен «Социалистік Қазақстан» газетінің 1942 жылғы 27, 29 сентябрь мен 4,6 октябрьдегі сандарында жарияланды. Осы сандарды оқып шығысымен-ақ Бауыржан Момышұлы бұл шығармаға өз пікірін 1942 жылы 17 октябрьде Мұхтар Әуезовке жазған хатында (Гвардии полковник Баурджан Момыш-ұлы. «Фронтовые записки» 1942-1945 гг. Архивный материал Академии Наук Казахской ССР, т. 2, стр. 573-575) өзіне тән әділдікпен ашық түрде білдіреді.

Мұхтар Әуезов өз шығармасының бас кейіпкері ретінде суреттелген Бауыржан Момышұлымен 1943 жылы декабрьде танысады. Әсіресе Б. Момышұлының 1944 жылы 19—26 январьда Казак ССР Ғылым Академиясында әдебиет, тарих, өнер қайраткерлерінің тандаулы шағын тобына оқыған әңгіме, лекциясында ішкі ой-пікірін тереңірек тани түседі. Әрі алты күн бойы оқылған әңгіме-дәрісті жазып алып, сұрақтар қойып, кейде реплика да тастап отырады (Гвардии полковник Баурджан Момыш-ұлы. Стенограммы речей, докладов, лекций и выступлений в годы Великой Отечественной войны 1941—1945 гг. Архивный материал Академии Наук КазССР, том — I, стр. 3, 124).

Жазушы Бауыржан Момышұлының әңгіме-дәріс өткізу үстіндегі терең танымына, тыңдаушыларымен қарым-қатысына, сырт тұлғасына да жете назар аударып: «Өңі қатқыл, қоңыр үнмен, бірақ ыза боп тұрып бастады... Тілім дөкір, блиндаж тілі, білімім жоғары емес» (Архив ЛММА, папка № 409, стр. 1. «Баурджан, его беседы-лекции читанные в течение 6 дней января 1944 г.»)— деп өз кейіпкерінің психологиялық портретін көз алдына әкеледі. Әңгіме-лекция үстінде соғыс жағдайы, соғыс ғылымы мен әскери терминдер мағынасын тереңірек, нақтырақ ұғынуға ұмтылады. Мысалы, әскери терминдерге тоқтамай-ақ айта берейін деген Б. Момышұлының ескертуіне Мұхтар Әуезов стеннограммаға түсіп қалған мынадай реплика тастайды: «— Ведите так, как вели до сих пор. Мы все не военные и чем больше разъяснений и комментариев, тем лучше. То что для Вас элементарно, для нас — не элементарно. Мы нуждаемся в знании военных вопросов прямо с азбуки». (Все поддерживает т. Ауэзова, стр. 124.).

«Намыс гвардиясы»— 1942 жылы драматургтің тікелей Ұлы Отан соғысы қызып тұрған кезде майдан шындығын арқау еткен драмалық жанрдағы шұғыл жазылған көлемді шығармасы еді. Москва түбінде болып өткен майдан шындығынан алынған бұл пьесаны жылдам жазып шығу талабы Мұхтар Әуезовке көптеген қиындықтар ту-

ғызғанын жазушы архивінде сақталған деректер шоғыры да айғақтайды.

Драматург «Намыс гвардиясын» жазуға кіріспес бұрын өз машығы бойынша қолға түскен деректер тобын ой елегінен өткізіп, кетешекте жазылар туындының әуелі қысқаша эскиз жоспарын (ЛММА архиві, № 106-папкі, 2—4-бет), соңыра оның толық түрдегі көлемді жоспарын жасайды. (ЛММА архиві, № 106-папкі, 8—25 бет). Кейінірек осы қазақ тілінде жазылған жоспарын өзі орыс тіліне аударып, тағы да соны деректермен үстемелеп толықтырған (ЛММА архиві, № 106-папкі, 45—102-бет).

Осы қазақ, орыс тіліндегі қысқа әрі толық түрде жазылған жоспарлардың алдында әуелі пьесаға қатынасатын кейіпкерлердің аты-жөні, әртүрлі лауазымы берілген. Бұдан кейін «Бауыржан әңгімесі» деген атпен (ЛММА архиві, № 106-папкі, 4—7-бет.) шығармаға арқау болған оқиғалар желісі қадау-қадау түрде өте қысқа да тұқыл эпизодтар қағазға түсірілген. Жазушы лабораториясының сырына қанығып, творчестволық процестің даму жолын аңғарту үшін осы деректерді оқушылар назарына ұсынамыз:

АДАМДАРЫ:

Панфилов.

Капоров (24 жыл әскери).

Клочков (Диев).

Егоров (Григорьев).

Токтаров (152 адам өлтірген үш күнде).

Момышұлы — Намысұлы Бақытжан.

Мәлік — Мейрам Ғалиев.

Жанғожин — Бозжанов, Жанбозов (Сабыр) (тұтқында осы).

Әлікпай (?)

Қожабергенев.

Натаров.

Бондаренко.

Дұшанкұл.

Медсестра — Валя.

Доктор әйел — Вера Павловна Нестерова.

Бір әйел — Нина (связь адамы да осы).

Неміс тобы — 7—8 (офицерлер, кейін штаб адамдары).

Неміс полковник — Фогель.

Неміс, дұрыс адам — Курц.

Басқолбасшы.

Жуков.

Үлкен адам...

Англия адамы.

САХНАЛАРЫ

Бірінші акт

I. Күз, тоғай, жапырақтар — Мәскеу қауіпте.

Москва за нами!

Қолбасшы бұйрығы, барлық жұрт ырза.

Ең ортадағысы Панфилов.

II. Панфилов, Егоров соғыс үстінде... Қысқы сахна, қатты ширақ оқиғалы. Ерен қатты соғыс үсті. Егоров, Қлочков, связь адамы. Осында көп геройлардың аттары ашыла отырады. 28-дің болашақ ісінің басы сезілу керек. Қлочков...

III. Немістер. Полковник — дұрыс адам. Қазақ тұтқыны. Әсәстер. Қан кешу жолы, асқақ сөздер. Алды танктер, самолеттер шабуылды әзірлеп жатыр. Гитлер бұйрығы. 3-бұйрық. Көбінде бұйрық орта жасты адам аузында күдік бар. Сахна соңы, психич. атака.

Екінші акт

IV. Дивизия ерлігі, көп геройлардың іс үстінде көрінуі, 28 ер. Әйел.

V. Гвардия атын алу. Командование адамы басқолбасшы сәлемін әкеледі. Панфилов қызық сөйлейді. Қазақстан құттықтауы. Панфилов өлімі, алдыңғы позицияда өте қатты қайрат от жалын мен өзі бұйрық етіп, сымды тістеп тұрып өледі. Пьесаның келер геройлары өлген ер азғана адамдары осы арада. Ант серт... Соны Панфилов сүйеді (Егоров). (Соңғы екі сурет арасы, шам өшіп жанғанда?)

Валя әкесін өзі алып кетеді.

Үшінші акт

VI. Басқолбасшы кабинеті. Мазмұны шегіну бітті, қарсы шабуыл. ...қатты укрепление. Осымен қатар дивизия командиріне бұйрық келген. Қатты шабуылдың басы осы полк. Капров, Момышұлы Мәлікке, Жанғожиндерге жауынгер бұйрық береді...

Капров полкы ударный армияның тап ортасында. Тоқтаров полковникті алып келді. Кәрі солдат та тұтқын, о да жауапта. 16-армияны қоршау — міндет, кең тынысы — сыртында, қатарында екпінді корпусстар, Армия. Осында Егоров, Капров, Момышұлы, Мәлік, Тоқтаров, Жанғожин өскен, шыныққан, ашынған. Ауыздарында, жүректе 28, Панфилов, Мәскеуден жын қуылды, беті қайтты. 9 мың адам қырылған.

VII Неміс штабы — «Мертвая голова» қалғаны, генерал келіп кетті. Бағанағы полковник дивизия бастығы. Бес кісі атып, Тоқтаров терезеден, тұтқын, жауап, Мәліктер осында.

Картаны полковник өртейді, Тоқтаров амалсыз. Бірақ өлтіре алмайды, тек осы карта енді өзің боласың дейді...

IX. Қатты бекіністі алу үшін соғыс. Әуелі Жанғожин, Белов, Бозжанов аса қатты міндет алған. Жау оғын өздеріне аударған. Бәрі өледі. Осы міндетті ақырына шейін орындаған Мәлік бастаған Тоқтаровтар келеді. Соғысады. Жанғожиндерді атқан жауды бұлар сыртынан қоршап, атып келеді. Өртене бастайды. Жалғыз Тоқтаров бөгеуде қалады. Кейін Мәліктер окты өздеріне аударып, мұны құтқарып алады.

Ақыры полк келеді. Амандық... Ауыр міндет орындалған. Мәліктер орындаған. Бұл бүкіл армияға жол алған ерлік. Жаудың үлкен армиясын қырып бітіру осымен тынды. Егоровтар, барлық командование Мәліктерді зор алғыспен құттықтайды. Герой сендерсің. Өздерің ғана емес, дивизияң зор биік белге шықты, тағы шыдап, ең соңында корпустан телеграмма алғыс бер...

БАУЫРЖАН ӘНГІМЕСІ

Борыш, азаматтық, күреседі (сөздері)
Көз жоқ батыр — қате.

Сорна... трава... слава Панфилова.

Фронтта. 2-участке қабыл алмайды.
Рекогонцинировка — қайта бекініс. Планы қызық.
100 кісіні миалар көмуге, көпір бұзуға жібереді.

Волков өлімі — Бауыржан кейін ұмытпай аяса керек.

Шіркеу басына шығып бұйрық бергем: Кім қорқақ болса, әркім атуға праволы,— дедім.

Қоршауда қалыппыз. Атыстық. Жылжыдық. Орман... 4 жолды кесіп өтеді. Штаб расходқа жазып қойыпты. Генерал құшақтайды. 7 пушка әкелген. 4 дивизия, 180 танк сені қалай босатты депті. 750 кісіні жия әкелген. Бозжанов, әйел. Қоймасаң қыржаныңды кылышпен кесем дейді.

Менің қарауыма шығады батальоның дейді Панфилов. Әр жарты сағатта генерал мәлімет сұрайды. Екі жақ шегінді. Связь үзілген.

8 күн аш. Соғыссақ аштық білінбейді. Тоқтасақ аштық қысады. Горяев қорқақтық еткен. Бұрын ер еді. Масқара өліммен өлтірме дейді.

Дәрігер жаралы лейтенантты тастап кеткен екен. Иығындағы нашибкасын жұлып алдым.

15 ноябрьде келдік. Тағы расходқа шығарып қойыпты. Генерал нарком правосын өзіңе алыпсың дейді. Ол жерде совет өкіметі өзім дедім. 6 ноябрь түнгі 12-де генерал телефонмен құттықтады. Ленин орденіне ұсыныпты.

Панфилов 5 жерден шабуыл болады деді. Бірге тамақ ішеді. Нарком бұйрығы 100 грамм, қалжың. 4 рет қоршауда қалған батальонға немістің тісі батпайды,— деді. Шәйді жақсы көретін. Қасқыр терісінен істеген телегейкасын шешіп берді.

14 ноябрьде штабқа шақырды. Үш точканы көрсетті. 12 километр жерді сен қорғайсың дейді. Ұқтың ба? 2 полк, бір танк батальоны қарсы келеді. Саған сенем. Бірақ әттең күшің аз-ау! деп күрсінді. 20-сына дейін ұстап тұрам деп серт етпейім, бірақ шегінбейім деп ант етем.

Бекіндік, қаптады. Соғыс, олар көп үндемей жатқызып 500 метр жақындатып ап, маршпен келе жатқанда ұрдық. 400 кісісін қырдық. Оң жақта 75 полктан 28 ғана тұр. Әр жарты сағат сайын генерал телефон соғады.

Полктар қамауда. Үш полкты мен командовать еттім. Капров, Бозжанов мінездері.

7 рет қамауда қалған.

Бұлар ұзақ қамаудан құтылып 23 ноябрьде жеткен күні Панфилов өліпті, мені герой атына ұсынам деген екен...

Толстовты көп атайды. Рахимов, Бозжанов, Сламқұлов болған.

Бір командир, бір политрукты аттым. Жаралыны қалдырма деп, содан кейін 240 кісі жаралыны қалдырмай алып шықтық. өлгі болды.

18 сағат ішінде поселкада әр үй үшін соғыстық.

Оқ тиген доктор. Үш күн төсекте жатып, команда бердім. Сламқұлов... бауыр өлтірдің-ау! Бұл соғыста кім өлмеген — дедім.

* * *

«Адамдар», «сахналар», «Бауыржан өңгімесі» деген тақырыптарда айтылатын кісі аттары мен оқиғаларды шығарманың негізгі түп нұсқасымен салыстыра қарағанда, пьесаны жазу үстінде елеулі өзгерістерге ұшырағаны көрініп тұр. Дегенмен пьесадағы тарихи, өмірде болған кісілердің аты-жөндері сол қалпында сақталғанмен, кейбір кейіпкерлердің аты өзгертіліп, басқаша аталған. Мысалы, Бауыржан Момышұлы — Бакытжан Намысұлы, Мәлік — Мейрам Ғалиев, Григорьев — Егоров деген сияқты алмастырып атаулар да ұшырасады. Ал кейбір кісі аттары соңғы нұсқаға мүлде ендірілмей, түсіріліп қалғандары да бар.

М. Әуезовтің көп жылғы жазушылық тәжірибесі ретінде көп қолданып келген творчестволық машығының бір түрі — таяу арада жазылар шығармасына алдын ала қысқаша жоспар жасап алады. Ал шығарма желісі жазушы қиялында әбден пісіп жетілген шақта барып жазылар шығарманың толық түрдегі жоспарына кірісетін әдеті бар. Мысалы, «Намыс гвардиясын» жазудан бұрын осы үйреншікті машығын қолданған. Осымен қатар жазушы алдын ала жасаған өз

жоспарының желісін кейде шығарманы жазу процесінде біршама өзгерістерге түсіріп те отырады. Жазушының творчестволық машығындағы осы ерекшелікті ескере отырып, М. Әуезов архивінде сақталған «Намыс гвардиясының» толық түрде жасалған шығарма жоспарын да оқушы назарына ұсынып отырмыз:

Бірінші акт

1-сурет

Уақиға табиғат ортасында. Әлі қар жоқ. Сарғайған күз. Момышұлының батальонына дауизия бастықтары келеді.

Панфилов

Егоров

Момышұлы — батальон командирі

Капров — полк командирі

Клочков

Мәлік

Жанғожин

Момышұлы батальон бөліміндегі командир-политработниктермен карта үстінде әңгімеде. Окоптарды өздері қаздырған. Жаяпы үлкен халды әлі түгел түсінбегендер. Неге соғыспаймыз. Тосқанша өзіміз барсақ қайтеді. Клочков, Момышұлы бірыңғай ойлайды. Мәлік жалпы халды бұлардан көрі дұрысырақ түсінеді. Тартымдырақ, қатқыл сөздер, қалжың сөздер бар. Түн боп келеді. Өзіміз бастап ұрынасақ қайтеді — деген ыңғайда. Осы Момышұлының ақыл салуы да, байлауы да. Полк командирі келеді деген хабар. Момышұлы үмітпен, сеніммен тосады. Мәлікте де қате түсінік болған. (Панфиловтар кеткен соң, анық жайды ұғынған соң біріне-бірі күледі.)

Бастықтар келеді. Панфилов аз әңгімелеседі. Жәйді естіді. Ұсыныстарды тыңдайды. Клочков, Момышұлы омырау қаталықтарымен, ұсыныстарымен (соғысты өздері бастап кетті) күлкілеу, бірақ сүйкімді көрінеді. Панфилов байыптап тыңдап алып, салмақпен жәйді мәлім етеді. Сырты тыныш баяндау сияқты жаңалық сөзі — тастай ауыр шындықты мәлім етеді. Бізге қарсы жау танкі. Басқолбасшы бұйрығы. Мәскеу. Панфилов, Капров, Момышұлы картаға үңілген. Егоров — политруктармен аз әңгімеде. Коммунистердің ерекше міндеті жөнінде. Мазмұны терең жәй жөнінде... Жауаптылық ауыр да, бірақ соны жүрекке ашық жарқын жүзбен түйеді. Клочков қызық, жарқын сөз, мінез көрсетеді... Бастықтар кеткен соң біріне-бірі қателіктері туралы әзіл айтып күліседі. Сонан соң жүректерінде үлкен серпін белгісі шығады. Ол Мәскеу жөнінен туады. Бұл сөздері әрқайсысының өз кеудесінен, өз тілімен айтылған ант, серт есепті. Поэзияда, ұлы сана да, афоризм түрінде осы сахна соңында айтылады. Соны әр жауынгердің жүрегіне жеткізбек, терең орнатпақ міндет, қарыз екені ұғылмаққа керек. Мәлік өлең жазады. Қорқам ба деген өзінің күдігі бар. Момышұлын Егоров, Панфилов осыдан бұрын істеген үлкен бір қаталығы үшін қысады да сенім, кешірім көрсетеді. Бұл жердегі әйіп Момышұлы мен Клочковтың мойнында. Бірінің рұқсатымен бірі командирді атқан. Осы үшін Момышұлын қысады да Панфилов қалдырады. Бірақ Клочковты штабқа, жауапқа шақырады. Орнынан алады...

Панфилов
Егоров
Қлочков
Алексеев — *связь адамы, комсомол*
Штаб начальнигі! — Смирнов

Уақиға дивизия командирінің штабында. Сахнаның басында Қлочков Егоров пен Панфилов алдында жауапта отыр. Коммунистік арына сын. Осыған келгенде Қлочков шырғады. Үш күн ішінде (*соғыс сынында*) өзімді ақтаймын, серт етемін. Тек майданға жіберіндер. Партиядан тілейтінім бес шөлмек, 10 гранат босын. (*Момышұлы Қлочковты қатты мақтайды. Қайырындар дейді. Қлочков табылмайды*). Егоров кейін... ерлігіне себеп болғандай тәрбиелік үлкен сөз айтады. Осы сөздің аяғында Панфилов Егоровты асығыс шақырып алады. Басталды шабуыл, барлық алдыңғы батальон, рота-лар соғысқа кірісті. Талғар, Алтай, Алатау, Балқаш осыларды кезекпе-кезек шақырып, соғыстың басындап, аскындап, ауырлап бара жатқан халін, ерлік қимылдың әр полк, әр батальон, әр ротада болған белгілерін Панфилов сөзі білдіріп тұрады. Өзі «Алатау тындап тұр» деп, дамылсыз соққан телефондарды үздіксіз тындай тұрып, бұйрық беріп тұрады. Кей бұйрығын өзі нұсқап штаб начальнигі мен Егоровқа қатар айтқызып, жеткізіп жатады. Үшеуінің тындап білген хабары мен қарсы қайрат бұйрықтары. Үлкен командованиеден бұйрық. Дивизия штабы кейін шегінсін. Көшеге миналар түсіп жатыр. Панфиловқа Егоров жылжу керек деп кетіп те қалады. Панфилов өлі бұйрық береді. Момышұлының батальонына келе жатқан үлкен сел танктардың алдын тосу бұйырылады. Капровқа бұйырылады. Дубосеково станциясында тосып қалған рота сенімді ме. Командирі Бондаренко. Политрук кетті. Мықты ұстансын. Егоров қайта келеді. Госпитальды көшіру жөнінде сұрап медсестра Вале келіп асығыс рапорт береді. Панфиловтың амандасар мұршасы жоқ. Шолақ, тығыз бұйрық береді. Вале амалсыз кетеді. Артынан Егоров оның келісінде баланың әкеге келісі сияқты хал барын аңғартады. Қалжыңмен айтады. Көптен көрсісеген, тіл қатыспаған екен. Үлкен командованиеден тағы бұйрық. Жұрт кетуге бейімделген. Панфилов әлі де жылжымай трубка қолында картаға үнілген күйде қалады. Үлкен қысым белгісіздік үстінде шымылдық түседі.

3-сурет

«Grand nach Osten (*влечение к востоку*)

Фогель — *полковник*

Кури

Біріншіде көрінеді — Сабыр

СС-тың адамдары — *ефрейтор, кіші офицер.*

Сахна басында полковник Фогель тұтқын қазақты алғызып тергеу жасайды. Жөн-жосықты сұрағанға Сабыр қияс жауап береді. Дивизиясын полковник өзі биледі. Мы аз құлдар, азиат. Сендерге не жоқ. Жөнінді айт, қайтарамыз. Сендермен Гитлер соғыспайды. Сабыр азиат дегенді қылжак етеді, 25 жыл тарихтан кейін қапсыз. Гитлер мұсыман. Мәскеу саған не береді. Мәскеуді қорғау атам-

-анамды қорғау қарызымен тең. Панфилов жәйінде сөз. Ол орыс жандаралы сені айдап салып жүр. Ол менімен аулымнан бірге келген. Ол менің еліме, отаныма 24 жыл бұрын теңдік апарған. Досын елім досы, елімнің ең қасиетті ұлы. Айдап шығады. Один черт... Полковник өз әсерлерінің ортасында. Фюрер үшінші бұйрық беріп отыр. Мәскеу алынбайды деген не қорлық... Мәскеудің бары біздікі. Шығын көп, бірақ өтесіні мол. Жақын тұр... Енді бірер аттап түсек, көнбес Мәскеуді бомбылаумен де аламыз. Қаптай, таптап оту керек. Алдағы дивизия қарсылықты көп істеп отыр. Кешпес жазаға ұшырату шарт. Бізден көп шығын шығарды. Іркілмей басындар... дүниені жапырып өткен күшіміз... дегендей көпірулер. Есерлері шулайды. Әулігеді... Полковник алдарында 2 танк дивизиясы... Жолды сол салады, жапырады. Алдымызда бір ғана дивизия... Біз ше? 2 жаяу, 2 танкы дивизия... бір моторлы дивизия. Шулап кетіседі. Желігеді. Мәскеуде тойлаймыз... Шабуылға қанат қағындар. Мәскеуде де жәйіміз жылы сәнді болуы үшін... Бар завод, фабрик неміс әскеріне дүниені аларлық құрал жасауы үшін. Фюрер үшін... Барлық қолда бокал, іше беріседі. Тарс етіп бомбы түседі. Жұрт үркісіп қалған. Полковник бұйрықпен шыға береді.

Дұрыс неміс Курц хатын бітірседі. Соның аяғын жазып тұрып оқып тұрады. Ол күдікте... көңлі, алды қараңғы, тұйық. Шабуыл, шабуыл — психическая атака!

Екінші акт

4-сурет

Жаралы Намысұлын Нестерова, Жанбозов, Нина алып шығады. Кейін жөнелтпек. Жарасын сұрайды. Жөнелтпе дейді. Егес, қорқытады. Еріксіз оқты алдырады. Қайсар шыдамдылық етеді. Жанбозовқа қылжақ әзіл жасайды. Кетпеу себебі — сол флангі бүгін ең жауапты жер. Бүгін өтсе Мәскеу есігі ашылып қалған есепті. Хабар. Сол жақтан тағы қаптады. Қарсылық әлсіреп барады. Намысұлы Капровқа хабар етеді. Панфилов өзі телефонмен сұрайды. Қатая береді. Жаралысын жасырады. Қайта қатаяды. Капров жетеді. Қасында командир, политруктер. Капров халдың ауырлығы, шабуыл күшті. Панфилов айтқан хабар мен бұйрық. Ол неміс бағытын қаталаспай айырады. Ендеше бүгінгі шабуыл өзгеше болмақ. Мен сендер атыңнан шыдап бағуға серт бердім. Ердің, ездің сыны емес пе деп Капров айтады. Күшті бөледі. Таратады. Сол жаққа қатты сәлге қарсы Мәлікті жібереді. Осы жерде Клочков қалады. Екі сағат ұстаңдар деп Мәлік пен Клочковке тапсырады. Момышұлына, өз міндетіне артты әзірлеп, резервті нығайтып, кейінгі позицияны (оборонаны) күшейтуді алады. Тарасады. Капров Мәлік пен Клочковты сүйеді. Мәлік пен Клочковтың оңаша сөзі. Клочков кейін енді шегінбек емес. Шымылдық аз ауысады. 28 ер мен автоматчиктер соғысты өткізіп бітірген. Ойда жоқтан Панфилов үстіріне келеді. Сүйсініп келеді. Әзіл аралас қайрат беру. Танкты тосындар. Бірақ аздығына киналады. Ерлерін қимайды. Қалсам қайтеді қастарында дегендей. Аналар қалдырмайды. Қимай, киналып кетеді. «Аманбысындар, геройлар!» деп Клочков жетеді.

Окоп шеті. Адамдар кеудесінен ғана көрінеді. 18 танкының шабуылы басталды. Клочковтың шабуыл алдындағы сөзі... Соғыс...

жақындатады. Ұран сияқты қысқа сөздер мен оқ, шөлмек сілтеседі Әрбір ердің сермеген құралы арнаулы кекпен жұмсалады. Отан үшін, Мәскеу үшін. 16 одақ үшін құрбанмын! Бұны бастайтын Қлочков өзі. Дәл осы соғыс көбінше ұран қайрат пен музыкамен беріледі Жараланып жатқан ерлер. Оларды оқопке жатқызып, қысқа сөзбен қош айтысады. Кей жаралылар қайта тұрып оқ береді. Жарасын басып тұрып, қайрат етіседі. Қлочков, Қожабергенов, Бондаренко ерекше жалындай соғысады. Төртеу қалды, үшеу қалды. Соңғысы да өледі. 18-ді жайратты. Бітті шабуыл деседі кейбірі. Жок, біткен жоқ Қайта толқын, тағы бір лек қаптады. Қлочковқа бізден артты ғой саны,— дейді Бондаренко. Қлочков өлім, ерлік ер өлімі тұр. Бойынан қан ағып тұр. Елемей, жарасын басып тұрып сөйлейді. Ел, «Отан Ұлы Мәскеу қаным қарызсыз. Арманымыз жоқ. Біл, отан адал ұлы» болып өлерміз, сүйген жүрек шайлықпай, адал ұлдың қарызын ада қата, алтын бесік елімізге. Бондаренко сүйсейік дейді. Қалғандар тегіс сүйіседі. Қаптады жау. Қлочков санайды. 32. Екеуі үлкен танк. Қорқақ естен айрылып шошына бастайды. Жын қаққандай мінез істейді. Өзгелер суық түспен бекінді. Жақындасын. Екеуі үлкен танк. соны жояйық. Ал атындар, ал сілте,— деді Қлочков. Қорқақ естен айрыла бастады. 32 емес... 60... Жүзі! деп.

Бәрі үлкен танк деп аурудай сандырақтайды. Жауынгерлер ұрсады. Токтапмақ. Анау аласұрып, әлсірей береді. Айғай. Берілі!— дейді. Қорқақ қолын көтеріп оқоптан секіріп шығады.

Қараң өшсің мәлғұн. Арсыз азғын деген қарғыс барлық ерлер аузынан шығады. Залп. Ол құлап түседі. Соғыс. Ерлер өрттей лаулап шөлмек лақтырады. Қожабергенов бір үлкен танкыны құлатты. Соңғы қуаныш, сүйсіну, алғыс. Бірақ бұлар біте бастады. Жау басындады. Оқ бітті. Төрт-ақ ер қалды. Қлочков соңғы екінші үлкен танкты жайратты. Өзіне оқ тиді. Құлады. Оқоп шетінде. Соңғы сөзі. Натаров жаралы жатыр. Оқ бітті. Жалғыз тірі жан Натаров, көріп жатыр. Қожабергенов қолын артына ұстап ақырып айбар шегіп қарсы басты. Натаров, есіл оттай жүрек, сен де сөңдін!— деп талып кетеді. Бітті соғыс. Жым-жырт. Баяғы үшіншідегі тасыр офицер келіп оқопты көрді. Шәшін жұлады. Гудериан масқаралығынан менікі арты. Не болам! Не мазақ! Бір полк деп алысқаным, екі колонна танктен айрылғаным тым құрса бір батальон, тым құрса бір рота да емес. 28-ақ адам. Төрт сағат, жарты күн бөгенен жалаңаш қолдар. Тым құрса зеңбірегі де жоқ. Күн батты. Мезгіл өтті. Төрт сағат емес, бір күн бөгеді. Не деген қорлық!— дейді. Алыстан шабуыл үні естіледі: сахнадан офицерлер үрке қашады. Жым-жырт, қаралы кеш мұңайып жүдеп, батып барады. Ақ қар, қалың қар ерлер бетін ақ кебіндей бүркей береді. Музыкада қаралы күй. «Вы жертвы павши в борьбе роковой».

Нина.
 Панфилов
 Капров
 Артиллерия командирлері, 2—3 кісі
 Валя
 Намысұлы
 Мейрам
 Григорьев

Сахна ашылғанда Нина жалғыз, жаралы. Оқ жауып тұр. Связьді бір жалғап қосып енді өлермен болған шақта, «жалғанды» деп тыныштық ала береді. Өлуге де болады дегендей. Осы кезде қайта шошиды, тағы жалғау үзілген. Қайта тырмысады. Қолына, соңғы сау қолына оқ тяді, еңбектейді. Зорға сүйретіліп отырып, үзілген жерге жетеді. Әл-дәрмен жоқ, хал біткен. Сөйлеп, соңғы «қош-қошын» жас жалынын атып, сымды аузына тістейді. Связь қайта жалғанған. Оқ сейіледі. Атыс саябыр. Нина өлді, сымды тістеп өлді.

Панфилов осы жерге, алдыңғы қатарға екпіндеп шығады. Қасында адъютант. Қарсыдан Капров шығады. Связьдың қайта жалғанғаны білінеді. Нина сыры анықталады. Панфилов тізе бүгіп, сүйеді. Капров ерен ерліктің тағы бір белгісі Ключковтарды айтады. Осындай жандар барда Мәскеуге жау баспақ емес. Дивизияға гвардеец атын әперген де сендерсің... дескен алғыс та, жоқтау да, сүйсіну де бар.

Гвардия атын алған өр шаттық. Бұл кезде Намысұлы, Мейрам, артиллерия командирлері — көп бастықтар жиылған. Қомандованиеден, Қазақстаннан келген алғыс құттықтаулар. Өр сөздер Панфилов аузынан, ерлер аузынан шығады. Тағы Ключков, Ниналар аттары, әруағы еске алынады. Ендігі сөздер ашынған жүрек анты, серті сияқты.

Бүгінгі соққы гвардия соққысы болсын. Артиллерияны тыңдаңдар, басындар ілгері. Бүгін шегіну емес, өрлеп соғып өзіміз ілгері басамыз. Алындар анау өзенді. Тарандар. Қайнар соғыс, қатты соққы сын босын. Осымен жұртты таратып. Панфилов өзі команды береді. Артиллерия тіл қатты. Бората соқты. Жау беті ықтай бөгелді. Бұрыла бастады. Екпінді қайтты дегенді телефонмен Капровтың Намысұлдары, Шехмандар жеткізіп жатады. Артиллерия жаңа бүгінгі тактикамен соғысқа бастық болғанына зеңбірек адамдары ерекше тамашалай сүйсіну керек. Жау жапырылып барады. Осы кезде жау оғы бұл араны табады. Мина түсе бастады. Бірақ телефондар Панфиловқа ілгері басып, бара жатқан жәйді жеткізіп жатыр. Панфилов қызу бұйрық үстінде. Артиллерия бастығы Панфиловқа қатерді айтады. Сіз тайыңқырап барып бұйрық беріңіз, жау оғы бізді тауып тұр дейді. Телефон көмекті үзбегіңіз тілейді. Отты саябырлатпа дейді. Панфилов соны тыңдап, қатерді елемей, тағы соқ... Төк, ақтара төк отты, аздан соң орын ауысамын,— дейді. Соңғы хабар, жау өзеннің ар жағына төгіліп қирап өтті. Беті қайтты деген хабар келеді. Капров хабары. Дәл осы кезде Панфиловқа оқ тиеді. Соғыс басылды. Панфиловты командирлер зеңбірек үстіне әкеп салған. Зеңбіректе «Отан үшін! Партия үшін!» деген жазу бар. Соның үстінде ер генерал өлігі.

Телефонмен бұл жерден ақырын хабарлар берілген. Біртіндеп Капров, Егоров, Намысұлы, тағы басқа көп бастықтар шығып, келіп жатады. Бәрі де үнсіз, жалаңбас, Панфилов басына үңілген. Осы кезде Валя, Валя! Валя келді!— деген көп үн шығады. Жұрт бұрыл береді. Панфилов азғантай ес жиғандай, келтірмендері дегендей ишарат жасайды. Капров Валя деп тоқтатпақшы. Валя барды білген. Бөгелмей, тас қайратпен бекініп ілгері басады. Әкесінің бетінің иіліп қалт үнсіз, суық түйіліп тұрып қалады. Панфилов, жыламан-дар, 28 ер өлімін қадыр тұт, мен дегендеріңе бар соңғы тілегім сол,— дейді.

Валя, сенің қазанның жауабы әдсіз көз жасы емес, аяусыз кел ақаусыз қайрат, сокқы. Осы достарыңның, ер жауынгерлеріңнің, ел анаңның ұлы серті асыл әкем!— дейді. Өзіне өзі айтқан сөз сияқты Шымылдық, үнсіз жым-жырт тоғай ішінде, қар жауып тұрғанда, қы зарып алтын сәулелі таң атып келе жатқанда жабылады.

Үшінші акт

6-сурет

Басқолбасшы көмекшісі жалғыз отырғанда Батыс фронттың бас командашысы Жуковтың келгендігі білінеді. Жуков келеді. Ең соңғы сідерге жеткен сводка қай сағаттыкі деп сұрайды. Не үшін шақырды екен деген сұрау ойы. Алдымен Волоколам жағын сұрауы мүмкін. Екеуі Батыс фронтының картасында.

Көмекші аз жәйді сұрап, Жуков оған айтып өзі үшін де жаңа картадан кей жәйларды анықтап тұру керек. Сырттарынан Сталин келіп картаға қоса қарап, бір реплика айтады. Жуков картаға үңілген бойда аз қығаш сөйлеп қалады. Қайта сұрақ береді. Сонда айналып қарап басқолбасшы көреді. Өзгереді.

Басқолбасшы картаға қарамай тұрып, әуелі Рокоссовский армиясы, Волоколам соғысы туралы нақтылы сұрақтарды үсті-үстіне береді. Шолақ тыңғылықты жауаптар естиді. Пехотаны артиллерияға бағындыра соғыс тәжірибесіне берді? Жуков ол айқын жақсы нәтижені 8-дивизияда генерал Панфиловтың қолдануында ойдағыдай шықты. Не бітірді деген сұраққа үлкен шоссені қайта алды. Танк дивизиясының жолын кесті. Әлі не боп отыр ма? Екі жақ кезек алысып қырғын соғыс боп тұр осы сағатта.

8-жәйіндеағы сұрақтарда олардың шегінуді жоққа айналдырғанын, сол арқылы жау күшін, техникасын аса қатты жойғанын айтысып қорытады. Қайрат намыс дивизиясы көп жәйді ендігі соғыс стратегиясы басқаша болу жәйін сездіріп, ойға түсіргендей болады. Осы, қайратты көрсеткен ер талантты генерал өліп кетті ме?— деп басқолбасшы ойлап қалады. Есіне түсіреді, дивизиясы Алматыныкі еді. Өзі Чапаевтың шақпақ отты бойына қасиет қып сақтаған есіл жан еді. Үнсіз ұзақ, ауыр пауза.

Соның артынан 28-ді сұрайды. Шегінбес үшін қасарысып өлгенін танытады. Бірнеше сұрақ. Ауыр танканы шөлмектер жояламеке. Екеуі жойылғанын, бірін Клочков өзі жойғанын біледі. Қай ұлттың адамдары деп сұрайды. Жуков бұған жауап бере алмайды. Анықталып жатыр. Осы ерлікті бірден барлық Отан, екіншіден бар әлем білсін деп үлкен бір қорытынды айтады. Ескерткіш орнатқандай сөз-

дер. Екінші үлкен қорытындысы, ой-сұрағы барлық жауынгер, командирлер жүрегінде шегінбеуі үшін намыс оты қайнауы, жігер, ыза басымдауы мол ма деп сұрайды. Ол күшті, ол ыза кеудені көрнеп болды,— деді Жуков. Гудерианды қуған сол жігер, ыза. Мынау 28, мынау Панфилов, 8-дивизия ісі соның куәсі. Ендеше осыдан үлкен тарихи жаңа қорытынды тұмақ керек. Шегіну жетті. Тарихи жаңа белге шықтық. Соғыс тәсілі басқа бағытқа ауысты. Жаудың сіңірі созылды. Адамы қырылды, күші әлсіреді. Енді шабуылды ол жасамайды, біз жасаймыз. Қайта серпер қарсы күш енді Мәскеуден жау армияларын қайта лақтырып, айдап тастар шағына жетті. Байлау осы.

Осы жәйларды жалғыз өзі сөйлемей Жуков пен оның аузына ой салып ақылдаса тұрып байлайды. Жуков резерв. Басқолбасшы уәде етеді. Ендеше шабуыл жәйі байланды. Ең ақырда қатты қажырмен «жүр ендеше фронтқа» деп киініп бірге жүре бастайды.

7-сурет

Фогель
Куриц
Офицер
Генерал
Токтаров
Жанбозов

Генералмен түгел қағысып отыр. Генерал Браухич түскен соң көтерілген бастықтың бірі. Шегінуді кешпейді, рұқсат етпейді, осы үшін ұрса келеді. Фогель дұрыс ойлайды. Шегінбесек осы жерде қырғын табамыз. Машақатты сонда көресіз. Осы армияны қауыпта қалдырып отырсың. Кесіліп қамауда қалуы мүмкін. Қауып жер Сосновка қаласы. Генерал көнбейді. Ашу шақырады. Фогель ызалы киялмен жеңе сөйлейді. Бірақ бағынбасқа шараң жоқ. Мәскеуден бір қидыру шегініп кеткендері мәлім болады. Бірақ әлі күшті. Генерал Сосновканы нығайтуға әскер төкпекке уәде өтеді. Генерал кінә етіп катюша жәйін білмегенді қорлық санау керек. Кетеді. Фогель генералды Браухичтың садағасы құрым көрсе де көмекке сеніп қалған.

Офицер Жанбозовты алып келеді. Полковник сайқалдықпен қарсы болады. Не күтесің. Ату керек деп әлдеқашан айтқам дейді. Офицер жауап алмақ, катюша жәйін сұрайды. Жанбозовтың түсі ғазап көрген. Өлімші болған халді көрсетеді. Маңдайында жұлдыз ойылған. Ол ерекше ашынған, өрттей жанып, жиренген, өмірден де үміт үзген үнмен сөйлейді. Полковниктің бетіне түкіреді. Атпақ болады. Сонда Токтаров терезеден секіріп түседі. Офицерді атып өлтіреді де полковникті тұтқын етеді. Полковник атам дегенде Жанбозов көмек еткен. Тыстағы қартаң адам Куриц өзі берілген. Полковник картаны өртейді. Токтаровтың амалы құриды. Бірақ осы карта өзің боласың, сені өлтірмеймін, алып кетем,— дейді. Карта боп сөйлейсің де. Осындай боп жанасың, асықпа дейді. Токтаров пен Жанбозов. Ал сөз арасында Жанбозов Нинаны сұрайды. Ол өлген, Токтаров жасыра алмайды. Жанбозов жылағандай отыра кетеді. Не айтасың, ол ғана емес Панфилов та өлген дейді. Жанбозов шұғылынан қатты өзгеріп, кекті ашумен атып тұрады. (Капров Жанбозовтың кездесуі өзгеше күшпен берілуі керек).

Р. С. Токтаров келер алдында неміс штабында әбігер, сасық хабар келді. Бүйірден кеп қалды. Құтылындар дейді. Фогельдер қаш-

пақ болады. Тоқтаров сонда жетеді: Осы сахна аяғында Капров, Намысұлы, Мейрамдар жетеді. Бұйірден келген полк. Бірақ алдыарты жау. Капров Егоровпен байланысады. Егоров бұйрық береді. Ұстап отырындар біз шабуыл жасаймыз, біз жеткенше беріспендер,— дейді. Капров Мейрам роталарын шегінетін жауға қарсы салады. Намысұлын арттан келетін жауды бөгеп ұстап тұр,— деп жібереді. Қарбалас, қысталаң. Бірақ үлкен бір іс басталып қалғаны анық. Дивизияның жетуі қатты күдікпен, ерлікпен, шыдаммен тосылады. Тыста атыс. Алдан да, арттан да қамау басталды. Капров саспай басқарып отыр.

Төртінші акт

8-сурет

Сахна ашылғанда өткен суреттегі хал еске түседі. Енді рольдер ауысқан, үстел басында жауап алып Жанбозов отыр да, оның бұрынғы орнында жауап беріп полковник Фогель тұр. Жанбозов полковникке өзі көргенді айтады. Сырты сабырлы, бірақ мысқыл, сызбен сөйлейді. Мен не көрмедім, сен өнерлі, білімді, тәрбиелі басынмен не көрсетпедің. Бірақ сонда да сен менің қолымда, менің алдымда тұрсың, бірнеше күн өтті тұтқын болғаныңа, бірақ әлі шалбарының қыры да сынған жоқ. Жә, өзің айт, маған еткен қылығыңа мен азиат, мен төмен дәрежелі әскермін не қылсам орай болар еді?— Сендер ит жансындар білемін. Бірақ сендей үлкен шортанды, шарпысып тұрғанда қолға түсіріп ап тек аман қоя алмаспыз, оны сезерсіз.— Тірі қалам ба? Үйім, баламды көрем деген үміт сақтай алам ба?— Ол өзінің ендігі мінезіңнен болмақ, полковник. Тұтқын ойланып қалады. Өлім үміг шарпысқандай Сосновска жөйін сұрайды Жанбозов. Полковник іркіледі. Сонда тұтқын Курцты алғызады. Ол өзі білгенін айта бастайды. Сонда полковник оны тоқтатып аз шешіледі. Ол жерге сендердің шабуыл жасамағың мәлім. Бірақ алалмайсындар. Алсандар 4 дивизия қамауда қалады. Егер генерал ақмақ болмаса, алғызбау керек сендерге,— дейді. Қысқасы мен енді бекіндім. Өз өмірім опқа соқты, мен көп ойланып, сынып жамалғандаймын. Мені үлкен командованиеге жіберіңдер,— дейді. Капров, Намысұлы, Мейрамдар бұл кезде үйге кіріп, үндемей тыңдап тұрған. Полковник шығарылады.

Егоров келеді. Жанбозовпен жақсы сөзі болады. Осыдан соң дивизияның ерекше үлкен жаңа міндеті жөнінде Егоров өзгеше басшы сөзін сөйлейді. Төтенше бұйрық, сын міндет келеді, достар. Біздің дивизияның бірнеше полкы мынау 4 дивизияны алдап соғады. Бірақ Сосновскадан барып жолын кесу, қалайда алу ең ауыр операция. Онсыз жеңіс жоқ. Панфиловтың әруағын, тәрбиесін, өз өлімінің үлгісін еске алады. Өзгеше ыстық сирек сөзбен еске алады. 28-дің қанын 28 мыңды жоймай кешерміз бе, ұмытармыз ба,— дейді. Бірақ бұл сапарға тіленген ерлер ғана барады. Бір полк осыған шықпаққа керек. Осыған қай полк бармаққа керек қарт, не дейсің деп Капровқа қарайды. Капров оған біз, біздің полк барады. Солай емес пе, достар,— деп Намысұлдарына қарайды. Қатерге басу, жолды кесу міндет екен, ер жорығы осы екен, іркілер жөнім жоқ менің. Өз байлауым осы дей бергенде, Намысұлы ендеше сіздің полкыңыздың ен

алдын бастап, қарды бұзып, қолға алдымен барып соқтығатын менің батальоным босын, менің байламым осы, солай емес пе, достар,— деп Тоқтаров, Мәлік, Жанбозовқа қарайды. Мәлік пен Тоқтаров қызық, жалынды жауап айтады. Егоров сүйсінеді. Тоқтаровтың полковникті тұтқынға алған жерін сынай сұрайды. Ол қорғасын қорытқан пештің жалынынан ыстық жалын емес дейді. Бәрі үлкен жорыққа, батырлар жорығына бекіністі. Сүйісіп тұрып серттерін бекітеді. Сартсұрт қашу басталды. Алдында Сосновска. Жауды қамауға алу арман, ант есепті.

9-сурет

Сарайдан пулеметін шығарып неміс атқышы оқ төгіп жатыр. Сарай төбесіне Тоқтаров қарғып шықты. Жолбарыстай секіре түсіп, немісті бассалды. Ұрып өлтіреді. Жолдастары жетеді. Байлау, енді жау оғын өзімізге аударамыз аянбай, іркілмей от төгіндер, не жаза болса да қарысып көрдік. Өзімізге жау оғын аудармасақ біздің бөлімдер басалатын емес деген. Серіктері бекінді. Тұтас от төкті. Бұлар үстіне жау оғы жауа бастады. Сарай төбесі жана бастады. Серіктері қырылып таусылып барады, қатты қысталаң, жан-жақтан жау басымдап, қамап, кернеп келеді. Тоқтаров жалғыз қалған. Оғын сарайдан әр жағына апарып кезек-кезек жұмсайды. Сыртынан немістер кеп қалды. Офицер ата бермек болғанда, пулеметін бір қолымен атып жатып сол қолымен нағанмен атып офицерді құлатады. Екінші офицер бұны атады. Өлімші болған. «Беріл»,— дейді. Үнсіз жатып қалады. Офицер тақай бергенде соңғы күшімен жалт етіп көтеріліп, «я вам собаки, сдамся»,— деп автоматымен бастан ұрып, соңғы офицерді өлтіреді. Өзі де өледі. Жаулар бастықсыз. Осы кезде Мәліктер сыртынан қамап кеп, оларды жояды.

Бұл бекіністі Мәлік Жанбозовтан алды. Атыс, үстеріне от төгіле бастады. Сарай лаулап барады. Мәлік тобына сөз катады, біреу осында от ұстап қалып, өзгелер анау үйге тиісіп, сол арадан от төгу керек,— дейді. Бар жауынгер қалуға бекінеді. Мәлік өзі қалмақ болады. Кетулеріне бұйырады. Сонда Жанбозов өзі қалмаққа бекінеді. Мен іркіп ұстап тұрам, барындар,— дейді. Мәлік қимайды. Бірақ амалсыз қиналып кетеді. Аздан соң ана жерден атыс бастағанда сені босатқанымыз болады. Бөгелместен бізге жет,— дейді. Айтқанындай аздан соң Мәліктің оғы естіледі. Бұл араға оқ түспейді. Жау оғы Мәліктерге ауысып кеткен. Жанбозов ырза болмай қап, енді қозғалмақ.

* * *

Бұл жоспар пьесаның жазылу тарихы мен творчестволық іздену процесі қандай жолдармен жүзеге асқанын танып білу үшін де қажетті дерек болмақ. Осы арқылы жұртшылық Мұхтар Әуезов «Намыс гвардиясын» жазу үстінде қаншалықты тер төгіп еңбектену мен жан-жақты творчестволық ізденуде болғанын сезіну арқылы жазушы лабораториясының сырына да біршама қаныға түспек.

Жазушы архивінде «Намыс гвардиясының» үш нұсқасы сақталған. Оның екеуі қазақ тілінде (ЛММА, папка № 106, 26—44 бет, папка № 107, 1—6 бет), біреуі орыс тіліне аударылған нұсқасы (ЛММА, папка № 106, 45—102 бет).

Пьесаның бірінші нұсқасы машинкаға басылып, кей жерлері автор қолымен жазылған («Үшінші сурет», ЛММА, папка № 106, 26—30 бет.) Бірақ бұл нұсқа толық сақталмаған. Кей беттер ауысып түссе, шығарманың алдындағы, артындағы көп беттері жоқ. Яғни пьесаның 1—2 актысы ғана сақталған. Соның өзінде де бұл нұсқаны № 107 папкідегі екінші нұсқамен салыстырғанда, көптеген тексттік өзгерістер байқалады.

«Намыс гвардиясы» 1966 жылы «Жұлдыз» журналының 4-санында (6—30 бет) толық түрде жарияланды. Бұл нұсқаға бірсыпыра өзгерістер ендірілген.

Кейбір суреттер (мысалы 4-сурет) мүлде қысқартылған. Текстологиялық өзгерістер де молынан ұшырасады. Осы себепті жазушының 20 томдық шығармалар жинағына «Намыс гвардиясының» екінші нұсқасы (ЛММА, папка № 107, 1—63 бет) осы шығарманың негізгі асыл түпнұсқасы ретінде алынып отыр. Себебі осы нұсқамен «Социалистік Қазақстан» газетінде жарияланған үзінділері (1942, 27, 29 сентябрь, 4, 6 октябрь) бір-біріне дәл түсіп отырады. Екінші жағынан алғанда, жазушы осы екінші нұсқаны тікелей өзі орыс тіліне аударған нұсқасымен (М. Ауэзов, А. Абишев. «Гвардия чести», пьеса в 4 действиях, 7 картинах. Перевод с казахского Ауэзова. 1942. ЛММА, папка № 106, стр. 45—102) екі арада ешқандай өзгеріс жоқтығын көреміз. Тек орыс тіліне аударылған нұсқаның соңғы беттері жоқ, түсіп не аударылмай қалуы да мүмкін. Осы себептерді ескере отырып, «Намыс гвардиясының» екінші нұсқасы асыл түпнұсқа ретінде 20 томдық шығармалар жинағына тұңғыш рет толық түрде, өзгеріссіз жіберілді.

«СЫН САҒАТТА»

«Сын сағатта»—1941 жылы жазылды. Мұның бірінші редакциясы, автордың өз қолжазбасына қарағанда, 1941 жылдың август айында жүргізілген. Шығарма Ұлы Отан соғысына қатысқан совет жауынгерлері мен тылдағы еңбек адамдарының ерлігін сипаттайды.

М. Әуезов бұл пьесаның ең әуелгі нұсқасын арапша түсірген. (М. Әуезов архиві, 105 папка). Көлемі — 112 бет. Автографтың бірінші бетінде «Сын сағатта. 4 акт 8 суретті геройлық пьеса» деп жазылған.

Ал, осы пьесаның машинкеге басылған екінші нұсқасы (104 папка) бар. Мұның көлемі — 63 бет те, өзі үш акт, бес суреттен тұрады. Алдыңғы варианттыңдағы оқиғалар мен адам аттарының сол бұрынғы қалпында қалғаны болмаса, бұл нұсқа бүтіндей қайта жазылып шыққан. Бұрынғы: бірінші, екінші, үшінші суреттер қысқара-қысқара кеп бірінші суретке, төртінші, бесінші, сегізінші суреттер екінші суретке, алтыншы сурет үшінші суретке, жетінші сурет төртінші суретке айналған.

Бұдан кейінгі үшінші нұсқа М. Әуезовтың алты томдық «Таңдамалыларына» (1956, VI том, 371—419 беттер) кірді. Мұнда жазушы, негізінен, жекелеген кейіпкерлердің сөздерін ықшамдап, редакциялаумен шектелген. Мысалы, осы пьесаның екінші нұсқасындағы: «Мен өмірімнің ендігі барлық отын басқа нәрсеге арнағам. Сіз салқын жүзді жалғыздық күніне қуаныш, рахат қанатын бітірмексіз. Сіз әкелген шындық мені қуантатын қасиетті сый. Мен сізді өзге жаннан өзгеше, ерекше қадірлейтінім де рас. Ендеше несі бар? Көрер көзге

бөгет қайсы дер ең? Бірақ, Ескендер, менің басынан тартынғаным сол, мен ендігі тірлікте өз басымның еркі өзімде тұрған жан емеспін» (6 б.) деген Назым сөзін 1956 жылғы басылымында: «Мен сізді өзге жаннан өзгеше, ерекше қадірлейтінім рас. Бірақ, Ескендер, мен ендігі тірлікті өз басымның еркі өзімде тұрған жан емеспін» (375 б.) деп қысқартқан. Осы секілді Нұрланның: «Есте болсын. Алдыңғы күн, кешегі күн біз Гольц дивизиясын, фашист танктарын дәл байлап бек ұрғамыз. Сондағы угломер, сондағы уровень, сол нысаналар ұмытылмасын, ескерілсін. Кешегі өлшеу, жазуларды қайтадан тез қарап өтіндер» (24 б.) деген диалогын соңғы нұсқада: «Есте болсын, алдыңғы күн, кешегі күн біз Гольц дивизиясын, фашист танктарын дәл байлап, бек ұруда бүгінгідей бола алмап ек. Бүгін ғана дәлдік, шапшандық таптық. Осы бүгінгі угломер, бүгінгі уровень, осы нысаналар ұмытылмасын, ескерілсін. Осы өлшеу жазуларды қайта қарап, қатты аңғарыңдар. Келер шабуылдың жауабы қапысыз болсын» (389 б.) деп нақтылап, айқындай түскен.

Пьеса кейін жазушының он екі томдық шығармалар жинағының оныншы томында (1968 ж.) жарияланды. Қазір сол басылым бойынша ұсынылып отыр.

«ҚАРА ҚЫПШАҚ ҚОБЛАНДЫ»

Автордың қолжазбасына қарағанда бұл пьеса 1943 жылдың январь — февраль айларында жазылған. Қазір М. Әуезовтің әдеби-мемориалдық музейінде осы драманың екі түрлі нұсқасы бар. Ең алғашқы, бірінші нұсқасы арап әрпімен жазылған да (109 папка, көлемі 138 бет), соңғы нұсқасы латын әрпімен, машинкаға басылған (108 папка, көлемі 110 бет). Автордың аса көп жөндеп, көп редакциялаған нұсқасы да осы соңғысы. Мысалы, ө деп жазылған алғашқы вариантындағы:

Алма үрейді, аптықпа,
Жалғыз ауыз тіл қатамын Қортқама.

деген Қобланды сөзін соңғы нұсқада драматург:

Алма үрейді аптықпа
Ауыр сөздің бәрі әзіл,
Күйім тұрса шаттықта
Бұдан кетсем көп кешем
Бетті бұрып жаттыққа
Қайтып қиям Қортқамды
Ақ тілеудің үстінде.
Ай көргендей тәу еткен
Арманы көп жастықта
Жалғыз ауыз тіл қатамын Қортқама.

(108 папка, 39 бет) деп өзгерткен. Сол секілді бесінші суреттің басындағы:

- «Айым, айым, қуатым!
- Құтырған қасқыр тобындай...
- Аяу білмес ажалдай...
- Қандай дұспан қадалған?
- Болжай алман, біле алман!»—

деген Қортқа мен Қарлығаштың үрейлі қорқынышын бейнелейтін диалогты: «Я, Қамбар, я, тәңірі! Мейірлі ием, дос ием!» (59 бет)— деген бір-ақ ауыз сөзге сиғызған. Ал, Қарлығаштың шошынып айта-тын:

«Қаптап келед осылай
Кесілген де тілеуім,
Құрыған да қайран шақ
Мерт болған да Қоблан,
Біткендағы біздің бак»—

деген диалогты: «Құрысың ба қайран шақ. Бітесің бе біздің бак» (64 бет) деп қысқартқан.

М. Әуезовтің «Қара Қыпшақ Қобланды» драмасы қазақ халқының осы аттас батырлық жырының негізінде жазылған.

Әрине, «Қобланды батыр» жырының жиырмадан аса нұсқасы бар. Бірақ соның ішіндегі ең молы Марабай мен Мергенбай варианттары Мұның алғашқы варианты баласыз жүрген Аналық пен Тоқтарбайдың зарын баяндаудан басталса, екінші нұсқа Қобландының ат жалын тартып ер жеткенін, сөйтіп сұлу Қортқаға үйленгенін сипаттаудан басталады. Бұдан әрі екі нұсқаның екеуінде де Қобланды бірде Қазанмен, бірде Көбіктімен, енді бірде Алшағырмен соғысады.

Рас, оқиғаның ә деп басталуы жағынан алғанда «Қара Қыпшақ Қобланды» драмасы Мергенбай вариантына жақын. Бұдан, әрине, Әуезов пьесасы мен халық эпосының арасында ешбір айырма жоқ деген пікір тумайды. Қайта жазушы сол халық жырындағы ұзын сонар уақиғаны реалистік драманың қатал заңына үйлестіріп, орынды пайдалана білген. Мысалы, эпостағы Қазан мен Көбікті, Алшағыр мен Бірсімбай секілді батырлар өзді-өзі, жеке-жеке жүріп әрекет етсе, пьесада бұлардың бәрінің басын кұрайтын хан батыр — Көбікті болып көрінеді. Автор бар оқиғаны Қобланды мен Қыпшақ жауларының басы болған Көбіктінің арасындағы қақтығыстан туғызады, драмадағы тартыс атаулының бәрі де осыдан басталады. Пьесадағы Қазан мен Алшағыр — Көбіктінің батырлары, соның айтқанын істеп, айдауымен жүретін адамдар.

«Қобланды батыр» жырына қарағанда М. Әуезов, драмасының идеялық сарыны да, әлеуметтік, халықтық сипаты да айқындала түскен. Міне, сондай бір өзгеріс — Қобланды мен Көбікті жағының алғашқы кездесуіне байланысты. Бұрынғы эпостарда Қобланды тыныш жатқан Көбікті еліне аттанып (Қараманның азғыруымен), тегін олжа табамын деп әрекеттенсе, драмада қайта сол Көбікті шауып, тұтқындап әкеткен Қыпшақ қыздарын құтқарамын деп келеді. Бұл жай пьесаның ең алғашқы нұсқасы мен соңғы нұсқасын салыстырып қарағанда да ап-айқын байқалып тұр. Мысалы, Қобланды айтатын:

Ұлын құл қып, қызын күң,
Қақсатып болған қызылбас

Мей жеткенше елімді!
Қамауында қырық қыз бар,
Шығар бәрін азат қып.
Апа, құрбы, қарындас,
Қуа келдім кегімді.
Босат қазір көзімше!..
Шығар шапшаң соларды,
Азап шеккен баурымды
Азат ете мен келгем (108 папка, 4 бет) —

деген диалогтар бірінші нұсқада жоқ, жазушының кейін кіргізген толықтырулары.

Сол секілді Қортқаның:

Армачым жоқ өлсемдағы бұл сәтте
Елім, белім бар екенсің!
Өшті деп ем, зар шегіп ем тыналмай
Ел намысы бар екенсің (9 бет) —

деген сөздері де кейін қосылған. Тегінде Қортқаны жады кемпір Көк-ланның қызы демей (пьесаның бірінші вариантында солай болатын) Қыпшақ қызы деуінің өзінде де көп мән бар. Автор Көбікті қызы Қарлығаны да эпоста айтылатын оқиға ізімен беруге тырысқан. Бірақ, драманың соңғы түзетуінде Қарлығаны Қобландыға қоспай, өз ағасы Бірсімбайдың қолынан өлтіртеді. Алғашқы вариантында Қобланды:

Қонағым бол, қадірменді қонағым бол,
Қадірің асқан Қарлыға! —

десе, соңғы нұсқасында:

Қаснет аты Қарлыға болсын
Бұдан былай жаңа жолға басқанда!
Қош, қош! Кеш, қадірлім Қарлыға! —

(105 бет) деп бітіреді.

«Қара Қыпшақ Қобланды» драмасындағы адам образдары да эпостағы көне күйінде қалып қоймай, реалистік биік өреге көтерілген. Мысалы, Қобланды Қазанға аттанайын деп тұрғанда тоқсанға келген Тоқтарбай мен алпысқа келген Аналық:

Ықылас атты Шәшті Әзіз,
Осы кеткен қозымды
Тек тапсырдым қолыңа
Қозынды жықпа орыңа,
Жолықтырма зорыңа!

(«Батырлар жыры», I т. 67 бет) деп жылап-сықтаса, М. Әуезовтің пьесасында мұның бірі де жоқ. Елім, халқым деп туған Тоқтарбай Қобландыға да соны айтады. Жау жағадан алғанда азаттық үшін алысқаның азаматтығың дейді ол өз баласына:

Сапарыңнан тыймаймын,
Ер туады ел үшін
Тілегенде тәңірден
Тусын деген жерім жоқ
Аналық пен мен үшін (42 бет).

«Қара Қыпшақ Қобландыдағы» адам аттары да сол халықтық нұсқаның негізінде алынған. Тек бір ғана өзгеріс. Орақ туралы. Автор Қосын елінен шыққан Орақты Қыпшақтың жас батыры деп атапты да, есімін әуелі Барак, онан соң Шырақ, ақыр аяғында Шуақ деп өзгертіпті. Ал, қалған кейіпкерлер сол бұрынғы аттарымен аталып жүр.

«Қара Қыпшақ Қобланды» драмасы 1957 жылы жазушының алты томдық «Таңдамалыларында» басылды (VI том, 191—302 беттер). Орыс тіліне аударылуы 1943 жыл. Аударған — Л. Руст.

Драманың 1957 жылғы басылымында қате кеткен: «Аяусыз ажал мен бақан» (193), «Тоқта былай, түр ері» (202) «Қылығы жетпес сендермен» (219), «Көзім жұмсап бір сәуле» (226). «Тұлпарлар дағыбы білінеді» (232) деген сөздер осы жолғы дайындалуында: «Аяусыз ажал мен баққан», «Тоқта былай, түр әрі», «Қылығы жетпес сендермен?», «Көзім жұмсам бір сәуле», «Тұлпарлар дағыбы білінеді» болып, түпнұсқа бойынша қалпына келтірілді.

Бұл жолы драма жазушының он екі томдық шығармалар жинағы бойынша дайындалды. (1968 ж. 10-том. 53-144 беттер).

АСЫЛ НӘСІЛДЕР

«Асыл нәсілдердің, жазушы архивінде, 113, 114, 115, 116 папкаларда сақталған нұсқаларының 114 папкадағы үлгісі баспаға ұсынылған. Ол М. Әуезовтің он екі томдық шығармалар жинағының оныншы томында жарияланған (1969 ж.). Жазушы бұл шығармаға дүркін-дүркін оралып, оның кей жерлерін қайта жазып, тың сөздермен толықтырып, өңдеп, өзгертіп отырыпты. «Асыл нәсілдердің» араб әрпімен, кәзіргі әріппен жазылған варианттары бар. Олардың кейбіреуінің бас-аяғы түгел емес. «Стойкое племя» деген тақырып бойынша орыс тілінде жазылған бір нұсқаны М. Әуезов «Арқалық» деген девизбен бәйгеге ұсыныпты. Пьеса уақиғасына қатысқан адамдар саны алғашқы үлгіде 21, одан кейінгіде 18 болса, сая келіп соңғы нұсқада персонаждар саны 15 ке кеміпті.

«Асыл нәсілдерде» қой тұқымын жақсарту жайы арнайы сөз болады. Бұл жұмыстың баянды шешім табу ісіне қойшылар, оқымыстылар қатысады. Қазақстанның игерілмей жатқан ұлан байтақ жерін қой өсіру жұмысына тиімді пайдалану, қай ауданда қандай қой тұқымын өсіру мәселесі қозғалады. Қой баққаннан басқаға зауқы шамалы баяғының жұпыны қойшылары емес, ауыр еңбек үстінде қайрат көрсеткен, әлеуметтік тілегі, мүддесі, өресі өсе түскен қойшылар-

ды, жаңалық табу жолында тынбай еңбек етіп, тәжірибе жасап жүрген ғалымдарды көреміз.

Алғашқы нұсқадан соңғы нұсқаға кірмей қалған беттер, сөздер жиі ұшырайды. Әуелгі нұсқаның бірінші бетінен кездесетін: «Одақтық Совнарком Қазақстанның мал шаруасы туралы бірнеше рет арнаулы қаулы алды. Отан соғысы мынау. Ол майдандағы ерге де, мұндағы елге де, осы отырған бәрімізге де ерекше қарыз артады. Отан басына келген ауыр сын жылдарда, сын күндерде біздің бәріміз де өзді-өз орнымызда сын сағатта, сын майдандамыз. Отан алдында азамат қарызын ұққан жанның бәрі де бұл сапардан өз көңілін бір сәтке де босатуға, бейқамдыққа салынуға жол емес, мүмкін емес. Құрғана «еңбек етіп жүрмін, қарап жүргем жоқ» деген сөз ешқайсымызға ақтау емес. Ол аз. Өнер сөзін күтеді жұрт та, жұмыс та, (113 папка, 2-бет) деген сөздер соңғы нұсқада ықшамдалып, былай өңделіпті: «Одақтық Министрлер Советі Қазақстанның мал шаруашылығы туралы неше рет арнаулы қаулы алды. Отан соғысы мынау сын жылдарда, сын күндерде құрғана «еңбек етіп жүрмін, қарап жүргем жоқ» деген сөз қанағат емес. Ол аз. Өнер сөзін күтеді жұрт та, жұмыс та» (14 папка, 3-бет).

«Асыл нәсілдер» М. Әуезовтің он екі томдық шығармалар жинағы бойынша баспаға ұсынылып отыр.

«БЕС ДОС»

«Бес дос»— Ұлы Отан соғысының қаһарманы, Советтер Одағының батыры Төлеген Тоқтаров туралы операның либреттосы.

«Төлеген Тоқтаров» операсының музыкасын композиторлар А. Қ. Жұбанов пен Л. Хамиди жазады, бұл опера алғаш рет 1947 жылдың 7 ноябрінде Қазақтың Абай атындағы Мемлекеттік академиялық опера және балет театрының сахнасында қойылады, ал екінші редакциясында опера 1961 жылы қайта көрсетіледі.

«Бес дос» тексті Мұхтар Әуезовтің таңдамалы шығармаларының 1956 жылы шыққан бесінші томында, кейін 1969 жылы он екі томдық шығармалар жинағының оныншы томында жарияланды. Қазір сол басылым бойынша беріліп отыр.

«АБАЙ» (кинодрама)

Мұхтар Әуезов творчествосының ең биік шыңы — Абайдың өмірі мен әдеби мұрасы туралы ғылыми зерттеулері мен көркем туындыларында жатыр. Көркем шығарма арқылы ұлы ақын образын сомдауда жазушы әрқилы жаирда еңбек етті. Бұл әрекет әсіресе ХІХ ғасырдың 70-жылдарында Абайдың әлеуметтік, творчестволық күрес жолын көрсетуге арналғаны шығармаларында айрықша байқалады. Абай өмірінің осы тұсын суреттеуге «Абай жолы» эпопеясының үшінші кітабы мен «Абай» пьесасы (трагедия) және «Абай» деп аталатын кинодрама, әдеби сценарий, либреттолар жазылды.

Кинодрама мен әдеби сценарий қазақ, орыс тілінде қолжазба әрі машинкада басылған қалпында бес папкіде алты түрлі нұсқасы жазушы архивінде сақталуда. 1. ЛММА, папкі № 141, «Абай» кинодрамасы. Араб әрпімен жазылған автограф, көлемі 53 бет.

2. ЛММА, папкі № 142, «Абай» сценарий. 1943 жылы типографиялық әдіспен орыс тілінде басылған. Көлемі 56 бет.

3. ЛММА, папкі № 143, «Абай» сценарий. 1944 жыл. Қазақ тілінде жазылған автограф, көлемі 68 бет.

4. ЛММА, папкі № 144, «Абай»—литературный сценарий. 1943 жыл, орыс тілінде, машинкаға басылған нұсқасы, көлемі 69 бет.

5. ЛММА, папкі № 144, 47—61 бет, «Абай»—литературный сценарий. 1943 жыл. Орыс тілінде жазылған автограф. Көлемі 15 бет.

6. ЛММА, папкі № 145, «Абай»—литературный сценарий. Орыс тілінде жазылған автограф. Көлемі 91 бет. Жазылған жылы көрсетілмеген.

Осы көрсетілген нұсқалардың ішінен оқырман назарына «Абай»—кинодрамасын араб әрпінде жазылған асыл түпнұсқа негізінде толық күйінде (ЛММА, папкі № 141, 53 бет) алғаш рет ұсынып отырмыз.

Кинодраманың тақырыбы мен негізгі ой желісі, кейіпкерлер құрамы «Абай» трагедиясына сәйкес келсе де, біршама эпизодтық көріністер мен кейбір кейіпкерлер басқаша аталып отырады.

Мысалы: Әлизаде, Баймағамбет оқиғасы немесе т. б. найман, керей арасындағы жер дауы сияқты оқиғалар. Ал «Абай» пьесасындағы Долгов — Долгополов, Әзімхан — Арғыман, Әйгерім — Еркежан боп өзгерсе, Әлизаде, Самойлов, Жортар, Қартпай сияқты т. б. тың кейіпкерлер де ендірілген.

«Абай» кинодрамасындағы автор ойының басты желісі — Абай ақындығының айналасы туралы мәселе. Бұл 1934 жылдары-ақ баспасөзде пікір ретінде көтеріліп, осы ойының желісі 1943 жылы ҚазПИ-де жасаған хабарламасы («Жетісу», 1978, 13 октябрь) мен мен 1944 жылы «Абайдың әдеби мектебі туралы» баяндамасының тезисі негізінде (ЛММА, папка № 253, 1 бет.) суреттелген. Негізгі ой желісінің өзекті түйіні де Адайдың ақып шәкірттерінің творчестволық әрекет үстінде қалыптасу процесі мен ақындық өнер жолындағы күреске тіреліп отырады. Бұл әсіресе Әбіш тарапынан Шәріпке айтылатын: «Бүгін тергелетін ақындық пен ақын» деген тезистік пікірден-ақ айқын көрініп тұр.

Абай өзінің соны бағыттағы ақындық дәстүрін өз тұсында жалғастырып дамытушы Айдарды, ондағы жанашыл ақындық жолды қорғауды Кәрімге жүктегенде: «Ең аяулы ақын інімді, ең жүйрік жақын інім деп саған тапсырам» (папкі № 141, 41-бет) деуінде де өмірден алынған шындық елес беріп тұр.

«Абай»—кинодрамасы автордың арабша автографпен жазған алғашқы асыл түпнұсқасы ретінде сақталғанымен, ондағы билер сөзі толық берілмей, автор тарапынан: «Уа, ағайынды-қарындас!»—деп, пьесадағы сөзін айтады,—дейтін қолжазбада тастап кеткен кейіпкерлер сөзіне арнайы ескерту жасаған. «Абай» пьесасындағы ескертуде осы арада сөйленетін билер сөзін «Абай» пьесасынан алу керектігін нұсқап отырғаны білінеді. Осы себепті автор ескерткен жерге «Абай» пьесасындағы кейіпкерлер сөзі алынып берілді. Мысалы М. Әуезов өзінің қолжазбасында «Керім».—Бұта туралы. Абай... бұта... Тобықты намысы»,—деп ескертіп, қысқартып берген жерлері «Абай» трагедиясы бойынша былайша толықтырылды:

Керім. Бұтаға қорғалаған торғай да аман қалмаушы ма еді? Айдар шеттен келген жалғыз жан еді. Зығыр жеп кеп еді. Абайды қорғалап келмеп пе еді? Абайды қорғаласа, аруақты ел деп, сені

қорғалап келгені емес пе? Абайдың абыройын қайтесің? Абай елдің Абайы емес пе еді? Кімнің сағын сындырасың?

Ж и р е н ш е. Мен алысты сүзбейін, осы елдің кешегі көз алдынан өткенін, өз ішінен іздейін. Мамырды бұзып, Қалқаман тап бүгінгідей ағайын құтын шайқағанда, Әнет бабам, осы елдің әулие, кәрі бабасы, не қып еді? Бұзақысың деп, Көкенайдың садағына байлап бермеп пе еді? Арғын мен Найманды тап бүгінгідей Кебек пен Еңлік бүлдіргенде, бергі атам — қабілетті Қабекең не қып еді? Өз билігімен екеуін де мойындарына арқан тағып, сүйретіп өлтірмеп пе еді? Сол Қалқаман, Кебек осал жандар ма еді? Ақын дейсің, Қалқаман, Кебектен асыл ма? Олар бұл елдің бұрын маңдайына бітпеген еңіреген ері емес пе еді? Бөтен емес, өзі еді; ет-бауыры еді. Ел тыныштығы үшін, сонысын да аяп па еді?..

МАЗМҰНЫ

Ақан — Зайра	5
Намыс гвардиясы	43
Сын сағатта	95
Қара Қыпшақ Қоблағды	145
Асыл нәсілдер	239
Бес дос	297
Абай (кинодрама)	329
Түсініктер	397

Мухтар Ауэзов
СОБРАНИЕ СОЧИНЕНИЙ
В ДВАДЦАТИ ТОМАХ
ТОМ ОДИННАДЦАТЫЙ
пьесы

(на казахском языке)

Ответственный за выпуск *Э. Сериккалиев*

Редактор *К. Узакбаева*

Художник *Г. Мухатов*

Худож. редактор *Б. Машрапов*

Техн. редактор *С. Лелесова*

Корректоры *Э. Тулетаева, К. Рахимжанова*

ИБ 1974

Сдано в набор 31.03.82. Подписано в печать 10.09.82. УГ15193. Формат 84×108¹/₃₂. Бум. тип. № 1. Литературная гарнитура. Высокая печать. Печ. л. 13,25+вкл. 0,125. Усл. печ. л. 22,3+0,21 вкл. Уч.-изд. л. 23,3. Тираж 30 000 экз. Заказ № 603. Цена 2 р. 30 к.

Издательство «Жазушы» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательства, полиграфии и книжной торговли, 480124, г. Алма-Ата, пр. Абая 143.

Фабрика книги производственного объединения полиграфических предприятий «КІТАП» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательства, полиграфии и книжной торговли, 480124, г. Алма-Ата, пр. Гагарина, 93.



«Абай» операсы. Абай — Ришат Абдуллин. 1944 ж.



«Қобланды» спектаклі. Қобланды — Ә. Молдабеков. Қортқа — Ш. Жандарбекова.



«Қобланды» спектаклінен көрініс. Қортқа — Ш. Жандарбекова. Қобланды — Шәкен Айманов. Қараман — Сейфолла Телғараев.



«Төлеген Тоқтаров» операсынан көрініс. 1946 жыл.



«Қобланды» спектаклі.
Қарлыға — Хадиса
Бөкеева. 1946 ж.